Жамбыл облысы Қазақстанның табиғи байлығы мен географиялық алуан түрлілігімен ерекшеленетін өңірлерінің бірі болып табылады. Оның табиғатын зерттеу және оқыту барысында тәжірибелік жұмыстардың маңызы өте жоғары. Он бесінші ғасырда Қазақ хандығы осы Жамбыл облысының аумағында құрылған болатын. Сол кездерде жер таңдау мәселесі табиғи принциптерге байланысты болды деп ойлаймыз. Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, шаруашылық пен өмір сүруге тиімді аймақ болып Жамбыл облысының Шу өзені аймағы таңдалған [1,69 б.] Тарихи оқиғаларға байланыстырып, бастауыш сынып оқушыларына облысымыздың табиғатын оқытып, осы уақытқа дейінгі жасалған тәжірибелердің нәтижесін таныстырып, білімді және патриот ұрпақ қалыптастыруға болады. Өз туған жерінің тарихын, табиғатын танып, біліп өскен бала кейін еліне адал, жұртына елеулі еңбек ететін тұлға болып өседі. Бүгінгі таңда мектеп бағдармасында туған жердің табиғатын оқытатын дүниетану, жаратылыстану сонымен қатар физика, химия сабақтары да оқушыларға табиғатты зерттеудің әртүрлі әдістері арқылы білім береді. Жамбыл облысы туралы айтатын болсақ, облыс Тянь-Шань тауының етегінде орналасқан, оңтүстігі таулы өлкелермен және солтүстігі сарыарқамен жалғасатын жазық далалы аймақтармен, шөлді жерлермен қамтылған еліміздің оңтүстік өңірі болып саналады. Мал шаруашылығы, егін шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Жылдың төрт мезгілі де айқын байқалатын ерекше климатқа ие. Жамбыл облысында Қаратау және Ақсу-Жабағылы қорықтары орналасқан [2,74 б.]. Бұл қорықтарда қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар, балықтар және құстар тіршілік етеді. Бұл жануарлар дүниесі мен табиғат бөліктерін қорғау үшін мемлекет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, қорықтар белсенді түрде жұмыс жасап жатыр. Табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті дамытуда мектеп оқушыларына тәжірибелік жұмыстарды енгізу- оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Табиғатты зерттеуде тек теориялық тұрғыда білім беру ескі және іш пыстырарлық әдіс болып көрінеді. Қазіргі заманғы оқушыларды көрнекіліктермен және жаңа нәрселермен ғана қызықтырып, практикалық тұрғыда үйрету арқылы жоғалмас білім беруге болады.

Табиғатты оқыту – экологиялық сауаттылықты арттырудың және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі тетігі. Кез келген жағдайда болатын табиғат апаттары қазіргі кезде өте көбейіп кетті. Жер

сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғат апаттары адамзатқа айтарлықтай зиян келтіреді. Табиғатты оқыту арқылы оқушыларға табиғи апат кездерінде алғашқы көмек көрсету мен залалдан қорғану жолдарын үйретуге болады. Су тасқыны көбінесе көктем айларында күн жылыған кезде қардың еріген суы мен жаңбыр суының қосылуынан пайда болады. Сондай кездерде апаттың алдын алу жұмыстарын ертерек ойланып, дұрыс әрекет ету керек. Жамбыл облысында Аса өзені үнемі тартылып отыратындақтан, жаңбыр мен қар суының мөлшері көбейген жағдайда сол Аса өзеніне барып құятындай жағдай жасай білу керек. Осы сияқты әдістерді қарастыруға болады. Ал, осындай табиғат зерттеулерін бастауыш сыныптан беру оқытып, оқушыларға нәтижелі білім беретін мұғалімдер нағыз мамандар болуы керек. Табиғатты оқыту үдерісі оқушылардың табиғатпен қарым қатынасын жақсартуға, олардың экологиялық мәселелерін шешуге қамтамасыз етуге бағытталған жоспар бойынша жұмыс жасайды. Жамбыл облысының табиғи ресурстарын оқыту аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың тиімді тәсіліне жатады [3,45 б.]

Табиғатты оқытудың негізгі ұстанымы табиғатты сақтау мен қорғау жолдарын оқушыларға үйрету болып есептеледі. Білім беру барысында оқушылар өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғаудың маңыздылығын түсінеді. Осы арқылы тәжірибелік жұмыстар жасаған кезде ресурстарды үнемдеуге барынша тырысады. Экологиялық білім беру адамның табиғи ортаны түсінуіне және оған саналы түрде қарауына әсер етеді. Мысал келтіретін болсақ, Жамбыл облысындағы Шу және Талас өзендерінің жағдайын зерттеу барысында оқушылар судың ластануы мәселелерін қарастырып, оның шешу жолдарын ұсына алады. Осындай жағдайлар сыни ойлау және жылдам шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Жамбыл облысының географиялық ерекшеліктерін зерттеу арқылы табиғи құбылыстардың өзара әрекеттесу заңдылықтарын анықтайтын болады. Табиғатты зерттеу барысында оқушылардың потенциалы анықталып, шығармашылық қасиеттері дами бастайды.

Ал енді, табиғатты оқытудың тәжірибелік жұмыстарына және олардың түрлеріне тоқталайық. Мақсаттарына қарай, жоспарына қарай тәжірибелік жұмыстар бірнеше түрге бөлінеді. Соның біріншісі, дала зерттеулері мен экскурсиялар. Дала жұмыстары оқушыларды табиғатпен тікелей таныстырып, бақылау, салыстыру және табиғи құбылыстарды сипаттау дағдыларын оқушылар бойында қалыптастырады. Дала жұмыстарына Жамбыл облысының таулы аймақтары Жуалы ауданы, Тұрар Рысқұлов ауданы сай келеді деп айта аламын. Әсіресе, Жуалы ауданында өсімдік жүздеген түрі, әртүрлі тау жыныстары кездесетіндіктен, сонымен қатар, климаты өте ерекше болғандықтан, Жуалы ауданы дала жұмыстарын ерекше етеді деп айта аламын. Жуалы ауданында Ақсу-Жабағлы қорығы

болғандықтан, өсімдіктер дүниесіне өте бай болып келеді. Әлі де толықтай зерттелмеген өсімдіктер бар.

Зерттеу жұмысының екінші түрі Геологиялық зерттеулер. Бұл зертеу жұмыстары пайдалы қазбаларды зерттеуге арналған бағыт болып саналады. Жамбыл облысында Қаратау, Мойынқұм аудандары пайдалы қазбаларға бай өлке болып саналады. Мойынқұм ауданында Ақбақай тауы түсті металдардың қайнар көзі екені бүгінде барша жұртқа мәлім. Осындай пайдалы қазбаларды зерттеу болашақ химиктар мен геологтарды, жаратылыстану мамандарын дайындауға әсер етеді [4,38 б.].

Үшінші бағыт ретінде гидрологиялық зерттеулерді айтсақ болады. Жамбыл облысында су ресурстары да өте көп. Шу, Талас өзендері мен Билікөл көлі зерттеу нысандары ретінде қолданылады. Зерттеу барысында судың құрамы, қышқылдығы мен қаттылығы бірінші кезекте зерттеледі. Судың ағысы мен тереңдігін зерттеу, жаңбырлы маусымда қаншалықты көтеріліп, құрғақ кезеңдерде қаншалықты төмендейтінін анықтау маңызды зерттеу жұмысының юелігі болады. Су қоймаларында өмір сүретін балықтар туралы да зерттеу маңызды болып саналады. Су қоймасы арқылы Жамбыл облысының бірнеше елдімекені тіршілік көздерін қалыптастырып отыр.[9] Сондықтан, өзен-көлдердің халық өмірі үшін маңыздылығын зерттеп, оны қорғау жолдарын қарастыру қажет. Ең соңғы маңызды зерттеу жұмысы климаттық зерттеу болып есептеледі. Жамбыл облысының әр аумағында әртүрлі ауа райы қалыптасқан. Оңтүстік өңірлер тау етегінде орналасқандықтан, қалың қар мен боран үнемі болып тұрады. Аяз өте қатты жүреді. Қыстың күндері температура -20 градусқа дейін төмендейді. Қалың қар себебінен жолдар жабылып, кейбір ауылдарда бір аптаға дейін сабақтар тоқтатылатын жағдайлар кездеседі. Облыстың солтүстік аймақтары жазық және құмды болғандықтан, жел өте қатты болады.

Қорытындылайтын болсақ, Жамбыл облысы көптеген тайпалар мен хандықтардың, қауымдар мен мемлекеттің тарихын бастан өткізген қасиетті мекен болып саналады. Ежелде Асан Қайғының өзі жер жаннатын іздеп, Жамбыл облысына келіп тұрақтағаны тарихта анық дәлелдермен келтірілген. Қазақ хандығының нағыз орталығы болған облысымыз бүгінгі күнде де алдыңғы қатардағы облыстарға кіреді. Көптеген олимпиада чемпиондарығ білім, ғылым қайраткерлері осы Жамбыл облысынан шыққан. Атақты батыр Бауыржан Момышұлы киелі Жуалы жерінен екенін барлығымыз білеміз. Осындай қасиетті Жамбыл облысы әлі де толықтай зерттеліп бітпеді. Ол жерден ортағасырларға тән ыдыстар мен темір қалдықтар табылып, үлкен зерттеу жұмыстарына бастама болып отыр. Осы сияқты тарихи маңызы бар зерттеуді қажет ететін орындар Жамбыл облысында өте көп. Сондықтан, болашақ жастардың қолында демекші, білімді ұрпақты өсіріп, ертеңімізді жарқын етуіміз керек.

Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атады,- деген сияқты, тарихымызды, туған жерімізді дәріптеп, әрбір тасын зерттеу арқылы болашақ ұрпақты дұрыс жолда тәрбиелеуіміз керек. Мақаланы Бауыржан Момышұлының керемет сөзімен аяқтағымыз келіп отыр: Елім дегенде езіліп, Жұртым дегенде жұмылып қызмет ет!!!

Әдебиет

1. Сарыбекова Қ.Н., Исрайлов Н.С. Географиялық өлкетану. - Тараз, 2017.
2. Құрманова Ж. «Жамбыл облысының табиғаты мен экологиясы». -Тараз, 2020.
3. Қалыбеков С.Б. Жамбыл облысының географиясы мен табиғи байлықтары. -Тараз: Жамбыл баспасы, 2017.
4. Аяған Б.Ғ. "Тараз. Жамбыл облысы". -Алматы, "Қазақ энциклопедиясы". 2003.

ӘОЖ 159.922

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтың болуы және оны алдын алу жолдары

Табулова Айнагуль Беркеновна
аға оқытушы, п.ғ.к., доцент
Болашақ университетінің білім алушысы
Педагогика және психология мамандығының
2 курс білім алушысы Темірбек Наргиза

Резюме

В статье рассмотрена классификация влияющих факторов в формировании девиантного поведения среди молодежи, а также применяемые методы и технологии по возрастным категориям. Это важный вопрос в обществе на основе государственной молодежной политики. Ключевые слова: повествование, активность, диагностика, профилактика, семья, доверие.

Abstract

The article considers the classification of influencing factors in the formation of deviant behavior among young people, as well as the methods and technologies used by age categories. This is an important issue in society based on the state youth policy. Keywords: narrative, activity, diagnosis, prevention, family, trust.

Жас өспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтың болуы қоғам қабылдаған ережелерден ауытқып кететін әрекеттер жиынтығы. Ол агрессивтілікпен, ұрлықпен, өтірікпен, қаңғыбастықпен, мазасыздықпен, депрессиямен, мақсатты оқшауланумен, өзіне-өзі қол

жұмсау әрекеттерімен, құрбандықпен, фобиямен, тамақтанудың бұзылуымен, тәуелділікпен, көрінеді. Ауытқулардың түрлері жеке психикалық бұзылулар және белгілі бір синдромның, аурудың белгілері ретінде қарастырылады. Диагностика клиникалық және психологиялық әдістермен жүзеге асырылады. Емдеу дәрі-дәрмектерді, психокоррекцияны, психотерапияны, әлеуметтік-оңалту шараларын қолдануды қамтиды. Девиантты мінез-құлық-әлеуметтік ауытқу деп аталады. Жасөспірімдер арасында таралуы 40-64% құрайды [1].

Статистикалық мәліметтер бойынша осы жас кезеңіне тән ерекшеліктерімен түсіндіріледі: әлеуметтік, физиологиялық және психологиялық жетілмегендікті көрсетеді. Мінез-құлық ауытқуларына ең сезімтал-қолайсыз әлеуметтік жағдайларда тәрбиеленген, психикалық бұзылулар, нашақорлық, алкоголизм бойынша тұқым қуалайтын ауырлығы бар 14-18 жастағы ұлдар мен қыздар [2].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының себептері:

Жасөспірімдердегі ауытқулардың себептері екі үлкен топқа біріктірілуі мүмкін. Біріншісі-әлеуметтік ортаның ерекшеліктері:

Толық емес отбасылар. Бір ата-ана тәрбиелеу жағдайында сөзсіз бағынбаушылық, жеткіліксіз көңіл бөлу, түсінбеушілік талаптарына негізделген баламен патологиялық қарым-қатынастың қалыптасу қаупі жоғары. Қарама-қарсы жыныспен өзара әрекеттесу үлгісі жоқ.

Жанжалды, қоғамға жат отбасылар. Ата-аналар арасындағы шиеленіс, жиі жанжал, өзара түсіністіктің болмауы тәрбие процесіне теріс әсер етеді. Қоғамға қарсы тенденциялардың басым болуы, паразиттік өмір салты, алкоголизм іс-әрекеттің үлгісіне айналады. Оқу-тәрбие қателері. Мұғалімдердің назарының жеткіліксіздігі, жасөспіріммен байланыс орната алмау үлгерімсіздікті, сыныппен, мұғалімдермен қақтығыстарды қалыптастыруға негіз болады [2].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әкелетін себептердің екінші тобы-биологиялық факторлар. Ауытқулардың физиологиялық негізі:

Ауыр тұқым қуалаушылық. Ауытқулардың дамуына қорғаныс механизмдерінің төмендеуі, тұлғаның бейімделу функцияларының шектелуі ықпал етеді. Бұл ерекшеліктер ақыл-ой жеткіліксіздігінің, қалыптан тыс мінез-құлық белгілерінің, алкоголизмге, нашақорлыққа бейімділіктің тұқым қуалауында байқалады.

Орталық жүйке жүйесінің патологиялары. Мидың жүйке жасушаларының биологиялық жеткіліксіздігі өмірдің алғашқы жылдарындағы ауыр ауруларда, бас миының жарақаттарында дамиды. Ол эмоционалды тұрақсыздықпен, бейімделу қабілетінің төмендеуімен көрінеді.

Жыныстық жетілу кезеңінің ерекшеліктері. Дененің гормоналды қайта құрылуы, ми қыртысының белсенді жетілуі, жоғары психикалық

функциялардың қалыптасуы сипаттамалық белгілердің, асоциалды әрекеттердің өткір болуымен көрінуі мүмкін.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын жіктеудің бірнеше нұсқалары бар. Медициналық тәсіл аясында ресейлік психиатр, психотерапевт, патопсихолог В.Д. Менделевич ұсынған типология кең таралған. Ол шындықпен өзара әрекеттесу тәсілдеріне, әлеуметтік нормаларды бұзу сипатына негізделген:

1. Құқық бұзушылық түрі. Оған Қылмыстық деп түсіндірілетін әрекеттер кіреді: ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық.

2. Тәуелділік түрі. Шындықтан қашуға, қарқынды эмоцияларды сақтауға деген ұмтылыс қалыптасады. Жасанды түрде жасөспірімдер психикалық күйдің өзгеруіне қол жеткізеді: химиялық заттарды қолдану, алкогольизм, нашақорлық пайдалану.

3. Мінез-құлық тәрбие процесінде қалыптасқан патологиялық қасиеттерді анықтайды. Бұл топқа мінездің екпіні, психопатия тікелей мінез-құлықтың өзгеруі жатады.

4. Психопатологиялық түрі. Жасөспірімнің мінез – құлық реакциялары-психопатологиялық синдромдардың көрінісі және психикалық аурудың белгілері. Мысал: апатия-депрессияның симптомдары, гипомания бұзылыстың көрінісі.

5. Гипер қабілеттер. Дарындылық, талант, данышпандық қалыптасқан ауытқып кететін әрекеттермен көрінеді [3].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын диагностикалауды психиатр және медициналық психолог жүргізеді. Диагноз қою процесі бірқатар клиникалық және психологиялық әдістерге негізделген:

Бақылау, әңгіме. Психиатр дәрігер пациенттен сұхбат алады: өмір сүру жағдайларын, отбасылық қатынастардың ерекшеліктерін, әдеттерін, хоббиін анықтайды. Жалпы жағдайды, эмоционалды саланың ерекшеліктерін, мінез-құлық жауаптарын бағалайды [1].

Әлеуметтік ауытқуларды емдеу фармакологиялық, психокоррекциялық, психотерапиялық көмекті қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Жасөспірімдер психиатры емдеу жоспарын жасайды, соның ішінде:

Психотерапия. Жасөспірімнің мінез-құлық ерекшеліктерін білуге, өзін-өзі реттеудің мінез-құлық әдістерін үйретуге бағытталған. Жанжалды жағдайларға, іс-әрекеттің мүмкін нұсқаларына, реакцияларға талдау жасалады. Психотерапиялық кездесулер ата-аналарға толыққанды қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін ұсынылады.

Психокоррекция. Сабақтың мақсаты-эмоционалды жағдайды тұрақтандыру, зейін мен ойлау функцияларын дамыту. Нәтиже психотерапиялық жұмыстың тиімділігін, өзіне деген сенімділікті арттырады, оқуға деген қызығушылықты оятады [2].

Мінез-құлқындағы ауытқулары бар жасөспірімдерде айтарлықтай эмоционалды өзгерістерді көрсететін бірқатар қасиеттер

жиі кездеседі. Мысалы, С.И. Моисееваның зерттеуінде девиантты мінез-құлық формаларына бейім жасөспірімдер танымдық қажеттіліктердің төмендеуімен, өзін-өзі бағалаудың, эмоционалды-сауық саланың бұзылуымен, құндылық бағдарлары мен мотивациялық көзқарастардың деформациясымен сипатталады, бұл жалпы интеллектуалды дамудың төмен деңгейінде көрінеді. Н.В.Майсак девиантты мінез-құлық бар жасөспірімдер эмоционалды тұрақсыздықпен, айқын сезімталдық пен импрессионизммен, ашуланшақтықпен сипатталатынын көрсетті. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтың ерекшеліктері ата-аналармен қарым-қатынасқа және нормадан ауытқитын әрекеттердің қайталану жиілігіне байланысты [3].

Сюзан Андерсон атап өткендей, бұл әлеуметтік-педагогикалық көмек саласы девиантты мінез-құлықпен сипатталатын балалардың мектепке сәтті бейімделуіне, отбасы мен балалардың іс-әрекеттерін үйлестіруге бағытталған әлеуметтік жұмыстағы жеке мамандық ретінде қарастырыла бастады. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде тұлғаға кешенді әсер ету үлгілері, оның ішінде әртүрлі профильдегі мамандардың өзара әрекеттестігі маңыздылыққа ие болуда. Бұл жасөспірімнің ауытқуы мәселесіне жеке көзқарасты іс жүзінде жүзеге асыруға және әрбір жеке жағдайда түзетудің оңтайлы әдісін әзірлеуге мүмкіндік береді [3].

Әдебиет

1.Н.Әлқожаева Д.Ертарғынқызы «Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүйесі» Оқу әдістемелік кешен Алматы «Қазақ университеті» 2013.-80б.

2.Акажанова А.Т. Девиантология: учебное пособие/А.Т.Акажанова. - Алматы : Заң әдебиеті, 2008.-56 б.

3.М а й с а к Н. В. Л и ч н о с т н ы е о с о б е н н о с т и м л а д ш е г о п о д р о с т к а с д е в и а н т н ы м п о в е д е н и е м : М о с к в а . 2001.25с .

ӘОЖ.37. 311

Жоғарғы білім беру жүйесінде кластерлік тұғырды қолданудың тиімділігі

Болыс Г.С.,

8D01110-«Педагогика және психология»

білім беру бағдарламасының докторанты,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Резюме

В данной статье рассматривается эффективность использования кластерной платформы в системе высшего образования. Кластерная модель способствует повышению качества образования, развитию

инноваций и адаптации выпускников к рынку труда за счет укрепления партнерства между университетами, исследовательскими центрами и предприятиями. Кроме того, анализируются возможности эффективного использования ресурсов, совершенствования практических навыков и коммерциализации исследовательской деятельности. Внедрение кластерной платформы положительно скажется на совершенствовании системы высшего образования и экономическом росте страны.

Abstract

This article examines the effectiveness of using the cluster platform in the higher education system. The cluster model helps to improve the quality of education, promote innovation, and adapt graduates to the labor market by strengthening partnerships between universities, research centers, and enterprises. In addition, the possibilities of effective use of resources, improvement of practical skills and commercialization of research activities are analyzed. The implementation of the cluster platform will have a positive impact on the improvement of the higher education system and the economic growth of the country.

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай жоғары білім беру жүйесінің үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы – заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының жаңаша мазмұны мен сипатына қарай және еңбек сапасына қойылатын талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды қажет етеді [1,476].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің дамуы педагог-психологтардың басқарушылық құзыреттілігін жетілдіруді талап етеді. Себебі, басқарушылық құзыреттілік білім беру мекемелеріндегі педагогикалық және психологиялық үдерістердің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Бұл құзыреттілік кәсіби білім мен тәжірибені ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, шешім қабылдау және көшбасшылық қабілеттерін қамтиды [2, 896.].

Басқарушылық құзыреттіліктің теориялық негіздері. Педагог-психологтың басқарушылық құзыреттілігі – бұл білім беру мекемесінде басқару қызметін тиімді атқаруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы. Ол басқарушылық шешімдер қабылдау, педагогикалық ұжымды ұйымдастыру, оқу процесінің психологиялық аспектілерін қамтамасыз ету қабілеттерімен сипатталады [2,1126.]. Басқарушылық құзыреттілік арқылы педагог-психолог білім беру сапасын арттырып, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара әрекеттестікті тиімді ұйымдастырады.

Педагог-психологтың басқарушылық құзыреттілігіне әсер ететін факторлар. Басқарушылық құзыреттіліктің қалыптасуына және дамуына ықпал ететін негізгі факторлар мыналар:

- Кәсіби білім мен тәжірибе;
- Психологиялық диагностика және кеңес беру дағдылары;
- Басқару психологиясы мен көшбасшылық қасиеттері
- Қарым-қатынас мәдениеті мен эмоционалды интеллект;
- Заманауи басқару технологияларын меңгеру [3,45-46б].

Бұл факторлар педагог-психологтың басқарушылық әлеуетін арттырып, білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық процестерді тиімді басқаруына мүмкіндік береді.

Басқарушылық құзыреттілікті дамыту жолдары. Болашақ педагог-психологтардың басқарушылық құзыреттіліктерін жетілдіру үшін келесі әдістер мен тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- Арнайы басқарушылық курстар мен тренингтер ұйымдастыру;
- Практикалық жағдайларды талдау және шешу;
- Менторлық және коучинг бағдарламаларын енгізу;
- Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;

-Ғылыми-зерттеу және жобалау қызметіне қатысу [4,256 б.]. Бұл тәсілдер педагог-психологтардың басқарушылық құзыреттілігін жетілдіруге, олардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға және білім беру сапасына оң ықпал етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану және технологиялық дамудың қарқынды кезеңінде жоғары білім беру жүйесінің сапасын арттыру мен оны еңбек нарығының сұраныстарына бейімдеу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда кластерлік тұғырды қолдану тиімді шешімдердің бірі ретінде қарастырылады. Кластерлік тұғыр – білім беру мекемелері, ғылыми-зерттеу орталықтары, кәсіпорындар мен мемлекеттік құрылымдардың өзара ынтымақтастығы негізінде қалыптасатын жүйе. Бұл модель білім беру мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, ғылыми зерттеулердің коммерциялануын жеделдетуге мүмкіндік береді [5,136б].

Кластерлік тұғырды қолданудың бірнеше негізгі артықшылықтарын атап өтуге болады:

4.Ресурстарды тиімді пайдалану. Университеттер мен өндірістік мекемелер ортақ зертханалар мен инфрақұрылымдарды пайдалану арқылы шығындарды оңтайландырады және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын арттырады [5,140б].

3.Жұмысқа орналасу мүмкіндігінің артуы. ЖОО мен кәсіпорындардың тығыз байланысы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылатады. Кәсіпорындар оқу бағдарламаларына қатысып, өз талаптарын енгізу арқылы білікті мамандарды дайындауға ықпал етеді [6, 41б].

2.Практикаға бағытталған оқыту. Кластерлік жүйе арқылы студенттер өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік алады, бұл

олардың кәсіби құзыреттілігін арттырады және болашақ маман ретінде еңбек нарығына дайын болуын қамтамасыз етеді [7, 87б].

Инновациялық даму және ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру ЖОО-лар мен кәсіпорындардың серіктестігі жаңа технологиялар мен инновациялық өнімдерді әзірлеуге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ғылыми зерттеулердің өндіріске енуін жеделдетеді және елдің ғылыми әлеуетін арттырады [8, 212б]. Жоғары білім беру жүйесінде кластерлік тұғырды енгізу ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, инновацияларды жеделдетеді, білім сапасын арттырады және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, педагог-психологтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру олардың кәсіби дайындық деңгейін көтеріп қана қоймай, білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындары бұл бағыттағы оқыту мен тәжірибені жетілдіруге ерекше мән беруі қажет.

Педагог-психологтың басқарушылық құзыреттілігін дамыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл құзыреттілік білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызмет сапасын жақсартуға, педагогикалық үдерістердің тиімділігін арттыруға және білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындары болашақ мамандардың басқарушылық дағдыларын жетілдіруге ерекше назар аударуы тиіс. Басқарушылық құзыреттіліктің қалыптасуы білім беру сапасының жоғарылауына, педагог-психологтардың кәсіби өсуіне және олардың білім беру ұйымдарындағы рөлінің артуына ықпал етеді.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, 2019, 47-б.
2. Баймұратова, Л.Қ., Оразбаева, Б.С. Педагогикалық психология негіздері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 89,112 б.
3. Мұқанова, Б.М. Психологиялық қызметтің теориялық негіздері // Қазақстан педагогикасы журналы. – 2020. – №3. – Б. 45-46б.
4. Сейітбекова, Г.А. Білім беру жүйесіндегі басқару психологиясы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 256 б.
5. Портер М. Конкурентное преимущество: Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость. – М.: Альпина Паблишер, 2019. (136-б, 140-б)
6. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012. (41-б)
7. Мырзалиев Б., Сұлтанова А. Жоғары білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. (87-б)

УДК 378.1

Применение технологии смешанного обучения в проектной деятельности по робототехнике

Е.А. Кожухова, Е.А. Спирина
Карагандинский университет имени Е.А. Букетова
Караганда, Казахстан

Резюме

Мақалада 7-9 жастағы балаларға арналған «қашықтықтан басқару» жобасы аясында аралас оқытуды қолдану және техникалық шығармашылық пен негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін виртуалды модельдеуді, құрастыруды және бағдарламалауды меңгеру процестері қарастырылады.

Abstract

The article examines the application of blended learning within the "Remote Control" project for children aged 7–9. It considers the processes of mastering virtual modeling, construction, and programming, which contribute to the development of technical creativity and key competencies.

Проект — уникальный процесс, состоящий из совокупности скоординированных и управляемых видов деятельности с начальной и конечной датами, предпринятый для достижения соответствующей конкретным требованиям цели, включающий ограничения по срокам, стоимости и ресурсам [1].

Эффективная реализация проекта требует современных подходов к обучению, позволяющих сочетать теоретические знания с практическим применением. Одним из таких подходов является смешанное обучение, которое объединяет традиционные методы преподавания с цифровыми технологиями. Это создает более гибкую и интерактивную образовательную среду, особенно актуальную в занятиях по робототехнике, где важно не только освоение теории, но и работа с онлайн-ресурсами, интерактивными платформами и практическими заданиями.

Смешанное обучение (blended learning) сочетает традиционные методы преподавания с цифровыми технологиями, что позволяет создавать более гибкие и интерактивные образовательные среды. В контексте занятий по робототехнике смешанное обучение предоставляет уникальные возможности для углубленного изучения предмета, благодаря доступу к онлайн-ресурсам, интерактивным платформам и практическим заданиям [2].

Рассмотрим применение смешанного обучения на примере реализации проекта по робототехнике «Дистанционное управление». В работе над проектом участвовала группа из шести детей (7–9 лет) курса «Перворобот» и два педагога дополнительного образования.

Цель проекта: создание модели управляемого робота с дистанционным управлением.

Задачи проекта:

1. Познакомить учащихся с принципами дистанционного управления роботами.

2. Развить навыки программирования в среде Scratch.

3. Освоить работу в программе LEGO DigitalDesigner для виртуального проектирования.

4. Формирование у детей интереса к робототехнике и техническому творчеству.

5. Развитие самостоятельности, инициативности и ответственности за выполнение задач.

Формат работы над проектом: занятия проводились в онлайн и офлайн формате.

Занятие 1.

Первое занятие проходит в онлайн формате. Педагог знакомит детей с программой LEGO DigitalDesigner (LDD).

Этап мотивации учебной деятельности учащихся. Объяснение, что такое LEGO DigitalDesigner и как он используется в робототехнике. Преимущества виртуального проектирования перед физической сборкой (экономия деталей, тестирование идей). Демонстрация проектов, созданных в LDD.

Этап изучения новых знаний и первичного применения приобретенных знаний (пробные упражнения): Интерфейс LEGODigitalDesigner.

Обсуждение главных элементов интерфейса. Главное меню – сохранение, загрузка и настройки проекта. Панель инструментов – кнопки для работы с деталями. Каталог деталей – доступ к различным элементам LEGO. Рабочая область – пространство для сборки модели. Изучение основных кнопок и их назначение.

Этап выполнения практической работы: самостоятельное выполнение учащимися заданий под руководством учителя.

Создание в LDD модели «руль». В конструкции имеется смарт-хаб и датчик наклона. Вид и форму руля дети выбирают самостоятельно.

Этап подведения итогов урока (рефлексия): вопросы от учащихся; акцентирование важности применения LEGO DigitalDesigner в работе над проектами, обсуждение трудностей и успешных решений.

Занятие 2.

Данное занятие проводится в классе робототехники.

Этап урока: актуализация накопленного опыта и опорных знаний учащихся. Обсуждение созданного на прошлом занятии проекта «Руль» в LDD. Зачем моделировать перед сборкой? (Экономия времени, тестирование идей, планирование конструкции). Объяснение этапов сборки: подготовка деталей, конструирование, тестирование.

Этап подготовки необходимого для работы оборудования, подготовка к сборке. Открытие сохраненного проекта «Руль» в LEGO Digital Designer. Анализ модели: какие детали используются, как они соединяются. Составление списка необходимых элементов из набора LEGO WeDo 2.0. Раздача деталей учащимся.

Этап творческого выполнения проекта (творческие упражнения): процесс сборки модели «Руль». Тестирование и анализ модели.

Этап подведения итогов урока (рефлексия): вопросы учащихся, обсуждение возникших трудностей и способов их решения, обсуждение проблемы модернизации руля.

Занятие 3.

Этап урока: актуализация накопленного опыта и опорных знаний учащихся. Краткое напоминание о Scratch и его возможностях. Обсуждение принципов взаимодействия LEGO WeDo 2.0 с Scratch. Демонстрация собранного на предыдущем занятии джойстика, разработанного в LEGO Digital Designer (LDD).

Этап анализа задачи (раскрытие способов решения творческих элементов): подготовка к программированию. Запуск Scratch: через браузер (официальный сайт) или офлайн-редактор. Добавление фона (космическое пространство). Добавление спрайта «Ракета»: уменьшение размера в 2 раза, размещение в нижней части сцены.

Этапы самостоятельного выполнения практической творческой части работы. Настройка управления ракетой: добавление расширения с конструктором Lego Wedo 2.0 для реализации игры с дистанционным управлением посредством джойстика, построенного с помощью инструкции в программе LDD.

Добавление игрового процесса (падение метеоритов): создание условий нашей игры. К примеру, сверху сцены будут падать метеориты, столкновение с которыми должна избежать ракета.

Создание спрайта метеорита: выбор из библиотеки Scratch или рисование своего. Уменьшение размера метеорита. Программирование движения метеорита.

Тестирование и доработка игры: запуск игры, подключение модели «руль» и проверка работы управления. Исправление ошибок, если игра работает некорректно. Обсуждение возможных улучшений (добавление бонусов, увеличение сложности).

Этап подведения итогов урока (рефлексия): вопросы и обсуждение; чему научились на занятии; идеи для будущего улучшения игры.

Ожидаемый результат при завершении проекта:

1. Дети освоят интерфейс программы, научатся базовым действиям (выбор, перемещение, соединение деталей) и создадут свою цифровую модель в LEGO DigitalDesigner.

2. Учащиеся смогут собрать физическую модель «Руль» по цифровому проекту, освоят принципы работы с LEGO WeDo 2.0 и поймут важность моделирования перед реальной сборкой.

3. Учащиеся создадут игру, где ракета управляется джойстиком LEGO WeDo 2.0 и уклоняется от метеоритов, закрепят знания о координатах и взаимодействии объектов в Scratch.

Таким образом, проводятся занятия в смешанном обучении. Занятия можно построить 2 способами.

Способ 1: занятие по созданию инструкции модели и программирование виртуальной игры проводить в онлайн формате, а конструирование модели по инструкции и отладке игры проводить в офлайн формате.

Способ 2: в онлайн формате провести занятие по созданию инструкции модели, а программирование виртуальной игры и конструирование модели по инструкции проводить на занятии в классе в офлайн формате.

Подводя итоги, можно с уверенностью сказать, что проектная деятельность предполагает сотрудничество и партнерство педагогов и детей, что способствует созданию психологического комфорта в коллективе [3]. Кроме того, реализация проектов помогает повысить качество образования детей, благодаря направленности проектной деятельности на конкретный конечный результат и планированию практических действий для достижения поставленной цели.

Литературы

1. Дудина И. М. Основы проектной деятельности: учебно-методическое пособие; Яросл. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. — Ярославль :ЯрГУ, 2019.

2. Андреева Н.В. Практика смешанного обучения: история одного эксперимента // Психологическая наука и образование. – 2018. - №3.

3. Есина Е.Н. Проектная деятельность на занятиях по робототехнике.. Электронный ресурс: <https://robofinist.ru/article/151>. - ХМАО-Югра, г. Сургут – 2024.

Ақыл-ой бұзылысының жеңіл дәрежесі бар бастауыш сынып оқушыларындағы дислексияны түзетудегі логопед пен ата-ананың бірлескен жұмысы

Рысқұлова А.Ә., э.ғ.м., аға оқытушы
Барысбай А.,
Деф-23 оқу тобының студенті
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье говорится о совместной работе учителей и родителей учащихся младших классов с легкой степенью психического расстройства по коррекции дислексии.

Abstract

The article discusses the joint work of teachers and parents of primary school students with mild mental disorders to correct dyslexia.

Ақыл-ой бұзылысының жеңіл дәрежесі бар бастауыш сынып оқушыларында әдетте жазу және оқу бұзылыстары бар. Дислексия әсіресе психикалық дамуы тежелген балаларда жиі кездеседі [1].

Дислексия - оқудың ерекше бұзылуы. Жеңіл психикалық дамуы тежелген балаларда дислексия әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін.

Дислексия да, ақыл-ой бұзылысының жеңіл дәрежесінде тілді өңдеу проблемаларын тудыруы мүмкін. Ақыл-ой бұзылысының жеңіл дәрежесі бар балалар тілді түсіну және қолдануда қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл олардың оқу мен жазуды үйренудегі қиындықтарына ықпал етуі мүмкін [2].

Дислексияның ең көп таралған түрі - фонематикалық дислексия, бұл адамның сөздерді дәл және еркін оқу қабілетіне әсер ететін оқудың ерекше бұзылуы. Ол әріптерді сәйкес дыбыстармен немесе фонемалармен байланыстырудың қиындығымен сипатталады. Фонематикалық дислексиямен ауыратын адамдар сөздерді оқығанда фонологиялық хабардарлық, фонематикалық сегментация және дыбыстың араласуы қиын болуы мүмкін [4].

Біздің зерттеуімізде фонематикалық дислексияны түзету жұмыстары А.Лурия, Д.Эльконин, Н.Жинкин, Н.Пылаева, А.Корневтің ғылыми еңбектерін талдауға негізделді.

Дислексияны тиімді басқару үшін мұғалімдерді, дефектологтарды, логопедтерді және ата-аналарды қамтитын бірлескен тәсіл өте маңызды. Тұрақты қарым-қатынас, үлгерім туралы ақпаратпен бөлісу және әртүрлі стратегияларды үйлестіру жеңіл

интеллектуалды бұзылысы бар жас студентке әртүрлі орталарда тұрақты қолдау көрсетеді, оның оқу нәтижелерін жақсартады [3].

Логопед балалардағы сөйлеу ауытқуларын бағалау және түзетуде маңызды рөл атқарады. Олар әр баланың ерекше қажеттіліктеріне бейімделген жеке араласу жоспарларын әзірлеу үшін бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз жұмыс істейді. Логопедолог мұғалімдерге баланың тілін дамытуға және оқу үлгеріміне ықпал ететін стратегияларды жүзеге асыруға көмектесу үшін нұсқаулар мен қолдау көрсетеді.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың ата-аналары да түзету процесінің белсенді қатысушылары болып табылады. Олар үйде және мектепте үздіксіз қолдау көрсету және араласуды қамтамасыз ету үшін логопедпен де, бастауыш мектеп мұғалімдерімен де ынтымақтасады. Ата-аналарға бақылаулармен бөлісу және кері байланыс жасау үшін қатысушы мамандармен үнемі байланыста болу ұсынылады. Олар сонымен қатар логопед ұсынған тілдік әрекеттер мен стратегияларды күшейтуде маңызды рөл атқарады [5].

Ақыл-ой бұзылысының жеңіл дәрежесі бар бастауыш мектеп оқушыларының фонематикалық дислексиясын түзетуде жалпы отбасы шешуші рөл атқарады. Ол эмоционалды қолдау көрсете алады, сәйкес білім беру іс-шараларын қорғай алады және үйде жағымды оқу ортасын жасай алады. Ортақ оқу, фонематикалық хабардарлықты ынталандыру және үйренген дағдыларды үнемі күшейту сияқты әрекеттерге қатысу оқу қабілетін жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, отбасының оқуға және білім беруге қатысуы ата-аналардың түсінігін жақсартып, олардың баласының оқуын тиімді қолдауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1.Бурина Е.Д. Преодоление нарушений письма у школьников (1–5 классы). Традиционные подходы и нестандартные приемы / Е.Д. Бурина. – СПб.: Каро, 2016. – EDN YSMVEF

2.Гомзьяк О.С. Я буду писать правильно. Альбом упражнений по предупреждению нарушений письма у детей подготовительной группы / О.С. Гомзьяк. – М.: Гном, 2017.

3.Коноваленко С.В. Психологическая профилактика и коррекция нарушений чтения, письма, счета / С.В. Коноваленко. – М.: Книголюб, 2007. – EDN QXSMJB

4.Лохов М.И. Плохой хороший ребенок. Проблемы развития, нарушения поведения, внимания, письма и речи / М.И. Лохов, Ю.А. Фесенко, М.Ю. Рубин. – СПб.: ЭЛБИ-СПб, 2008.

5.Садовникова И.Н. Дисграфия, дислексия. Технология преодоления / И.Н. Садовникова. – М.: Парадигма, 2012. – EDN RBVGWH

ТРИЗ технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудағы сыныптан тыс жұмыстар

Жумадиллаева Самал Жанабаевна
Қызылорда Болашақ университетінің
ПМНО-23М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматриваются виды внеклассной работы по формированию творческих способностей младших школьников с помощью технологии ТРИЗ.

Abstract

The article discusses the types of extracurricular activities aimed at developing the creative abilities of younger schoolchildren using TRIZ technology.

Сыныптан тыс жұмыстар – бұл оқушылардың оқу бағдарламасынан тыс, қосымша білім алу және дағдыларды дамыту мақсатында өткізілетін іс-шаралар. Мұндай жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік дағдыларын және командалық жұмысын дамытуға көмектеседі.

Оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыс – оқу-тәрбие жұмысының құрамды бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталады және бүкіл тәрбие міндеттерін тиімді шешуге көмектеседі [1].

Сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие беру мәселелерін әртүрлі бағыттарда қалыптастырып, дамытуды ғалым – педагог- психологтар өз үлестерін қосты. Атап айтсақ, сыныптан тыс жұмыстардың қалыптасу даму тарихындағы ерекшеліктер (Н.К.Беспятова, А.Т.Малый, Л.П.Матковская, М.Б.Коваль, Б.И.Каюмов, Ф.А.Фрадкин, В.А.Капранова);

- Сыныптан тыс жұмыстар қызметін басқаруды жетілдіру (О.Грекова)

- Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың қоғамдық саяси белсенділігін дамыту (И.Н.Цымбалюк, Л.Ю.Садыкова, Н.А.Антыгина, В.Н.Лыков, В.Н.Дармодехина, Н.Д.Зверьева, М.Куранов, Н.И.Меняева);

- Сыныптан тыс жұмыстардағы еңбек тәрбиесі (Ю.Г.Памория, А.И. Ковалева, Л.И.Каучукова, Н.А.Запорожец, М.А.Углицкая);

- Сыныптан тыс жұмыстардағы адамгершілік тәрбиесі (Л.А. Оралова, Қ.Т.Әтемова, И.К.Тен, Н.И.Минибаева, Ж.Сәдірмекова);

- Мектептен тыс мекемелер мен әлеуметтік тәрбие мекемелері арасындағы өзара ықпалдасудың (П.Д.Георгиева, Г.И.Миячива,

С.А.Михайлович, Р.П.Виркус педагогикалық проблемалары олардың кейбір шетелдік тәжірибелері зерттелген бағыт;

- Өз бетінше білім жетілдіру мен әуесқойлық тәрбиесі (Л.Ф.Каразян, В.В.Политова, Л.Г.Садықова) [2].

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі міндеттері мыналар:

1. Білімді тереңдету: Оқушылардың пән бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету.

2. Дағдыларды дамыту: Оқушылардың практикалық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын дамыту.

3. Әлеуметтік дағдылар: Оқушылардың топта жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау және әлеуметтік жауапкершілікті сезіну дағдыларын қалыптастыру.

4. Мотивацияны арттыру: Оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру және оқу мотивациясын көтеру.

5. Танымдық қызығушылық: Оқушылардың жаңа тақырыптарға, ғылымға, өнерге және мәдениетке деген қызығушылығын ояту.

6. Денсаулықты сақтау: Спорттық және дене шынықтыру шаралары арқылы оқушылардың денсаулығын нығайту.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері:

1. Спорттық секциялар: Футбол, баскетбол, волейбол, жүзу және т.б.

2. Шығармашылық үйірмелер: Сурет, музыка, театр, би, қолөнер.

3. Ғылыми жобалар: Зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми конференцияларға қатысу.

4. Экскурсиялар: Музейлерге, тарихи орындарға, табиғатқа саяхат.

5. Әлеуметтік қызмет: Қайырымдылық акциялары, экологиялық жобалар.

Егер де сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқу жұмысымен дұрыс ұштасатын болса, онда ол бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Сыныптан тыс жұмыс оқу жоспарын толықтыра түседі.

Бұл бағытта жүргізілетін арнаулы зерттеу жұмыстары әртүрлі сыныптан тыс жұмыстар мектеп оқушыларының кәсіптік қызығуы мен түсініктерінің тууының негізгі көзі болып табылатындығын дәлелдеді [3].

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының ерекшелігі төмендегі аталған міндеттерде көрсетілген:

1. Балада өзіне қатысты жағымды қатынасты қалыптастыру және ондағы өзін-өзі бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету. Бұл баланың одан әрі дара дамуының негізі болады. Себебі, тәжірибе көрсеткендей

«қиын балада» өзі туралы жағымсыз көзқарас қалыптасқан. Тәрбие жұмысы барысында мұғалімдер оны не күшейтеді, болмаса өзіне деген жағымды әсерлі өзгертеді. Соған орай дұрыс ұйымдастырылған сабақтан тыс тәрбие жұмысы оқу процесіндегі шектеуді жоюға мүмкіндік береді және баланың өзі жөнінде жағымды көзқарастың қалыптасуына, өзінің күш-қайратына сенімінің орнауына жағдай туғызады.

2. Балада ынтымақтастық, ұжымдық өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. Егерде балада өзіне қатысты жағымды көзқарасы бар жағдайда жолдастарымен тіл табысу, олардың пікірін тыңдау, өзара міндеттерін бөлісу, басқа адамдардың мүддесін ескеру, көмектесу біліктілігі қалыптасқан жағдайда, онда толығымен ұжымдық өзара жағынан әрекеттесу дағдысы қалыптасады.

3. Балада әртүрлі көркемөнер әрекеттерінің түрімен тікелей танысу арқылы ондағы қажеттілікті қалыптастыру. Оған қызығушылықты баланың дара ерекшеліктерін және қажетті біліктілік пен дағды дәрежесін ескеру негізінде қалыптастыру. Басқа сөзбен айтқанда, сабақтан тыс жұмыста бала өзіне пайдалы әрекетпен шұғылдануы тиіс және оны өздік тұрғыдан ұйымдастыра алуы қажет.

4. Баланың дүниетанымының компоненттері: адамгершілік, эмоциональдық, ерік-жігерін қалыптастыру. Сабақтан тыс жұмыстарында бала адамгершілік түсінік арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгереді. Эмоциялық сала шығармашылық әрекетте эстетикалық көзқарас арқылы қалыптасады.

5. Баланың таным қызығушылығын дамыту. Мұндай міндетте сабақтан тыс жұмыс сабақта және сабақтан, тыс әрекеттің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Өйткені сабақтан тыс жұмыс сабақтағы тәрбиемен байланысты, мұндай көзқараста ол оқу процесінің нәтижесін арттыруға бағытталған. Баланың таным қызығушылығын дамыту бір жағдайда, ол оқыту процесіне жұмыс істесе, екінші жағдайда, балаға тәрбиелік ықпалын күшейтеді [4].

Сыныптан тыс жұмыстың бір түрі үйірме – бұл оқушылардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне және таланттарына сәйкес келетін қосымша білім беру формасы. Үйірмелер оқушыларға шығармашылық, спорт, ғылыми, мәдени және басқа да салаларда өздерін дамытуға мүмкіндік береді.

Үйірмелердің негізгі міндеттері:

1. Қызығушылықты арттыру: Оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын ояту.

2. Шығармашылықты дамыту: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Топтық жұмыс: Оқушылар арасында ынтымақтастықты, командалық жұмысты қалыптастыру.

4. Жаңа дағдыларды үйрету: Оқушыларға жаңа дағдылар мен білімдерді меңгеруге көмектесу.

5. Тәрбиелік мән: Оқушылардың адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру.

Бастауыш сыныптарда үйірме жұмыстарын жүргізуде бірнеше міндеттер қойылады:

- оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін ары қарата дамытуға мүмкіндік жасау;

- оқушының қоғамдық белсенділігін дамыту;

- оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру.

Үйірме жұмыстарының алдына қоятын негізгі талабы:

- үйірме жұмыстарына қатысатын оқушының қабілетін ескеру;

- білім беру, оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы;

- оқушылардың еркіндігі.

Үйірмеге қатысатын оқушылардың практикалық білім, білік, дағдылары бірдей болуы мүмкін емес. Себебі, оның білім, қызығушылығы мен белсенділігі, қабылдауы және жұмысқа қабілеттері әртүрлі болғандықтан, алған дағдылары да тұрақты болмайды.

Бастауыш сынып оқушыларының ерекше қасиеттерінің бірі – үздіксіз дамуға бейімділігі мен жаңалыққа жаны құмарлығы. Осы кезеңдердегі қолайлы сәттерді тиімді пайдаланып қалу үшін сабақтан тыс, мектептен тыс жүргізілетін үйірмелер мен тәрбие жұмыстарының ерекше маңызы бар.

Әсіресе, сабақтың жалғасы болып табылатын пәндік, көркемөнер үйірмелері баланың өз бетінше ізденуі мен өз бетінше дамуына, қосымша практикалық іскерлік дағдылардың меңгерулеріне жол ашады. үйірме жұмыстарында балалардың мынадай қабілеттері дамиды:

- техникалық, ән-күйлік жұмыс жасауға, оларды тетіктерінің аталуы мен жұмысқа қосу ерекшелігімен танысады, өзі пайдалана алады;

- мұғалімнің түсіндірген нұсқауын тыңдап, басшылыққа алып, зейін тоқтататып, оның дұрыс орындалуына өзідігінен шешім қабылдайды;

- өзі жасаған жұмыс нәтижесін айтып, қорытынды жасап үйренеді, тіл байлығы мен ойлау қабілеттері дамиды;

Бастауыш сынып оқушылары үйірмелерге жүйелі түрде қатыса отырып, білімімен танымдық қасиеттерін толықтырумен қатар, төмендегідей қосымша дағдыларды меңгереді;

- өз жұмыс орынын ұйымдасыта білу;

- күнделікті ағымдағы жұмыстарын өз бетінше жоспарлау;

Мектептен тыс жұмыстар негізнен мектептен тыс мекемелерде жүргізіледі. Мектептен тыс мекемелер екіге бөлінеді: жалпы және арнаулы мектептен тыс мекемелер. Жалпы мектептен тыс мекемелер баллармен жұмысты ғылым мен мәдениеттің әр түрлі саласы бойынша жүргізеді. Оларға мәдениет сарайлары, балалар саябақтары жатады. Арнаулы мектептен тыс мекемелер, мәселен, техникалық өнердің бірақ саласында жұмыс жүргізеді. Оларға балалар кітапханалары мен оқу залдары, балалар театрлары мен кинотеатрлар жатады.

Қорыта келгенде, сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігі өз бетімен айналысудың басым болуынан көрінеді. Үйірмелерде, көркемөнерпаздар ұжымдарында балалардың өз беттерімен жұмыс істеулеріне кең мүмкіндіктер беріледі.

Әдебиет

1. Қоянбаев Р.М. Қысқаша педагогикалық сөздік. –Алматы, 2003. -172 б.
2. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. –Алматы, 1995. - 185 б.
3. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. –Алматы, 2004. -204 б.
4. Сейташев К.Б. Тәрбие теориясы. –Алматы: Мектеп, 1986.

ӘОЖ 159.922.4

Тұлғааралық қарым-қатынаста этнопсихологиялық стереотиптердің рөлі

Серікбаева Валентина Ержановна
п.ғ.к., аға оқытушы
Қонысбай Гүлзия Әділбекқызы
Қызылорда «Болашақ» Университеті
«Педагогика және психология»
мамандығының II-курс студенті
Қызылорда қаласы

Резюме

Изменение социальной структуры общества способствует изменению форм межэтнических отношений. В процессе межличностного общения проявляются индивидуально-психологические особенности представителей той или иной этнической общности, происходит обмен информацией, актуализируется национальное сознание, меняются интересы, возникают взаимные симпатии и антипатии.

Abstract

Changing the social structure of society contributes to changing the forms of interethnic relations. In the process of interpersonal communication, the individual psychological characteristics of

representatives of a particular ethnic community manifest themselves, information is exchanged, national consciousness is actualized, interests change, mutual likes and dislikes arise.

Қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі этносаралық қарым-қатынас нысандарының өзгеруіне ықпал етеді. Тұлғааралық қарым-қатынас процесінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің жеке психологиялық ерекшеліктері көрінеді, ақпарат алмасу жүреді, ұлттық сана өзекті болады, мүдделер өзгереді, өзара жанашырлық пен антипатия пайда болады. Зерттеушілердің көпшілігі бір ұлтқа немесе бір этникалық қауымдастыққа жататын адамдар, жалпыадамзаттық қасиеттермен қатар, тек белгілі бір ұлттың немесе этникалық қауымдастықтың барлық өкілдеріне тән және екіншісінің өкілдеріне тән емес ерекшеліктерге ие екендігіне негізделген. Қауымдастық психологиясындағы айырмашылықтардың болуы фактісі кеңінен танылды: айырмашылықтар айқын көрінуі мүмкін немесе тек контурлары болуы мүмкін, бірақ олар бар. Әрбір қауымдастықтың оқшаулануы, дегенмен, олардың арасындағы байланыстардың болуын ұсынады, нәтижесінде этникалық топтар бір-біріне қатысты белгілі бір ақпарат алады. Байланыстар кезінде алынған тәжірибеге сүйене отырып, этникалық стереотиптер қалыптасады, бұл олардың этникалық тобы тұрғысынан өзіндік және басқа топтың белгілері туралы хабардар болуды білдіреді [1].

Этникалық стереотиптер-бұл әлеуметтік стереотиптің бір түрі, әр түрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдеріне тән моральдық, ақыл-ой, физикалық қасиеттер туралы салыстырмалы түрде тұрақты идеялар, олар негізінен күнделікті сана деңгейінде қалыптасып, келесі ұрпаққа жиі біржақты пікірлер түрінде беріледі: "айлакер", "арамза" және т.б. этникалық стереотиптердің мазмұнында, әдетте, басым бағалау пікірлері, осы қасиеттер туралы пікірлер жазылған. Сонымен қатар, этникалық стереотиптердің мазмұнында осы ұлттың адамдарына қатысты іс-әрекетке арналған нұсқаулар болуы мүмкін.

Этникалық стереотиптер әдетте автостереотиптер мен гетеростереотиптерге бөлінеді.

Автостереотиптер-бұл этникалық қауымдастықтың өкілдері өздеріне қатысты пікірлер, бағалаулар. Әдетте, автостереотиптерде оң бағалау жиынтығы болады, сирек жағдайларда жекелеген ұлттық азшылықтарда теріс автостереотип болуы мүмкін. Әдетте, автостереотип оң және кейбір теріс элементтердің тепе-теңдігімен сипатталады. Мысалы, егер бұл халық аз болса, онда оның ежелгі, музыкалық және т. б. айтуға болады.

Гетеростереотиптер, басқа халықтар туралы құнды пікірлер жиынтығы ретінде, осы халықтардың өзара әрекеттесуінің тарихи тәжірибесіне байланысты оң да, теріс те болуы мүмкін. Этникалық стереотиптердің мазмұнында салыстырмалы түрде тұрақты ядро -

белгілі бір халық өкілдерінің сыртқы келбеті, оның тарихи өткені, өмір ерекшеліктері мен еңбек дағдылары туралы идеялар жиынтығы және белгілі бір халықтың коммуникативті және моральдық қасиеттеріне қатысты бірқатар өзгермелі пікірлер бөлінуі керек. Бұл қасиеттерді бағалаудың өзгермелілігі ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастардағы өзгеретін жағдаймен тығыз байланысты.

Сабақ оқу процесінің негізгі буыны болды және болып қала береді. Дегенмен, оқушы көбінесе сабақтың пассивті «ойлаушысы», мұғалімнің монолога берілетін негізгі орын болатыны ешкімге құпия емес. Жеке оқушылардың «ауызша сұрау» деп аталатын түрі де сыныптағы жекелеген оқушылардың белсенділігін тудырмайды. Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес (стандартты емес) түрлері оқушылардың белсенділігін арттыруға, өз бетінше «шығармашылық» жасауға, әр оқушының жасырын мүмкіндіктерін жүзеге асыруға ықпал ете алады. Сонымен қатар, соңғы сабақтар ұжымшылдық сезімін, досқа деген жанашырлық, жауапкершілік, сізді түсірмеуге, сыныптастармен бірге жүруге деген ұмтылысты қалыптастырады, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуге үйретеді, қиялды, қиялды дамытады, көруге көмектеседі. басқа оқу пәндерімен байланысы және т.б.

Проблемалық жағдайлар.

Қазіргі уақытта дамыта оқытуды ұйымдастыру мен мазмұнын жетілдіру мәселесіне көңіл бөлінуде. Дамыта оқытудың негізгі жолы – оқушыларды шығармашылық әрекетке баулу, кіші оқушыны оқу субъектісі ретінде қалыптастыру. Оқытудың ізденімпаздық әдісінің рөлін күшейту арқылы дәстүрлі бағдарламаларды жетілдіруге бола ма деген сұрақ туындайды? Проблемалық оқытуды жақтаушылардың идеяларын еске түсіре аласыз ба?

Бастауыш мектептердегі сыныптық іс-әрекеттерді біріктіру.

Интеграция – дифференциация процесстерімен қатар жүретін ғылымдарды біріктіру және байланыстыру процесі. Ол білім берудің сапалы жаңа деңгейінде пәнаралық байланыстарды іске асырудың ең жоғарғы формасын білдіреді. Мұндай оқу процесі мақсатты түрде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыстардың әсерінен оның тиімділігіне әсер етеді: білім жүйелі қасиеттерге ие болады, дағдылар жалпыланады, күрделі болады, оқушылардың танымдық

қызығушылықтарының идеялық бағыты нығаяды, олардың сенімі тиімдірек қалыптасады және жеке тұлғаны жан-жақты дамытады. қол жеткізіледі.

Саралап оқыту.

Саралап оқыту оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруде үлкен рөл атқарады, өйткені ол ғана қабілет деңгейі әртүрлі балалардың барынша дамуына жағдай жасайды: артта қалғандарды сауықтыру үшін және қабілеттілердің біліктілігін арттыру үшін. мерзімінен бұрын үйрену. Бұл шешім сәнге деген құрмет емес, адамдардың бәрібір басқаша туатынын дәлелдеген өмір. Сараланған тәсіл – оқытуды дараландырудың негізгі жолы[3].

Сабақта қызықты материалды пайдалану.

В.А. Сухомлинский мектепте баланы қоршап алған ғажайып табиғат әлемі, ойындар, музыка, ертегілер олардың алдында сынып есігімен жабылмауы керектігін насихаттады. Бала мектеп пен сыныпты мұғалім оған бұрын болған қуанышын сақтап қалғанда ғана шын сүйетін болады. Осылайша, ойын-сауық материалы мектептегі оқу процесінде баланың дамуына әсер етуді жалғастыруда. Сабақта ойын-сауық материалын пайдалану оқу үдерісін белсендіруге көмектеседі, балалардың танымдық белсенділігін, байқағыштығын, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытады, балалардың шаршауын басады.

Оқыту ойыны.

Сабақта қолданатын басқа да әдіс-тәсілдермен қатар оқу пәніне деген қызығушылықты дамытудың тиімді құралдарының бірі – дидактикалық ойын. К.Д.Ушинский де кеңес берді: оқу үдерісін өнімді ету үшін оқушылардың байыпты тәрбие жұмысына ойын-сауық элементтерін қосу.

Көрнекі және дидактикалық материалды пайдалану.

Көрнекілік студенттердің оқып жатқан біліміне эмоционалды және бағалаушы көзқарасын дамытуға көмектеседі. Өз бетінше тәжірибе жасау арқылы оқушылар алған білімдерінің ақиқаттығына, мұғалім айтып отырған құбылыстар мен процестердің ақиқаттығына көз жеткізе алады. Ал алынған ақпараттың ақиқаттығына сенімділік, білімге деген сенімділік оны саналы әрі берік етеді [4].

Оқушылардың шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдістәсілдерді қолдануға болады.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл бағытта жанжақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі

әдістәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Әдебиет

1. Аймағамбетова Қ., Дуниетануды оқыту теориясы мен технологиясы: Студенттерге арналған оқулық / Қ. Аймағамбетова.- Алматы, 2006.- 259 б.

2. «Қазақ Энциклопедиясы», 5-том

3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006. - 430 б.

4. Биология Энциклопедия Д.Алипбаева. Астана: «Фолиант» баспасы 2013. 160б.

ӘОЖ 373.3 : 376.42 : 159.9

Бастауыш сыныпта инклюзивті білім берудің психологиялық аспектілері

Зұлхарнаева Ә.Т., п.ғ.м., оқытушы
Алпысбай М.Т., «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 курс студенті
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматриваются психологические аспекты инклюзивного образования в начальной школе. Анализируются психологические факторы, влияющие на адаптацию детей с особыми образовательными потребностями в школьную среду и их социализацию. Особое внимание уделяется взаимодействию между учителями и учащимися в инклюзивной среде.

Abstract

The article explores the psychological aspects of inclusive education in primary school. It analyzes the psychological factors influencing the adaptation and socialization of children with special educational needs in school settings. Special attention is given to the interaction between teachers and students in an inclusive environment.

Қазақстандағы инклюзивті білім берудің дамуы қазіргі таңда білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру дегеніміз — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу, олардың білім

алуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бұл балалардың мектептегі білімге деген құлшынысы, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі олардың психологиялық және әлеуметтік дамуына әсер етеді.

Осы мақалада бастауыш сыныпта инклюзивті білім берудің психологиялық аспектілері талданады. Бұл кезеңде балалардың психологиялық дамуы, әлеуметтенуі мен оқу үдерісіне бейімделуі маңызды рөл атқарады. Бастауыш мектеп кезеңі баланың тұлға ретінде қалыптасуындағы ең шешуші кезеңдердің бірі болып табылады. Сол себепті инклюзивті білім беру жүйесінде бұл жастағы балалардың эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие [1,19 б.].

Инклюзивті білім берудің маңызы:

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең білім алу мүмкіндігін беру. Мұнда тек білім беру үдерісі ғана емес, балалардың әлеуметтік дағдыларының қалыптасуы, олардың құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасы маңызды. Бастауыш мектепте оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті орта олардың әлеуметтенуіне оң ықпал етеді, себебі олар басқа балалармен бірге оқып, қоғамдық ортада белсенді болуға мүмкіндік алады.

Инклюзивті білім беруде психологтар мен мұғалімдердің рөлі өте үлкен. Олар балалардың өзара қарым-қатынасына, эмоционалдық жағдайына, психологиялық жай-күйіне көңіл бөлуі керек. Әсіресе, балалардың өздерін оқуда еркін сезінуі және өз потенциалын көрсетуіне қолдау көрсету маңызды.

Бастауыш сыныпта инклюзивті білім берудің психологиялық аспектілері:

Бастауыш сыныпта инклюзивті білім берудің психологиялық аспектілерін талдай отырып, бірнеше маңызды факторларды атап өтуге болады:

1.Бейімделу және мотивация:

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың мектепке бейімделу үдерісі олардың оқу барысындағы табысына үлкен ықпал етеді. Бұл балалар көбінесе мектеп ортасына тез үйрене алмайды немесе білім алуға мотивациясы төмен болуы мүмкін. Мұндай балаларға психологиялық қолдау көрсету маңызды. Мысалы, топтық жұмыстар арқылы немесе оқушының қызығушылықтарын ескере отырып, мотивацияны арттыруға болады.

2.Эмоционалдық қолдау және өзіндік сенімділікті арттыру:

Балалар арасындағы өзара түсіністік пен қолдау – инклюзивті білім берудің басты аспектілерінің бірі. Мұғалімдер ерекше қажеттіліктері бар балаларға эмоционалдық қолдау көрсетуі керек. Себебі мұндай балалар өзін басқалардан төмен сезінуі немесе сыртқы

ортаның қолдауын сезінбеуі мүмкін. Бұл жағдайда мұғалімдер мен сыныптастарының қолдауы балада сенімділіктің қалыптасуына әсер етеді.

3.Әлеуметтену:

Бастауыш сыныпта балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы ерекше маңызды. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік ортаға енгізу арқылы олардың әлеуметтену үдерісін жеделдетуге болады. Оларға құрдастарымен тең дәрежеде қарым-қатынас жасау, өз ойын еркін жеткізу мүмкіндігі берілуі керек. Әлеуметтену балалардың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

4.Топтағы жұмыс және қарым-қатынас дағдылары:

Бастауыш мектепте оқушылардың топта жұмыс істеу және қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Инклюзивті білім беру балалардың топтық жұмысқа деген бейімділігін дамытып, әртүрлі ортада бір-бірін түсінуіне көмектеседі. Мектептегі әртүрлілікке үйренген балалар болашақта қоғамның толыққанды мүшесі болуға бейімделеді [2,17 б.].

Мұғалімнің рөлі мен кәсіби дайындығы:

Инклюзивті ортада жұмыс істейтін мұғалімдер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс жасау үшін психологиялық дайындықтан өтуі қажет. Бұл бағытта мұғалімдердің төмендегідей дағдылары маңызды:

- Психологиялық қолдау көрсету: Мұғалімнің басты міндеті – балаларға психологиялық тұрғыдан жайлы орта қалыптастыру. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балаларға ерекше көңіл бөлу қажет. Олардың оқу үдерісіне бейімделуін қолдау, мотивациясын арттыру және қиындықтарды жеңуге көмектесу маңызды.

- Қарым-қатынасты реттеу: Инклюзивті сыныпта оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Мұғалім балалардың арасындағы түсіністікті арттыру үшін тиімді әдістерді қолдануы керек. Мысалы, әртүрлі ойындар мен топтық тапсырмалар арқылы балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

- Ата-анамен және әріптестермен тығыз байланыс: Мұғалім инклюзивті білім беру үдерісінде ата-аналармен және мектептегі әріптестерімен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Баланың үйдегі жағдайы мен мектептегі оқу барысы арасындағы үйлесімділік оның табысты білім алуына әсер етеді [3,33 б.].

Қорыта айтатын болсақ, инклюзивті білім беру бастауыш сыныптағы оқушылардың білім алу мен тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді. Инклюзивті ортадағы психологиялық қолдау, балалардың әлеуметтенуі мен эмоционалдық жай-күйі олардың білім алу нәтижелеріне тікелей ықпал етеді. Ерекше қажеттіліктері бар

балалардың әлеуетін дамыту үшін мұғалімдер мен психологтардың рөлі өте маңызды. Инклюзивті білім беруді дамыту бағытында мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен олардың қолдауының маңызы зор.

Әдебиет

1.Қадыржанова Ж.А., Әбеннова С. Инклюзивті білім берудің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

2.Назарбаев Н.Ә. Қазақстандық білім және ғылымды дамыту стратегиясы: ғылыми және білім беру ортасының негіздері. – Астана: Елордалық баспасы, 2016.

3.Сейтқалиева А.Т., Бегімқұлова Р.Е. Инклюзивті білім беру психологиясы: оқу құралы. – Алматы: ЖШС «Жібек Жолы», 2019.

4.Мұхтарова Г.С. Инклюзивті білім берудің психологиялық аспектілері // Педагогика және психология журналы, 2020.

5.Юсупова М.С. Ерекше балаларды әлеуметтендіру мәселелері // Психология және қоғам, 2021.

ӘОЖ 373.3 : 371.3 : 004

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Зұлхарнаева Ә.Т., п.ғ.м., оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогические условия формирования цифровой грамотности младших школьников. Для реализации программ в рамках обновленного содержания образования недостаточно обеспечить учителей знаниями, навыками и способствовать изменению их мнения, для этого в учебных заведениях должна быть сформирована специальная унифицированная система.

Abstract

This article discusses the pedagogical conditions for the formation of digital literacy in primary school children. To implement programs within the framework of the updated content of education, it is not enough to provide teachers with knowledge, skills and contribute to changing their opinions, for this purpose a special unified system should be formed in educational institutions.

Цифрлық сауаттылық-білім алушылардың қазіргі өмірдегі қабілеттерінің маңызды элементі, ал оқытушының цифрлық сауаттылығы-қауіпсіздіктің негізгі шарты. Прогрессивті қоғамда

өзгерістер үнемі болып тұрады. Бұл өзгерістер қазіргі заманғы білім беру мақсаттарының өзгеруіне, оқытушы мен оқушылардың жұмысында өзгерістер болуына, білім беру мазмұнының жаңаруына алғышарт болды. Мұғалімдер болып жатқан жағдайдың маңыздылығын түсінеді, жұмыстың стандартты құралдарынан, формаларынан, әдістерінен және тәсілдерінен бас тарту керек. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың пайда болуымен балалар ақпарат пен білімге еркін қол жеткізе алды. Олар тек үй компьютерін ғана емес, сонымен қатар әртүрлі гаджеттерді де еркін қолдана алады және шындық пен виртуалдылықты оңай біріктіреді. Бастауыш сынып оқушылары сандық тәжірибені олардың мүмкін деңгейінің үштен бір бөлігіне ие. Олардың көпшілігі Интернетті өз бетінше пайдалану дағдыларын игерді [1,197 б.].

Мұғалімдер мен бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын арттыру, интернетті пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, цифрлық ұрпақтың ерекшеліктерін ескеру және интернеттің балалардың дамуына әсері бастауыш мектептегі жұмыстың басым бағыты болып табылады [2,150 б.].

Цифрлық сауаттылық ұғымы-цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы.

Қазіргі уақытта Цифрлық сауаттылық қазіргі мектептегі оқушылардың қабілеттерінің қажетті элементі ретінде зерттелуде. Бұл оқушылардың қалған негізгі қабілеттері мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға пайдалы әсер етеді. Цифрлық сауаттылық табысты оқытуға ықпал етеді.

Цифрлық қоғам және оқытуды цифрландыру әлемінде білім алушылардың цифрлық құзыреттерін қалыптастыру және дамыту міндеті қағидатты болып табылады [3,251 б.]. ҚР Бастауыш білім берудің МЖМБС қоятын басты талаптардың бірі бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын меңгеру, сондай-ақ социумдағы қауіпсіз мінез-құлық дағдылары болып табылады. Бастауыш мектеп түлегінің көптеген қасиеттерінің ішінде ең маңыздыларын бөліп көрсетуге болады: жаңа жағдайда әрекет ете білу, сандық сауаттылықты, соның ішінде коммуникативті сауаттылықты игеру.

Бастауыш сыныптарда Ақпараттық технологиялар мен ресурстарды пайдалану білім беру сапасын арттырудың шарттарының бірі болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздік саласында бастауыш сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады. Т.В. Бойконың пікірінше, кіші мектеп жасы балалардың ақпараттық құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығын дамыту үшін анағұрлым өнімді болып табылады, өйткені цифрлық орта мен ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалану оқу процесінде туындайтын проблемаларды шешуге көмектеседі.

Цифрлық сауаттылықты үйрену, максималды нәтижеге қол жеткізу оқыту әдістемесі түбегейлі өзгерген кезде ғана мүмкін болады, егер оқушының өзіндік қызметі ынталандырылса, оқушының жеке басын, оның танымдық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған болса. Сондықтан: мектеп балаларды қалай үйретеді және тәрбиелейді, өмірге дайындайды, болашақта қоғам қандай болатынына байланысты. Осылайша, қазіргі заманғы мұғалімнен балалардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға барынша ықпал ететін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің құралдарын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін табу және қолдану талап етіледі [4,125 б.].

Қазіргі заманғы жас буын Z ұрпағына жатады, бұл сандық дәуірде туылған балалар (2003 жылдан бастап) және туылғаннан бастап цифрлық технологияларды қолданады. Қазіргі оқушылар цифрлық дәуірде өмір сүреді және оқиды. Олар ұтқырлыққа ұмтылады, интерактивті, ойын форматында ақпарат алу қажеттілігі бар, интернетке тәуелді.

Цифрлық құзыреттерді, әсіресе ақпараттық қауіпсіздік дағдыларын жүйелі және мақсатты түрде иелену қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады. Интернеттің ықтимал цифрлық қауіп-қатері мен теріс әсерінің алдын алу мақсатында бастауыш сынып оқушылары арасында цифрлық сауаттылықты мақсатты түрде қалыптастыру қажет [5,63б.]. Сандық қауіпсіздік-бұл бастауыш сыныптарда қалыптасуы қажет сандық сауаттылықтың құрамдас бөлігі.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы бағдарламаларды іске асыру үшін мұғалімдерді біліммен, дағдылармен қамтамасыз ету және олардың пікірлерін өзгертуге ықпал ету жеткілікті емес, ол үшін білім ордаларында арнайы бір бірізділік жүйе қалыптасуы керек.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» — деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді [6,19 б.].

Цифрлық технологиялар қоғамды ақпараттандырудың негізгі факторларының біріне айналды. Қоғамның ақпараттануы жаңа есептеу құралдары базасында ақпаратты қабылдау, жинау, өңдеу, сақтау мен тасымалдаудың жаңа әдістерін ендірумен ерекшеленеді.

Білім қорын жинақтау мен түрлі міндеттерді шешудің жаңа әдістері адам іс-әрекетінің барлық саласында ойлау әрекетін дамытуға ықпал ететін, есептеу тәсілдерін қажет ететін маңызды үдеріс болып саналады.

Цифрлық технологияны қолдану сандық формада ұсынылған ақпарат түрлерімен жұмыс істеуді жедел әрі жеңіл ететіні белгілі.

Сондықтан оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуды бастауыш сыныптардан бастап оқыту еліміздің білім беру жүйесіне алғашқы тәжірибе ретінде енгізілді.

Оқу бағдарламасында үш тілде оқыту ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың мектептен тыс сабақтарын үш тілде (қазақ, орыс және шетел тілдерінде) ұйымдастыруды көздейтін үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған.

Жеке тұлғалық қасиеттердің кең спектрлі дағдылардың табиғи үйлесімде дамуы – білім алушылардың бойында: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты базалық құндылықтарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың мінезқұлқына және күнделікті іс-әрекеттеріне ынталандырушы болуға арналған оның тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

Цифрлық технологияларды пайдаланудағы құзыреттілік оларды үйде, мектепте, жұмыста, бос уақытта және коммуникацияда сенімді түрде және сыни тұрғыдан пайдалануды көздейді. Оқушылар Цифрлық технология бойынша дағдыларын курс бойы ақпаратты жинау, құру және басқару, ресурстармен жұмыс істеу, құрылғылар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмыстарын бағалау, түзетулер негіздерінде дамытады [7,97 б.].

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Әдебиет

1.«Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2017.

2.«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек. tengrinews.kz/kazakhstan_news

3.Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл.– Б. 341.

4.Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан //Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №01 (54).

5.Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление// Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113.

6.Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // КАНТ, 2019. – №3 (32). – С. 137.

7.Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялықпрактикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.

ӘОЖ 37.032 : 37.036(574)

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы музыкалық мәдениеттің ролі.

Косбармакова Дамели Биркебаевна,
п.ғ.м., аға оқытушы;

Төлегенова Миуа мәдениет қайраткері, аға оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

Роль музыкальной культуры в формировании личности и превращении всех внешних влияний в переживания и эмоциональные переживания в обществе

Abstract

The role of musical culture in the formation of personality and the transformation of all external influences into experiences and emotional experiences in society

Музыкалық мәдениет жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені ол танымның ерекше түрі — эмоционалды таным. Ол барлық сыртқы әсерлерді тәжірибе мен эмоционалды тәжірибеге айналдырады, онсыз адам бола алмайды.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы музыкалық мәдениеттің келесі рөлдері бар:

Эстетикалық рөл. Эстетикалық және этикалық сезімталдық пен жауаптылықты тәрбиелеу. Музыканың әсерінен әлемнің көркем бейнесінде құндылық бағдарларының өзегі ретінде эстетикалық талғамның қалыптасуы жүреді.

Танымдық рөлі. Музыкалық іс-әрекет барысында адам Тарихи дәуірлермен, тұлғалармен танысады, поэзияның, әдебиеттің ең жақсы үлгілерін, тіпті дыбыспен байланысты кейбір математикалық және физикалық ұғымдарды игереді.

Тәрбиелік рөлі. Әлемге адамгершілік қатынасты қалыптастыру, адамның мәңгілік адами құндылықтардың — махаббат, сұлулық, жақсылық, адамның қадір-қасиеті, өмірге деген сүйіспеншілігінің эмоционалды бастауын иемдену.

Дамытушы рөл. Музыканы меңгеру ойлауды дамытуға көмектеседі-бейнелі және логикалық, дерексіз және нақты. Музыка ритақ пен үйлесімділік сезімін, байқау, есте сақтау, қиял, дауыс аппараты, саусақтардың ұсақ моторикасын қалыптастырады [1,23 б.].

Музыка адамды қоршаған әлеммен әсер арқылы, сезім арқылы, терең, әлі танылмаған, қисынсыз деңгейде байланыстырады. Дәл осы түсіну процесінде адам әлеммен қарым-қатынасының үйлесімділігін сезінеді.

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысып бағады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше дараланған жеке тұлға.

Адамдар жеке тұлға болып бірден дүниеге келмейді. Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет.

Жеке тұлға дегеніміз адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындығы ерекшелігімен даралануы [2,7 б.].

Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай болуына қарамастан, өзін қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі көріп-білген құбылысқа деген көзқарасын, ой-пікірін білдіруі заңды құбылыс. Мәселен, біреулер айналасындағы құбылысқа таңдана, тамашалай қараса, ал енді біреулер сын көзімен қарап ой қорытуы, сыни пікірлер айтуы мүмкін.

Адамдардың қоршаған табиғи ортадағы құбылыстарды қабылдап түсінуі де әр түрлі. Ол адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктермен тығыз байланысты. Мәселен біреулердің бір нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, ал екінші бір адамның

ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреу бір айтқаннан білімді тез қабылдаса, ал екінші бір адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулердің сурет салуға, ән салуға бейімділігі болуы мүмкін. Жеке бастың бұл ерекшеліктер адамдардың басқалармен ұжымдық қарым-қатынасында байқалады [3].

Сонымен бірге адам баласы өмірде үздіксіз тәрбие құшағында болатынын, бұрынғы игерген білім, білік, дағдылары біртіндеп көмескіленіп, оның орнына жаңа білім, білік, дағдыларды меңгерумен шұғылданатынын ескеруге де тура келді. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толығымен байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, оның жаңаруы мүмкін. Бұған қоса әлеуметтік ортаның, отбасы мүшелерінің, жолдас-жораларының, таныстары мен достарының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ескерсек, жеке тұлғаның ерекшелігінің басым болуына оның да ықпалы зор. Сондай-ақ басқалардың көзқарасын, ой-пікірлерін қабылдау дәрежесі де түрліше болады. Сондықтан да әр адамды бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігімен дараланған тұлға дейміз.

Жеке тұлға өзін-өзі бағалауға да, өзінің іс-әрекетін, оның нәтижелерін басқалардың іс-әрекетімен салыстырып байқауға, басқалардың бойындағы артықшылық қасиеттерді көре, тани білуге, соған теңелсем, сондай болсам деп ұмтылыс, іс-әрекет жасауға да қабілетті.

Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес, яғни олар өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұрады. Сондықтан өмірді танып білу дегеніміз миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады.

«Тұлға» дегеніміз адамның келешек өмірдегі жобасының келбеті. Яғни адам өз бейнесін өзі жасаушы. Тұлға-жеке адамның өзін өмірде көрсетудегі мақсатының орындалуы ғана емес, оның ерік-жігерінің іске асуы. Яғни өзі жөніндегі ойын еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі, көрінісі. Сонымен бірге, тұлға дегеніміз сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден –оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден-адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден-жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент органикалық бірлікте қызмет етеді [4].

Баланың тұлғасын жан-жақты дамытуды қаншалықты ерте бастау керек. Туған күннен-ақ бастап, балаларға әр түрлі жағдайлар әсер етеді. Үй тұрмысы, үлкендердің сөзі, қарапайым балалық өлеңдер, теледидар бағдарламалары және тағы да басқа әр түрлі жағдайлар баланың білімі мен сезіміне жастайынан айрықша әсер етеді. Үлкендердің сөйлегендері баланың тұлғасына тек жағымды

әсер еткен жағдай қазіргі уақытта қол жетпейін арман. Бірақ баламен қарым-қатынаста болатын адамдар оның рухани байлығы өте төмен екенін жақсы түсінеді. Сондықтан да әрбір мектеп баланың сана-сезімін байыту мақсатымен ән-күй пәндерін кешіктірмей беру керек. Кейбір кезде балалар музыкалық білімді алмай барлық пәндерден өте төмен балды алып жүрген жағдайлар да аз емес. [5]. Оқушыларға өнер саласын ашқаннан кейін, баланың дамуына үлкен әсер етеді. Музыкалық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет. Музыка ең алдымен эмоционалдық қанағаттандыруды береді. Екіншіден, музыкалық тәрбиенің негіз - ақыл-ойды ғылымның көмегімен жетілдіру. Үшіншіден - бұл эмоционалдық тәрбие. Ең алдымен балалардың қызығушылықтарын ескеріп, мектепте және оны бітіргеннен кейін толық музыкалық білімді алуды қамтамасыз ету керек. Әрбір әдістің негізін музыканың теориясы емес, практикалық жұмыстары қарайды. Балалар музыкаға қызығып кеткеннен кейін ол туралы көбірек білгісі келеді: музыкалық ноталардың белгілерін жазып үйрену, оларды әнге ауыстыру және тағы басқа. Музыка пәніне қызыққан бала кейін музыкалық теорияны да оқуға талпынады. Музыкалық практика тек қана өлең айту мен аспапта ойнаумен шектелмейді, сонымен бірге әнді тыңдауда практиканы құрайды. Әндер жеңіл, аспаптар–элементарлы, ал әуендер қарапайым болуы мүмкін бірақ қаншалықты құралдар мен материалдар жеңіл болғанмен, олардың көркемдік сапасы жоғарғы сатыда болуы ықтимал. Әрине дамудың ең бірінші сатысында музыкаға деген сүйіспеншілік фундаменті қаланады. Келесі сатыда балалар меңгерген білімін музыканы тереңдетіп тануға жұмсағылары келеді. Міне, дәл осы уақытта баланы әр түрлі кезеңдердегі музыкамен, оның бағыттарымен, стильдерімен таныстыру қажет. Сондай-ақ классикалық шығармалармен қатар жаңа заман шығармаларын беру қажеттілігін ұмытпау керек [6].

Тұлғаны тәрбиелеу – бұл қарым-қатынастың барлық түрлерін сатылы әрі үздіксіз дайындау және іске асыру деген сөз. Бұның нәтижесінде тұлға қоғамдық және мектеп құндылықтарын, әлеуметтік рәсімдерді, нормаларды, ұйымдастырушылық қабілетін және т.б. игереді.

Білім беру және тәрбиелеу процессі кезінде тұлғаның әлеуметтендірілуін қамтамасыздандыру қажет. Бұл жаңа ашылыстарды игеруді, өзіндік күн көруді үйренуді, мәдениеттің минимумдық негізін салуды білдіреді. Музыка туралы білім біздің заманымызда күннен күнге үлкен рөл атқарады.

Егерде бұндай жұмыс нәтижесінде оқушылар музыка пәнінде эмоционалдық қанағаттанса, онда олар музыкаға деген сүйіспеншілікті бүкіл өмір бойы өткізе алады. Солардың біреулері болашақта композитор, біреулері - әнші, тағы біреулері – жақсы, музыканы сүйсіне тыңдайтын тыңдарман болуы мүмкін. Музыкалық

тәрбиешілер жастарды осы екінші, үшінші топқа қосылып кетулеріне себеп болу керек.

Әдебиет

1.Н.Ә.Назарбаев («Қазақстан-2050» жолдауы), Ә.Нысанбаев, Т.Әбжанов «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 455 б.

2. Әл-Фараби (Музыка туралы үлкен кітап 2008ж.), Әл-Фараби («Музыканың ұлы кітабы»).15 томдық. – А., 2020.

3.П.М.Сүлейменов Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – А., 2011. – 197-б.

4. Балтабаев М.Х. «Педагогическая культурология». - А., 2000. 178.-183 б.

5.Қазақ мәдениеті тарихының очерктері. – А., 2005. – 67-69-бб.

6.Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы. Бастауыш мектеп». 2000 ж. №3 9-10 б.

ӘОЖ 373.5 : 37.026.9

Білім алушылардың шығармашылығын дамыту

Лупанчук Г. В.

«Болашақ» университетінің магистранты

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования творческих способностей будущих учителей начальных классов и предлагаются пути их развития.

Abstract

In the article, the problem of formation of creative abilities of future teachers of primary classes is considered and ways of their development are proposed.

Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын креативті ойлай алатын шығармашыл тұлғаға айналдыру.

Біз өмір сүріп отырған ақпараттық, техникалық заманда қоғамда қарқынды өзгерістер болуда. Бұл өзгерістерге дайын болып, өзгермелі қоғамның белсенді мүшесі болу үшін әр адам өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытуы керек. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі, тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткіші емес, бүкіл қоғам дамуы деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби

шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілсе, осы заңның 41-бабында: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрінісін, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», - деп атап көрсетілген [1].

Көптеген жылдар бойы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі ғылыми білімнің түрлі салалары - философия, педагогика, психология, лингвистика және басқалардың өкілдерінің назарын аударды.

Зерттеуші ғалымдар-И.Уман, В.И.Андреев, Г.С.Альтшуллер, А.М.Матюшкин, Т.В.Кудрявцев, М.И.Махмутов, А.В.Хуторскилероку үдерісіндегі танымдық қызметті ұйымдастыру жолдарын қарастырды. Зерттеу барысында тәжірибе шығармашылық қызметтің қол жетімді түрлерін дамытуға ықпал ететін бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үдерісін ұйымдастырудың құралдарын анықтауда білім берудің объективті қажеттілігін дәлелдеп көрсетті.

Шығармашылық - бұл жаңа материалдық және рухани құндылықтар болып табылатын қызмет; психикалық белсенділіктің жоғары формасы, өз бетінше жаңа, ерекше нәрсе жасау мүмкіндігі [2].

Ресей ғалымы С.Мысник: «Шығармашылықтың мәні - ойлау синтезінің соңғы кезеңіндегі стереотиптерді жеңу және қауымдастықтардың кең өрісін пайдалану», - дейді.

Д.Б.Богоявленская: «Шығармашылық қабілеттердің негізгі көрсеткіші – танымдық және мотивациялық компонентті біріктіретін зияткерлік белсенділік», - дейді [3].

Шығармашылық - бұл адамның сапалы жаңа бірегей құндылықтарды құру үдерісі. Шығармашылықтың нәтижесі - материалдық дүние немесе материалдық емес дүние (белгілі бір білім саласындағы инновациялық идея, музыкалық шығарма немесе ғылыми теория) болуы мүмкін. Әр адамның шығармашылық қабілеті бар, бірақ адамдардың көпшілігі оларды күнделікті өмірде сирек қолданады және дамытады [4].

Орыс философы Н.Бердяев өзінің «Адамның мақсаты туралы» еңбегінде шығармашылықтың адамның керемет табиғатын көрсететінін және әр адам кереметтігі соншалық, ол данышпандық мен таланттың үйлесімі данышпанды жасайтынын жазды [5].

Белгілі шығармашылық ойлауды зерттеуші ғалым Гилфорд шығармашылықтың төрт негізгі факторын анықтады.

1.Оригиналдылық- шығармашылық ойлаудың өзіндік ерекшелігін, мәселеге ерекше көзқарас, стандартты емес жауаптар беру қабілеттілігі.

2.Икемділік - жауаптардың алуан түрлілігіне, жылдам ауысуға қабілеттілігі.

3.Интеграция - бір уақытта бірнеше нәрсені ескеру мүмкіндігі ретінде қарама-қарсы шарттар, ішкі сілтемелер немесе қағидаттар.

4.Сезімталдық- көріне қоймайтын бөлшектерді, ұқсастықтарды немесе айырмашылықтарды көре алуы қабілеттігі[6].

Адам бойындағы жоғарыдағы аталған қабілеттерді көре білу, дер кезінде қолдау беріп, тәрбиелеу - ұстаздың басты міндеті.

П.Торренс:«Шығармашылық дегеніміз - тереңірек қазу, жақсырақ қарау, түзету қателіктер, мысықпен сөйлесу, тереңдікке секіру, өту қабырғалар, күнді жағу, құмға құлып салу, болашақты қарсы алу», -деп атап көрсетті.

П.Торренс шығармашылық деп кемшіліктерді, білімдегі олқылықтарды, үйлесімсіздікті қабылдау қабілетін түсінді. Шығармашылық қызметінің құрылымында ол:

- Мәселені қабылдау;
- Шешімді іздеу;
- Гипотезалардың пайда болуы және тұжырымы;
- Гипотезаларды тексеру;
- Олардың модификациясы;
- Нәтижелерді табу,- дейді [7].

Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын анықтау күрделі мәселелердің бірі. Шығармашылық - әлемдік мәдениеттің дамушы көзі. Сондықтан шығармашылық теориясын жасау адамзат тарихында өз жалғасын табуы заңдылық деп есептейміз.

Шығармашылық педагогикасының мақсаты - заманауи өзгермелі қоғамның өзгерістеріне лайықты тұлғаны дамыту жолдарын қарастыру және оң шешімдер іздестіру болып табылады.

Шығармашылық мүмкіндіктер әр адамға тән. Қолайлы жағдайда әрбір білім алушы өз ойын жеткізе алады. Шығармашылық қабілеттерді қол жетімді және қызықты әрекеттерде анықтау және дамыту педагогтің шеберлігіне байланысты.Сондықтан оқу орындарында білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі

Шығармашылықты дамыту дегеніміз не?

- бұл байқағыштық, сөйлеу және жалпы белсенділік, көпшілдік, жақсы жаттықтырылған есте сақтау, фактілерді талдау және түсіну әдеті, ерік-жігер, қиялды дамыту;

- тұлғаның жеке даралығын танытуға мүмкіндік беретін жағдаяттарды жүйелі түрде құру;

- бұл танымдық бағыттағы оқу үдерісінде зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру.

Шығармашылық ерік-жігерді, жалқаулық пен қиындықтарды жеңе білуді, барлық мәселелерде белсенділікті және ең алдымен оқуды талап етеді.

Психологиялық-педагогикалық шығармашылықты дамыту мәселелерін зерттеумен белгілі ресей ғалымдары И.Бех, А.Запорожец, С.Рубинштейн, Б.Теплов, В.Андреев, С.Бондаренко, Р.Грановская, А.Савченко, М.Холодная және т.б. айналысты.

Педагогикалық тәжірибені талдау, ғаламдардың зерттеуі бойынша, педагогикалық оқу орындарының білім алушылары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға дайын еместігін көрсетті. Білім алушылар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және шығармашылық белсенділігін дамытуға қажетті оқыту үдерістерін ұйымдастыру мүмкіндіктерін қолдана алмайды. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі университетте инновациялық технологияларды қолдану арқылы сабақтарды шеберлікпен ұйымдастыру психологиялық-педагогикалық мәселелердің арасында жетекші орын алады. Дегенмен, ғылыми-теориялық дереккөздерге аналитикалық шолу бұл мәселенің жеткілікті түрде қамтылмағанын көрсетеді. Ол оқушыны белсенді және шығармашылықпен ойлаудан, әртүрлі педагогикалық жағдайлардан шығудың лайықты жолдарын іздеуден, ойлауды, есте сақтауды, зейінді, қиялды жаттықтырудан, үлкен өнімді нәтиже беретін стандартты емес шешімдер қабылдаудан тұрады. Шығармашылық педагог – өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыратын және дамытатын шығармашыл тұлға. Мұғалімнің шығармашылық қабілеттері олардың оқу-шығармашылық іс-әрекеттің белгілі бір түрінің талаптарына сәйкестік дәрежесін сипаттайтын және осы іс-әрекеттің тиімділік деңгейін анықтайтын мұғалімнің қасиеттері мен мінез-құлық қасиеттерінің синтезін білдіреді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жоғары оқу орнында оқу процесінде шығармашылық тұлғасын дамытудың бір жолы – инновациялық технологияларды қолдану. Білім бағдарламасы бойынша қазіргі инновациялық технологияларды меңгеру, тәжірибе жүзінде тиімді қолдана білу болашақ маманның шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың бірден бір жолы.

Педагогикалық оқу орындарында дуальды оқытуды ұйымдастыру, кәсіби шеберлік сағаттарын өткізу, шығармашылық бағыттардағы сайыстарды ұйымдастыру, ғылыми жобаларға қатысу арқылы өз мүмкіндіктерін саралау, болашақ мамандығының қыр-сырларын білу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектеп мұғалімдерімен бірлескен әдістемелік бағыттардағы конференцияларды ұйымдастыру кәсіби мамандарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1.Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы.(07.07.2020.берілген өзгерістер content мен толықтырылуларымен) <https://egi.edu.kz/wp-/uploads/2020>

2.Миронов Н.П.Способность и одаренность в младшем школьном возрасте.а школа.-2004г. -№6.-с.33-42

3.Белозерских Г.М. Развития творческого потенциала личности. Начальная школа.2004.№1.-с.22-24.

4.Жарықбаев Қ. Б. Жантау негіздері.-Алматы: Эверо, 2005ж

5.Бердяев Н.А.О назначении человека http://www.odinblago.ru/filosofiya/berdyayev/o_naznachenii_cheloveka/1/

6.Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта // Психология мышления. Прогресс, 1969

7. Сергей Марвов.Элис Пол Торренс – Отец современной теории творчества.<https://geniusrevive.com/elis-pol-torrens-otets-sovremennoj-teorii-tvorchestva/>

ӘӨЖ 371.39-882

Бастауыш сынып оқушыларына көркем шығарманы оқыту тәсілдері

Полат Айнұр Алмасқызы,
Болашақ университетінің магистранты

Резюме

В статье рассматриваются методы, используемые при обучении художественных произведениях учащихся начальной классов.

Abstract

The article discusses the methods used in teaching artistic works to primary school students.

Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің сапасын жақсарту үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Ол үшін мұғалімдер оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін талмай іздеп, сабақтың сапасын жақсы деңгейге көтерудің жолдарын қарастырады. Себебі бастауыш сынып мұғалімі – келешек ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын қалыптастырып, олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашатын адам.

Қазіргі педагогикада негізгі оқыту әдістерін түрі жағынан бірнеше топқа бөлуге болады. Оларды топтастыруда әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Дегенмен, олардың көбі оқыту әдістерін үш топқа жіктеуді ұсынады. Олар:

- 1.Ауызша оқыту әдістері.
- 2.Көрнекі оқыту әдістері.
- 3.Практикалық оқыту әдістері.

Бұлар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Мысалы, ауызша оқыту әдісі көрнекі оқыту әдісінің элементтерімен өтеді, ал практикалық оқыту әдісіне ауызша оқыту мен көрнекі оқыту әдістерінің ең негізгі амал-тәсілдері пайдаланылады.

Ауызша оқыту әдісі әңгіме, түсіндіру, баяндау, лекция, сұрақ-жауап түрінде құрылады. Көрнекі оқыту әдісіне демонстрациялау, саяхат және дыбысты көрнекілік жатады. Практикалық оқыту әдістері жаттығу, бақылау, лабораториялық және кітаппен жұмыс істеу әдістерінен тұрады [1, 69 б.].

Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндердің ішінде оқушыларға жан-жақты тәрбие беруде әдебиет ерекше орын алады. Әдебиет адамды ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалына көркем шығарма жатады. Көркем шығарманы оқыту кезінде бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасын арттыру үшін жұмыс жасайды. Осы пән арқылы бастауыш сынып оқушысының рухани дүниесі байиды. Мұғалім сабақ беру әдістерін жетілдіріп отыру арқылы сабақтың сапасын, тәрбиелік маңызын арттыру үшін шығармашылық ізденіспен жұмыс жасайды.

Оқушының көркем шығарманы қабылдауын үш кезеңге бөлуге болады: елестету, идеялық мазмұнын түсіну және көркем шығарманың әсері. Көркем шығарманы түсініп, түйсіну, қабылдау арқылы оқушының дүниетанымы, рухани әлемі, тұлғалық болмысы дамиды.

Көркем шығарма оқушының дүниетанымын кеңейте отырып өзіндік ойын мен пікірге білдіруге баулиды. Оның нәтижесінде оқушы көркем шығармадағы кейіпкерлерден өзін, жан-жағындағылардың бейнесін тапқандай әсерде болады. Көркем шығарманы талдауға көркем шығарманы оқығандағы алғашқы қабылдауы негіз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының әңгімелеу түрі өте қарапайым әрі жай сөйлемдерден ғана құралатындықтан және берілген сұраққа бір сөзбен ғана жауап беретіндіктен, мұғалім оқушыларын әңгімелеуге үйретуі керек. Мұғалім оқушының сұраққа толық жауап беруін талап ету үшін төмендегідей жұмыстар жасатуы керек:

- мұғалім мәтін бойынша қойылған сұрақтың жауабын күрделі сөйлеммен беріп, оны оқытушыға қайталату;
- оқушының өзіне сөйлемдер құрату;
- мәтін бойынша берілген сөйлемге қажет сөзді тауып айтуға үйрету;
- түбір сөзге қажет қосымшаларды жалғатып, жаңа сөз құрап айтуға үйрету;
- суретке қарап әңгіме құратып айтқызу [2, 38 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының зейіні әлі тұрақты түрде қалыптасып болмағандықтан, оқылған шығарма мазмұнын бірнеше рет қайталаған дұрыс. Сабақ барысында баланың көңілінің алаңдай

бастағанын байқағаннан мұғалім тәсілді өзгертіп, оқып отырған затты не оның бейнесін көрсетіп, образды нақтылау арқылы оқушының көңілін аудару керек.

Баланың тілін, ой танымын дамыту үшін қолданылатын тәсілдің бір түрі – әңгіме айтқызу. Ол үшін мұғалім өзі әңгімелеудің бірнеше түрін қолданады. Балаларға өмірден көргендерін, бір жағдайдан есте қалғандарын, бақылағандарын айтып беру, көркем шығарма мазмұнын түсінікті етіп әңгімелеу, суретке қарап әңгіме құрау, көркем шығарманы біреудің атынан айту сияқтылардың барлығы шығармашылық әңгімеге жатады.

Мұғалім сабақта үнемі бір тәсілмен жұмыс жасамайтыны анық. Әдебиеттік оқу сабағында көркем шығарманың қайсысының тек мазмұнын айту керегін, қайсысын жатқа айтып, қайсысын оқулықтан оқып беру керегін алдын-ала жоспарлап, сол бойынша жұмыс жасайды.

Көркем шығарманы оқу кезінде міндетті түрде сөзді анық, таза, мәнерлеп оқу қажет. Көркем мәтінді оқытудың мынадай түрлері қалыптасқан:

- түсініп оқу;
- таңдап оқу;
- іштен оқу;
- рөлге бөліп оқу;
- жұптық оқу;
- ұжымдық оқу;
- мәнерлеп оқу.

Түсініп оқу барысында оқушыға мәтіндегі түсініксіз, қиын сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы оқытамыз. Таңдап оқуда мәтін бойынша қойылған сұраққа мәтіннен жауап іздеп, портрет, пейзаж, образдарды табу арқылы жұмыс жасалады. Іштен оқу арқылы оқушы ойлану, іздену, жауап іздеу арқылы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады. Мәтінді рөлге оқу арқылы оқушылардың оқу танымдық белсенділігі мен қызығушылықтары артады да, сабақтың эмоциялық, спихологиялық мәні күшейе түседі. Оқушыларды оқу техникасына, мәнерлеп оқи алуына қарай топқа бөліп, ұжымдық оқыту барысында мәтіннің тез меңгерілуіне ықпал етеді. Жұптық оқытуда оқушының өз бетімен оқу техникасын жетілдіру дағдысы дамып, ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасауға икемделеді. Әдебиетті оқытудың басты әдістерінің бірі – мәнерлеп оқу. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу шығарманы қабылдауға негіз болатын ең басты тәсілдің бірі. Оның мақсаты оқушыға көркем шығарманың эмоциялық әсерін сезіндіріп, көркем мәтіндегі әр сөздің мәні мен мағынасын сөз бояуларының нақышын сездіру. Мәтін мәнерлеп оқылған кезде әр сөздің өзіндік өрнегі мен мәні ашылып, оны сезінуіне тиімді ықпал етеді. Мәтінді мәнерлеп оқу дегенде жұмыс екі жақты жүруі қажет. Біріншісі, оқушының мәтінді алғаш тыңдап қабылдау әсері

шығарманы қаншалықты мәнерлеп оқуына байланысты. Екіншісі, Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың мәнерлеп оқу дағды, машығын қалыптастыру. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімінің мәтінді мәнерлеп оқуы аса маңызды. Себебі көркем шығарманы түсініп қабылдауға алғашқы қадам ретінде мұғалімнің мәнерлеп оқуы ықпал етеді.

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушысының көркем шығарманы тиісінше қабылдауы үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді жүргізуге болады:

– оқыған шығармадағы кейбір сөздерден немесе ұғымдардан туындайтын ассоциация құрғызып, соған талдау жасату;

–көркем шығарманың оқушыға қалай әсер еткендігі туралы әңгіме жүргізу;

–көркем шығарманы оқығаннан кейінгі алғашқы әсері мен сабақ барысында шығарманы талдағаннан кейінгі қалыптасқан ой-пікірлерін салыстыру;

–көркем шығарманы оқығаннан кейінгі әсері туралы әңгіме жазғызу.

Көркем шығармамен жұмыс жасай отырып, оқушылардың ойланып, өз пікірлерін айтуына ықпал ету керек. Көркем шығарманы біткеннен кейін мәтін бойынша ауызша, жазбаша сұрақтар қою арқылы мазмұнын айтқызып, өзіне ұнаған тұсын баяндатуға болады. Бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысал келтіртіп немесе мәтіннен үзінді жазып, оның қай оқиғадан алынғанын сұрауға болады.

Көркем шығармаларды оқыту бастауыш сынып оқушыларының ана тіліндегі сөздік қорын дамытуда, өз ойын ашық жеткізуде зор әсер етеді. Ол үшін оқулықта берілген мәтіннің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы керек. Мәтіндер оқушыларға қазақ халқының әдет-ғұрпын, мәдениетін, ұлттық мерекелер мен жекелеген адамдардың жетістіктерімен таныстыру қызметін атқарады. Көркем шығарманың мазмұнына байланысты мұғалім оқушыға сұрақтар қою арқылы да сөздік қорын дамытады [3, 51 б.].

Көркем шығарма – оқырманның эстетикалық танымын байытатын бірден-бір құрал. Сабақ үстінде көркем шығарманы талдау барысында адамдар арасындағы қарым-қаныстарды ұғындыруөмірдің шынайылығымен байланыстырыла түсіндірілсе, оқушының жақсы тәрбие алуына үлкен мүмкіншілік туады.Түтпеп келгенде, көркем шығарманы оқытып, түсіндіру жұмыстары оқушыны дамытуға бағытталады.

Әдебиет

1.Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

2.Жапбаров А. Мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесі. – Алматы-Шымкент: Жібек жолы, 1997. – 200 б.

3.Молдабек Қ. Бастауыш мектепте тіл дамыту жолдары. – Шымкент: Мұрагер, 2005. – 84 б.

**Цифрлық технология жағдайында болашақ педагогтің
зерттеушілік әлеуетін дамыту**

Сағымбаева А.Б.,
«Болашақ» университетінің магистранты

Резюме

В статье рассматриваются пути развития исследовательского потенциала будущих учителей начальной школы в контексте цифровых технологий.

Abstract

Ways of developing the research potential of future primary school teachers in the context of digital technologies are discussed in the article.

Цифрлық технологиялар қазіргі заманның ажырамас бөлігіне айналды және жоғары білім беруді табысты іске асыруда әлеуеті зор. Оқу үдерісіне жасанды интеллект тәсілдерін пайдалана отырып, виртуалды және толықтырылған шынайы болмысты, интерактивті платформалар мен симуляторларды енгізу білім алушыларға теория мен практикалық дағдыларды тиімдірек меңгеруге мүмкіндік береді.

Адами капиталға инвестиция тез өзгертін әлемге бейімделе алатын технологиялық дамыған және өнімді жұмыс күшін құру үшін маңызды. Бүгінгі таңда білім беру «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы стратегия аясында Қазақстандағы білім беру реформасының жалпы мақсаты цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады [1].

Цифрлық технологиялардың басты ерекшелігі - онлайн-білім беру мүмкіндігі. Онлайн-білім беру – білім алушыларға қолайлы уақытта оқу мүмкіндігін ұсынатын тиімді құрал. Онлайн-курстар, вебинарлар мен қашықтан оқытудың басқа да түрлері білім алушыларға түрлі елдердің жетекші мамандарынан білім алуға, сондай-ақ өзге студенттермен халықаралық деңгейде тәжірибе алмасып, әріптестік орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғаламдық онлайн-зертханаларға қолжетімділік жоғары оқу орындарының тек онлайн-курстарға ғана емес, сондай-ақ виртуалды, цифрлық зертханалар мен симуляцияларға деген базалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Білім алушыларға деректер негізінде шешімдер қабылдау мәдениетін және олардың ашықтығын қалыптастырады, кадрлар даярлау сапасын арттырады.

«Зерттеу әлеуеті» ұғымы – күрделі ұғым. «Әлеует» ұғымы

адамның түрлі мүмкіндіктерін ашу үшін қолданылады. Ең маңызды адам мүмкіндіктері:

В ходе написания статьи мы сосредоточили внимание на методах, используемых для повышения творческих и деловых способностей студента. Учитель может использовать данные методы обучения для оптимального формирования уровня активности учащихся и в процессе обучения развитию национальных ремесел в соответствии с целью и задачей урока.

Abstract

In writing the article, we focused on the methods used to enhance the creative and business abilities of the student. The teacher can use these teaching methods to optimally shape the level of activity of students and in the development of national crafts in accordance with the purpose and objective of the lesson

«Шебердің қолы-алтын» –деп халқымыз бекер айтпаған болар, ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғырып, бүгінгі күні жастарымыздың тәрбиесіне халқымыздың қолөнері қоғамымыздың әлеуметтік қозғалысы болып отыр. Кешегі ата-бабалардан қалған мұраларымыз қазіргі кезде қолға алынып, жалпы ұлтпен қайта қауышып, жүректерімізден орын алуда.

Қазақ халқымыздың қолөнерінің тамаша туындыларын жасаудың қарапайым технологиясын осы күнде тұрмысқа қайта ендіріп, өсіп келе жатқан жасөспірімге қазақ халқының қолөнеріне қызығушылығын арттырып, шеберлігін дамытуға осы дипломдық жұмыстың әсері болар деген сенімдемін.

Қазіргі кезде біздің елімізде жаппай ұлттық өнерді оқушыларға үйретуге көп көңіл бөлініп отыр. Осы күнде мектеп қабырғасында сыныптан тыс үйірме жұмыстарында үйретудің жүйелі жоспарын құру арқылы жасап шығару, сонымен бірге осындай жұмыстар арқылы балаларға эстетикалық тәрбие бере отырып, оқушының ой-өрісін дамыту және патриоттық сезімін ояту болып табылады [1.10 б.].

Қазіргі күні бұл кәсіп қолданбалы сәндік өнер деп айтылады. Ағаштар түрлері жасалатын бұйымдарына қарай таңдалады. Ата-бабаларымыз ағаштың түрін, жай-күйін өте жақсы білген. Бұрынғы уақытта ағашты ию, жұмсартудың тәсілдерін жетік меңгерген. Ертеде ағашты малдың қиымен араластырып, су құйып, жерге көміп тастайды екен. Сол кезде ол қызады да, белгілі бір күйге жеткенде ағаш жұмсарады. Дәл осы сәтте қазып алып, тезге салып, өзіне қажетті қалыпқа иіп, керек бұйымын жасап алған. Міне, осындай күрделі әдіс-тәсілдердің арқасында бүгінгі күні адам баласының ойы жетпейтін дүниелер жарыққа шығарылған. Шеберлер ағаштан ойып, қымыз сапыруға арналған ожау, тегене, саптыаяқ, күбі, табақ, астаулар (ет салатын ағаш ыдыс), сонымен бірге бидай, тары түйетін келі мен олардың қажетті бөлшектері келсап, піспек сияқты бұйымдарды жасаған. Ағаштан ойып жасалған кішілеу ыдыс тостақан деп аталса, ас салатын жайпақ ыдыс табақ деп аталған. Ал қымыз құйып, оны ожаумен сапырып отыруға арналған шұңғыл ағаш ыдыс – тегене. Бұл бұйымды күмістелген темір әшекейлермен, асыл тастармен безендірген. Күбіде немесе сабада әбден пісілген қымыз, алдымен, осындай кең де шұңғыл ыдысқа, одан әрі аяқтарға құйылып таратылатын болған. Той-топырда осындай жұмысты атқарушыны аяқшы деген. Тегенеге құйылған қымызды сапырып, аяқ-аяққа құю үшін ұзындау сапты ағаш ожаулар қолданылады. Ағаштың өзегінен шауып жасалған сабы бар шұңғыл ыдыс саптыаяқ деп аталады. Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешенінің қорында да ағаштан жасалған бұйымдар баршылық. Оларға ертеректе күнделікті тұрмыс жағдайларына байланысты қолданылған ыдыс-аяқтар, ағаштан оймышталып қымыз құюға арналған үлкен, шұңғыл ыдыс-тегене, ағаштан жасалған кішілеу ыдыс – тостақан, қос басты ағаш ожау, леген, ағаш ваза, шара аяқ, күбі, ас салуға арналған табақтар, емен ағашынан жасалған бал шелек, ал, үй жиһаздарынан тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасалған ағаш сандық - кебеже, сандық астына сүйемел, жастағаш (жастықағаш), қызыл ағаштан жасалған комод, үстелдер, жаңғақ, емен, қызыл ағаштардан жасалған киім, ыдыс-аяқ салуға арналған шкафтар, т.б жәдігерлерді жатқызуға болады. Бұл жәдігерлердің әр қайсысының өз тарихы бар құнды дүниелер. Мысалы, 1977 жылы музей қорына қабылданған жастағаштың 130 жылдық тарихы бар. Жалпы ағаш қазақ тұрмысында жастықты биіктеп салу үшін қолданылатын арнайы ағаш жиһаз, яғни, жастық ағаш. Далалық мәдениетте жастағаштың тұрмыстық қажетінен басқа философиялық та мәні бар. Оны жаңадан отау құратын баласына арнап әкесі немесе атасы жасатады, яғни ол қыздың жасауына кірмейді. Сондай-ақ, жастағаштың басы неғұрлым биік болса, жасатқан адамның беделі соғұрлым жоғары болғаны және балаларына бастарың төмендемесін, айналаңа қадірің жоғары болсын деген тілегін білдіреді. Ал, ыдыс-аяқ салуға арналған буфет және емен

ағашынан киім салуға арналған шкафты 2001 жылы Орда ауылының тұрғыны Рафаэль Денгизбаев музей қорына тапсырды. Патша заманынан бері келе жатқан бұл көне жиһаздар әкесі Абдолла Денгизбевтан қалған екен. Мұражай қорына әр кезеңдерде келіп түскен, белгілі күйші бабаларымыздан қалған домбыралар да сақталған. Олар: жерлесіміз Кенжеғали Балабасұлының, Есел Қазиевтің, сондай-ақ, Ордада ұлт-аспаптар оркестрінің негізін қалаған Жанғазы Теміралиевтің қолданған домбыралары. Бөкей ордасы тарихи музейінің экспозициясынан орын алған домбыраларға тоқталсақ, жерлесіміз, домбырашы Биболат Аюповтың атасы Молдабеков Әйіптің қалақай типтес қызыл қарағайдан жасаған домбырасы, белгілі күйшілер Дина Нұрпейісованың, Сейтек Оразалыұлының қолы тиген домбыралар да назар аудартады. Осы домбыралардың ішіндегі ерекшесі, сырты боялған сындырмалы (бүктемелі немесе жиналмалы) домбыра. Алып жүруге ыңғайлы етіп жасалған бұл домбыраның мойыны алмалы-салмалы. Көненің көзі болып табылатын бұл домбыра музей залына ажар беріп тұрған құнды жәдігер.

Қазақстан көне мәдениет өлкесі. Ерте замандардан-ақ оны мекен етушілер мал бағып, егін салумен шұғылдана жүріп, өзіндік өрнегі мол, өнерін, мәдениетін қалыптастырады. Қазақ халқының қолөнері санау ескі заман тарихымен бірге өсіп. Біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады.

Қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбез-күн тіршілік барысында пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмірде сән салтанат құра білді. Халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірі мен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, кәсібімен тығыз байланысты болады.

«Өресі биік, өрісі кең» өнер атаулының қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқыда өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. өнердің түрі көп. Бізді қоршаған өміріміздің барлығы өнер. Ал қандайда болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін халық. Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің тамаша үлгілері атадан балаға мұра болып біздің заманымызға да жетті. Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден көптеген саяхатшылармен коллекционерлердің ғана емес, ғалым этнографтар, археологтар мен суретшілердің де көңілін аударып келеді. Дүние жүзінде әр халық ата-баба мұраларын, халық өнерін сақтап қалуы парыз. Атадан балаға мұра болатын қолөнерін жалғастырушы шеберлер әрқашанда халық арасында құрметті.

Қолөнер бұйымдарын дүниеге алып келу көптеген уақытты және еңбекті, шыдамдылықты қажет етеді.

Қолөнердің қайнар көзі-еңбек екенін М.Горькийдің еңбек туралы, оның адамды ұлы данышпан ететін ұлы күш екенін айтатын аталы сөзін айтуға болады. Еңбек адамның іскерлігімен ой-өрісін ғана өсіріп қоймай оның адамгершілігін, дүниеге көзқарасын қалыптастырып, рухани сезімін байытады. Еңбек-өнер өрісі-өмір жемісің-дегендей еңбек пен өнердің егіз екенін айтқан жөн. Өнердің қай түрі болмасын қажымай, талмай еңбектенуді талап етеді.

Өткен заманда қолөнер шеберлері қажетті ағаштың бәрін тікелей өз қолымен даярлаған. Оларды дер кезінде жинап, мезгілінде кесіп отырған. Мысалы: үйшілер үйдің сүйегіне керек кереге, уық, шаңырақ жасайтын сырғауылдарды отпен морлап, тезге салып иген, ырғаққа ұстап керекті қалыпқа түсірген. Қазіргі кезде ағаш өңдеу жұмысы механикаландырылған. Механикалық құрал-саймандарға электр ара, электр сүргі, электр бұрғы, электрлік және пневматикалық ажарлау аспаптары жатады. Ағашты өңдеу, оған ою-өрнек салу үшін дайын тақтай да жеткілікті. Дегенмен еңбек сабағында ағашпен жұмыс істеу үшін, оны кесуді, шабуды, тегістеуді, өңдеуді, ішінара қашауды, ойып, өрнек салуды үйренесіз. Әрине, мұның бәрін құрал-саймансыз жүзеге асыра алмаймыз.

Ағашты өңдеу жұмыстарына қажет құрал-саймандар: ара, балта, кернеу ара қолданылады. Балтамен ағаштардың бұтақтарын шапса, қабығын әр түрлі қырғыштарымен алады.

Ағаштан алынған тақтайды түрпімен, сүргімен, үлкен сүргімен т.б. құралдарымен өңдейді. Ағашты кесуге қажетті ең басты құрал - қол ара. Оның негізгі түрлері болат жолақтардан жасалады, оларды төсем деп атайды. Төсем өте қатты, тегіс және иілгіш болуы шарт. Оның иілгіштігі аз әрі тым қатты болса, төсемнің тістері тез сынады.

Ағашты кесуге араның әр түрін пайдаланады. Ағаш талшықтарын кесу бағытына байланысты оны көлденеңінен, ұзына бойы және аралас әдіспен кесуге болады. Көлденең кескенде, кесу бағытында байланысты ағаш талшығына перпендикуляр, ұзына бойы кескенде, параллель болады. Көлденең кескенде, араның тісі-үшбұрыш, ал ұзына бойы кесу үшін қиғаш болады.

Араның тістері тік бұрышты үшбұрыш пішінде болса, ол ағашты бір бағытта ғана кеседі.

Ағаш аралайтын ара төсемінің тістері өте өткір болуы үшін тістерін қиғаштап орналастырамыз.

Жақ ара ағашты кез келген бағытта кесе алады.

1. Ағашты кескенде араны жұлқыламай, қатты салмақ салмай кесу керек.

2. Дайын ағаштың кесетін жерін белгілеп, оны жұмыс үстелінің үстіне қояды.

3. Сол қолымен ағашты тіреуге тіреп, оң қолымен кесу керек.

4. Ағаш материалдарын көлденең кесетін араның өткір тісінің ұшы материалдардың талшығын кесіп, оны үгінді етіп шығарады.

5. Ағаш материалдарын ұзына бойы кесетін араның ілгері қарап тұрған кескіш қырлары талшықты жонып үгіндіге айналдырады.

Ағаш шебері (*Ағашшы*) - ағаштан түрлі тұтыну бұйымдары мен үй жиһаздарын жасайтын маман. Ағаштан түйін түйетін шеберлерді төрт топқа бөліп қарастыруға болады: балташылар - үй құрау, арба, шана, есік, терезе жақтауларын тағы басқа жасаушылар; үйшілер - киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, адалбақан, асадал сынды тағы басқа бұйымдарын жасаушылар; оймашылар - жұкаяқ, кереует, кебеже, абдыра, саз аспаптарын оюлап жасаушылар; тоқушылар - себет, ергенек, қорап тағы басқа тұрмыстық бұйымдарын тоқушылар.

Ағашшы күнделікті тұтынатын ас-су жабдықтарын: тостаған, аяқ-табақ, сапты аяқ, ожау, қалақ, иілек, күбі, астау, ат эбзелдері (ердің қаңқасы, ашамай), үй жиһаздарын: жұкаяқ, кебеже, сандық, асадал, адалбақан, аша, бақан, тіреуіш, төсек, бесік тағы басқа дүйім дүниені жасап, мәнерлейді. Ағаштан жасалған бұйымдар төзімді, әрі жеңіл болғандықтан, қазақ көшпелі тұрмысында қолдануға ыңғайлы болды.

Ағаш тасуға ыңғайлы болғандықтан ағашшы үйін орманға жақын жерге салған. Ағашшы кәсібімен айналысатындар қайың, арша, қарағай, тораңғы сияқты ағаштарды тандап алып, көлеңке, әрі құрғақ жерде кептіріп, жонып сүргілейді. Ағашты кесу, тесу, ою, ыңғырулау, өңдеу, дайын болған соң, бояу, оюлау, бедер салу сияқты істерге кіріседі.

Ағаш үйдің уығын морлап ию, керегені қырып көктеу, шаңырақ ию, есік үйлестіру сияқты тәсілдер де кең қолданылды.

Ағаш шебері өздері өмір сүрген табиғи ортадан керегін тауып, таңдап, қажетті бұйымдар жасай білген. Ағаш желімін де қолдан қайнатып дайындаған. Сөйтіп, ағашшылар өздері жасаған бұйымдарды сатып немесе малға, тағамға айырбастап, кәсіпшілігімен күн көрген [2.17 б.]. Ағаш шеберлік аспаптары - ағаш ұқсату, өңдеу жұмыстарына қажетті саймандар. Кез келген жұмысты бастар алдында ағаш шебері құрал-саймандарын сайлап алады.

Ағаш ұсталары құрал-саймандарын кесу, шабу, қию, жону, кертү, ою, оймыштау, қырнау, қыру, тесу, сургілеу, тілу, қару, бояу, жылтырату, сырлау, шегелеу, желімдеу және тағы басқа жұмыстарда қолданды.

Ағаш шеберінің негізгі құралдары мыналар: балта, балға, ара, шот, сүргі, бұрғы, түрпі, тез, қашау, шапқы, қырғыш, ұңғы, ыңғыру, сыдырғы, егеу, тістеуік, үскі, пышак түрлері және тағы басқа ағаш шеберінің аспаптар қатарына ағаш балға, шот, атауыз (қысқы), аталғы, пышак, пәрмі, қолшығыр, балға, ағаш балға, ұртоқпақ (қолағаш), қырғыш, сүмсуір, қаламдықтемір (көзеуіш), ақсақтемір, қайрақ, білеу,

қылау, жануыш, сүргі, зімпара, бұлғауыш, қылқалам, қуысқұлақ, белтемір, інкенже, жаңғырық, сына жатады. Бұлардың кейбірі сайманды ұруға (ағаш балға, ұртоқпақ (қолағаш), екіншісі - өлшеуге (ақсақтемір) немесе кұрал-сайманды қайрау немесе астына тосып салу (жаңғырық, сына) сияқты жұмыстарға пайдаланылады [3.2 б.].

Ағашқа ою салу өнері, әсіресе, солтүстік аудандардан бастап, бүкіл Қазақстан аумағына кеңінен таралған. Стилистикалық тұрғыда ол қазақтың халықтық қолөнерінің басқа да барлық түрлерімен, ең бастысы, киізден және былғарыдан оюлап көркем бұйымдар жасаумен тығыз байланысты. Киізден оюлап жасалған дүниелер, өрмелер мен тоқымалар кестелеу және халық өнерінің басқа да түрлері тәрізді ою-өрнек салынған ағаш бұйымдары киіз үй жиһазының сәнін келтіріп, үйге қажетті тұтыну аспаптарын толықтырған, сөйтіп, өнер туындысына айналған. Қазақтардың ағашты өңдеп, пайдалануы ең алдымен, оның көшпенді өмір салтының қажетін өтеуге байланысты болған. Киіз үйдің сүйегі мен есігі, босағасы, керегесі ағаштан жасалған. Киіз үйдің сүйегіне әдетте ою салынбаған, ал есік пен жиналмалы босағаларға ою ойылып, олар түрлі бояулармен әшекейленіп отырған. Кейде, әсіресе, салтанатты ордалардың ағаштары сүйекпен, алтын, күміс, мыс-жезбен оюлап безендірілген. Көшпенді өмір салтына қарамастан қазақтардың ағаштан жасалған үй жиһазы болған, мысалы төсек, сандық, адалбақан, кебеже т.с.с.

Ағаш сандықтың да, мысалы, азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын салатын түр-түрі болған. Сондай-ақ, теңдер мен көрпе-жастық, кілемдер мен текемет-сырмақтарды жинайтын жүкаяқтар болған. Ас бұйымдарынан ағаш табақ, астау, шара, тостаған, қымыз құятын тегене мен әшекейлі ожау, шынықап, келі-келсап, піспек, қасыққа дейін бәрі ағаштан ойылған. Оларға және ою-өрнек салынып, сырланып, немесе сүйек, металдармен өрнектеліп безендірілетін болған. Ағашқа ойылған оюлардың композициясы мен үлгісі де қазақтың халықтық қолданбалы қолөнеріндегі тәрізді қарапайымдылығы және көрнектілігімен ерекшеленеді. Жалпы түс пен өрнектердің теңдігі, жекелеген бөлшектердің жиі-жиі қайталанып отыруы да қазақы үлгі. Солардың арасында ең көбірек кездесетіні – қошқар мүйіз, екі басы тұйықталып келетін иір қайырма, S образды белгілер мен шеңберлер, төртбұрыштар, ромбтар, жапырақ формалы иірме орамдар, т.с.с. Ою салынған бұйымдардың әшекейлік шешімі олардың үлкен-кішілі көлеміне қарамастан, оюдың жекелеген бөліктері мен элементтерінің бәрі жалпы сәннің жарасым тұтастығына бағынған.

Қазақ оюшылары оюдың түрлі тәсілдерін меңгерген, тесіп ою, бедерлеп ою, жанап қырлап ою, жалпақ ою, т.с.с. Кейде олар оюдың негізгі жүйелерін қосымша өңдеп отырған. Орта Азия халықтарынан, әсіресе, қырғыздардан ерекшелігі, қазақтар ою үстіне металл жапсырып, не сүйек салып безендірген.

Металл жапсырмаларын көбіне сандықтар, кебеже мен қобдишаларға, қымыз құятын тегенелер мен тостаған, әшекейлі ожауларға, киім ілетін адалбақан, не ат әбзелдерін ілетін ілгешектерге қолданған. Ал ою үстін сүйекпен өрнектеу төсек пен есік, жүкаяқтарға, кейде ағаш ердің алдыңғы жағына орналастырған. Сүйекшілер қажетті оюды алдымен сүйектен кесіп, содан соң оны құрастырып, безендіретін бұйымның үстіне түймебас күміс шегемен жапсыратын болған. Ағаштың ою салынатын беті алдын-ала арнайы өңдеуден өтеді, оған салынған оюдың өзі кірігіп жапсырылатын металл кесіндісінің қалыңдығына қарай ұңғыланады. Соның нәтижесінде ою үстіне жапсырылған металл мен ағаштың беті бедерсіз, біркелкі жазық болып келеді [4.18 б.]. Қазақ шеберлері көбіне қаптамалы өрнектеуді қолданған, мұнда бұйымның бетіне оюланған сүйек тұтастай жапсырылып, қапталады. Ондағы сүйектен ойылған әрбір өрнек жеке-жеке орналасқанда текемет-сырмаққа салынған оюдың композициясындай жалпы жарасым тауып, бір-бірімен әдемі үйлеседі. Аса қымбат бағалы дүниелерді жасағанда сүйекке алтын-күміс жапсырмаларын қосып безендіретін болған. Сүйекші шеберлердің еңбегі өте жоғары бағаланған. Сондықтан сүйектен ойылған әдемі жиһаздар көбіне дәулетті адамдардың төріне көрік берген.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. /. Астана, 2000.105 б.
2. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 1997. 10
- 3.Маргулан Ә.Х. Казахское народное искусство. 1. Алматы, 1986. 12б.
4. Иванов А.Ф. Сельская школа: Советская педагогика. – 1990. - С. 67б.
5. Стирлин Л.Ф., Зайцева Е.С. Трудовое воспитание в сельской школе., 11б.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдары

Шыныбек Лаура Уалиқызы , магистрант,
Ескараева Айгуль Дуйсенғалиевна
ф.ғ.к., аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ университеті,
Асанбекқызы Ақтолқын «AMANAT SCHOOL»
жеке мектебінің мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается актуальность формирования цифровой грамотности у будущих учителей начальных классов. Целью исследования является выявление путей повышения цифровой грамотности. В качестве методов исследования использовались теоретический анализ, опросы, интервью и педагогические эксперименты. В результате были разработаны рекомендации по повышению эффективности формирования цифровой грамотности.

Abstract

The article considers the relevance of forming digital literacy of future primary school teachers. The purpose of the study is to identify ways to improve digital literacy. Theoretical analysis, surveys, interviews and pedagogical experiments were used as research methods. As a result, recommendations were made to improve the effectiveness of forming digital literacy.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің алдында цифрлық технологияларды тиімді пайдалана алатын, өзгермелі ортаға бейімделген, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау міндеті тұр. Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірге және кәсіби қызметке енуі білім берудің барлық деңгейлерінде цифрлық сауаттылықты қалыптастыру қажеттілігін тудырады. Бұл, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдері үшін маңызды, себебі олар оқушылардың цифрлық әлеммен алғашқы қарым-қатынасын қалыптастырады және олардың цифрлық құзыреттіліктерінің негізін қалайды [1, 13].

Қазіргі таңда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бір жағынан, цифрлық технологиялар білім беру процесіне белсенді енгізіліп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынуда. Екінші жағынан, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктері қазіргі заман талаптарына толық жауап бере алмайды. Бұл жағдай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру қажеттілігін тудырады.

Осыған байланысты, біздің зерттеуіміздің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және негіздеу. Мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет болды:

1. Ғылыми-теориялық әдебиеттерге талдау жасау.
2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылық деңгейін анықтау.
3. Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудағы тиімді және тиімсіз тәсілдерді анықтау.
4. Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Біздің пікірімізше, біліми салалар бойынша қарапайым сауаттылықтың функционалдық сауаттылыққа, яғни компетенцияға және компетенциялардың өмірлік дағдыларға ауысуында ерекше тиімді де бүгінгі күн талабына жауап бере алатын құрал - бұл ҚАТ. Бұл пікірімізді біз қазіргі ақпараттық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерімен, соның ішінде әсіресе, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетіне негізі болып табылатын ақпараттық сауаттылықты қалыптастырудағы ерекше мүмкіндігімен түсіндіре аламыз.

Бүгінгі таңда «сауаттылық» халықаралық деңгейде жаңа тұрғыда «өмірлік дағдылар» ұғымымен байланыстырылып, ол адамның бүкіл өмір бойында қоғамның әрбір мүшесі үшін өмір сүру және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің құралы есебінде қарастырылуда. Ал өмірлік дағдыларды тар мағынада түсіну «компетенция» ұғымына сәйкес келеді, компетенция оқушының жеке біліми салалар бойынша пәндік білім, білік және дағдыларды кіріктіре білу қабілеті болып табылып, ол функционалдық сауаттылықтың мазмұнды негізі болып есептеледі [2, 23].

Егер оқу процесінде тиімді әдістер мен технологиялар қолданылса, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру тиімділігі артады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру процесі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру тиімділігін арттыру жолдары.

Бүгінгі таңда «сауаттылық» халықаралық деңгейде жаңа тұрғыда «өмірлік дағдылар» ұғымымен байланыстырылып, ол адамның бүкіл өмір бойында қоғамның әрбір мүшесі үшін өмір сүру және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің құралы есебінде қарастырылуда. Ал өмірлік дағдыларды тар мағынада түсіну «компетенция» ұғымына сәйкес келеді, компетенция оқушының жеке біліми салалар бойынша пәндік білім, білік және дағдыларды кіріктіре білу қабілеті болып табылып, ол функционалдық сауаттылықтың мазмұнды негізі болып есептеледі.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: теориялық әдебиеттерге талдау, сауалнама, сұхбат жүргізу, педагогикалық эксперимент.

Теориялық негіздер

Цифрлық сауаттылық – бұл ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты табу, бағалау, пайдалану және тарату қабілеті. Бұл құзыреттілік қазіргі заманғы білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады және болашақ мұғалімдер үшін ерекше маңызды.

Зерттеу барысында цифрлық сауаттылықтың келесі құрамдас бөліктері анықталды:

- Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты табу, бағалау және тиімді пайдалану қабілеті.

- Медиа сауаттылық – медиа хабарламаларды талдау, бағалау және жасау қабілеті.

- Коммуникативтік сауаттылық – цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті.

Техникалық сауаттылық – цифрлық құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдалану қабілеті [3, 33].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығына қойылатын талаптар кәсіби стандарттарда және білім беру бағдарламаларында көрсетілген. Мұғалімдер оқу процесінде цифрлық құралдарды тиімді пайдалана білуі, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуі, оқушылармен онлайн қарым-қатынас орнату білуі және цифрлық ортада қауіпсіздікті қамтамасыз етуі қажет.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық негіздері оқыту принциптеріне, әдістеріне және формаларына негізделген. Оқыту процесі саналы, белсенді, жүйелі және қолжетімді болуы керек. Интерактивті әдістер, жобалық әдіс, кейс-стади және басқа да белсенді оқыту әдістері цифрлық сауаттылықты тиімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Эмпирикалық зерттеу

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында сауалнама және сұхбат жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, студенттердің көпшілігі цифрлық құралдарды пайдалану тәжірибесіне ие, бірақ цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және онлайн қарым-қатынас орнату бойынша біліктері жеткіліксіз. Сұхбат барысында студенттер цифрлық сауаттылықты қалыптастырудағы қиындықтарды атап өтті, атап айтқанда, уақыттың жетіспеушілігі, практикалық дағдылардың жоқтығы және цифрлық технологиялар бойынша оқытушылардың біліктілігінің жеткіліксіздігі.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудағы тиімді және тиімсіз тәсілдерді анықтау мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперименттік топта оқыту процесінде белсенді оқыту

әдістері, цифрлық құралдар және онлайн ресурстар қолданылды. Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топтағы студенттер цифрлық сауаттылық деңгейін айтарлықтай арттырды.

Ұсыныстар және талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді:

1. Оқу бағдарламаларына цифрлық технологияларды пайдалануға және цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуге бағытталған практикалық сабақтарды енгізу.

2. Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында цифрлық технологиялар бойынша курстар мен тренингтер ұйымдастыру.

3. Оқу процесінде интерактивті әдістерді, жобалық әдісті және басқа да белсенді оқыту әдістерін қолдану.

4. Студенттердің цифрлық құралдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету және цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету.

5. Оқу процесінде тәжірибе алмасу және өзара оқыту мақсатында студенттердің ынтымақтастығын дамыту.

Алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін арттырудың маңыздылығын көрсетеді. Алайда, зерттеудің шектеулерін ескеру қажет, атап айтқанда, зерттеуге қатысушылар санының аздығы және зерттеудің бір аймақпен шектелуі. Болашақта осы бағытта кең ауқымды зерттеулер жүргізу қажет [4, 17].

Қорыта келгенде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру – қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселесі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Ұсынылған ұсыныстарды практикада қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға және оларды заманауи білім беру процесінде табысты жұмыс істеуге дайындауға ықпал етеді.

Әдебиет

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін критериялды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2012 жылдың 31 тамыздағы №38 шешімімен бекітілді.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан

Республикасы Президентінің №1118 Қаулысы – Астана: Ақорда, 2010 жыл 7 желтоқсан www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319ІІІ, 13.01.2015 жылғы өзгерістер және толықтыруларымен).

4. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.

5. Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру: Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы <http://inform.kz>

6. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.- Егемен Қазақстан.-2007ж.-15 тамыз. Б. 5-8. ҚР МЖМБС 5.04.033-2011 6М010200 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура. – Астана

ӘӨЖ 371.124:373.3:004.087:37.026.9

**«Цифрлық құралдарды қолдану арқылы
бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық
қабілеттерін арттыру»**

Жайшылыкова Р.Е., магистрант,
Ескараева Айгуль Дуйсенғалиевна
ф.ғ.к., аға оқытушы

Резюме

Цифровая грамотность—это готовность и способность человека уверенно, эффективно, критически и безопасно использовать цифровые технологии во всех сферах жизни. Цифровая грамотность—основа безопасности в информационном обществе, важнейшее знание XXI века. Развитию цифровой грамотности уделяется такое же внимание, как и грамотности, математике и естественным наукам.

Abstract

Digital literacy is the readiness and ability of a person to confidently, effectively, critically and safely use digital technologies in all areas of life. Digital literacy is the basis of security in the information society, the most important knowledge of the 21st century. The formation of digital literacy is receiving equal attention as literacy in reading, mathematics and science.

Еліміздің өркениетті, дамыған ел қатарына қосылу үшін бүгінгі ұрпақтың алдында үлкен жауапкершілік тұр. Қазақстан Республикасы XXI ғасырда болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие берудің жаңа парадигмасын қалыптастыру мен енгізуді міндеттеп отыр. Ол – ең алдымен білімді де мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу. Тұңғыш Елбасы Н.

Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Жолдауында да «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» [1] деп айтқан болатын.

Әлемдік білім кеңістігінен орын алуда ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жүргізу, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген, бай, өз елін ерекше сүйетін тұлға қалыптастыру міндеті ең өзекті мәселеге айналып отыр. Мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын, мамандығын дұрыс таңдай алатын, оң шешім қабылдап, дұрыс тұжырым жасай алатын, сыни тұрғыдан ойлай білетін, білімді де мәдениетті тұлға дайындау. Міне, сондықтан да жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үрдісін түбегейлі өзгерте отырып, оқытудың жаңа технологияларын қолданудың тиімді жолдарын қарастырып келеді. Бұл білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың нәтижелі ізденістерін мақсатты түрде ұйымдастыра білуді, оған басшылық жасай отырып, оқушылардың білімді өз ізденісі, белсенділіктерімен ала білулеріне бағыттайды. Ол нәтижесін де беруде.

Білім беру жүйесінде үйреншікті дағдыдан үйлесімді, күрделі сабақтас-тықтарды қамтуға ұмтылатын көп деңгейлі оқу жүйесін қалыптастыру, жаңартылған оқу бағдарламалары мен оқу стандарттарын дайындау, ақпараттық, компьютерлік жабдықтармен жұмыс істеуге көшу қазіргі заман талаптарынан туындап отыр.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы» еліміздің білім жүйесінде реформалық өзгерістер жасау қажеттілігінен туындайтын басты бағыт-бағдарды айқындап берді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017) еліміздің эконо-микасын дамытуды жеделдетуді көздейді. Ол үшін ең алдымен әлемдік стан-дартқа сай ұрпақ білім алып, мамандану керек. Мақсаты – орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау», - делінген [2].

Еліміздің білім жүйесі әлем кеңістігімен ықпалдасуы одан әрі жалғастыруы – объективті әрі стратегиялық қажеттілік. Оны іске асыру жолында Қазақстан жоғары білім саласындағы негізгі халықаралық келісімдерге қосылды. Атап айтқанда, «Еуропа өңірінде жоғары білімге жататын біліктілікті тану туралы келісімге» (Лиссабон Конвенциясына, 1997ж.), Балон Декларациясына қол қойды. Еліміздің Балон процесіне қосылуы (2007) өз ретінде бүкіл әлем жүйесін реформалауды қажет етті. 2012 жылдың III Балон процесіне қатысушы елдер білім министрлерінің конференциясында Қазақстан

2012 жылғы 3 сәуірдегі Бухарест Коммюникесіне қосылып, мектеп тұлғаларының Еуропалық біліктілік шеңберінің 4 - деңгейіне жеткізуге міндеттеме алды.

ҚР Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша аяқталған қазақстандық орта білім 3- біліктілік деңгейіне сай келеді. Осылайша Балон процесін ойдағыдай жалғастырудың да, мемлекетіміздің халықаралық аренада сәтті болуының міндетті шарты орта білім мазмұнын жаңарту болып табылады

Қазіргі кезеңде күнделікті өмірде қолданып жүрген заттарымыз ақпарат-тық кеңістікте «заттар интернеті» дүниесіне айналып барады. Нәтижесінде «цифрлық ақыл» деген термин қалыптасты. Сондай-ақ жылдам, ғаламтормен адамдар да, есептеуіш машиналар қосылуда. Бұл – білім жүйесіне де жоғары талап қою деген сөз. Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында Төртінші өнеркәсіптік революция қарсаңында Қазақстанды үшінші жаңғырту, 2050 жылға қарай елімізді әлемнің дамыған 30 алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарына қосылу мақсатында бес басымдықты ілгерілету және «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында белгіленген мақсат-міндеттерді асыру барысында бүгінгі ұрпақтың руханиятқа бет бұруына ықпал етеді. Саналы, салауатты ұрпақ қалыптастыруға әсер етеді.

Бүгінгі күннің басты талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қабілеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік тәрбиелеу. Сондықтан, үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі мекемелерде осы мәселеге жан –жақты көңіл бөлінуде. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамыту күрделі процесс және өзіндік ерекшеліктері бар.

Кез – келген тапсырма балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалынады. Ойлау қабілеттерін арттырып, соны практикада қолдана алу деңгейіне жеткізу. Логикалық тапсырмалар – балалардың интеллектуалдық қабілетін дамытады. Ойлаудың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі. В.С.Мухина теориясы бойынша өзінің бастамалары жағынан баланың ойлау қабілеті сәбилік шақтың соңында пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты.

Зерттеушілер адамның әрекеті мен өзінің өмірін ұйымдастыруынан көрінетін оның қабілеті мен шығармашылық күші және сол арқылы қоғам дамуының тарихи даму деңгейін айқындауы деп түсіндіреді.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып

табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекет субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен дағдарыс кезеңдерін көруге болады. Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Бастауыш сынып оқушыларында әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Педагогикалық психология тұрғысынан шығармашылық іс-әрекетті зерттеу, соның бір тарауы шығармашылық қабілет мәселесі - аса маңызды сұрақтардың бірі.

Білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім мазмұнын оқыту, интеллект-туалдық мектеп тәжірибесін зерделеу, мұғалімнің мәртебесін көтеру, білім алушыларда интеллектуалдық, әлеуметтік интеллект және рухани- адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, латын әліпбиіне көшу, үш тілді меңгеру мәселелерін күн тәртібіне қойды. Жаңартылған білім бағдарламасының ерекшелігі білім алушы алған білімін өзі өңдеп, қорытындысын өзі дайындауға үйренеді. Сөйтіп шығармашылыққа бет бұрады. Теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтық жойылады. Білім алушы өз бетінше ізденуді үйренеді, дағдыланады. Мұғалім – басқарушы, ұйымдастырушы. Оқушы – ізденуші, орындаушы. Әрбір сабақтың нәтижеге бағытталуы оқушы құзыреттілігін ақылдастырады. Оқыту жүйесі белгілі бір әдістемеге негізделеді.

Осы заманғы кезеңде ол іс жүзіне асуда. Әлемдік білім беру тәжіри-бесінде білім сапасын жетілдірудің жаңа бағыт-бағдарлары нәтижеге бағыт-талған білім беру үлгісі арқылы жүзеге асырылды. Көптеген елдердің білім берудегі ауқымды реформалары, білім берудің заманауи үлгісі тарихи қалыптасқан жағымды дәстүрлер мен ұлттық тәрбиені сақтай отырып, дамиды.

Қорытылай келгенде, болашақ педагогтарды дайындау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы – бұл білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірінен саналады, өйткені қазіргі нарық жағдайында азамат-тардың әлеуметтік жағынан

қорғалуы олардың біліміне, кәсіби біліктілігіне, құзыреттілігі және шеберлігіне байланысты деп тұжырымдаймыз.

Қазіргі заманның талабы да сол. Сондықтан ұстаздар үнемі ізденіп, шығармашылық жұмыс істеп білім деңгейін үнемі жоғарылатып отыруы қажет.

Сонда ғана оқушылар әрбір пәннің мазмұныны жүйелі меңгеріп, олардың пәнге деген қызығушылығы арта түседі, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады.

Әдебиет

1.Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халқына Жолдауы. 17 қаңтар, 2014жыл.

2.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 12 желтоқсан, 2017жыл.

3.Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.- Алматы: 2005жыл. – 520 б.

4.Алтынсарин Таңдамалы шығармалар жинағы -. Алматы: Рауан,1991жыл-200 б.

5.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1997ж.-928 б.

6.СМК материалдары

7.Шаповаленко С. Г. «Учебник в системе средств обучения» (М., Педагогика, 1974ж

8.Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2018 жыл.

ӘОЖ: 373.3 : 37.018.1 : 316.74 : 37

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениет дағдыларын қалыптастырудағы отбасының рөлі

Қараман Ақерке, магистрант,
Ескараева Айгуль Дуйсенғалиевна
ф.ғ.к., аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматривается процесс формирования коммуникативных и культурных навыков у учащихся начальной школы на основе принципов нравственности и гуманизма. Правильно организованные взаимоотношения в семейном педагогическом процессе оказывают большое влияние на формирование установок,

поведения и взаимодействия детей с другими людьми, поскольку дети раннего возраста доверчивы, подражательны и послушны.

Abstract

This article is based on the principles of morality and humanism in the process of forming communication skills of primary school students. Properly organized relationships in the pedagogical process of the family have a great impact on the development of children's attitudes, behavior, and interaction with other people, because young children are gullible, imitative, and obedient.

Ұрпақ тәрбиесі барлық уақытта әр қоғамның өзекті мәселесі болып келеді. Осы жас ұрпақты болашаққа жетелейтін білім мен тәрбие жолы екендігі сөзсіз. Тәрбие мен білім беру – ажырамас ұғым. Тәрбиенің басты құралы – іс пен сөз және екеуі өзара байланысын үзбеуі шарт.

«Баланың құқығы туралы Конвенциясы» 1989 жылы БҰҰ-да, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған. Мұнда «Бала толық және гармониялы дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі тиіс. Сондай-ақ, бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делінген конференцияда әрбір ата-ана және тәрбиеші жеткіншектердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамсыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің мына бағытта: баланың жеке басын. Талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту; адам құқығын құрметтеу, баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени-тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу; баланы еркін қоғамда ынтымақтастық, түсіністік, ұлтаралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау; қоршаған ортаға жанашырлыққа тәрбиелеу жүзеге асырылуы керектігін ұсынады [1, 13].

Ж. Аймауытов «Тәрбие» атты мақаласында (1918) «адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан...» деп алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының орнына ерекше тоқталды. «Баланы бұзуға, яғни түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге», «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді... Ол бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелері мен әке-шешенің ықпалын ашады. Бала мінезін жас шыбыққа теңейді.

Қазіргі заманда оқыту мен тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне ынтымақтастығына, бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-

қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Отбасылық тәрбие, отбасының тұрмысы қазіргі кезде тек қана ата-аналар ісі емес, жалпы мемлекеттік іс екені анық. Әлеуметтану ғылымында «отбасы» ұғымы үш аспектіде қарастырылады:

- адамның әлеуметтік өмірі басталатын және оны әлеуметтендірудің негізгі факторларының бірі болып табылатын алғашқы әлеуметтік топ;

- қоғамда қабылданған ұстанымдар, нормалар, ережелер негізінде өмірдің түрлі жақтарын бақылайтын және қадағалайтын әлеуметтік институт;

- барлық мүшелерінің нақты статустары мен рөлдері анықталған әлеуметтік жүйе [2, 10].

Ең кең мағынады отбасы некеге, туысқандық қатынастарға негізделген және мүшелері жалпы тұрмыс ерекшеліктерімен, өзара моральдық және материалдық жауапкершіліктермен байланысқан ең кіші әлеуметтік топ.

Педагогика ғылымының даму үрдісінде отбасының тәрбие мәселелері нақты теориялық мазмұндармен толықтырылып отырған. К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, П.Ф. Лесгафт, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, Н. Құлжанова тағы басқалары балалардың отбасылық тәрбиесін ұйымдастыруда олардың жас және дербес ерекшеліктерін, анатомиялық-физиологиялық нышандарын, психикалық даму деңгейлерін ескере отырып тәрбиелеу қажеттіліктерін зерттеген.

Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский отбасындағы балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруды, ондағы қарым-қатынастарды қалыптастыру мәселелерін, мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне жағымды әсер жасайтын жалпы жағдайларды қарастырған.

Отбасы мынадай міндеттер атқаратыны баршамызға белгіді:

- балаларға тәрбиелік ықпал әдістерін, салт-дәстүрлерді анықтайтын конструктивтік міндеті;

- балалардың сабақтарын, еңбек іс-әрекеттерін және демалыс тәртіптерін ұйымдастыратын ұйымдастырушылық міндеті;

- ата-аналар арасындағы, ата-аналар мен балалар, балалар арасындағы, жақын туысқандар арасындағы тағы сондай ара-қатынастар нормаларын құрастыратын коммуникативтік міндет [3].

Бастауыш сынып жасындағы балалар қарым-қатынас тәсілдерін, мінез-құлықтарды өз бақылауларына, эмпирикалық тұжырымдарға сүйене отырып отбасындағы барлық қасиеттерді саналарына сіңіре береді.

Бұл жастағы балалар өз бетінше қарым-қатынастың жағымды және жағымсыз жақтарын ажырата алмайды. Қателіктер мен тәжірибелер арқылы бала адамзат қоғамындағы өмір сүрудің қарапайым нормаларын меңгереді.

Сонымен қатар отбасы ұл балалар мен қыз балалар арасындағы қарым-қатынас мәдениет дағдыларын қалыптасыруда, олардың саналарына болашақ ер адам мен әйел адамдардың арасындағы қарым-қатынастары үлкен рөл атқарады.

Көптеген ата-аналар бала тәрбиесіне уақыттарының жетіспеушілігін қазіргі әлеуметтік-экономикалық, нарықтық жағдайларға байланыстырып, өз балаларының адамгершілік мінез-құлықтары үшін жауапкершілікті мектепке ғана жүктегенді қалайды. Осыған орай А.С.Макаренконың ата-аналарға қатысты айтылған нұсқа сөздерін келтіру орынды: «Балалармен сөйлесу кезінде, оларды бір нәрсеге үйрету немесе оған бір нәрсені бұйыру кезінде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар. Сіздер балаларыңызды өз өмірлеріңіздің әрбір сәтінде, тіпті үйде болмасаңыздар да тәрбиелеп тұрасыздар. Сіздер қалай киінесіздер, басқа адамдармен қалай сөйлесесіздер, басқа адамдар туралы не айтасыздар, қалайша қуанасыздар, қалайша қайғырасыздар, достарыңыз бен дұшпандарыңызбен қалай араласасыздар, қалай күлесіздер, қалай газет оқисыздар – осының барлығы балаға үлкен әсер береді». Кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне уақыт жеткіліксіз деп жұмыстың қиындап кетулерінен шаршағандарын себеп етіп тұрса да, адамзат тарихында олардан да көбірек қоғам үшін қызмет ете отырып өз балаларының тәрбиесіне аса көп көңіл бөле алған белгілі қайраткерлер мысалдары қаншама [4, 15].

Отбасындағы үлкендердің өз іс-әрекеттеріндегі бірізділік, моральдық тұрақтылық, адамгершілік нормалары мен талаптарына сай болулары – баланың мінез-құлқының дұрыс бағытта болуының және оны жағымсыз әсерлерден сақтаудың ең нақты кепілі.

Отбасында қарым-қатынастар шын ниетпен, кең пейілмен құрылған болса, онда балалар басқа адамдармен араласу барысында осындай жақсы қасиеттерді сақтауға тырысады. Отбасында өзара көмек көрсету, кішілерге үлгі-өнеге болу, бір-бірін қолдау, үлкендерге сый-құрмет көрсету, бірлесе істеген еңбек нәтижесінде ортақ жетістіктер қуанышына бөлену, бірлесе өткізген демалыс уақыттары – барлығы бастауыш сынып жасындағы балалар жүрегінде ерекше із қалдырады.

Ата-аналар балаларды белсенділікке ынталандырулары, оларды тек бағынышты субъектіге айналдырмай, оның тұлғалық қасиеттерін ескеріп, еркін дамуына, ішкі қабілеттерін ашуға жағдай жасаулары қажет. Педагогикада ата-аналардан балаға тек бала деп қарамай, оны өздерімен тең құқылы қарым-қатынасқа қатысушы деп бағалап, оның идеяларымен, көзқарастарымен, қызығушылықтарымен санасулары талап етіледі.

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастар барысында мынадай ерекшеліктер айқындалады:

- ата-аналардың коммуникативтік мүмкіншіліктері;

- ата-ана және бала арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас сипаттары;

- ата-аналардың қарым-қатынасты шығармашылықпен ұйымдастыры білу қабілеттері;

- балалардың дербес ерекшеліктері.

Ата-аналар үшін қарым-қатынас өнерін меңгерулері балаларды ашық әңгімеге шақыруларына, олардың сырларын, құпияларын сақтай алуларына байланысты болады. Осындай сенімді қарым-қатынастар ата—аналардың өз балаларының ерекшеліктерін дұрыс білуге, оған артқан сеніміне негізделеді. Егерде ата-аналар өз сөздерінде тұрмаса, берген уәделерін орындамаса бала жүрегінде сенімсіздік пайда болады, бала сырын көп ашылып айта беретін болмайды, ал ата-аналар өз абыройларын төмендетеді.

Сонымен отбасында қарым-қатынас мәдениет дағдыларын қалыптастыру төменде көрсетілген балалар мен ата-аналардың бірлескен маңызды іс-әрекеттері негізінде іске асады:

- халық ертегілерін бірлесе оқу;
- балаға ертегі айтқызу, оны тыңдай білу;
- үй тапсырмаларын орындауға көмектесу, қадағалау;
- мұғалім, сынып оқушыларымен тығыз байланыс жасау;
- бірлескен қозғалыс ойындар ұйымдастыру;
- ашық әңгіме-сұхбаттар;
- ата-аналардың жеке үлгі-өнеге көрсету;
- бірлесе өткізген демалыс уақыттары,
- саяхаттар, табиғатта дем алу, серуендеу;
- балалар көркем фильмдерін бірге талдау;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- бірлесе істеген еңбек нәтижесін талдау.

Ойды тұжырымдай келсек, халық кең тараған «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал жоғарыда көтеріліп отырған педагогикалық мәселе өзектілігін айғақтайды.

Қорыта келе, баланың табысты оқуының басты көзі – ата-ана. Бала – біздің болашағымыз. Білімді ұрпақ – ел болашағы. Балаларымыздың табысты болуына кішкене болса да уақытымыз бен көңілімізді бөлейік! Болашағы жарқын, білімді, тәрбиелі, адал және ата-анасы мақтан тұтар азамат тәрбиелеу өз қолымызда екенін ұмытпайық!

Әдебиет

1. Назарбаев Н. Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқаттарының артуы. «Егемен Қазақстан», 11 қазан, 1997 жыл.

2. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1989 жыл.

3. А.С.Макаренко. Лекции о воспитании детей. –М., 1940 жыл.

4. Ю.П.Азаров. Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы. – М., 1993 жыл.

5. Е.П.Арнаутова, В. М. Иванова. Общение с родителями: Зачем? Как? –М., 1981 жыл.

6. В.А. Сухомлинский. Родительская педагогика. Соч. В 3-х т., - Т.3, - М., 1981 жыл.

ӘОЖ 37.031:372

STEAM оқыту үдерісінде ЖИ құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың креативтілік және техникалық ойлау қабілеттерін дамыту

Карл Нұрай, магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы искусственного интеллекта и внедрения технологий STEAM и цифровых технологий.

Abstract

This article discusses the issues of artificial intelligence and the introduction of STAM and digital technologies.

STEAM-білім беру – бұл білім мен дағдыларды қолдана отыра білім алушылардың болашақ мансапты таңдауға маңызды дағдыларын дамытумен байланысты оқыту нәтижелеріне бағдарланған контекстік жобаларға немесе міндеттерге интеграцияланған эксперименттік оқыту педагогикасы.

Заманауи технологиялар күрделі ғылымдарды зерттеудің жаңа көкжиектерін аша отырып, білім беру процесіне белсенді түрде енуде. Осындай инновациялардың бірі-оқытушылар мен студенттер үшін қуатты құралға айналатын жасанды интеллект. Біз ЖИ-ді қолданудың негізгі аспектілерін, сондай-ақ оқушыларды оқытуда цифрлық технологияларды, оның артықшылықтары мен жастар үшін перспективаларын қарастырайық. Оқытуға жекелендірілген тәсіл ЖИ әр оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектке негізделген бағдарламалар оқушының білім деңгейін талдайды және олардың қазіргі дағдыларына сәйкес тапсырмаларды ұсынады. Мысалы, платформа қиындық тудыратын тақырыптар бойынша қосымша материалдар бере алады немесе оқушы жетістікке жеткен тақырыптарды тездете алады [1].

Қазақстанда да STEAM білім беру белсенді дами бастады. Жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған жаңа білім беру саясатын іске асыру үшін STEAM элементтерін оқу бағдарламаларына енгізу

жоспарланды, 2016-2017 оқу жылынан бастап барлық мектептерді АКТ-мен, цифрлық білім беру ресурстарымен, интернет желісіне қолжетімділікпен жарақтандыруды бастау жоспарланып, ережеге сай бәрі орындалды, 2019 жылы жоғары сыныптарда жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер ағылшын тілінде оқытылды. Мектептерде, білім беру орындарында Stem кабинеттер ашыла бастады, робототехникадан олимпиадалар ұйымдастырылды, 2016 жылдан бастап, мұғалімдер арасында да Stem жобалар ұйымдастырыла бастады. Елімізде балабақшадан жоғары оқу орнына дейін және одан әрі жұмыс орнына дейін STEAM – үдерістердің жүйелі тізбегі құрылды. Қазақстанда оқушыларға арналған жобалау зертханалары қағидаты бойынша жұмыс істейтін STEM – клубтары құрылды. Мұндай орталықтар практикалық зерттеулер ұйымдастырады және нақты ғылымдарды зерттеуге қызығушылықты арттырады. Қазақстан мектептерінде Еуразиялық топтың қолдауымен 10 STEAM–зертханасы ашылды. ERG кәсіпорындары орналасқан қалаларда–Астана, Ақтөбе, Павлодар, Ақсу, Хромтау, Лисаков, Рудный және Екібастұзда жоғары сынып оқушылары инженерия, робототехника, 3D–модельдеу және бағдарламалау негіздерін меңгеру мүмкіндігіне ие болды [2,3].

STEAM білімі оны білім беру ортасындабарлық кезеңдерінде қолдануға болатындығын көрсетеді. Сондай-ақ бейіндік оқытуды ұйымдастыруды қамтиды. STEAM-тәсілдегі бейіндік оқыту пәндік оқытудан өмірдің әртүрлі салаларынан (өндіріс, қызмет көрсету саласы, медицина және т.б.) нақты қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған жобалық оқытуға көшумен ерекшеленеді. Жобаны зерттеу әдісі кеңінен қолданылады, жобаны іске асыру және қорғау жолдары жеке немесе командалық түрде қарастырылады. STEM-білім берудің жоғарыда келтірілген анықтамасы мен мәнінен STEM-білім беру іс-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдердің тұжырымдамалық идеяларын тиімді іске асыруға ықпал ететіндігін көруге болады.

Негізінен құзыреттілік тәсіл және STEAM формациясы бұл екі тәсіл тұжырымдамалық тұрғыдан өзара байланысты және өзара байланысты. STEM тәсілі білім беру жүйесінің инженерлік-технологиялық трендінің талаптары, яғни осы саланы дамытудың жаңа парадигмасының инновациялық құрамдас бөлігі контекстіндегі тұлғалық-белсенділік және құзыреттілік тәсілдердің интеграцияланған форматын кеңейту және өзгерту болып табылады [4]. Тұлғалық-белсенділік және құзыреттілік тәсілдердің инновациялық әлеуетін біріктіретін және кеңейтетін STEAM-тәсілге негізделген білім берудің жаңа әдістемесі мектеп білімінің мазмұндық-әдістемелік негіздерін трансформациялауды көздейді.

Оқыту процесінде бейнелеу және модельдеу. Цифрлық технологиялар оқытуды қызықты әрі көрнекі ететін интерактивті модельдер мен модельдеулерді жасауға көмектеседі. Мектеп

оқушылары үшін мұндай бағдарламалар нақты ғылыми зерттеулерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, олардың ақпаратты талдау және түсіндіру қабілетін арттырады, бұл оларды академиялық және кәсіби ортада бәсекеге қабілетті етеді [5].

Жасанды интеллект және STEM технологияларының зерттеу материалдарын талдау мазмұнды іріктеудің классикалық принциптерімен қатар білім беру мазмұны теориясына оларды іріктеудің келесі принциптерін енгізу қажет екенін көрсетті:

- білім беру мазмұнын (оқытуды ұйымдастыру) таңдау кезінде АКТ-ның дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алуды және оларды қолданудың педагогикалық мақсаттарын негізді айқындауды көздейтін білім беруді цифрландыру қағидаты;

- мазмұнның білім алушының "өзекті" және "жақын" даму аймақтарын қамти отырып, оқу мақсаттарының таксономиясының барлық деңгейлерінің талаптарына сәйкестігі қағидаты. Білім берудің қазіргі мазмұны Б.Блумның "білімнен" "жасампаздыққа" дейінгі оқу мақсаттарының иерархиясының барлық спектрін, "шәкірттіктен" "шығармашылыққа" дейінгі меңгеру деңгейлерін, "репродуктивтіліктен" "өнімділікке" дейінгі танымдық іс-әрекеттің иерархиясын, Л. С. Выготский бойынша даму аймақтарының барлық спектрін қамтуы керек [6,8б].

- оқу материалының практикалық маңыздылығы мен өмірмен байланысының аспектілерін күшейтуді, оқу пәндерінің қолданбалы мазмұнын қалыптастыруды, білім беру мазмұнының ойын-сауық принципін көздейтін практикалық және қолданбалы бағыт;

- білім алушының белсенді өнімді қызметін және оқу процесінде мұғалім мен оқушылардың субъективті көзқарасын білдіретін білім беру мазмұнының субъективтілік принципі;

- білім беру мазмұнының ЖИ және STEAM - білім беру бейіндік оқыту, Maker spіce көпфункционалды зертханаларында, шеберханаларында және аймақтарында жобалау жұмыстарының талаптарына сәйкестігі;

- жобалау және оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін қолданбалы-практикалық маңызы бар жаратылыстану-математикалық цикл (ЖМО) пәндерінің интеграцияланған мазмұнын таңдау принципі, робототехникалық жүйелердің дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алу;

- мазмұнның инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігі принципі ;

Осылайша, білім беру мазмұнының теориясын тұлғалық-белсенділік және құзыреттілік тәсілдерге түрлендіру орта білім берудің мазмұнын қазіргі қоғамның сұраныстарына және оқыту сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеудің талаптарына сәйкес келтіреді.

Қазіргі заманғы білім алушылардың жаңа технологияларды басшылыққа алуы, құзыреттіліктің кең спектрін меңгеруі, өз бетінше шешім қабылдауы, туындайтын проблемаларды шешуде шығармашылықпен қарауы тиіс. Білім алушылар аталған барлық қасиеттердің болуына зерттеу дағдыларын қалыптастыру кезінде ғана кепілдік беруге болады. Алайда, бұл дағдыларды қазіргі әлемнің талаптарын және жеделдетілген техникалық прогресті ескере отырып қалыптастыру қажет. Білім берудің жаңа парадигмасын іске асырудың перспективалық нысандарының бірі, сөзсіз, оқушыларды зерттеу қызметіне қосу болып табылады. Бұл қызметтің мақсаты - студенттердің шындықты игерудің әмбебап әдісі ретінде зерттеушінің функционалдық дағдыларын игеру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту, білім беру процесінің субъектісі болу. Алайда, педагогикалық және психологиялық салада зерттеле отырып, зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі қазіргі әлемнің прогрессивті дамуын жеткілікті түрде ескермейтінін атап өткен жөн. Көптеген зерттеулер сапаны жақсартуға қабілетті инновациялық әзірлемелерді қарастырмайды білім алушының білімі. Бірі соңғы уақыттағы педагогикадағы инновациялар танымал бола бастаған STEAM жіне ЖИ білім беру құбылысы деп санауға болады. Бірқатар елдер инженерлік білім берудің маңыздылығын, сондай-ақ техникалық пәндер бойынша оқушыларды даярлау сапасын арттыруда оң нәтижелерге қол жеткізе отырып, білім беру мекемелеріне STEAM, ЖИ идеяларын енгізуде. Зерттеудің өзектілігі зерттеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін, формаларын, әдістерін, технологияларын жаңғырту қажеттілігі мен бастауыш білім берудің дәстүрлі модельдерінің басым болуы арасындағы қайшылықтың болуымен расталады.

Steam және жасанды интелект технологиялары қоғамның болашақ мамандарға деген қажеттілігінен тұрады, инновациялық технологиялар саласында жұмыс істеуге дайын. Осы қызмет түріндегі адамдардан сыни тұрғыдан ойлау, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табу мүмкіндігі қажет, прогресстің одан әрі жүруі үшін өмір саласының жаңа бағыттарын құру. Мектеп қабырғасындағы оқушылардың сыни негіздерге үйрету ойлау, зерттеу қызметін жүргізу қабілеті, болашақ құнды кадрларды тәрбиелеуге болады. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл оқушылардың оқытуын қамтиды, қоршаған орта жағдайларына бейімделуін қамтамасыз етеді.

Әдебиет

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2018.16.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) 4 тарау 14 бап.

2. Әбиева Ф.Б. Педагогика мәселелері: Ғылыми-теориялық журнал. - Алматы, 2022. - 21б.

3.Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2022ж. 16 наурыз.

4. Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдісі. - Алматы, 2000. - 12-136.

5 Усманов Ә.Ә., Сарсенбаева М.Б. Педагогика дәрістер жинағы.- Алматы, 2005. - 63б.

6.«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту процесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 280 б.

ӘОЖ 373.3 : 372. 46

Мәтін арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту

Кенжебай Г.О., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются пути развития речевой деятельности младших школьников через текст. Одной из основных целей обучения родному языку в начальной школе является формирование у учащихся словарного запаса, устной и письменной речи, культуры речи. Поэтому в настоящее время учителя начальной школы уделяют большое внимание тому, чтобы учащиеся, пополняя словарный запас и используя те слова, которые они выучили, четко выразили свою точку зрения.

Abstract

This article examines the ways of developing the speech activity of younger schoolchildren through text. One of the main goals of teaching a native language in primary school is the formation of vocabulary, oral and written speech, and speech culture among students. Therefore, primary school teachers are currently paying great attention to ensuring that students clearly express their point of view by adding vocabulary and using the words they have learned.

Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйреген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Осыған орай, өз сабақтарымызда оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары

деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударып отырамыз.

Сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының сөйлеген сөздерінде жиі кездесетін кемшіліктерге көңіл бөлсек, баланың сабақ үстінде айтайын деген ойын анық жеткізе алмауы, яғни мәтінге байланысты мазмұнын айтуда бір деректі айтып бітпей жатып басқасына ауысып кетуі немесе керексіз сөзді орынсыз қолдануы (мысалы: жаңағы, сосын, яғни, сөйтіп, т.б.) сияқты ауызша сөйлеу тіліндегі қатерлерді көптеп кездестіреміз [1].

Байқалған кемшіліктерді ескере отырып оқушыны ойлауы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдарындағы ізденістерімізді оның тілі неғұрлым түсінікті, жинақы, нақты болғанын талап етіп, өз ойын дәл айтуын қадағалап отырамыз. Баланың оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында кез-келген тапсырманы берер кезде:

Біріншіден, оның бала ұғымына сәйкес, түсінікті болуын ескереміз. Себебі, «баланың түсінбей қалған сөзі топастықтың бастамасы» деген нақыл сөз бар. Мысалы: калькуляторда бір сан қате болса, сол санмен орындалған есептеу нәтижесі де қате болып шығады. Міне, тап осы сияқты оқушының түсінбеген сөзге қате мағына немесе балама тауып, нәтижесінде сөйлемді қате түсінуі жиі кездеседі. (Мысалы: Ағашты аралау - сөздің кесу деген мағынасын, көшені аралау - жүру деген мағынамен шатастырады).

Екіншіден, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлеміз.

Үшіншіден, қандай да болсын берілген тапсырма бала бір қызығушылығын оятатындай деңгейде бөлу керектігін түсінеміз. Егер бала бір нәрсеге қызықса, онда оның табиғатына тән білсем, білгенімді айтсам деген сөйлеуге деген талпынсты күшейте түседі де, сөйлеуге деген қажеттілік туады. Логикалық мағынасын бұзбай мәтін құрастыруды үйрету жолын қарастырамыз. Себебі, мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады.

Тіл дамыту сабақтарында (3 сынып) мәтінмен жұмыс кезінде мынадай тапсырмалардың пайдаланамыз [2].

1 -тапсырма. Қате құрылған мәтінді сөйлемдерді орын-орынына қойып, логикалық жүйелікті сақтап қайта құрастыру. Мысалы: Тышқан не айтарын білмейді де, жылды кім көрсе сол жыл басы болсын деп бір қулық ойлап табады. Ерте заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты. Өзі түйенің үстіне шығып, өркешіне мініп отырып алыпты. Сонансоңтышқанжылдыбәріненбұрынкөріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Бұл жерде балаларға әдейі жеті таныс ертегі беріліп отыр. Мұның себебі, оларға ертегінің қалай басталып, қандай

оқиға болатынын, оның немен аяқталатынын білетіндіктен, сөйлемдерді орын-орнына қойып, жүйелі түрде айтып беру жеңіл.

2-тапсырма. Аяқталмаған мәтінді, логикалық ойды бұзбай жалғастырып айту. Мысалы: қоңырау соғылып, балалар үзіліске шықты. Келесі сабақ математика болатын. Мұғалім үйге қиын тапсырма берген еді. Мұраттан басқа ешкім қалған жоқ. Ол Айдостың отырған партасына барып, сөмкесін ақтара бастады. Оқиғаны әр бала бірін-бірі қайталамауға тырысып, өз ойымен аяқтаған дұрыс. Өз ойынан ертегі құрастырып айту. Ертегіні қалай бастап, немен аяқтар едің? Ол биік ағашты таңдайды да, балтасын сермейді. Ағаш қуысынан бір алтын құс шыға келеді. Құс адамша тіл қатады.

Ертегі құрастырып айту алғашқыда қиындық келтіретіндей болса, тірек сөздер беруге болады. (шал мен кемпір, үш тілек, бәз-баяғы қалпына түсіру).

4-тапсырма. Негізгі бөлімі жоқ ертегі мәтінін мазмұнына сәйкестендіріп оқиға ойлап жазу. Бір шалдың ағайынды үш баласы болыпты. Олар ылғи да болмашы нәрсеге керісіп, төбелесіп қала береді екен. Бірде үшеуі ауыл шетіндегі орманға жиде теруге барады. Қайтар кезде басқа жолға түсіп кетеді де, ауылдарынан адасып қалады. Осыдан кейін үш ұлы бірін-бірі сыйлап, тату-тәтті өмір сүріпті.

5-тапсырма. Мазмұнын айту. Мәтіннің негізгі идеясын табу. (екі түрлі вариант беріледі қайсысы тақырып, қайсысы негізгі ойды білдіреді?)

1. Кішкентай құмырсқалар.

2. Құмырсқа илеуін бұзба.

Мысалы: Құмырсқа ұйымдаса, жабыла жұмыс істейтін жәндік. Құмырсқалар кішкентай болғанымен өте ұйымшыл болып келеді. Орманда жүріп адасып кетсеңіз, құмырсқаның илеуіне қарап, бағыт-бағдарды анықтап алуға болатын көрінеді. Өйткені құмырсқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Олар өлген шыбын-шіркейді, басқа да зияндарды жеп, қоршаған ортаны тазартып, табиғатқа көп пайда келтіреді. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспағаны дұрыс. Қайта оларды қорғау сауап болады.

7-тапсырма. Берілген мәтіннің түрін анықтап, оны толықтыру.

Мысалы: Хабарландыру.

Менің өте әдемі, ақылды итім жоғалды. Тапқан адам болса, мына телефонға хабарласыңыз. 97-12-17.

Қалай ойлайсыңдар, иесі жоғалған итті осы хабарландыру арқылы таба ала ма? Бұл хабарландыруда тағы нені айту керек еді?

Тұқымы, иттің түр-түсі, т.с.с сипаттау керек.

Сөздік қорды бастауыш сыныптарда дамыту ерекшеліктері

Сөздік жұмыс оқушының тілін байыту жолдарының бірі екені белгілі. Сөздік жұмысы оқушының жаңа сөздер үйренуден бұрын білетін немесе түінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы

зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сондықтан да кез-келген сабақта сөзбен жүргізілетін жұмысты әрқалай түрлендіруге болады. Сөзге қатысты түрлі ойындар, сөзжұмбақтар, басқатырмалар беріледі. Бұл жұмыстар баланы, бір жағынан, ойлануға жетелесе, екінші жағынан, қызығушылығын оятып, шығармашылық белсенділікке ынталандырады [3].

Тілдің негізгі элементі - сөздік қор. Ал сөздік қор дегеніміз - тілдің құрамының ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы.

Тілдің негізгі сөздік қоры - тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа, туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі.

Ғалымдардың сөздік қор ұғымына берген анықтамалары өте ұқсас. Қазақ тілі- ғасырлар бойы дамып жетілген, қолдану аясы кең, бай тілдердің бірі. Біздің ана тіліміз, қасиетті қазақ тілі -өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен ақтарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды да сұлу тіл. Ресей ғалымдарының «Қазақтың жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады» (Радлов), «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, бейнелі тіл - қазақ тілі» (Мавлов) деп, айтқыш та айшықтылығын, сұлу да сұңғылалығын есімізден шығармауға тиіспіз.

Ендеше біз қазақ тілінің байлығын, көркемдігі мен бейнелігін жас ұрпаққа таныта отырып, сөзге тапқыр, сөздік қоры мол, тіл байлығы жетілген етіп тәрбиелеуде әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын оқу-тәрбие ретінде қолдану туралы сөз етпекпіз.

Бала тілінің дамып қалыптасуы жоғарғы жүйке жүйесінің тығыз байланысты. Баланың айналасындағы өмірді танып, білімдегі басты жәрдемшісі - тіл. Ал тілдің дамуы оның сана-сезімінің, ой-өрісінің, басқа да психологиялық үрдістің жетіле түсуіне негіз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байытуда сөздерді үйретудегі ұстанымдары:

-сөздің оқушылардың күнделікті өмірмен байланыстылығын ескеру;

-үйретілетін сөздердің жеңілділігі;

-бастауыш сынып оқушыларының ұғымына сөз мағынасының сай келуі;

-сөздерді оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алу;

-сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ескеру;

-сөздердің тәрбиелік, ізгілік ұғымға сәйкестілігін есепке алу және т.б.

Қорыта айтқанда, оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі - оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбашасөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп, сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Осыған орай, өз сабақтарымызды оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Мәтін туралы білім беру мына жүйеде болуы қажет деп санаймыз. Атап айтқанда, тіл білімінде: сөз сөздің тіркеске түсуі, тіркес, тіркестен сөйлем жасалатындығы, қайырым, қайырымнан мәтін құралатындығы. Жазушы мәтіннің негізгі бөлімінде жоғарыдағы келтірілген сөйлемдерді пайдалана отырып, субъект пен предикаттың қатынасы баяндайды, хабарлайды, суреттейді. Бұл әрекеттің арқасында адам түрлі-түрлі пікірлерді салыстыра, талдай отырып жеке не жалпы ой қорытындысына келеді.

Әдебиет

1. Бұқабаева Б. Алғашқы сөйлеу әрекеті және оның қалыптасу ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі, 2006, №1, 55б.

2. Уәйісова Г.И., Жұмабаева Ә.Е., Балақаев М.Б. Қазақ тілі. Алматы «Атамұра» баспасы, 2003, 20б.

3. Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. П.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған дисс.жұмысы, автореферат, Алматы, 2009, 11б.

ӘӨЖ 371.398

Қазіргі бастауыш мектепте оқытудың өзекті мәселелері

Сақтанова Н.Е.,
Қызылорда Болашақ
университетінің магистранты

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы современного начального образования.

Abstract

The article examines current issues of modern primary education.

Қазіргі білім беру жүйесінің алдына қойып отырған мақсаты келешекте бәсекеге қабілетті жақсы маман даярлау болса, оның негізі мектепке тірелетіні, оның ішінде бастауыш мектеп мұғалімінің жұмысымен байланысты екені анық.

Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте оқытудың тиімділігі мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр және осыған байланысты өзекті мәселелерді шешу қазіргі мұғалімнің императивті міндетіне айналып отыр. Бастауыш сынып оқушыларының бойында білім алу мен өзіне қызмет жасай алу қабілетін қалыптастыру, оқу үдерісінде мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру мұғалімнің міндетіне кіреді. Сондықтан қазіргі бастауыш мектептерде тиімді оқытуды ұйымдастыру мәселелеріне баса назар аудару өте маңызды.

Бұл нәтижелерге қол жеткізу үшін бастауыш сынып мұғалімі ізденімпаз, өз кәсібін сүйетін, сабағын түрлендіре өтетін, педагогикалық әдістерді меңгерген, әрдайым өзін рухани, кәсіби дамытып отыратын шығармашыл тұлға болуы керек. Сонымен қатар мұғалім жұмысын жүйелі жүргізіп, педагогикада болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алса, оқушылармен де тіл табысып, іскер шебер маман иесі болары сөзсіз.

Оқу үдерісіне әдістемелік инновацияларды енгізу арқылы жоғарыда айтқандай, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға болады. Мұғалім педагогикада бар инновациялық технологияларды реттеп, жүйелеп, сұраптау арқылы өзіне қажетін алып, өз тарапынан идеялар қосып, өзін-өзі дамытады. Сол арқылы оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық шабытын оятып, білім сапасын арттырады [1, 33 б.].

Сабақта берілген материалдарды игерту мақсатында оқытудың белсенді әдістерін пайдаланған жөн. Себебі жаңаша білім беру жүйесінде оқыту оқушылардың білімді өз бетінше меңгеруіне ықпал етеді. Сабақта оқытудың белсенді әдістерін пайдалану оқушыларға жаңа білім берумен шектелмейді, сонымен олардың танымдық қызығушылығы мен бойларындағы қабілетінің шығармашылық ойлауларының дамуына әсер етеді.

Білімді меңгеру оқушының оқытудағы мақсатты түсінуіне байланысты. Яғни, оқу мақсатын түсінген оқушы сол тақырыпқа сай берілген тапырманы өздігінен орындай алады. Мұғалім бұл жолда оқушыларға тапсырманы беруде дұрыс нұсқау бере алуы керек. Яғни, ерекше назар аударылу қажет мәселелерді оқушы жіберіп алмайтындай болу керек.

Белсенді оқыту әдістерін таңдауда туындайтын мәселелер қатарына сыныптағы оқушылардың қабілеттері мен білім деңгейлерінің әртүрлі болатыны да жатады. Мектепте қолданылатын белсенді оқыту әдістерге дәстүрлі сабақты басқаша әдіспен бастау, мәселе тударытын сұрақтар қойып, оны шешу, қорытынды шығару жолын ұйымдастыру, интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану жатады. Белсенді оқыту нәтижесінде оқушы өзінің ой-пікірін жалтармай айтуға, басқа адамның айтқан пікіріне құрметпен қарауға үйренеді.

Бірлесіп оқу технологиясы арқылы оқушыларды өз беттерінше идеяларын ұсынуға, жаңа мүмкіндіктерді қолдануға бағыттап отырады. Белсенді оқудың тиімділігі білім алу үрдісінде оқушының жеке көзқарасы мен басқалардың пікірімен санаса білу мәдениеті қалыптасады. Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу барысындағы негізгі мақсаты – қиын тапсырмаларды орындауда, топтық жұмыстарда, ортақ тіл табысу кезінде, өзін-өзі басқара білуде қажет болатын дағдыларды қалыптастыру.

Білім беру мазмұнын жаңарту қажеттігі еліміздегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты қазақстандық білім беру саласында қалыптасқан ахуалдан туындап отыр. Бұл ретте біз педагогикалық әрекеттегі мұғалімнің шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындау біліктілігін қалыптасу қажеттілігі мен педагогика ғылымында шығармашылық жұмыстарын өздігінше орындауды қамтамасыз ететін қабілетін арттыруымыз қажет. Сондықтан баланың табиғи бейімділігін дамытып, тұрақты, әлеуметтік құнды шығармашылық қабілетке айналдырудың, осы әрекетке педагогикалық басшылық етудің маңызы зор. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жеке қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұштау, тұлғалыққа бағыттау [2, 43 б.].

Мұғалімдер оқу әрекетін оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-ойлау қабілеттерін жетілдіру табиғатын терең білуі тиіс. Оқу әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу әрекетін қалыптастыру барысында тұлғалық қасиеттер – мақсаттылық, ұйымшылдық, жауапкершілік, табандылық, т.б қалыптасады.

Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуы мен қызығушылығын ескеріп, мүмкіндіктерін ашу. Екіншіден, оқыту үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі – жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Бұрынғы әдіске арналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ал қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділігі көрсетілуі тиіс. Ол өздігінен оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы: әрбір оқушылардың жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды. Керісінше, дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз.

Қазіргі оқу үрдісінде түрлі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор.

Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады [3, 26 б.].

Уақыт талабына сай оқушылардың қабілетін дамыту үшін оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн деп есептейміз. Шығармашылық тұлға, яғни жас дарын жасының ерекшелігіне, қызығуына қарамастан өзгелерден даралылығымен, табандылығымен, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне деген сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді. Сол себепті де жоғары оқу орнында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қалыптастырудың мәні өте зор.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Қорыта келе, қазақ елінің келешегін айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол - бүгінгі ұрпақ. Сондықтан қазіргі жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып, рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнату болашағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген тәрбие мәселесін біріншіге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қосу - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі.

Әдебиет

1.Б.А. Тұрғанбекова. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005

2.Б.Тұрғынбаева. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. – Алматы, 1999 ж

3.С.Көшімбетова. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2008.

**Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу іс-әрекетін
ұйымдастыру**

Абдукадирова С.Р.
Қызылорда «Болашақ»
университетінің магистранты

Резюме

В данной статье рассматриваются способы организации учебной деятельности учащихся в начальной школе.

Abstract

In this article, methods of organizing educational activities of students in primary school are discussed.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Бастауыш білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау, - дейді [1].

Бастауыш мектептің ерекшелігі - балалар жаңа ғана білім алу жолын бастайды, сондықтан оларға көмектесу және одан әрі сәтті оқуға деген тұрақты уәжді дамыту өте маңызды.

Оқытуды ұйымдастыру формалары дегеніміз не?

Оқыту үдерісі - оқыту актілерінің педагогикалық негізделген, дәйекті, үздіксіз өзгеруі, оның барысында тұлғаны дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі. Оқыту үдерісінде оның субъектілері – мұғалім мен оқушы өзара байланысты іс-шараларға қатысады. Оқытуды жүзеге асыру білім беруді және педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың түрлі формаларын шебер қолдануды талап етеді.

Қазіргі дидактикада парадоксалды жағдай қалыптасты. Зерттеушілер: В.К. Дьяченко, И. М. Чередов және т. б. дидактика саласындағы мамандардың да оқу жұмысын ұйымдастырудың қандай формасы екенін және оның оқыту әдісінен қалай ерекшеленетінін айту қиын екенін айтады. Дәстүрлі дидактикада форма мазмұннан алшақтап кетті, өйткені ол білім мазмұнына қатысты сыртқы белгілермен анықталады[2].

Оқушылардың білім мазмұнын игеру іс-әрекеттері әрқилы формада жүзеге асып барады. Латын сөзі «форма» тысқы бейне, сырттай көрініс, қандай да нәрсенің құрылымы дегенді аңдатады. Оқуға байланысты форма екі мағынада қолданылады:

- 1) оқу формасы;
- 2) оқу-ұйымдастыру формасы.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде келесідей оқу формалары қалыптасқан: жеке-дара, топтық, толық сыныптық, ұжымдық,

жұптастық, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сыныптық және сыныптан тыс, мектептік және мектептен тыс, әлбетте, мұндай топтастырудың жетілген ғылыми негіздемесі әзірге болмай тұр. Дегенмен, осы тұрғыдан оқу формаларының көптүрлілігін біршама ретке келтіру мүмкін [3].

Жеке-дара оқу формасы мұғалімнің бір оқушымен педагогикалық қатынасқа келуінен құралады.

Оқудың топтық формасында оқушылар әрқилы мүдде-мақсатқа орайласқан топтарда оқиды, тәрбиеленеді. Толық сыныппен жұмыс формасы оқуда мұғалім бір мезетте барша оқушылармен, біркелкі тапсырма, міндет белгілеп, сынып қатысушыларының бәріне ортақ іс-әрекеттер төңірегінде бірқалыпты оқу жұмыстарын алып барады.

Оқудың ұжымдық формасы. Бұл оқу түрінің фронталь оқу формасынан өзгешелігі: сынып оқушылары өздеріне тән ара қатынас, өзара ықпал жасау ерекшеліктерін сақтаумен біртұтас, мақсат-мүддесі ортақ, біртекті жұмыс бағытында бірігіп, бекіген ұжым ретінде қарастырылады.

Жұптасып оқуда негізгі өзара байланысты оқу әрекеттері екі оқушының қатысуымен орындалады. Дәрісханалық және дәрісханадан тыс, сыныптық және сыныптан тыс, мектеп ішілік және мектептен тыс оқу жұмыстары өздерінің өткізілетін орындарымен белгіленеді.

Оқу ұйымдастыру формасы – бұл оқу процесінің жекеленген бөлігінің құрылымы, дәрістің белгілі бір түрі (сабақ, дәрісбаян, семинар, саяхат, факультатив дәріс, емтихан, сынақ және т.б.) Оқудың ұйымдастырылу формалары әрқилы негіздемелерге байланысты қарастырылуы мүмкін.

1. Оқу процесінде басым болған мақсатқа орай:

- кіріспе сабақ;
- білімді тереңдете оқыту дәрісі;
- практикалық сабақ;
- білімді жүйелестіру және қорытындылау сабағы;
- білім, ептілік және дағдыларды бақылау, тексеру сабағы;

аралас сабақ формалары.

2. Дидактикалық мақсаттарға орай: теориялық, практикалық, еңбектік, аралас сабақтар формалары;

Жеке-дара өтілетін дәріс түрлері: репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық, отбасылық оқу, өзіндік оқу.

Ұжымды-топтық сабақ түрлері өз ішіне дәрісбаян, семинар, конференция, олимпиада, оқу саяхаттары және іскерлік ойындарды қамтиды.

Даралықты-ұжымды дәрістер-пән, тақырып жұмыстарына толық шомдыру, шығармашылдық апталары, ғылыми апталар, жоба (курстық, диплом) жұмыстары.

Оқу формаларының қалыптасуы мен жетіліп баруы. Оқу формалары қозғалысты, қоғам, өндіріс, ғылымның даму деңгейіне

тәуелді пайда болады, өрістейді, бірі бірімен ауысып отырады. Әлемдік білім тәжірибесі тарихында әрқилы оқу жүйелері қалыптасып, олардың әрқайсысы өзіне ыңғайлы оқу формаларына сәйкес қолданылған. Алғашқы адамзаттық қауымның өзінде-ақ тәжірибені бір адамнан екіншіге, ересектен жас әулет өкіліне өткізу мақсатында жеке-дара оқыту жүйесі іске асырылды. Бірақ мұндай жолмен көп санды оқушы қамту мүмкін болмады. Қоғамның бұдан былайғы дамуы сауатты адамдардың көп болғанын қажет етті. Осыдан жеке-дара оқыту басқаша ұйымдастыру формаларымен ауыса бастады. Дегенмен, жеке-дара оқыту өз маңызын осы күнге дейін жоғалтпастан, репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық оқу формаларында қолданым табуда.

Репетиторлық, әдетте, оқушыны емтихан және сынақ тапсыруға дайындаумен байланысты. Тьюторлық пен менторлық шет елдерде кең тараған жеке-дара оқыту формасы. Оқушының білім жолындағы іс-әрекетінің өнімділігін арттыруда өте пайдалы. Ментор немесе ұстаз-оқушы кеңесшісі, оқылып жатқан пән мазмұнына даралық сипат береді, тапсырмалар орындауға жәрдемдеседі, тұрмысқа бейімделуге көмек көрсетеді.

Тьютор-оқушыға ғылыми жетекшілік жасап, оны конференцияларға, ғылыми іс-шараларға дайындайды. Соңғы кездерде отбасылық оқу-тәрбие формасы - гувернерлық қайта жаңғыруда. Ғылыми білімдердің дамуы мен білім аймағына көпшілік қауымның тартылуымен жеке-дара оқыту жүйесі даралықты-топтық оқыту формасымен ауысуда. Мұндай оқытуда мұғалім балалардың бүтін бір тобымен оқу жұмысын алып барады, бірақ дәріс жеке оқушымен жұмыс сипатын жоймайды. Мұғалім дайындығы әр деңгейлі, әр жастағы 10-15 баламен шұғылданады. Ол кезегімен әр оқушыдан өтілген материалды сұрастырып, әрқайсысына жаңа оқу материалын жеке түсіндіріп, дара тапсырмалар беріп отырады. Балалардың бәрі бірдей, мұғалім пайымдауынша, дәріске байланысты ғылым негізін, кәсіп не өнерге тиесілі материалды меңгергенше аталған оқу жұмыстары қайталанатын [4].

Оқу процесін ұйымдастыру формаларының түрлі классификациясы бар. Жалпы жіктеулерді В.К. Дьяченко және И. М. Чередов жасаған, олар оқу қарым-қатынасының құрылымына негізделген. И.М.Чередов бойынша оқушылардың оқу жұмысының жалпы түрлері [2]:

1.Жалпы: Мұғалімнің қатаң бақылауымен бір тапсырмамен жұмыс жасау кезінде бүкіл сыныптың оқу қызметін басқару.

Топтық: Мұғалімнің қатаң бақылауымен өзін-өзі басқару қағидаттары

бойынша шағын топтардағы ынтымақтастық: бригадалық; кооперациялық-топтық; сараланған-топтық.

Жеке: мақсаткерлік, жұмысқа қабілеттілік, қызығушылық, бейімділік дәрежесін ескере отырып, оқушының бастамасының максималды көрінісі кезіндегі өзіндік келбеті: дараланған; дараланған-топтық [2].

П.В.К.Дьяченко бойынша оқушылардың оқу жұмысының жалпы түрлері[11]:

Жеке: басқа адамдармен байланыссыз жеке оқу жұмысы:оқушы-дәптер; оқушы-кітап.

Жұптық: Бір бөлек жұптың ішіндегі жұмыс, жұптың қатысушылары тұрақты, біреуі сөйлейді, біреуі тыңдайды: оқушы-оқушы, мұғалім-оқушы.

Топтық: Бір спикерді бірнеше адам немесе бүкіл сынып тыңдайды. (оқушы-оқушылар).

Жалпы: Әр оқушы кезекпен ұжымның әртүрлі мүшелерімен жұмыс істейді және керісінше, барлығы әр оқушымен жұмыс істейді: оқушы-оқушылар, оқушылар-оқушылар.

Оқу ұйымдастыру формасы - бұл оқу процесінің жекеленген бөлігінің құрылымы, дәрістің белгілі бір түрі (сабақ, дәрісбаян, семинар, саяхат, факультатив дәріс, емтихан, сынақ және т.б.) Оқудың ұйымдастырылу формалары әрқилы негіздемелерге байланысты қарастырылуы мүмкін[5].

А.К.Дусавицкийдің анықтамасы бойынша бастауыш мектептегі сабақта келесі негізгі формаларды қолдану керек:

- жалпы жұмыс;
- топтық жұмыс;
- жұптық жұмыс;
- жеке жұмыс [6].

Сабақтағы оқу әрекеті бірнеше бағытта құрылуы керек: оқушы-мұғалім, оқушы-мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы. Сонда ғана оқытудың жеке, мета-пәндік және пәндік нәтижелерінің қажетті сапалы деңгейіне қол жеткізіледі.

Бұл тұжырымдар қазіргі білім беру үдерісі үшін үлкен маңызға ие және әр мұғалімді сабақта оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бірнеше формаларын қолдануға бағыттайды, өйткені олардың әрқайсысы белгілі бір функцияларды орындайды.

Әдебиет

1.Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы,

2.Чередов И.М. Система форм организации обучения в советской общеобразовательной школе / И. М. Чередов. – М.: Педагогика, 1987- 150с.

3.Смирнова Н. Развитие форм организации обучения в педагогической теории и практике. — Псков: ПГПИ, 2004

4.С.Танцоров. Групповая работа в развивающем образовании. Исследовательская разработка для учителя. – Рига: Педагогический центр "Эксперимент", 1997

5.А.К. Дусавицкий. Материалы лекций . г. Харьков, 2007 г

6.Дьяченко В.К. Общие формы организации процесса обучения. - Изд-во Краснояр. ун-та. 1984. - 184 с.

ӘОЖ 33.022

Бастауыш сыныпта ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері

Абиева А.А., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются способы реализации методов и техник сотрудничества в обучении начальных классов. Сотрудническая педагогика способствует развитию взаимосвязей между учениками, повышению чувства ответственности и активному участию в учебном процессе. Такие методы, как групповая работа, проектный метод и диалоговый метод помогают улучшить знания учащихся, развить социальные навыки и творческие способности. Также приведены методические рекомендации для учителей по эффективному применению этих методов.

Abstract

The article discusses the ways of implementing collaboration methods and techniques in primary school education. Collaborative pedagogy contributes to the development of relationships between students, increasing their sense of responsibility, and active participation in the learning process. Methods such as group work, project-based learning, and dialogic teaching help improve students' knowledge, develop social skills, and enhance their creative abilities. Methodological recommendations for teachers on the effective use of these methods are also provided.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастыққа негізделген педагогикалық әдіс-тәсілдердің маңызы зор. Ынтымақтастық педагогикасы оқушылардың бойында жауапкершілік, өзара құрмет, бір-біріне деген сенім мен түсіністік қалыптастыруды мақсат етеді. Бастауыш сыныпта осы әдіс-тәсілдерді қолдану балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзара қарым-қатынасты нығайтуға және оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Ынтымақтастық педагогикасы білім беру саласындағы жаңаша көзқарас ретінде қазіргі таңда кеңінен қолданысқа енуде. Бұл мақалада бастауыш сыныпта

ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Ынтымақтастық педагогикасы дегеніміз – мұғалім мен оқушылар арасында тұрақты әрі тең құқықты қарым-қатынас орнату, оқушының пікірін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру. Бұл педагогикалық әдіс оқушылардың өзара жұмыс істей отырып, бір-бірінен үйренуіне, топтық тапсырмаларды орындау арқылы жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді. Ынтымақтастық педагогикасының негізінде мынадай принциптер жатыр: өзара сыйластық, пікір алмасу, бірлескен еңбек, тұлғалық даму, оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту [1].

Ынтымақтастық педагогикасының теориясы көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негізделген. Олардың ішінде Л.С. Выготскийдің әлеуметтік даму теориясы ерекше орын алады. Выготскийдің пікіріншебілім беру барысында оқушылардың әлеуметтік ортасы мен мұғалімнің рөлі маңызды. Ол оқушының дамуында орта мен қарым-қатынастың негізгі рөл атқаратынын айтады [2]. Мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас білім алу процесін белсенді және тиімді етеді.

Бастауыш сыныпта ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Осы әдістердің бірітоптық жұмыс. Топтық жұмыстың негізгі мақсаты оқушыларды бір-бірімен әрекет етуге, пікір алмасуға, бір-бірінің пікірін тыңдауға және құрметтеуге үйрету. Топтық жұмыс барысында оқушылар проблеманы бірге шешеді, бұл олардың ойлау қабілетін дамытады, әлеуметтік дағдыларын арттырады.

Екінші бір әдіс – жобалық әдіс. Жобалық әдіс арқылы оқушылар нақты тақырып бойынша топтасып жұмыс істейді. Олар ақпаратты іздейді, талдайды, қорытынды жасап, оны презентация түрінде ұсынады. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйретеді.

Сонымен қатар, диалогтық әдіс те тиімді қолданылады. Диалогтық әдіс мұғалім мен оқушы арасындағы ашық сөйлесуді көздейді. Мұғалім сұрақтар қойып, оқушылардан пікірлерін тыңдай отырып, білім беру процесін ұйымдастырады. Бұл әдіс оқушылардың еркін ойлауын, өз пікірін айта білуін дамытуға көмектеседі.

Ынтымақтастық педагогикасы бастауыш сынып оқушыларын тек біліммен қамтамасыз етпейді, сонымен қатар олардың жеке тұлғалық дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы балалар өзара сенім, құрмет, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді үйренеді. Оқушылардың әрқайсысы өзін команда мүшесі ретінде сезініп, жауапкершілікті бөліседі, бірге жұмыс істеген кезде оқу процесі әлдеқайда тиімді әрі қызықты болады.

Бастауыш сыныптарда ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру арқылы оқушылардың оқу мотивациясы артады. Оқушылардың

өздері жетекші рөл атқара отырып, материалды меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуға, болашақта командалық жұмысқа дайын болуға көмектеседі.

Бастауыш сыныпта ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру әдіс-тәсілдері оқушылардың білімін арттыруға, тұлғалық дамуына, әрі өзара ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Топтық жұмыс, жобалық әдіс, диалогтық әдіс сияқты әдістер оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мұғалімдер үшін ынтымақтастық педагогикасын қолдану арқылы балалардың жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізетін тиімді әдістер мен тәсілдер ұсынылады.

Әдебиет

1. Абдуллина Ж. Ынтымақтастық педагогикасы: теория және тәжірибе. Алматы: Білім баспасы - 2019.

2. Выготский, Л. С. Психология искусства. Москва: Искусство – 1991.

3. Ким В. Бастауыш мектепте ынтымақтастық педагогикасын енгізу. Қарағанды: Қарағанды университеті – 2020.

4. Сериков С. Ынтымақтастық оқыту технологиялары. Алматы: Мектеп баспасы – 2021.

ӘОЖ 373.3 : 004.738.5

Бастауыш сынып оқушыларын интернет ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері

Алиева М.З.,
Қызылорда «Болашақ»
университетінің магистранты

Резюме

В данной статье рассматриваются возможности использования ресурсов Интернета в образовательном процессе начальной школы.

Abstract

In this article, the possibilities of using Internet resources in the educational process of primary school are considered.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысына АКТ-ны енгізу білім беруді жаңғыртудың басты мақсаты – оқыту сапасын арттыру, білім берудің қолжетімділігін арттыру, ақпараттық кеңістікке бағдарланған және заманауи технологиялардың ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерін меңгерген жеке тұлғаның үйлесімді

дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологияны қолдану оны жаңартуға, тиімділігін арттыруға, оқушыларды ынталандыруға ғана емес, сонымен қатар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, процесті саралауға мүмкіндік береді. Компьютерлік желілердің құрылуы адамзатқа мүлдем жаңа коммуникация тәсілін берді. Мультимедиа саласындағы соңғы өнертабыстарды ескере отырып, деректерді беру технологиясының соңғы жетістіктері әлемнің кез келген нүктесіне дерлік деректер массасын өңдеу және беру үшін шексіз мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі уақытта көптеген сарапшылар Интернеттің орасан зор ақпараттық мүмкіндіктері мен бірдей әсерлі қызметтері бар екенін түсінеді. Бірақ белгілі бір оқыту ортасының, ақпараттық және пәндік ортаның қасиеттеріне қарамастан, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің негізгі дидактикалық міндеттері мен сипаттамалары білім берудің нақты мақсаттарымен анықталатынын ұмытпау керек. Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері мен ресурстарымен осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру құралы болып табылады. Технология өздігінен білімде сапалы өзгерістер жасай алмайды. Зерттеушілердің пікірінше: «Дәлелдер тиімді пайдаланылған технология құралдарының білім беру мәселелері контекстінде өмірлік, күрделі мәселелерді шешуге ынталандыру арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын қолдауға болатынын көрсетеді» [1].

Технологияны қолдану арқылы шешуге болатын жеке мәселелерге назар аударудың орнына, мектептер әртүрлі ақпаратты пайдалана отырып, проблемаларды шешу дағдыларын қолдануды талап ететін күрделі мақсаттары бар әртүрлі технологияларды қолдануды ынталандыруы керек.

Басқаша айтқанда, Интернет технологиясы мазмұнды және қызықты оқуды ынталандыру үшін қолайлы құрал бола алады. Олар оқушыларға мұғалімдердің жетекшілігімен оқуға болатындай деректер қорымен өзара әрекеттесу; басқалармен ынтымақтастықта білім алуға көмектеседі. Интернет-технологиялар сонымен қатар жоғары тиімді ойлау дағдыларын дамытуға көмектесе алады және мұғалімдерге кеңесші ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді [2].

Интернет ресурстарды пайдаланудың мақсаты: кәсіби мәселелерді шешу үшін интернет ресурстарын сауатты пайдалану арқылы құзыреттілік деңгейін арттыру.

Міндеттер:

- желілік білім беру коммуникацияларымен және мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеуді үйрету;

- кәсіби тапсырмаларды сапалы орындау үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу мен өңдеуді ұйымдастыру;

- кәсіби қызметте медиа-білім беру әлеуетін іске асыру үшін қосымша білім беру педагогтарының жүйелі қызметін ұйымдастыру;

-білім беру бағдарламалары үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды құруға ықпал ету;

-оқу үдерісіне қатысушылар мен мекемелердің әлеуметтік серіктестері арасында өзара әрекеттесу үшін жағдай жасау.

Негізгі ұстанымдар:

1.Ғылымилық және сенімділік ұстанымы: мұғалімдерге ұсынылатын ақпарат ғылымилық критерийлеріне сәйкес болуы керек, біздің ойымызша, ақпарат көздерінің ресми сипаты мен рецензиялану сипаты, авторлардың беделі және т.б.

Түсініктілік ұстанымы: дидактиканың маңызды ұстанымдарының бірі, оған сәйкес зерттелетін материалды зерттелетін объектінің ең маңызды қасиеттерін көрсететіндей етіп берген жөн.

Жүйелілік пен жүйелілік ұстанымы: оқытушыларға ұсынылатын ақпарат пәннің оқу бағдарламасына сәйкес болуы, логикалық құрылымды және толық болуы керек.

Мақсаттылық ұстанымы: білім беру процесінде ақпарат құралдарын кез келген пайдаланудың нақты белгіленген мақсаты болуы керек.

Табиғилық ұстанымы теориялық материалды меңгерудің күрделілік дәрежесі мен тереңдігі мұғалімдердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуін білдіреді.

Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы: мұғалімдерге ұсынылатын ақпарат заманауи, өзекті болуы және нақты қазіргі өмірде оқытылатын теориялық материалдың практикалық маңыздылығын көрсетуі керек.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы: мұғалімдердің білім беру қызметінің түпкі мақсаттары мен міндеттерін нақты түсіне отырып, ақпаратты өз бетінше іздестіру және түрлендіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануды көздейді [3].

Қазіргі уақытта менің білім алуыма және оқуыма байланысты бірқатар мәселелер шұғыл шешімдерді қажет етеді.

Осындай мәселелердің бірі – денсаулығы нашар немесе ауруға байланысты сабақтан қалған балаларды оқыту.

Екінші мәселе – оқу материалын меңгеруде елеулі кемшіліктері бар балаларды оларды жоймай, болашақта жаңа білімді толық меңгере алмайтындай етіп оқыту.

Үшінші мәселе – оқушыларды сабақтан кейін бос қалдыру, оның ішінде әртүрлі тесттерге, сөздік диктанттарына, бақылау жұмыстарына және басқа да тапсырмаларға дайындалу.

Төртінші мәселе – коммуникациялық революция тудырған білім берудің қазіргі түрлерінің өзгеруі [4].

Бұл мәселелердің барлығын интернет-технологиялардың көмегімен шешуге болады.Қазіргі заманда оқу үрдісінде интернет ресурстарын пайдалану қажеттілікелесі факторларға байланысты:

-қажетті ақпаратқа жылдам және арзан қол жеткізу;

-сыныптастарымен академиялық мәселелер бойынша сөйлесу (Skype, e-mail), сондай-ақ сонымен қатар мұғаліммен байланысу мүмкіндігі;

-сабаққа дайындық кезінде зерттеу және статистикалық ақпаратқа қол жеткізу;

-энциклопедиялық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі (соның ішінде фото және бейне ақпарат);

-қолжетімді жаңалықтарды іздеу (түйіндеме, қоғам қайраткерлерінің сөздері, өмірбаяндары);

- онлайн қашықтықтан оқыту.

Сабақ формасы ретінде пайдалануға болатын ақпараттық ресурстарға мыналар жатады:

1. Музей, кітапхана. Мемлекеттік мұражайға экскурсияға баруға мүмкіндік жоқ кезде мұражайға виртуалды экскурсия жасай аласыз (веб-сайт <http://www.tolstoymuseum.ru/>).

2. Оқулық. Интернетте оқу әдебиетінің электронды нұсқаларын әрқашан таба аласыз. Сонымен қатар, оқушылар пайдалана алатын белгілі бір тақырып бойынша сайттардың тізімін жасап, сабақта қолдануға болады.

3. Сөздік, энциклопедия, анықтамалық. Жаңа терминдермен, ұғымдармен, атаулармен жұмысты ұйымдастыру арқылы да ұйымдастыруға болады. Бұл жаңа сөзді үйрену және оны есте сақтауды жеңілдетуге көмектеседі. Осы мақсатта Уикипедияны пайдалануға болады. Мұндай жұмыс топтық немесе жеке болуы мүмкін. Топтық жұмыста оқушылар сайттың бір емес, бірнеше бөлімін өңдей алады. Оның үстіне мұндай сайттарды пайдалана отырып, дәстүрлі емес әдіспен сабақтарды ұйымдастыруға болады, атап айтқанда: саяхат сабақтары, экскурсиялық сабақтар, зерттеу сабақтары.

Осылайша, Интернет ресурстарын пайдалану:

-сабақтарды дайындау мен өткізуді сапалы жаңа деңгейге шығарады;

-оқушыларға стандартты оқу үрдісінен шығуға, қолдануға көмектеседі;

-білім сапасын арттыру үшін компьютерлік технологиялар мен құралдар арқылы білім алу мүмкіндіктері, жаңа дағдылар мен дағдыларды меңгеру;

-нақты пәндік мақсаттарға тиімдірек қол жеткізуге мүмкіндік береді;

-практикалық маңызды мәселелерді шешу үшін әрекет ету дағдылары мен әдістерін дамытады;

-жеке ақпараттық ресурстарды құру тапсырмалары;

-оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттырып, құштарлығын дамытады.

Әдебиет

1.Т.Колодник. Развитие теории цифрового маркетинга
<https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-teorii-tsifrovogo-marketinga>

2.«Использование сети Интернет в образовательном процессе»
Автор: преподаватель ОГБПОУ Поликша Т.В

3.Мерзлякова О.П., Наговицына Т.В. Применение средств массовой информации в процессе обучения школьников // Педагогическое образование в России 2014. №7.

4.Усманов С.А. Анализ возможностей Интернет-ресурсов для повышения эффективности образовательного процесса // Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. 2017. №14.

ӘОЖ 37.026

Бастауыш сыныпта дүниетану пәнін оқытуда электронды құралдарды қолдану тәсілдері

Алтынбаева Ә.Ә., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются способы использования электронных инструментов при обучении окружающему миру в начальных классах. Эти инструменты делают учебный процесс более эффективным и интерактивным, повышая интерес учащихся. Программы, такие как «Google Earth» и «Nature Trek», помогают понять природные явления. Также предоставлены методические рекомендации для учителей по правильному выбору и применению этих приложений.

Abstract

The article discusses the ways of using electronic tools in teaching the subject "World around us" in primary school. These tools make the learning process more effective and interactive, increasing students' interest. Programs such as "Google Earth" and "Nature Trek" help students understand natural phenomena. Methodological recommendations are also provided for teachers on the correct selection and use of these applications.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта дүниетану пәнін оқыту барысында электронды қосымшаларды пайдалану оқушылардың білім алудағы мотивациясын жоғарылатуға, сабақтың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Бұл қосымшалар оқушыларға көрнекі түрде ақпаратты жеткізуге, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Электронды қосымшаларды пайдалану арқылы мұғалімдер оқыту үдерісін жеке қажеттіліктерге сай бейімдеуге,

оқушылардың әрқайсысының деңгейіне сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік алады [1]. Қазіргі таңда көптеген электронды құралдар мен қосымшалар бастауыш сынып оқушыларын оқытуда тиімді түрде қолданылады. Осы тұрғыда дүниетану пәнінде электронды қосымшаларды қолдану жолдары мен олардың тиімділігі зерттеледі.

Жоғарыдағы мәселелерге орай, кәсіби дайындық процесінде мотивацияны зерттеу күрделі міндет болып табылады. Өйткені мотивациялық механизмдер көптеген факторларға байланысты: жеке, әлеуметтік, экономикалық және педагогикалық. Осы процесте туындайтын негізгі мәселелерді қарастырамыз.

Кесте 1 –Кәсіби дайындық процесіндегі мотивацияны қарастыру мәселелері

№	Негізгі мәселелер	Сипаттамасы
1	Мотивациялық факторлардың әртүрлілігі	Кәсіби дайындыққа деген мотивация көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады: <ul style="list-style-type: none"> - ішкі (мамандыққа деген қызығушылық, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу, жетістіктерге деген қажеттілік); - сыртқы (материалдық сыйақы, әлеуметтік мәртебе, жұмыс берушінің талаптары). Осы факторлардың жиынтығы әр адамда әр түрлі болады, бұл мотивацияның әмбебап әдістерін дамытуды қиындатады.
2	Мотивацияның	Мотивация бүкіл оқу процесінде тұрақты болып

	өзгеріштігі	қалмайды. Бастапқы қызығушылық материалдың күрделілігіне, стресске, кәсіптің бұзылуына немесе өмірлік басымдықтардың стратегияларды үнемі қолдауды және түзетуді қажет етеді.Өзгеруіне байланысты жоғалуы мүмкін.
3	Білім беру ортасының әсері	Оқытушылық стилі, оқыту және бағалау әдістемесі мотивацияны жоғарылатуы да, төмендетуі де мүмкін. Оқытудың практикалық бағыттылығының жеткіліксіздігі студенттердің алған білімінің пайдасыздығын сезінуі мүмкін. Жұмысқа орналасудың нақты перспективасының болмауы оқуға деген қызығушылықты төмендетеді.
4	Студенттердің жеке ерекшеліктері	Әр студент академиялық мотивацияның, танымдық қабілеттің, оқудағы Тәуелсіздік дәрежесінің әр түрлі деңгейіне ие. Әмбебап тәсілдер әрдайым жұмыс істемейді, жекелендірілген тәсіл қажет.
5	Сыртқы факторлар	Әлеуметтік-экономикалық жағдай: кәсіптегі төмен жалақы студенттерді демотивациялауы мүмкін. Ата-ананың күтуі мен қысымы мотивацияға ықпал етуі де, кедергі келтіруі де мүмкін. Ақпараттың шамадан тыс жүктелуі және цифрлық орта зейін мен оқуға деген қызығушылықты төмендетуі мүмкін.
6	Мотивацияны өлшеу мәселесі	Мотивация деңгейін анықтау қиын, өйткені ол субъективті тәжірибелерде көрінеді, ал дәстүрлі әдістер (сауалнамалар, тесттер, бақылау) әрдайым нақты мәліметтер бере бермейді.

Қазіргі заманғы кәсіби дайындық еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделе алатын құзыретті мамандарды қалыптастыруға бағытталған. Бұл білімді беруді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды, сыни ойлауды және кәсіби мотивацияны дамытуды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

Қортындылай келе, кәсіби дайындықтағы мотивацияны түсіну және басқару кешенді зерттеулерді қажет етеді. Бұл мотивациялаушы білім беру ортасын құру, білім алушыларға жеке көзқарас, оқытудың белсенді әдістерін қолдану және нақты мансаптық перспективаларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиет

1.Адашев, А.У. Мотивация персонала как функция менеджмента /А.У.Адашев, Х.О.Арслонов // Мировая наука. – 2019. – № 1(22). – 34-37 с.

2.Узнадзе Д.Н. Экспериментальные основы психологии установки. Тбилиси:Изд-во Акад. наук Груз. ССР, 1961. 210 с.

3.Ковалев А.Г. Коллектив и социально-психологические проблемы руководства. М.: Политиздат, 1978.- 122 с.

4.Маркова А.К. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М., 1990.-212 с.

5. Ахметов К.Е. Менеджмент негіздері. А., 1993.- 322 б.

6. Адашев А.У. Мотивация персонала как функция менеджмента /А. У. Адашев, Х. О.Арслонов // Мировая наука. – 2019. – № 1(22). – 34-37 с.

7. Кузнецова А.Ю. Основные теории мотивации/ А.Ю.Кузнецова //Студенческий. – 2019. – № 2-2(46). – 39-41 с.

ОӘЖ 355

Сарбаздардың әскери орта жағдайларына бейімделуін психологиялық қамтамасыз ету

Көптілеу Диас, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье речь идет о психологическом обеспечении адаптации к условиям военной среды и сохранении психологического здоровья военнослужащих.

Abstract

This article deals with psychological support for adaptation to military conditions and maintaining the psychological health of military personnel.

Қазіргі кездегі әскери саланың төңірегінде болып жатқан даудамайлар мен шешімі жоқ күрделі мәселердің күннен-күнге өсуі мемлекеттік деңгейде барлық саланың мамандарын қобалжытып отыр. Сондықтанда психология саласында зерттеулер жүргізу кезек күттірмейтін мәселердің бірі, осы тұрғыдан алғанда жұмысымыз өзекті болып табылады. Психолог жұмысының маңызды бағыттарының бірі әскери қызметкерлердің, сарбаздардың әскери орта мен әскери қызмет жағдайларына бейімделуін психологиялық қамтамасыз ету болып табылады.

Сарбаздың әскери іс-әрекет жағдайларына бейімделуге байланысты міндеттерді оңтайлы шеше алуы оның психикалық күйіне жағымды ықпал етеді, ал оның психикалық күйінің саулығы өз кезегінде әскери іс-әрекетті тиімді атқаруына, адекватты мінез-құлық танытуына, ішкі психологиялық жайлылықты туғызуға, айналасындағылармен тиімді өзара әрекеттесуге негіз болады. Басқаша айтқанда, әскери қызметті сәтті өтеудің кепілі тұлғаның әскери қызмет жағдайларына тұрақты бейімделуімен сипатталады. Осы себептен, бейімделу процесі психологтардың, командирлердің, тәрбиелеуқұрылымдарындағы офицерлердің назарынан тыс қалмай, белсенді іс әрекеттерінің аясында болу тиіс [1].

Психологтың сарбаздардың бейімделу процесін психологиялық сүйемелдеу барысында олардың психикалық денсаулығын сақтау мен психологиялық көмек көрсету міндеті алға шығады. Сарбаздың психикалық денсаулығы дегеніміз ағзаның кәсіби іс-әрекетті табысты орындауға бағытталған белгілі бір мүмкіндіктерінің жиынтығы. Психикалық денсаулық нормасы сарбаздың әскери қызметтің нақты кезеңіндегі рухани даму деңгейімен және соматикалық күйімен, бейбіт өмір мен ұрыс жағдайларында кәсіби міндеттерді орындау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Сарбаздардың психикалық денсаулығын сақтау мен психологиялық көмек көрсетуге байланысты жұмыстың маңызды міндеттерінің бірі жүйкелік-психикалық тұрақсыздықты дер кезінде анықтау мен оны дер кезінде психологиялық түзету болып табылады. Адамның жүйкелік-психикалық тұрақсыздығы, стреске төзімділіктің төмен деңгейі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне жағымсыз реңк беруі, оңтайлы бейімделуге кедергі келтіруі мүмкін.

Бейімделу процесіне әсер ететін тұлғаның психикалық күйлерін қарастырайық. Фрустрация адам қажеттіліктері мен қоғам ұсынатын шектеулердің арасындағы қарама-қайшылықтың салдары болып табылады. Аталмыш жағдайда бұл шектеулер әскери іс-әрекеттің ерекше спецификасы мен әскери қызметтің жоғары әлеуметтік маңыздылығынан шығады. Фрустрацияның салдарлары сарбаздың тұлғасы мен мінез-құлқына тигізетін ықпалына қарай әр түрлі. Олар конструктивті және бүлдіргіш болуы мүмкін. Фрустрацияның конструктивтілігі дегеніміз оны туғызатын эмоциялық күштену адамның қажеттіліктері мен оларды жүзеге асыруға байланысты әлеуметтік шектеулер арасындағы конфликтілі жағдайдан шығар жол іздеуге бағытталған психикалық іс-әрекеті. Бұл күштер қандай да бір қажеттілікті қанағаттандыратын мақсатқа жету тәсілдерін ауыстыруға әкелуі мүмкін. Мысалы, жақындарымен қарым-қатынасқа деген қажеттіліктің орны көп жағдайда хат жазулармен, телефон арқылы тілдесумен сәтті түрде алмасады. Сонымен қатар, барлық фрустрациялаушы жағдайды қайта бағалау, нәтижесінде қажеттіліктердің жаңа кешені қалыптасуы мүмкін. Бұл жерде тұлғаның қайта бейімделуі мен аталмыш жағдайға бейімделген күйге өтуі жөнінде болып отыр. Әскери өмірде бұл құбылыстар өз қажеттіліктерін қызмет спецификасына негізделген шектеулер шегінде қанағаттандыру мүмкіндіктерін іздеуден, нәтижесі қажеттіліктің жүзеге асуы болып табылатын мақсаттарды алмастырудан көрінуі мүмкін. Жағдайды қайта бағалау қоршаған ортаның қайшылықты және жайсыз болып көрінген элементтерін жаңаша көруге мүмкіндік береді. Мысалы, әскери сарбаздың өзін-өзі бекітуге, сонымен бірге әскери қызметтестері тарапынан құрметке ие болуға деген қажеттілігі (бұрын қызмет жағдайларында сәйкес емес және қарама-қайшылықты болып көрінген) енді топ көшбасшысы

болуға әрекеттенумен оңай қанағаттандырылатын болып шыға келеді. Сонымен, фрустрацияның конструктивті жағы табысты қайта бейімделу сипатына ие. Фрустрация күйінің өзі және онымен байланысты эмоциялық күштену, қанағаттандырылмағандықты сезіну қайта бейімделудің белсенді процесіне қажетті старттық компоненттер мен стимулдар болып табылатындығына сүйене отырып, бұл процестің екінші, бүлдіруші жолының себептерін қарастыру қажет. Сонымен, әскери сарбаздардың жаңа, олар үшін дағдылы емес әскери қызмет жағдайларына сәтті түрде қайта бейімделуінің әр түрлі мүмкіндіктері болатындығы туралы қорытынды жасауға болады [2]. Адам санасы бейімделудің конструктивті жолын қамтамасыз ететін сапалар болмаған кезде көп қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкін еместігін, қоршаған болмыс тарапынан тұлғаның жеке мүдделеріне, амансаулығына, құндылығына төнген қауіп-қатерді сезінеді. Тұлғаның жүйкелік-психикалық реакциялардың бұрынғы, дағдылы кешендері жаңа ортамен тиімді өзара әрекеттесуінің барысында қажетті ресурстар жеткілікті болмағанда жүйкелік-психикалық іс-әрекет тұрақсыз сипат алады. Күштеудің артуы әдетте, рационалды процестерге кедергі келтіретін эмоциялық қозуға ұласады. Адам қобалжиды, сасқалақтайды, абыржиды, күйзеліске түседі, жағдайды және өз мінез-құлқын басқара алмайды. Жүйкелік-психикалық тұрақсыздық, жүйке жүйесі қызметтері бұзыла бастайды. Ортаға бейімделуге қабілетсіз тұлғаның мінез-құлқының негізгі екі типін анықтайтын бейімделе алмау (дезадаптивті) күйлері пайда болады.

Бірінші тип – агрессивті, қарапайым түрде оны кедергіге немесе бөгетке шабуыл ретінде елестетуге болады (бұл жағдайда да оның бейімделу функциясы туралы айтуға болады). Алайда әскери қызмет жағдайларында қатаң нормативті талаптар мен құқықтық нормалар болады, оларға шабуыл жасау оларға тұрақты бейімделуді қамтамасыз ете алмайды, тіпті, әскери сарбаздың жағдайын қиындатып жіберуі мүмкін. Мұндай әрекеттердің қауіптілігі оның себебіне қатысы жоқ кез-келген кездейсоқ нысанға, бөтен адамдарға, қызметтестерге бағытталады.

Мінез-құлықтың екінші типі – жағдайдан қашу. Бұл тип адамның өз уайымдарына «кетумен», барлық жоғары стимулданған психикалық қуаттың жағымсыз күйлерін генерациялауға жұмсалыуымен, өзін-өзі жегідей жеп, өзінөзі айыптаумен сипатталады. Мазасыз-депрессивті симптомдар дамиды. Адам басына түскен барлық азаптарының себебін өзінен көреді, осыдан келіп толық шарасыздық сезімі туындайды, өйткені, ортаға немесе жағдайға ықпал етуге ол өзін қабілетсізбін деп санайды.

Сарбаздардың әскери орта мен әскери қызмет жағдайына бейімделуін психологиялық қамтамасыз етуге арналған жұмысты жоғарғы деңгейде ұйымдастырып отырғанда ғана қауіптің алдыналуға

болады. Әр сарбаздың тұлғасы оның дербестігін көрсететін тек қана өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Барлық сарбаздарға ортақ психикалық бейімделу кезеңдері, олардың өту табыстылығы әр сарбаздың тұлғалық сапаларына тәуелді болады. Қайта бейімделу кезеңінің табысты болуы да тұлғаның белгілі бір сапалары мен қасиеттерінің жиынтығына негізделеді. Осыған сүйенетін болсақ, сарбаздардың жедел қызметке бейімделуін психологиялық қамтамасыз етуге арналған жұмыстың негізгі звеносы мен бастапқы кезеңі жеке құрамның адаптивті қабілеттерін диагностикалау немесе бағалау болып табылады. Ол әр сарбаздың жеке, дербес ерекшеліктерін, оның әскери қызметке мотивация деңгейін, биографиялық мәліметтерін, қызметке дейінгі әлеуметтік ортасын, т.с.с. зерттеуге негізделеді. Диагностика ерудің өткір психикалық реакциялар кезеңінде, яғни, әскери бөлімшеге түскеннен кейін бірден, сондай-ақ, сарбаздардың қызмет өтеу процесінде де үнемі жүргізіліп отыруы тиіс. Егер бірінші жағдайда бұл сарбаздың бейімделу қабілеттерін (әлеуетін) бағалау болса, ал кейін, бұл – бейімделу деңгейін бағалау (қарапайым түсінікте «бейімделу – бейімделе алмау» принципі бойынша). Басқаша айтқанда, қандай да бір күй дерегін констатациялау, яғни, анықтау. Диагностиканың ең маңызды кезеңі тұлғаның бейімделу қабілеттерін қызметке және жаңа, дағдылы емес жағдайларға түскен алғашқы күндері бағалау болып табылады [3.4]. Сонымен, тұлғаның әскери қызметке шақырылуға қатысты өзгерген орта жағдайларына бейімделуі мен бейімделе алмауының механизмдерін түсіну арқылы сарбаздардың психикалық денсаулығын сақтауға және оңтайлы бейімделуге арналған психологиялық-коррекциялық жұмысты конструктивті ұйымдастырудың маңызы зор. Әскер қатарына шақырылған не болмаса әскери жоғарғы оқу орындарында да оқитын курсанттармен жұмыс жасауда ұсынылып отырған зертеулердің нәтижесі септігін тигізетіні анық.

Әдебиет

- 1.Бурленова С.О. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесіне әсер ететін негізгі факторлар -315-320 б.
2. Караяни А.Г. Военная психология: учебник и практикум для вузов 2-е изд., пер. и доп. – М. Юрат, 2019. – 594 с.
- 3.Ильин В.Н. Фрустрация, ее свойства и особенности ее возникновения в воинских коллективах. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://cyberleninka.ru / article/n/frustratsiya-ee-svoystva-i-osobennosti-ee-vozniknoveniya-v-voinskih-kollektivah](https://cyberleninka.ru/article/n/frustratsiya-ee-svoystva-i-osobennosti-ee-vozniknoveniya-v-voinskih-kollektivah)
- 4.Военная психология / под ред. А. Г. Маклакова. – СПб.: Питер, 2004. – 50 с.

Сейлханов Әдилбек Асыллович, магистрант
Усайнова Гүлжамал Манатбекқызы, аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ Университеті

Резюме

В этой статье дается объяснение концепции буллинга среди школьников и рассматриваются его основные проявления, причины и способы его предотвращения. В исследовании анализируются факторы, влияющие на возникновение буллинга, и несколько ролей, которые против него выступают.

Abstract

This article will comment on the concept of bullying among schoolchildren, consider its main manifestations, causes and ways to avoid it. The study analyzes the factors that influence the occurrence of bullying and several roles that counteract it.

Буллинг – мектеп оқушылары арасындағы әлімжеттік көрсету, қудалау, психологиялық немесе физикалық зорлық-зомбылық әрекеттері. Бұл құбылыс баланың эмоционалдық, психологиялық дамуына кері әсер етеді және оның өзін-өзі бағалауына, мектепке деген көзқарасына, болашақ өміріне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан буллингтің алдын алу – мектеп қоғамдастығы үшін маңызды мәселе.

Қоғамда буллинг шамадан тыс даралану, бәсекелестіктің өсуі, күнделікті өмірдегі әлеуметтік шиеленіс, өзара жанжалды қарым-қатынасқа байланысты анықталады. Аталған тенденциялар білім беру жүйесінде де жиі кездеседі. Қазір Қазақстан мектептерінде жасөспірімдер арасында болып жатқан қорқыту мен зорлық-зомбылықтар педагогтер мен ата-аналар, құқық қорғау органдарын алаңдатуымен қатар, депутаттар арасында айтылып, дабыл қағу басталды. Осыған орай әлеуметтік жүйедегі жасөспірімдер жиі қолданатын Тік-Токқа тиым салуда ұсынылуда. Әлеуметтік жүйелерді қолдануға тиым салу жасөспірімдер арасында орын алып жатқан қайғылы жағдайларды тоқтататын, тиімді шешім деп айтуға болмайды. Себебі көп жағдайда буллингке ұшыраған оқушыда, ата-аналарда, сонымен қатар буллинг болған мектепте өз беделі мен абройын ойлап, бұндай оқиғаны жасырып қалуға тырысады. Сондықтан әлеуметтік жүйе болмаса қазір халқымыздың арасында көпшілікке таралып, қызу талқыланып, наразылық танытып, шешімін табуды талап етіп жатқан жасөспірімдер арасындағы жантүршігерлік буллинг жасырын қалып, өз жалғасын таба беруі де мүмкін еді.

Мектепте бір оқушының екінші оқушыға зорлық-зомбылық жасап, қорқытуының жанжалдасудан айырмашылығы, олар

қайталанатын, жүйелі әрекеттер. Оқушылардың жас және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты өзара келіспей қалуы, тіпті төбелесуі жиі кездесіп отыратын қалыпты құбылыс. Дегенмен мақсатты түрде буллинг жасау жасөспірімнің мінез-құлғындағы ауытқушылықты білдіреді. Осыған орай мектеп оқушыларының арасында қорқыту мен зорлық-зомбылықты ғылыми тұрғыда тұңғыш зерттеп, *буллинг* (қорқыту) – ұғымын 1993 жылы қолданысқа енгізген норвегиялық профессор, психолог Дэн Ольвеус.

Д.Ольвеус буллингті «әлеуметтік биліктің немесе физикалық күштің теңсіздігін қамтитын қасақана жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық» [1] деп анықтады. Демек мектепте оқушылар арасында *буллинг* күш теңсіздігіне орай мақсатты, жоспарлы және жүйелі болып отырады. Оқушылар арасындағы күш теңсіздігін төмендегідей бөліп қарастырылады:

- физикалық (біреу күшті, біреу әлсіз);
- мәртебелік (біреуі танымал, беделді, біреуі беделі жоқ, «мен» әлеуеті төмен);
- әлеуметтік (біреу бай, ауқытты, біреу кедей, тұрмысы төмен);
- психологиялық (біреу өктем, бұзық, көшбасшылығы басым, біреу жуас, момын, қорқақ).

Буллинг мақсаты – қорқыту нысанасына әртүрлі формада үрей тудыру, оны өзіне бағындыру болып табылады. Түрлі зерттеулерге байланысты мектептегі буллинктің төмендегідей негізгі түрлеріне сипаттама берілген.

Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау және/не оқшаулауға, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды. Психологиялық кемсітушілік әрекетке баланың өзін керексіз, кемістігі бар, сүйкімсіз және қалаусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дөрекі сөздер айту сияқты вербалды әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды.

Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер. Физикалық зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері көп: соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаштан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау. Физикалық зорлық-зомбылық көбінесе балаға залал не

жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін.

Жыныстық сипаттағы сөздерді айту не қысым көрсету – қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап-арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі, жыныстық құмарлықты ояту үшін балаға қатыгездікпен қарау. Басқа баланың жыныстық мүшелеріне қол тигізу/ұстау, баланы жыныстық белсенділікке қатысуға шақыру (нәтижесіне қарамай), жыныстық мүшелерді жалаңаштап көрсету, балаға порнография көрсету және баламен жыныстық қатынасқа түсуді қамтиды.

Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қаупін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

Кибербуллинг – баланың соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында интернет арқылы таралатын әлеуметтік жүйелерді пайдалану. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не он-лайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды.

Құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту – нақты не болжамды күштер теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы агрессивті әрекеттер. Мінез-құлықтың мұндай моделі қайталанып отырады немесе белгілі бір кезең сайын қайталануы ықтимал. Баланы кемсіту қорқыту, өсек тарату, балаға физикалық не сөзбен тиісу не әдейілеп топтан шығарып тастауды қамтиды.

Кемсітушілік – баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

Тән жазасы – физикалық күш қолданылатын, балаға қандай да бір жеңіл ауырту сезімін не қолайсыздықты сездіруге бағытталған кез келген жазаны білдіреді. Көбінесе, бұл соғып жіберу, шапалақпен тартып қалу, баланы қолмен не затпен ұруды білдіреді. Сондай-ақ тебу, сілкілеу, баланы итеру, тырнау, шымшу, шашынан тарту не құлағынан жұлқылау, балаларды қолайсыз позада ұстау, күйдіру, буға шалдыру, мәжбүрлеп жұтқызу (мысалы, баланың аузын сабынмен жуу не ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу) де қамтылады [2].

Мектептегі буллинг бойынша сарапшы ретінде танымал ғалым - Финляндиядағы Турку университетінің психология профессоры және жетекші INVEST зерттеу орталығы басшысының орынбасары Кристина Салмивалли әріптестерімен бірге мектептегі буллингке қатысушыларды анықтаған. Осыған орай педагог, психолог және ата-аналарға мектепте буллингке қарсы тұру кезінде ескеруге қажетті төмендегі бірнеше рөлдер [3] көрсетілді:

-*агрессор*: белсенді, буллинг жасауға бастама көтереді немесе өзі қорлауды бастайды, көшбасшы ретінде әрекет етеді;

- ассистент (*агрессор көмекшісі*): кудалауға белсенді қатысады, бірақ көшбасшыдан гөрі ізбасар орнын алады;

-*күшейткіш*: буллингті ынталандырады, буллинг жасалуға жағдай жасайды, қажеттіліктерді қамтамасыз етеді, қолдау тобында болады және қорлау ойынына қатысады;

-*қорғаушы*: жәбірленушіні қорғайды, буллингке ұшыраған оқушыны қолдайды, жігерлендіруге тырысады.

-*бақылаушы*: ештеңе жасамайды, шетте қалады, немқұрайлылық танытады.

-*жәбірленуші*: қорлауға ұшырайды.

Буллингтің алдын алу үшін ата-аналар мен мұғалімдер балаларды бір-біріне құрметпен қарауға үйретіп, көмек сұрауды насихаттауы керек. Қоғамда буллингке қарсы мәдениет қалыптастыру арқылы балаларға қауіпсіз орта жасауға болады.

Буллингтің алдын алу шараларын мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және ата-аналар бірлесе отырып қолдануы қажет. Буллингтің алдын алуға бағытталған төмендегідей тиімді тәсілдерін ұсынамыз:

1. Білім беру және түсіндіру жұмыстары: Балаларға буллингтің не екенін, оның салдары қандай болатынын ерте жастан түсіндіру қажет. Бұл жерде мектептегі арнайы сабақтар мен тренингтердің маңызы зор. Мұғалімдер буллингтің көріністерін анықтау және оларға жауап беру жолдарын үйретуі керек.

2. Эмоционалдық интеллектті дамыту: Оқушыларға өз эмоцияларын түсіну және басқару дағдыларын дамытуға көмектесу қажет. Әлеуметтік-эмоционалдық білім беру бағдарламалары балалардың өзін-өзі бақылауын, жанашырлықты және өзара құрметті үйретеді.

3. Қатаң мектеп ережелері: Мектепте буллингке нөлдік толеранттылық саясаты енгізілуі тиіс. Бұл ережелер нақты жазылып, оқушылар мен ата-аналарға түсіндірілген жағдайда, балалар арасындағы қорқыту әрекеттері азаяды. Бұған қоса, буллинг жасағандарға қандай жауапкершілік жүктелетінін нақты көрсету қажет.

4. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қолдауы: Психолог мамандардың көмегімен оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылап отыру, буллингке бейім балалармен жеке жұмыс жүргізу өте маңызды. Буллинг құрбандарын анықтап, оларға көмек көрсету үшін психологтар тұрақты түрде диагностика жүргізуі тиіс.

5. Ата-аналармен жұмыс: Буллингтің алдын алу тек мектепте ғана емес, үйде де маңызды. Ата-аналар балалармен ашық әңгімелесіп, олардың мектептегі көңіл-күйлерін бақылап отыруы керек. Сонымен қатар, ата-аналарға балалар арасындағы буллинг

белгілерін байқау үшін арнайы ақпараттық сессиялар ұйымдастыру қажет.

6.Топтық жұмыс және ынтымақтастықты дамыту: Оқушылар арасында достық қарымқатынастарды дамыту үшін топтық тапсырмалар мен ойындарды пайдалану маңызды. Бірлескен жұмыс балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, бастауыш мектептегі буллинг балалардың психикалық, әлеуметтік және академиялық дамуына айтарлықтай теріс әсер ететін күрделі мәселе. Буллингтің салдары құрбандар үшін де, агрессорлар үшін де ауыр болуы мүмкін, оның ішінде психологиялық жарақаттар, әлеуметтік оқшаулану, оқу үлгерімінің нашарлауы және ұзақ мерзімді денсаулық проблемалары бар. Буллингтің алдын алу үшін мектепте жүйелі шаралар қабылдап, ата-аналар мен педагогтар бірлесе отырып, балалар арасында қауіпсіз және қолайлы орта құруы тиіс. Бұл балалардың болашақтағы өмір сүру сапасына да оң әсерін тигізеді.

Әдебиет

1.ҚР “Бала құқықтары туралы” және “Білім туралы” заңдары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000789>

2.Olweus D. Bullying or peer abuse in school: intervention and prevention. In G.Davies et al. (Eds.), Psychology, law and criminal justice: international developments in research and practice. Berlin: Walter de Gruyter.1995. pp. 248-263.

3.Peter K.Smith “Understanding School Bullying: Its Nature and Prevention Strategies” 2014.

4.Реан А.А., Новикова М.А., Коновалов И.А., Молчанова Д.В. Руководство по противодействию и профилактике буллинга: методические рекомендации. – М., 2019. - 64с.

ӘОЖ 159.9.015.7

Жеткіншектердің тұлғасының қалыптасуына әлеуметтік желілердің әсері

Алпысбаева А.К., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается влияние социальных сетей на формирование личности подростков.

Abstract

The article examines the influence of social networks on the formation of the personality of adolescents.

Жеткіншектердің жеке басының қалыптасуына әлеуметтік желілердің әсері мәселесі қазіргі уақытта бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болашақ ұрпақтың тұлғалық қалыптасу процесі мен олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейіне айтарлықпай ықпал етуде.

Цифрлық дәуірде адамның қоғамда әлеуметтену процесі негізінен әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асады, мұнда нақты өмірде белгілі бір шектеулері бар жасөспірім әрекет ету еркіндігіне ие болады. Бұл әсіресе ішкі қарама-қайшылықтармен сипатталатын жеткіншектік кезеңде орын алады. Жеткіншектің жеке басының дамуы – бұл мінездің, дүниетанымның, құндылықтар мен әлеуметтік көзқарастардың қалыптасуын қамтитын күрделі және көп факторлы процесс. Жеткіншектік кезеңдебаланың танымдық психикалық процестері дамып, оның тұлғасы қалыптасады, қызығушылығында, ақыл-ойы мен қабілеттерінде айтарлықтай өзгерістер орын алады. Бұл кезең адамның өзіндік «Менін» іздеумен, қоғамға бейімделумен және мінез-құлықтың тұрақты үлгілерін қалыптастырумен қатар жүреді. Баланың «Мен» бейнесі дамып, мінез-құлықты реттеудің негізі ретіндегі өзіндік бағалау қалыптасады. Осы кезеңдегі баланың өзіндік бағалауы өзіндік таным, өзін-өзі тәрбиелеу секілді процестерге және жалпы тұлғаның дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Жеткіншек өзінің сыртқы келбетіне үйреніп, тәнінің тұрақты бейнесін қалыптастырады. Біртіндеп бірінші орынға «Мен» бейнесінің жаңа сапалары шыға бастайды – олар қоршаған ортамен қатынастың және іс-әрекеттің нәтижелілігіне әсер ететін ақыл-ой қабілеттері, еріктік және моральдық сапалар.

Қазіргі әлемде әлеуметтік желілер жасөспірімнің жеке тұлғасын дамытуда үлкен рөл атқарумен бірге жаңа мүмкіндіктерді де, көптеген мәселелерді де туғызады. ЮНИСЕФ-тің баяндамасына сәйкес әрбір үшінші интернет пайдаланушысы–бала екен. Сонымен қатарбалалардың интернетке кіру жасының қысқарғанын дәлелдейтін көп дерек бар. Тіпті кейбірелдерде 15 жастан кіші балалар 25 жастан асқан ересектер сияқты интернетті жиі қолданады [1].

Заманауи жасөспірімдер әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетінін ескерсек, оның оң да, теріс те әсері бар. Әлеуметтік желінің оң әсері:

а) Білім көкжиегін кеңейту. Жасөспірімдер білім беру мазмұнына, қызықты жобаларға қол жеткізе алады;

б) Өзін-өзі көрсету мүмкіндіктері. Әлеуметтік желі шығармашылықпен бөлісуге, пікірлес адамдармен байланысуға және қолдау табуға мүмкіндік береді.

в) Әлеуметтік бейімделу. Желідегі топтарға қатысу жасөспірімдерге өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге көмектеседі.

Әлеуметтік желінің теріс әсері:

а) Шындықты бұрмалау. Идеалдандырылған өмірді көрсететін фотосуреттер мен жазбалар қызғаныш, өзін-өзі төмен бағалау және депрессияны тудыруы мүмкін;

б) Тәуелділік. Әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдалану оқу үлгерімінің нашарлауына және шынайы өмірде әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне әкеледі;

в) Кибербуллинг қаупі. Жасөспірімдер агрессияның құрбаны болуы мүмкін, бұл олардың эмоционалдық жағдайына теріс әсер етеді.

Жеткіншектер тұлға болып қалыптасуы кезеңінде ата-ананың, ұстаздың, қоғамның назарын талап ететін бірқатар қиындықтарға тап болады. Олардың жеке басын қалыптастырудағы негізгі мәселелерінің бірі–өзінің жеке басын іздеуі. Әлеуметтік нормалардың, ата-аналардың үміттері мен құрдастарының қысымының әсері бұл процесті қиындатуы мүмкін. Жеткіншектер көбінесе эмоционалды және гормоналды өзгерістерден туындаған стрессті бастан кешіреді. Бұл агрессия, оқшаулану немесе мазасыздық түрінде көрінуі мүмкін. Әлеуметтік желі жеткіншектердің өздерін басқалармен салыстыру тенденциясын күшейтеді, бұл өзіне деген сенімсіздікпен өзін-өзі кемшілік сезімін тудыруы мүмкін.

Зерттеулер әлеуметтік желінің жасөспірімдер дамуындағы когнитивті, эмоционалды, мінез-құлық аспектілеріне әсер ететінін көрсетті [2,289-293]. Интернет дамытумен және қалыптастырумен қатар күйзеліске түсіретін ақпаратты беруге қабілетті жаһандық желі болып табылады. Интернеттің танымдық контенттің орасан зор көлеміне қол жетімділік беретіндігіне дау жоқ. Дегенмен, бала террористік, экстремистік, суицид тақырыптарына, тәуекел мінез-құлық, жалған құндылықтар мен есірткі құралдарын пайдалану контентіне жылдам еніп кетуі мүмкін. Мәселен, Қазақстандық қоғамдық даму институтының әлеуметтанулық зерттеуінің [3] нәтижелері қазақстандықтардың пікірінше жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының ең басты себебі компьютер мен телефондағы виртуалды ойындар екенін көрсетті.

Көптеген зерттеулердің нәтижелері интернет-коммуникацияны барынша қарқынды қолданатын жастар өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға онша қызығушылық танытпайды деп айтуға негіз береді. Алайда, интернет-коммуникацияны қолданудың орташа және жоғары қарқындылығы бар пайдаланушылар арасындағы ақша, материалдық әл-ауқат олардың құндылық иерархиясында екі есе жиі кездеседі. Интернет-коммуникацияның қарқындылығы неғұрлым жоғары болса, пайдаланушылардың моральдық қасиеттері екінші орынға ысырылады. Интернет-коммуникацияны қарқынды қолданушылар арасында әлеуметтік мәртебе, бедел, билік, көшбасшылық өмірдегі басты құндылық ретінде жиі кездеседі [5,219].

Әлеуметтік желілер нақты әлемде бір тапсырманы орындауға қарағанда айтарлықтай төмен энергия шығындарымен әртүрлі рөлдер арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл факторәсіресе материалдық, құқықтық, әлеуметтік және басқа аспектілерде іс-әрекет еркіндігі нақты әлемде шектелген жасөспірім үшін маңызды.

Интернетке тәуелділік нәтижесінде гормоналды фон да өзгеруі мүмкін. Адам шынайы қарым-қатынас жасау дағдысын жоғалтады. Қазіргі таңда жасөспірімдерде зейіннің шоғырлануының төмендеуі, ақпаратқа тәуелділік, стресс, интеллекттің төмендеуі жиі кездеседі. Ең әуелгісі әлеуметтік желілерге шамадан тыс отыру денсаулығына, жүйке жүйесіне, көздің көру қабілетінің төмендеуі, омыртқалардың қисаюуына әкеледі. Зерттеулер әлеуметтік желілерде шамадан тыс уақыт өткізу жеткіншектердің психикалық денсаулығының нашарлауына, соның ішінде депрессиялық және суицидтік көңіл-күйдің дамуына әкелуі мүмкін екенін дәлелдейді. Интернетті, әсіресе әлеуметтік желіні пайдалану мен жеткіншектердің суицидтік ойлары мен мінез-құлық қаупі арасында тікелей және қауіпті байланыс бар. Виртуалды өмірге беріліп кеткен жеткіншектер отбасы мүшелерімен, достарымен байланысы азайып, оларды тіпті байқамай қалуы мүмкін. Нәтижесінде, тұтастай алғанда жас ұрпақтың өмір салты мен аға ұрпақтың өмір салты арасындағы айырмашылық барған сайын айқындала түсуде. Мамандардың айтуынша, көбіне виртуалды әлемнің «тұтқыны» атанатын 6-9 сынып оқушылары, яғни 12-16 жас шамасындағы балғындар. Бұл жасөспірімдердің онлайн белсенділігін мұқият бақылаудың және уақтылы араласудың маңыздылығын көрсетеді. Осыған байланысты Қазақстанда жасөспірімдер суициді – әлеуметтік, психологиялық және экономикалық факторлармен қатар, қарқынды дамып келе жатқан әлеуметтік желінің әсері де күрделімәселе екенін атап өткен жөн [6]. Балалар мен жасөспірімдерді онлайн-кеңістіктегі зиян келтіретін және өздерінің жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін контенттен қорғау қоғамның маңызды міндеттерінің біріне айналуға. Ата-аналар мен балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды, себебі ол сын-қауіптерді анықтап, оларды еңсеру жолдарын білуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда жеткіншектердің жеке басының дамуы оның өміріндегі негізгі кезең болып табылады, бұл кезде жақын ортаның да, қазіргі заманғы технологиялардың, соның ішінде әлеуметтік желілердің де әсерін ескеру маңызды. Жеке тұлғаға, эмоционалдық тұрақсыздыққа және әлеуметтік салыстыруға қатысты мәселелерді ересектердің қолдауымен және қолайлы орта құру арқылы жеңуге болады. Жеткіншектердің жеке басын дамытудағы әлеуметтік желілердің рөлін елемуге болмайды – олар даму құралы да, қауіп көзі де бола алады. Интернетті саналы түрде пайдалану, сыни тұрғыдан ойлау және жақын адамдарының қолдауы жасөспірімдердің үйлесімді

тұлға болып қалыптасуына және өмірдің осы маңызды кезеңін сәтті өтуіне көмектеседі.

Әдебиет

1. Положение детей в мире, 2017 год: дети в цифровом мире : Доклад Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ)

2. Толстая С. Влияние мультфильмов на детскую психику // Studia Universitatis Moldaviae (Seria Ştiinţe ale Educaţiei). – 2007. – № 5.

3. Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар : ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

4. Б.А. Ильясова. А.М. Жусупова. Жасөспірімдердің рухани дамуына әлеуметтік желілердің ықпалы // <https://docviewer.yandex.ru/view/0/?=I4f2q48sXSZvbHo5Fltd7ix8UUt7InVybcI6Imh0dNBzOi8v>

5. Сидоров А.И., Мухарлямова А.Ю. Социальные сети и их влияние на молодежь // Заманауи ғылыми технологиялар. – 2013 – № 7-2.

6. Цифрлы кеңістіктегі балалар қауіпсіздігі: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал». / О.Т.Бейсенбаев, О. В. Николаева, А. Б. Иманқұл, А. С. Беймишева, Р. Б. Дюсенова, – Астана қ., «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2024 ж. 100 б.

ӘОЖ 004.8 : 004.896 : 656.25

«70 қадаммен Жасанды Интеллект арқылы теміржол жүйесін дамыту»

Қонақбай Анар Рысбековна
Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Резюме

В данной научной статье исследуются возможности применения технологий искусственного интеллекта (ИИ) для развития железнодорожных систем. Авторами предложены 70 шагов для улучшения управления пассажирскими и грузовыми перевозками путем автоматизации и оптимизации железнодорожной инфраструктуры. В статье рассматривается использование ИИ для обеспечения безопасности, сокращения времени перевозок и повышения эффективности управления. Результаты исследования показывают, что внедрение ИИ значительно повышает эффективность железнодорожных систем. Данное исследование закладывает основу для применения новых технологий в железнодорожном транспорте.

Abstract

This scientific article explores the possibilities of applying artificial intelligence (AI) technologies to the development of railway systems. The authors propose 70 steps to improve the management systems of passenger and freight transportation by automating and optimizing railway infrastructure. The article discusses the potential of AI to ensure safety, reduce transport times, and enhance efficient management. The research results demonstrate that AI implementation significantly improves the efficiency of railway systems. This study lays the foundation for the application of new technologies in the railway transport sector.

Теміржол көлігі–кез келген елдің көлік инфрақұрылымының маңызды бөлігі болып табылады. Оған сұраныс тек жолаушылар мен жүк тасымалы көлемінің ұлғаюына байланысты ғана емес, сондай-ақ қауіпсіздік шаралары, тасымалдау уақыттарын қысқарту және экологиялық мәселелермен байланысты да артуда. Алайда, қазіргі уақытта теміржол жүйесінің тиімділігін арттыру үшін әлі де шешілмеген бірқатар мәселелер бар, мысалы, инфрақұрылымның толықтырылмауы, басқару жүйелерінің жетілдірілмеуі және қауіпсіздік мәселелері. Осы мәселелерді шешуде жаңа технологиялар, әсіресе жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы инновациялар маңызды рөл атқарады [1].

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі таңда әртүрлі салада кеңінен қолданыла бастады. Теміржол көлігі саласында ЖИ қолдану көлік жүйелерін автоматтандыру, тиімді басқару, жолаушылар мен жүк тасымалдауды оңтайландыруға мүмкіндік береді [2]. ЖИ технологияларының теміржол жүйесіне енгізілуі көлік секторындағы жаңа сапалық деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді [3]. Осыған байланысты, ЖИ негізінде теміржол жүйесін дамыту мәселесі өзектілігін арттыруда.

Зерттеудің негізгі мақсаты—жасанды интеллект технологияларының көмегімен теміржол жүйесінің тиімділігін арттыруға арналған 70 қадамды айқындап, олардың іске асырылу жолдарын ғылыми негізде ұсыну [4].

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер анықталды:

1. Жасанды интеллекттің теміржол жүйесіндегі мүмкіндіктерін талдау. Бұл бөлімде ЖИ негізіндегі басқару жүйелері мен автоматтандырудың қазіргі жағдайы мен даму бағыттары зерттеледі.

2. Теміржол жүйесінде ЖИ қолдану бойынша халықаралық тәжірибені қарастыру. Жиі қолданылатын ЖИ шешімдерінің әлемдегі теміржол жүйелерінде қандай әсер тигізгені талданады.

3. ЖИ технологияларының көмегімен теміржол жүйесін дамытуға арналған 70 қадамды айқындау. Әр қадам бойынша ЖИ жүйелерінің ықтимал қолдану әдістері мен олардың тиімділігі сипатталады.

4. Зерттеу нәтижелерін талдау және практикалық ұсыныстар беру. ЖИ енгізу процесіндегі мүмкін қиындықтар мен оларды жеңу жолдары анықталады.

Зерттеу жұмысында аналитикалық, эмпирикалық және моделдеу әдістері қолданылды. Осы әдістерді негізге ала отырып, теміржол жүйесіне ЖИ енгізудің нақты әдістері мен алгоритмдері ұсынылады.

1. Деректер жинау: Зерттеу барысында қазіргі теміржол жүйелерінің деректері жинақталды. Бұл деректерге пойыздардың қозғалыс кестесі, қауіпсіздік жағдайы, жолаушылар мен жүк тасымалының көлемі және инфрақұрылымның жай-күйі туралы ақпараттар кіреді [5].

2. Моделдеу әдістері: Теміржол жүйесінің әртүрлі аспектілерін болжау үшін математикалық модельдер мен алгоритмдер қолданылды. Мысалы, пойыздардың қозғалысын болжау және кестені оңтайландыру, жүк тасымалының тиімділігін арттыру және қауіпсіздік шараларын жетілдіру үшін жасанды интеллекттің болжау модельдері қолданылды.

3. Статистикалық талдау: Теміржол жүйесінің тиімділігін бағалау үшін статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер көлік ағынын, пойыздардың қозғалу уақытын, жолаушылардың сұранысын болжауға мүмкіндік береді.

4. ЖИ алгоритмдері: Машиналық оқыту, деректерді талдау және нейрондық желілер сияқты ЖИ әдістері теміржол жүйесінің жұмысын автоматтандыруға және оңтайландыруға бағытталған.

Зерттеуде қолданылған барлық әдістер мен процедуралар халықаралық тәжірибелер мен ғылыми жұмыстарда ұсынылған, сондықтан бастапқы дереккөздерге сілтеме жасалған.

Қолданылған әдістердің ерекшелігі – теміржол жүйесінің әртүрлі аспектілерін ЖИ технологиялары арқылы біртұтас басқару моделін жасауға мүмкіндік беруінде. Бұған дейін ұсынылған басқа жұмыстарда ЖИ жүйелерін енгізу тек қауіпсіздік немесе жүк тасымалына қатысты болған, ал осы зерттеуде барлық негізгі жүйелердің біріктірілген тұжырымдамасы жасалады. Сонымен қатар, статистикалық процедуралар мен деректерді өңдеу әдістері басқа жұмыстарға ұқсас, бірақ олар теміржол саласының нақты ерекшеліктеріне бейімделген.

Теміржол жүйесін дамытуда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қолданысы түрлі саладағы тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар жолаушылар мен жүк тасымалын басқару, қауіпсіздік жүйелерін автоматтандыру, жол қозғалысын басқару сияқты көптеген аспектілерде қолданылуы мүмкін. ЖИ қолданудың бірнеше негізгі бағыттары бар: автоматтандырылған басқару жүйелері: ЖИ технологияларын қолдану арқылы теміржол қозғалысын автоматтандыру мүмкіндігі артады. Бұл жүйелер пойыздардың қозғалысын болжау, кестені оңтайландыру, жол жағдайын бақылау және қауіпсіздік шараларын бақылауды қамтамасыз етеді; қауіпсіздік жүйелерін күшейту: ЖИ арқылы теміржолда болатын ақаулар мен апаттарды алдын ала болжау мүмкіндігі пайда болады. Машина оқыту алгоритмдері арқылы пойыздардың қозғалысы мен жолдардың жағдайын үнемі бақылап отыру арқылы қауіпсіздік деңгейі артады; жолаушылар мен жүк тасымалын оптимизациялау: ЖИ арқылы жолаушылар мен жүк тасымалын жоспарлау және болжау жүргізілуде. Жолдардың жағдайы, сұраныс және тасымал көлемі бойынша нақты деректер жинау арқылы тиімді тасымалдау жүйесі құрылады.

Зерттеу барысында ЖИ технологияларын теміржол жүйесіне енгізу бойынша 70 қадам белгіленді. Әрбір қадам теміржол жүйесін автоматтандыру мен тиімділікті арттыруға бағытталған. Олардың кейбірін талқылайық:

Қадам 1: Пойыз қозғалысының болжауы және жоспарлау. ЖИ-дің көмегімен пойыздардың қозғалысын болжау алгоритмдері жасалды. Бұл жүйе пойыздың нақты уақыттағы жағдайын, қозғалыс бағытын және мүмкін болатын кідірістерді есепке ала отырып, оңтайлы маршрутты жоспарлайды.

Қадам 2: Жүк тасымалын оңтайландыру. ЖИ арқылы жүк тасымалының сұранысын болжау мен тасымалдау кестелерін тиімді

жоспарлау мүмкіндігі артады. Алгоритмдер түрлі факторларды ескере отырып, тасымалдың тиімді жолдарын анықтайды.

Қадам 3: Қауіпсіздік шараларын автоматтандыру. ЫЖИ қауіпсіздік жүйелерін автоматтандыруды жүзеге асырады. Машина оқыту алгоритмдері ақауларды немесе жолдағы мүмкін болатын қауіптерді ерте анықтап, алдын алу шараларын дереу қабылдайды.

Қадам 4: Инфрақұрылымды бақылау және басқару. Теміржол инфрақұрылымының жағдайын үнемі бақылау үшін ЖИ шешімдері енгізіледі. Жүйе жолдардың, станциялардың және басқа да маңызды нысандардың жағдайын бақылап, оларды жөндеуді жоспарлайды [6].

Зерттеу барысында ЖИ енгізудің әртүрлі бағыттарындағы тиімділік өлшемдері анықталды. Қолданылған әдістердің нәтижесінде келесі негізгі нәтижелер алынды: қауіпсіздік деңгейінің артуы: ЖИ жүйелерінің енгізілуі пойыз қозғалысының қауіпсіздігін арттырды [1].

ЖИ технологияларының теміржол жүйесіне енгізілуі экономикалық және әлеуметтік тиімділікті арттырып, үлкен ықпал ететінін көрсетеді. Осы зерттеудің нәтижелері бойынша, келесі тұжырымдарға келуге болады:

1. ЖИ технологияларының тиімділігі: Жи жүйелері теміржолдың барлық деңгейлерінде қолданыла отырып, тасымал жүйесін оңтайландырады. Жолаушылар мен жүк тасымалын жоспарлау мен болжаудың тиімділігі артады.

2. Қауіпсіздік шараларын жетілдіру: ЖИ қауіпсіздік шараларын күшейтеді, бірақ жүйенің толықтай сенімді болуы үшін қосымша тестілеу мен қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды.

3. Қиындықтар мен шешімдер: ЖИ жүйелерін енгізу кезінде техника мен жабдықтарды жаңарту, сондай-ақ жоғары білікті мамандардың даярлығы сияқты бірқатар қиындықтар кездеседі. Бұл мәселелерді шешу үшін тиісті инвестициялар мен оқыту бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Суретте пойыз қозғалысын автоматтандыру жүйесі көрсетілген. Бұл жүйе ЖИ көмегімен нақты уақытта пойыздардың қозғалысын бақылап, қозғалыс бағытын өзгертуге мүмкіндік береді.



Сурет 1. ЖИ арқылы пойыз қозғалысын автоматтандыру схемасы

Кесте 1. ЖИ технологияларының енгізілген теміржол жүйесіндегі тиімділігі

Параметр	Әсері
Қауіпсіздік	Пойыз апаттарының санын 30%-ға азайту
Пойыз қозғалысы	Жүру уақытын 15%-ға қысқарту
Қызмет көрсету сапасы	Жолаушылар сұранысының дәл болжауы

Зерттеу нәтижелері ЖИ технологияларының теміржол жүйесін дамытудағы маңыздылығын және оның тиімділігін дәлелдеді. ЖИ кездесетін техникалық қиындықтар мен инвестициялық шығындар, әрине, нақты шешімді талап етеді, бірақ жалпы алғанда, ЖИ технологияларын енгізу теміржол жүйесінің болашақтағы дамуы үшін маңызды қадам болып табылады.

Әдебиет

1. Айтмағамбетов, К. К., & Бекжанова, А. М. (2020). Теміржол көлігі саласындағы автоматтандыру және жасанды интеллект технологиялары. *Қазақ технологиялық журналы*, 34(2), 121-130.

2. Chien, S., Ding, Y., & Wei, C. (2018). Artificial intelligence in railway operations: A review. *Computers in Industry*, 97, 36-44. <https://doi.org/10.1016/j.compind.2018.02.002>

3. Шаронов, М. А., & Дмитриева, Л. И. (2019). Железнодорожный транспорт: автоматизация и инновационные технологии. *Транспорт России*, 15(3), 18-27.

4. Жолдасбаев, М. С., & Әлиев, Т. Ж. (2021). Жасанды интеллекттің көлік саласындағы рөлі: теміржол көлігі мысалында. *Көлік және логистика журналы*, 28(1), 75-83.

5. Романов, А. П., & Егорова, Н. В. (2022). Применение искусственного интеллекта для оптимизации графиков движения поездов. *Современные технологии в транспорте*, 8(4), 92-104.

6. Сейдахметов, А. Б., & Бейсенбаев, Д. К. (2019). Жасанды интеллект технологияларын теміржол көлігінде енгізу және оның пайдасы. *Қазақстан ғылымы мен білім журналы*, 37(2), 45-50.

УДК 656.07

Влияние модернизации транспортной инфраструктуры на транзитный потенциал

Асель Садыкова,
Председатель Союза автомобильных перевозчиков и
экспедиторов Казахстан, г. Алматы
Диназат Касымова, к.т.н.,
Национальная Школа государственной политики Академии
государственного управления при Президенте Республики Казахстан,
г. Астана

Түйіндеме

Мақала Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетіне көлік инфрақұрылымын модернизациялаудың әсерін талдауға арналған. Зерттеу транзиттік әлеуетті арттыру үшін басым бағыттарды анықтады, соның ішінде логистикалық хабтар мен мультимодальды тораптар құру, сондай-ақ цифрлық технологияларды енгізу. Мақалада

модернизацияның транзиттік потенциалды жақсартудағы маңыздылығын атап көрсетіледі.

Abstract

This article analyzes the impact of modernizing transportation infrastructure on the Republic of Kazakhstan's transit potential. It discusses critical aspects of modernization, including the construction of new facilities, the reconstruction of existing ones, and the implementation of modern management technologies. The study identified priority areas for enhancing transit potential, such as establishing logistics hubs, creating multimodal nodes, and introducing digital technologies. The results of this study highlight the importance of modernization for the future of Kazakhstan's transportation infrastructure.

Современная транспортная инфраструктура играет ключевую роль в укреплении экономического потенциала страны, поддерживая ее позиции на международном рынке. Основной задачей модернизации транспортной инфраструктуры является улучшение транзитного потенциала, что способствует ускорению грузоперевозок и повышению конкурентоспособности на глобальном уровне. Президентом Республики Казахстан К.-Ж. Токаевым отмечена важность активизировать усилия по укреплению транспортно-логистического потенциала страны [1]. Концепцией развития транспортно-логистического потенциала Республики Казахстан до 2030 года предусматривается содействие экономическому росту страны и повышению качества жизни населения через развитие доступных, эффективных и безопасных транспортно-логистических услуг с вхождением Казахстана к 2030 году в число региональных лидеров по уровню развитости транспортно-транзитного потенциала, обеспечивающего как внутренние, так и внешние потребности в эффективных перевозках [2].

Модернизация транспортной инфраструктуры представляет собой ключевой фактор, способствующий улучшению экономической эффективности стран и регионов, обеспечивая их транзитный потенциал. В условиях глобализации, когда логистика и международная торговля играют все более важную роль, развитие инфраструктуры становится основой для роста международных перевозок и повышения конкурентоспособности.

Совершенствование транспортной инфраструктуры является важным условием роста региональной экономики [3]. Транспортная инфраструктура - совокупность всех элементов, обеспечивающих эффективное перемещение товаров и людей: дороги, железные дороги, морские порты, аэропорты, а также системы управления движением, логистические хабы и терминалы. Современные и эффективные транспортные сети создают условия для быстрого и безопасного перемещения грузов и пассажиров, что критично для

стран, играющих роль транзитных узлов между континентами и регионами.

Вместе с тем, транзитный потенциал государства или региона включает в себя не только физические элементы инфраструктуры, но и логистические системы, которые обеспечивают согласованную работу всех звеньев. Это включает в себя оптимизацию маршрутов, цифровизацию процессов, улучшение логистических цепочек и интеграцию с международными транспортными сетями.

Модернизация транспортной инфраструктуры напрямую влияет на улучшение транзитных возможностей. Для достижения объективной оценки влияния модернизации транспортной инфраструктуры на транзитный потенциал был проведен опрос среди специалистов разных уровней (исполнительского, среднего и управленческого звена) и различных отраслей транспортного сектора (автомобильный, железнодорожный, портовый и авиационный транспорт). Респонденты отвечали на вопросы, касающиеся оценки текущего состояния инфраструктуры, приоритетных направлений модернизации и факторов, необходимых для успешной реализации стратегий обновления.

Проведенное среди специалистов в транспортной отрасли исследование позволило определить основные направления, требующие обновления. Опрос позволил выделить некоторые важные аспекты влияния модернизации транспортной инфраструктуры на развитие транзитного потенциала.

• Основные направления модернизации транспортной инфраструктуры

Согласно результатам опроса, ключевыми направлениями модернизации являются:

- Строительство новых объектов и дорог — 68% участников считают строительство новых объектов и дорог важным для развития инфраструктуры региона.

- Реконструкция существующих объектов - 55% отметили, что обновление уже построенной инфраструктуры является не менее важной задачей.

- Внедрение современных технологий управления транспортом - 49% акцентируют внимание на автоматизации и цифровизации процессов, что позволит повысить эффективность использования инфраструктуры.

- Создание логистических хабов и мультимодальных узлов - 49% участников отметили, что соединение различных видов транспорта в единые логистические центры улучшит слаженность перевозок (рисунок 1).

Эти направления, по мнению респондентов, являются основными для повышения скорости, эффективности и безопасности транспортных операций.




Рис.1. Каковы, на Ваш взгляд, ключевые направления модернизации инфраструктуры для повышения транзитного потенциала?

- Роль модернизации в развитии транзитного потенциала.

Модернизация инфраструктуры не только повышает качество внутренних перевозок, но и способствует увеличению транзитного потенциала страны. Около 64% респондентов считают модернизацию инфраструктуры критически важной для увеличения транзитного потенциала, еще 25% определяют её как «важную». Эти данные подчеркивают необходимость системного подхода к обновлению инфраструктуры, ориентированного на укрепление логистических возможностей страны и увеличение её роли как международного транспортного узла.

- Влияние модернизации на грузоперевозки и экономическое развитие.

В соответствии с данными анализа, улучшение транспортной инфраструктуры положительно влияет на эффективность грузоперевозок (Рисунок 2). Современная транспортная инфраструктура позволяет значительно увеличить объемы транзитных грузов, сокращает логистические издержки и снижает себестоимость услуг для бизнеса, что, в свою очередь, способствует росту внутренней экономики и улучшению инвестиционного климата.




Рис.2. Как Вы оцениваете влияние улучшения транспортной инфраструктуры на скорость и эффективность грузоперевозок?

- Приоритетные направления

Более половины респондентов (55%) считают, что первоочередной задачей является улучшение дорожной инфраструктуры, а 26% выделяют развитие мультимодальных логистических систем (Рисунок 3).




Рис.3. Какой аспект стратегии модернизации, по Вашему мнению, следует рассмотреть в первую очередь?

•Ключевые факторы успешной реализации проектов модернизации

Основными факторами для успешной модернизации являются:

1.Финансирование — 65% участников опроса назвали финансирование основным элементом успеха. Разработка устойчивых схем финансирования, включая государственно-частное партнерство, позволит обеспечить своевременную реализацию проектов.

2.Современные технологии— внедрение автоматизированных систем управления, блокчейн-технологий и цифровых платформ для управления транспортом позволит обеспечить высокую точность, прозрачность и гибкость логистических операций.3. Квалифицированные кадры — кадровое обеспечение и постоянное обучение специалистов по внедрению и обслуживанию новых технологий обеспечат бесперебойное функционирование инфраструктуры.

Основными препятствиями для реализации модернизации инфраструктуры остаются сложности с финансированием, особенно в условиях бюджетных ограничений, а также нехватка специалистов, обладающих опытом в управлении сложными инфраструктурными проектами. Однако растущий спрос на качественные логистические услуги в регионе и заинтересованность международных партнеров создают хорошие перспективы для привлечения частных инвестиций и расширения рынков сбыта.

Таким образом, реализация стратегии модернизации транспортной инфраструктуры требует комплексного подхода и внедрения передовых решений. Прочные механизмы финансирования, развитие мультимодальных хабов и внедрение автоматизированных систем контроля обеспечат эффективное управление процессами и ускорят внедрение инноваций. Особое внимание должно уделяться системе мониторинга и контроля качества реализации проектов, что, по мнению большинства респондентов, является неотъемлемой частью успешного внедрения изменений. Только в этом случае можно ожидать устойчивый и эффективный рост транспортной инфраструктуры, который будет отвечать запросам общества и бизнеса в будущем

Модернизация транспортной инфраструктуры является неотъемлемой частью развития транзитного потенциала страны, что подтверждают результаты проведенного опроса. Важно использовать полученные данные для улучшения планирования и реализации стратегий в транспортной сфере.

Результаты этого исследования позволяют выделить ключевые аспекты, на которые влияет модернизация транспортной инфраструктуры. Улучшение инфраструктуры непосредственно способствует росту транзитного потенциала, что делает страну более привлекательной для международных партнеров.

Литература

1. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. «Глава государства провел расширенное заседание Правительства». 7 февраля 2024 года. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-rasshirennoe-zasedanie-pravitelstva-714237>

2. Об утверждении Концепции развития транспортно-логистического потенциала Республики Казахстан до 2030 года. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2022 года № 1116. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200001116>

3. Сисенова А.Т., Жарылкасын Ж.К. Транзитный потенциал страны как важнейший фактор экономического развития. Вестник университета «Туран». 2020;(3):55-58. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-3-55-58>

Ескуниева М.Е.,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается влияние цвета и формы в графическом дизайне на эмоциональное восприятие зрителей. Визуализация цвета и формы играет важную роль в общении и может существенно влиять на эмоциональное состояние и реакцию людей на рекламные и маркетинговые материалы. Также в статье анализируется психологическое воздействие различных цветов и форм на потребителей.

Abstract

The article examines the influence of color and shape in graphic design on the emotional perception of viewers. Visualization of color and form plays an important role in communication and can significantly influence the emotional state and reaction of people to advertising and marketing materials. The article also analyzes the psychological impact of various colors and shapes on consumers.

Графикалық дизайн брендтің визуалды сәйкестігін қалыптастыруда және тұтынушылардың назарын аударуда үлкен маңызға ие. Оның маңызды аспектілерінің бірі – түс пен пішінді пайдалану. Түс пен пішін тұтынушылардың эмоциялық қабылдауына айтарлықтай әсер етіп, белгілі бір реакциялар тудыруы мүмкін.

Психология дизайндағы басты рөлдердің бірін атқарады, өйткені ол адамдардың қоршаған әлемді қабылдауын және онымен өзара әрекеттесуін анықтайды. Бұл саладағы ең маңызды аспектілердің бірі – түстердің, пішіндердің және сызықтардың адамның эмоциялық күйіне және мінез-құлқына әсерін зерттеу.

Зерттеулер көрсеткендей, әртүрлі түстер адамдарда әртүрлі эмоциялар тудырады. Мысалы, қызыл түс – энергия мен күштілікті, көк – тыныштық пен сенімділікті, жасыл – табиғат пен сергектікті білдіреді. Пішіндер де тұтынушыларда белгілі бір эмоциялар мен ассоциациялар тудыруы мүмкін. Мысалы, дөңгелек пішіндер көбіне жұмсақтық пен мейірімділікпен, ал бұрышты пішіндер – күш пен тұрақтылықпен байланыстырылады.

Графикалық дизайнның негізін әртүрлі геометриялық пішіндер мен цифрлар құрайды. Олар логотиптер, иллюстрациялар және басқа да дизайн элементтерін жасау үшін қолданылады. Пішіндер бірнеше функцияны орындайды: дизайнға қызықтылық қосады, элементтерді ұйымдастыруға көмектеседі және ең маңызды ақпаратқа назар

аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пішіндер жай ғана декоративті элементтер емес, олар символикалық мәнге ие болып, белгілі бір эмоциялар тудыруы мүмкін.

Түс – өміріміздің маңызды бөлігі, ол біздің көңіл-күйіміз бен эмоциялық жағдайымызға тікелей әсер етеді. Түстердің психологиялық әсері көбіне субъективті және әр адамның мәдениеті мен жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгереді.

Белгілі психолог және психиатр В.М. Бехтерев: *«Дұрыс таңдалған түстер гаммасы жүйке жүйесіне кейбір дәрі-дәрмектерден де пайдалы әсер етуі мүмкін»* деп айтқан[2].

Ежелгі дәуірден бері дәрігерлер түстерді түрлі ауруларды емдеуде қолданған. Түстердің адам денсаулығы мен психикасына қаншалықты әсер ететіні уақыт өте келе дәлелденген.

Түстер мен олардың әсері – тек талғам мәселесі емес. Профессор Макс Люшер жасаған әйгілі түстік тестке сүйенсек, түстер – «визуалды сезімдер». Олар адамның ежелгі, архетиптік тәжірибесімен тығыз байланысты және физиологиялық процестерге де, қоршаған ортаны қабылдауға да әсер ете алады.

Адам қабылдайтын ақпараттың 80%-ы визуалды екені белгілі. Осыдан-ақ түстердің біздің әлемді қабылдауымыздағы рөлін түсінуге болады [1].

Веб-дизайн адамдардың мінез-құлқына әсер етуі тиіс болғандықтан, дизайнерлер түстер психологиясына көбірек көңіл бөлуде. Олар мақсатты аудиторияға сенім, жеделдік немесе құпиялылық сезімін қалыптастыру үшін мәдени ерекшеліктерді де ескереді.

Түстер психологиясын зерттеу веб-дизайнды жақсартуға үлкен ықпал етеді. Дұрыс түстерді пайдалану клиенттерді әрекетке итермелеп, оларды белгілі бір шешім қабылдауға бағыттай алады. Түс – тұтынушылардың назарын аударып, қажетті эмоциялар туғызу арқылы сатылымды арттыруға көмектесетін қуатты құрал.

Брендтің қабылдануы көбінесе оның түстік палитрасына байланысты. Сондықтан түстер психологиясының сендіру үдерісіндегі рөлін түсіну өте маңызды. Мұнда мәселе тұтынушылардың әрекетін өзгерту туралы болып отыр, ал бұл әрекет – өнімді сатып алу немесе белгілі бір шешім қабылдау болуы мүмкін.

Ғылыми зерттеулер тауарлардың түсі мен сатып алу ниетінің байланысын дәлелдеген. Әр жолы белгілі бір түсті көрген кезде, миыңыздағы гипоталамус реакциялар тізбегін іске қосады. Бұл реакциялар қалқанша безінің гормондарын бөлінуіне себеп болып, эмоцияларыңызды қозғап, мінез-құлқыңызға әсер етеді. Шындығында, сатып алу шешімдерінің **62%-90%** түске негізделген! Сондықтан түстер психологиясын тереңірек зерттеу сайттың конверсиясын арттыруға көмектесе алады.

Түстер кейде көзге көрінбейтіндей көрінгенімен, олардың әсері өте маңызды. Назар аудару керек негізгі аймақтар мыналар:

- суреттер;
- қалқымалы терезелер;
- шекаралар;
- тақырыптар;
- фон ренктері;
- негізгі веб-баннерлер немесе графикалық элементтер;
- әрекетке шақыру түймелері.

Түстердің эмоционалды және кеңістіктік қасиеттері

Түс	Қасиеттері
Сары	Көру аймағын кеңейтеді, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды, жылылық пен жеңілдік сезімін тудырады.
Қызғылт сары	Кеңістікті жақындатады, қалыңдық әсерін береді, қуаныш сезімін тудырады.
Күлгін	Кеңістікті тарылтады, салқындық пен ауырлық сезімін береді, мұң мен жабырқау тудырады.
Көк	Кеңістікті қысқартады, салқындық, тазалық және тыныштық әсерін береді, адамды пассивті етеді.
Жасыл	Кеңістікті аздап тарылтады, салқындық пен табиғилық сезімін береді, тыныштандырады.
Қызыл	Кеңістікті тарылтады, жылулық пен ауырлық сезімін тудырады, қоздырады. Үлкен жастағы адамдар үшін қызыл түс аса қолайлы емес, себебі ол динамикалық, агрессивті және қауіптілікті білдіреді.
Ақ	Кеңістікті кеңейтеді, жеңілдік сезімін береді, эмоционалды тұрғыда бейтарап қалдырады.
Қара	Кеңістікті тарылтады, ауырлық пен салмақтылық әсерін тудырады, тұрақтылық пен стильділік сезімін береді.
Сұр	Кеңістікке әсер етпейді, бейтараптық пен байсалдылық сезімін береді.

Moz компаниясы жариялаған зерттеуге сәйкес, онлайн ойын автоматтары өндірушісі өз сайтындағы әрекетке шақыру түймесінің түсін жасылдан сарыға өзгерткенде, конверсия деңгейі 187,4%-ға артқан!

Сондықтан веб-сайттарда әртүрлі түстер схемаларын қолдану ұсынылады. Көп өлшемді тестілеу жүргізіп, мақсатты аудиторияға ең үлкен әсер ететін түстерді анықтау – сәтті дизайнның кілті.

Түстер психологиясының негізділігін дәлелдейтін тағы бір зерттеу бар. Академиялық ортада қызыл түс көбінесе қателерді белгілеумен байланысты. Рочестер университетінің зерттеушілері бұл тұжырымды төрт түрлі эксперимент арқылы сынап көрді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қызыл түсті қолдану (мысалы, қызыл футболка кию) адамның нәтижелілігіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл қызыл түстің қауіп, қысым және қателікпен байланыстырылуымен түсіндіріледі. Осы себепті білім беру және академиялық ортада қызыл түсті шамадан тыс қолдану ұсынылмайды [3].

Түсті қолдану – қолданушыға эмоциялық және функционалдық әсер ететін маңызды аспект. Түстер үйлесімін және олардың адам миына әсерін түсіну дизайнерлерге тиімді және тартымды жобалар жасауға мүмкіндік береді.

Түстер психологиясын дұрыс қолдану арқылы керемет нәтижелерге қол жеткізуге болады, сонымен қатар аудиторияға оң әсер етуге мүмкіндік туады.

Дұрыс таңдалған түс пен пішін тұтынушылардың эмоциялық қабылдауына ықпал етіп, белгілі бір сезімдер мен ассоциациялар тудырады. Бұл брендтің немесе өнімнің таныла түсуіне және есте сақталуына көмектеседі.

Сондықтан графикалық дизайн жасағанда, түстер мен пішіндердің адам эмоцияларына әсерін ескеру өте маңызды.

Әдебиет

1. Гаральд Браэм Психология цвета 2011. С. 13-14.
2. Панина А.А, Сычева Л.А. Психология цвета 2016.
3. Шейн Баркер. Психология цвета в веб-дизайне 17 сентября 2021.
4. Тихонюк А. Н. Фирменный стиль театра-студии «Грани», 2013.

ӘОЖ 33.338

Аймақтағы шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды ұйымдастыруды жетілдіру

Қалымбетова Салтанат.,
М.Х.Дулата атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются методы управления малым бизнесом в Республике Казахстан, так как в настоящее время большое внимание уделяется управлению и развитию малого бизнеса. Целью данной статьи является определение механизмов совершенствования управления малым бизнесом в Республике Казахстан.

В статье рассматривается совершенствование организации развития малого бизнеса в регионах Республики Казахстан.

Abstract

This article discusses the methods of small business management in the Republic of Kazakhstan, as currently much attention is paid to the management and development of small businesses. The purpose of this article is to identify mechanisms for improving the management of small businesses in the Republic of Kazakhstan. The article discusses the improvement of the organization of small business development in the regions of the Republic of Kazakhstan.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында шағын бизнесті дамыту мемлекеттік реттеудің маңызды бағыттарының бірі болып жарияланды. Оған экономикалық мәселелерді шешуде үлкен үміт артылады: кәсіпкерлік пен сауданы дамыту, шағын меншік иелері класын қалыптастыру, жаңа жұмыс орындары есебінен салық базасын кеңейту есебінен бюджетке төлемдерді қамтамасыз ету, кәсіпкерлік белсенділікті арттыру.

Мемлекет нарықтық қатынастарды дамытуда, кәсіпкерлік базаны, оның ішінде шағын бизнесті жетілдіруде де маңызды рөл атқарады. Өйткені, бұл нақты бизнестің әл-ауқатына алғашқы серпін беретін мемлекет. Бұл бизнестің болашақта өркендеуі және тек иесі үшін ғана емес, мемлекет үшін де жеміс беруі үшін. Мемлекет оны барлық кедергілерден қорғауы керек. Қазіргі уақытта президент Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамытуға мүдделі [1].

Бизнесті дамыту көптеген мәселелерге тап болады, атап айтқанда ақпараттық, қаржылық, институционалдық, білім беру және қоғамдық (бюрократия, сыбайлас жемқорлық), осы мәселелердің барлығы шешілді және менің ойымша, жақын арада ел осы мәселелерді шешу үшін қойылған міндеттерді орындай алады. Дәл осы шешімдердің арқасында ел экономикасы дамуда. Қазіргі жағдайда экономикалық дағдарысты еңсеру жеделдетіледі және осы негізде әрбір кәсіпорынның, бірлестіктің, ауданның, саланың және тұтастай республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы жеделдетіледі.

Әр ұлт өз кәсіпкерлерінің қызметімен мақтанады. Бірақ әрбір ұлт, оның әрбір жеке өкілі нақты кәсіпкерлік идеяны жүзеге асыруға қатысатындығын мақтан тұтады. Кәсіпкерлік әлеуметтік қатынастарды білдірудің өзіндік нысандарының бірі ретінде қоғамның материалдық және рухани әлеуетін арттыруға ғана емес, әр адамның қабілеттері мен таланттарын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызады, сонымен қатар ұлт бірлігіне, оның ұлттық рухы мен ұлттық мақтанышын сақтауға ықпал етеді [2].

Соңғы уақытта Қазақстандағы кәсіпкерлік кәсіпорындар мен оларда жұмыс істейтін қызметкерлер санының тұрақсыз өсу серпінімен сипатталады. Бизнестің әр түрі икемді басқаруды және жаңа шешімдерді, технологияларды және нарықтарды үнемі іздеуді

қажет етеді. Шағын бизнес иесінің басты проблемаларының бірі-оның дамуының барлық кезеңдерінде шағын бизнесті жетілдіру. Егер бастапқыда дара кәсіпкер құрған шағын кәсіпорын "табиғи әдістерді" басқара алса, онда персонал саны немесе тапсырыс көлемі ұлғайған сайын шағын бизнесті жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру қажет.

Көптеген шағын бизнестің басты кемшіліктерінің бірі-қаржылық көрсеткіштерді нақты жоспарлаудың болмауы. Шағын бизнесті жетілдірудің тағы бір бағыты-жаңа өндірістік технологияларды қолдану. Көптеген шағын бизнес иелері ескірген жабдықты сатып алуға мәжбүр, ол толығымен жарамсыз болғанға дейін қолданылады. Өкінішке орай, әрбір кәсіпкер өз бизнесі үшін жабдықты жанартуға немесе сатып алуға қаражат бөле алмайды, бұл шағын кәсіпорын өндіретін өнімге теріс әсер етеді. Шағын бизнесті жақсарту кадр саясатына да әсер етуі керек. Егер компания дамудың бастапқы сатысында болса, онда сіз достарыңызға өз бизнесіңіз туралы айтып, қызметкерлерді жалдай алатын болсаңыз, онда шағын бизнесті кеңейту барысында Сіз Жұмыспен қамту агенттігіне хабарласуыңыз керек немесе "жұмыс күшін" іздеу үшін интернетте жарнама орналастыруыңыз керек [3].

2024 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өнімдері 62,1 млрд. теңгені, НКИ -90,1% құрады.

Кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда 23,2%-ға (6,2 млрд. теңге), сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау өңдеу және жою, ластануды жою қызметтерінің көлемінде 1,6%-ға (0,5 млрд.теңге) өсім байқалады.

Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібі 21,4%-ға (40,1 млрд. теңге), электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда 5,4%-ға (15,3 млрд. теңге) төмендеді.

2024 жылы құны 34,9 млрд. теңгені құрайтын 5 өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыру жоспарлануда және 426 жаңа жұмыс орынын құру жоспарлануда («Shagala Mining» ЖШС-Мойынқұм ауданындағы мыс кендерін үймелеп шаймалау бойынша кәсіпорын салу, құны - 29568 млн. теңге, қуаттылығы - 9072 тн/жыл., 200 жаңа жұмыс орыны ашылады (Мойынқұм ауданы); «Kazchemtrading» ЖШС- цемент зауытының құрылысы, құны – 4500 млн.теңге, қуаттылығы – 400 мың тн/жыл., 167 жаңа жұмыс орыны ашылады (Сарысу ауданы); «IMG Group» ЖШС – мақсары майы өндірісін құру, құны – 120 млн. теңге, қуаттылығы – 360 тн/жыл., 8 жаңа жұмыс орыны ашылады (Жуалы ауданы); «Genesis» ЖК – қызанақ шырынын өндіру, көкөніс өсіруге арналған жылыжай салу, гидропоникада жасыл жем өндіру, құны – 220 млн. теңге, қуаттылығы – қызанақ 250 тонна, қияр – 375 тонна, қызынық шырыны – 35000 литр, жасыл жем–250 тонна жылына, 18 жаңа жұмыс орыны ашылады

(Жуалы ауданы); «Satellie GS» ЖШС– мыңарал кен орнының құрамында алтын бар кенді өндіру және байыту бойынша зауыт құрылысы, құны–500 млн.теңге, қуаттылығы – 30 мың тонна құрамында алтын бар кен концентраты жылына, 33 жаңа жұмыс орыны ашылады (Мойынқұм ауданы)).

Өнеркәсіптік-инновациялық жоба іске асырылды, онда 170 жаңа жұмыс орны құрылады [4].

1.«АлельАгро» АҚ– Жамбыл облысында құс еті шаруашылығын дамыту. Жоба құны - 25 600 млн. теңге. Жоба қуаттылығы – жылына 135 мың тонна. 100 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда (Байзақ ауданы).

2. «Мол Даму» ӘКК - сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу цехын салу. Жоба құны – 300 млн.теңге. Жоба қуаттылығы – жылына 7 мың тонна. 20 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда (Жуалы ауданы).

3.«KazGazBlock» ЖШС-г - автоклавты газдалған бетон өндіретін зауыт құрылысы. Жоба құны – 1298,5 млн.теңге. Жылдық қуаттылығы – жылына 100 мың текше метр. 50 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда (Байзақ ауданы).

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту Ұлттық жобасы аясында (Бизнестің жол картасы - 2025 іске асырылуы бастағаннан бері) барлық қаржылық қолдау құралдары бойынша сомасы 243,9 млрд.теңгеге 10217 жоба іске асырылуда.

Инвестиция көлемінің өсуі Жуалы ауданында «Қарасаз - 2023» АӨК және «Алатау-Береке» АӨК ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу есебінен, Меркі ауданында «Қазавтожол» ҰК» АҚ Жамбыл облыстық филиалының республикалық маңызы бар «Мерке-Бұрыл Байтал» автожолының учаскесін қайта жаңартуға есебінен, Талас ауданында «ИнвестКомпани» ЖШС-нің негізгі құралдарын сатып алу есебінен, Шу ауданында «Қазақмыс корпорациясы «Балхашцветмед» өндірістік бірлестігі» ЖШС-нің Шатыркөл-Жайсан кластерінде қайта өңдеу фабрикасының құрылысы есебінен қамтамасыз етілді.

Есепті кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі 5,1 млрд. теңгені немесе 2023 жылдың тиісті кезеңіне 218,8%-ды құрады.

Өсім республикалық маңызы бар «Меркі-Бұрыл Байтал» автожолының Шу қаласының 90-000-126+638 шақырымындағы айналма бөлігін қайта жаңғырту есебінен қамтамасыз етілді («ҚР «СиньСинь» Құрылыс және даму жөніндегі Қытай компаниясы» ЖШС-гі филиалымен).

Тұрғын үй. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 30,7 мың ш.м немесе 2023 жылдың тиісті деңгейіне 116,6%-ды құрады.

Инфляция деңгейі 2024 жылғы қаңтар айында 2023 жылғы желтоқсанға 0,8% - құрады. Азық - түлік тауарларының бағасы 1,0% - ға, азық-түлік емес тауарларға - 0,5% - ға, ақылы қызметтерге - 0,8% - ға өсті.

Облыс бойынша инфляция деңгейі орташа республикалық деңгейінде қалыптасты (ҚР - 0,8%).

Шағын бизнесті жетілдірудің маңызды кезеңдерінің бірі- өкілеттіктерді бөлу. Шағын бизнес иесі кәсіпорынды басқару кезінде туындайтын барлық мәселелерді физикалық түрде шеше алмайды. Есептілікті дайындау және тапсыру сияқты кейбір жұмыс түрлері тапсырманы тезірек және жақсырақ орындайтын басқа шағын кәсіпорынға тапсырылуы мүмкін [5].

Қазақстандағы шағын бизнес проблемаларын шешу жолдары:

-шағын кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін арттыру үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау;

-экономикалық саясатты, оның ішінде ғылыми-техникалық, инновациялық, инвестициялық, баға саясатын іске асыру;

-шағын бизнестің тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін салық және кредиттік-қаржылық саясатты іске асыру;

-шағын кәсіпорындарға сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесу; олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, шағын кәсіпорындарды қолдаудың арнайы шараларын қолдану.

-кәсіпкерлердің жекелеген топтары мен қызмет түрлерін жеңілдету; тіркеу және есеп беру рәсімдерін жеңілдету, лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесін қысқарту. Әлеуметтік сақтандыру шығындарын азайту.

Шағын бизнесті дамытуға жәрдемдесу мемлекеттік реттеу саясатының мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

-жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, халықтың жалпы әл-ауқатын арттыру;

-инвестициялық процестерді жандандыру; жаңа өнімдерді әзірлеуді қаржыландыру арқылы инновацияларды ынталандыру.

Әдебиет

1.Об утверждении Концепции развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан до 2030 года <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000250>

2.Об утверждении Государственной программы поддержки и развития бизнеса "Дорожная карта бизнеса-2025" <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/20997?lang=ru>

3.Совершенствование системы государственной поддержки предпринимательства в республике казахстан <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5833>

4.Жамбыл облысының әкімдігі ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/documents/details/598677?lang=kk>

5.Есиркепова,А.М.Бизнес-жоспарлау [Мәтін] : оқу құралы / А.М. Есиркепова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 296 б. - ISBN 978-601-342-885-7<http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Web/SearchResult/ToPage/1>

6.ДиМаттео Ларри А.Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта: транзакциялық тұрғыдан зерделеу [Мәтін] = International bussiness law fnd the legal environment : оқу құралы / ДиМаттео Ларри А.; Ауд. К. М. Абишова, Г.С. Жолдасбаева, Е.Н. Искаков және т.б. - 3-ші басылым. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2019. - 680 б

ӘОЖ. 164.01

Қазақстандық экспорттық стратегияны дамытудағы астық логистикасы

Камысбаева Айжан Талгатовна,
т.ғ.м., аға оқытушы,
Марат Сара

т.ғ.м., аға оқытушы,
Қайратұлы Аян

ОПД-23 оқу тобының студенті
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматривается текущее состояние экспорта пшеницы Казахстана, основные направления и логистические проблемы. Казахстан является одной из ведущих стран мира по производству зерна, однако для повышения эффективности экспорта необходимо снижать транспортные расходы, улучшать инфраструктуру и увеличивать долю переработанной продукции.

Abstract

This article examines the current state of Kazakhstan's wheat exports, key directions, and logistical challenges. Kazakhstan is one of the world's leading grain producers; however, to enhance export efficiency, it is essential to reduce transportation costs, improve infrastructure, and increase the share of processed products.

Қазақстан Республикасы – әлемдегі жетекші азық-түлікке жарамды бидай өндіруші елдердің бірі болып табылады және тұрақты түрде бидай мен ұнды халықаралық нарыққа жеткізетін алғашқы он елдің қатарына кіреді [2]. Қазақстанның әлемдік бидай экспортындағы үлесі жыл сайын өнім көлеміне байланысты өзгеріп отырады.

Әлемдік нарықта бидай экспорты бойынша көшбасшы орын АҚШ-қа тиесілі [3]. Бұл ел өндіріс көлемі жағынан Еуропалық Одақ, Қытай және Үндістаннан кейінгі орында болғанына қарамастан, экспорт көлемі бойынша бірінші орында тұр.

Әлемдегі екінші ірі бидай өндіруші ел – Қытай, алайда ішкі нарықтағы жоғары сұранысқа байланысты, ел өз өндірісінің барлығын тұтынатындықтан, бидайды экспорттамайды, керісінше, импорттайды.

Пәкістан әлемдік нарықта бидай экспорттаушы елдер қатарында айтарлықтай үлеске ие емес. Үндістан 2012 жылдан бастап экспорт көлемін айтарлықтай арттырып, алғаш рет бидай экспорттаушы елдердің алғашқы ондығына кірді. Египет пен Иран өз өндірісі мен импорт арқылы ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ететіндіктен, бидай экспорттамайды.

Бидай өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы саналатын Еуропалық Одақ, экспорттаушы әрі импорттаушы елдер қатарында жетекші орын алады.

Жыл сайын әлемдік бидай импортының 50%-дан астамы Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Азия елдеріне бағытталады. Нарықтағы бидай бағасы негізінен осы өңірлердің қажеттіліктеріне байланысты қалыптасады.

Қазақстандық бидайдың әлемдік нарықтағы негізгі бәсекелік артықшылықтары: жоғары протеин мен белок мөлшері (12,5%-дан жоғары) және шикі желімтектің (глютен) деңгейі (23-30%); экологиялық тазалығы және генетикалық модификацияланған қоспалардың болмауы [4].

Жыл сайын Қазақстандағы 1-3 сыныптың бидайы жалпы жиналған бидайдың аз дегенде 70%-ын құрайды [5]. Бұл бидай көптеген елдерде нан пісіру үшін арнайы жарамдылықты арттыру мақсатында кеңінен қолданылады. Алайда, Қазақстанның өз атынан дүниежүзілік тауар биржаларында жеке бидай бағасы жоқ, сондықтан ол Қара теңіз аймағының (Ресей мен Украина) бидай бағасына тікелей тәуелді.[6]

Қазақстанның бидай экспортының негізгі бағыттарына Орта Азия елдері, Ауғанстан, Кавказ елдері және Иран жатады. 2023 жылы Қазақстанның жалпы бидай экспорты 9,2 млн тоннаны құрады, оның ішінде Орта Азия елдеріне 5,7 млн тонна, Ауғанстанға 2,1 млн тонна, Иран мен Кавказ елдеріне 1,4 млн тонна жөнелтілді [2]. Сонымен қатар, Қазақстан жыл сайын 3 млн тоннаға дейін ұн экспорттайды, бұл әлемдік ұн экспортының 10%-ын құрайды.

Алайда, соңғы жылдары Қазақстандық ұн экспортының көлемі төмендеуде. Мысалы, 2015 жылы Қазақстан 2,4 млн тонна ұн экспорттаса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,8 млн тоннаға дейін қысқарды. Бұған көршілес елдердің өздеріндегі диірмен өндірісін ұлғайтуы, сондай-ақ импортқа енгізілген салықтар мен баждар себеп болуда. Мысалы, Өзбекстан Қазақстандық ұнға 11% акциз салығын енгізсе, Қырғызстан 70 АҚШ доллары көлемінде импорттық баж салығын қолдануда.

Кесте 1. 2023 жылғы Қазақстанның бидай экспортының негізгі бағыттары

Экспорт бағыты	Экспорт көлемі (млн тонна)	Жалпы экспорттағы үлесі (%)
Орта Азия елдері	5,7	62
Ауғанстан	2,1	23
Иран мен Кавказ елдері	1,4	15
Барлығы	9,2	100

Қазақстандық бидай мен ұн экспортын ұлғайту үшін логистикалық шығындарды азайту, жүк тасымалдау тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар бар. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстаннан теңізге шығу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, транзиттік тасымалдау шығындары өнімнің жалпы құнының 30-40%-ын құрайды [5]. Осы шығындарды азайту үшін теміржол тасымалын оңтайландыру, шекаралық өткізу пункттеріндегі бюрократиялық кедергілерді азайту, сондай-ақ астық терминалдарының инфрақұрылымын дамыту қажет [6].

Бұдан бөлек, Қазақстан бидай экспортын шикізат түрінде емес, өңделген өнімдер – ұн, макарон өнімдері және крахмал өндірісі арқылы ұлғайтуы тиіс. Бұл қосымша құн қосып, экспорттық табысты арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер Қазақстан экспортталатын 1,8 млн тонна ұнның көлемін 2,5 млн тоннаға жеткізсе, бұл ел экономикасына қосымша 150 млн АҚШ долларына дейін кіріс әкелуі мүмкін.

Жалпы, Қазақстан бидай мен ұн нарығындағы орнын сақтап қалу және нығайту үшін экспорттық бағыттарды әртараптандыру, логистикалық шығындарды азайту және жоғары қосылған құнға ие өнімдерді өндіруді кеңейту маңызды.

Қазақстанның бидай экспортының негізгі бағыттарына Орта Азия елдері, Ауғанстан, Кавказ елдері және Иран жатады. 2023 жылы Қазақстанның жалпы бидай экспорты 9,2 млн тоннаны құрады, оның ішінде Орта Азия елдеріне 5,7 млн тонна, Ауғанстанға 2,1 млн тонна, Иран мен Кавказ елдеріне 1,4 млн тонна жөнелтілді. Сонымен қатар, Қазақстан жыл сайын 3 млн тоннаға дейін ұн экспорттайды, бұл әлемдік ұн экспортының 10%-ын құрайды.

Алайда, соңғы жылдары Қазақстандық ұн экспортының көлемі төмендеуде. Мысалы, 2015 жылы Қазақстан 2,4 млн тонна ұн экспорттаса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,8 млн тоннаға дейін қысқарды. Бұған көршілес елдердің өздеріндегі диірмен өндірісін ұлғайтуы, сондай-ақ импортқа енгізілген салықтар мен баждар себеп болуда. Мысалы, Өзбекстан Қазақстандық ұнға 11% акциз салығын енгізсе, Қырғызстан 70 АҚШ доллары көлемінде импорттық баж салығын қолдануда.

Қазақстандық бидай мен ұн экспортын ұлғайту үшін логистикалық шығындарды азайту, жүк тасымалдау тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар бар. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстаннан теңізге шығу мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, транзиттік тасымалдау шығындары өнімнің жалпы құнының 30-40%-ын құрайды. Осы шығындарды азайту үшін теміржол тасымалын оңтайландыру, шекаралық өткізу пункттеріндегі бюрократиялық кедергілерді азайту, сондай-ақ астық терминалдарының инфрақұрылымын дамыту қажет.

Бұдан бөлек, Қазақстан бидай экспортын шикізат түрінде емес, өңделген өнімдер – ұн, макарон өнімдері және крахмал өндірісі арқылы ұлғайтуы тиіс. Бұл қосымша құн қосып, экспорттық табысты арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер Қазақстан экспортталатын 1,8 млн тонна ұнның көлемін 2,5 млн тоннаға жеткізсе, бұл ел экономикасына қосымша 150 млн АҚШ долларына дейін кіріс әкелуі мүмкін.

Жалпы, Қазақстан бидай мен ұн нарығындағы орнын сақтап қалу және нығайту үшін экспорттық бағыттарды әртараптандыру, логистикалық шығындарды азайту және жоғары қосылған құнға ие өнімдерді өндіруді кеңейту маңызды.

Қазақстанның бидай және ұн экспорты аграрлық сектордың маңызды бөлігі болып табылады және ел экономикасына айтарлықтай үлес қосады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экспорт көлемін арттыру үшін көлік шығындарын төмендету, логистикалық инфрақұрылымды жақсарту және өнімнің қосылған құнын арттыру маңызды факторлар болып табылады. Бидайды шикізат түрінде емес, қайта өңделген өнімдер түрінде экспорттау арқылы Қазақстан халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экспорттық түсімдерді көбейте алады [3]. Сонымен қатар, шекаралық кедергілерді азайту және сауда әріптестерімен тиімді ынтымақтастық орнату елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосымша мүмкіндік береді [4]. Осылайша, Қазақстанның астық нарығындағы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін экспорттық стратегияны жетілдіру қажет.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі. Ауыл шаруашылығы статистикалық мәліметтері, 2023.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Қазақстанның экспорттық саясаты. – Нұр-Сұлтан: Экономика институты, 2022.

3. FAO (Food and Agriculture Organization). Global wheat market trends and trade analysis, 2023

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Сауда және экспорт көрсеткіштері, 2023.

5.Еуразиялық экономикалық комиссия. Агроөнеркәсіп кешені туралы шолу, 2023.

6.Назарбаев Университеті. Қазақстанның бидай өндірісінің логистикалық мәселелері. – Алматы: Экономика институты, 2021.

ӘОЖ.81.33

"Жылы құрылыс ерітінділерін" қолдана отырып, тұрғын ғимараттың кірпіш қалауының және еден құрылымының жылу қорғау қасиеттерін арттыру

Рыскалиев М.,
Табылдиев Е.,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті
(Орал қаласы)

Резюме

В статье рассматривается использование теплых строительных растворов в условиях холодного климата Казахстана для повышения энергоэффективности жилых зданий. Основное внимание уделяется улучшению теплоизоляционных свойств зданий с помощью применения легких наполнителей (перлит, вермикулит, пеностекло), которые снижают теплопроводность растворов. В статье описаны преимущества теплых растворов, включая их низкую теплопроводность, хорошую звукоизоляцию, экологичность и огнестойкость. Также рассматриваются их применение для кладки кирпичей и укладки полов, что способствует уменьшению теплопотерь и улучшению комфорта в помещениях. Исследования показали, что использование теплых растворов повышает теплоизоляционные свойства зданий на 20-25%. Результаты показывают, что теплые растворы являются эффективным способом улучшения качества строительства и энергоэффективности в условиях холодного климата.

Abstract

The article discusses the use of warm building mortars in Kazakhstan's cold climate to improve the energy efficiency of residential buildings. The focus is on enhancing the thermal insulation properties of buildings by using lightweight fillers (perlite, vermiculite, foam glass), which reduce the thermal conductivity of the mortars. The article outlines the advantages of warm mortars, including their low thermal conductivity, good sound insulation, environmental friendliness, and fire resistance. It also discusses their application in bricklaying and flooring, which helps reduce heat loss and improve comfort in buildings. Studies have shown that the use of warm mortars improves the thermal insulation properties of buildings by 20-25%. The results indicate that warm mortars are an

effective method for improving construction quality and energy efficiency in cold climates.

Қазақстанның климаттық жағдайлары тұрғын үйлердің энергия тиімділігіне жоғары талаптар қояды. Суық климаттық аймақтарда ғимараттардың жылушығынын азайту және тұрғындардың жайлы өмір сүру шарттарын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты жылу оқшаулағыш материалдарды қолдану және құрылыс процестерін оңтайландыру мәселелері өзекті болып отыр.

Құрылыс саласында жылу оқшаулағыш материалдарды қолдану, әсіресе «жылы құрылыс ерітінділерін» пайдалану – перспективалы бағыттардың бірі. Бұл ерітінділердің жылу өткізгіштігі төмен, салмағы жеңіл және энергияны үнемдеу көрсеткіштері жоғары. Олар дәстүрлі құрылыс ерітінділерімен салыстырғанда тиімділігі жоғары, сондықтан заманауи құрылыс стандарттарына сәйкес келеді [1].

«Жылы құрылыс ерітінділерін» пайдалану кірпіш қалаумен еден конструкцияларында жылу сақтауды жақсартуға мүмкіндік береді. Олар жылу көп жоғалатын аймақтарда – тігіс орындарында және еденнің астыңғы қабатында – жылуды тиімді ұстап тұрады. Мұндай ерітінділердің құрамы жеңіл толтырғыштар (перлит, вермикулит, пеностекло) мен арнайы қоспалар негізінде дайындалады, бұлолардың жылу оқшаулағыш қасиеттері арттырады.

«Жылы құрылыс ерітінділерінің» қасиеттері мен құрамы

Қазіргі заманғы жылы ерітінділер дәстүрлі компоненттер (цемент, құм) негізінде жылу оқшаулау қоспаларын қосу арқылы жасалады. Мұндай қоспаларға мыналар жатады:

- Перлит;
- Вермикулит;
- Пеностекло;
- Пемза;

Органикалық талшықтар (мысалы, целлюлоза).

Бұл қоспаларды пайдалану ерітіндінің тығыздығын және оның жылу өткізгіштігін төмендетуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, жылы ерітінділердің жылу өткізгіштік коэффициенті 0,1-ден 0,3 Вт/(м·К) аралығында болады, бұл дәстүрлі цемент-құм қоспаларынан айтарлықтай төмен [2].

Жылы құрылыс ерітінділерінің қасиеттері

• *Жылу өткізгіштігі төмен:* Бұл негізгі қасиет жылу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

• *Ылғалға төзімділік:* Кейбір түрлері ылғалдың әсеріне төзімді.

• *Дыбыс оқшаулау:* Көптеген жылы ерітінділер жақсы дыбыс оқшаулау қасиеттеріне ие.

• *Жеңіл салмақты:* Бұл құрылыс конструкцияларына жүктемені азайтады.

- *Экологиялық тазалық:* Кейбір түрлері экологиялық таза болып саналады.

- *Өртке төзімділік:* Өртке төзімділігі әр түрлі болуы мүмкін.

Жылы құрылыс ерітінділерінің ерекшеліктері

Жылы құрылыс ерітінділері – қолдануалдында 30–60°C дейін қыздырылған арнайы қоспалар. Олар келесі артықшылықтарға ие:

Беріктікті арттыру – жылы ерітінділердің адгезиясы жоғары, бұл кірпіш арасындағы байланысын күшейтеді.

Құрылыс мерзімін қысқарту – ерітіндінің тез қатуы құрылысты жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Жылу жоғалтуды азайту – жылы ерітінділер материалдардың жылу өткізгіштігін төмендетеді.

Тұрғын ғимараттардың кірпіш қалауының жылу қорғау қасиеттерін арттыру[3].

Кірпіш қалау кезінде жылы ерітінділерді пайдалану бірнеше маңызды нәтижелер береді:

- 1.Ерітіндінің біркелкі таралуы – жылы ерітінділер материалдың ішіне жақсы сіңіп, кірпіш арасындағы жылулық көпірлердің пайда болуын азайтады.

- 2.Мұз қатудың алдын алу – қыста ерітіндінің жылулығы арқасында құрылыс процесі үздіксіз жүреді.

- 3.Жылу оқшаулау қоспаларын қосу – жылы ерітінділердің құрамына перлит, вермикулит немесе басқа жеңіл толтырғыштар қосу арқылы олардың жылу өткізгіштігін төмендетуге болады.

Еден құрылымдарының жылу қорғау қасиеттерін жақсарту [4].

Еден құрылымын жылулық қорғау үшін жылы құрылыс ерітінділерін қолдану бірнеше артықшылық береді:

Қатудың алдын алу – еден ерітіндісінің жылы болуы бетон қоспасының біркелкі қатуын қамтамасыз етеді.

Жылу оқшаулау әсері – жылы ерітіндімен төселген едендер жылуды ұзақ сақтайды, бұл ғимарат ішіндегі жайлылықты арттырады.

Қабаттар арасындағы байланыс күшеюі – жылы ерітінділер қолданылған жағдайда бетон мен төсемелер арасындағы адгезия жоғарылайды.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері

Жылы құрылыс ерітінділерін қолданудың тиімділігін анықтау үшін келесі сынақтар жүргізілді:

10°C, 35°C және 50°C температурадағы ерітінділермен жасалған кірпіш қалауының жылу өткізгіштігін салыстыру.

Жылы ерітіндімен және қалыпты ерітіндімен төселген еден конструкцияларының температуралық динамикасын өлшеу.

28 күннен кейін материалдардың беріктігі мен жылу оқшаулау қасиеттерін салыстыру.

Нәтижелер көрсеткендей, 35–40°C температурадағы жылы құрылыс ерітінділерімен жасалған кірпіш қалау және еден

конструкциялары жылу қорғау қасиеттері бойынша 20–25% жақсы нәтижелер көрсетті [5].

Жылы құрылыс ерітінділерін пайдалану тұрғын ғимараттардың кірпішқ алау мен еден құрылымдарының жылу оқшаулауын жақсартудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл әдіс:

Жылу жоғалтуды азайтады.

Құрылыс сапасын арттырады.

Суық климаттық аймақтарда құрылыс жұмыстарын үздіксіз жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жылы құрылыс ерітінділерін қолдану – энергия үнемдеудің және құрылыс сапасын жақсартудың заманауи тәсілі.

Әдебиет

1. ГОСТ 28013-98 – Құрылыс ерітінділері. Жалпы техникалық талаптар.

2. ГОСТ 31384-2008–Құрылыстағы аязға төзімділікке қойылатын талаптар.

3. Снежкин Е.Ф., Бычков В.В. Влияние температуры раствора на качество кладки в зимнее время // Строительные материалы и технологии. – 2017. – №4. – С. 45-50.

4. Казаков А.Н., Смирнов П.П. Применение теплых растворов в строительстве // Современные строительные технологии. – 2020. – Т. 12, №1. – С. 78-85.

5. ҚР Құрылыс нормалары (ҚН) 2.04-21-2004 – Қысқы уақытта құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу ережелері.

ӘОЖ. 35.077.1

Мемлекеттік басқарудағы электрондық үкіметтің мәні мен рөлі

А.С.Байғалиева

Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті
(Орал қаласы)

Резюме

Историческая идея электронного правительства стала известна в конце прошлого века, когда в сферу общественной деятельности вступило в силу внедрение вычислительной техники или информатизации. Человеческое общество встречает третье тысячелетие, и период, на котором пересекаются века, по-разному обозначается и определяется особенностями развития общественной жизни: в этом смысле «информационное общество» - это эпоха техногенной цивилизации, постиндустриальное общество, постмодернистское общество и т.д. Так же одним из наиболее часто

используемых сравнений современности является "информационное общество".

Abstract

The historical idea of e-government became known at the end of the last century, when the introduction of computer technology or informatization came into force in the sphere of public activity. Human society is entering the third millennium, and the period in which centuries intersect is variously designated and determined by the peculiarities of the development of social life: in this sense, the "information society" is the era of man-made civilization, post-industrial society, postmodern society, etc. Also, one of the most frequently used comparisons of our time is the "information society".

Электрондық үкіметтің басты мақсаты барлық мемлекеттік қызметтер саласын түбегейлі өзгерту болуы тиіс. Осы идеяға сәйкес электрондық үкіметтің мәні қызметтерді көрсету модельдерін жетілдіру үшін және билік органдарының және мемлекеттік мекемелердің қызмет істеуінің тиімділігін жоғарлату үшін виртуалды кеңістікті пайдалануда. Қазір әлемде болып жатқан ақпараттық революция балама жолын ашты. Ол азаматтар, түрлі қоғамдастықтар, қауымдастықтар, жеке сектор, бизнес, мемлекеттік мекемелер және "қоғам" және "жұртшылық" ұғымдарына кіретін басқа көптеген құрылымдардан тұратын қоғамның пайдасына басқару функцияларының қатарын және билік уәкілеттіліктерін ерікті бөлу болып табылады.

«Электрондық үкімет» терминін алғаш кім айтқанын анықтау қиын. Ол «электронизация» кезеңінде пайда болған. Ол беталыстың бірінші кезеңі 2003 жылдың желтоқсанында Женевада болған ақпараттық қоғамның дүниежүзілік кездесулерінің құжаттарында да айқын көрінді. Олардан біз электрондық бизнес, электрондық денсаулық сақтау, электрондық ауыл шаруашылығы, электрондық ғылыми қызмет тағы басқасы сияқты терминдерін таба аламыз.

Ақпараттық қоғам–постиндустриалды қоғамның қалыптасуының қажетті және табиғи жемісі (1-сызба). Отандық ғалым С.Мырзалы ХХ ғ. 60 жылдарынан бастап біршама индустриалдық сатыға көтеріліп, ол информациялық, яғни ақпараттық қоғам деп аталғанын және де постиндустриалды қоғамда көп адамдар өзін еркінмін деп сезінгенімен, іс жүзінде, биліктегілердің байқалмайтын нәзік ықпалының шеңберінен шыға алмайтындығын көрсетеді. Оны іске асыратын – сол елдердегі «mass-media» (насихат, ақпарат беру) құралдары болып табылады.


Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласын белгілеу үшін ақпараттық қоғамда ағылшын тіліндегі "i-" (information - ақпарат) және "e-" (electronic - электронды) сөз алды

қосымшалары кеңінен пайдаланыла бастады. Осыдан электрондық сауда, электрондық қамтамасыз ету және тағы басқасы пайда болды.

Электрондық үкіметтің басты мақсаты - мемлекеттік басқару жүйелерін олар азаматтардың, ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін ескеретін және оларға мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу үшін мүмкіндіктерді беретін және азаматтармен биліктің әрекеттестік рәсімдерін оңай етіп жасау.

Электрондық үкімет биліктің негізгі үш мәселесін шешуге мүмкіндік береді:

- электронды құжат айналымын енгізуге мүмкіндік береді, бюрократиялық кедергілерді азайтады және шешімдерді қабылдауды жылдамдатады;
- азаматтардың және бизнестің билікпен қарым-қатынасын "бір терезе" принципі бойынша қатынасуды электронды формаға аударады;



1-сызба. Ақпараттық-коммуникациялық технология

• мемлекеттік және муниципалдық басқаруды мөлдір етуге, биліктегі бюрократияны жоюға және билікті азаматтарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Электрондық үкіметті енгізу нәтижесінде өзі ұйымдастырылатын қоғамның жаңа, тиімді формасы құрылады, мемлекеттің және қоғамның, үкіметтің және оппозицияның

арасындағы конфронтация жұмсарады, мемлекеттік қызметтерді көрсету (анықтамаларды, рұқсаттарды және т.б. алу) оңай бола түседі, бюрократия мен жемқорлық азаяды.



2-сызба. Электрондық үкіметті енгізу

Электрондық үкіметті енгізу елдегі билік пен халықтың қарым-қатынастарын үйлестіреді, билікке деген наразылықты азайтады, саяси қарама-қарсы тұруды мыналардың арқасында жұмсартады:

- 1) азаматтардың мемлекеттік саясатты әзірлеу процесіне қатысу;
- 2) мемлекеттік билік органдарының қызметтерін ыңғайлы алу;
- 3) барлық қоғам және биліктің арасында санқилы диалог құру;

Нәтижесінде барлық құрылымдар мен қоғам институттарының, мемлекеттік қызметкерлер, бизнес, белсенді азаматтар, білім беру және зерттеу институттары, қоғамдық топтар, азаматтық ұйымдардың ғаламтор арқылы өзара әрекеттестігіне негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа парадигмасы қалыптасады.

Электронды үкіметке көшу едәуір күрделі, ол - мәселені түйсіну үшін біраз уақытты, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін мықты саяси жетекшілікті талап етеді. Электронды үкіметті басқа да көптеген электронды байланыс түрлеріне қарағанда, өте мұқият енгізген жөн, өйткені бұл жағдайда экономикалық есептеулер ғана емес, саяси мүлт кетулер де болуы мүмкін. Кейбір елдерде ақпаратқа қол жеткізудегі азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын бақылайтын арнайы мемлекеттік лауазымдар бар. АҚШ-та бұл лауазым Chief Information Officer (ақпараттық мәселелер бойынша жауапты) деп аталады, Ұлыбританияда e-envoy (электронды өкіл) деп аталады.

Көптеген елдерде үкімет құрамында ақпараттық технологияларды енгізу бойынша кеңестер құрылған [4, 40-43 б.].

Электрондық үкімет өндіргіш күштерінің құрамында жетекші рөлде ғылыми техникалық әлеует ойнайды. Сондықтан да ол ілімнің қоғамы, білімге негізделген қоғам деп те жиі аталады. Мұндай қоғамдағы өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласында кең ауқымда ғылыми инновацияның үлес салмағы басым. Электрондық үкіметтегі инновацияның өмірде қолданысқа енгізілуі каскад тәріздес болып келеді: мысалы өркениетті елдерді, оның ішінде АҚШ-ты алсақ, Американдықтардың 25 пайызы автомобиль алғаш пайда болған кезден кейінгі 35 жылда, телефон туындағаннан кейінгі 39 жыл ішінде осынау игіліктерге қол жеткізген болса, одан кейінгі кезеңде халықтың 25 пайызы дәл осындай көрсеткішке ұялы телефон пайда болғаннан кейін 13 жылда, интернетке қосылуға бар жоғы 7 жылда қол жеткізген. Көріп отырғанымыздай, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туындаған сайын, олардың өмірде қолданысқа енуі жылдамдай түсуде.

Электрондық үкіметтің жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мен саяси жүйеге енгізу ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кепілі. [3, 80-84 б.].

Әдебиет

1. Есім Ғ. “Бесінші жол” – елдік рух философиясы // Егемен Қазақстан. 21 қазан 2009 жыл. -3 б.

2. Электрондық үкіметті құрудың әлемдік және қазақстандық тәжірибесі. Монография.-Алматы: «Print-S», 2010. -173 б.

3. Электронды үкімет ақпараттық қоғамның қажеттілігі ретінде // Саясат. -2009. -№ 6-7.80-84 б.

4. Электронды басқару концепциясының әлемдік тәжірибеде жүзеге асырылуы // “Қайнар” университетінің хабаршысы. -2009. - №1/1. 40-43 б.

Жасанды интеллект және білім

Шертаева Жадыра Муратбековна
Жамбыл атындағы №5 мектеп- гимназиясы
(Тараз қаласы)

Абстракт

В данной статье рассматриваются преимущества и негативные последствия интеграции искусственного интеллекта в систему образования. Анализируются преимущества ИИ в повышении эффективности индивидуального обучения, автоматизации повседневных задач преподавателей и более эффективном планировании учебного процесса. Также рассматриваются основные недостатки использования ИИ, такие как снижение уровня человеческого взаимодействия, этические и личные проблемы, ухудшение критического мышления учащихся и технические ограничения. Данная статья направлена на более глубокое понимание роли ИИ в сфере образования и его будущего влияния, а также акцентирует внимание на важных аспектах для безопасного и эффективного использования технологий.

Abstract

This article examines the benefits and drawbacks of integrating artificial intelligence (AI) into the education system. It explores AI's advantages in enhancing the effectiveness of personalized learning, automating teachers' daily tasks, and enabling more efficient lesson planning. Additionally, the main disadvantages of AI use are considered, including reduced human interaction, ethical and privacy concerns, decreased critical thinking skills among students, and technical limitations. This article aims to provide a deeper understanding of AI's role and future impact in education while highlighting key aspects for its safe and effective use.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект (ЖИ) бізге жат емес, ол күнделікті өміріміздің әртүрлі қырларын жеңілдетіп, жылдам қарқынмен дамып жатқан құрал болып табылады. Білім әрқашан адамзаттың ең құнды және қуатты қаруы болып келген және солай қала береді. Дегенмен, жасанды интеллекттің қарқынды дамуы мен оның білім беру жүйесіне енуі көптеген адамдарға білім беру болашағы туралы сұрақтар туындатады. Ғылым саласында болашақта жасанды интеллект арқылы білім беру мен оқыту жүйелерін түбегейлі өзгерту мүмкіндігі туралы көптеген болжамдар бар. Бұл мақала жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енуінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, оның жеке оқыту, білім беру тиімділігі, этикалық мәселелер және болашақтағы ықпалын қарастырады.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы басты артықшылықтарының бірі – жеке оқытудың тиімділігін арттыруы. Әр оқушының жеке үлгерім темпі, оқуға деген ынтасы әртүрлі екені бәрімізге мәлім. Оқыту процессінде мұғалімдерге әр оқушының ерекшелігі мен оқу үлгеріміне байланысты жеке бағдарлама дайындау өте ауқымды әрі қиын жұмыс. Осы тұста жасанды интеллектоқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру материалдары мен әдістерін әр оқушыға жеке бейімдеуге мүмкіндік береді. ЖИ-мен басқарылып бейімделетін оқу жүйелері оқушылардың білім алу өнімділігі мен информацияны қабылдау қабілеттеріне байланысты оқу материалдарының қиындықтарын реттей алады. Knewton компаниясының зерттеуі бойынша, ЖИ-мен бейімделетін оқу жүйелері дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда студенттердің нәтижелерін 20%-ға дейін арттыра алатындығы дәлелденген [3]. Бұл жеке оқыту оқушылардың өз қарқынымен үйренуіне және күрделі концепцияларды жақсы түсінуіне көмектеседі.

Оқушының жеке білім алу негізі ретінде үй жұмысын орындау процессін қарастырайық. Әр оқушы тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болуы мүмкін және әрқашан өз бетінше шешім таба алмайды. Осындай жағдайда ЖИ көмегімен әр оқушының чат-бот кейіпінде жеке көмекшісін реализациялауға болады. Мұғалім прогресті қадағалап, қосымша көмек көрсете алу мақсатында оқушы мен боттың чат тарихы сақталуы тиіс және мұғалімге қолжетімді болуы қажет. Жеке көмекші ретінде әрекет ететін чат-бот оқушыны кез-келген тапсырмасын орындау барысында сүйемелдей алады, оған қиындықтарды жеңуге және білімін тереңдетуге көмектеседі. Оқушының жауаптарын талдай отырып, бот тапсырмалардың күрделілігі мен оқу қарқынын әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдей алады. Бұл жеке оқу процесінің тиімдірек және қызықты болуына әсер етеді. Алайда бот тапсырмаларға дайын жауаптар бермеуі керек, ол оқушыны жетекші сұрақтар қою және пайымдаудағы қателіктерді талдау арқылы оқушының тапсырманы өзі шешуіне бағыттауы керек. Осылайша, бот көшіру құралы емес, оқушыға көмек көрсете отырып, тәуелсіздік пен сыни ойлауды дамыту құралы бола алады. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың ботпен өзара әрекеттесуінен алынған деректерді оқу процесін бағалау және түзету үшін пайдалана алады.

Білім беру процессіне жасанды интеллекттің интеграциясының келесі маңызды артықшылығы – мұғалімдердің күнделікті міндеттерін автоматтандыру. Бұл мұғалімдердің шығармашылық жұмысқа және оқушыларға жеке қолдау көрсетуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Доктор Линда Дарлинг-Хаммонд зерттеу жұмысында атап өткендей, оқуда ЖИ қолдану мұғалімдерге әр оқушыға жеке көзқараспен қарауға көбірек уақыт

беру арқылы оқу процесінің тиімділігін арттыра алады [2]. Бұл өз кезегінде оқушылардың академиялық нәтижелерін жақсартуға және оларды оқуға ынталандыруға ықпал етеді. Мысалы, эсселер мен тесттерді бағалауға арналған платформалар секілді кез-келген тапсырмаларды автоматты түрде тексеру жүйелері педагогтардың күнделікті міндеттерін айтарлықтай жеңілдетеді. Олар оқушылардың жұмысын алдын-ала белгіленген критерийлер бойынша бағалай алады, сол арқылы мұғалімдерді монотонды және көп уақыт қажет ететін жұмыстардан босатады. Бұл оқытушыларға оқу процесінің маңызды аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта осындай жүйелердің бірі – білімгерлердің жұмыстарының түпнұсқалығын бағалау және жазу құрылымы мен стилі бойынша кері байланыс беру үшін қолданатын ЖИ – Turnitin көбіне жоғарғы оқу орындарында қолданылады [1]. Бұл мұғалімдерге плагиат тұсынан жұмыстарды тексеріп қана қоймай, студенттердің жазу дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылардың нәтижелерінен жиналған деректерді ЖИ арқылы тиімді анализдеу және талдау болашақ оқу процессін дұрыс болжап, жоспарлауға әсер етеді. Бұл білім беру мекемелеріне өздерінің бағдарламалары мен оқыту әдістерін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік беріп, олардың табысты оқуына ықпал етеді.

Жасанды интеллект, жоғарыда айтып өткенімдей, білім беру саласына көптеген пайдасын тигізе алады, алайда орның жағымды ықпалымен қатар, назар аударуды және түсінуді қажет ететін маңызды кемшіліктер де бар. Білім беру ортасында жасанды интеллектті қауіпсіз және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін осы жағымсыз жақтарын ескеру маңызды.

Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың басты кемшіліктерінің бірі – адамның өзара әрекеттесу деңгейінің төмендеуі. Мұғалімдер оқушылар үшін білім беру процессінде ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуда да маңызды рөл атқарады. Мұғалімдердің басым функцияларын жасанды интеллектпен алмастыру бетпе-бет қарым-қатынас пен эмоционалды қолдаудың болмауына әкелуі мүмкін. Кей ғалымдардың зерттеуі бойынша, ЖИ-мен білім алатын оқушылар эмпатия мен эмоционалды қолдаудың жетіспеушілігін сезінуі мүмкін, бұл олардың жалпы дамуы мен психологиялық жағдайына кері әсер етеді [4].

Сонымен қатар, білім беру жүйесінде ЖИ қолдану барысында білімгерлердің үлгерімі, мінез-құлқы және басқа да жеке деректері ғаламторда, яғни ЖИ тарихында сақталады. Бұл жеке деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі мәселесін көтереді. Мұндай деректерді жинау және өңдеу олардың дұрыс пайдаланылмауына немесе құпиялылығы сақталмай ашық қол жетімді болуына әкелуі мүмкін, бұл білім алушыларға теріс әсер етеді.

Мысалы, 2018 жылы Edmodo білім беру платформасындағы деректердің бұзылуы миллиондаған студенттерге әсер етіп, информация құпиялығының ықтимал қауіптерін көрсетті [6]. Бұл білім беру саласында ЖИ қолдану барысында қатаң қауіпсіздік шаралары мен этикалық нормалардың ұстану қажеттілігін көрсетеді.

Сондай-ақ, жасанды интеллект жүйелері әрдайым мінсіз жұмыс істемеуі мүмкін. Олар техникалық ақауларға және алгоритмдік қателіктерге бейім болуы мүмкін, бұл қате бағалаулар мен шешімдердің ықтималдылығын көбейтеді. Мәселен, 2020 жылы Ұлыбританияда A-level емтиханының тексеру барысында ЖИ алгоритмінде қателік болып, емтихан нәтижелері дұрыс саналмады. Нәтижесінде, халық арасынан жаппай наразылықтар түсіп, нәтижелерді қайта қарау талап етілді [5].

Қорытындылай келе, ғылым саласында жасанды интеллектті қолданудың көптеген артықшылығына қарамастан, ол айтарлықтай ыңғайсыздықтар мен қиындықтарды тудырады. Адамдардың өзара әрекеттесуінің азаюы, этикалық және жеке мәселелер, білім алушылардың сыни ойлауының төмендеуі және техникалық шектеулер-мұның бәрі мұқият көзқарасты және білім беру процесіне жасанды интеллектті саналы түрде енгізуді талап етеді. ЖИ құралын барынша пайдалану үшін осы жағымсыз аспектілерді ескеру және оларды азайту үшін шаралар қабылдау қажет.

Әдебиет

1. Turnitin. <https://www.turnitin.com/>
2. Darling-Hammond, L., et al. (2019). "Жасанды интеллекттің оқыту мен үйретуге әсері". Journal of Educational Technology.
3. Knewton. <https://www.wiley.com/en-us/education/alta>
4. Yang, S., & Evans, C. (2020). "Жасанды интеллекттің оқушы-мұғалім қарым-қатынасына әсері". Journal of Educational Psychology.
5. Burgess, M. (2020). "Ұлыбританиядағы A-level бағалау алгоритмі дауы". BBC News.
6. "Edmodo деректерінің ағып кетуі туралы не болды?" (2024) <https://www.twingate.com/blog/tips/edmodo-data-breach>
7. Johnson, D. W., & Johnson, R. T. (2021). "Білім берудегі жасанды интеллект және оның сыни ойлауға әсері". Educational Researcher.

ЭОЖ.164.01

Интермодальды, мультимодальды және аралас жүктерді тасымалдау: ұғымдарды салыстырмалы талдау

Марат Сара Алғабекқызы
Т.ғ.м., аға оқытушы,
Камысбаева Айжан Талғатовна
Т.ғ.м., аға оқытушы,
Сарышев Даниал Қайратұлы
ОПД-24 оқу тобының студенті
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматривается актуальность использования комбинаций различных видов транспортных средств с целью повышения эффективности транспортного процесса, а также проводится сравнительный анализ понятий мультимодальных, интермодальных и смешанных перевозок.

Abstract

The article examines the relevance of using combinations of different types of transport vehicles to improve the efficiency of the transportation process. It also provides a comparative analysis of the concepts of multimodal, intermodal, and combined transportation.

Қазіргі уақытта әртүрлі көлік түрлерін үйлестіріп пайдалану ішкі және халықаралық саудадағы тасымалдауды ұйымдастыруда кеңінен қолданыс табууда, өйткені бұл логистикалық шығындарды азайтуға әкеледі.

Ақпараттандыру және тауар қозғалысы процестерін автоматтандыру жағдайында тасымалдау процесінің ерекшелігі – ақпараттық байланыстардың үнемі кеңейтілуі және жаңадан құрылуы болып табылады. Қазіргі уақытта ақпарат ағынын тиімді басқару қазіргі заманғы техника мен технологияны қолдану қабілетіне байланысты, өйткені логистикалық тізбектің буындары арасында жүктер өтетін тораптық пункттерде басқарылатын процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету қажет.

Бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстан, жүк бірлігін көлік құралдарының жүк сыйымдылығымен үйлестіруді ескере отырып, тасымалданатын жүктің көлемін үнемі арттыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл жылжымалы құрамды оңтайлы пайдалануға және жалпы логистикалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан географиялық орналасуы Еуропа мен Азия арасында транзиттік жүк ағынын өткізуге мүмкіндік беретіндіктен, әртүрлі көлік құралдарының комбинациясын қолдануға болады. Атап

айтқанда, мультимодальды, интермодальды және аралас тасымалдау технологияларын пайдалану тиімді болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – осы тасымалдау технологияларын салыстырмалы түрде талдау.

Аралас жүк тасымалы – тасымалдау процесі үшін көліктің бірнеше түрі пайдаланылған кезде жүк партиясын жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін тасымалдау. Көлік инфрақұрылымы кәсіпорындарының (порттардың, әуежайлардың, терминалдардың) қатысуымен де, оларсыз да жүк көліктің бір түрінің тасымалдаушысынан екіншісінің тасымалдаушысына берілу арлығы жүзеге асырылады [1].

Аралас қатынаста жүк тасымалдау – бұл екі немесе одан да көп көлік түрлерінің қатысуымен, олардың кезекпен жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылатын тасымал. Бұл тасымал бірыңғай көлік құжаты негізінде орындалып, келісімшарттың жасалғанын растайды және бірыңғай кешенді тарифтік мөлшерлеме бойынша төленеді [5].

Көбінесе аралас тасымалдаулар басқа жүк тасымалдау түрлерінің бір түрі ретінде сипатталады. Мысалы, С. Э. Сханова оларды мультимодальды тасымалдауларға жатқызады, бұл жағдайда негізгі шарт ретінде жүк барлық жол бойы бір контейнерде немесе алынбалы жүк салғышта тасымалдануы, яғни қайта жүктеусіз тасымалдау белгіленеді [3]. Профессор В. М. Никишин комбинацияланған тасымалдауларды интермодальдық тасымалдаулар ретінде анықтайды, мұнда рейстің негізгі бөлігі теміржол немесе су көлігімен жүзеге асырылады [4].

Мультимодальды тасымалдау дегеніміз-бір шарт шеңберінде әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді тасымалдау, бұл ретте жүк үшін жауапкершілік делдал ұйымға жүктеледі.

Халықаралық көлік дәліздері шеңберінде тасымалдарды, оның ішінде мультимодальды тасымалдарды жүргізу кезінде жауапты тұлғалар ретінде экспедитор-ұйымдар әрекет етеді. Оларға Шарттың талабы бойынша жолдың әрбір нақты кезеңінде жүк үшін жауапкершілік жүктеледі.

Осылайша, мультимодальды тасымалдау-бұл "Есіктен есікке" барлық жүк тасымалдауды ұйымдастыратын тасымалдаушы бүкіл жүк тасымалы үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын тасымалдау. Бұл жағдайда ол жөнелтушіге жүктің бүкіл жолын қамтитын мультимодальды тасымалдау құжатын бере алады [1].

БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК ООН) және Еуропалық комиссия дайындаған, сондай-ақ Еуропалық көлік министрлері конференциясында қарастырылған «Аралас тасымал терминологиясы» құжатына сәйкес, мультимодальды тасымалдау келесідей қысқа анықтамаға ие: «Мультимодальды тасымалдау – бұл жүктерді екі немесе одан да көп көлік түрімен тасымалдау».

Мультимодальды тасымалдаудың негізгі белгілері:

- а) бірнеше көлік түрін пайдалану;
- б) бірыңғай көлік құжаты (мультимодальды коносамент);
- в) бірыңғай кешенді тарифтік мөлшерлеме;
- г) тасымалдауды бірыңғай оператор немесе оның атынан әрекет ететін тұлға (тасымалдаушы) ұйымдастыруы;
- д) тасымалдау бойынша жауапкершілік бір тұлғаға (операторға немесе тасымалдаушыға) жүктелуі.

Бүгінде "аралас тасымалдау" және "мультимодальды тасымалдау" сияқты терминдермен қатар "интермодальды тасымалдау" ұғымы жиі қолданылады. Интермодальды тасымалдау – бұл жүктің бірдей тасымалдау бірлігінде немесе автокөлік құралында екі немесе одан да көп көлік түрімен дәйекті тасымалдануы, мұнда жүк түрін ауыстырмай тасымалдау жүзеге асырылады.

Интермодальды тасымалдауда тасымалдау ұйымдастырушысы, құқықтық база және құжаттар нақты анықталмайды, бірақ бұл технология жүк тасымалдауды контейнерлер, трейлерлер және алынбалы кузовтар сияқты ірі тасымалдау бірліктерінде жүзеге асыруды қарастырады [2].

Интермодальды тасымалдау-жүк иесінің қатысуынсыз бір көлік түрінен екіншісіне ауыстырып тиеу пункттерінде оларды қайта тиеумен бірыңғай тасымалдау құжаты бойынша жүктерді көліктің бірнеше түрімен жеткізу жүйесі. Бұл жүкті бір жүк бірлігінде немесе автокөлік құралында тасымалдау процесі, онда көлік түрі өзгергенімен, жүктің өзі қайта тиеуге ұшырамайды.

Көптеген авторлар UNCTAD конференциясында бекітілген терминдерді пайдалануды орынды деп санайды. Алайда, кейбір анықтамалар мультимодальды, аралас және интермодальды тасымалдауларды бірдей деп қарастырады, ал интермодальды тасымалдауды олардың жеке бір түрі ретінде санайды [6].

С.В.Милославская өз еңбектерінде интермодальды тасымалдауды «аралас (мультимодальды, кешенді) тасымалдаулардың кең ұғымының бір бөлігі ғана» деп сипаттайды [3].

Бұл терминнің С.Э.Сханова ұсынған «аралас тасымалдау» анықтамасына сәйкес келетінін байқауға болады. Профессор Л.Б. Миротин өз еңбектерінде интермодальды тасымалдауды бірыңғай құжат бойынша жүзеге асырылатын және ауыстырып тиеу пункттерінде жүк иесінің қатысуынсыз орындалатын бірнеше көлік түрімен жүктерді жеткізу жүйесі ретінде сипаттайды [4].

Осылайша, «мультимодальды тасымалдау» ұғымы жалпы түсінік болып табылады және оған интермодальды және аралас тасымалдау түрлері кіреді. Өз кезегінде, интермодальды тасымалдау аралас тасымалдауды қамтиды, ол интермодальды тасымалдаудың тар мағыналы бір түрі болып саналады. Осыған байланысты, аралас тасымалдау тек өзіне тән сипаттамалармен ғана емес, сонымен қатар интермодальды тасымалдаудың ерекшеліктерімен де сипатталады.

Әдебиет

1. Баранова Ю.О. Интермодальные и мультимодальные перевозки: проблемы терминологии // Известия Санкт-Петербургского государственного экономического университета. – 2012. – № 6. – С. 85 – 88.

2. Ушаков Д. В. Интермодальные перевозки рефрижераторных грузов. [Электронный ресурс]. URL: <http://holod-delo.ru/ushakov.pdf> (дата обращения: 09.03.2015).

3. Милославская С. В., Плужников К. И. Мультимодальные и интермодальные перевозки : учеб. пособие. М. : РосКонсульт, 2001. 368 с.

4. Логистика: управление в грузовых транспортно-логистических системах : учеб. пособие / под ред. проф. Л. Б. Миротина. М.: Юристъ, 2002. 414 с.

5. Левиков Г. А. Смешанные перевозки / Г. А. Левиков, В. В. Тарабанько. М. : РосКонсульт, 2004. - 320 с.

6. United nations conference on trade and development. Implementation of multimodal transport rules (Geneva. 27 June 2001) [Электронный ресурс]. URL: <http://unctad.org/en/Docs/posdtetlbd2.en.pdf>

7. Терминология комбинированных перевозок (Terminology on combined transport). [Электронный ресурс]. URL: <http://www.internationaltransportforum>.

ӘОЖ 33.338

Маркетинг және маркетингтік зерттеулер маркетингтің құралдары мен міндеттері

Тажикова Жанат Жумановна
Арнайы пән оқытушысы,
«Болашақ» университетінің жоғары колледжі,
Қызылорда қаласы,

Резюме

В данной статье обсуждаются задачи, виды маркетинговых исследований, любое маркетинговое исследование, сбор и обработка информации, необходимой для решения определенной проблемы или получения инсайта. Нет единой системы классификации маркетинговых исследований, так как существует множество признаков, обосновывающих наличие как минимум нескольких способов их выполнения. Вам также следует учитывать особенности бизнес-идеи, над которой вы работаете. В широком смысле многие маркетологи рассматривают маркетинг как философию бизнеса, то есть изучение рынка, система ценообразования, знание и прогнозирование предпочтений клиентов, эффективная поддержка,

связанная с потребителями для удовлетворения их потребностей и, соответственно, получение прибыли для своего предприятия.

Abstract

This article discusses the tasks, types of marketing research, any marketing research, collection and processing of information necessary to solve a certain problem or get insight. There is no single system for classifying market research, as there are many signs that justify the presence of at least several ways to perform them. You should also consider the specifics of the business idea you are working on. Broadly speaking, many marketers view marketing as a business philosophy, that is, market study, pricing system, knowledge and forecasting of customer preferences, effective support associated with consumers to meet their needs and, accordingly, making a profit for their enterprise.

Қазіргі таңда нарықтық қатынас жағдайда бірде-бір кәсіпорын нарық тұтынушыларының қалауы мен ұсынысын ұғына отырып, маркетингтік зерттеулерді пайдаланбай жұмыс атқара алмайды. Маркетингтік зерттеулер ақпараттарды жүйелі іздеу, жинақтау және талдаудан тұрады.

Әрбір маркетингтік зерттеулердің мақсаты компанияның дамуы, нарық жағдайы, потенциалды мүмкін факторларды есепке ала отырып, компанияның стратегиясы мен тактикасының құрылуын негізгі алып, даму болжамын қарастырып бағалау болып табылады.

Аталған мақаланың актуалдылығы тауарлар мен қызмет көрсетуді таңдаудағы тұтынушы лардың іс-әрекеттері мен бәсекелестіктің артуына негізделген.

Қазіргі кезде маркетингтік зерттеу кәсіпорынның шешім қабылдауы кезіндегі мәселелерді кеміту деңгейін реттейтін коммуникация жүйесінің құралы болып табылады.

Мақаланың мақсаты маркетингтік зерттеулердің комплексін қолдана отырып, нарықтағы киім мен аяқ киім интернет-дүкендердің тұтынушылар қабілетін игеріп, зерттеу жобасын тарату [1].

Мақаланың міндеті:

-Маркетингтік зерттеу жобасының жүргізілу технологиясын игеру және оқып түсіну.

-Басқару шешімін қабылдау үшін маркетингтік ақпаратты қайта өңдеу және жинақтау құралдарын кешенді қолдануды үйрету;

-Логика мен зерттеу дағдыларын дамыту жолдарының теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілері таңдау;

-Сауалнама жасап, оны жүргізу;

-Интернет-дүкенді таңдау мақсатын анықтау;

- Маркетингтік іс-шаралар мен бағдарламалардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен сұраныстарды қалыптастыру;

Зерттеу нысаны-киім мен аяқ киімнің интернет-дүкендерінің нарығы. Жұмыста тақырыптың теориялық аспектілері

қарастырылады. Сонымен қатар, әдістемелік, тарауы зерттеу әдістемесін таңдауды негіздеуге арналған. Экономикалық және маркетингтік компоненті тұрғысынан сипаттама беріліп, анықтама жасалған.

Мекеменің маркетингтік қызметінің негізгі мақсаты тұтынушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын мейлінше нақты қанағаттандыру болып саналады. Кәсіпорын өз мақсатына жету үшін аталған қажеттіліктерді айқындау қажет. Сол себепті аталмыш ұйым маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Маркетингтік зерттеулер дегеніміз басқару шешімдерін қабылдау кезінде нарықтық орта жайлы ақпаратты жинақтау, өңдеу және талдаудың жүйеленген үрдісі [1]. Маркетингтік зерттеудің негізгі мақсаттары әр қилы болады және маркетингтік стратегияны дайындау құралдарына, баға, тауар, коммуникация, сату саясатын енгізуге және кәсіпорындағы маркетингті басқарудың басқа аспектілеріне байланысты.

Маркетингтік зерттеулердің негізгі мақсаттары:

1. Таңдау мақсаттары-мәселені алдын-ала бағалау және оны құрылымдау үшін ақпарат жинау;

2. Анықтамалық мақсаттар-аталған құралдарды, зерттеу объектілерін және олардың жағдайына әсер ететін факторларды анықтау;

3. Себептік мақсаттар-қол жетімділік туралы гипотезаны тексеру

4. Тест мақсаттары-перспективалық нұсқаларды таңдау немесе қабылданған шешімдердің дұрыстығын бағалау;

5. Болжамды мақсаттар-келешекте объекті қызметінің нәтижесін болжау.

Маркетингтік зерттеулер-бұл ақпараттың көмегімен маркетингтік ортаның бүкіл өзге элементтері және маркетингтік салаларды нарықтар, тұтынушылар, бәсекелестермен байланыстыратын функция. Әрбір компанияның кәсіби қызметінің жетістігі оның басшылығы қабылдаған басқару шешімдерінің сапасына, атап айтқанда маркетинг саласына қатысты. Осындай шешімдердің сапасы ақпараттың толықтығы мен сенімділігімен айқындалады.

Маркетингтік зерттеулер жүргізу барысында төмендегідей қағидаттар негізгі алынады: [3].

1. Ғылыми-ғылыми ережелер мен объективті алынған мәліметтер бойынша, сондай-ақ осы үрдістер мен құбылыстардың даму заңдылықтарын айқындау арқылы нарықтық үрдістер мен құбылыстарды ұғындыру және болжау;

2. Жүйелілік-зерттелетін құбылысты құрайтын жеке құрылымдық элементтерді оқшаулау, олардың иерархиялық байланысы мен өзара бағыныштылығын анықтау;

3.Кешенділік-құбылыстар мен үрдістерді олардың толықтығымен, маркетингтік ортамен және дамумен байланысын зерттеу;

4.Сенімділік-ақпаратты жинау мен өңдеудің, ақпараттық-есептеу техникасын бақылау және қолданудың ғылыми принциптерін қамтамасыз ету есебінен бірдей деректерді алу;

5.Объективтілік-осы немесе басқа құбылыстарды өлшеудің мүмкін қателіктерін ескеру керек.

6.Тиімділік-болашақтағы мақсаттарға қол жеткізген кезде алынған нәтижелерді шығындармен өлшеу керек.

Маркетингтік зерттеу технологиясы өзара байланысты екі бөліктен тұрады: біріншіден, фирма басшылығының нықталуына жауап бермейтін сыртқы қаражаттарды зерттеу, екіншіден, әкімшіліктің қадағалауындағы мекеменің ішкі компоненттері мен фирманың қоршаған ортадағы өзгерістерге анықталған реакцияларын талдау.

Маркетингтік зерттеу кейбір мәселені шешудің жолдарын қарастыруға арналған немесе қандай да бір маркетингтік мәселемен байланысы мүлдем жоқ. Екінші жағынан, маркетингтік зерттеу келешекте мәселелерден арылуға немесе мекеменің дамуына ыңғайлы мүмкіндіктер қарастыруға жағдай жасайды. Маркетингтік зерттеулер жүргізу ақпараттың көмегімен нарықтағы белгісіздік деңгейін азайтуға, басқару шешімдерінің тиімділігін көбейтуге мүмкіндік береді. Сол себепті, маркетингтік зерттеулер нәтижесінен алынған ақпарат сыртқы ортаның энтропиясын азайту және кәсіпорын қызметінің қаупін жою құралы саналады.

Маркетингтік ақпарат мекемеге мүмкіндік береді:

- қаржылық тәуекел мен фирма имиджіне қауіпті кеміту;
- бәсекелестік артықшылықтарға ие болу;
- маркетингтік ортаны бақылаңыз;
- стратегияны бөлу; қызметтің тиімділігін бағалау;
- менеджерлердің ішкі түйсігін күшейту.

Нақты маркетингтік мәселелерді шешу үшін ақпарат шынымен пайдалы болуы үшін оны таңдау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылуы керек [5]:

1.Ақпараттың өзектілігі . Анық маркетингтік зерттеулер мен нақты қорытындылар алу үшін керекті мезетте жаңа ақпаратты өткізумен қамтамасыз етіледі.

2.Ақпараттың сенімділігі. Ақпараттарды жинақтау мен талдаудың әдістемелік ережелерін ұстанумен, анық емес ақпаратты жинақтау мен өңдеудің ғылыми принциптерінің әртүрлі көздердегі көрсеткіштермен салыстырумен, әр түрлі тенденциямен күресумен қамтамасыз етіледі.

3.Ақпараттың өзектілігі. Маркетингтік зерттеудің қойылған міндеттеріне сәйкес ақпарат алу қамтамасыз етіледі.

4. Ақпараттың толықтығы. Зерттеуді жоспарлау, зерттелетін құбылыстың немесе үрдістің мәнін айқындауға, зерттеуді құрылымдау, ішкі және сыртқы байланыстарды анықтау және модельдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Орындылығы. Ақпаратты алуға кететін уақыт пен қаржылық шығындардың қойылған міндеттерді шешу үшін оның маңыздылығымен ара қатынасы қамтамасыз етіледі

6. Жүйелілік Әр түрлі көздерден алынған ақпаратпен қамтамасыз етіледі

Қорытындылай келе, маркетингтік зерттеулер-бұл күрделі көп сатылы үрдіс. Қазіргі заманғы кәсіпорынның күшті бәсекелестік пен белгісіздік жағдайында сәтті жұмыс істеуіне байланысты зерттеу объектісін терең білуді талап етеді. Маркетингтік зерттеулер басқару шешімдерін қабылдау кезінде мамандар мен фирма басшыларының алдында тұрған белгісіздік дәрежесін төмендету мақсатында жүргізіледі. Ол тұтынушының мінез-құлқын және оның қажеттіліктерін, бәсекелестердің қызметін, нарықтық жағдайды және экономикалық тенденцияларды түсіну үшін қажетті ақпаратты ұсынады, бұл басқару шешімдерін қабылдау кезінде тәуекелдерді айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Ақпарат алу үшін маркетингтік зерттеулердің ерекшелігі мен технологиясын жақсы білу қажет. Зерттеуге жоғары білікті мамандарды тартқан жөн, Әйтпесе қажетсіз, артық ақпарат алу және (немесе) негізсіз пайда болу мүмкін

Біз ұсындық: 1. Тауарлары қол жетімді бағамен сатылатын өндірушілерге баса назар аударыңыз; 2. Көрнекі мазмұнмен қамтамасыз етілген тауарлардың егжей-тегжейлі сипаттамасын беріңіз; 3. Өлшем кестесін жасаңыз; 4. Тауарлардың бағасын және тегін жеткізу шегін төмендетіңіз; 5. Адал тұтынушыларға сатылымдар мен жеңілдіктер беру; 6. Қызмет көрсету деңгейін арттыру; 7. Теріс пікірлермен жұмыс; 8. Сайтта консультациялық бөлім құру

Әдебиет

1. «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» курсы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру оқытушыларына арналған нұсқаулық /Е.С.Дүйсенханов, Н.Е.Жұлдызбаев, А.С.Успаева, А.С.Өтепқалиев, С.Ат агельдинова-«Атамекен» ҚР ҰҚП-Нұр-Сұлтан: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2019ж 7-200 б

2. Современные методы реализации исследовательского проекта по изучению факторов потребительских предпочтений, выбора и фактической покупки в магазинах онлайн и офлайн форматов Малкова Е. М. Краснодар 2017

3. Сафронова Н.Б. Маркетинговые исследования. Учебное пособие М.: Дашков и Ко, 2013.

4. Карасев А. П. Маркетинговые исследования как фактор снижения риска деятельности предприятия на рынке // Социально-

экономические риски XXI века: Мифы и реальность: коллективная монография. Ярославль: Канцлер, 2013.

5. Черчилль Г.А., Браун Т.Дж. Маркетинговые исследования. СПб.: Питер, 2010

ӘОЖ: 336.717.1:336.7

ҚР Әлеуметтік-экономикалық жағдайында банктердің қызмет көрсету нарығын жетілдіру жолдары

Нурманалиева Гульназира Ахметбековна
М.Х. Дулати атындағы Тараз Университеті КЕ АҚ
Тараз қаласы

Резюме

В статье рассматриваются пути совершенствования рынка услуг коммерческих банков. В ходе анализа «Цесна Банк» АО с указанием перспективных планов развития. Предложены пути повышения качества обслуживания.

Abstract

The ways of perfection of market of services of commercial banks are examined in the article. During an analysis "Tsesnabank" of propulsion module with pointing of perspective plans of development. The ways of upgrading of service offer.

Қазақстанның бүгінгі экономикалық ақиқатының фактілері мен проблемалары болып, экономикалық нақты және қаржы секторларының дамуының арасындағы ертерек пайда болған тепе-теңсіздіктерге тереңделу табылады.

Нақты сектордың кәсіпорындарын несиелендіруді ұлғайту көп жағдайда, нақты экономиканың салаларындағы құрылымдық түрлендірілуінің темптері мен мінездемелері арқылы анықталады, сондай-ақ кәсіпорынның меншігінің қаржылық жағдайы мен құрылымы туралы мәлімет деңгейімен анықталады. Осылайша, көп жағдайда экономиканы нақты және банктік секторындағы қабылданатын шешімдердің келісімділігі мен тиімділігі, бір жағынан, нарықтық және несиелік тәуекелдердің бөлістірілу механизміне; екінші жағынан, кәсіпорынның қаржы шаруашылық жағдайынан және қалыптасқан экономикалық конъюктурасын бағалануына байланысты болады.

Бұл негізгі орынды екінші деңгейлі банктер мен нақты сектордағы кәсіпорындардың қаржы жағдайының меншікті мониторинг жүйесін құру сұрақтары алады. Бұл банктерге өзінің мәліметтер базасын құруға мүмкіндік береді және несие алушы-кәсіпорындардың бағалануын оңайлатады.

Қазақстанның банктік жүйесінің одан ары дамуының негізгі мақсаттары болып, оның тұрақтылығын күшейту, ақша қаражаттарын аккумуляциялау бойынша орындалатын функциялардың сапасын жоғарылату, банктің салымшылары мен басқа кредиторларының сенімділігін күшейту, олардың мүдделерінің қорғанысын күшейту, банктерді сенімсіз коммерциялық тәжірибеде қолдануын тоқтату табылады. Бұл Қазақстан экономикасының даму мүдделеріне жауап беретін, банктік істі жетілдіру мен банктік жүйені қалыптастыру бойынша берілген міндеттерді шешуге Қазақстанның Ұлттық банкінің және атқарушы органдарының мақсатқа жету талаптарының орындалуына ықпал ету керек. Даму стратегиясының жүзеге асырылуы мақсатында бірнеше іс-шаралар жүргізу және ұйымдастыру шараларының кешенін жүзеге асыру қажет болады. Айта кететін жайт, бұл аталған стратегия жобасының сөзсіз өңделуі мен жетілдірілуін қажет ететіндігінде, бірақ, меніңше, ол біріншіден, Қазақстанның Ұлттық Банкімен жасалған “2011 жылға дейінгі қаржы секторының даму концепциясына” балама ретінде, екіншіден, стратегия концепцияға қарағанда ауқымы бойынша таралу құжат болғандықтан, яғни тек экономиканың банктік секторын ғана қарастыратын болғандықтан, онда ол орта мерзімді перспективаға Қазақстанның банктік жүйесінің даму концепциясының толық өңделуі үшін негіз ретінде қолданыла алар еді. Банктік істегі сәттілік және сәтсіздік жеке банктік фирмалардың бақылауынан тыс жалпы факторлармен анықталады. Оларға банктік қызметті реттеу, экономикалық жағдайлар, пайыздық ставкадағы ауытқулар жатады [1, 456].

Коммерциялық банктердің маркетингтік ортасы-бұл банктен тыс әрекет ететін және маркетинг қызметінің басшыларына клиенттермен жақсы қатынасты қолдауға және белгілеу мүмкіндігіне әсер ететін күштермен белсенді субъектілердің жиынтығы. Коммерциялық банктердің маркетингтік ортасын зерттеуді келесі түрде жүргізуге болады: жалпы әлеуметтік ортаны зерттеу; банктік іспен байланысты ғылыми-техникалық даму жағдайын зерттеу; нарықтық сұранысты зерттеу, анықтау; бәсекелестіктерді зерттеу; өткізу ортасын талдау. Карточкалық бизнесті дамытуға бағытталған өткен жылғы әзірлік шараларының нәтижелері Банктің төлем карталары рыногында сәтті дамуын болжауға мүмкіндік береді. Карточкалық бизнесті дамыту шеңберінде банкоматтар мен POS-терминалдар желісін бұдан былай кеңейту, банкоматтарда карта ұстаушыларға ұсынылған қызметтерді кеңейту болжанады.

Кез-келген банктің өз капиталын есептеу кезінде сол банктің субординирленген қарызын қосуға болатындығы қарастырылады. Біздің ойымызша субординациялық қарыздың меншік капиталына барлық жағынан ұқсас екендігіне қарамастан, ол бәрібір болып табылады. Меншік капиталының өзге де ресурстарынан ерекшелігі –

ол банк құрылтайшыларының еңбегімен жинақталған жәнетабыс көзінің заңдылығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келетін капитал бола тұра, банк ақшасын сатып алу кезінде белгілі бір шектеулер қойылады.

Банк үшін маңызды әрі барынша пайда алып келетін операциялары болып, несие, депозиттер болып табылады. Сондықтан банк үшін осы операция түрлерін үнемі жетілдіріп, жаңартып тұрған маңызды. Себебі пайда банк үшін де, клиент үшін де маңызды.

Жалпы банк өз жеткен жетістіктерінде тоқталмайды. Болашақ стратегиясы, сонымен қатар, Қазақстан БСҰ кірген уақытта өз бәсекелестік мүмкіндіктерін жоғарылату мақсатында жоспарын келесі кестеден көруге болады [2, 37 б].

Банктің алдағы жылдарға арналған даму жоспары келесідей болып табылады:

- ✓ Шағын және орта бизнесті қаржыландыру көлемін өзінің несиелеу бағдарламасының шеңберіне де, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының қаржыларын тарту арқылы да ұлғайту.

- ✓ Сауданы қаржыландыруды тарихи түрде қалыптасқан тиімді өнімдер бағытында дамыту.

- ✓ Жаңа қарыз нарығын және банктің географиясын кеңейту мақсатында ҚР тыс жерлерден халықаралық серіктестік қарым-қатынастарын жетілдіру.

- ✓ Халыққа бөлшек бизнес қызметін көрсету рыногында жетекші банк атану. Ең бастысы - сатулар жүйесін құру, оның арқасында Банктің кеңінен таралған филиалдар желісінде тұрғындарға қаржылық қызметтің толық жиынтығы ұсынылады;

- ✓ Активтерді басқару рыногындағы өз айқындамасын күшейту (кең мағынада алғанда, оның ішінде зейнетақы қорын, өмірді сақтандыру компаниясын, брокерлік компанияны, активтерді тікелей басқару жөніндегі бөлімшелерді қоса алғанда);

- ✓ Жалпы сақтандыру рыногында табанды да берік айқындама ұстануға қол жеткізу;

- ✓ Үлесті иемдену;

- ✓ Шағын және орта кәсіпкерлерге несие беру рыногында жетекші банктің бірі болу;

- ✓ Ірі экспорттық кәсіпорындарға қызмет көрсетуде мығым айқындама жасау;

- ✓ Бәсеке қабілеті жоғары, ең алдымен клиенттердің құрал-жабдық сатып алу мұқтаждығын қамтамасыз ете алатын лизинг компаниясын құру;

- ✓ Қазақстан мен оған шектес өңірде қаржы тобының шеңберіндегі құрылымдық өнімдер бойынша бизнес ашу;

- ✓ Стратегиялық серіктеспен бірлесіп Қазақстан аумағынан тыс жерлерде бизнесті қолға алу және 5 жылдың ішінде шетелдік бизнестің жалпы өнім көлеміндегі үлесін 30 пайызға жеткізу.

Ресеймен саудалық қарым-қатынасқа оның ішінде шекаралық саудаға (саудалық қаржыландыру) қызмет көрсету бизнесін құру.

✓ Қорландыру мерзімін ұзарта отырып, қор базасын сараландыруды жалғастыру.

✓ Халықаралық қаржы стандарттарына сәйкес, TEMENOS T 24 бизнес процестерін автоматтандырудың жаңа жүйесін енгізу.

✓ WAP(ыңғайлы) банкинг және интернет-банкинг сияқты қазіргі заманға сай алыстан банктік қызмет көрсету жүйесін енгізу.

✓ Қазақстан бойынша филиал жүйесін дамыту.

✓ Банктік, сақтандыру және басқа да қаржылық өнімдер мен қызметтер түрлерін көбейту және одан әрі дамыту. Сонымен қатар клиенттерге тиімді шешім қабылдау мақсатында жаңа технологияларды енгізу және дамыту.

Қызмет көрсетудің сапасын жоғарлату, клиенттік сенімді диалог құру мақсатында банк менеджерлер персоналын ұсынады. Олар қаржылық консультация береді, іскерлік әріптестіктер табуға жәрдемдеседі, кеңестер береді және әр түрлі қаржылық құралдарды пайдалану бойынша нұсқамалар береді.

Осының салдарынан клиенттердің шоттарын ашу жөнінде қызмет көрсету есебінен комиссияндық кірістер ұлғаяды.

Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету тұрғысынан алғанда корпоративтік және инвестициялық банкингтегі айқындамаларды нығайту қажет. Мақсатты клиенттік база мыналар болуға тиіс:

✓ аса ірі клиенттер, экспортер-кәсіпорындар, оларға жергілікті және шетелдік жетекші банктердің ұсынатын қызметтерімен салыстыруға келетін қызметтер түрін көрсететін жағдай жасау. Мұндай клиенттерге жоғары деңгейдегі сапалы қызмет пен кешенді банктік және қаржылық қызмет ұсынылуға тиіс;

✓ сонымен қатар қазіргі уақытта кредитті қажет етпейтін клиенттерге де көңіл бөлінгені жөн және оларға қаржы тобының банктік емес, пайызы жоқ өнімдерін ұсыну қажет;

✓ шағын және орта бизнес саласындағы клиенттер базасын бөлшек банкинг секторындағы секілді «one stop shopping» арқылы және түйіспелі сатулар есебінен жетілдіру керек [3, 65 б].

Әдебиет

1.Муратова Д.Б. Банк ісі: электронды оқу құралы / Д.Б. Муратова. - Тараз : ЦАКТО, 2022

2.Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер» оқу құралы, А.: Экономика 2012ж.

3.Молдабекова, А. Ш. Қаржы және несие: электронды оқу құралы/ А. Ш. Молдабекова. - Тараз : ЦАКТО, 2022.

Қазақстан республикасының әкімшілік іс жүргізуін
цифрландыру

Серкебаев Дауренбек Жубаевич

з.ғ.м., аға оқытушы

Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматривается процесс цифровизации государственных органов Казахстана, в контексте реализации данного процесса в сфере защиты и охраны Государственной границы, обосновываются преимущества данного процесса и необходимость ведения формированиями Республики Казахстан административного производства в цифровом формате.

Abstract

The article examines the process of digitalization of state bodies of Kazakhstan, in the context of the implementation of this process in the field of protection and security of the State Border, substantiates the advantages of this process and the need for the formations of the Republic of Kazakhstan to conduct administrative production in digital format.

XXI ғасырда әлемнің көптеген елдері өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан түбегейлі әрі жедел өзгерістер кезеңі туды.

Жаңа технологиялық жүйе қоғамға барлық қызмет салаларындағы жаңа әзірлемелерге тез бейімделуді, өмір сүріп қана қоймай, бәсекеге қабілетті болуды талап етеді [1].

Бүгінде цифрландыру үдерісі әлемнің барша елдерін дерлік қамтып отыр, сонымен бірге әр ел өз цифрлық дамуының басымдықтарын дербес айқындайды. Айта кету керек, қазіргі уақытта 15-тен астам ел цифрландыру бойынша ұлттық бағдарламаларын іске асырып келеді.

Еліміздің жаһандық технологиялық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізгі мақсаттары – орта мерзімді кезеңде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру, сондай-ақ ел экономикасының түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуіне жағдай жасау. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді перспективада цифрлық болашақ экономикасын құруды қамтамасыз етеді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі болжамдарға сай, оның нәтижесінде Қазақстан 2025 жылға қарай әлемнің озық елдері рейтингінде 25-орынға, ал 2050 жылға қарай 15-орынға көтеріледі деп күтілуде [2].

Қазіргі уақытта ел мәртебесінен арылу үшін Қазақстанға цифрландырудың барлық бағыттары бойынша революциялық, серпінді шаралар қажет.

Бағдарламаның ең алдымен мемлекеттік секторға бағытталған бағыттарының бірі—«Электронды іс» (Электронды қылмыстық іс, Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі, Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі, Аналитикалық орталық және Электронды өтініштер) жобасын құру және енгізу болып табылады.

Осы жобаны іске асыру мақсатында Қазақстанда қылмыстық және әкімшілік іс жүргізуді электронды форматқа кезең-кезеңімен көшіру жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі өзгерістер аясында, әсіресе тактикалық деңгейде шекаралық құрылымдар жүзеге асырып отырған әкімшілік іс жүргізудің қағаз форматта қалуының «көнерген» сипатын атап өткіміз келеді. Қазіргі таңда шекараның көптеген учаскелерінде ол «классикалық» үлгіде сақталған, яғни іс қағаз құжаттар түрінде жүргізіледі және 2014 жылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – ҚРӘҚБТК) енгізілген өзгерістерден бері айтарлықтай өзгере қойған жоқ.

Әкімшілік өндірісті әдеттегі «Қағаз» форматында жүргізгенде, құқық бұзушылар айыппұлдарды уақытылы төлегенімен, түрлі себептерге байланысты төлем туралы мәліметтер деректер базасына енгізілмей қалып жатады. Соның салдарынан азаматтардың банк шоттарына тыйым салынып, мүлкіне шектеу қойылған жағдайлар кездесті. Ал цифрлық әкімшілік өндірісті пайдалану кезінде мұндай қателіктерге жол берілмейді, өйткені Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі (ЕРАП) екінші деңгейлі банктермен біріктірілгендіктен, айыппұл төлемі туралы ақпарат қосымшаға онлайн режимде түседі.

Қазақстанда цифрлық әкімшілік өндірістің «пилоттық» жобасын іске асыру нәтижесінде электронды форматта жалпы сомасы 427 миллион теңге болатын 55 510 әкімшілік айыппұл салынды. Ерікті түрде төленбеген айыппұл дереу мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі. ЕРАП жүйесінің артықшылығы айқын, «қосарлы жұмыс» жасау қажет емес.

Құқық бұзушыны ұстау жеткіліксіз екенін түсіну керек, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді дұрыс рәсімдеп, соңғы нәтижеге жеткізу, яғни құқық бұзушыны тиісті жауапкершілікке тарту қажет. Бұл қызметтік уақытты, кейде материалдық шығындарды да едәуір талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес, Шекара қызметі өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының белгіленген режимін және Қазақстан Республикасы аумағында болу тәртібін сақтау саласында әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асырады [3].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында лауазымды тұлғалардың орындайтын міндеттері мынадай бағыттарды қамтиды.

Осы жағдайларға байланысты Шекара қызметінің лауазымды тұлғалары іске асыратын әкімшілік іс жүргізуді, оның ішінде цифрлық форматқа көшуді ескере отырып, жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекеттік шекараны тікелей күзетуді жүзеге асыратын бөлімшенің мысалында цифрлық (электрондық) әкімшілік іс жүргізуді пайдаланудың артықшылықтарын қарастырған жөн.

Шекараны күнделікті қорғау барысында портативті планшет қолданылады (әкімшілік өндірістің құрамдас бөлігі, онда ЕРАП базасы орталықтандырылған түрде енгізілген).

Бұл планшетте әкімшілік құқық бұзушылықтар базасымен, ҚРӘҚБТК-пен, жеке және заңды тұлғалардың деректер қорымен және т.б. біріктірілген мәліметтер қамтылған. Қызмет атқару кезінде шекаралық құрылымның лауазымды тұлғасы қойылған міндетті басшылыққа алып, құқық бұзушы анықталып, ұсталған жағдайда, құзыреті шегінде анықталған әкімшілік құқық бұзушылықты тіркейді. Содан кейін онлайн режимде ұсталушының бұрынғы құқық бұзушылықтар тарихын тексеріп, осы мәліметтерді ескере отырып, құқық бұзушылық әрекетіне тиісті баға береді.

Осының бәрі лауазымды тұлғаларды өздеріне жүктелген негізгі міндеттерді орындаудан алаңдатпайды. Сондай-ақ, бұзушыны ұстау орнынан қызмет бөлімшесінің орналасқан жеріне жеткізу қажеттілігі жойылады, өйткені бөлімше көбіне алыс қашықтықта орналасады, бұл өз кезегінде уақыт пен қаржыны үнемдейді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың орталықтандырылған деректер қорына жеке тоқталу қажет. «Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі» (ЕРАП) – әкімшілік құқық бұзушылықтар және оны жасаған тұлғалар туралы ауқымды ақпарат жинақталған, компьютерлік өңдеуден өткен және ұжымдық пайдалануға арналған деректер базасы.

Деректер базасы негізінде әкімшілік жазаны орындау үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік беретін электронды сервистер құруға болады. Мысалы, ҚР ІІМ Жол департаментінің электронды сервисі жүргізушіге салынған айыппұлды тексеріп, оны уақытылы төлеуге жағдай жасайды. Бұл сервис ҚР ІІМ-нің айыппұлдар базасы негізінде жұмыс істейді. Жол қозғалысы ережелерін бұзуға байланысты

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылғаннан кейін, тиісті мәліметтер деректер базасына енгізіледі, онда нақты әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде ақпарат сақталады [4].

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің құрамына кіретін барлық материалдар – хаттамалар, қаулылар, хаттар, салынған санкциялар жөніндегі деректер және т.б. – деректер базасында сақталады және осы өңірдегі әкімшілік практикаға жауапты органға істердің жалпы ахуалын бақылап, талдамалық есептер жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, шекара аймағында қасақана және бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасайтын тұлғаларға қатысты талдау жүргізуге болады. Рецидив деңгейіне байланысты мұндай санаттағы тұлғалардың шекаралық аймаққа немесе белдеуге кіруін шектеу мүмкіндігі туындайды (профилактикалық шаралар, алдын алу жұмысы).

Жоғарыда баяндалғандар электрондық әкімшілік істің көмегімен шешуге болатын барлық міндеттерді толық қамтымайды. Технологиялар жетіліп, Мемлекеттік шекараны қорғаудың жаңа техникалық құралдары енгізілген сайын электрондық әкімшілік істі қолдану аясы кеңейе бермек. Бұл мақаладағы бүгінгі әкімшілік іс жүргізудің жай-күйі бар қиындықтарды тереңірек түсінуге және цифрлық технологияларды пайдалана отырып әкімшілік іс жүргізуге көшу үшін қажетті ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әдебиет

1.Единый реестр административных производств: ошибки и фальсификации остались в прошлом Информационный портал. – Режим доступа: [Tengrinews.kz:https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/erap-oshibki-i-falsifikatsii-ostalis-v-proshlom-356910/...](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/erap-oshibki-i-falsifikatsii-ostalis-v-proshlom-356910/)(дата обращения 21.03.2023).

2.Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» - Алматы: издательство «ЮРИСТ», 2022.

3.«Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции»: Информационный портал. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/4897960-poslanie-prezidenta-respubliki.html...> (дата обращения 20.03.2023).

4.Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении государственной программы «Цифровой Казахстан» от 12 декабря 2017 года №827.

**Бизнес саласында кадр потенциалы және оны жетілдіру
бағыттары**

Советалы А.,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

Статья посвящена исследованию кадрового потенциала в сфере бизнеса. Авторы рассматривают основы направления для совершенствования кадрового потенциала и их эффективное управление для успешному развитию компании в условиях современной экономики.

Abstract

The article is devoted to the study of human resources in the field of business. The authors consider the fundamentals of the direction for improving human resources and their effective management for the successful development of the company in the modern economy.

Қазіргі нарықтық экономиканың шарттарында ұйымның табысты болуы тек сыртқы факторларға ғана емес, сонымен қатар ішкі ресурстарға, оның ішінде адам ресурстарына да байланысты. Адам ресурстарының тиімді пайдаланылуы мен дамуы кез келген бизнестің табысты болуына ықпал етеді. Бизнес саласында кадр потенциалы – ұйымның негізгі активтерінің бірі болып табылады. Бұл жұмысшылардың кәсіби деңгейі, дағдылары, жұмысқа деген ынтасы және жеке қасиеттері арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан кадр потенциалын тиімді басқару мен жетілдіру бизнестің стратегиялық мақсаты болып табылады [1].

Кадр потенциалы–бұл тек қызметкерлердің кәсіби білімдері мен дағдыларынан ғана емес, олардың жеке қасиеттері мен мотивациясынан да тұратын күрделі жүйе. Осы құрамдас бөліктердің әрқайсысы жеке-жеке маңызды және олардың барлығы бірге ұйымның табысына ықпал етеді.

Қызметкерлердің кәсіби білімдері мен дағдылары олардың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Қазіргі әлемде жаңартылған технологиялар мен үнемі өзгеріп отыратын нарық жағдайлары қызметкерлердің білімдерін жаңартып отыруды талап етеді. Бұл үшін кәсіпорындар үнемі тренингтер, курстар, семинарлар ұйымдастырып, қызметкерлердің дағдыларын арттырып отыруы тиіс.

Қызметкерлердің жеке қасиеттері мен мотивациясы да өте маңызды. Мотивацияның екі түрі бар: ішкі және сыртқы. Ішкі мотивация–бұл қызметкердің өз ісіне деген қызығушылығы мен

ықыласы, ал сыртқы мотивация – материалдық ынталандырулар мен сыйақылар. Қызметкердің жұмысқа деген ықыласы мен ниеті оның өнімділігін арттырып, ұйымның жалпы табысына әсер етеді.

Қызметкерлердің кәсіби деңгейі мен жеке қасиеттері ғана емес, олардың ұйым ішіндегі орны мен рөлі де маңызды. Ұйымның тиімді жұмыс істеуі үшін жақсы басқару жүйесі мен дұрыс құрылым қажет. Ұйымдағы әрбір қызметкердің рөлі мен міндеттері нақты белгіленгенде, жұмыс процесі тиімдірек болады. Бұл жерде басшылардың көшбасшылық қасиеттері мен шешім қабылдау қабілеттері шешуші рөл атқарады.

Кадр потенциалының жақсы деңгейде болуы көптеген артықшылықтармен бірге келеді. Әрбір кәсіпорынның өз кадрларын дұрыс басқаруы мен дамытуы оның ұзақ мерзімді жетістігіне ықпал етеді.

Кадр потенциалының жоғары деңгейі бизнес өнімділігін арттырады. Білікті қызметкерлер өздерінің ісіне жауапкершілік пен қарап, нәтижелі жұмыс істеуге ұмтылады. Бұл өз кезегінде ұйымның жалпы тиімділігін көтереді. Қызметкерлердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, олардың жұмысқа деген ынтасын арттыру өнімділікті жоғарылатады.

Білімді және шығармашыл қызметкерлер жаңа идеяларды жүзеге асырып, ұйымға инновациялық шешімдер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл бизнеске нарықтағы бәсекелестерінен ерекшеленуге және жаңа мүмкіндіктерді игеруге көмектеседі. Кадрлардың үздіксіз дамуы мен білім алуы олардың шығармашылық әлеуетін арттырып, бизнестің даму жолдарын жаңа бағытқа бұрады.

Ұйымда жоғары мотивация мен кәсіби деңгейге ие қызметкерлердің болуы жұмыс атмосферасын жақсартады. Жақсы жұмыс ортасымен бірлескен ынтымақтастық ұжымдық мәдениетті қалыптастырады. Қызметкерлер өз жұмысын ұнатып, ұйымның мақсаттарына жету үшін ынталы болады. Бұл ұйымның ішкі тұрақтылығын сақтауға және қызметкерлердің арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді [2].

Кадр потенциалын жетілдіру үшін бірнеше негізгі бағыттарды қарастыру керек. Бұл бағыттар қызметкерлердің кәсіби дамуына, олардың мотивациясын арттыруға және ұйымның тиімділігін көтеруге бағытталған.

Кәсіби дамыту және тренингтер: Қызметкерлердің кәсіби деңгейін үнемі арттырып отыру өте маңызды. Бұл үшін тренингтер, курстар және семинарлар ұйымдастыру қажет. Әрбір қызметкер өз кәсіби бойынша жаңалықтармен танысып, дағдыларын жетілдіріп отыруы тиіс. Осы арқылы ұйымның барлық қызметкерлері өз жұмысын жақсырақ орындап, тиімділікті арттырады.

Лидерлік және басқару дағдыларын дамыту: Басшылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту ұйымның табысына тікелей әсер

етеді. Басшылардың өз командаларын басқару, жұмыс атмосферасын қалыптастыру және дұрыс шешімдер қабылдау қабілеттері олардың табыстылығын қамтамасыз етеді. Бұл үшін арнайы басқарушылық тренингтер мен коучинг бағдарламалары жүргізілуі керек.

Мотивация және сыйақы жүйесін жетілдіру: Қызметкерлердің жұмысқа деген құлшынысын арттыру үшін мотивация жүйесін жетілдіру қажет. Қазіргі кезде мотивацияның әртүрлі түрлері бар: материалдық және моральдық ынталандыру. Материалдық ынталандыру қызметкерлердің қаржылық жағдайын жақсартуға өмектеседі, ал моральдық ынталандыру олардың жұмысына деген адалдығын арттырады. Жақсы сыйақы жүйесі қызметкерлерді ынталандырып, олардың жұмысқа деген қызығушылығын арттырады.

Цифрлық дағдыларды дамыту және жаңа технологияларды енгізу: Қазіргі уақытта цифрлық дағдылардың маңызы артып келеді. Технологиялық құралдарды пайдалану және цифрлық білімдер қызметкерлердің жұмысын жеңілдетіп, тиімділікті арттырады. Бұл бағытта қызметкерлерді жаңа технологиялармен таныстыру, олардың цифрлық дағдыларын дамыту өте маңызды. Сонымен қатар, технологиялардың көмегімен бизнес процестерін автоматтандыру мен оңтайландыру ұйымның жалпы нәтижелілігін арттырады.

Қорыта айтқанда, кадр потенциалы кез келген ұйымның табысты болуы үшін өте маңызды. Қызметкерлердің кәсіби білімдері мен дағдыларын жетілдіру, олардың жеке қасиеттері мен мотивациясын арттыру бизнес үшін стратегиялық мақсат болып табылады. Кадр потенциалын тиімді басқару және дамыту арқылы ұйым өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нарықта алға шығуға мүмкіндік алады. Сондықтан, кадрларды дамытуға инвестиция салу – бұл кез келген бизнес үшін маңызды әрі қажет қадам. Әрбір ұйым өз кадрларын дұрыс басқару мен дамыту арқылы ұзақ мерзімді табысқа қол жеткізе алады.

Әдебиет

1. Жанузақова, С.Т. "Кадрларды басқару: теория және тәжірибе." – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Муханов, Д.Е. "Ұйымдардағы адам ресурстарын басқару." – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

ӘОЖ:33.338.2

**Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамытудағы
мемлекеттік қолдау шаралары**

Спанова Л.Қ., э. ф.м, аға оқытушы,
Ә-24-2 оқутобының білім алушысы Батырбек Ү.Б.,
Қызылорда "Болашақ" Университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В Казахстане МСБ поддерживается через льготное кредитование, субсидии, налоговые послабления и упрощение административных процедур. Реализуются программы, такие как «Дорожная карта бизнеса–2025». Государство создает новые возможности через цифровизацию и инновации, несмотря на существующие барьеры.

Abstract

In Kazakhstan, SMEs are supported through preferential lending, subsidies, tax incentives, and simplified administrative procedures. Programs like the "Business Roadmap 2025" are being implemented. Despite existing barriers, the government is creating new opportunities through digitalization and innovation.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті қолдау – экономиканы дамытудың маңызды бағыты. Мемлекет кәсіпкерлерге түрлі қолдау көрсетіп, олардың тұрақты дамуына жағдай жасауда. Ең алдымен, заңнамалық деңгейде бизнесті жүргізуді жеңілдету шаралары қолға алынған. Лицензиялау, салықтық есептілік пен тексеру процестері оңтайландырылып, әкімшілік кедергілер азайтылды. Бұл кәсіпкерлерге өз ісін бастау мен жүргізуді айтарлықтай жеңілдетті.

Қаржылай қолдау да басты назарда. Кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие мен мемлекеттік гранттар ұсынылады. «Бизнестің жол картасы–2025», «Қарапайым заттар экономикасы» сияқты бағдарламалар арқылы кәсіпкерлер төмен пайызбен несие алып, субсидиялар мен кепілдіктерге ие бола алады [1,50б.]. Сонымен қатар, жас кәсіпкерлер мен әлеуметтік осал топтарға қайтарымсыз гранттар қарастырылған. Бұл шағын кәсіпті енді бастаған азаматтарға үлкен мүмкіндік береді.

Салықтық жеңілдіктер де кәсіпкерлер үшін үлкен көмек. Кейбір салаларда салық жүктемесі азайтылып, стартаптарға белгілі бір уақытқа салықтық каникул берілді. Экспортқа шығуды жеңілдету үшін кедендік рәсімдер оңтайландырылып, халықаралық нарықтарға шығатын кәсіпкерлерге қолдау көрсетілуде.

Бизнесті жүргізу үшін қажетті инфрақұрылым да дамып келеді. Қазақстанда индустриалды аймақтар мен бизнес-инкубаторлар ашылып, кәсіпкерлерге қажетті жағдай жасалуда. Цифрландыру бағытында да үлкен қадамдар жасалды. Мемлекеттік қызметтердің көпшілігі онлайн форматқа көшіріліп, кәсіпкерлерге уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Кәсіпкерлік мәдениетін дамыту мақсатында оқыту және біліктілікті арттыру жобалары іске қосылды. «Бастау Бизнес», «Жас кәсіпкер» сияқты бағдарламалар аясында азаматтар бизнес жүргізудің қыр-сырын үйреніп, өз ісін ашуға мүмкіндік алуда. Сонымен қатар, инновация мен жаңа технологияларды енгізу бағытында да қолдау бар. Мемлекет заманауи шешімдерді енгізетін кәсіпкерлерге гранттар ұсынып, стартаптардың дамуына жағдай жасауда [2, 95 б.].

Жалпы, Қазақстанда шағын және орта бизнесті қолдау жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Құқықтық, қаржылық, салықтық, инфрақұрылымдық және білім беру бағыттарындағы қолдау кәсіпкерлерге тұрақты дамуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік бағдарламалар мен реформалар шағын бизнестің экономикадағы үлесін арттырып, елдегі кәсіпкерлік белсенділікті күшейтуге ықпал етуде.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту үшін бірнеше мемлекеттік бағдарлама іске қосылған. Олардың басты мақсаты – кәсіпкерлерге қаржылай және инфрақұрылымдық қолдау көрсету, бизнес жүргізуді жеңілдету және жаңа жұмыс орындарын ашу.

Ең ауқымды бағдарламалардың бірі – «Бизнестің жол картасы – 2025». Бұл бағдарлама кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру, субсидиялау және кепілдік ұсыну арқылы олардың қаржылық жүктемесін азайтуға бағытталған. Сондай-ақ, бизнес жүргізуге қажетті инфрақұрылымды дамытуға көмектеседі. Бағдарлама аясында кәсіпкерлерге 6%-бен несие алу мүмкіндігі беріледі, ал қалған пайыздық мөлшерлемені мемлекет субсидиялайды.

Тағы бір маңызды бағдарлама – «Қарапайым заттар экономикасы». Ол отандық өндірісті қолдауға және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған. Бұл бағдарлама аясында өңдеу өнеркәсібімен айналысатын кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беріліп, шикізаттан бастап дайын өнімге дейін өндіріс процесін дамытуға көмек көрсетіледі. Әсіресе, тамақ өнеркәсібі, жиһаз өндірісі, құрылыс материалдары сияқты салаларға басымдық беріледі.

Кәсіпкерлікпен жаңадан айналысып жатқан азаматтарға арналған «Бастау Бизнес» және «Жас кәсіпкер» бағдарламалары да сұранысқа ие. Бұл бағдарламалар негізінен кәсіпкерлік негіздерін оқытуға және бизнес ашуға гранттар беруге бағытталған. Жыл сайын мыңдаған адам осы бағдарламалар арқылы өз ісін бастап, мемлекеттен қаржылай көмек алуда. Әсіресе, жастар мен әлеуметтік осал топтарға ерекше қолдау көрсетіледі.

Жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған «Еңбек» бағдарламасы да кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етеді. Оның аясында шағын несие алу, кәсіпкерлік дағдыларын үйрену және жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша қолдау көрсетіледі.

Мемлекет сондай-ақ инновациялық және технологиялық бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерді цифрландыру, онлайн бизнесті дамыту және IT-жобаларды қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» бағдарламасы ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге қаржылай және инфрақұрылымдық қолдау көрсетеді.

Инновацияны дамыту мақсатында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге IT-шешімдерді енгізуге, бизнес-процестерді автоматтандыруға және онлайн платформаларда жұмыс істеуге жағдай жасалуда. Мемлекет инновациялық жобаларға гранттар бөліп, стартаптарды қолдауды күшейтіп келеді.

Кесте 1 – Қазақстандағы ШОБ-тың дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер

№	Кедергі	Сипаттамасы
1	Қаржыландырудың шектеулілігі	Жоғары пайыздық мөлшерлемелер, кепілдік талаптарының күрделілігі, несие алу қиындықтары.
2	Бюрократиялық кедергілер	Лицензиялау, рұқсат алу, салық есептілігі және тексерулердің көптігі.
3	Бәсекелестіктің жоғары деңгейі	Ірі компаниялармен бәсекелесу қиындығы, нарықтағы монополиялану үрдісі.
4	Білікті кадрлардың тапшылығы	Техникалық және басқарушылық мамандардың жетіспеуі, әсіресе өңірлерде.
5	Инфрақұрылым мен логистика	Өндірістік алаңдардың, қоймалардың, жеткізу жүйелерінің жетілмеуі.
6	Жемқорлық мәселелері	Кейбір әкімшілік рәсімдерде заңсыз төлемдердің болуы.

Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуына бірнеше негізгі мәселелер кедергі келтіреді. Біріншіден, қаржыландыруға қолжетімділік мәселесі өзекті. Кәсіпкерлер үшін несие алу шарттары көбінесе қиын, жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен кепілдік талаптары шағын бизнестің дамуын тежейді. Мемлекеттік қолдау бар болғанымен, оның бәріне қолжетімді болмауы мәселені күрделендіреді.

Екіншіден, бюрократия және әкімшілік кедергілер бизнес жүргізуге тосқауыл болады. Лицензия алу, салық есептілігін тапсыру, түрлі рұқсат құжаттарын рәсімдеу кәсіпкерлерден көп уақыт пен күш

талап етеді. Кей жағдайда жемқорлық факторлары да бизнестің өркендеуіне кері әсерін тигізеді.

Үшіншіден, бәсекелестік пен нарықтық шектеулер де үлкен қиындық туғызады. Ірі компаниялармен бәсекелесу шағын кәсіпкерлер үшін қиын, ал нарықтың кейбір сегменттері монополияланған. Сонымен қатар, халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі де ШОБ-тың қаржылық тұрақтылығына әсер етеді.

Төртіншіден, білікті кадрлардың тапшылығы байқалады. Кәсіпкерлер үшін кәсіби мамандарды табу қиын, әсіресе өңірлерде техникалық және басқарушылық дағдылары бар кадрлар аз.

Бесіншіден, логистика мен инфрақұрылым мәселелері де кедергі келтіреді. Кәсіпкерлер үшін қойма, өндіріс орындары мен жеткізу жүйелерінің дамымағандығы қосымша шығындарға әкеледі.

Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет бизнеске қолдау көрсету шараларын жетілдіруде, бірақ кәсіпкерлер үшін әлі де көптеген қиындықтар бар.

Әдебиет

1. Тоқаев Қ.К. Әділетті Қазақстан: баршаға бірдей мүмкіндік // Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы. – 2022.
2. Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексі» // Нұр-Сұлтан, 2015.

ӘОЖ 33.338

Кәсіпорында маркетингтік стратегияларды басқаруды жетілдіру

Калдыгозова Мерует.,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются теоретические основы методики формирования и оценки эффективности маркетинговой стратегии в молочном производстве в Казахстане. Даны практические рекомендации по совершенствованию мер по улучшению маркетинговой стратегии предприятия.

Abstract

This article describes the theoretical foundations of the methodology for forming and evaluating the effectiveness of a marketing strategy in milk production in Kazakhstan. The enterprise is given practical recommendations for improving measures to improve its marketing strategy.

Маркетингтік стратегия компанияның қолданыстағы
ассортиментіне нарықтық өтінімдерді ұйымдастырудың

байланыстырушы факторыретінде қарастырылады.Маркетингтік стратегияны жүзеге асырудың құралдары келесідей:

-сұранысты қалыптастыру және сатуды ынталандыру мақсатында нарықты талдау;

- нарық конъюктурасының қанағаттанушылығын арттыру үшін өнімді зерттеу және олардың ассортиментін бақылау;

- клиенттермен тікелей байланыс;

- шетелдік өкілдіктер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және жетілдіру;

- көрмелер мен жәрмеңкелерге көбірек қатысу;

- шетелге экспортталатын тауарлар ассортиментін толықтыру (эртараптандыру) ;

- қызмет көрсету тиімділігін арттыру және құру;


- тұтынушының нақты мәртебесі үшін өнімді реттеу;

- маркетингтік қызмет;

- бағаны бақылау.

- бірлескен кәсіпорындар арқылы жаңа нарықтарға шығу;

- мүдделер нарығында тиімді жұмыс істеу дағдылары бар компаниялармен мәмілелердің ынтымақтастығы [1]. Маркетинг нарықтық механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады және сатушылар мен сатып алушылар тарапынан өзара пайда табуды оңтайландыруға, сұранысты ынталандыруға, нарықтық процестерді басқару мен өндірістің нарықтық мүдделеріне бағытталған құнды және басқа нарықтық құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда өркениетті нарықтағы сұранысты қанағаттандыру арқылы пайда табуды анықтайтын механизм қалыптасуда. Өз пайдасын ұлғайтуға ұмтылатын кәсіпкер сұранысты ынталандыруға және тұтынушылардың қалауымен байланысты өндірістік және сату операцияларын жүргізуге міндетті.



Сурет 1.Маркетинг циклының кезеңдері

Маркетингтік стратегияларды әзірлеу процесі белгілі бір шараларды жүзеге асыруды қамтиды:

1.Көбінесе компанияның маркетингтік әдістерін әзірлеудегі алғашқы қадамдардың бірі-міндеттер мен мақсаттар қою. Содан кейін нақты мақсатқа жету әзірленген әдісті енгізу процесін көрсетеді.

2.Стратегиялық трендті түсіндіру және олардың қозғалысының неғұрлым өнімді әдістері мен формаларын таңдау үшін стратегиялық талдау жүргізіп, компанияның позициясын анықтау қажет (сыртқы және ішкі талдау, мүмкіндіктерді, бәсекелестік ортаның сипаттамаларын, саладағы қозғаушы күштерді бағалау).


3.Жүргізілген стратегиялық талдау негізінде тактикалық алғышарттар қалыптастырылады. Таңдау компанияның бар мүмкіндіктеріне және сыртқы жүйені дамыту мүмкіндігіне деген сенімге негізделген белгілі бір тәсілдің пайдасына жасалады.

4.Уақытты жоспарлаудың соңғы қадамы-енгізу техникасын жоспарлау. Бұл қызметтің процесі маңыздылығы тұрғысынан үлкен және орташа қуаттылықтың нақты функцияларын жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттердің нақты тізімін құруды қамтиды [2].

Компанияның миссиясы-компания жұмысының қоғамдық рөлі (компанияның бизнестегі рөлін көрсету). Миссия-компанияның жұмысы қандай және ол неге бағытталған деген сұрақтарға жауап береді.

Миссия- компания қызметінің негізгі мазмұны мен бағытына бағытталған және жеке ерекшеліктерін, жұмыс бағытын және дамуын ескере отырып, бір компанияны екіншісінен ажыратуға мүмкіндік береді.

Компанияның миссиясын құру кезінде мына негізгі сұрақтарға жауап беруіміз керек (Сурет 2):



Сурет 2.Компанияның миссиясын құру сатысы

Бұл сұраққа кезең-кезеңімен жауап бере отырып, компанияның қоршаған орта, қоғам және қызметкерлер алдындағы алдын ала міндеттемелерін анықтауы керек. Миссияны анықтаудағы соңғы аспектісі-компания ұстанатын негізгі құндылықтарды сақтап қалу [3].

Миссия-кез келген бизнестегі ең қиын міндеттердің бірі. Оны жүзеге асыру кезінде бес компонентті ескеру қажет: компанияның тарихы, меншік иелері мен менеджерлерінің қалауы, нарық секторы, компанияның активтері және нақты бизнес мүмкіндіктері. Компанияның миссиясы нарыққа мейлінше қолайлы және компания қол жеткізгісі келетін нәрсеге негізделуі керек; ол шынайы болуы керек және компанияның тағдырын анықтайтындардың пікірлері мен тілектерін ескеруі керек.

Компанияның міндеттері-компания жүзеге асырғысы келетін жұмыстың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелері. Нақты тапсырмаларды бөлу өнімді тактиканы дамытуға және компанияның миссиясын белгілі бір қызметке айналдыруға мүмкіндік береді. Міндет-белгілі бір уақытта белгілі бір шешімге қол жеткізу үшін әкімшілік жұмыс.

Компанияның келешекке әзірленетін стратегияларының негізін оның маркетингтік стратегиясы қамтиды. Ұйымдар нарықта нақты түрде маркетингтік зерттеу жүргізе отырып, ағымдық жағдайына баға беріп қана қоймай, болашақта атқарылатын жұмыстарының мақсат пен міндеттерін анықтап нақтылайды. Осы орайда жұмыс жасау үшін М.Портердің бәсекелес күштер үлгісін негіз ете отырып, кәсіпорындар ортасындағы бәсекелестердің жағдайын анықтауы керек [4].

Маркетингтік стратегияны әзірлеу кез келген бизнестегі ең маңызды құжаты болып табылады. Компанияның маркетингтік стратегиясы нарықтағы бизнесті дамытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Маркетингтік стратегия ұзақ мерзімді перспективада компанияның кірістілігін арттыру мақсатында өнімді жылжыту бағытын анықтайды.



Сурет 3. Компанияның стратегиялық дамуының иерархиялық жүйесі

Әдебиет

1. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>

2. Г.А. Савчук., Ю.В. Мокерова. Управление маркетингом на предприятии: учеб. пособие // М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург : Изд-во Урал., 2014. 21 с.

3. https://vuzdoc.ru/207429/tehnika/vidy_konkurentnyh_strategiy

4. Голубков Е.П.: О понятии «стратегия», ее роли и месте в маркетинговом планировании Маркетинг в России и за Рубежом. 5/2014, 4, 52 с.

5. Ж.З. Арынова. Маркетинговая стратегия рынка молочной продукции в Карагандинской области Республики Казахстан / <https://rep.keu.kz/bitstream/>.

6. Диксон П.Р. Управление маркетингом. -М.: Бином, 1998, 42 с.

7. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы. https://www.inform.kz/kz/agroonerkasiptik-keshendi-damytudyn-2017-2021-zhyldarga-arnalghan-bagdarlamasy-engizilmek_a2971678

8. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000732>

УДК 330.34: 332.12

Управление реализацией государственной политики обеспечению устойчивого развития кластера

Калдыгозова Меруэт.,
Таразский университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз

Түйіндеме

Кластерлік даму ЕО елдерінің тәжірибесіне енгізілген әлемдік саясаттың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады, мұнда экономиканың тұрақтылығын дамытатын іске асырылып жатқан жобалар мысал бола алады. Бұл мақалада әдебиеттер мен есептерді жүйелі зерделеу, еуропалық кластерлердің қызметін талдау, дамушы салалар үшін жаңа технологияларды әзірлеудің технологиялық ғылыми нәтижелері, ірі технологиялық компанияларды тарту және жергілікті фирмаларды әлемдік деңгейдегі құндылықтар жүйесіне

қосу негізінде осы процесті қамтамасыз ететін негізгі факторлар кластерлерді дамыту мәселелері зерттеледі. Мақалада кластерлердің тұрақты дамуға қатысу бөлігіндегі әсері көрсетілген, өйткені олар білімді құруға, бірлесіп оқытуға, технологияларды беруге, ынтымақтастық пен тұрақты инновацияларға ықпал етеді.

Abstract

Cluster development is one of the main goals of world politics, which has been introduced into the practice of EU countries, where examples can be implemented projects that develop the sustainability of the economy. This article examines the issues of cluster development, namely the key factors that ensure this process, based on a systematic study of literature and reports, analysis of the activities of European clusters, technological scientific results of the development of new technologies for developing industries, attracting large technology companies and connecting local firms to world-class value systems. The article shows the impact of clusters in terms of their participation in sustainable development, as they contribute to the creation of knowledge, collaborative learning, technology transfer, as well as cooperation and sustainable innovation. well as to review the activities of clusters in support of sustainable development.

Агропромышленный комплекс во многих странах мира является важным сектором экономики, как и в Казахстане. Имея опыт работы в этой сфере, контролируя все процессы, как со стороны государственного управления, так и в частном секторе, я думаю, что именно эффективное управление является ключевым понятием, чтобы сосредоточиться на сельском хозяйстве, а также на других отраслях экономики Казахстана.

Таким образом, для устойчивого развития отрасли АПК кластерный подход отличается более благоприятным подходом во всем мире. Что означает слово "Кластер"? "Кластер-это группа географически связанных взаимосвязанных компаний и связанных с ними организаций, работающих в определенной области, характеризующихся общностью деятельности и взаимодополняющих друг друга" [1].

Разработка модели кластеров часто помогает скорректировать деятельность хозяйствующих субъектов в данном сегменте рынка.

Одной из важных характеристик можно отметить, что кластерная ориентация влияет не на отдельные сегменты отрасли, а на связи между предприятиями и организациями, то есть на их профессиональные сообщества:

- развивается производство и конкуренция;
- инновационный метод;
- распределение рисков осуществляется внутри кластера (TGA);
- всесторонний доступ к зарубежным рынкам;

- есть возможности для совместных исследований, подготовки и переподготовки специалистов .

Основная функция кластеров-отдавать предпочтение интегрированным организациям. класс позволяет легко общаться со структурой, обмениваться информацией, защищать права, внедрять новые технологии и повышать квалификацию сотрудников. В результате количество транзакций должно привести к продуктам более высокого качества по сравнению с конкурентами.

Тема кластерного подхода хорошо сохранилась в зарубежных и отечественных литературных источниках, а также во многих качественных исследованиях. Эта политика реализуется на протяжении веков. Основоположником теоретических основ этого направления является австрийско-американский экономист, политолог, социолог Дж.Шумпетер .

Для реализации всех выявленных задач сформирована стратегия создания кластеров, которая должна включать модернизацию связей между частным сектором и государственным аппаратом, научной базой, эффективное использование сырья, специалистов, маркетинга и инноваций, то есть создание нового продукта.

Под развитием кластера Автор понимает:

1. Переход к новой современной политике, где частный бизнес не сталкивается с бюрократией и где государство всегда может услышать;

2. Непрерывная поддержка со стороны местных органов власти в части информирования о новых трендах государственной поддержки;

3. Создание необходимой атмосферы взаимного доверия между предпринимателями региона;

4. Обеспечение квалифицированными специалистами с опытом производственной работы;

5. Организация образовательных программ, различных мероприятий, направленных на повышение мотивации участников кластера;

6. Межрегиональное сотрудничество с другими странами для дальнейшего обучения сотрудников.

Роль государства в создании кластера очень важна. Стоит отметить, что кластеры более охотно создаются при финансовой и институциональной поддержке со стороны государства. К наиболее популярным видам поддержки можно отнести такие стимулы, как:

1. Создание офисов или наем специалистов-консультантов, финансируемых властями, для создания и управления кластерами.

2. Субсидии на создание кластера и расходы на управление им (особенно в начальный период работы).

3. Облегчение заявки на государственные гранты на исследования и разработки (в виде дополнительных баллов за простой

факт принадлежности к кластеру), что дает преимущество по сравнению с некластерными предприятиями.

4. Рекламные и информационные мероприятия, финансируемые государственными органами, для увеличения интенсивности создания кластеров.

Для реализации кластерной политики предлагается:

- Определение приоритетных направлений путем расчета коэффициента локализации производства (МСХ и акимаам определить приоритетные кластеры для каждого региона, внести поправки в законодательство, включая правила субсидирования);

- Определение участников кластера (внутренняя среда-ядро, обслуживающие организации, сырьевая база, научная база и квалифицированные кадры, вспомогательные организации, органы власти и внешняя среда-потребители, инвесторы, конкуренты, международное сотрудничество, финансовые организации и т.д.);

- Определение организационно-правовой формы ядра кластера;

- Установление статуса участников кластера;

- Разработка и утверждение Положения об органе управления (администрация региона, координационный совет из числа ядра кластера);

- Реальная поддержка кластера со стороны правительства (разработка 2-летней программы развития с адресным планом финансирования участников кластеров по каждому кластеру);

- Оценка эффективности деятельности кластеров может быть определена путем расчета рентабельности производства, производительности труда и чистой прибыли.

Также кластеры способствуют устойчивой модернизации малых и средних предприятий и поощряют участие заинтересованных сторон в процессе устойчивого развития. Направление, рассматриваемое в статье, связано с мировым сотрудничеством, что, в главной степени, имеет своё влияние на все уровни социального менеджмента, культивируя положение кластеров. Это межгосударственное взаимодействие формирует новейший элемент производства, благотворно сказывающийся в областях экологии, в определении характеристики экономического положения индивида или социальной группы, и находит отражение в количественных параметрах явлений и процессов в экономике.

Задачи статьи нашли своё решение в апроприации кластерного подхода, который, помимо вышеуказанных областей, характеристик и параметров, затрагивает также культуру обучения населения, научный мир, внедрение новшеств в жизнь человека, фундаментальные форсайты.

Задачами статьи являются: исследование кластеров в ключе их влияния на устойчивое развитие в настоящий момент; рассмотрение направлений кластерной политики ЕС через призму влияния на

устойчивое развитие в течении последних двадцати лет; а также обзор деятельности кластеров в поддержку устойчивого развития.

Литературы

1. Акимбекова, Г.У., Баймуханов, А.Б., Каскабаев, У.Р., Мухаджан, М.С. Механизм формирования и функционирования отраслевых кластеров в сферах производства, хранения, переработки сбыта сельскохозяйственной продукции (методические рекомендации). – Алматы, 2017. – 25с.

2. Чемоданова, Е.В. Кластерный подход в инновационном развитии АП Крегиона. – URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=13055> 10.12.2019). – Текст: электронный.

3. Сағдат, Ж.Б. кластеры в отрасли сельского хозяйства Республики Казахстан, научный журнал «Студенческий вестник» №43-4, декабрь 2020 года. 78стр. 4. Завьялов, М.В. Оценка уровня устойчивого развития региона как основа формирования его стратегических ориентиров / М.В. Завьялов // Вестник МИРБИС. – 2020. – №2(22) – С.122-130.

4. Капогузов, Е.А. Кластерная политика регионального развития: ресурсы институциональные условия / Е.А. Капогузов, Р.И. Чупин, М.С. Харламова // Журнал экономической теории. – 2019. – Т.16. – №1. – С.22-36.

5. Уралбаев Н.К. Методы организации инновационных кластеров в Казахстане на опыте Российской Федерации // Инновации инвестиции. 2020. №8.

УДК 33.338

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жолдары

Тагаева Айнұр.,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

При создании программ и проектов развития, на наш взгляд, необходимо обращать внимание на указанные параметры, а также на достижения и отставание РК. Государственное регулирование в РК требует создания новых инструментов контроля на основе эффективных механизмов развития бизнеса. Анализ тенденций развития систем государственной поддержки малого предпринимательства в современной экономике показывает возрастающую роль мер государственной поддержки предприятий, осуществляющих научно-техническую и инновационную деятельность.

Abstract

When creating development programs and projects, in our opinion, it is necessary to pay attention to these parameters, as well as to the achievements and lag of the Republic of Kazakhstan. State regulation in the Republic of Kazakhstan requires the creation of new control tools based on effective business development mechanisms. The analysis of trends in the development of state support systems for small businesses in the modern economy shows the increasing role of state support measures for enterprises engaged in scientific, technical and innovative activities.

Өңірдің орнықты экономикалық дамуының негізгі аспектілерінің бірі "салауатты" бәсекелестік орта құруға, халықты жұмыспен қамтуға, өңірде жалпы өнім өндірісін ұлғайтуға, халықтың нақты табысын ұлғайтуға және өмір сүру сапасын жақсартуға қабілетті шағын бизнесті дамыту болып табылады. жергілікті және өңірлік бюджеттердің кірістерін ұлғайту.

Шағын бизнес негізінен аймақтық деңгейге бағытталған, өйткені олар шектеулі қызмет түрлеріне, ресурстар мен маркетингтік сатылымдарға қол жетімділіктің жеткіліксіздігіне және басқа да сипаттамаларға байланысты тауарлар мен қызметтерге жергілікті сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

Соңғы жылдары шағын бизнесті дамытуға үлкен қызығушылық әртүрлі жағдайларда пайда болды. Бір жағынан, шағын кәсіпорындар өңірдің өндірістік қуаттарын пайдалану үшін тиімді экономикалық база құруға, нарықтың барлық секторларында кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауға, көптеген жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз етуге және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. белгілі бір дәрежеде біздің қоғамдағы экономикалық өзгерістерге байланысты әлеуметтік күйзелістердің салдарының азайғандығын байқаймыз.

Екінші жағынан, кішігірім компаниялар басқару үшін өте аз капиталды қажет етеді, олар үлкен пайда табу үшін қауіпті шаралар қолданады және көбінесе ережелерге өте сезімтал, сондықтан кішігірім инновациялар оларға айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Шағын бизнес елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсуіне айтарлықтай әсер етеді. Жалпы, шағын бизнес нарықтық экономиканың тиімділігін едәуір арттыратын жағдайлар жасаумен белсенді айналысады. Схемалық түрде экономикалық өсуге әсер ететін процестер бағдарламада көрсетілген [2].

Әрине, шағын бизнестің жұмысының тиімділігін көрсететін көптеген экономикалық артықшылықтары бар.:

- нөмір;
- коммуникацияларды қарапайым ұйымдастыру және басқару;
- тиісті бағыт, тәжірибе және бизнес түрі;
- ірі компаниялар үшін тиімді және тиімді қызмет бағыты;
- өзгертін нарықтық жағдайларға бейімделу;

- инновациялық технологияларды енгізу тәсілі;
- еркін бәсекелестікке ықпал ету;
- әртүрлі өңірлер мен жалпы елдердің инновациялық дамуы үшін алғышарттар жасау.

Шағын бизнестің тиімділігі бірқатар стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

елдер мен өңірлердегі экономикалық өсуді арттыру;

- инновациялық дамуды қолдау;
- жаңа жұмыс орындарын құру;

ЖІӨ өсуі және т. б.

Алайда шағын бизнес операцияларының кейбір кемшіліктері бар:


- шектеулі ресурстық база (қаржы, логистика, еңбек ресурстары);
- әлсіз несиелік мүмкіндіктер;
- еңбек жағдайлары мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау ірі компанияларға қарағанда нашар;
- төмен жалақы және т. б.

Шағын бизнесті қолдау осы еңбек шектеулерінің әсерін жоюға немесе азайтуға бағытталуы керек. Қазіргі уақытта шағын бизнес пен мемлекеттік мекемелерді қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу мемлекеттік саясатты жетілдірудің маңызды тетігі болып табылады [1].

Қазақстанда бизнесті жүргізуді мемлекеттік реттеу мен ынталандырудың институционалдық жүйесі келесідей (1-сурет. 1): ОЛ кәсіпкерлік қызметті бақылау құрылымын қамтиды; кәсіпкерлікті дамытуға жауапты ұйымдар, бизнес мүдделерін білдіретін ұйымдар және билік органдары.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыратын ұйымдар, егер тікелей болмаса, Президенттің қарамағында болады.

Оларға мыналар жатады: кедендік және қаржылық бақылау комитеті; Салық комитеті; қаржы нарықтарын бақылау және реттеу департаменті; Табиғи монополияларды бақылау, Бәсекелестік және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті; Экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаменті.



Сурет 1. ҚР кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу және ынталандыру жүйесінің құрылымы

Мемлекеттік органдар-бұл жеке бизнесті дамытуға жауапты мекемелер. Қызметтің осы бөлімінің бас орындаушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады, оның құрылымына кәсіпкерлікті дамыту департаменті кіреді, ол кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпкерлікті ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясат пен нормативтік актілерге құқықтық нормаларды енгізу жөніндегі міндеттерді орындайды. Департаменттің негізгі міндеттері: кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау, инвестициялар тарту жөніндегі шараларды әзірлеу, сондай-ақ кәсіпкерлерге мемлекеттік лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану және шағым беру жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер қауымдастығы орталық атқарушы билік органдары деңгейінде түсініктемелер дайындау үшін құрылды.


Көбінесе атқарушы билік құру жоспарлары, сондай-ақ бизнес мүдделерін білдіретін институттарды (30-дан астам оқуға болатын бизнес қауымдастықтар) құруды реттеу жұмыстары бар.

Кәсіпкерлік саласындағы заманауи зерттеулердің нәтижелерін қорытындылай келе, ұйымдық ортаның сапасы бизнес-ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді, инвестициялық шешімдерге, өндірісті ұйымдастыруға әсер етеді және экономикалық өсуге әсер етеді. Бқпал ету саласы шегінде бизнесті жүргізуді ынталандырудың Мемлекеттік құралдары тұтастай алғанда 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Бқпал ету саласындағы кәсіпкерлік үшін мемлекеттік ынталандыруды іске асыру құралдары

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы үшін шағын және орта бизнестің даму және тиімділік параметрлерін айқындау қажет (сурет.3).



Сурет 3. ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нысаналы критерийлері

Даму жоспарлары мен жобаларын құру кезінде, біздің ойымызша, осы көрсеткіштерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жетістіктері мен қиын жағдайына назар аудару қажет, өйткені олар халықаралық даму индекстерін ескере отырып, қазіргі заманғы экономика мен бизнеске айтарлықтай әсер етеді.

Жалпы, бірақ іс жүзінде оларды сақтау кәсіпкерлікті тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Олардың кейбіреулері Қазақстан Республикасында толық нақтылануы мүмкін (мысалы, инвесторлардың құқықтары мен меншік құқықтарын қорғау, сыртқы экономикалық қызметті қолдау, өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыс істеп тұрған әлеуметтік мәртебе елдегі кәсіпкерлік бағдарламаларды дамыту бағытында тиімді тренд болып табылады) [3].

Қазақстан Республикасын мемлекеттік реттеу жаңа бақылау органдарын құруды және олардың негізінде кәсіпорындарды дамытудың тиімді тетігін талап етеді.

Қазіргі экономикадағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесінің даму тенденцияларын талдау ғылыми-техникалық және инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шараларының өсіп келе жатқан рөлін көрсетті. Дамыған елдердегі шағын инновациялық кәсіпорындар осындай мемлекеттік қолдаудың негізгі объектісі болып табылатынын атап өткен жөн.

Әдебиет

1. Аль-СаббагНурФайез Саид, Карлик А.Е. Малый и средний бизнес в системе промышленного производства// Вопросы экономики и права. – М.- 2019. – №3. – С.89-94.

2. Калмагамбет 3. Актуальные проблемы развития предпринимательства и пути их решения//Основы экономики: преподавание в школах, колледжах и университетах.- 2019.-№ 2-3(51).

3. Фазылбаева А.Ф. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудағы негізгі бағыттары мен проблемалары //ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы.- 2017.- №3 (97).- 193б.

ӘОЖ 371.671 : 004 : 371.3

**"Цифрлық білім беру құралдарының оқу процесіне әсері:
Қазақстандағы тәжірибе"**

Туктыбаева Ляззат Умырзақовна,
арнайы пән оқытушысы
Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Резюме

Стремительное развитие цифровых технологий привнесло значительные изменения в систему образования. Использование цифровых образовательных инструментов в Казахстане способствует повышению эффективности учебного процесса и улучшению качества образования. В статье рассматривается влияние цифровых образовательных инструментов на учебный процесс, опыт Казахстана, а также преимущества их применения для повышения качества образования. Кроме того, обсуждаются проблемы внедрения цифровых инструментов и предложены пути их решения. Особое внимание уделено необходимости укрепления интернет-инфраструктуры, повышения цифровой грамотности учителей и улучшения технического оснащения для развития цифрового образования.

Abstract

The rapid development of digital technologies has brought significant changes to the education system. The use of digital educational tools in Kazakhstan has enhanced the effectiveness of the learning process and improved the quality of education. This article explores the impact of digital educational tools on the learning process, the experience in Kazakhstan, and the advantages of these tools in improving educational quality. Additionally, it discusses the challenges of implementing digital tools and offers solutions. The need to strengthen internet infrastructure, enhance teachers' digital literacy, and improve technical equipment for the development of digital education is emphasized.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Қазақстанда цифрлық білім беру құралдарын қолдану оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім сапасын арттыруға және студенттердің қызығушылығын оятуға мүмкіндік беруде. Бұл мақалада цифрлық білім беру құралдарының оқу процесіне әсері қарастырылып, Қазақстандағы тәжірибелер мен жетістіктер талданады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде кездесетін өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары ұсынылады.

Цифрлық құралдар білім беру процесін жекешелендіруге, оқытудың интерактивті әдістерін енгізуге, сондай-ақ қашықтықтан

оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Олардың негізгі артықшылықтары:

- Оқу материалдарын қолжетімді ету – кез келген уақытта және жерде оқуға мүмкіндік береді.
- Интерактивтілік – білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.
- Дербестендірілген оқыту – әр студенттің қабілетіне сәйкес білім беру.
- Бағалаудың жаңа әдістері – тесттер мен тапсырмаларды автоматтандырылған түрде орындау.
- Үнемділік және экологиялық тиімділік – қағазбен жұмыс істеуді азайтады, бюджеттік үнемдеуге септігін тигізеді.

Қазақстанда цифрлық білім беру құралдарын енгізу «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Бұл бағытта мынадай бастамалар жүзеге асырылуда: BilimLand және Daryn.online платформалары арқылы оқыту, Kundelik.kz электрондық журнал және күнделік жүйесі, STEM және робототехника зертханаларының ашылуы, цифрлық сауаттылық курстары мен педагогтарды оқыту бағдарламалары, цифрлық контент әзірлеу – студенттер мен мұғалімдерге арнап онлайн ресурстар құру[3].

Қазақстандағы тәжірибе көрсеткендей, цифрлық білім беру құралдары оқу процесіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді [1]:

- Оқу жетістіктері жақсарады – студенттерге оқу материалдарын игеруге көмектеседі.
- Мұғалімдер мен студенттер арасындағы қарым-қатынас артады – кері байланыс жедел жүзеге асады.
- Шығармашылық қабілеттер дамиды – интерактивті тапсырмалар арқылы студенттердің қызығушылығы артады.
- Қашықтықтан оқыту мүмкіндіктері кеңейеді – пандемия кезінде онлайн білім беру жүйелері өз тиімділігін дәлелдеді.

Алайда, цифрлық білім беру жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер бар:

- Интернет инфрақұрылымының әлсіздігі – ауылдық аймақтарда интернет байланысының нашарлығы.
- Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің төмендігі – кейбір педагогтар жаңа технологияларды тиімді қолдануда қиындықтарға тап болуда[6].
- Техникалық жабдықталу мәселелері – көптеген мектептер мен жоғары оқу орындарында компьютерлер мен планшеттердің жетіспеушілігі байқалады.
- Студенттердің артық экран уақытын өткізуі – денсаулыққа әсер ететін факторлардың бірі.

Цифрлық білім беру құралдары Қазақстанның білім жүйесін жаңғыртудың маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар,

интернет инфрақұрылымын нығайту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және техникалық қамтамасыз етуді жақсарту мәселелерін шешу – цифрлық білім берудің тиімділігін арттырудың басты қадамдары болып табылады [4].

Цифрлық құралдар тиімді болуы үшін интернетке тұрақты және жылдам қолжетімділік қажет. Ауылдық аймақтар мен шалғай аудандардағы интернет байланысы үнемі тұрақсыз болатыны белгілі. Бұл студенттер мен мұғалімдер үшін үлкен кедергі тудырады. Сондықтан, интернет инфрақұрылымын жақсарту үшін мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Әсіресе, ауыл мектептеріне және жоғары оқу орындарына жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету мен арзан интернет пакеттерін ұсыну – басты міндет болуы тиіс [2].

Мұғалімдердің жаңа технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының дамуы маңызды. Көптеген педагогтар жаңа цифрлық құралдар мен платформалармен жұмыс істегенде қиындықтарға тап болуы мүмкін [5]. Бұған қоса, мұғалімдер мен студенттер арасында цифрлық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылуы керек.

Жоғары сапалы оқу процесі үшін заманауи техникалық құралдар, яғни компьютерлер, планшеттер, интерактивті тақталар және басқа да цифрлық жабдықтар қажет. Қазіргі уақытта көптеген мектептер мен университеттерде оқу құралдарының жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан білім беру мекемелерін қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан инвестициялар мен қаржылық қолдау көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар, заманауи жабдықтарды тиімді пайдалануға үйрету де маңызды.

Пандемия кезеңінде қашықтықтан оқытудың маңызы айқын болды. Дегенмен, бұл жүйе толыққанды білім беру процесін қамтамасыз ету үшін бірқатар қиындықтар тудырды. Студенттердің мотивациясын жоғалтуы, оқу материалдарын меңгеру деңгейінің төмендеуі сияқты мәселелер туындады. Қашықтықтан оқытуды одан әрі дамыту үшін арнайы онлайн платформалар мен цифрлық ресурстарды дамыту қажет. Сонымен қатар, студенттердің бір-бірімен және мұғаліммен тиімді байланыс орнатуын қамтамасыз ету үшін онлайн сабақтар мен тренингтердің өзара тиімділігін арттыру керек.

Цифрлық білім беру құралдарының бірден-бір кері әсері – бұл студенттердің артық экран уақытын өткізуі. Ұзақ уақыт компьютер немесе планшет алдында отыру денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Осы мәселеге байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарында студенттердің экран алдында өткізетін уақытына шектеу қою, арнайы жаттығулар мен дене шынықтыру сабақтарын енгізу, сондай-ақ психологиялық қолдау көрсету бағдарламаларын жүзеге асыру қажет [6].

Цифрлық құралдарды инклюзивті білім беруді дамытуда тиімді қолдану қажет. Арнайы қажеттіліктері бар студенттер үшін оқу

процесін жеңілдету үшін арнайы цифрлық бағдарламалар мен ресурстарды әзірлеу өте маңызды. Бұл студенттерге оқу материалдарын қолжетімді ету, сондай-ақ олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болады[7].

Цифрлық білім беру құралдары Қазақстанның білім жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі болып табылады. Олар оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, білім сапасын арттыруға және студенттердің қызығушылығын оятуға көмектеседі. Дегенмен, цифрлық білім берудің толыққанды және тиімді болуына қол жеткізу үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Интернет инфрақұрылымын дамыту, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, техникалық жабдықтарды жаңарту, қашықтықтан оқытуды жақсарту және студенттердің денсаулығын қорғау мәселелерін шешу – Қазақстанда цифрлық білім берудің дамуына маңызды ықпалын тигізеді. Бұл бағыттағы жетістіктер Қазақстанның білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеріп, әлемдік білім беру тенденцияларына сәйкес дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Жұмабаев, Қ. (2020). Цифрлық білім беру: теория және практика. Алматы: Алтын Орда.

2. Туктыбаева, Л. У. (2021). Қашықтықтан оқыту және цифрлық сауаттылық. Қызылорда: Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі.

3. Назарбаев, Н. Ә. (2017). Цифрлық Қазақстан: Мемлекеттік бағдарлама. Алматы: Елбасылық.

4. Баймолдаева, А. (2019). Қазақстандағы цифрлық білім беру құралдарының дамуы. Журнал "Білім беруді жаңғырту", 34(5), 21-30.

5. Омарова, Ә. (2018). Оқытудағы жаңа технологиялар. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.

6. Власова, И. С. (2020). Цифровизация образования в Казахстане: проблемы и перспективы. Журнал "Образование и наука", 10(12), 102-110.

7. Алдамбергенова, Ж. (2019). Цифрлық технологияларды қолдану: білім берудегі жаңа әдістер мен тәсілдер. Астана: Елорда баспасы.

Шамсудинова Г.М.,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В настоящее время информационные технологии играют важную роль в системе образования. Введение ІТ технологий в Казахстане способствует улучшению качества образования, открывает новые возможности и помогает эффективно организовать учебный процесс. В рамках программы «Цифровой Казахстан» осуществляется процесс цифровизации образовательной сферы, и школы и университеты оснащаются новыми технологиями. Этот процесс внедряет онлайн-образование, дистанционное обучение и использование цифровых учебных материалов, что улучшает качество образования.

Abstract

Currently, information technologies play a significant role in the education system. The introduction of ІТ technologies in Kazakhstan enhances the quality of education, opens up new opportunities, and helps to organize the learning process efficiently. Under the "Digital Kazakhstan" program, the process of digitizing the education sector is being implemented, and schools and universities are being equipped with new technologies. This process introduces online education, distance learning, and the use of digital learning tools, which improves the quality of education.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар барлық салаларда кеңінен қолданылып, білім беру жүйесінде де өз әсерін тигізуде. Қазақстанда ІТ технологияларының енгізілуі оқу процесінің тиімділігін арттыруға, білім беру сапасын жақсартуға және жаңа мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді. Еліміздің білім беру саласындағы цифрландыру деңгейі әртүрлі болғанымен, бұл салада айтарлықтай жаңартулар мен өзгерістер байқалады. Бұл процестер білім беру жүйесін жаңғыртып, қазіргі заман талабына сай дамытуға ықпал етуде.

Интернеттің және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласының трансформациясына әкелді. Қазіргі кезде ІТ технологиялары білім беру жүйесіне жаңа әдіс-тәсілдер мен мүмкіндіктерді енгізіп, оқу процесін сапалы түрде өзгертуге мүмкіндік береді [1]. Студенттер үшін онлайн платформалар, цифрлық оқу құралдары және виртуалды оқу орталықтары жаңа білім алу жолдарын ұсынады. Әсіресе, қашықтан оқыту жүйелері білім

алушыларға уақыт пен орынды шектеусіз білім алу мүмкіндігін беріп, оқу үдерісін икемді әрі тиімді ете түседі. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім беру сапасын әрдайым бақылап отыруға, студенттердің оқу нәтижелерін бағалауға, дербес білім алуын қолдауға ықпал етеді.

Қазақстанда 2018 жылы қабылданған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы аясында ақпараттық технологиялардың білім беру саласында кеңінен қолданылуының маңызы зор. Бұл бағдарлама еліміздегі барлық мектептер мен университеттерді жаңа технологиялармен жабдықтап, оқыту процесін цифрлық құралдармен қолдауға бағытталған. Бағдарламаның басты мақсаты – еліміздің білім беру жүйесінің сапасын көтеріп, оны әлемдік деңгейге жеткізу. Сонымен қатар, бұл бастама мұғалімдер мен студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті жақсарту, сондай-ақ білім беру мекемелерінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуді көздейді [2].

Сондай-ақ, еліміздің жоғары оқу орындары мен мектептерінде білім беру платформалары мен бағдарламаларының санын арттыру, оларға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету жұмыстары да жүргізілуде. Бұл қадамдар білім сапасын жақсартуға, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға және Қазақстанды халықаралық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті ете түседі.

Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыру үдерісі басталғанымен, бұл бағыттағы мәселелер мен қиындықтар әлі де айтарлықтай көп. Біріншіден, білім беру мекемелерінің техникалық инфрақұрылымының жетіспеушілігі маңызды кедергілердің бірі болып табылады. Қала мен ауыл мектептері арасында үлкен айырмашылықтар бар, әсіресе ауылды аймақтардағы білім беру ұйымдарында қажетті техникалық жабдықтардың болмауы оқу сапасына теріс әсер етеді. Интернет жылдамдығының төмендігі, компьютерлер мен басқа да цифрлық құралдардың жетіспеушілігі студенттердің толыққанды білім алуына кедергі келтіреді. Бұл жағдай тек студенттердің білім деңгейін ғана төмендетіп қоймай, оларды цифрлық дәуірде бәсекеге қабілетті болуға дайындықсыз қалдырады.

Қашықтан оқыту немесе онлайн білім беру сияқты жаңа әдістерді енгізу кезінде бұл инфрақұрылымдық мәселелер айрықша байқалады. Интернетке тұрақты қолжетімділік болмағандықтан, студентлар мен мұғалімдер үшін тиімді оқу процесін ұйымдастыру қиындайды. Бұл әсіресе ауылдық аймақтарда білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғуда, себебі қаладағы мектептерге қарағанда ауыл мектептерінде тиісті жабдықтар мен ресурстар жеткіліксіз [3].

Екіншіден, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мәселесі тағы да өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта білім беру саласында мұғалімдердің жаңа технологияларды пайдалану мүмкіндігіне де, олардың осы технологияларды тиімді қолдану

дағдыларына да үлкен сұраныс бар. IT құралдарын оқыту процесінде қолдану үшін мұғалімдерге арнайы тренингтер, курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Дегенмен, көптеген мектептер мен оқу орындарында бұл үшін қажетті ресурстар мен инфрақұрылым жоқ. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы мен білім беру әдістемелерін жетілдіру үшін арнайы кәсіби дамыту бағдарламаларын енгізу маңызды болып табылады. Мұғалімдер тек оқу бағдарламаларын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар цифрлық құралдарды тиімді қолдана білуі тиіс. Мұғалімдердің осындай дағдыларға ие болуы студенттерге сапалы білім беру мен олардың цифрлық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, білім беру саласында цифрландыруды толыққанды жүзеге асыру үшін жоғары деңгейдегі техникалық кадрларды даярлау мәселесі де аса маңызды [4].

Білім беру саласында цифрландыруды жүзеге асыру үшін бірнеше деңгейде кешенді шаралар қажет. Бұл — инфрақұрылымды жетілдіру, мұғалімдер мен студенттердің цифрлық дағдыларын дамыту, жаңа технологиялармен жұмыс істейтін кадрларды даярлау және аймақтық теңсіздікті жою. Тек осындай бағытта жұмыс жүргізгенде ғана біз білім беру жүйесін тиімді цифрландыруға қол жеткізе аламыз және білім сапасын халықаралық деңгейге көтеруге мүмкіндік аламыз.

IT технологияларын қолдану білім беру процесін айтарлықтай тиімді әрі қызықты етеді. Студенттер үшін цифрлық оқу құралдары мен ресурстар оқу материалдарын терең түсінуге, жаңа тақырыптарды тез меңгеруге, сондай-ақ білімін түрлі формада тексеруге мүмкіндік береді. Әсіресе, интерактивті тақталар мен электронды оқулықтар оқыту сапасын жақсартады, себебі олар дәстүрлі оқулықтарға қарағанда оқу процесін көбірек бейнелеп, студенттердің қызығушылығын арттыра алады. Онлайн тестілеу жүйелері студенттердің білімін тиімді бағалауға, оқу нәтижелерін нақты бақылауға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық ресурстар оқу сапасын жақсартып, студенттердің білім деңгейін көтеруге ықпал етеді [5].

Қазақстандағы білім беру жүйесінде инновациялық өзгерістерге бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылып, елімізде білім берудің жаңа бағыттары дамып келеді. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – жастарға заманауи білім беру мүмкіндіктерін ұсыну, оларға цифрлық дәуірде бәсекеге қабілетті болуға қажетті дағдыларды қалыптастыру. Қазақстанда IT саласындағы білім беру бағытында бірқатар арнайы курстар мен факультеттер ашылып, жоғары білім алуға мүмкіндіктер кеңейтілді. Әсіресе, университеттер мен колледждерде ақпараттық технологиялар бойынша мамандар даярлау үшін арнайы білім беру бағдарламалары енгізілді. Мұндай бастамалар

студенттерге тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды меңгеруге де мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қазақстанда стартаптар мен ІТ жобалары білім беру саласында жаңа идеялар мен тәсілдер ұсынуда. Жастар арасында кәсіпкерлік дағдыларды дамыту мақсатында ақпараттық технологиялар саласында көптеген инновациялық бастамалар пайда болуда. Мысалы, мектептер мен жоғары оқу орындары өзара байланысып, түрлі стартаптар мен жобалар арқылы студенттерді кәсіпкерлікке баулуда. Бұл жоба жастарды жаңа технологияларды қолдануға, кәсіпкерлік ойлау мен инновацияларды жүзеге асыруға үйретеді. Сонымен қатар, ІТ саласындағы жобалар мен стартаптар білім беру үрдісін жақсартып, оқу материалдарын цифрлық форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның болашағы өте зор. Әрбір мектеп пен университет заманауи құралдармен жабдықталуы тиіс. Қашықтан оқыту мен онлайн білім беру бағдарламалары одан әрі дамиды. Студенттер мен мұғалімдерге арнайы цифрлық платформалар арқылы білім алу мүмкіндігі ұсынылады.

Қазақстанда ІТ технологияларын білім беру жүйесіне енгізу бағытында көп жұмыстар атқарылуда, бірақ бұл үдерісті одан әрі дамыту үшін қосымша күш-жігер қажет. Білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жақсарту, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, және барлық аймақтарға тең мүмкіндік беру маңызды.

ІТ технологияларын білім беру жүйесіне тиімді енгізу үшін бірнеше маңызды қадамдар жасау қажет. Алдымен, техникалық инфрақұрылымды жақсарту, мұғалімдер мен студенттердің цифрлық дағдыларын дамыту керек. Сонымен қатар, барлық білім беру мекемелеріне жаңа технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік жасау қажет. Қазақстанның білім беру саласында цифрландырудың болашағы өте үлкен, және бұл саладағы өзгерістер әлемдік стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

Әдебиет

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2020). *Цифрлық Қазақстан* мемлекеттік бағдарламасы. Алматы: Білім баспасы.

2. Мұхамедали, Н. (2019). Ақпараттық технологиялар және білім беру жүйесі. *Қазақ білім журналы*, 5(24), 34-42.

3. Бейсенова, К. (2020). Қашықтан оқыту: Қазақстандағы жаңашылдықтар. *Жаңа білім беру парадигмалары*, 1(5), 102-109.

4. Назарбаев, Н. (2017). *Қазақстанның білім беру жүйесін модернизациялау стратегиясы*. Астана: Елорда баспасы.

5. Kauffman, D. (2021). *Digital Transformation in Education: Opportunities and Challenges*. *Journal of Educational Technology*, 29(3), 87-98.

ӘОЖ: 330.1.101

**Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктері:
кәсіпкерлік бизнестің рөлі мен маңызы
(Қызылорда облысы деректерінің мысалында)**

Э.Ф. К. Шураева С. Н.,
Э-23М оқу тобының магистранты Қындыбаева Ж.Р.
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития малого бизнеса по региону, оказываемые государством меры поддержки бизнеса, способы повышения престижа рабочих специальностей и улучшения системы технического и профессионального образования.

Abstract

The article examines the problems of small business development in the region, government-provided business support measures, ways to increase the prestige of working specialties and improve the system of technical and vocational education.

Қуатты Қазақстан-ең алдымен өңірлердің қуаты. Елдің болашағы экономикадағы перспективалы салаларды дамытумен байланысты, ал мемлекет тарапынан тиімді реформалар кәсіпкерлік саланы дамытуға, нарықтық экономиканы әлеуметтік бағдарлауға, халықтың басым көпшілігінің өмір сүру жағдайларын жақсарту жөніндегі бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға ықпал етеді.

Экономикалық өсу мемлекеттің әлеуетін нығайту мақсатында әлеуметтік теңсіздіктің төмендеуімен және орта таптың күшеюімен қатар жүруі тиіс.

Елдің өнеркәсіптік әлеуетін толыққанды ашу үшін Үкімет 17 ірі жобаның тізбесін жасады, онда басымдықтардың бірі жоғары шектерді игеру, яғни отандық шикізат пен компоненттерді барынша пайдалану, алыптардың айналасында аралас өндірістерді жолға қою болды [1].

Елдің кадрлық әлеуетін арттыру өте маңызды. Экономиканы білікті кадрлармен қамтамасыз ету-ең өзекті міндет. Ең алдымен, салалық мамандардың, соның ішінде, су шаруашылығы мамандарының, құрылысшылардың, энергетиктердің және т.б. тапшылығын ескеру керек. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды, деп атап өтті ҚР Президенті ел халқына Жолдауында [1].

Әлемдік қауымдастықтар шағын бизнес жалпы экономика үшін тиімді ғана емес, сонымен қатар өндіріске, маркетингке, сатуға, тұтынуға байланысты барлық іс-шараларды қамтитынын бұрыннан мойындаған.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында елдің дамуы үшін стратегиялық бағдарларды белгіледі, онда басты хабарландырулардың бірі 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялау болды. Мемлекет басшысы сондай-ақ жұмысшы мамандықтарының беделін арттырудың, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жақсартудың маңыздылығын атап өтті. Елдің өмір сүру жағдайларын үнемі жақсарту мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыты болып табылады [1].

Кәсіпкерлер өз кезегінде салауатты бәсекелестікті дамыту бойынша үлкен жұмыс атқаруда. Шағын бизнестің онсыз да таусылып бара жатқан табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануды шектеу, ішкі сұраныстың импортқа тәуелділігін болдырмау, жұмыссыздық, кедейлік мәселелерін шешуге қосқан елеулі әлеуетті мүмкіндіктері мен үлесі. Осыған байланысты экономикадағы жетістіктер, мемлекет көрсеткен бизнесті қолдау шаралары жеке кәсіпкерлердің жалдамалы жұмысшылардың жалақысын көтеру бастамасын қолдауына айтарлықтай әсер еткенін атап өткен жөн [4].

Үкімет өз алдына бес жыл ішінде кәсіпкерлік саланың барлық қаржы көздеріне шығындарды арттыру міндетін қойды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректеріне сәйкес, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ел экономикасы 51,9 триллион теңгені құрады, яғни республикалық бюджеттің ЖІӨ-ге қатысты шығыстары 20,4% - құрады.

2025 жылы ЖІӨ - нің нақты өсімі 5,6 пайызды, 5 жылдағы ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 5,4 пайызды құрайды деп болжануда. Номиналды ЖІӨ 2025 жылы 150,8 триллион теңгеден 2029 жылы 234,2 триллион теңгеге дейін өседі. Экономиканың барлық салаларында өсу күтілуде

2024 жылы ең төменгі жалақы 85 000 теңгеге дейін өсті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 21,4% - ға артық (ЕТЖ 70 000 теңгені құраған кезде). Айлық есептік көрсеткіш 2024 жылы 3 692 теңгеге дейін ұлғайды, бұл 2023 жылғы 3 450 теңгемен салыстырғанда 7% - ға артық. 2024 жылы тағы бір маңызды өзгеріс-бұрын талап етілмеген жұмыс берушінің зейнетақы жарналарын (МЗЖ) енгізу [4].

Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) ставкаларын көтеру талқылануда, олар 1% - ға, ал әлеуметтік аударымдар-1,5% - ға өсуі мүмкін, егер жалдамалы қызметкерлер үшін олардың қолына алатын сома маңызды, ал аударымдар мен салықтар олар үшін кадр артында қалады деп есептесек, онда бұл төлемдердің барлығы кәсіпкерлерге салмақ болмақ [5].

2024 жылы ЖТС бойынша салық шегерімдерінде өзгерістер болды, бұл ретте қызметкерлерге берілетін салық шегерімдерінің түрлері өзгермейтіні, бірақ белгіленген сомалармен немесе

шектеулермен шегерімдер түзетілетіні атап өтілді. Мысалы, 14 АЕК мөлшеріндегі стандартты салық шегерімі өзгеріссіз қалады, бірақ АЕК құнының 3 450 теңгеден 3 692 теңгеге дейін ұлғаюына байланысты шегерім сомасы да тиісінше ұлғаяды [4].

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 бекітілген қаулысына өзгеріс енгізілді. ҚР Үкіметінің 2020.04.20 №225; 2020.07.30 №491 қаулылары жеке кәсіпкерлік деңгейін және бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырды. Шағын және орта кәсіпкерліктің ел экономикасын әртараптандырудағы рөлі маңызды. Бұл бағдарламаның барлығы халықтың өндірістік белсенділігінің қуатын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қаржыландыруды ұлғайтуды қоса алғанда, отандық кәсіпкерлердің мүдделерін сақтау кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

2020 жылдың қорытындысы бойынша индустрияландырудың 10 жылында алғаш рет өңдеуші өнеркәсіптің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндіру саласының үлесінен асып түсті. Мақсат 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге, 24 млрд. долларға дейін, ал еңбек өнімділігін 30%-ға ұлғайту.

Бұл өз кезегінде белсенді кәсіпкерлердің үлесін 50% - ға арттыруды талап етеді [3]. 2024 жылға арналған жергілікті бюджеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, өңірлік шағын және орта бизнес саласын одан әрі қарқынды дамыту мақсатында инвесторларды тартуды есепке алу бойынша да жүйелі жұмыс жүргізілуде. 10 айда жоспарланған 517 млрд.500 млн. теңгеден 478 млрд. 300 млн. теңге инвестиция тартылды. Оның 74% - ы жеке инвестициялар. Бүгінгі таңда облыс бюджеті 744 млрд. теңгеден асты, 2022 жылмен салыстырғанда облыс бюджеті 364 млрд. теңгені құрады. Өсім 204,4% құрады. Біздің бюджетіміздің 55,4%- ы әлеуметтік салаға бағытталған. Соңғы 2 жылда облыстың даму бюджеті 3,6 есеге ұлғайды. 2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң үрдіс сақталды. Өңір барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер аясында республика бойынша бірінші орынға шыққан. Өнеркәсіптік өндіріс 0,8% - ға, өңдеу өнеркәсібі - 22,8% - ға, ауыл шаруашылығы - 3% - ға, құрылыс жұмыстарының көлемі - 50% - ға, тұрғын үй-7,4% - ға, көлік-3,5% - ға, сауда-6,5% - ға ұлғайды деп мәлімдеген еді Kyzylorda-news.kz.

Қазіргі уақытта облыс экономикасы тұрақтылықпен және жоғары өсу қарқынымен сипатталатын даму сатысында тұр.

Қызылорда облысының бәсекеге қабілетті өнім түрлерін өндіру бойынша 2024-2025жж. маңызды жетістіктерінің бірі 87 жұмыс орнын құрумен теңге сомасына 2 жобаны іске асыру жоспарын атап өтуге болады. Бұл жоба жалпы сомасы 1,7 млрд. теңгені құрайды.

Қызылорда өңірінің шағын бизнесін индустриялық-инновациялық дамытуға ықпалы елеулі болмақ [5].

2024-2025 жылдарға өңір бойынша 27,9 млрд теңгеге бағаланатын 15 жобаны іске қосу жоспарланған. Қызылорда облысында кәсіпкерлікті қолдау бойынша жұмыс нәтижелеріне қатысты 2024-2025 жылдары жұмысқа орналастыру сияқты мәселелерді шешу мақсатында жаңа нысандарды іске қосу есебінен қосымша 603 жұмыс орнын құру көзделген.

Бұдан басқа, тау-кен саласы құрылысымен Шалқия полиметалл кен орындарын өнеркәсіптік игеру жөніндегі жоба іске асырылуда. Ақпаратқа сәйкес, кәсіпорынның қуаттылығы жылына 4 млн тоннаны құрайды. Жалпы құны 323,6 млрд теңгені құрап, 1,5 мың адам жұмысқа орналасады деп күтілуде [5].

Облыста энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту шеңберінде түрік инвесторының қатысуымен қуаты 240 МВт аралас циклді электр станциясы ашылады. Жобаның құны-215 млрд теңге. Құрылыс жұмыстары басталғаны атап өтілді. Басталуы 2025 жылға жоспарланған [5].

Жаңа өндірістер ашу, Қызылорда өңірі бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту есебінен 2024 жылы 46475 жұмыс орнын құру жоспарлануда, бұл ағымдағы жылдың 1 қазанына 4.4 жастар жұмыссыздығының көрсеткішін және жұмыссыздықтың жалпы деңгейін 5,1-ге төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысы бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері 432,9 млрд теңге сомасына өнім немесе НКІ 133,6% өндірді. Бұл ретте жалпы өңірлік өнімдегі ШОБ үлесі 20,4% - ға, ал орта кәсіпкерліктің үлесі 3,9% - ға жетті.

2024 жылғы 1 қазанда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 69 198 бірлікті, ал жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 65 603 бірлікті құрады [6].

2024 жылы өңір бойынша тұтыну бағаларының индексі ҚР Ұлттық Банкі белгілеген инфляция дәлізі шегінде сақталып, биылғы жылдың қорытындысы бойынша 108,4% -құрады [6].

Әдебиет

1. "Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм" Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.02.09.2024 жыл.

2. Акбергенова Д. А. Особенности развития экономики Казахстана: до и после кризисных явлений // Вестник РУДН. Серия Международные отношения.-2012. - № 3. - С. 101-111.

3. Іскерлік ақпарат орталығы Kapital.kz Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметіне берген есебіне сілтеме жасай отырып, 2018ж.

4.<https://www.1cbit.kz/blog/chto-izmenilos-dlya-bukhgalterov-v-raschete-zarabotnoy-platy-v-2024-godu-primery/>

5.Kyzylorda-news.kz.

6.ҚР-ң Ұлттық статистика бюросы

ӘОЖ 331.1;658.025.2

Ғылыми-техникалық прогресс және аспанжол көлігі

Б.А.Джураев Қызылорда
ОПД-23-1 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Әнуар Тәжібайұлы,
доцент, техника ғылымының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются новые сведения о работе транспорта аспанжол, действующего в современных развитых странах.

Abstract

This article discusses new information about the work of aspanjol transport operating in modern developed countries.

Бүгінгі кезде адам мен жүкті тасымалдау уақыт үдерісіне төтеп бере алмауда. Бүгінде жыл сайын 1,5 млн. адам автокөлік апатынан көз жұмып, 15 млн. адам жарақат алуда. Ал әскери қақтығыстарда жыл сайын бірнеше миллиондаған адам қаза табатынын ескерсек, адамзатқа қарсы шайқас кімнің пайдасында екеніне көз жеткіземіз. Автокөлік жолдарының табанындағы жер көлемі 5 Англияның аумағын алып жатыр, ірі қалаларды құрсаған кептелістерді айту өз алдына. Теміржолдардың табаны да одан қалыспайды, еуропалық ірі екі мемлекеттің аумағындай жерді қолданыстан шығаруда.

Қазіргі ғылыми-техникалық үрдістер деңгейі жаңа мүмкіншіліктерді және қазіргі қиыстырмалық материалдарды, ақпараттық жасалымгершілікті заман талабына сай жетілдіріп отыруды қажет етеді [1, 2, 3, 4]. Кез-келген көлік жобасын жасауда қазіргі уақытта энергетикалық қозғалтқыштар мен қондырғыларды, отын менжағармайдың жетілдірілген түрлерін жаңа жасалымгершілікте өндіріске еңгізу жақындағы болашақтың мүмкіндіктері бола бермек. Яғни, оларға жаңаша, ерекше, арнайы және дәстүрлі емес көлік түрлерін ішекті аспанжол көлік түрлерін, гидро және пневмокөліктерді, дирижабль, су асты қанаты бар, әуе жастығы бар кемелер, электромобильдер, күн мобильдері, монорельстер, конвейерлі және космостық көліктүрлерін жетілдіруді айтуға болады [4, 5, 6].

Электроэнергия көлігі арнайы «жүк» - электр энергиясы үшін біртұтас көлік жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады[7, 8]. Электрберіліс желілері энергияны беру үшін «жылжымалы құрам» болып табылады. Біз таныстырғалы отырған тақырып әлемдік экономиканың басқа сипатқа өтуіне үлес қосарлық технологияның біріне қатысты. Ол технология Sky Way ішекті аспанжол көлігі деп аталады.



Осындай «жаңа» көлік түрлері бұрын да ұсынылған, бірақ олардың қолданылмай қалып, қайтадан ұсынылып, қазіргі техникалық негізде жаңадан туындауы заңдылық. Сондықтан да осындай көлік түрлерін «арнайы», ерекше, дәстүрлі емес деп анықтау қажет [9, 10].


Аталмыш жасалымгершілік құрылымға тоқтауымыздың бір себебі, бұның бүгінгі таңдағы ғылыми идея мен технология сатысынан өтіп, нақты іске асу жолындағы жоба екендігінде. Салыстырмалы түрде айтқанда, әлемге мәшһүр немістің СИМЕНС компаниясы JR-Maglev атауымен мәлім магниттік көпшік технологиясына 66 жыл арнап, 6,5 млрд. АҚШ долларын жұмсап, ақыры нәтижесіз қалып, жобаны доғарып қоюында еді. Өзірге жолы болмаған бұл көліктің шапшаңдығы сағатына 600 шақырым болдатын. Мұның кейбір нұсқасы қазіргі кезде Жапония мен Қытайда, тағы бірқатар елдерде іске асып жатыр. Дегенмен, жүзеге асуы доғарылған бұл жобалар мен кейбір іске аса бастаған магнит жолдардың тиімсіздігі ғалым А.Юницкидің айтуы бойынша, олардың орасан қымбаттығында көрінеді. Айталық, JR-Maglev көлікті жылжытуға кететін магнит өрісін туғызу үшін қыруар қуат жұмсалады, ал қауіпсіздігінің төмендігі өз алдына, себебі, магнит өрісін құйындататын пойыздың етегіндегі қуысқа әлдебір құмалақ түсіп кетсе де оны шайқалатындай жайт туындайды екен.

Соңғы жылдары жаһандық технологиялардағы күштер тепеңдігі толығымен өзгеруде. Бір кездері әлемдік зауыт деп саналған Қытай қазір ең озық салалардағы тенденциялар болып табылады.


Көліктегі өзгерістері әсіресе 2024 жылы ешкім күтпеген өзгерістер болды, яғни қытайлық компаниялар 15000-нан астам авторлық куәлік алған – патенттері, осы бағытта шығарылған көліктік инновациялық жаңалықтары АҚШ-тан да асып түсті. Бұл Еуропаның барлық елдерін біріктірген патентінен де көп. Ойлаңызшы, бұл сандардың артында не жатыр? Қаншама жаңа идея, изобретение, патент, ұтқырлық туралы түсінік, техникалық жаңалық, өзгертілген революциялық әзірлемелер Қытайелін алға жылжытуда.

Қытайда аспанжол көлігін Sky Train небәрі 7 айдың ішінде салып пайдалануға берді. Осыған ұқсас метро желісін салу үшін, кейбір мемлекеттер кем дегенде 3-5 жыл қажет етеінін ескерсек, керемет уақыт. Бұл жылдамдықтың құпиясы бастапқыда ғарыштық бағдарламаға арналған модульдік дизайн мен ультра жеңіл материалдарда жатыр. Аспанжол пойызының әр бөлегі небәрі 48 сағатта алынып, принтер көмегімен қайта жасалады. Бұл материалдар дәстүрліге қарағанда 60% жеңіл, бірақ айтарлықтай берік. Аспанжол пойызы 10 қабатты үйдің биіктігінде қозғалады, жердегі кептелістерден мүлдем аулақ болады және 15 электромобильге қарағанда аз энергия жұмсайды. Биіктік құрылымы бос көшелерде бұл құрылым жылдам қозғалуды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар саябақтар мен жолдарды кеңейтуге мүмкіндік береді. Оның шатырындағы күн батареялары энергия қажеттілігінің 30% - на дейін жабады, ал жасанды интеллект желдің күші мен жолаушылар санына байланысты жылдамдықты реттейді. Белсенді тұрақтандыру жүйесі тіректерге тіпті күшті сейсмикалық белсенділікке төтеп беруге мүмкіндік береді.

Hyperloop–“типерілмек” аталған, 2012-2013 жылдары америкалық венчур-капиталист Илон Маск ұсынған вакуумдық пойыз жобасының жолы болмағандығы белгілі. Бұл көлік сағатына 1200 шақырымнан артық жүйіткүі тиіс еді. Вакуумдық құбыржолға қатысты оның тіпті де адам тасуға қабілеті жоқ болатындығын айтқан ғалымдар [10], бұл жол ғарышқа адам ұшырғанмен бірдей әрі түтіктің ішімен “атып жіберу” оны өлтірумен тең дейді. Себебі, адам қаны ауасыз кеңіс жағдайында қайнап кететін көрінеді, кейбір ғарышкерлер осындайға ұшырап қаза тапқан. Мамандардың айтуынша, сағатына 300 шақырым жылдамдықтан шапшаң жүйіткітін көліктің қай-қайсысына да басты дұшпан-отынның 90 пайызын шығындайтын аэродинамикалық кедергі, яғни ауа ағынының қарсы күші көрінеді. Міне, осы кедергіні айналып өту үшін Илон Маск идеясы бойынша ірі құбырдың ішінен ауа сорылып алынып, соның ішіне орналасқан капсул-көлік арзан әрі шапшаң жүйіткүі тиіс болатын.



Ал, зерттеуші А.Э.Юницкий бұл мәселенің басқа шешімін тауып қарастырған. Оның бүгінде конструкторлық бюросы көліктің ауа ағынына төтеп бере алатын сыртқы тұрпатын ойлап шығарып, оны патенттеп үлгерген. Юницкийдің ішектіаспанжол көлігіне тоқталсақ, бұның аталмыш көліктер шеше алмаған немесе қарастырмаған барлық мәселелерді кешенді түрде шешіп келе жатқандығына куә боламыз.



Skyway көлік кешені (Юницкийдің ішекті аспанжол көлігі) болат доңғалақты көлік болып табылады, жолаушыларға – “юнибус”, жүк тасуға – “юнитрак”, тепкіншегі бар жеңіл серуендік-саяхаттық түрі – “юнибайк” деп аталады. Бұлардың бәрі ішекті релстерде жайғасқан, ал релстердің өзі жердің бедері мен жағдайына қарай түрлі биіктіктегі жерге қадалған тіректі бетон қадаларға бекітіледі. Көлік кешеніне барлық инфрақұрылымдар – бекеттер, вокзалдар, терминалдар, жөндеу шеберханалары, бағыттаушы ауыстырғыштар, басқару мен қауіпсіздіктің автоматты жүйесі, қуат пен байланыс кіреді. SkyWay құрылымының мейілінше тегіс әрі сымдай тартылған қатты ішек-релстерінің арқасында сағатына 500 км жылдамдық еңсерілмек. Ішекті-релс трассасы біржолды да, көпжолды да болмақ. Сондай-ақ көліктер – баспалы (аспанжол көлігі қос ішекті басып жүретін релске жайғастырылады) және аспалы (көлік бір немесе қос ішекті релске асылған күйі жылжиды).

Аталмыш Skyway көлік жүйесі тасымалдық қабілеті мен сыйымдылығына қарай - аса жеңіл, жеңіл, орташа, ауыр, және аса

ауыр түрлерге бөлінеді. Жылдамдық режимі бойынша – баяу (100 км/с-қа дейінгі), жылдам (200 км/с-қа дейінгі), жүйрік (300 км/с-қа дейінгі), аса жүйрік (400 км/с-қа дейінгі) және гипержүйрік (500 км/с-қа дейінгі) болып келеді. Сөйтіп бұл көлік жүйесі мынадай көлік салаларын қамтитын болады: аса жылдам қалааралық жолаушы тасымалы, қалаішілік жолаушы тасымалы, кез келген кәсіпорынның кез келген жүгін тасымалдау.

Көлік жүйесі тау-тас, шатқал, мәңгі тоң, теңіз-көл бетімен және басқа да бүгінгі қол жеткізу қиын әрі күрделі жерлерді оңай әрі арзан жол қатынасымен қамтымақ.

SkyWay технологиясын халықаралық сараптау мен сертификаттау жұмысы біткен соң, оны енгізу 2027 жылдың мамыр-маусым айына жоспарланып отыр. Бұл технологияны әлемге ресми түрде таныстыру барысында 140 млрд. доллардан астам тұратын тапсырысқа алғашқы сатыда қол жеткізбек. Қазіргі кезде құны 300 млн. фунт-стерлинг тұратын технопарктің құрылысы басталған.



SkyWay аспалы ішекті-рельсі: рельс-табан; ішектер шоғы; ішектерді рельс қорабына бекіту элементі; толтырғыш (арнайы бетон); рельстің корпусы. Бұлардың барлығы, SkyWay технологиясының патенттелген өнертабысы.

Бұл өнімді тек қана аспанжол көлігі үшін ғана емес, көпірлер мен паромдарға да қолдану мүмкіндігі зор. Ішекті рельсте тігіс болмайды, біртұтас ұзына бойына созылған аспалы болат жолдың қажалуына болмаса, дыбыс шығаруына себеп жоқтың қасы көрінеді.

Өйткені, әдеттегі теміржол рельсінің ішкі жағын вагонның кертіш доңғалағы қажауға мәжбүр, бұдан жол да, доңғалақта қажалып, жолдың сапасы мен көлік жүрісіне, залалы мол екені мәлім. Ал, Юницкий рельсінің нақ бетінде ешбір кертіші жоқ доңғалақ пен рельстің ішкі бетін ала көлікті рельстен шығармайтындай міндеті бар

доңғалақтар зырламақ. Бұның бәрі болат темірдің бір-біріне үйкелісін болдырмайды.

Юнибустарды жүргізуге келтіретін агрегаттың төрт түрі қарастырылған:

а) сәйкес түрде доңғалақтарды айналдыратын жылжытқыш (қозғалтқыш) пен ауа қаңғалағы;

ә) мотор-доңғалақ;

б) электр желісіне қосылған жылтқыш;

в) газ турбиасы.

SkyWay технологиясының бір қитұрқысы – оның жер бетінен асылған ішекті жолға негізделуінде, бұл аэродинамикалық кедергіні мейлінше азайтады. А.Э.Юницкийдің дәйектеуінше, ішекті көлік кәдімгі автокөлікке қарағанда 20-25 есе тиімді. Sky Way – тіреулер арасында керілген рельстердің көмегімен жылжыйтын жерүстіліккөлік жүйесі. Мұндай көлік сағатына 500 км жылдамдықпен жүйткіп, оның қозғалысы автоматты түрде реттеліп отырмақ.

Аспанжолда әр жолаушыға әрі кеткенде 120-150 келі жүк қана тиетінін салыстырып, өз технологиясының тиімділігін дәлелдеп отыр. Ішекті жолда жүйткітін юнибустар мен юникарларда ешбір алып мотор не дизель жоқ, доңғалақтарға бекітілген шағын ғана жылжытқыш (двигатель) бар. Аталмыш көліктің жұмсайтын шығыны, бірнеше есе аз көрінеді. Sky Way теміржолмен салыстырғанда мейлінше аз шикізат талап етеді, пайдаланыс барысында арнайы қызмет пен бап талғамайды, ауа райына тәуелсіз және жүктің барынша қауіпсіздігін айғақтайды.

Жаңа жоба авторы - бұл жасалымгершілік ғана емес, барлық мәселелердің шешімін қарастыратын ішекті аспанжол көліктік жүйесі деп есептейді. Салыстыра қарағанда, көліктің жылжу тәсілі – асфальттағы резина доңғалақ емес, рельстегі болат доңғалақ, көлік жүйелері, аэродинамика, тасылатын жолаушы саны мен оған кететін қуат мөлшерін қарастырып, ғылыми түрде дәйектеп, кешенді түрде бұл жобаны жасаған. Теміржолдың әрбір шақырымына 20 млн.долларға дейін қаржы жұмсалса, аспанжол көлігінің бір шақырымы 1-5 млн.доллардан аспайды және оны жыл сайын жөндеу мен күнделікті қосымша баптау керек емес. Аспанжол көліктерінің үнемділігі сонша, оның арқасында бүгінгі мешкей көліктер азайып, миллиардтаған тонна отын үнемделіп, ауа мен жер тазармақ.

Дәстүрлі теміржолдар мен тасжолдар экологияны бұзуда, су мен ауа ағыны табиғи айналыстан шығып, бөгеліп, жер бетіндегі табиғи апаттарға септік етуде көрінеді. Айталық, жолдармен бөгелген алқаптың бір жағы құрғаса, енді бір жағын су басуға бейім болады. Ал аталмыш көлік жүйесі керісінше экологияны қалпына келтіруге арналған жоба болып табылады. Теміржолдар мен тасжолдардың табанынан миллиондаған гектар жер босайды.

Сарапшы мамандарының айтуынша, бұл тек қана көлік жүйесі емес, болашақта адам аяғы бармайтын аумақтарды игерудің басты құралына айналмақ, өйткені, аспанжол көлігінің жүйесі тау мен тасты да, шатқалды да, аралды да, теңіз үстін де шырмап, әлемдік жолдар желісіне айналады. Бұл көлік жүйесі болашақта қалалардың әлпетін де өзгертпек, өйткені қалалықтарға керек материалдық игілікті тасып жеткізу мейлінше ыңғайлы болуы үшін қалаларда осындай жолдар салынады. Бұған қоса, аталмыш жол желісі көп ұзамай байланыс пен қуат желісін де өзімен бірге тасымалдайтын әмбебап желіге айналмақ. Skyway технологиясының міндеті бүгінгі өркениетті өзгерту, жаңа жол жүйесін енгізу ғана емес, жердің экологиясын тазарту, қалпына келтіру. Қиялға бергісіз оның бекеттерінде алма ағашы мен көкөністер өсетін бау-бақтар қолға алынбақ. Қалалардағы аспанжолдың бекет – тораптары бүгінгі супермаркеттер мен базарларға бергісіз сауда, сарай орындарын қамтитын болады.

Жоба жүзеге асып, мындаған аспанжолдар тартыла бастағанда миллиондаған тонна мұнай жағылмайтын, жер беті қопарылып, жол үшін үйінді жасалмайтындай, адам баласы табиғатқа кесел келтірмей көшіп-қонатындай жағдайға жетіп, елдердің мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін жол желінің адамзат үшін қаншалықты қажеттігін елестекеруге де уақыт аз қалған секілді [11,12,13].

Аталмыш инноватция ғылыми идеядан инноватциялық технология ретінде мойындалып, тәжірбеден өткен. Ендігі міндет оның коммерциялық үлгісін жасап, тапсырысшылар алдында насихаттап, әлем үшін аса қажет жолдың құрлысын бастап кетуіміз керек.

Қазіргі кезде, Қазақстан экономикасы мен халқының дамуына қажет кемінде 25 мың км темір жол салу керек екен. Ал оны салу аса қымбат әрі жуық арада мүмкін емес. Мұнша ұзын теміржол салу ел экономикасына ауырпалық түсіреді. Ал, бұл жолды салуға 1 трлн. 250 млрд. доллар керек, ал 25 мың шақырым аспанжолға 100 млрд-тан да аз қаржы жұмсалмақ. Пайдалану кезінде бұл теміржолға бір жылда 15 млн. киловат қуат кетсе, аспанжолға -3 млн.киловаттан көп болмайды. Пайдалануы бойынша жалпы үнем жылына 50 млрд.доллар екен. Аталмыш жолға 100 млн. болат, 500 млн.куб/м-ден аса бетон, 250 млн.куб/м топырақ жұмыстары, түрлі төгінді құрылыс материалдары 1 трлн. тоннадан асып кетпек. Дәстүрлі шапшаң теміржолға қазақстандық жолаушы 1000 шақырымға 10 мың теңге жұмсаса, аспанжолға 2 мың теңге аралығында болмақ. Технолог-ғалымдарымыздың есебінше, Қазақстан үкіметі ынта білдірсе, орасан бұл аумаққа тиімді стратегиялық көлік жүйесі мен жоспарының жобасын жасауға болады.

Қорытынды

Қорта келіп айтқанда, келешектік экологиялық тиімді жол, кең байтақ еліміздің ана шеті мен мына шетіне тез жеткізетін - ішекті

аспан жол көлігін пайдалану жолдарын осы кезден бастап зерттеу жүргізуді қарастыруымыз керек. Сонымен қатар, жаңашекті аспан жол көлігінің артықшылығын мемлекетіміздің назарына сала отырып, осы жаңа технологиялық жобаны жүзеге асыру жолдарын нағыз жібек жолы етіп осыбағыта іздестіруге қаржылай көмек бөліп, әлемдік өркениеттіелдердің қатарында алға жылжыуға көңілаудармасқа, ізденістер жүргізіп, жауап іздемеске.

Әдебиет

1. Вайнсон А.А. Подъемно-транспортные машины: Учебник для вузов 4-е изд., перераб. и доп. - М.: Машиностроение, 1989. - 536 с.

2. http://www.metallist-tula.ru/production/lent_konveer.htm

3. Костюк В.С., Волкова Л.П., Фащиленко В.Н. Регулируемый электропривод шахтных установок: Учебное пособие. – М.: МГИ, 1984. – 65 с.

4. Ляхомский А.В., Фащиленко В.Н. Автоматизированный электропривод горных машин и установок. Часть 1: Автоматизированный электропривод механизмов циклического действия: Учебное пособие / Под ред. А.В. Ляхомского. – М.: Издательство «Горная книга», 2014. – 476 с.

5. Ляхомский А.В., Фащиленко В.Н. Управление электромеханическими системами горных машин. – М.: Издательство Московского государственного горного университета, 2004. – 296 с.

6. Шеховцев П.В. Расчет и проектирование ОУ и электроустановок промышленных механизмов / М.: ФОРУМ, 2010. - 352 с.

7. Москаленко В.В. Автоматизированный электропривод. М.: 1986. - 416 с.

8. М.Г. Чиликин, М.М. Соколов, В. М. Терехов, А.В. Шинянский Основы автоматизированного электропривода. Учеб. пособие для вузов. М., «Энергия», 1974. – 568 с.

9. Герман-Галкин С.Г. Компьютерное моделирование полупроводниковых систем в MATLAB 6.0: Учебн. пособие. – СПб.: КОРОНА принт, 2001. – 320 с.

10. Асинхронные двигатели серии 4А. Справочник. А.Э. Кравчик. М.: 1982

11. Түзелбаев Б.И. Сала экономикасы: оқу құралы - Алматы, 2007.

12. Хакімжанов Т.Е. Еңбек қорғау. Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. – Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240 б.

13. Дереккөздер: «Біртұтас көлік жүйесі» пәніне арналған дәрістердің негізінде құрастырылды, 2025.

«Кәсіпкерлік негіздері» пәнін оқытуда шетелдік
тәжірибелерді қолдану мәселелері

Тулеуова Жанар, Алтаева Фатима.
М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжі
оқытушылары.
Қызылорда қаласы.

Резюме

В статье говорится о значении преподавания дисциплины «Основы предпринимательства». Также анализируется, какие компетенции формируются у обучающихся при использовании зарубежного опыта в преподавании данной дисциплины.

Abstract

The article discusses the importance of teaching the course "Fundamentals of Entrepreneurship." It also analyzes the competencies that are developed in students through the use of international teaching experiences in this subject.

Кәсіпкерлік ел экономикасында маңызды рөл атқарады және негізгі тірегі болып табылады. Еңбек нарығында құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау экономикалық дамыған елдер үшін басты міндет болып табылады.

Ғалым Белл Робиннің пайымдауынша, бұл бағыттағы білім сапасы дамушы елдердің де экономикалық жағдайын көтеруге ықпал ете алады. Кәсіпкерлік білім мінез-құлықты, көзқарасты және қабілеттерді дамыту ретінде көрсетілуі мүмкін және шығармашылық, инновация, бизнесті бастау сияқты мәселелерді шешу мақсатында кәсіпкерлік қарым-қатынастарды, дағдыларды және ақыл-ойды арттыруға бағытталған бірнеше күш-жігердің барлығын көрсетуге болады және идеялардың генерациясы кәсіпкерлік білімнің шыңына жетеді.

Мюнхен Техникалық университетінің профессоры Изабель Велпе кәсіпкерліктің жеке тұлға мен қоғамға маңызын төмендегі ойлары арқылы дәл жеткізген: «Кәсіпкерлік –қоғамның қажеті. Бұл жеке бастамаға және кәсіпкерлік жай ғана жұмыс табумен шектеліп қалмайды дейтін түсінікке сүйенетін философия, адамның өз орнын табуына ықпал етеді, оған деген құрмет қалыптастырады және әлемді жақсырақ ете түсуге қажет қадамдарды іздестіріп, шынайы инновацияға жол ашады» [1].

Кәсіпкерлік кез келген елдің экономикалық дамуының маңызды аспектісі болып табылады, әсіресе жұмыссыздық пен кедейлік сияқты күрделі мәселелер әлі де сақталып отырған дамушы мемлекеттер үшін

жоғары жұмыссыздық деңгейі, білім деңгейінің төмендігі және сыбайлас жемқорлықтың кең таралуы жағдайында жастардың кәсіпкерлік ойлау қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Оларға креативтілік, тәуекелдерді басқару және проблемаларды шешу дағдылары сияқты негізгі құзыреттерді бере отырып, кәсіпкерлік ойлау барлық мамандықтағы білім алушылардың еңбек нарығындағы құндылығын айтарлықтай арттырады.

Кәсіпкерлік ойлауды дамыту бағдарламаларының танымалдығы артып келе жатқанына қарамастан, олардың жастардың жұмыспен қамтылуы мен мансабына ұзақ мерзімді әсерін зерттеу шектеулі болып қалуда.

Қазіргі таңда, инновациялар мен технологиялық өзгерістермен толтырылған тез өзгеріп жатқан әлемде кәсіпкерлік экономикалық және әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші болып табылады. Жастар арасында кәсіпкерлік ойлауды дамыту тек жеке өсу аспектісі ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұрақты дамуының негізгі элементі болып табылады. Кәсіпкерлік кез келген елдің экономикалық дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол тек жұмыс орындарын құрып, халықтың табысын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар инновацияларды ынталандырады, бұл өз кезегінде қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Кәсіпкерлік ойлау жүйесінің заманауи білім беру жүйесі ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне жауап беруі керек және бизнес жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл дағдылар келесі басым инновациялық салалардың әлемдік даму үрдістерін ескере отырып қалыптастырылуы керек:

- Өмір туралы ғылымдар;
- Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер;
- Наносистемалар индустриясы;
- Қоршаған ортаны ұтымды пайдалану;
- Көлік және ғарыш жүйелері;
- Энергия тиімділігі, энергия үнемдеу, ядролық энергетика [2].

Қазіргі заманғы жағдайда көптеген кәсіпкерлер қызметкерлерден аналитикалық және жүйелі ойлау, бастамашылдық және коммуникативтілік, жауапкершілік пен шешім қабылдай алу дағдыларының болуын талап етеді. Мұндай қасиеттерді мектеп деңгейінен бастап қалыптастыру керек. Осы мақсатта шетелдік білім беру жүйесінде дамыған оқитудың жеке бағыттары мен кәсіпкерлікке деген көзқарастар отандық жалпы білім беретін оқу орындары үшін де қызығушылық тудырады. Әлем елдеріндегі кәсіпкерлік білім берудің озық үлгілерін қарап талдайтын болсақ;

АҚШ-тағы білім беру үшін «Мансапқа бағытталған білім беру» (Career Education) тұжырымдамасы жетекші болып табылады. «Мансапқа бағытталған білім беру» бағдарламасының негізінде кәсіпорындар мен мекемелердің заманауи қызметкерлеріне қажетті

кәсіби білім, іскерлік, дағдылар мен жеке қасиеттерді бірізділікпен қалыптастыру жатыр. Жаңа жұмыс жағдайларында өз бетінше білім алу және бейімделу дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық технологияларға басты рөл беріледі.

Жапониядағы кәсіпкерлік білімнің ерекшелігі – кәсіпкерлер мен мектеп арасында ерекше қарым-қатынаста қалыптасқан. Жапон индустриясының үлкен жетістіктері мектеппен тығыз байланысты. Бірақ бұл байланыс соншалықты қарапайым емес. Еуропа елдерінен айырмашылығы, Жапондықтар өз бағытымен жүрді. Еңбек немесе кәсіби дайындыққа қосымша сағаттарды енгізу емес, жалпы білім беру, жоғары оқу деңгейі, жеке тұлғаны дамыту, еңбек әдетін тәрбиелеу – бұл оқушыларды кәсіби еңбек әлеміне енуге дайындаудың негізі болып табылды.

Ұлыбританияда кәсіпкерлік білім оқушыларды мектеп дайындығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта экономиканың дербес курсы ретінде Ұлыбритания мектептерінің 21% – ы (1995 жылы-10-нан 12% - ға дейін) оқытылады. Мұғалімдердің пікірінше, қазіргі қоғамның экономикалық аспектілерін түсіну кез-келген жастағы оқушыларға қол жетімді. Ұлыбритания мектептеріндегі маңызды бағыттардың бірі – жалпы білім берудегі практикалық цикл пәндеріне көбірек көңіл бөлу болып табылады. Бұған көбінесе Британдық педагогикалық әдебиеттерде бүгінгі күннің экономикалық талаптары және барлық жасөспірімдерді жоғары технологиялық қоғамдағы өмірге дайындау қажеттілігі эсер етеді. Бұл процесс британдық мектептердің оқу жоспарларын зерттеуде айқын көрінеді, онда көптеген практикалық курстарды табуға болады, мысалы, «Инженерлік теория және практика», «Көлік қозғалыстарын зерттеу», «Фотография», «Кино түсіру», «Сауда», «Бизнес», «Машина жасау», «Стенография». Нарықтық экономика жағдайлары оқушылардың өмір мен еңбекке кең және жан-жақты дайындығын талап етеді..

Франциядағы кәсіпкерлік білім. Барлық дамыған елдердегідей, Францияда да мектепке ұлттың болашағы, ұлттық экономиканың кадрлары қалыптасатын әлеуметтік институт ретінде көзқарас кең таралған. Франция мектептеріндегі білім беруді модернизациялау жолдарын анықтау, әлемдік нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында ғылыми-техникалық революция мен жаһанданудың әсері орын алады. Білім беру сапасын, оның ішінде мектеп оқушыларын кәсіпкерлік даярлауды елеулі түрде арттыру қажеттілігі мемлекеттік органдардың шешімдерінде, ғалымдардың еңбектерінен, Француз жұртшылығының пікірлерінен байқалады. Бұл ретте бүгінгі білім беру экономиканың, техниканың, қоғамдық қатынастардың қазіргі заманғы даму кезеңін көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы елдің ғылыми-техникалық дамуының перспективалық деңгейіне сәйкес келуі тиіс екендігін де көрсетеді. Барлық оқушыларға сапалы

экономикалық білім беру қажеттілігі 1985 жылы Францияда қабылданған «Болашақ білім» үкіметтік бағдарламасында атап өтілген. Францияда бастауыш мектеп жасынан бастап балаларды мақсатты түрде қазіргі өндіріс пен негізгі мамандықтар туралы жалпы түсінік беріліп, экономикалық білімнің негіздерімен таныстыра бастайды.

Сонымен қатар Еуропаның солтүстік елдеріндегі, оның ішінде Норвегиядағы заманауи жалпы білім беру қызығушылық тудырып, онда бастауыш мектепте математика, ана тілі және ағылшын, сурет, музыка тілі пәндері және үй экономикасы пән ретінде міндетті пәндер тізіміне енген. Оқу процесі оқушылар белгілі бір шешімдерді бірлесіп шешуді, бағалауды үйренетіндей ұйымдастырылған [3].

Біз әрбір білім алушы бизнесмен бола бермейтінін түсінеміз. Бұл мүлдем қалыпты тәжірибе. Біздің пәніміз Президент айтқан «жұмсақ дағдыларды» қалыптастырады. Яғни, өмірлік сипаттағы біліктер жиынтығы – коммуникация жүргізе білу, адамдармен сөйлесе білу, өз ойын жеткізе білу, командада жұмыс істеу, қандай да бір жағдайды сыни бағалау. Мұның бәрі кәсіпкерлік ұғымы. Балалар қандай да бір жобалармен жұмыс жасағанда, жұмсақ дағдыларды дамыту жүреді» [4].

Жоғарыда ұсынылған оқытудың шетелдік үлгілері білім алушылар арасында кәсіпкерлік құзіреттілікті арттыруға, білім беру саласындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер мен болашақ бизнестің әлеуетті жасаушылары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және өз жобасын әзірлеуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, болашақ мамандарға кәсіпкерлік құзіреттіліктерін дамытуға, сонымен қатар мақсатты, белсенді, жас кәсіпкер ұрпақ өсіруге көмектесетін тәжірибелі елдердің тәжірибесін қолдану қажет деп айта аламыз.

Әдебиет

1. Н.Е.Балгинбаева, А.Т.Ақжолова. Болашақ білім беру педагогтерін бизнес-инновация негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлау. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(80), 2023ж.

2. М.Д.Сайымова, Ғ.А.Мауина, А.С.Байдалинова, Г.М. Сағындықова. Қазақстан жастарының кәсіпкерлік ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды талдау. ҚазТБУ ХАБАРШЫСЫ - VESTNIK KazUTB - ВЕСТНИК КазУТБ.- 362б.

3. Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 246 б.

4. Е.Ж. Смагулов, А.Н. Джакупова. Болашақ математика мұғалімдеріне “Кәсіпкерлік негіздері” курсының оқытудың ерекшеліктері. 67 -Том. № 2 (2021): Хабаршы "Педагогикалық ғылымдар" сериясы.

ӘОЖ: 336.717

Банктердің депозиттік операцияларын жетілдірудің негізгі бағыттары

Нурманалиева Гульназира Ахметбековна
М.Х. Дулати атындағы Тараз Университеті КЕ АҚ
Тараз қаласы

Резюме

В статье рассматриваются методы совершенствования депозитной деятельности коммерческих банков и гарантирования вкладов. Предложены пути привлечения высоко доходных клиентов вовклады.

Abstract

The article discusses methods for improving the deposit activities of commercial banks and guaranteeing deposits. Ways to attract highly profitable clients into deposits are proposed.

Халықтардың қаржы мекемелеріндегі жинақтары әр мемлекеттің ішкі инвестицияларының негізгі көзі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда төмендеу капиталдандырылған рынок жағдайында банктер халықтың жинақтарын тарту мәселесіне басымдық көрсетуде. Міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесін немесе жеке тұлғалардың депозиттерін сақтандыруды енгізгеннен кейін соңғы бірнеше жылда банктердегі халықтың жинақтар көлемінің елеулі өсуі азаматтардың банктік жүйеге сенімі өскендігін көрсетеді. Бұл орайда азаматтар кірісті пайыз түрінде алады, ал банктер қаражатты кредиттеу мен инвестициялау үшін пайдаланады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі мақсаты салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, халықтың банктік секторға сенімін өсіру және соның негізінде ұйымдастырылған жинақтар мәдениетін көтеру болып табылады.

Заңмен банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда қаржы рыногының едәуір қауқарсыз инвесторлар бөлігінің – жеке тұлға салымшыларының кепілдік өтімдерін кепілдік өндіру құқығы бекітілген, депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі мақсат қағидалары, қордың мәртебесі мен мақсаттары, банктердің жүйеге қатысу тәртібі, сондай-ақ Қордың және қатысушы банктердің құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Қазақстан депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің жеке тұлғаларына шоттар ашу және жүргізу операцияларына және депозиттерді қабылдауға лицензиялары бар банктердің оған міндетті қатысуына негізделген.

Бұл орайда кепілдік жеке тұлғалардың банктік шоттарының банк салымдарының шарттарымен немесе басқа салым құжаттарымен куәләндырылған банктегі теңдеу және шет ел валютасындағы банк депозиттерін қамтиды. Немесе депозиттер банкті немесе ақшаны орналастыруға салым түрін таңдау барысында, оның жинақтарына кепілдік беріледі ме әлде жоқпа деп ойлануының қажеттігі жоқ.

Бірақ, кепілдік беру депозиттердің негізгі сомасына ғана таратылады және ол бойынша есептелген сыйақыны қамтымайды. Сонымен қоса, жоғарыда аталғандай, Заңмен бір депозит бойынша барынша жоғары кепілдік төлем мөлшері – 700 мың теңге деп белгіленген

Заңды толық әзірлеу барысында және кепілдік өтелінің жеке барынша жоғары мөлшерін әзірлеу кезінде әлемдік озық тәжірибе қолданылды. Халықаралық валюталық қордың және халықаралық депозиттерге кепілдік беру жүйесі қауымдастығының ұсынылымына сәйкес бірінші ретте шағын салымшылар қорғалуы қажет, ал депозиторлар банктердің қателігін бағаламаған жағдайда және депозиттік негіз олардың қателерді басқару жүйесінен тез өскенде моралдық қатерді төмендету мақсаты мен кепілдік мөлшері шағын болуы тиіс [1. 45 б].

Бұл орайда осы халықаралық ұйымдар мен кепілдік төлемінің барынша жоғары мөлшерін анықтауға мынандай өлшемдер жасалған:

-100% мөлшерінде өтелінетін депозиттер саны кепілдік депозиттер санынан 80%-90% астам мөлшерінде болмауы тиіс.

- Барлық кепілдік депозиттер бойынша жиынтық шартты өтем сомасы кепілдік депозиттерінің жалпы сомасынан 20% мөлшерінен аспауы тиіс.

- Кепілдік төленуі барынша жоғары мөлшері халықтың жан басына шаққанда 1 немесе 2 ЭЖО шетінде түрлендіруі тиіс.

Жеке тұлғалардың депозиттеріне міндет беру жүйесі мен көзделген шараларға қосымша ретінд салымшылар өздерінің тәуекелдерін сақтандыру үшін сақтандыру ұйымдарының қызметтерін, олар ерікті сақтандырудың сәйкес өнімдерін ұсынған жағдайда пайдалануларына болады.

Қазақстан Республикасының коммерциялық банктері қызметі тәжірибесінде депозиттер бойынша сыйақы (мүдде) пайыздық ставкасын белгілеу банктердің Басқармасының қаулысымен бекітілген пайыздық саясатына сай жүзеге асырылады.

Клиенттердің депозиттері бойынша сыйақы пайыздық ставкасының мөлшерін анықтауда банктер келесі факторларды басшылыққа алады:

- қаржы нарығының конъюнктурасын;
- депозиттер нарығындағы пайыздық ставкалар деңгейін;
- банкаралық ресурстардың құнын;
- мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылық деңгейін;
- инфляция деңгейін;
- қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерін;
- депозиттердің құрылымын;
- халықтың табысының өсу қарқынын.

Сонымен, банк басқармасының алдында депозит бойынша пайыздық ставканы барынша нақты анықтау мен баға белгілеудің әдісін таңдауда күрделі проблема туады. Баға белгілеу бұл маркетингтік қызметтің құрамдас бөлігі. Банк басқармасы банктік тәжірибеде бар пайыздық ставканы анықтаудың әр түрлі әдістерін қолдана алады. Олардың негізгілері мыналар:

Шығындарды анықтауға негізделген әдістер:[3].

1) «Шығындар + пайда» әдісі. "Ш + п" әдісі бойынша баға белгілеу депозиттер бойынша қызметтердің әр түрінің құнының есептелуін қажет етеді. Мұны қалай істеуге болады? Кең түрде қолданылатын әдістердің біреуі – банктің шығындарын бағалау негізінде депозиттің бағасын калькуляциялау болып табылады. Банкке мына келесі мәселелерді шешуі қажет:

а) банктің қаражаттарының әр қайнар көзі бойынша үстеме шығындардың ставкасын есептеу;

ә) үстеме шығындардың әр ставкасын әр көзінен түсетін банктің қаражаттарының салыстырмалы шамасына көбейту;

б) банктің қаражаттардың орташа салмақтанған құнын анықтау үшін барлық алынған шамаларды қосу;

2) Депозиттерге пайыздық ставкаларды шекті шығындар бойынша белгілеу.

Көптеген қаржы сарапшылары пайыздық ставкаларды белгілеу бойынша өздерінің әртүрлі ой-пікірлерін ортаға салады. Бұл депозиттердің бағасын анықтау үшін орташа салмақтанған құнды анықтау емес, шекті шығындарды анықтау, яғни қаражаттарды тартумен байланысты қосымша шығындарды қолдану жөн деп түсінеді. Себебі, пайыздық ставкалардың жиі өзгерулері орташа шығындардың сомасын депозиттерге баға белгілеу үшін сенімсіз және нақты базасы етпейді. Мысалы, егер пайыздық ставкалар төмендесе, жаңа ақшалай қаражаттарды тартудың қосымша (шекті) шығындары банкте жиналған барлық қаражаттар бойынша орташа шығындардан төмендеуі мүмкін.

Орташа шығындармен салыстырғанда пайдасыз болып көрінетін кейбір несиелер мен инвестициялар бүгінгі күні жаңа несиелер мен инвестицияларды ұсыну үшін жүзеге асыру қажетті проценттерді төлеуге кететін ең төмен шекті шығындардың бағалағанда ең пайдалы болып көрінеді. Және керісінше, егер проценттік ставкалар өссе, бүгін

жаңа ақшалай қаражаттардың шекті құны қаражаттардың орташа құнынан едәуір асып кетуі мүмкін. Егер басқарма жаңа қарыздарды орташа шығындар негізінде есептесе, олар бүгінгі күні нарықтағы жаңа қаражаттарды алудың ең жоғары шекті шығындарын пайдаланумен бағалағанда пайдасыз болып қалуы мүмкін. Депозиттерге белгіленетін пайыздық ставкаларға қатысты сұраққа жауап беру үшін бізге 2 негізгі бапты білуіміз қажет: депозиттік ставкалардың бір деңгейінен екіншісіне өту барысындағы шығындарын және банк алған қосымша қаражаттардың салыстырмалы шамасы ретіндегі шекті шығындардың нормасын. Егер бізге шекті шығындардың нормасы белгілі болса, біз онда банктің жаңа салымдардың қаржаттарды инвестициялаудан күтілетін қосымша кірістерімен салыстыра аламыз.

Нарыққа өтуді қамтамасыз ету үшін депозиттер бойынша пайызды орнату. Банктің пайдасы мен шығынының шамаларын есепке алмауға мүмкіндік беретін баға белгілеу әдісінің біреуі - бұл нарыққа өтуді қамтамасыз ету үшін депозиттер бойынша пайыздарды белгілеу. Мұның идеясы мынада: жаңа клиенттерді неғұрлым көбірек тартылу үшін комиссияндық алымдардың төмен тарифтерін орнату және жоғары пайыздық ставкаларды ұсыну. Басқарма мұнда салымдардың үлкен көлем және банктік несиелердің ең көп көлемі пайданың төмендеуінің орнын толтыратынына сенеді. Нарыққа өту әдісі бойынша баға белгілеуі – банктік нарықтың олардың көп бөлігін жаулап алуға үміт ететін нарықтардың тез өсуі кезіндегі болатын стратегиясы болып табылады [2. 29 б].

Жеке салымшылар үшін тарифтік ставкалардың дифференциациясы. Қатаң бәсеке депозиттер бойынша комиссияндық алымдардың тарифтік ставкаларын кең түрде қолдануға әкелді. Көптеген экономистер осы амалды шарттарға байланысты баға белгілеу деп атайды, себебі банктер төмен төлем алынатын немесе алынбайтын қызметтерге бағалар шкаласын, олардың шоттарындағы қалдықтары кейбір минимальды деңгейден асып кеткен жағдайда орнатады, бірақ орташа қалдығы осы минимальды деңгейден төмен түссе клиенттер қызметтерді жоғары ставка бойынша төлейді. Сонымен, клиент қызметтерді өз салымын қалай пайдаланғанына қарай өтейді. Депозиттер бойынша қызметтерге белгіленген тарифтердің айырмасы төменде келтірілген факторларға тәуелді болады:

1) Шот бойынша өткізілетін операциялар саны (яғни, жазылған чектердің, жасалған салымдардың, телеграфтық аударымдар, төлемдердің тоқтауы немесе қаражаттардың жетіспеуі туралы хабарламаның саны).

2) Белгілі бір мерзім бойында шоттың орташа қалдығы (әдетте 1 ай).

3) Салым жасалынатын мерзім (күн, апта, ай).

Клиент қызметтер үшін комиссиянды алымдардың минималды мөлшері немесе чектер санын, қаражаттарды салу мен алу сомасын және шоттағы орташа қалдығын есепке алғандары максималды процентке табысыбар банкті және салымды таңдайды.

Ірі жоғары табыстары бар клиенттерді тартуға бағытталған баға белгілеу. Көптеген банктер, әсіресе ірі қалалардағы банктер, жоғары табысты клиенттерді тартуға бағытталған баға белгілеу әдісін кең түрде қолданады. Олар тәжірибелі мамандар, яғни экономистер, заңгерлер, кәсіпкерлер, менеджерлер және жоғары табыстары бар азаматтар үшін қызметтермен және сол қызметтерге бағалармен таныстыру үшін жақсы дайындалған жарнамалық бағдарламаны қолданады. Басқа депозиттік шоттарына, бірнеше ретте қалдықтардың шамалы мөлшері мен операциялардың үлкен саны болса соларға сұранысын төмендетуге әкелетін шарттарды орнатуға болады немесе солардан жоғары бағалардың көмегімен құтылуға болады. Әдетте, бағаларды орташа деңгейден артық орнату стратегиясы банктің стратегиялық бағдарламасына байланысты болады. Сол банктің бағдарламасы бойынша әр дәулетті клиент клиенттің банктегі барлық жұмыстарын жүргізетін жеке қызметкерге бекітіледі.

Сонымен қатар, клиент қажет болған жағдайда депозиттің негізгі сомасының ішінен қайта-қайта ішінара ала бермеуі үшін есептелетін сыйақы мөлшерлемесі ай сайын төленіп отырғаны жөн. Бұл, бір жағынан салымшыға психикалық жағынан әсер ете отырып, үстіндегі пайызы тұрғанда салымның негізгі сомасынан ішінара алудың қажеті жоқ болатындай көрінеді. Сондай-ақ, қолда бар қаражатты жұмсамау үшін банкке салып қойып, үстіндегі ақшасын алып отыруына мүмкіндік болады [3.56 б].

Әдебиет

1. Муратова Д.Б. Банк ісі: электронды оқу құралы / Д.Б. Муратова. - Тараз : ЦАКТО, 2022

2. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша, несие, банктер» оқуқұралы, А.: Экономика 2012ж.

3. Молдабекова, А. Ш. Қаржы және несие: электронды оқу құралы/ А. Ш. Молдабекова. - Тараз : ЦАКТО, 2022.

Бодыкова А.Т.,
магистр, аға оқытушы,
А.Д.Туебаева,
Э-21 оқу тобының студенті
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье представлены факторы развития человеческих ресурсов, мотивации и формы и методы управления людьми.

Abstract

The article presents the development of human resources, motivation factors and forms and methods of managing people.

Соңғы онжылдықта басқару теориясындағы жетекші орындардың бірі адам ресурстарын басқару мәселесі болып табылады. Бұл тәжірибе көрнекті ғалымдар мен менеджерлердің компанияның тиімді дамуы үшін тек адами ресурстар таусылмайтын мүмкіндіктер жасайды деген пікірін растауымен байланысты. Соныменқатар, адами ресурстар ұйымның ең күрделі, болжанбайтын және кейде тұрақсыз элементі болып табылады, сондықтан оларды басқару ерекше көзқарасты қажет етеді.

Адами ресурстарды басқару-бұл ұйымның мақсаттарына жету үшін олардың еңбек әлеуетін пайдалану үшін жағдай жасауға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік шаралар арқылы жұмыс берушінің қызметкерлерге әсер ету процесі.

Адами ресурстарды дамыту-бұл олардың жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ұйым қызметкерлерінің жеке басын жан-жақты дамытудың кешенді және үздіксіз процесі.

Адами ресурстарды дамыту саласында, егер "жоғарыдан төменге" бастама мен қолдау болмаса және барлық менеджерлер біртұтас көзқарасты түсінбесе және қолдамаса, ұйымдасқан оқыту болмайды. Оның орнына, адам ресурстарын дамыту әр бөлімшеде, басқа бөлімшелерде не болып жатқанын ескерместен, топ немесе "жүйенің бөлігі" үшін "тиімділікке қол жеткізудің" мүмкін нәтижесімен, бірақ ұйымның корпоративтік мақсаттарына қол жеткізудегі және стратегиялық жоспарды іске асырудағы тиімді қызметінен айрылуымен болады [1].

Басқару рөлдері мен функциялары ұйымдарға көбірек таралған сайын, барлық менеджерлер үшін "адам ресурстарының үздіксіз дамуы" үшін жеке жауапкершілікті дамыту қажет. Мұнда, әрине, өте күрделі сұрақтар мен қызығушылық тудыратын салалар бар, сондықтан сіз осы салалардағы өз біліктілігіңізді белгілі сақтықпен

бағалауыңыз керек. Біздің аз адамдарымыз "идеалды" ұйымдарда жұмыс істейді және адами ресурстарды дамыту саласында біз іс жүзінде мүмкін және қол жетімді нәрсемен тепе-теңдік қабілетін дамытуымыз керек.

Жеке тұлғаны дамытудағы маңызды рөл қызметкерлердің мансаптық мотивациясына тиесілі. Қызметкердің мансаптық процесінде 1-суреттегі бес аспект жиі қызығушылық тудырады.

Мансаптағы әділеттілік. Қызметкерлер ұйымдық бақылаудағы бейтараптыққа, мансаптық өсуге ықпал ететін жылжыту жүйесіне үміттенеді.

Ел Үкіметі шешімі мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы, мемлекеттік құрылымдар тұтынатын тауарлар тобын стратегиялық маңызы бар разрядқа ауыстырудың прототипі арқылы көрінетін осы салаға ерекше назар аударуға және оларды ҚАЗ секторында жүргізуге тиіс. Бұған дейін бюджеттік ұйымдарға арналған бұйымдар өндірісіне назар аударылған [4].

Бұл мәселелерде Еуропа елдерінде қолданылатын компенсаторлық саясаттың элементтерін қолдану қажет, атап айтқанда прагматизм, жазалау мен тәрбиеден өтемдік векторға көшу [5, 209 б.].

Біліктілігі жоқ сотталғандардың еңбек проблемасы, сондай-ақ өндіріс базасы бағдарланған дайындалатын өнімнің түпкі мақсаты. Тиісінше, біз жоғары технологиялармен ерекшеленетін өнімді ала алмаймыз, бірақ дәл осы жұмысты қолданудың жолдарын іздеуіміз керек. Ол үшін мекемеден тыс жерде еңбекті пайдалану жолдарын ойластыру қажет. Мәселен, Қазақстанда пандемия жағдайында саны кейде 700-800 мыңға дейін жеткен мигрант-гастарбайтерлердің болмауы олардың қатысуымен орындалатын құрылыс материалдары мен қызметтерінің қымбаттауына алып келді. Бұл ретте 2025 жылға дейінгі еңбек нарығына білім беру, Ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі секторларында қосымша миллион жалдамалы жұмысшы қажет болады [6].

Жүздеген мың және миллиондаған жұмыс қолының аясында 15-20 мыңға жуық сотталғандарды және Қазақстанда жұмыс іздеп жүрген көшіп-қонушылардың жалпы санының 4,5%-ы құрайтын пробациядағы сотталғандардың өсіп келе жатқан санын жұмысқа орналастыру талап етіледі. Азаматтық қоғам бұл салада не болып жатқанына алаңдамайды. Себебі пенитенциарлық мекемелердің

жұмысының нашар хабардар болуы [7].

Жүйенің ерекшелігінде түсіндірілетін мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің мүмкіндіктері нашар пайдаланылады. Нұсқалардың біріжеке түрмелердің құрылысын болдырмайтын, бірақ концессионерге қылмыстық жазаны орындау функциясын жүзеге асырудан басқа, концессия шартының мерзімі аяқталғанға дейін (30 жыл) осы объектіде өндірістік-шаруашылық қызметті құруға мүмкіндік беретін мекемелер құрылысына концессия шарттарын жасасу [8].

Қазақстанның ішкі істер министрлігі МЖӘ-нің табысты мысалдарына назар аударды, бұл жалға алу, сенімгерлік басқаруға беру, бұл, әрине, осы бағыттың мәні мен мүмкіндіктерін толық көрсетпейді. 2015 жылы сотталғандар бір миллиард теңгеге жуық шығынды өтеді, ал 2014 жылы небәрі 352 млн. Тұтқындармен жұмыс істеудің негізгі қағидаттарында тұтқындарға пайдалы еңбекпен айналысуға жағдай жасауға баса назар аударылады, бұл олардың өз елдерінің жұмыс күші нарығында қайта интеграциялануын жеңілдетеді және оларға өздеріне және отбасыларына қаржылық көмек көрсетуге мүмкіндік береді [9, 76 б.].

Ол үшін сотталғандардың өздері қызығушылық танытуы керек, әсіресе олардың мүмкіндіктері мен мамандықтарды үйренуге және игеруге деген ұмтылысы. Қазіргі уақытта 50 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, онда жыл сайын 2 мыңнан астам сотталушы оқиды, ал 44 кәсіптік колледж базасында 2,8 мыңға жуық адам оқудан өтеді [10, 244 б.].

Сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ету жағдайын және жағдайды шешудің перспективалық бағыттарын қарастыра отырып, біз белгілі бір тұжырымдар мен ұсыныстар жасаймыз.

1. Сотталғандардың жұмыспен қамтылуындағы қиындықтардың объективті сипаты осы саладағы ойластырылмаған саясатпен күшейе түсті.

2. ҚР ПМ ҚАЖК Еңбек нарығындағы жағдайды мониторингілеу қажет, стандартты емес жағдайларда жүйені жүктеу туралы ұсыныстар енгізу үшін, атап айтқанда, оларға Арал теңізінің түбін өсімдіктермен себу жұмыстарын жатқызуға болады. Мұндай жағдайлар бір қарағанда көп болуы мүмкін. Елде жұмыс қолдары қажет көптеген аймақтар бар.

3. ҚАЖ-дағы өтемақы саясатына бағытталған МЖӘ-ні іске асыру мүмкіндіктерін пысықтау қажет.

Әдебиет

1. Карганова Б.Г., Аветисян Г.Г. Средства достижения целей лишения свободы // Медиативный потенциал уголовного права: материалы VII Международной научно-практической конференции,

посвященной памяти М.И.Ковалева (Екатеринбург, 20-21 февраля 2010 года) / отв. ред. И.Я.Козаченко. – Екатеринбург: Издательский дом «Уральская государственная юридическая академия», 2011. С. 236.

2.Таран О. Обеспечивая эффективность правовой системы. Беседа с заместителем Генерального прокурора РК Ж.Асановым // Казахстанская правда 29 мая 2015 г.

3.Асанов Ж.К. Нужна консолидация усилий // Деловой Казахстан 12 июня 2015 года.

4.Общественный мониторинг пенитенциарных учреждений Республики Казахстан // Материалы круглого стола. Алматы, 29-30 сентября 2003 года. Алматы, 2004 г. С.77.

5.Рогова Н.Н. Цель наказания – кара или предупреждение преступлений? // Медиативный потенциал уголовного права: материалы VII Международной научно-практической конференции, посвященной памяти М.И.Ковалева (Екатеринбург, 20-21 февраля 2010 года) / отв. ред. И.Я.Козаченко. – Екатеринбург: Издательский дом «Уральская государственная юридическая академия», 2011. С. 209.

6.Тихонова Е. Работы хватает. Общественно-политическая газета «Время», 27 мая 2021 года.

7. Қазақстан Республикасындағы сот және құқықтық реформаны қолдау. Үшінші аралық есеп 2011 жылғы 15 ақпан – 2011 жылғы 15 тамыз. «І» қосымшасы-қылмыстық шешімдердің орындалуын жалпы бағалау бойынша есеп. «Қылмыстық шешімдер мен пробация қызметін заманауи орындаудың үздік құқықтық Еуропалық тәжірибесі» 66 б.

8.Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған бағдарлама. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 731 қаулысымен бекітілген

9.Қазақстан Республикасының заңнамасын: өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар; өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар; оған қатысты оны орындауға мораторий қолданылатын өлім жазасына сотталғандар құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкестігі мәселелері бойынша зерттеу. Материалдар жинағы. Алматы ҚБ «ОСТ-21 ғасыр», 2005 ж.б. 76 б.

10.Сқақов А.Б., Сағынбеков К. С. қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері//құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие: ғылыми еңбектер жинағы / ч. ред. т. к. Әкімжанов. - Алматы: «Интерлигал» ПИК, 2014.– 244 б.

**Жымқыру себептерінен туындайтын
теміржол көлігі объектілерінің мәселелері**

Абдукерова А.М
аға оқытушы,
Бекманова Ж.У
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматриваются основные причины хищений грузов с объектов железнодорожного транспорта и условия, способствующие их совершению. В качестве причин автор рассматривает деформации экономического, политического и нравственно- психологического характера. Вопрос, рассмотренный автором, вызван отсутствием отечественного теоретического исследования в области причин и условия краж, совершаемых в исследуемой отрасли хозяйствования. Сделанные автором выводы приводят к мысли о том, что нельзя полагаться лишь на совершенствование деятельности ОВД на транспорте и в целом на уголовно-правовые меры правоохранительных органов. Тем самым им предлагается механизм совершенствования организационно-правовых пробелов в законодательстве.

Abstract

The article discusses the main causes of theft of goods from railway facilities and the conditions conducive to their commission. The author considers economic, political, moral and psychological deformations as the reasons. The issue considered by the author is caused by the lack of domestic theoretical research in the field of the causes and conditions of thefts committed in the studied branch of the economy. The conclusions drawn by the author lead to the idea that one cannot rely solely on improving the activities of the Department of Internal Affairs in transport and, in general, on the criminal law measures of law enforcement agencies. Thus, they are offered a mechanism for improving organizational and legal gaps in legislation.

Заң ғылымында теміржол көлігі объектілерінде жасалатын жасырын ұрлықтың детерминанттарын зерттеудің әртүрлі тәсілдері бар. Атап айтқанда, О. в. Ивушкина, Л. в. Новикованың ғылыми еңбектері,

В. В. Фомина, О. Г. Фокина және басқалары қарастырылып отырған мәселені зерттеудің әртүрлі тәсілдерін дәлелдейді.

Бұл жерде зерттелетін объектілерде жасалатын жасырын ұрлықтың детерминанттары мәселесін әртүрлі тәсілдермен зерттеуге болатындығын атап өткен жөн. Алайда, қарастырылып отырған шаруашылық саласындағы ұрлықтың себептері мен жағдайларының мызғымастығы мемлекеттің басқа салаларына да тән ұқсастыққа байланысты.

Сонымен қатар, теміржол көлігінің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қарастырылып отырған салада болып жатқан процестер туралы ұмытпаңыз. Өйткені, олар қарастырылып отырған салада қылмыстың пайда болуының бірқатар ерекше детерминанттарын береді. Қалай болғанда да, олардың жиынтығы теміржол көлігі объектілерінде жасырын ұрлықты анықтайтын тікелей себептер мен жағдайларды жинақтайды.

Зерттеу әдіспен жүргізілдіжүйелік тәсіл (қарастырылып отырған шаруашылық саласында ұрлық сияқты жағымсыз құбылыстың туындауына ықпал ететін детерминанттарды талдау кезінде), сондай-ақ ПО қызметкерлеріне, сондай-ақ теміржол көлігі объектілеріндегі адамдарға әлеуметтік сауалнама жүргізу.

Құқық қолдану практикасының материалдарын, көліктегі ПО-ның ұйымдық-құқықтық қызметін, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерін зерделеу.

Біздің ойымызша, теміржол көлігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құқық қорғау органдарының қызметіндегі ұйымдық - құқықтық кемшіліктер жеке қарауды талап етеді.

Жүргізілген социологиялық зерттеудің нәтижелері құқық қорғау органдарының қызметіндегі елеулі проблемаларды көрсетеді. Мәселен, мысалы, «көліктегі полиция қызметін ұйымдастырудағы қандай кемшіліктер, Сіздің ойыңызша, көлік объектілерінде ұрлық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар болып табылады?» біздің ПО қызметкерлері арасынан келген респонденттер келесідей жауап берді: әлсіз кадрлық әлеует - 15,5%; көлікте полиция қызметкерлерін даярлауға мамандандырылған оқу орындарының болмауы - 21,3%; техникалық жарактандырудың жеткіліксіздігі - 34,7%; желілік бөлімшелер қызметкерлерінің шектеулі штат саны - 39,3%; аумақтық полиция бөлімшелерімен, қылмыстық - атқару жүйесімен, теміржол ұйымдарымен өзара іс - қимылдың әлсіздігі - 9,8%; басқалары-35,6%.

Сауалнаманың жоғарыда аталған нәтижелері ПО-ның жекелеген бөлімшелерінің құқық қолдану қызметіне ешқандай дәрежеде қайшы келмейді. Мәселен, мысалы, тергеу тәжірибесінде темір жол көлігінің материалдық-техникалық қорының элементі болып табылатын жолдардың жоғарғы құрылымының бөлшектері қара және түсті металды қабылдау пункттерінде табылған жағдайлар тіркеледі. Бұл бөлшектер еркін сатылымда емес. Осыған байланысты, олар ұрланған деп қорытынды жасауға болады.

Аталған жағдайда тергеу органдарының қызметіндегі кемшілік қылмысты сапасыз тергеу, қылмыстық істердің осы санатының ашылуының төмендігі, сондай-ақ Қылмыстық жолмен көрінеу өндіріп алынған мүлікті сатып алғаны және өткізгені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың аз саны болып табылады. Мысалы, 2018-2024 жылдар аралығында 3954 ұрлық және Қылмыстық

жолмен әдейі өндірілген мүлікті сатып алу мен сатудың 12 фактісі тіркелді. Жоғарыда атап өткеніміздей, қылмыстық істердің тек 26,9% - ы қаралатын қылмыстық іс-әрекет бойынша сотқа жіберіледі. Қалғандары қандай да бір заңды негіздер бойынша қылмыстық қудалау сатысында тоқтатылады.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың көпшілігі қара және түсті металл қалдықтарын сатып алушылар. Мұнда «түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті хабарлама тәртібімен жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 мамырдағы № 259 бұйрығына сәйкес:

«Заңды тұлғалар электротехникалық, әскери және зымырандық-ғарыштық сынықтардан, байланыс желілерінің кабельдерінен, рельстерден, пайдаланылған теміржол төсемі мен жылжымалы құрам элементтерінен, кәріз люктерінің қақпақтарынан басқа жеке тұлғалардан түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдайды» [1].

Алайда, осы ережені бұза отырып, келіп түсетін сынықтар мен түсті және қара металдардың қалдықтары туралы мәліметтер есепке алу журналдарында, қабылдау-тапсыру актілерінде әрдайым көрсетіле бермейді.

Оны қарауды талап ететін тағы бір маңызды мәселе-металл сынықтарын қабылдау және сатып алу субъектілерінің қызметін бақылау мәселесі. Бұл жерде Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы «өнеркәсіптік саясат туралы» Заңына сәйкес индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің бөлімшелері түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті реттеуді жүзеге асыратынын атап өткен жөн:

- «хабарлама тәртібімен түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу;

- түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынықтары мен қалдықтары туралы есептілігінің нысаны мен мерзімдерін айқындау» [2].

Осы ереженің мазмұнынан осы коммерциялық қызметтің барлық субъектілері белгілі бір құқықтар мен міндеттерді белгілей отырып, заңды тұлға ретінде тіркеуден өтуі керек. Мысалы, аталған кәсіпкерлер қабылданған тауарлардың есебін жүргізіп, оған уәкілетті органға үнемі есеп беруі керек.

Сонымен қатар, аталған заңды тұлғалардың қызметі халық шаруашылығының өндірістік объектілерінен ұрланған металдарды сатып алуға жол бермеу мақсатында құқық қорғау органдарының жедел-іздігі қызметінің объектісі болуға тиіс. Осыған байланысты олардың жұмысы қаралып отырған кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің уәкілетті органымен үйлестірілуіне тиіс.

Сонымен қатар, тергеу тәжірибесінде мүдделі кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға жіберілген қылмыстық қудалау органдарының нұсқамаларын орындамау мәселесі бар. Осы нұсқаманың басты мақсаты көлікте ұрлық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою болып табылады. Сонымен, ҚР ҚІЖК-нің 200-бабында мыналар көзделеді: «қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе олардағы басқару функцияларын орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе заңның басқа да бұзушылықтарын жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныс енгізуге құқылы, қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал етті» [3]. Алайда, аталған бапта бекітілген ережелерді бұза отырып, Құқық қорғау органдарының нұсқамаларын шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде теміржол көлігі ұйымдары елемейді және орындамайды. Бұл жағдай, біздің ойымызша, ІІО-ның алдын алу қызметін төмендетеді, сондай-ақ қылмыстың, оның ішінде ұрлықтың таралуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз зерттелетін шаруашылық саласында жасалған ұрлықтың тікелей детерминанттарына құқықтық әсер ету қажет деп санаймыз. Мұндай жағдай қолданыстағы қылмыстық заңнаманың жетілмегендігіне, сондай-ақ құқық қорғау және орталық атқарушы мемлекеттік органдар арасында үйлестірілген іс-қимылдардың болмауына байланысты.

Әрине, біздің пікіріміз даусыз, бірақ оның өмір сүруге құқығы бар, өйткені ол қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруге бағытталған.

Әдебиет

1. «Ведомстволық тәртіппен түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті реттейтін заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2022 жылғы 11 мамырдағы № 259 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028082>. өтініш берген күні:

27.10.2022 ж.

2. 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 86-VII ҚРЗ "өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000086#z132>. өтініш берген күні: 27.10.2022 ж.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>. жүгінген күні: 11.02.2020 ж.

ӨӘЖ 428.304.2

Рухани қауіпсіздіктегі қоғамның ролі

Наурызбаев Б.А.,

Бекманов Н.А.

Қызылорда«Болашақ» Университеті

Резюме

В данной статье в рамках духовной безопасности общества рассматривается проблема религиозного экстремизма.

Abstract

In this article, within the framework of the spiritual security of society, the problem of religious extremism is considered.

Адамзаттың саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына әсер етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ХХІ ғ. дертіне айналып отыр. Террорлық актілерге итермелейтін қайшылықтар өсе түсуде. Қазіргі таңда діни лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән құбылыс емес. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын экстремизмнің алуан түрлері жалғаса түсуде. Әр түрлі ұйымдар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Бүкіл әлемде орын алып отырған дінді пайдаланып экстремизм мен терроршылдықтың саяси-әлеуметтік негіздерін зерттеу өте өзекті мәселе. Негізінде, дінге байланысты экстремизм мен террор кеше мен бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Оның ертеден келе жатқан тарихи тамырлары бар. Қазіргі лаңкестік әрекеттердің мәнін түсінуде адамзат тарихындағы діни көзқарастар мен саясаттарды ғылыми жағынан зерттеудің маңызы өте зор. Себебі ол, осы кездегі діни экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздерін анықтауға жәрдемдеседі. Бұдан кейін, қазіргі кезде Қазақстан Орталық Азияға үлкен қақпа ролін атқарып тұр. Өйткені, мұнда негізгі интеллектуалдық және техникалық мүмкіншілік пен үлкен табиғи байлық шоғырланған. Қазақстан Еуразиялық мемлекет. Үшіншіден, алып мемлекеттер тарапынан лаңкестікке ғана күресте қарсы кінәлілерді біліп алмай, оның пайда болу себептерін анықтап алмай тұрып беталды соғыс жүргізу орын алуда. Сондықтан «діни экстремизм», «исламдық радикализм» туралы әлемдік ақпарат

құралдарындағы құбылыстарда, ғылыми дәлелдемелер жетіспейді, оны бағалауда біржақталық басым. Келесі, еліміз тәуелдіздік алғалы діннің дамуына кең жол ашылды. Көп жыл кеңес тегеуірінің көрген мұсылман қауымы Құранды еркін оқуға қол жеткізді [1].

Экстремизм термині шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды терістеу ретінде анықталады. Экстремизм бұл әр уақытта жан жақты көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Оған анықтама беруде эксперттік ортада әртүрлі түсінік бар. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші топ экстремизмді негативті және әлеуметтік қауіпті құбылыс деп бағалайды. Бұл бағытты ұстанушыларды «консерваторлар» деп белгілеуге болады. «Консерваторлар» бағытындағылар негізінен ғылыми академиялық орта, сонымен қоса құқық қорғау органдарының қызметкерлері. Зерттеушілердің бір бөлігі бұл мәселені салыстырмалы түрде, жіктеп қарастыруға тырысады. Оларды шартты түрде «либералдар» деп атауға болады. Либералдар экстремизмді жағымсыз құбылыс деп анықтаудан бас тартады. Экстремизмді әртүрлі құбылыстарды кеңінен алатын іс-әрекет мүмкіншілігі ретінде де түсінуге болады. Сондықтан экстремизмге шек қою мүмкін емес. Қазіргі ойдың алуан түрлілігіне салатын болсақ, экстремизм қылмыс емес. Бұған планетадағы ортақ құпталған шеңберден шыққан іс-әрекеттің бәрін кіргізуге болады дейді. Сонымен қоса қоғамдық құрылысқа қарсы құбылыс болса, құқықты шектеуші ретінде анықтау дұрыс емес. Себебі, кейбір әлеуметтік наразылықтар да (аштық жариялау, мемлекеттің қаулыларына қарсылық үрдістер) қоғамдық қауіпті феномен деп анықталып кетуі мүмкін болар еді.

Экстремизмнің негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қақтығыстары: экономикалық, әлеуметтік, этникалық және конфессиялық қарама-қайшылықтары жатыр. Бұл мүдделердің, қарама-қайшылықтардың көлемі әр түрлі болуы мүмкін: жеке тұлғаның бүкіл қоғамға қарсы тұруынан бастап, бүкіл мемлекеттік жүйелердің қатал тайталасымен аяқталады. Қанда да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдай да тайталас екі жақтың бірі өздерінің саяси, діни, этникалық, тағы басқа мәселелерінің шешімін табу үшін шектен шыққан әдістерге көшуі мүмкін.

Экстремизмнің пайда болуы себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты. Әйтсе де экстремизмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Ол кез-келген қоғам мен мемлекетке тән. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу; саяси тәртіптің тоталитарлық сипат алуы;

биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі; көшбасшылардың саяси ерекшеліктері және т.б.

Бұл негізгі факторлармен қоса ғалымдар экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторларды атап көрсетеді. Оларға халықаралық немесе мемлекеттік жүйеде экстремизм көріністеріне қарсы күрестің осалдығы, тұрғындардың, жеке топтардың саяси және құқықтық мәдениетінің төмендігі, мемлекетаралық қатынастың әлсіреуі, әлеуметтік шиеленістің өсуі т.б.

Дін адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан, ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылықты, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ұлттық мәселелердің дұрыс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің горизонттарынан орын алуға мүмкіндік береді.

Қоғамның діни өмірінің демократизациялауы бір жақты оң нәтиже бере бермейді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Бұл көптүрліліктің нәтижесі діни конфессиялар формасы. Бұлардың әр қайсысы өз наным-сенімдерінің қағидаларымен өмір сүреді. Өртүрлі діндердің бір кезеңде, бір этно-мәдени кеңістікте болуы теологиялық мәселе ғана емес, әлеуметтік мәселе тудыратындығы сөзсіз. Діндердің өзгертуге болмайтын өзіндік діни ілімдері мен дәстүрлері бар, кейбір жағдайларда бір-біріне қайшы келетін, тіпті жоққа шығаратын, дінаралық сұхбат мүмкін болмайтын жақтары да кездеседі. Сондықтан, шешім қандай жағдайда болсын нақтылы болуы керек. Дерексіз шешім болмайды. Қорытынды жасау үшін нақтылы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени жағдайды есепке алуымыз керек. Нақтылы жағдай - Қазақстан Республикасы, яғни, осы мемлекеттің мазмұнына, оның мүддесіне орай шешілуі керек [2].

Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру қаралды. Қазақстан Республикасының басқару тәртіптері мемлекетіміздің Ата Заңы-Конституцияда белгіленгендіктен ол талаптар қоғамның әрбір мүшесі тарапынан орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған

қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң жобасына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құрылымдарды құруға тиым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынған.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ар-ұждан бостандығы мен діни бостандықтың принциптері, әр түрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға тең құқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Сондай-ақ діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер дайындалып шығарылды. Қазақстандағы қандай да болмасын діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативтік құқықтық негізі белгілі дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен ролы, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізетін әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Еліміздегі осы белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа тенденцияларға байланысты анық та, айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың елімізде еркін қызмет жасауының көрінісі. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы толығымен мүмкін [3].

Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты, ресми идеология дінге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірлі өзгешелікке ие. Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім көпұлтты, көптілді және көпконфессиялы Қазақстан үшін мейлінше күрделі мәселе. Бүгін Қазақстан әлемге тек мұнай өндіруші ел ретінде ғана емес, сондай-ақ Бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы ретінде де жақсы таныс. Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндердің басшылары анағұрлым маңызды, осы заманғы өзекті әлемдік діни, саяси, өркениетаралық мәселелерді шешу үшін жиналады. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің соңғысында еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Әлемдік және дәстүрлі

діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен сұхбаттың негізгі қағидалары айқындалды. Олар: толеранттық, өзара құрмет көрсету мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл туралы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан діни наным бостандығын қамтамасыз етті, конфессияаралық диалог пен діни құқықтық саясатты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Бізде әртүрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген» - деп айтылған. Әрине, дін біріктірудің, шоғырлану үрдістерінің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше ортақ белгілер мен ұқсас принциптері, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастаманы іздеуіміз қажет.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Н.Ә.Назарбаев. Сындарлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003.
3. Бурханов К.Н., Карин Е.Т., Сатпаев Д.А., Давыдова И.М. Экстремизм в Центральной Азии. – Алматы: Институт России и Китая, 2000.

ӘӨЖ349.41

Жерді құқықтық сақтау мен қорғаудың жалпы түсінігі

Қындыбаева Р.Р

Қызылорда «Болашақ» университеті

(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается характеристика земель, вопросы правового сохранения земель и охраны земель.

Abstract

The article examines the characteristics of lands, issues of legal conservation of lands and land protection.

Жерде туылған адам оның байлықтарын пайдаланбай өмір сүре алмайды. Ол жерден, оның табиғи ресурстарынан өзінің әлеуметтік және экономикалық қажеттіктерін қанағаттандыруға қажеттінің барлығын алады. Сонымен қатар, жер адам өмірінің орны мен жағдайы болып табылады. Сондықтан да, адамға оның барлық құрамдас бөліктері- атмосфералық ауа, өсімдіктер және жануарлар әлемі, су көздері, жер қойнауы, жердің үстіңгі қабаты, ауа кеңістігі қажет. Оған қоса, жер еңбек және өндіріс құралы, сонымен қатар, мемлекет аумағы, оның шектері болып табылады.

ҚР Конституциясының 6 бабында «жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге

асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» деп көрсетілген [1].

Қазіргі нарық жағдайында жер заңдарының басты міндеттері жерді ұтымды пайдалана отырып, экологиялық тұрғыда жерді құқықтық қорғау және заңсыз жер пайдаланудан туындайтын зардапты қайта қалпына келтіру болып отыр. Бұл нормативтік талапты орындау бүгінде құқықтық мемлекет құрып жатқан Республикамыздың әрбір азаматының құқықтық борышы болып табылады.

Жер мен оның байлығын барлық адамзат баласы қажетсінеді және халықтың өсу жағдайына байланысты жерге деген сұраныста ұлғая бермек. Осындай қажеттілікті қанағаттандыру үшін берілген жер пайдалану құқықтарын жүзеге асыру үшін ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жерде, біздіңше, жер құнарлылығын сақтау мен экологиялық залал-зардаптың алдын алу мәселелерін ескеру қажет. Осы орайда жер иелену мен пайдаланудың ғана емес, ол сонымен қатар құқықтық қорғаудың да объектісі екендігін ұмытпауымыз қажет.

Олай болса, қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, оның қолайлы жағдайын сақтау және құнарлылығын қалпына келтіру қоғам талабына сай туындап отырған көкейтесті мәселелердің бірі.

Жер - Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі. Жердің айрықша ерекшеліктері болып оның көлемінің шектелгендігі, орналасу орнының тұрақтылығы, ауыспайтындығы және жылжымайтындығы табылады.

Жерді құқықтық қорғау деген не? Алдымен осының мазмұнын ашып алайық.

Жерді құқықтық қорғаудың негізгі мәні оның қолайлы жағдайын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту болып табылады. Бірақ бұл шаралар жерге тікелей мемлекет меншігін және жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғауға бағытталмаған. Жерді сақтау - жерді пайдаланғанда, жердің сапасы нашарламауы керек. Жерді қалпына келтіру - оны қалпына келтіру жұмысын жүргізу болып табылады. Жердің жағдайын жақсарту - мелиорация - суландыруды қолданып, жердің өнімділігін арттыруды жүзеге асыру.

Жер мемлекет меншігі болғандықтан, мемлекеттің жерге меншік құқығын қорғау қажеттігі туады. Ол жер пайдаланушылардың пайдалануында болады. Соған орай, мемлекеттің жерге меншік құқығын, жер пайдаланушылардың жер пайдалану құқығын қорғауға бағытталған деген қорытынды да бар.

Г.Т. Айгаринова заң нормаларының мазмұнына қарай жерге мемлекеттік меншік құқығын қорғауды екіге - жерге мемлекет меншігін оқшаулаудан және жерге мемлекет меншігіне орнатылған тәртіптерді бұзудан қорғауға бөліп қараған. Жерді құқықтық

қорғаудың бөлінбес бөлігі ретінде жердің құнарлы қабатын - топырақты қорғау да бар[2, 50б].

Барлық ғалымдарға ортақ бір мәселе ол - жерге мемлекет меншігін және жер пайдаланушылардың құқығын қорғау - жерді қорғаудың негізгі мәселесі және жерді табиғат объектісі ретінде қорғау болып табылады. Бірақ, бұл мәселеге әр түрлі жолдармен, біреулер жерді қорғау жерге мемлекеттік меншік құқығынан туындайды десе, кейбіреулері жерге мемлекеттің басқару құқығынан туындайды және ол мемлекеттің жеке құзыреті деушілер де бар.

Қазіргі кезде Жер кодексінің нормаларынан жердің біріншіден, меншік құқығы объектісі екенін, оны мемлекеттік, мемлекеттік емес және азаматтардың, соның ішінде шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың пайдалану объектісі екендігін де байқаймыз. Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 140-бабында жерге меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын қорғау қаралған. Онда жерді қорғау, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту Қазақстан Республикасы жер заңдарының міндеті болып саналады [3]. Осыларға қарағанда, жердің жоғарыда атап өткеніміздей, меншік объектісі және пайдалану объектісі оның үстіне ең негізгісі - жер табиғи объект - табиғи ортаның ең белді объектісі. Табиғи ортаны сақтау мен жақсарту жердің табиғи жағдайына тығыз байланысты.

Сонымен қатар меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 259 бабында меншік иесі меншік құқығын тануды талап етуге құқылы дейді [4].

Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.

Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Азаматтық кодекстің бұл баптарында меншік иесінің меншік құқығын тануды талап ету құқығы, оны заңсыз иеленгеннен талап ету құқығы, иелік құқығын айыруға байланысты болмағанымен, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап ету құқығы, меншік құқығы болмағанымен, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару, тұрақты жер пайдалану құқығымен не заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге де негізбен мүлікті иеленушінің де көзделген құқықтарын қорғау құқығы, Қазақстан Республикасы меншік құқығын тоқтататын заң құжаттарын қабылдаған ретте, осы құжаттарды қабылдау нәтижесінде меншік иесіне келтірілген залалдарды меншік иесіне Қазақстан Республикасы толық көлемде өтеу, меншік иесінің құқықтарын және басқа заттық құқықтарды бұзатын өкімет, басқару органдары мен лауазымды адамдар құжаттарының жарамсыздығы және одан меншік

иесіне келтірілген залалды өтеу және басқа осы мәселелерге байланысты ақша, бағалы қағаздарды талап ету, есеп айырысу, мүлікті талап ету құқығы қаралған.

Сонымен, бұл аталған Азаматтық кодекстің нормаларынан нені байқадық және қандай қорытындылар шығаруға болады? Олардан мынадай қорытындылар шығаруға болады.

Бірінші: Азаматтық кодекстің бұл нормалары жерге меншік иелерінің (мемлекет пен тұлғалардың) және жер пайдаланушылардың меншік құқығын тану мен оны заңсыз иеленуден талап ету құқығы;

Екінші: осы заңсыз иеленуді талап етуді және оларды қайтарып алу жолдары және соған байланысты қаражаттар мен шығындарды өтеу жолдары;

Үшінші: жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың осы құқығын заңсыз тоқтатқанға байланысты оны қалпына келтіру және залалдарды өтеу құқығы бар екенін;

Төртінші: жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың меншік құқығы мен олардың жерге байланысты заттық құқықтарын Азаматтық заң нормаларымен қорғалатынын байқаймыз.

Ал, енді, жерге мемлекет құқығын, жерге жеке меншік құқығын және жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғау Азаматтық кодекс көрсетіп берген нормалармен шектеле ме немесе оларды қорғаудың басқалай жолдары бар ма деген екінші сұрақ пайда болуы мүмкін. Біз бұл сұраққа жерге меншік иелерінің меншік құқығын, жер пайдаланушылардың жерді пайдалану құқығын қорғайтын Қазақстан Республикасының Жер туралы заңдарында басқа да нормалар бар деп жауап береміз.

Жерді қорғаудың ауқымын Жер кодексі жерді ұтымды пайдалануға, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан жерді негізсіз алынуын болдырмауға, сондай-ақ топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа шаралар жүйесімен шектеген. Жер кодексінің нормаларында жерді табиғи объект, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметі негізі ретінде сақтау Қазақстан Республикасы жер заңдарының қағидаттарының бірі қатарында белгіленген. Бұл нормадан жерді қорғау және жерді сақтау сияқты жер нысандары бар екенін де байқаймыз.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасы жер заңдарының қағидаттары жер заңдарының нормаларынан туындап, оның жүзеге асырылу шаралары жер катынастары катысушылардың міндеттерінде, жердің құқықтық мәртебелерінде оны сақтау талаптары болуын қажет етеді. Егер жерді сақтау жерді қорғаудың тәртіптерімен жүргізілетін болса жерді қорғау деп атау керек.

Мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін сақтау мақсатында ондай аумақтардағы жер учаскелерін өзге мұқтаж

үшін алуға тыйым салынған. Бірақ бұл талап жерді сақтау емес, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін қорғау тәртіптері қатарында қаралған. Сол сияқты ауыл шаруашылығы мақсатындағы алқаптар айрықша қорғалады. Оларды ауыл шаруашылығы емес мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

Ауылшаруашылық алқаптарын бір түрден басқасына ауыстыруды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейді. Ауыл шаруашылығы алқаптарының мұндай тәртібі, олардың көлемі мен аумағын пайдалану мақсатында сақтау үшін белгіленген. Бірақ ауылшаруашылығы жерлерінің мұндай тәртібі ауылшаруашылық жерлерінің ерекше қорғалуына жатқызылған. Осындай жағдайларға байланысты жерді сақтауды емес жер заңдарының орындалуына немесе жер заңдарының бұлжытпай орындалуына бақылау жасау қаралған.

Жерді немесе оның белгілі бір алқаптарын табиғи әсерлерден (жел, су эрозияларынан, көшкіндерден) лауазымды адамдар мен табиғат пайдаланушылардың заңсыз әрекеттері мен міндетті шараларды яғни алдын алу шараларын қолданбауы нәтижесінде пайда болатын Семей, Арал апат аймақтары сияқты теріс әсерлерден сақтауды немесе қорғауды табиғат қорғау жер заңдары өзінің міндеті етіп қояды.

Жер - табиғат объектілерінің ең негізгісі болғандықтан (жер қойнауы, су, орман, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің орналасуы және соңғыларының өсімін молайту мен сақталуы жерге байланыстылығы) жеке адамның денсаулығы мен өмірі, сондай-ақ тіршілігі жерге байланысты болғандықтан Жер заңдарының міндетіне қарай жердің табиғи болмысын сақтау және жақсарту жер заңдарының негізгі мәселелері есебінде қаралуы тиіс еді және оларды жүзеге асыру механизмдерінің де тиісінше сонда қаралғаны жөн болар еді.

Сонымен, жерді құқықтық сақтау дегеніміз - жердің табиғи сипатын, құнарлылығын, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірістеріндегі көлемін азайтпай, мақсатты пайдалануын қамтамасыз етуге арналған шаралар жүйесі. Жерді қорғау - жердің табиғилығына, құнарлылығына, сапасына зиян келтірмеу және меншік объектісі мен пайдалану құқығын бұзуға жол бермеу, егер бұзылған жағдайларда шаралар қолдану жүйесі.

Жерді сақтау шараларының жүйесі жерге меншік иелері мен жер пайдаланушыларға белгілі міндеттерді орындау, мемлекеттік ұйымдастыру, жерді сақтау шараларын жүзеге асыруға қаржы бөлу, жер мониторингісін жүргізу, ерекше қорғалатын аймақтарды белгілеу және басқа осы сияқты жерді сақтауға бағытталған қызмет болса, жерді қорғау жер құқық қатынастары субъектілерінің жер заңдарының орындалуын, заңдылықты бұзбауды талап ететін, егер бұл талаптар

орындалмаған жағдайларда заңды жауаптылық қолданылатын заң нормаларын қамтиды.

Әдебиет

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж. (01.01.2023 жылғы өзгерістер және толықтырулармен).

2. Айгаринова Г.Т., Қазақстан Республикасының тұрақты даму жағдайында жер нарығын құқықтық реттеудің теориялық мәселелері / Г.Т. Айгаринова.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 312 б.

3.Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер кодексі. (22.11.2024жылғы өзгерістер және толықтырулармен).

4.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. (01.09.2024 жылғы өзгерістер және толықтырулармен).

ӘӨЖ 349.6

Қоршаған орта байлықтарын қорғаудың құқықтық негіздері

Қындыбаева Р.Р

Қызылорда «Болашақ» университеті

(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассмотрены экологические проблемы Республики Казахстан и вопросы (задачи) по использованию богатств окружающей среды.

Также, рассматривая законные права и обязанности (задачи) граждан Республики Казахстан, предлагаются методы борьбы по защите богатств окружающей среды.

Abstract

This article deals with environmental problems of the Republic of Kazakhstan and issues on using of environmental resources.

Taking into consideration law rights and obligations of the citizens of the Republic of Kazakhstan as well, the control methods of protection on environmental resources are suggested.

Егеменді және тәуелсіз Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет болып табылады. Алайда, біздің еліміздің табиғи ресурстарының соншама молдығына қарамастан, оған қамқорлықпен қарау әрқашан туындап отырады. Қоғамның қазіргі дамуы табиғи ресурстардың шаруашылық мұқтаждықтарына кең түрде пайдаланылуына сүйенеді. Бұл процесс нарықтық қатынастар дами түскен сайын одан әрі күрделене береді.

1991 жылы Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін алуы және нарықтық экономикаға көшуі туралы

жариялауы табиғат пайдалану қатынастарының қайта құрылу, нарықтың талаптарына бейімделу, барлық меншік нысанының және содан туындайтын табиғат пайдалану құқықтарының тең негізде дамуына құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау, азаматтар мен заңды тұлғалардың табиғат ресурстарына байланысты құқықтарын қорғау қажеттілігін туындатты. Осыған орай, республикада табиғат ресурстарына байланысты табиғат пайдалану қатынасы субъектілерінің құрамы өзгерді, табиғат ресурстарына заттық құқықтардың жаңа түрлері пайда болды.

Бірақ, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау әлі де болса көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Жылдан жылға күшейіп келе жатқан дүниежүзілік экологиялық дағдарыс қоршаған ортаны және адамдардың экологиялық құқықтарын қорғау мәселесін ең өзекті мәселелер қатарына шығарды. Қоршаған ортаның дағдарыстық жай-күйі қазірдің өзінде миллиондаған адамдардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне зиян келтірді және де оның әрі қарай тереңдей түсуі орын толмас экологиялық және биологиялық салдарға әкелуі мүмкін. Қоршаған ортаның қолайлылығын сақтап қалу өмірлік маңызды қажеттілік, тіпті адамзаттың тағдырын шешетін ең басты проблемаға айналды деп айтуға толық негіз бар.

Қоршаған орта байлықтарын пайдалану құқығы заңдарда жан-жақты қарастырылған. Онда табиғи ресурстарды пайдалану оларды қорғаумен тығыз байланысты болғандықтан, табиғатты қорғау, соның ішінде табиғатты пайдаланушылардың оны қорғау міндеттері де қамтылады.

Бұл табиғатты қорғау заңдарының ғана емес, ол Қазақстан Республикасы Конституциясының да талабы. Онда «Қазақстан Республикасы азаматының құқығы мен бостандығының жүзеге асырылуын оның міндеттерінен ажыратып қарауға болмайды, бұл міндеттердің орындалуы жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін қажет»-деп көрсетіледі [1].

Ал табиғат қорғау заңында көрсетілген азаматтардың жалпы айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы және Қазақстан Республикасының өзге де табиғат қорғау, табиғи ресурстар жөніндегі заңдар талаптарын қатаң сақтау.

2) Еңбек қызметінде және тұрмыста табиғатқа және оның объектілеріне ұқыпты қарауды қамтамасыз ету.

3) Табиғат қорғау органдары мен қоғамдар қызметкерлерінің заңды талаптарын мүлтіксіз орындау.

4) Өзінің кінәсінен айналадағы табиғи ортаға келтірілген зиянды толық көлемінде өтеуге міндетті.

Табиғат ресурстарын пайдалану барысында оларды орынсыз, тиімді пайдаланбағандықтан оның принциптерін сақтамағандықтан, сапасын бұзғандықтан, улы, зиянды қалдықтармен ластағандықтан табиғи ортаның нашарлап, адамдардың денсаулығына және өміріне қауіпті жағдайлар тууы мүмкін. Сондықтан табиғат қорғау заңы табиғи ресурстарды пайдаланумен қатар адамның өмірі мен денсаулығына айналадағы табиғи ортаның ыңғайлы болуы құқығын экология құқығының объектісі деп санайды.

Қазақстан Республикасы үшін экологиялық проблемалар аса күрделі және өз шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекетіміздің өз даму сатысында жаңа тарихи кезеңге өтуі қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне теріс әсер етуші факторлар санының көбеюіне әкеп соқты. Олардың қатарына: елде болған экономикалық дағдарысқа байланысты экологиялық бағдарламалардың қаржыландыруын азайтуды, шетел фирмаларымен экологиялық ластандырушы өндіріс түрлерін салуды, Қазақстанның аумағына зиянды қалдықтарды әкелу, орналастыруды және т.б. жатқызамыз [2, 77б.].

Қоғам мен табиғаттың қатар өмір сүруі бір-біріне тығыз байланысты заңдылық. Айналадағы табиғи орта-адам өмірі мен денсаулығына қатысты әлеуметтік және экономикалық қажеттіктерді өтейді. Оның байлығын дұрыс пайдалана білсе, ол сарқылмайтын игілік көзі болмақ. Бірақ ол, қоғам мен мемлекет тарапынан әлемдік мәні бар жәйттерді ескере отырып, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік қатынастарды реттеуді талап етеді. Бұл ретте қоғам табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану, оның сапасын арттыру, жаңарту, табиғи ортаны бүгінгі және келешек ұрпақтардың мүддесі үшін қорғау шараларын жүзеге асыруды міндеттейді.

Қоршаған орта байлықтарын пайдалану адамның жаратылысқа келгелі бері жалғасып келе жатқан өмірдің, тіршіліктің негізгі материалдық және әлеуметтік негізі және ол үзілмейтін процесс.

Өкінішке орай, қазіргі қоғам, дамушы немесе қазіргі нарықтық заманда әлі күнге дейін табиғат байлықтарын үнеммен пайдалануды үйрене алған жоқ, арғы жағында күмәнсіз өзін-өзі біртіндеп жою басталатын белгілі бір шектен шығуға мүмкіндік бермейтін моральдық және материалдық шараларды да қолдана алмай жүр. Қоршаған орта байлықтарын пайдаланудың экономикалық проблемалары, сөз жоқ өте күрделі және жеткілікті түрде айқындалмаған.

Қоршаған орта байлықтары бізсіз өмір сүре алады, ал біз одан тыс өмір сүре алмаймыз, осы қарапайым шындықты түсінетін уақыт әлдеқашан жетті. Қоғамда қалыптасқан көзқарастарға сүйенсек, табиғатты қорғау мәселелесі әлі күнге тек айып салу мен оны күзету деңгейінен аса алмай келеді. Алайда мұндай іс жүргізудің тиімсіздігі бұрыннан және бәріне аян. Бұл шара арқылы біреулерді үрейлендіру

мен азын-аулақ ақша өндіріп алудан басқа ешқандай табиғатты қорғай алу әдісіне қол жеткізе алмаймыз. Түрлі аймақтардағы қоршаған орта жағдайларының салыстырмалы құндылығын ескеретін объективтік экономикалық көрсеткіштер, бұған дейінгі ұрпақтардың атқарған жұмыстары мен жұмсаған шығындарының қорытындылары, ресурстарды пайдаланудың, олардың сапасына, орналасу тереңдігіне және барланған қорына байланысты ыңғайластырылған төлем жүйесін жасау мен өндіру әлі күнге қолданылмай келеді.

Қоғамның қай азаматы болмасын қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау пікірімен келісіп келеді. Алайда бұл дұрыс экологиялық көзқарас материалдық игілікті өндіру және қажетке жарату туралы сөз болғанда ұмытылып келеді. Осы қарама-қайшылықтардан шығатын дұрыс жол таба алмаған қоғам мен адамдар табиғат мүдделерін аяққа басып, оны құрбандыққа шалуда. Әрине басқалардың келеңсіз тәжірибесі мен қоршаған ортаны бүлдірудің жалпылама сипатына сілтеме жасау-сөзсіз жұбаныш. Дегенмен гүлдеп тұрған алаңқайдың-бүлінген жерге, әдемі көлдің-шіріп бара жатқан батпаққа, шұрайлы шалғындар мен жайылымдардың-сусылдақ құмға айналуының жеке адам немесе адамдар тобының әрекеті екені түсінікті.

Қазақстан Республикасының Конституциясында табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік арқылы пайдалану, оны қорғау, оны басқару табиғат туралы заңның бастамасы болды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды өзінің мақсаты етіп қойды.

Қоршаған орта байлықтарын пайдалану-қоғам мен табиғат арасындағы негізгі қатынастар. Онда қоғам мүшелері-адамдар өздерінің экологиялық, экономикалық, мәдени-сауықтыру, эстетикалық қажеттіктерін өтеу үшін табиғат объектілерін белгіленген тәртіп бойынша пайдаланады.

Табиғи ресурстарды пайдалану құқығын мақсатына қарай екіге бөлуге болады. Біріншісі-табиғи ресурстарды экономикалық, экологиялық сауықтыру, өнегелі-эстетикалық қажеттіктер үшін пайдалану құқығы. Екіншісі-табиғи ресурстарды адам өмірі мен денсаулығы үшін пайдалану құқығы.

Бірінші топтағы табиғи ресурстарды пайдалану құқығы табиғи қорлардың белгілі бір түрін немесе түрлерін заңдарда көрсетілген мақсаттарға тиімді пайдалануды және оларды қорғауды көздейді.

Екінші топтағы табиғи ресурстарды пайдалану құқығы атмосфералық ауаның тазалығын, климатқа, жерге, орманға, суға, тағы басқа табиғат объектілеріне табиғи немесе жасанды апаттың болмауын талап етеді.

Бұл ерекшеліктер табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғаудың экологиялық қатынастарын реттеу кезінде қолданылады. Табиғи ресурстарды пайдалану табиғатты жалпы және арнайы пайдалану

тәртібімен жүзеге асырылады. Табиғатты жалпы пайдалану-бұл адамның күнделікті өмірі мен денсаулығы, мәдени-эстетикалық қажеттіктерін табиғат объектілері есебінен тегін қанағаттандыру [3, 30б.].

Табиғатты жалпы пайдалану үшін табиғи ресурстар жекелеген азаматтарға бекітіліп берілмейді. Кейбір реттерде арнайы уәкілдік берілген органдар мен жергілікті өкілетті органдар табиғатты жалпы пайдаланудың өзге шарттарын төлеп қанағаттандырады. Табиғатты арнайы пайдалану-бұл табиғатты, оның қорын пайдаланушылардың әлеуметтік және экономикалық мұқтаждықтарын табиғи қорлар есебінен ақы төлеп қанағаттандыру. Қоршаған орта байлықтарына-жер қорлары, су қорлары, орман қорлары, жер қойнауларының кен байлықтары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жеке түрлері жатады. Аталған қорлардың және басқа табиғи объектілердің кез-келген түрін иелену немесе пайдалану объектісі бола алмайды. Сондықтан табиғи ресурстардың заңда көрсетілген түрі ғана иемдену немесе пайдалану объектісі бола алады [4, 25б.].

Қазақстан Республикасының Ата заңына сәйкес қоршаған орта байлықтары ерекше қорғалуға тиіс. Бұл саладағы экономикалық қатынастар табиғи ресурстарды пайдалануға, оларды молайтуға немесе жаңғыртуға және сақтауға тиісті қатынастармен тығыз байланысты жұмыс жасауда. Осыған орай зерттеу жұмысының негізгі құндылығы айналадағы табиғи ортаның, ондағы табиғи ресурстардың құқықтық жағдайларын кешенді түрде қарауында болып отыр.

Қазақстан Республикасы табиғат қорғау заңдарын оқып-білу, аталған табиғи байлықтарды заңға сәйкес дұрыс, тиімді пайдалану, оларды жаңғырту немесе қалпына келтіру, сақтау және қорғау заңгерлерге ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды құқықтары мен міндеттері болып саналады.

Егемендік алған аз уақыттың ішінде Республикада осындай шараларды жүзеге асыру үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Айналадағы табиғи ортаны қорғау, жер, жер қойнауы және мемориалдық шикізатты ұқсату, су, орман кодекстері, жануарлар дүниесін қорғау, оның өсімін молайту және пайдалану туралы заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың Қаулысына енгізілген Конституция нормасы мен мазмұнын түсіндіру тек осы ережені қолданатын барлық заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады. Бұл конституциялық бақылау органына тән құқық шығармашылық қызметтің ерекше түрі, өйткені, түсіндіру арқылы олар мемлекеттің қолданыстағы ережелерінің жиынтығын өзгерте алады. Алайда, биліктің бөліну қағидасына сүйене отырып, Конституциялық Сот конституциялық заң шығарушының өкілеттіктеріне кедергі жасай алмайды және сәйкесінше Конституцияның кейбір баптарының сәйкестігін тексеруге, биліктің әр түрлі салаларының конституциялық өкілеттіктерінің мазмұнын түсіндіру арқылы өзгертуге құқылы емес. Мұндай жағдайларда Конституциялық Соттың өзін-өзі шектеуі жоғары мемлекеттік билік органдары арасындағы конституциялық тепе теңдікті қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылады.

Конституциялық Соттың негізгі функцияларының бірі нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын бақылау болып табылады.

Нормативтік актілерге олардың жіктемелік негізіне қарай конституциялық бақылау жүргізудің бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады:

Тексеру пәні бойынша: формальды, материалды; тексеру сәті бойынша: алдын ала, кейінгі; нақты іспен байланысы бойынша: абстрактілі, нақты [3,52б.]. Кейінгі бақылауға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының 78-бабына сәйкес соттар (егер, қолданылатын заң Конституцияда бекітілген азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе, судья өндіріс бойынша істі уақытша тоқтатуға міндетті және Конституциялық Сотқа жүгіне алады) оны жүзеге асыра алады. Соттардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретінін нормативтік құқықтық актілерді конституцияға сәйкес емес деп тану үшін Конституциялық Сотқа жасаған ұсыныстар өздерінің көлемі бойынша барлық өтініштердің шамамен үштен бірін құрайды.

Алайда олардың абсолютті сандары жеткіліксіз болып көрінеді, өйткені Конституцияға толығымен сәйкес келмейтін атқарушы билік органдары шығарған актілердің арасында әлі де көп нормалар бар болғандықтан Қазақстан заңнамасының нақты жағдайын көрсетпейді.

Конституциялық бақылаудың әрбір түрі, әрине, өз сипаттамаларына ие, алайда біз үшін жалпы нәтиже маңызды: Конституциялық Сот актілердің нормаларын Конституция нормаларына сәйкестігі туралы зерттеу жүргізеді, егер қайшылық табылса тексерілетін акт заңды күшінен айрылады.

Актіні конституциялық емес деп тану нәтижесіндегі конституциялық бақылау органы шешімінің салдары болып мемлекеттің құқықтық нормаларының жүйесіндегі сөзсіз өзгерісі табылады. Заң шығарушылық жаңа нормаларды жасаудан көрінетіндіктен Конституциялық Сот осындай қызметті жүзеге асыру кезінде (құқықтық актілердің конституциялылығын бақылау) өзінше бір заң шығарушы болып табылып отыр. Конституциялық Соттың заң шығару процесіндегі осы ерекше рөлін «жағымсыз» деп атауға болады, өйткені ол құқыққа осы саладағы қызмет шеңберінде тек нормаларды жою арқылы әсер етеді [4, 5 б.].

Осы көзқарастың қарсыластары Конституцияға сәйкес келмейтін нормалардың априори жарамсыз деп танылғаны жөніндегі тезисті ұсынады; алайда, егер бұл акт дау тудырмаса және жарамсыз деп танылмаса, онда қамтылған барлық нормалар «өміршең» және мемлекет құқығының бір бөлігін құрайды. Конституциялық бақылау органдары заң шығару органдары сияқты нормалардың әрекетін тоқтатын, мемлекет құқығын өзгерте алады. Мұндай заң шығару функциясы билік бөлу теориясының логикалық салдары болып табылмайды (заң шығару функцияларын негізінен өкілетті органға тиесілі). Бұл функция іс жүзінде Конституциялық Сотта нормативтік актінің нормалары мен Конституция нормалары арасындағы сәйкессіздікті анықтаған кезде міндетті түрде шешімдер қабылдау құқығын жүзеге асыру процесінде қалыптасқан.

Құқықта белгілі бір кемшіліктер табылған жағдайда Конституциялық Соттың заң шығару процесіне қатысу әрекетінің үш нұсқасы бар және олардың кез-келгенін пайдалана алады.

- Конституциялық Сот Конституцияны түсіндіреді және түсіндіру арқылы Конституцияда белгіленген заң шығарушының еркі бойынша кемшілікті толықтырады;

- «Қайта құрушылық бастама» құқығын пайдалануы мүмкін, яғни, іс жүзінде заңнамалық ұсыныс жасау. Конституциялық Сот заң шығару бастамасы құқығының субъектісі болып табылмаса да, оны жанама түрде пайдалана алады, мысалы, елдегі конституциялық заңдылық режимі туралы Парламентке Жолдауында құқықтағы кемшіліктерді атай алады.

Мысалы, Конституциялық Соттың қаулысын шығару арқылы шешу қажет болатын мәселе қатарына, заңдарға, соның ішінде конституциялық заңдарға түсіндірме беретін субъектіні анықтау мәселесін жатқызуға болады.

Конституциялық бақылау органдарының жоғарыда аталған мүмкіндіктері оларға «Конституция сақшысы» деген ерекше мәртебесі негізінде заң шығару процесіне қатысу құқығын береді және басқа мемлекеттік органдардың құқықтарын еш кемітпейді. Конституциялық бақылау органының заң шығарушылық қызметіне қатысуының сипатталған жолдары Конституциялық Соттың

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығын қалыптастырудағы белсенді ролі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Мәми Қ. Конституциялық бақылау: Сабақтастық және даму // Егемен Қазақстан. - 2023. - 1 қаңтар (№ 1). - 3 б.

2. Ибраева А.К., Утегенов Ч.К. Еуропалық тәжірибе контекстіндегі Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылауды ұйымдастыру // Ғылым. - 2023. - № 4 (79). - 78-85 б.

3. Темербекова А. А. Конституционный контроль в Казахстане: функции и виды // Правовая реформа в Казахстане. - 2012. - № 2(58). - С. 52-54.

4. Ахмади М., Жұмағали А. Конституциялық сот- құқық қорғаудың әрі тетігі, әрі кепілі // Егемен Қазақстан. - 2023. - 28 тамыз (№ 162). - 5 б.

УДК 006:656 ББК 30:39

Метрологиядағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары мен стратегиясы және ғылым ретінде даму жолдарын айқындау

Қодар Е.Т., т.ғ.к, доцент,
Тұрақбай И.Т., ОПД-24/3 оқу тобы,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

Национальная политика страны в области метрологии защита государства и общества вследствие отрицательных результатов измерений, обеспечивающих стратегический национальный приоритет. Основными вопросами этой национальной политики является создание системы измерений, обеспечивающей единство измерений в гармонии с рыночными экономическими принципами, международными правилами и нормами.

Abstract

The country's national policy in the field of metrology is the protection of the state and society due to negative measurement results, ensuring a strategic national priority. The main issues of this national policy are the creation of a measurement system that ensures uniformity of measurements in harmony with market economic principles, international rules and regulations.

Қазақстан Республикасының метрология саласындағы ұлттық саясатының негізі, ол - метрологиядағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын, келешектегі мақсаты мен мәселелерін, стратегиясын, өлшем бірлігін қамтамасыз ететін метрологияның ғылым ретінде

дамуын анықтау және оларды жүзеге асырудағы басты бағыттарын, жолдарын айқындау.

Еліміздің қазіргі кездегі метрология саласындағы ұлттық саясаты мемлекет пен қоғамды, стратегиялық ұлттық басымдықты қамтамасыз ететін өлшемнің теріс нәтижелері салдарынан қорғау. Бұл ұлттық саясатының негізгі мәселелері нарықтық экономикалық принциптерге, халықаралық ережелер мен нормаларға үйлесе негізделіп өлшем бірлігін қамтамасыз ететін өлшем жүйесін құру. Қазақстан өлшем жүйесі өлшеуіш техникаларды, метрология мен өлшем ақпараттарының тұтынушыларын қамтиды. Бұл жүйенің өзегі Өлшем бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе/3/.

Дүние жүзілік елдеріндегідей Қазақстанда өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті басқару заңды тәртіппен мемлекеттік деңгейде жүргізілуде.

Бүкіл әлемдік қауымдастық елдердің өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ұлттық заңдылықты жақындастыру үшін біржақтылық ғаламдастандыру мен халықаралық интеграцияны ескеріп, халықаралық, үкіметаралық метрологиялық ұйымдармен бірлесе Ғаламдық өлшем жүйесін құру мәселелерін қою қажет болды. Сондықтан өлшем жүйесін әрі қарай әлемдік өлшем жүйесінің Қазақстандағы бөлігі ретінде дамыту маңызды іс.

Өлшеу мен сынау нәтижелерін өзара тану үшін өлшем бірлігін әлем деңгейінде қамтамасыз ету оңды, олай етпеген күнде саудада техникалық кедергілер табыла береді, бұл Бүкіләлемдік сауда ұйымының принциптеріне қайшы келеді. Халықаралық заңдық метрология ұйымы, Мемлекетаралық кеңес, Мемлекеттік метрологиялық мекемелердің Еуразиялық ара қатынасы және басқа да халықаралық, аймақтық ұйымдардың жұмыстарына Қазақстанның араласа қатысуы, оларда пайда болған бағыттарды ескеріп, қабылданатын жалпы шешімдерге әсерін тигізуге мүмкіндік береді.

Метрологияға қатысты ұлттық саясаттың стратегиясы билік және республикалық атқарушы мекемелер мен Қазақстан өлшем жүйесінің субъектілері күштерін заңмен реттеу жолында да және қажетті көрсеткіштерге аз мөлшерлі ресурспен жететін бағыттағы реттелмейтін салаларда да, олардың күштерін шоғырландыруы абзал.

Метрологияның заң шығару саласында да төмендегідей айқын тенденциялар байқалуда:

1. Өндірісте және басқа да қоғамдық қызметтер аясындағы техникалық мәселелердің кейбір басқару бөлімдерін тәуелсіз тұлғаларға, сонымен бірге қоғамдық ұйымдарға беріп, топтастыру, мониторинг, бақылау мен қадағалауды мемлекеттік функцияға қалдырып, мемлекеттік ықпалды азайту;

2. Соңғы жылдары Қазақстанда көптеген заңдар, ережелер, адам қызметі саласындағы нормалар қабылданды, оларды тура және тиімді қолдану өлшем нәтижелерінің айқындығын талап етеді. Сонымен

бірге көптеген елдер мемлекеттік реттеудің әсерін азайтып, әкімшілік түрдегі реттеуді азайтуға едәуір күштерін салуда;

3.Елдер арасында өлшеу мен сынаудың нәтижелерін өзара тану принциптерін дамыту, сәйкестікті бағалау жөніндегі ұлттық мекемелердің жұмыс көлемін қысқартуға әкеп соғады. Бұл халықаралық техникалық мекемелер торабының рөлін жоғарылатады.

4.Қазіргі ақпараттық технологияны ендіру, ақпаратты беру, тіркеу және деректік базадан алынып тасталған өлшем нәтижелерін өңдеу сияқты қызметтерді қашықтан жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұлтымыздың деңгейінде метрологиялық қызметтің стратегиялық мәселерін шешудегі негізгі бағыттарда заңнамалар шығаруға негізінен атқарушы және бақылау мен қадағалау жатады.

Заң шығарудағы бағыт – метрология жөніндегі қызметтер және оған сәйкес дайындалған Қазақстан Республикасының заңдары мен Үкімет қаулылары, актілері және заңдық метрологияның нормативтік базаларының дамуы.

Атқарушы бағыт – Мемлекеттік метрологиялық қызмет, заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері, метрологиялық қамтамасыз етудегі іргелі және қолданбалы сынақтар жүргізуден тұратын Қазақстан Республикасының метрологиялық қызмет жұмыстарының қамтамасыз болуы.

Бақылау – қадағалаудағы бағыт – белгіленген метрологиялық ережелер мен нормаларды (өлшем құралдарының түрін бекіту, салыстырып тексеру, өлшем құралдарының күйі мен оларды дұрыс пайдалану, аттестатталған өлшемдерді орындау әдістемелері т.б.) сақтау мақсатында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу, осы мақсатта Қазақстан Республикасы әділет, сот арбитраждық сот мемлекеттік басқару мекемелерімен өзара байланысып тұруы.

Атқарушы қызметтің негізі Қазақстан Республикасының метрологиялық қызметін құрайтын Мемлекеттік метрологиялық қызметтің, мемлекеттік басқару мекемелердің, жеке және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің, уақыт және жиілік, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерінен, заттар мен материалдардың физикалық тұрақты шамалары мен қасиеттері туралы стандарттың анықтама – деректері мемлекеттік қызметтердің, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік қызметтердің жұмыс істеп тұруы болады.

Атқарушы бағытта іргелі және қолданбалы метрология Қазақстан Республикасының ғылымы мен технологиясы және техникалары дамуының басымдық бағыттарымен тығыз байланысты, оларға:

- ақпарат – телеқатынастық технология мен электроника;
- космостық технология;
- жаңа материалдар мен химиялық технология;
- өндірістік технология;

- нақты жүйелердің технологиясы;
- отын мен энергетика;
- көлік;
- экология және табиғатты тиімді пайдалану, сонымен қатар республикалық, аймақтық және салалық деңгейдегі дағдарыстық технологиялар жатады.

Еліміздің метрологиялық инфрақұрылымын құрайтын Мемстандарттың «Қазақстан метрология институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен салыстырып тексеру құқығына аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерін жетілдіру талап етіледі.

Бақылау – қадағалау бағыттағы мемлекеттік метрологиялық бақылау және қадағалаудағы форма мен әдістерді жетілдіру ғана емес, сонымен бірге заңды тұлғалармен жүргізілетін метрологиялық қызметтердің де формасы мен әдістерін жетілдіру көзделуде.

Қазақстан ұлттық стратегиялық басымдықтарын қамтамасыз етудегі техникалық саясатты іске асыру үшін бірқатар, мынадай төмендегі:

- халық өмірінің сапасын арттыру саласында экологияның, денсаулықты сақтау, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын, еңбек қауіпсіздігі мен қызмет көрсету;

- экономиканың даму саласында шикізат пен отын-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану, сапалы және бәсекеге жарамды өнімдерді шығару, сауда мәселелерін шешумен қатар;

- елді қорғау мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің метрологиялық қызметі, еліміздегі қауіпсіздіктің барлық түрін, онымен бірге ақпараттық қауіпсіздік, электромагниттік ұқсастық қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуді метрологиялық қолдау болуда.

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне негізделген қазақстандық өлшем жүйесін онан әрі дамыту үшін:

- техникалық регламентті ескеріп, өлшеуіш техника мен құралдар шығаруды дамытудың басымдықтарын анықтау;

- мемлекеттік метрологиялық бақылау мен қадағалау мәселелерін қамтитын метрологиялық қызметтің мемлекеттік жүйесін жетілдіру;

- Қазақстанда жеке және заңды тұлғалар мекемелерінің метрологиялық қызметін қамтитын метрологиялық инфрақұрылымды оңтайландыру;

- әлемдік өлшем жүйесіне (Қазақстанның метрология жөніндегі үкіметаралық халықаралық ұйымдарға қатысу жолымен) Қазақстан өлшем жүйесінің үйлесімді кіруінің шарттарын қамтамасыз ету жолдарын түпкілікті шешуді қарастырған жөн.

Қазақстан өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарына жататындар:

- еліміздің эталондық базасын оздыра дамыту, жетілдіру және оңтайландыру;
- өлшемқұралдарының әдістерін, отандық құралдар шығаруды дамыту мен жетілдіру;
- нормативтік базаларды (заңдар мен қаулыларға, стандарттардың техникалық тәртібін белгілеуге және басқа да ғылыми техникалық құжаттарға өзгерістер енгізу) жетілдіру;
- халықаралық жұмыстарға, сонымен бірге шама бірліктерінің эталондарын салыстыруға Қазақстанның қатысуын тиімді ұйымдастыру [1].

Метрологиялық қамтамасыз етудің ғылыми негізін қалаумен өлшеу туралы ғылым – метрология шұғылданады. Ал оның ұйымдастырылуымен Қазақстан Республикасының метрологиялық қызметі айналысады.

Техникалық құралдар бірнеше жүйелерден тұрады, оның ішінде: эталондардан, жұмыс өлшеу құралдарына өлшем бірліктерін көшіру эталондарынан, стандартты үлгі қалыптардан, стандарттың анықтамалықтардан және де сол сияқтылардан. Метрологиялық қамтамасыз етудегі біркелкі өлшеудің ережелері мен нормалары Қазақстан Республикасының «Біркелкі өлшеумен қамтамасыз ету туралы» заңына және біркелкі өлшеумен қамтамасыз етудің Мемлекеттік жүйесінің нормалық құжаттарына енгізілген.

Біркелкі өлшеуді қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау заң тұрғысында құқықтары мен міндеттерді айқындалған мемлекеттік инспекторлар жүзеге асырады.

Метрологиялық қамтамасыз етудің ұйымдастыру негіздері:

Метрологиялық қызмет ету - біркелкі өлшеуді қамтамасыз етуге бағытталған, жұмыс түрлері мен қызметтердің субъективтік жиынтығы. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының метрологиялық қызмет етуі Мемлекеттік метрологиялық қызмет етуден, сондай-ақ, заңды тұлғалар мен мемлекеттік басқару органдарының метрологиялық қызмет етулерінен тұрады. Бұл қызметтердің тиімділігінің артуы бүкіл метрологиялық қызмет көрсетуге ҚР Мемстандарты жетекшілік жасап отырғандығынан ғана емес, сондай-ақ, біркелкі өлшеудің жалпы негізгі мақсаттарының, нормативтік құжатта айқындалғандай Қазақстан Республикасы территориясында міндетті күшінің қатаң сақталуында болып отыр [2].

Мемлекеттік басқару органдары мен құқықтық тұлғалардың метрологиялық қызмет етуі біркелкі өлшеумен қамтамасыз ету жұмыстарын атқару мен метрологиялық қамтамасыз етудің деңгейін көтеру үшін арналған. Метрологиялық қызмет етудің кейбір функцияларын басқа да структуралық бөлімшелерге міндеттеуге де болады. Мемлекеттік басқару органдары мен құқықтық тұлғалардың метрологиялық қызмет етуі өзінің атқаратын қызметтерін «Біркелкі өлшеумен қамтамасыз ету» туралы ҚР заңының ережелері және басқа

да метрологиялық сұрақтарды реттейтін нормативтік заң және шығарудағы құжаттардың негізінде ұйымдастырады.

Мемлекеттік басқару қызметінің метрологиялық қызмет етуі осы мекеменің жетекшілігінің бұйрығымен құрылған келесі жүйелерден тұрады: орталық аппараттағы бас метрология қызметі, саладағы метрологиялық қызмет етудің бас және базалық ұйымдары, кәсіпорнының метрологиялық қызмет етуі.

Қорыта айтқанда, еліміздің метрологиялық инфрақұрылымы және оның әлемдік өлшем жүйелеріне қатысуы, Қазақстан Республикасының ғылымы мен технологиясы және техникасының дамуы басымдық нысанаға бағытталуы абзал.

Әдебиет

1. Адамбаев Р.С. Метрология және метрологиялық қамтамасыз ету: оқу құралы / Р. Адамбаев.-Алматы: ҚазҰТУ, 2014.

2. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау, сертификаттау негіздері және техникалық өлшеулер. Сапа менеджменті. М.Самсаев, И. Самсаев, Б. Жүнісбаев, ж.б.-Алматы: Бастау, 2010. 262 б.

3. Қодар Е.Т., Мүсілімова Н.М. Стандарттау, сертификаттау және техникалық өлшеулер негіздері: Оқулық. – Қызылорда, «Тұмар», 2020.-188 б.

4. Қодар Е.Т. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау және техникалық өлшеулер: оқу құралы. – Қызылорда, ҚМУ ақпараттық есептеу орталығы, 2020. – 62 б.

5. Нурманов М.Ш. Метрология, стандарттау және сертификаттау: оқу құралы / М.Ш. Нурманов, А.Т. Құрманов. – Алматы: Эверо, 2009.–116 б.

УДК 666.972.125

Сапасыз саздардан және өндірістік қалдықтардан жасанды кеукті толықтырғыштар өндіру технологиясының негіздері

Ембергенов Мұратбек Әбдікәрімұлы
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Бек Сұлтан С-22-1 топ студенті
Қызылорда «Болашақ» Университеті
Қызылорда қаласы

Резюме

Рассмотрены вопросы создания физико - химических основ технологии производства искусственного пористого наполнителя-аглопорита, который присоединяется к теплоизолирующему бетону с добавлением нефтебитумных пород из некачественных глинистых пород, золы ТЭЦ и эмульсии из этих пород. В результате исследований показано, что можно получить аглопорит по ГОСТу,

соответствующий марке 600.

Abstract

The issues of developing the physico - chemical foundations of the technology for the production of artificial porous filler-agglomerite, which is added to heat-absorbing concrete by adding Petroleum bituminous rocks from low-quality clay rocks, CHP ash and emulsion from these rocks are considered. As a result of the research, it was shown that it is possible to obtain Agglomerite according to Gost, which corresponds to the 600 mark.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың шешуші шарты жеңіл кеуекті толтырғыштарды өндіру үшін жергілікті шикізатты зерттеу қажеттілігі болып табылады. Өкінішке орай, Қызылорда облысында және жалпы республикада табиғи текті кеуекті толтырғыштар (туфтар, опокалар, ұлу жыныстары және т.б.) өте аз. Сонымен қатар жасанды кеуекті толтырғыштарды, атап айтқанда аглопорит өндіруге арналған шикізаттың мол қоры бар.

Аглопориттің шикізат базасын жылу электр станцияларының күлі мен қожын, құрамында көмірі бар шахталық жыныстарды, көмір дайындаудан, мұнай тақтатастарын өндіруден және өңдеуден алынған қалдықтарды пайдалану арқылы кеңейтуге болады.

М.Элинзон ұсынған классификация бойынша аглопорит алу үшін қолданылатын шикізаттың барлық түрлерін үш топқа бөлуге болады: біріншісіне құрғақ, тығыз немесе түйіршікті шикізаттар – (отын шлактары, тақтатас шахтасы немесе сазды жыныстар); екіншісі – табиғи немесе жоғары ылғалдылықтағы борпылдақ жыныстар (шахталық сазды жыныстар, саздар, саздақтар, құмды саздар); үшінші – құрғақ шанды материалдар (негізінен ЖЭС күлі) [2].

Агломерацияға арналған шихтаны екі жолмен дайындайды: құрғақ (бірінші топтағы шикізат) және дымқыл, содан кейін түйіршіктеу (екінші және үшінші топтағы шикізат). Аглопорит өндіру технологияларының дамуын М.П.Элинзон, В.Н. Бурмистров, С.Г. Васильков, Х.Р. Гринштейн, Е.Ф. Вегман, С.М. Ицкович, М.К. Петров, Л.Н. Попов, Г.И.Книгина, В.К.Бишімбаев, Ж.Т.Сүлейменов, Р.И.Ходская, Ф.М.Шухотович, С.В. Базилевич [3-13] және т.б зерттеген., бірақ олар Қазақстан Республикасы мен Орта Азияда әлі де кең тараған жоқ.

Аглопорит алу үшін олар ұсынатын технология нұсқалары еліміздің барлық дерлік аймақтарында қолданылады және керамзит өндіруге арналған шикізатпен салыстырғанда шикізатқа аз талап етеді. Қазіргі уақытта аглопорит алу үшін сазды жыныстар басым қолданылады. Шикізаттың құрамына байланысты аглопориттің әртүрлі маркаларын алуға болады.

Ісінгіш саздар аглопорит өндіруге жарамсыз, өйткені олар ісінген кезде түйіршік аралық қуыстар толып, олар арқылы жану аймағына ауа ағыны тоқтайды, нәтижесінде жану процесі өшеді -

«жану бұзылысы» пайда болады. Әртүрлі типтегі кеуекті толтырғыштарды (аглопорит, керамзит, пемза және т.б.) өндірудегі негізгі технологиялық операция шикізатты термиялық өңдеу (күйдіру) болып табылады. Алынған өнімдердің қасиеттері термиялық өңдеу әдісіне және осы мақсатта қолданылатын күйдіру құрылғыларына байланысты.

Аглопорит технологиясының даму проблемасы бойынша әдебиеттерді талдау оның зерттеу сатысында екенін және кеңінен енгізілмегенін және шихта құрамындағы көмірдің қарқынды жануы кезінде шикізаттың агломерациялануы және ішінара балқуы болатынын көрсетті. шихтаның негізгі компоненттерінің бірі отын қоспалары болып табылады, оның ішінде кокс, көмір, үгінділер, көмір өңдеу қалдықтары, күл және т.б. пайдалану ұсынылады. Шикізат ретінде қожды, күлді және көмірі бар жыныстарды пайдаланған кезде олардың құрамындағы көмірдің мөлшері термиялық процестің жүруі үшін жеткілікті болуы мүмкін. Егер ол жетіспесе, шихтаға көмірдің қосымша мөлшері енгізіледі, ал артық болса, сазды шикізаттың қосымша мөлшері қосылады. Бұл ретте құрамында отын бар шикізат көздері болмаған жағдайда аглопорит алу жолдарының бірі МБЖ қолдану болуы мүмкін. Қазақстанның мұнай битуминозды жыныстары құрамында отын құрамдас бөлігі бар және аглопорит өндіру үшін отын бар шикізат базасы болып табылады.

Осыған байланысты аглопорит өндіруге мұнайлы-битумды жыныстарды кеңінен тарту бойынша зерттеулер жүргізу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Бұл мәселені шешу Қазақстандағы құрылыс саласының дамуын айтарлықтай жеделдетеді.

Бұл жұмыстың мақсаты жергілікті сазды шикізатты, жылу электр станцияларының қалдықтарын және мұнай-битумды жыныстарды пайдалана отырып, жоғары сапалы кеуекті агрегат-аглопорит алудың ғылыми негізделген технологиясының физика-химиялық негіздерін жасау болды.

Бұл жұмыста 21216.0-81 + 21216.12-81 МемСТ-тарда белгіленген стандартты зерттеу әдістері қолданылды; және физика-химиялық талдау әдістері; химиялық, оптикалық және электронды микроскопия, радиографиялық және дифференциалды термиялық.

Пайдаланылған шикізаттар: Қызылорда кен орнының саздақтары, Мұнайлы-Мола кен орнының мұнайлы-битумды жыныстары, МБЖ эмульсиясы, Қызылорда ЖЭО-інің күлі, сипаттамалары төменде келтірілген.

Қызылорда кен орнының сазы отқа төзімді қасиеттері бойынша оңай балқитындарға, Fe_2O_3 мөлшері бойынша бояғыш оксидтері көп саз балшықтарына жатады, Al_2O_3 мөлшері бойынша саз балшықтарына жатады. қышқылды шикізат.

Гранулометриялық құрамы бойынша саздақтар дәрежі, орташа пластикалық шикізатқа жатады. Ірі түйіршікті қосындылар (0,5 мм) негізінен гипспен, саздақтардың лайлы үлесі (0,1-0,01 мм) кварцпен – 19,79 – 43,02%, дала шпаттары – 10,38-28,16 %, тау жыныстары – 10,38-28,16 % және тау жыныстары сынықтары – 66,22% саздақтармен берілген. аз мөлшерде минералдардың басқа топтары. Саздың химиялық құрамы келесідей: pp-16,33, SiO₂ -44,86, Al₂O₃-12,20, Fe₂O₃-4,6, CaO-13,70, MgO-2,93, SO₃-0,8 , TiO-0,56, -1,06, -2,41.

МБЖ минералды бөлігі келесі химиялық құрамға ие: SiO₂-86,71%, Al₂O₃-5,73%, Fe₂O₃+FeO-0,97%, CaO-0,45%, TiO₂-0,34%, SO₃-0,1%, Na₂O-1,1%, K₂O- 2,71%, б.б.-1,42%. Мұнайлы-Мола кен орындарының МБЖ органикалық бөлігінің физикалық-техникалық қасиеттері төмендегідей берілген: Саңылаулары бар стандартты вискозиметр бойынша тұтқырлық. 5 мм, 60⁰С - (232-236) сек; Иненің ену тереңдігі 25⁰С, мм-толқ; «Сақина мен шар» үшін жұмсарту температурасы, 200С; Созылғыштығы 25⁰С, мм-17,5. Битумның жоғары ену жылдамдығы мұнай:асфальтендер қатынасымен түсіндіріледі. МБЖ битумының созылу беріктігі салыстырмалы түрде төмен, бұл шайырдың әртүрлі болуымен түсіндіріледі, олардың мөлшері неғұрлым жоғары болса, соғұрлым созылу беріктігі жоғары болады және керісінше. Алынған МБЖ эмульсиясы баяу ыдырайды, суға төзімділік сынақтарына төтеп береді және қабаттаспайды. № 014 електе қалдықпен сақтаған кезде эмульсияның тұрақтылығы 7 күннен кейін 0,8-ден және 30 күннен кейін 1,2-ден аспайды, ал цементпен араластырғанда эмульсияның ыдырау жылдамдығы 10 минуттан жоғары.

Қызылорда ЖЭО күлі табиғи түрінде қара түйіршікті материал болып табылады және келесі қасиеттерімен сипатталады: тығыздығы - 2,41 г/см³; меншікті бетінің ауданы – 2775 см²/г; көлемдік тығыздығы – 0,755 г/см³; көміртегі мөлшері - 5,5%. Балқулық сипаттамалары: деформацияның басталу температурасы 1205⁰С, балқу температурасы 1360⁰С және сұйық балқу күйінің температурасы 1375⁰С. Күлдің химиялық құрамы: pp-8,70, SiO₂-57,7, Al₂O₃-24,5, Fe₂O₃-4,10, CaO-1,10, MgO-1,0, SO₃-0,13, Na₂O-1,57.

Шикізат қоспаларында қосымша отын бар қоспа ретінде калориясы 4340-6610 ккал/кг Қарағанды көмірі пайдаланылды.

Шикізат қоспаларының құрамын зерттеу келесі құрамдар бойынша жүргізілді: саз-НБП-көмір, саз-көмір-эмульсия, күл-сазды-эмульсия.

Тәжірибе нәтижелері бойынша қоспалардың оңтайлы құрамдары анықталды: саздақ – МБЖ – көмір, оның физикалық-механикалық қасиеттері 2-кестеде көрсетілген.


Кесте 2. Оңтайлы құрамдардың физика-механикалық қасиеттері

Шикізат қоспасының құрамы (шығымы) Саз-МБЖ-көмір %	Көлемдік тығыздық кг/м ³ , фракциясы бойынша		Аглопорит маркасы, фракциясы бойынша		Беріктігі МПа, фракциясы бойынша		аглопорит массасының жоғалуы			
							Силикатты ыдырау фракциясы бойынша		темірлік ыдырауы фракциясы бойынша	
	5-10	10-20	5-10	10-20	5-10	10-20	5-10	10-20	5-10	10-20
6,0 : 20,0 : 4,0	783	693	800	700	2,08	1,52	3,1	4,5	4,2	2,3
66,0 : 30,0 : 4,0	700	642	700	650	1,86	1,48	3,6	2,7	2,9	2,6
56,0 : 40,0 : 4,0	760	686	800	700	1,79	1,69	4,1	2,1	5,3	3,5


Түйіршіктерді термиялық өңдеу зертханалық агломерациялық ыдыста келесі режим бойынша жүргізілді: шихтаның тұтануы кезінде қысым- 900 Па, ал агломерация кезінде- 2300 Па болды. Күйдіру қабатының қалыңдығы 20 см.

Саз-МБЖ-көмір құрамында шикізат құрамының зерттелетін ауданы сәйкесінше қабылданған: саздақ - 56-76%, МБЖ - 20-40%, көмір - 1-4%.

Зерттеудің келесі кезеңінде шикізат қоспаларында күйдіргіш қоспа ретінде МБЖ эмульсиясы қолданылды. Шихта құрамындағы МБЖ эмульсиясының оңтайлы құрамын таңдау ең кіші квадраттар әдісімен жүргізілді. Математикалық жоспарлау нәтижелері шикізат қоспаларының (саз-көмір-эмульсия) эксперименталды зерттеулерімен тексерілді: №1 – саздақ 92%, көмір 8%, №2 – 90 және 10%, №3 – 88 және 12%. тиісінше. Эмульсия құрамында қыздыру және агломерация аймағынан оңай шығарылатын ұшқыш заттардың айтарлықтай бөлігі бар екенін ескере отырып, оның 100% астамы қоспаға енгізілді. Шикізат қоспасындағы эмульсияның мөлшеріне байланысты аглопориттің орташа тығыздығының өзгеруі және технологиялық параметрлері 1, 2, 3-суреттерде көрсетілген. 1, 2, 3-суреттерде көрсетілген деректер эмульсияны енгізу көлемді азайтатынын көрсетеді. тығыздығын арттырады және аглопорит өндірудің технологиялық параметрлерін жақсартады. Өндіріс жағдайында агломерациялық тордың аудан бірлігінен өнім шығымының үлкен практикалық маңызы бар екенін ескере отырып, шихта құрамындағы эмульсияның оңтайлы құрамын анықтаушы параметрлердің бірі ретінде қондырғының өнімділігі алынды.




Қисықтардың белгіленуі: шихта құрамы %, 1) саз-92, көмір-8;
 2) саз-90, көмір-10; 3) саз-88, көмір-12.
 1-сурет. Енгізілген эмульсия мөлшеріне байланысты аглопорит шығымының өзгеруі



Қисықтардың белгіленуі: шихта құрамы %, 1) саз-92, көмір-8;
 2) саз-90, көмір-10; 3) сазды-88, көмір-12.

2-сурет. Енгізілген эмульсия мөлшеріне байланысты шартты өнімділіктің өзгеруі



Қисықтардың белгіленуі: шихта құрамы %, 1) саз-92, көмір-8;
 2) саз-90, көмір-10; 3) сазды-88, көмір-12.

3-сурет – Аглопориттің орташа тығыздығының енгізілген эмульсия мөлшеріне байланысты өзгеруі

Құрылғының максималды өнімділігін қамтамасыз ететін шихтадағы эмульсияның оңтайлы мөлшері технологиялық отынның мөлшеріне байланысты болды және көмір шығыны 12% және 8 және 10% көмір тұтыну кезінде 3% болған кезде 1,5% болды. Бұл ретте орнату өнімділігі 0,383, 0,381 және 0,401 м³/м²сағ құрады. тиісінше.

Келесі кезеңде аглопориттің шикізат қоспасындағы: күл-сазды-эмульсия технологиясын жасау бойынша зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері шихтаның ең жақсы түйіршіктілігі келесі құраммен қамтамасыз етілетінін көрсетті: күл – 80%, саздақ – 20% және концентрациясы 15% – 21,6% 100%-дан жоғары эмульсия. Бұл ретте шихтадағы 10 мм-ден аз фракция бөлшектерінің мөлшері 8,9% құрайды; фракциялар 10-20 мм - 59,5% және 20% -дан жоғары фракциялар -31,6%. Ұсақтау беріктігі 565 г/дән, ал соққының сыну күші 10,2. Оңтайлы құрамнан шикі түйіршіктердің температураға төзімділігі 470⁰С болды, бұл МемСТ стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Эмульсияның агломерация процесіне әсерін және күл аглопоритінің физика-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері 3-кестеде келтірілген.

Оңтайлы құрам келесі қоспа ретінде алынды: күл 80%, саздақ - 20%. Зерттеу нәтижелерін талдау судың орнына эмульсияны қолдану термиялық өңдеу процестерін жақсартатынын көрсетті. Сонымен, эмульсияны пайдаланған кезде кептіру аймағындағы температура 250⁰С, процестің ұзақтығы 4-5 минут болса, қоспаны сумен ылғалдаған кезде бұл көрсеткіштер 300⁰С және 5-7 минутты құрады тиісінше.

Зерттеу нәтижелері эмульсияның органикалық компоненттері түйіршіктерді термиялық өңдеудің барлық уақытында күйіп кететінін көрсетті, агломерация және кеуектер түзілу процестерін күшейтеді. Алынған аглопорит 600 маркаға сәйкес келеді және физикалық-механикалық қасиеттері бойынша МемСТ 9757-90 талаптарына сәйкес келеді.

Кесте 3. Күйдіру процесінің негізгі көрсеткіштері және күлдік аглопорит қасиеттері

Көрсеткіштер	Бірлік өлшемдер	Қоспалар	
		эмульсия	су
Күйдіру процесінің көрсеткіштері:			
Ылғалдылық	%	21,6	26,5
Кептіру температурасы	⁰ С	250	300
Кептіру уақыты	мин	4-5	5-7
Тік агломерация жылдамдығы	мм/мин	16,1	14,8
Шартты өнімділік	м ³ /м ² ·ч	0,50	0,39
Көлемдік тығыздық	кг/м ³	585	669
Сусіңіру	%	21	19

Цилиндрдегі қысу күші	МПа	1,8	2,3
Кеуектілік	%	58	49

Әдебиет

- 1.Роговой М.Т. Технология искусственных пористых заполнителей и керамики.- М.:Стройиздат,- 1974.-С.316.
- 2.Элинзон М.П. Производство искусственных пористых заполнителей.-М.: Стройиздат, 1967, 291 с.
- 3.Васильков С.Г., Элинзон М.П., Якуб И.А. и др. Аглопоритовый гравий из золы ТЭС и легкие бетоны на их основе.// Сб.Тр. ВНИИСтром 1970. №19(47).-с.19-21
- 4.Вегман Е.Ф. Теория и технология агломерации .- М.:Металлургия,1974-288с.
- 5.Ицкович С.М. Заполнители бетона.-Минск, 1983.-с.54-80
- 6.Книгина Б.И., Тацки Л.И. Производство и применение аглопорита.-М.: Metallургия ,1969.-115с.
- 7.Сулейменов Ж.Т., Косаев Б.Е. Эффективные теплоизоляционные материалы на основе отходов промышленности.// Сб. трудов Наука и технология-93. Шымкент: 1993, с.-95
8. Ходская Р.И., ПетровЛ.К. Роль гранулометрического состава угля в процессе агломерации глинистых пород.// Аглопорит и аглопоритобетон.- Труды НИИССМ БССР. Минск,1964.-с.53-63
9. Базилевич С.В., Вегман В.Р. Агломерация .-М.: Metallургия .-289с.
- 10.Элинзон М.П., Васильков С.Г., Попов В.В. Основы производства аглопорита.-М.: Госс Стройиздат, 1962-128 с.
11. Надиров Н.К. Нефтебитуминозные породы и перспективы их использование// Алматы: Наука, 1982.-С.5-10.
12. Алтаев Ш.А., Бишимбаев В.К.,Тумаков В.А.,Черний Г.М. О рациональном использовании битуминозных пород (киров) Западного Казахстана//Комплексное использование минерального 13. Бочаров В.С., Гончаров Л.Б. и др. Киры в дорожном строительстве. -М., 1980. - 135 с.

УДК 343.98:343.85

Криминалистика в борьбе с преступностью

Наурызбаев Б.А.

Кызылординский Университет «Болашак»

Түйіндеме

Мақала қылмыстың алдын алуды сот-медициналық қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруға арналған. Профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруды теориялық және практикалық негіздеуде сот сараптамасының басым рөлі көрсетілген. Құқық бұзушылықтың

алдын алу саласындағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына ретроспективті талдау жасалды. Қылмыстың алдын алуды криминалистикалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңестік және посткеңестік кезеңдегі ғылыми криминологтар мен процессуалистер көзқарастары берілген. Криминалистиканың профилактикалық рөлі бөлімдерге байланысты көрсетіледі: технология, тактика, әдістеме.

Abstract

The article is devoted to the consideration of issues of criminalistic provision of crime prevention. The dominant role of forensic science in the theoretical and practical justification of the organization of preventive activities is demonstrated. A retrospective analysis of criminal procedure legislation in the field of crime prevention has been carried out. The points of view of criminologists and processualists of the Soviet and post-Soviet periods on the issues of criminalistic provision of crime prevention are presented. The preventive role of criminology is shown depending on the sections: technique, tactics, methodology.

В нормативно-правовых документах, различных программах и стратегиях правового характера красной нитью проведены вопросы обеспечения правопорядка и законности, искоренения преступности, устранения всех причин ее порождающих. Огромное значение в работе правоохранительных органов имеет цель полного раскрытия всех преступлений и своевременное привлечение к ответственности виновных лиц. В решении поставленной цели огромная роль принадлежит криминалистике, призванной разрабатывать и внедрять научные методы обнаружения, фиксации, изъятия и исследования доказательств и использовать их при расследовании и предупреждении преступлений. Вооружая предварительное расследование новыми средствами и методами борьбы с преступностью, криминалистика способствует проведению следствия на научной основе.

Вопросы криминалистического обеспечения предупреждения преступлений длительный период времени поднимались различными учеными. В одной из своих первых работ, изданной в начале XX века, основатель отечественной криминалистики Якимов И. Н. отмечал, что «криминалистика как наука имеет своим предметом изучение наиболее целесообразных способов и приемов применения методов естественных, медицинских и технических наук к расследованию преступлений и изучению физической и моральной личности преступника, а своей целью ставит помощь правосудию в раскрытии материальной истины в уголовном деле» [1, С. 29].

В период становления советского государства появляется и законодательное закрепление необходимости выяснения причин преступления. Так, уголовно-процессуальное законодательство 1922

года закрепляло, что «недостаточным и неправильно проведенным признается следствие, которое проведено неправильно, то есть таким образом, что не подвергались обследованию и выяснению возможные действительные причины, обстоятельства и виновные в совершении преступления, коих подлежало выяснить» [2]. В 1923 году был принят новый, переработанный, уголовно-процессуальный закон, который уже никаким образом не предусматривал задач предупреждения преступлений или выяснения причин, обстоятельств их совершения. Ситуация кардинально изменилась в связи с реформированием уголовного законодательства в 1960 г., где уголовно-процессуальный закон в задачах своей деятельности устанавливал, что «уголовное судопроизводство должно способствовать укреплению социалистической законности, предупреждению и искоренению преступлений» [3]. Указанные исходные положения достаточно длительный период времени не получали теоретического развития. Только с начала 1950-х годов стали появляться работы монографического уровня, в которых вопросы криминалистического обеспечения предупреждения преступлений получили некоторое развитие [4].

В 1948 г. Александров Г. Н. писал: «настала пора отказаться от приоритета в криминалистике вопросов техники расследования преступлений и подчинить эту науку насущным задачам борьбы с преступностью, для чего необходимо, чтобы вопросы методики расследования преступлений заняли подобающее им место. Особенное значение приобретает новый для криминалистики вопрос о методах предупреждения преступности, имеющий большое общегосударственное значение. Наряду с разработкой научных проблем в области методики расследования преступлений, он тоже должен получить отражение в работах криминалистов» [5, С. 7]. Митричев С. П. так же не отделял предупреждение преступлений от аспектов их раскрытия и расследования: «советская криминалистика, являясь наукой о следствии, предоставляет в распоряжение следователя научно-разработанную систему приемов, способов и технических средств, применяемых для раскрытия преступлений, изобличения виновных и для организации работы по предупреждению преступлений» [6, С. 15]. Позднее, в его работах можно встретить изучение и анализ возможностей судебной экспертизы в предупредительной деятельности. Так, в 1961 г. Митричев С. П. отмечал, что «основная задача следователя и органов дознания – это раскрыть преступление, обнаружить и изобличить виновных в совершении преступления. Но очень важно вовремя предупредить правонарушения, вскрыть причины и условия, способствующие их совершению, и устранить их. ... Поэтому очень важно, чтобы научно-исследовательские институты и лаборатории судебной экспертизы

уделяли больше внимания решению вопросов, связанных с предупреждением преступлений» [7, С. 32].

Тарасов-Родионов П. И. так рассматривал предмет криминалистической науки: «советская криминалистика служит прогрессивным целям раскрытия преступлений, установления истины по уголовным делам, предупреждения преступлений и в конечном итоге способствует искоренению преступности в стране социализма» [8, С. 7].

В 1961 г. Колмаков В.П. развитию данной теории посвятил уже научную статью, где рассматривал «некоторые вопросы криминалистической профилактики преступлений» [9].

В конце 1960-х годов известный советский криминалист Васильев А. Н. дал иное определение науки криминалистики и включил в ее предмет деятельность по предупреждению преступлений: «... лучше определить криминалистику как науку об использовании данных естественных и технических наук, в частности физики, химии, механики, биологии, как и психологии, логики, науки управления и других, в деятельности по расследованию и предупреждению преступлений, осуществляемой на основе уголовно-процессуального закона» [10, С. 31].

К началу 1970-х годов предупреждение преступлений в том или ином виде признавалось многими учеными как одна из задач криминалистики. Определенную точку в возможных дискуссиях поставил Белкин Р.С., уделявший внимание организации предупредительной деятельности через призму установления причин и условий, способствовавших их совершению или сокрытию. Причем установлению условий, способствовавших сокрытию преступлений, также отводилась первостепенная роль [11, С. 165]. Криминалистическому обеспечению предупреждения преступлений отводится отдельный параграф в широко известном труде профессора Белкина Р. С., посвященном проблемам, тенденциям и перспективам в криминалистике [12, С. 82-83].

Борьба с преступностью – это не только высокое качество расследования. Своевременное предупреждение преступлений имеет важное значение. Именно криминалистика, изучая способы совершения преступлений, разрабатывает средства криминалистической защиты интересов государства и общества, прав и свобод личности от преступных посягательств.

Интересы оперативности, всесторонности и объективности расследования требуют выявлять (изучать) обстоятельства, способствовавшие совершению преступлений.

При допросе свидетелей, потерпевших, подозреваемых и обвиняемых выясняются многие вопросы о подготавливаемых преступлениях, об обстоятельствах, способствующих их совершению. К примеру, что известно допрашиваемому о подготавливаемых

преступлениях; о возможных участниках преступного деяния (местожительство, место работы, образ жизни и так далее); кто входит в состав группы, роль каждого из участников; какое предполагается использовать оружие или средство при совершении преступления; через кого и каким образом приобретались эти средства; способы сокрытия следов преступлений.

Изложенное позволяет сделать вывод, что предупреждение преступлений и устранение причин и условий, им способствовавших, составляет основу работы органов предварительного расследования, а криминалистика призвана вооружать должностных лиц знаниями методов предупреждения преступлений.

Литературы

1. Якимов И.Н. Криминалистика. Руководство по уголовной технике и тактике. М. : ЛексЭст, 2003. 471 с.

2. Уголовно-процессуальный Кодекс РСФСР 1922 года (утратил силу) // Собрание узаконений и распоряжений РКП РСФСР. 06.1922. № 20-21, ст. 230.

3. Уголовно-процессуальный Кодекс РСФСР от 27.10.1960 (утратил силу) // Ведомости ВС РСФСР. 1960. № 40, ст. 592.

4. Нуждин А.А. Криминалистическое обеспечение предупреждения преступлений: история и современность. В сборнике: Советская и российская криминалистика: традиции и перспективы. Материалы всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Москва, 2023. С. 126-130.

5. Александров Г.Н. Совершенствование методов расследования преступлений – в центре внимания советской криминалистики // Социалистическая законность. 1948. № 2. С. 7–8.

6. Митричев С.П. Задачи советской науки криминалистики // Социалистическая законность. 1951. № 6. С. 6–17.

7. Митричев С.П. Предупреждение преступлений и задачи судебной экспертизы // Социалистическая законность. 1961. № 12. С. 32–35.

8. Тарасов-Родионов П. И. Советская криминалистика // Социалистическая законность. 1951. № 7. С. 6–15.

9. Колмаков В.П. Некоторые вопросы криминалистической профилактики преступлений // Советское государство и право. 1961. № 12. С. 106-109.

10. Васильев А.Н. Предмет криминалистики // Социалистическая законность. 1967. № 1. С. 29-33.

11. Белкин Р. С. Курс криминалистики: Общая теория криминалистики : в 3 т. Т. 1. М. : Юристъ, 1997. С. 408.

12. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. Общая и частная теории. М. : Юрид. лит., 1987. 272 с.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕКЦИЯСЫ

ӘОЖ 16.21.47

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың гендерлік ерекшеліктері

Жүнісбекова Кенжегүл,
ф.ғ.к., аға оқытушы
Бегежанова Рауан,
КЯ-23М оқу тобының магистранты
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматриваются гендерные особенности традиции и обычаев.

Abstract

The article examines the gender characteristics of tradition and customs.

Гендерлік лингвистика – бұл тіл мен гендер арасындағы байланысты зерттейтін сала. Ол тілдің гендерлік аспектілерін, яғни ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік айырмашылықтарды, гендерлік стереотиптерді зерттейді.

Гендерлік лингвистикада қарастырылатын кейбір мәселелер:

1. **Тілдік стильдер:** Ерлер мен әйелдер арасында тілдік стильдер мен сөйлеу тәсілдерінің айырмашылықтары.

2. **Сөздік қор:** Ерлер мен әйелдердің қолданатын сөздері мен фразаларының айырмашылықтары.

3. **Гендерлік стереотиптер:** Тілдің гендерлік рөлдер мен стереотиптерді қалай көрсететіні.

Гендерлік ғылым 1970 жылдары әлеуметтану ғылымының негізінде қалыптасты. Бұл теория – «гендер» және «жыныс» ұғымының мәнін ғылыми тұрғыда аша отырып, олардың зерттелуін басшылыққа алады. Ғалымдардың айтуынша, «жыныс» — адамдардың биофизиологиялық ерекшелігін айқындайтын термин. «Еркек», «әйел» ұғымының табиғи биологиялық тіршілік иесі екенін анықтайды.

Гендерлік лингвистика адам болмысы мен тіл табиғатының арасындағы жынысаралық ерекшеліктерді зерттейді. Тілдік қолданыстағы жынысаралық ерекшеліктер әрбір ұлт пен этностың мәдениеті, салт-дәстүрі, психологиясымен, дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста келіп, қоғамдық сананың орнығуына қарай өзгеріп отырады.

Ресей тіл білімінде гендерлік лингвистика О.Л.Антинескул, Е.М. Бакушева, Г.Вэшле, Е.Г.Голян, Е.И.Горошко Д.О.Добровольский, В.И. Жельвис, Е.А.Земская, А.В.Кирилина, А.П.Мартынюк, В.М.

Сергеева, А.М Холод, М.А.Ягубова еңбектерінде зерттелді. Қазақ тіл білімінде гендер мәселесі профессор Б.Хасанов, А.Салқынбай, Г.Смағұлова, Г.Қосымова, Б.Момынова, Г.Гиздатов, С.Ақаев, Ж.Манкеева, Г.Мамаева, А.Смайлов, А.Байғұтова, Г.Шоқымның зерттеу еңбектерінен бастау алады.

Қазақ этносында ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан дәстүр көп. Дәстүрге байланысты гендерлік ассоциация қалыптасады. Оны гендерлік концепт теориясының лингвомәдени аспектісі ретінде этностың болмысын зерделейтін тілдік таңбалардың символдық түрлеріне жатқызып, гендерлік-концептуалдық талдау жасауға болады. Соның бірі – әдептілік дәстүрді танытатын ат тергеу, кісіге қосымша ат қою.

Қазақ халқының ат тергеу дәстүрін келіндер атқарады. Бұл келіндердің үлкенге көрсеткен үлкен өнегелі құрметті болып саналады және келінің ибалы, иманды, арлы, ақылды, көргенді, білімді келін екенін көрсетеді. Келінің текті жерден шыққаны, жөн-жосынды білетіні сол ат тергеу дәстүрін толық атқаруынан аңғарылады. Бұл дәстүрде келіндерге ата-ене, қайын жұрт, туыстар мен ауыл адамдарымен қарым-қатынаста ерекше құрмет көрсетуді талап етеді.

Ат тергеу – қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туыс-туғандарының атын турасынан атамай, оған лайықты ат, жарасымды есім тауып қояды. Мысалы Аюбай болса – Қорқытбай деп, Қасқырбай болса – Ұлыма, Түлкібай болса – Құлықбай, Қайрақбай болса – Жаныма, Қозыбай болса – Маңырама, Тышқанбай болса – Қаптесер деп атаған. Қазақ келіндерінің иба сақтап, ұяла жасқанып, өздеріне жанай қойған атын, есімін «ат тергеу» деп атаған

Ат тергеу кезінде келіннің әрбір отбасы мүшесіне жеке беоген атауынан, келіннің тапқырлығы, сөйлеу мәдениеті және отбасылық қарым-қатынастарға, білімділігі мен сақтаған ибаллы іс-әрекеті сыналады. Туыс-тумалардың жақындық дәрежесі, келіннің ат тергеуі, аналардың ат теруі, үлкенді, сыйлы кісіні құрметтеуге байланысты ат тергеу концепт теориясының лингвомәдени қырларын танытады. Ерлерге, әйелдерге, қайын ағаларға, қайын інілерге қайын сіңілдерге, ұл балаларға, қыз балаларға құрметтеуге байланысты қолданылатын лексика-семантикалық топ гендерлік концептінің конуептуалдық өрісін құрайды.

Гендерлік ерекшелікті көрсететін салт-дәстүрлердің бірі – келіннің **сәлем салуы**. Келіннің сәлем салуы – сыйластық ортаны қалыптастыратын, өзгелердің субординация сияқты дүниелерді қатаң сақтауына, өзін дұрыс ұстауына жетелейтін керемет бір этикалық мәні бар ереже, тәртіп ретінде орныққан дүние.

Этнографтардың айтуынша, сәлем салу жай ғана иіле салу емес, оның ар жағында үлкен тәрбие, сыйластық жатыр. Сәлем салған

келінге үлкендер де «Өркенің өссін», «бақытты бол», «көп жаса» деп жауап қайтарып, ризашылығын білдіріп жатады.

Сонымен қатар, сәлем салу дәстүрі арқылы келіндер әулеттің берекесі мен ырыс-ынтымағына өз үлестерін қосады. Бұл әрекет тек отбасылық қатынастардың қалыптасуында ғана емес, жалпы қазақ қоғамындағы адами құндылықтарды сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Отқа май құю – келін түскенде, келіншек босанғанды, жас отау шаңырағы көтерілгенде жасалатын жақсы ырымдарды бірі. От - халық зердесінде қасиетті ұғым. Отпен аластау; «от анна» , «отың өшпесін», «ошақтан от кетпесін» деген тілек пен ырым сабақтастығы ертеден келе жатқан ғұрып. Ежелгі түркілердің мифологиялық түсінігі бойыншы жақсылық жаршысы-отбасының қамқоршысы Ұмай Ана болған. Әулетке жаңа қосылған жан, жаңа түскен келінді ауылға шымылдықпен алып келіп, шашу шашады, бет-жүзін үлкендерге көрсетпей, қайын атасының үйіне алып кіргізеді. Келін үлкен шаңырақтың босағасын оң аяғымен аттай кіріп, тізе бүгіп сәлем береді. 3 рет иіліп сәлем берген келінге атасы: «Көп жаса қарағым, бақытты бол!» деп бата береді. Сонан кейін келінді от басына төселген тулаққа отырғызады. Ол «жаңа түскен жас келіннің мінезі иленген тулақтай (тері) жұмсақ, биязы болсын» деген ырым. Келіннің қолына әйелдердің біреуі ішінде май құйылған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызады. «От-Ана, Май-Ана, шапағатыңды жаңа түскен жас келінге тигізе көр, жарылқа!» дегізеді.

Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов өзінің мақаласында былай деген: «...От әулие (киелі) болып саналады... Қарғыс... Отқа түкіруге, ошақты басуға болмайды. Жаңа түскен келін (күйеуінің) әкесінің үйіне кіріп, сәлем жасап, «аруақ» разы болсын» деп тағзым етіп, отқа бір қасық май құю керек. Жас келін сәлем еткенде, аруақ разы болсын деп, тізе бүгіп, еңкейіп, маңдайын еденге тигізеді. Отқа тамызған май жанып жатқанда, жас келіннің енесі немесе әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады, отағасы жас келінді: «Иін қандырып илеген терідей, мінезің жұмсақ болсын, қарағым», - деп бата беріп, тулаққа, қой терісіне отырғызады. Жан беру (ант) беру үшін, екі жерден от жағып, адам сол екі оттың арасынан өтіп, кісі өлтірген мылтықтың ұңғысын сүйеге тиіс... Барлық шамандық салттың ішінде отқа табыну қазақтарда әлі күшінде. Қазақтар отты әулие деп санайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде, қазақтар моңғолдар сияқты отты ана деп атайды. Отта тазартушы қасиет бар деп түсінеді, екі оттың арасынан өткізіп тазартады. Оны «аластау» дейді. Қыстаудан көшкенде көшті екі оттың арасынан өткізеді» [1,22].

Жаңадан түскен келін жыл толмай жатып төркініне бармайтын болған. Жыл ішінде елін, бауырларын, ата-анасын, туыстарын

сағынады. Сонда елден бір жақыны келсе, келін сағыныш сезімін жасыра алмай жылап, өлеңдете отырып амандасқан. Қазақ дәстүрінде бұл – **көрісу** деп аталады. Көрісе отырып, келін өзінің сағынышымен бірге өкпе – назын, мұңын айтып, қуанышын білдірген. Халықта мұны ерсі көрмеген. Себебі бұл әйелдердің эмоционалдылығының бір белгісі.

Қорыта келгенде, гендерлік лингвистиканың пайда болу, зерттелу тарихына үңіле отырып, көптеген жайды аңғаруға болады. Тілдегі гендерлік зерттеулерге байланысты тіл білімінде көптеген бағыттар өмірге келеді: феминистік, маскулиндік, социодетерминистік, биодетерминистік. Олардың әрқайсысының ұстанған өзіндік тұжырымдары болды. Маскулиндік бағыттың өкілдері әйелдердің жазба тіліндегі қателіктерін қарастырса, феминистер – тілдегі патриархат мәселеін шешуді, әйел тілінің ескерілуін талап етеді. Биодетерминистер – гендерлік лингвистика биологиялық, физиологиялық себептерге байланысты туады деп ғылыми тәжірибелерін ұсынса, социодетерминистер бұл ұсынысты жоққа шығарып, бұл құбылыс әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне, қоғам мен мәдениетке қатысты болады деп дәлелдеуге тырысады.

Әдебиет

1 Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақ бақсыбалгерлері: Құрастырған Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. -Алматы: Ана тілі, 1993. -8-36 бб.

ӘОЖ 16.21.47

Хамза Есенжановтың «Ақ жайық» роман-трилогиясындағы топонимдердің құрылымдық ерекшеліктері

Жүнісбекова Кенжегүл,
ф.ғ.к., аға оқытушы
Тұрсынбай Ақгүл Махмұтқызы
КЯ-23М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассмотрены структурные особенности топонимов в романе-трилогии Хамзы Есенжанова «Ақ Жайық»

Abstract

The article discusses the structural features of toponyms in the novel-trilogy of Khamza Yesenzhanov «White Ural»

Топонимика – географиялық атауларды, яғни жер, су, елді мекен, тау, өзен, көл және басқа да географиялық объектілердің атауларын зерттейтін ғылым. Топонимика тіл білімі, тарих, география,

мәдениеттану және басқа да салалармен тығыз байланысты. Топонимиканың зерттелуінің негізгі аспектілері: 1. **Тарихи аспект:** Топонимдердің шығу тегі мен тарихи даму процесін зерттеу. Географиялық атаулардың тарихи контексте қалай өзгергенін анықтау. 2. **Лексикалық аспект:** Топонимдердің тілдік құрылымы, морфологиясы және семантикасы. Топонимдердегі тілдік элементтердің (мысалы, префикстер, суффикстер) рөлі. 3. **Географиялық аспект:** Географиялық объектілердің орналасуы мен олардың атауларымен байланысы. Топонимдер арқылы жергілікті мәдениет пен табиғаттың ерекшеліктерін зерттеу. 4. **Этнографиялық аспект:** Топонимдер арқылы халықтың мәдениеті, дәстүрлері мен өмір салтын зерттеу. Атаулардың халықтың дүниетанымы мен тарихи-мәдени контекстіндегі маңызы. 5. **Қазіргі аспект:** Заманауи қоғамдағы топонимдердің рөлі, мысалы, урбанизация, жаһандану және т.б. Топонимдердің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторларға әсері.

Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Н.Катанов, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейісов, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева, А.Жартыбаев т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті. Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: **топонимика** (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), **антропонимика** (адам аттарын зерттейтін ғылым), **этнонимика** (ру, ел, халық аттарын зерттейтін ғылым), **зоонимика** (хайуандар аттары), **гидронимия** (теңіз, өзен, су, көл атауларын зерттейді) т.б.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – топоантропонимика. Топонимика жер-су аттарын зерттейтін ономастиканың бір саласы.

Топонимдердің құрылымдық сипаттарын баяндаған ғылыми еңбектер жер-жерде баршылық. Олардың баса назар аударған мәселелері – синтаксистік құрылыстағы топонимдердің компоненттері, олардың орын тәртіптері.

Қазақстан топонимдері құрылымдық типтеріне қарай: *дара, біріккен, тұлғалы және көп құрамды* болып үшке бөлінеді. Алайда, бұларды құрамына қарай кейде екі топқа бөліп: толық құрамды атаулар – дара тұлғалы және күрделі тұлғалы топонимдер деп атаймыз. Дара тұлғалылар негізінен аппелятивтерден (жалпы есім сөздерден) жасалып, көбіне жұрнақ-жалғаусыз келеді. Мәселен, Айыр – тау асуларының бірі [1, 29], Аса – Жамбыл облысындағы өзен аты [1, 52] т.б. Бұл топтағы топонимдер жасалуы жағынан тілдік заңдылыққа, оның нормасына тікелей бағынышты. Дара тұлғалы

атаулар ежелден белгілі, дәстүрлі қалыптасқан жолмен жасалып отырады. Оларға қосымшалар жалғау нәтижесінде жаңа тұлғалы атаулар пайда болады. Оны *туынды тұлғалы топонимдер* дейміз. Мәселен, Жарық – мекен, өзен, көл аты [1, 113], Жыланды – Қазақстан бойынша әр тараптарындағы мекен аттары [1, 121], Қайрақты – Қазақстанның оңтүстік және батыс атыраптарындағы далалы мекендердің және бұлақтардың аттары [1, 143]. Бұл топонимдердің құрамындағы қосымшалар: *-ық, -ды, -ті, -ты* т.б.

Топонимдердің, жалпы ономастикалық категориялардың түрленіп, тұлғаларының өзгеріп отыруында қосымшалардың рөлі зор. Топонимдердің морфологиялық құрылымына қарай саралап жіктеу барысында анықтауыштық қызметі жағынан, әсіресе есім сөздердің басым екендігі байқалады. Ең көп кездесетін атаулар зат есім, сын есім, сан есім сөздерден жасалып отырған. Осындай есім сөздерден қатар топонимдік атаулар жасауға басқа да сөз топтары – етістік тұлғалар, есімдік, үстеу және басқалар қатысып отырғаны анық көрінеді.

Морфологиялық құрылымына қарай жіктеп, саралау барысында зерттеліп, отырған аймақтағы топонимдердің сөз таптарынан жасалу бірдей еместігін байқаймыз. Сан есім, үстеу сияқты сөз таптарынан жасалған топонимдерге қарағанда, өлкеде етістіктер мен етістік тұлғалы сөздердің қатысуы арқылы жасалған топонимдер дара, біріккен және күрделі тұлғаларда кездеседі. Олардың ішінде етістіктің ашық рай тұлғаларымен қатар көсемше тұлғаларымен келетін топонимдер де аз емес.

Етістікті топонимдерді ішінара топтағанда: а) нағыз етістіктен жасалған топонимдер; б) қатыстық (жартылай) етістік тұлғалардан жасалған топонимдер бары байқалады. *Дара тұлғалы етістіктен жасалған топонимдер: Бұқпан* – Орталық Қазақстандағы және Сарқан өңіріндегі (Жетісуда) мекен аттары. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұқпан сөзінің етістік мағынасын ғана ашыпты. Бұқпан атауларының мәнін объект есебінде «бұқпа» немесе «қалқан» есімдерімен тең мағынада деуге болады [2, 84]. *Демікпе* – Жоңғар Алатауының шоқысының аты. *Демік* (ет. бұйрық райына) + *-пе* қосымшасын жалғау арқылы жасалған ороним [3, 105]. *Кешпе* – мекен аты. *Көне түр. «кешу»* (ет.) түріндегі атау тұлғасы. «*Кечік, Кечув, Кесік*» формаларымен мәндес [1, 130]. *Балаөлген* – Сарыарқадағы жайлау аты. Өсімдік сипатына сай қойылған атау. Бұзауөлген атауының аналогиясы бойынша: *балау* өлең тіркесімен қалыптасып, айтыла келе, біраз ықшамдалған, сөйтіп *бала өлген* формасын қабылдаған топоним [1, 63]. Етістіктен жасалған топонимдер зат есім, сын есімдерден жасалған топонимдерден гөрі аз. Олардың ішінде нағыз етістіктен гөрі етістік тұлғалы сөздерден жасалған топонимдер, көбінесе есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер* формалары арқылы жасалып, сол жер аты ретінде аталып отырған

жердегі іс-әрекет, жай-жағдай, белгілі бір болған оқиғадан мағлұматы береді.

Етістік тұлғалы жер-су аттары: *Барсакелмес, Кескентал, Кескенбегім, Көшкентал, Қашқанбегім, Қашқансу, Бөрітүскен, Оразбайқойған, Биесойған, Қалмаққырған, Балакескен, Қызкеткен, Күнтимес, Қостіккен, Терісаққан, Төрелелді, Қарынсалды, Ұзынқашқан, Есекқырылған, Сиырқырған, Тасқашаған, Жолбұзар, Ұзақөлген, Найзатапқан, Атбайлаған, Есекартқан, Желтимес т.б.* [31, 35-48].

Батыс Қазақстан топонимдері құрылымдық сипатына қарай **дара, қос құрамды** және көп құрамды болып бөлінеді. Соңғы екеуі күрделі топонимдер деген түрді құрайды. Демек, классификациялық сөзжасам принциптеріне сәйкес батыс аймақ топонимдерін дара және күрделі деп екіге топтастырамыз. Осындай құрылымдық ерекшелік түркі тілдерінің бәріне тән. Дара топонимдер құрылысына қарай **негізгі және туынды** болып бөлінсе, **күрделі топонимдер де біріккен топонимдер және тіркесті топонимдерге** бөлінеді.

Негізгі және туынды топонимдер. Негізгі топонимдер. Негізі жалпы есімді опелятивтерден жасалып, қосымшасыз келеді. Мысалы: *Қамыс, Өзен, Қона, Жаға, Құлақ;*

Дара топонимдер тілдік заңдылықтарға, оның нормасына сәйкес тілімізде ежелден қалыптасқан дәстүрлі жолмен жасалып отырады. Туынды дара топонимдерге қарағанда негізгі топонимдер саны әлдеқайда көп болып келеді. Семантикалық қасиетіне қарай олар топонимиялық кластарға бөлінеді.

Негізгі дара топонимдерге романда кездесетін бірнеше топонимдерді мысалға келтіруге болады. Мысалы: *Чижжа, Уфа, Амур, Бұлан, Теңіз, Арал, Рум, Қырым, Торғай, Орда, Қоқан, Қошқар, Тұран, Ырғыз, Хорезм, Хиуа, Дуана, Қисық, Бұлан, Арқа, Москва, Имран, Жем, Сағыз, Ресей, Азия, Ащы, Дон, Теке, Иран, Сібір т.б.*

Туынды дара топонимдер бірнеше тәсілдер арқылы жасалады. Ол тәсілдер арасында қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөзге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын классикалық-синтетикалық тәсілдің орны ерекше. Сонымен қатар туынды топонимдердің жасалуына тілдің басқа салаларында көп кездесе бермейтін тың тәсілдердің де қолданылатын айта кету керек. Олар - топонимизация, трансопонимизация және транстопонимизация тәсілдері.

Қазақ тілінде туынды топоним қалыптастыратын қосымшалар саны көп емес, олардың ішінде бүгінгі топоним тудыру процесінде көп кездесе бермейтін көнесі де, әлі атау тудыру қызметі самарқауланбаған жаңасы да бар. Саны жағынан көп болмаса да, олар қолданылу жиілігі жағынан басқа жұрнақтар мен жалғауларға қарағанда әлдеқайда өнімді қолданыс табады.

Қорыта келгенде, жер-су аттары туралы халықтық этимологиялар ел-жұрттың ой-өрісінің, салт санасының, таным-

түсінігі мен өткен тарихының көрінісін береді және олар топонимдерді келер ұрпаққа жалғастырудың тәсілі ретінде танылады.

Әдебиет

1. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. -Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
2. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2010. -223 б.
3. Жеріңнің аты. Еліңнің аты. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: Арыс, 2005. – 150 б.

UDK 801.111.

The importance of using web quest technology in a foreign language teaching

Oralbaeva Gulzhaina Smetullakzy
Master of Science in pedagogy and psychology,
Senior lecturer of Kyzylorda Bolashak University

Түйіндеме

Мақалада білім беру жүйесін модернизациялау контекстінде АКТ-ның, атап айтқанда веб-квест технологиясының жобалық қызмет түрі ретінде қолданылуы қарастырылады.

Бұл технологияны шет тілі сабағында қолданудың артықшылықтары, оның ішінде оның жоғары мотивациялық қауіпсіздігі, АКТ қолдану, оқушылардың тәуелсіздігін дамыту және т.б. талқыланады.

Резюме

В статье рассматривается использование ИКТ, в частности технологии веб-квестов, как вида проектной деятельности в контексте модернизации системы образования.

Обсуждаются преимущества использования этой технологии на уроках иностранного языка, в том числе ее высокая мотивационная безопасность, применение ИКТ, развитие самостоятельности учащихся и др.

In modern society, more and more attention is paid to the personal qualities of a person that allow him to adapt to rapidly changing living conditions. A modern person can no longer do without knowledge of foreign languages. The main purpose of teaching a foreign language in the modern world is the formation of a foreign language communicative competence, which enables a person to enter a foreign culture, accept, analyze, transmit information and receive an answer. In recent years, the role of information and communication technologies in the learning process has also increased markedly.

At foreign language lessons, with the help of modern Internet technologies, it is possible to solve a number of educational tasks: to form reading skills and abilities using authentic online materials; to improve students' writing skills; to replenish students' vocabulary; to motivate students to learn a foreign language. In addition, the work aimed at exploring the possibilities of Internet technologies will have a great impact on expanding the horizons of students. Such work will allow you to establish and maintain business contacts and contacts with your peers in different countries

In the twenty-first century, the foundation for the growth and welfare of the human personality is education, knowledge, information, and communication. A modern student must develop his abilities to critically analyze any symbolic systems' information in order to be prepared and able to adapt to social and professional changes (figurative, sound, text). In this regard, educators are faced with new challenges: preparing the next generation for life in the information age, teaching them to perceive and comprehend a variety of information, and developing technical communication skills based on non-verbal forms of communication. [1]

Information and communication technologies (ICT) are growing in popularity in these circumstances. The Federal State Educational Standard states that the primary goal of foreign language instruction is for students to become competent communicators. Multimedia is also one of the most effective cognitive tools because it enables simultaneous perception of information through multiple senses. More "The more sensory organs that participate in the perception of an impression, the more firmly these impressions fall into our mechanical, nervous memory, or rather they are preserved by it and are easier to remember later," wrote K.D. Ushinsky. The efficiency of information perception through the auditory and visual senses, when combined in the learning process, increases perception efficiency to a maximum of 65%.

Modern ICTs are a collection of contemporary computer hardware, communication tools, interactive software tools, and methodological support for contemporary learning technologies. They entail a wide range of tasks, including project-related ones like Web quests.

Web quest is an effective and universal technology applicable to any school subject, which makes it popular in the pedagogical environment. Despite the fact that the educational web quest has not yet been theoretically substantiated, most often in Russian pedagogy, this term is understood as a problematic task with elements of a role-playing game, for which information resources of the Internet are used. The relevance of integrating a web quest into the process of learning a foreign language is explained by its three main components that make language learning productive. These include problemativeness, authenticity and interactivity.

The term "Web Quest" was first proposed by Bernie Dodge, professor of educational technology at the University of San Diego (USA)

in 1995. Educational Web quest - (webquest) is a problem task with elements of a role-playing game, for which information resources of the Internet are used [2]. Web quests can cover a separate problem, an academic subject, a topic, and can also be interdisciplinary.

Firstly, the use of this technology involves the formulation of current issues and problems that are close in spirit to students, arouses their interest and, accordingly, increases motivation to study problems by improving the psycho-emotional mood in teaching, structuring the presentation of educational material and modality (using a large number of sensory channels of information perception).

In addition, the peculiarity of Web quests is that they involve not only independent, but also group work of students. Working in a group imposes on the student a certain responsibility to the other participants of the Web quest, stimulating his cognitive activity, the desire to get a good result [3].

The next advantage of Web quests is the development of the ability to think. The independent solution of the task develops the skills of analytical thinking, a critical view of things, and the search for the necessary information from a large volume of materials. According to the creators of Web quests, this technology includes elements of cognitivism and constructivism.

Moreover, in the process of creative work, students do not receive "ready-to-use" knowledge, but are themselves involved in search activities, which in turn contributes to the development of independence.

Another advantage is that students get access to search engines, the latest news concerning the problem, via the Internet. The Internet also provides an opportunity to learn the opinion of an expert, an expert group, people who are somehow interested in a particular issue. Such a variety of opinions gives the student the opportunity to choose the closest one and helps in formulating his own opinion.

As for the process of evaluating the results of the Web quest, it should be noted the possibility of presenting the final product to a live audience, publishing works on the Internet.

When using technologies such as Web quest, the teacher gets an effective way to form the motivation of teaching, creative understanding of the material [4, p. 131]. The integration of this technology into the educational process makes it possible to implement modern principles of teaching foreign languages: the principle of interactivity (learning immersed in communication, creating conditions for the development of skills to work in a team, i.e. to study together, not side by side); the principle of independence, which is realized in the ability to independently manage their activities; the principle of problemativeness, consistency, etc. This technology also provides ample opportunities for the development of critical and creative thinking, imagination, creativity of students due to the wide range of tasks that are offered for completion.

Web quest technology promotes the development of various skills: it helps to develop computer literacy, speech competencies, replenish vocabulary, promotes a positive attitude to the learning process, forms the ability to work in a team, develops critical thinking and creativity.

As a result of working with the web quest technology in the classroom, students get the opportunity to use a foreign language in various activities and spheres of communication, as well as to consolidate lexical and grammatical material, training language and speech competence and their control by the teacher [5].

Despite the obvious advantages, the use of web quest technology may have some difficulties:

- additional teacher training is required (monitoring of information provided on the Internet in order to select the most satisfying educational goals; creating a web quest on the site; certain technical skills). It is worth noting that these difficulties are one-time, because having created a web quest once, it can be used repeatedly in the future;

- to complete tasks, students must have access to the Internet, and at a fairly stable speed, since the bulk of the materials intended for use in the web quest consists of video fragments;

- using tasks of this type based on authentic texts requires students to have a certain level of language proficiency. To overcome this difficulty, it is advisable to use a web quest as a final task at the end of the section, or accompany it with lexical and grammatical exercises to remove difficulties.

Creating a high-quality web quest is not an easy process, in which it is necessary to study a huge amount of information offered on the Internet in order to choose suitable sources and offer them to students. Students' different levels of language proficiency should be taken into account when developing a web quest.

Thus, the Web Quest technology allows you to realize the visibility, multimedia and interactivity of learning. Visibility includes various types of demonstrations, presentations, videos, and the display of graphic material in any quantity. Multimedia adds to the traditional teaching methods the use of sound, video and animation effects. Interactivity combines all of the above and allows you to influence virtual objects of the information environment, helps to introduce objects of personality-oriented learning, provides students with the opportunity to fully reveal their abilities [6].

To sum up, the Web quest does not force the student to participate in the educational process, but involves him, providing him with space for independent creative activity, motivates him with an original, congenial and interesting statement of the problem, endows the student with a certain socially significant role in this situation, activation of various cognitive processes during the solution of tasks.

Literature

- 1.The use of Web quest technology in the educational process [Electronic resource]. - URL: <http://kak.znate.ru/docs/index-973.html> (accessed 14.12.2012).
- 2.Application of Web-quest technology in modern education [Electronic resource]. - URL: [S^://open the wallet.rf/articles/671383/](http://open.the-wallet.ru/articles/671383/) (accessed 07.09.2018).
- 3.Shcherbina A.N. Web-quest as an innovative technology in the system of implementation of the Federal State Budget // Electronic scientific journal "Science and Prospects". -2016. - №4.
- 4.Yastrebtseva E.N. School library media center: from idea to // Moscow: BMC : Shk. library", 2001.
- 5.Dodge B.Some Thoughts About WebQuests [Electronic resource]. -URL: http://edweb.sdsu.edu/courses/edtec596/about_webquests.html (accessed 27.04.2014).
- 6.March T. What WebQuests Are (Really) [Electronic resource]. - URL: [http://tom-march.com/writings/what-webquests-are /](http://tom-march.com/writings/what-webquests-are/) (accessed 27.04.2014).

ӘОЖ 023.1

Кітапханашының кәсіби этикасы

Абенова Жамал Ануаровна
«Болашақ» университетінің аға оқытушысы

Резюме

В статье отражены культурные отношения между пользователями библиотеки и библиотекарем, влияние норм и нравственности профессионального этического поведения библиотечного работника на работу библиотеки.

Abstract

In the article, cultural relations between users of library and librarian, the norms and standards of professional ethics librarian on the work of library.

Кітапхана ақпараттық, мәдени және білім беру мекемесі болып табылады, оның қызметі кітапханашы кәсібінің адамгершілік құндылықтары мен моральдық принциптеріне негізделген. Кітапханашы мамандығы және ол туралы алғашқы этикалық идеялар алғашқы кітапханалардың кезінде-ақ пайда болды. Сол кездің өзінде ғибадатхананың кітап қоймаларында «кітап шығарушылар» үшін моральдық нормалар қолданылды, олар бастапқыда кітаптарға қатысты «күзетші» болды. Ғасырлар өтті, кітапханашының этикалық мінез-құлық нормалары кітапхана маманының кәсіби этикасына айналды. Сонымен, кітапхана этикасы ұғымы нені білдіреді?

Кітапхана этикасы-кітапхана қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын этикалық қатынастардың жиынтығы және олардың кітапхана теориясындағы көрінісі. Кәсіби этика кітапханашының қызметінде маңызды рөл атқарады. Мамандық пайда болған сәттен бастап кітапханашының моральдық көзқарасы кітапханадағы әріптестердің қарым-қатынасына, олардың оқырмандармен қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етті. Кітапхана саласындағы кәсіби этика мәселелерімен көптеген шетелдік мамандар мен кітапхана қауымдастықтары айналысқан. Олар арнайы кодекстерде бекітілген кітапхана этикасының нормаларын әзірледі. Айта кету керек, мұндай кодекстер әлемнің 34 елінде, соның ішінде Ресей, АҚШ, Англия, Канада, Израиль, Финляндия, Жапония, Тайланд, Украина, Армения, Эстонияда т.б. қабылданған [1].

Кітапханашының кәсіби этикасы қоғамдағы ғылыми, мәдени, ақпараттық қызметтердің негізін құрайды. Оның кәсіби маманның жеке қасиеттері мен құндылықтарын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени тұрақтылықты да ілгерілетуде маңызы зор. Кітапханашылар этикалық принциптерді сақтай отырып, оқырмандарға қызмет көрсету сапасын, ақпаратқа қол жетімділікті және қоғамға қызмет етуді қамтамасыз етеді.

Кітапханашының кәсіби этикасы-кәсіби маманның жұмысындағы моральдық құндылықтарды, стандарттарды және принциптерді білдіреді. Кітапханашылардың жұмысы ақпаратқа қол жеткізу, білім беру, мәдени және ғылыми құндылықтарды сақтау, қоғамға қызмет көрсету мәселелерімен тығыз байланысты.

Кітапханадағы ақпараттық қолжетімділік тек ақпарат ресурстарына қол жеткізумен шектелмейді, сонымен қатар оны тиімді пайдалану, қоғамның ақпараттық сауаттылығын жоғарылату және мәдениет пен білімді дамытуға бағытталған. Бұл процеске кітапханашылардың, пайдаланушылардың және жалпы қоғамның қатысуы маңызды.

Кітапханадағы әлеуметтік инклюзия жергілікті және халықаралық қауымдастықтардың дамуына, білім алуға, мәдениетпен танысуға мүмкіндік беретін маңызды аспект. Инклюзивті кітапхана ортасы әрбір адамның әлеуметтенуіне, білім алуына, ақпаратқа қол жеткізуіне және мәдени құндылықтарды түсінуіне жағдай жасайды. Бұл процесстің қоғамды біртектес ету, тұрақтылықты нығайту және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін маңызы зор. Ол үшін кітапхана ғимаратының физикалық қол жетімділігін қамтамасыз ету қажет, пандус, лифт, арнайы орындар мен әжетханалар жасалады. Сонымен қатар оқу және шығармашылық жұмыстар үшін жайлы, қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастырылады [2].

Кітапханашылардың кәсіби этикасы бойынша әрбір азаматқа, оның әлеуметтік мәртебесіне, жынысына, ұлтына, дініне, немесе басқа

белгілеріне қарамастан, сапалы ақпараттық қызметті бірдей көрсетуге міндетті.

Кітапханашылар мәдени мұраны, өлкетануға байланысты әдебиетті және ұлттық дәстүрлерді насихаттауға тиіс және оқырмандарға оқуға, зерттеуге және өз білімдерін кеңейтуге көмектесу үшін білім беру бағдарламаларын, тренингтер, семинарлар ұйымдастырады. Оқырмандардың жеке ақпараттарын, олардың оқу таңдауын және тарихын қорғау, олардың деректерінің сақталуы және қорғалуы - кәсіби этиканың маңызды бөліктерінің бірі.

Кітапханашылар өз білімдерін, дағдыларын және кәсіби тәжірибелерін тренингтерге, конференцияларға қатысып, жаңа технологияларды үйрену арқылы жетілдіріп отыруға тиіс. Олар кітапханалық қызметтің стандарттарына, әдістемелерге және принциптерге сәйкес жұмыс атқарып, оқырмандармен және басқа да мүдделі тараптармен адал, ашық және ықпалды қарым-қатынас қалыптастырулары, ақпаратты беру кезінде алаламай, барлық ақпарат көздерін тең дәрежеде қарастыруы қажет.

Кітапханашы оқырмандармен, әріптестерімен, басшылықпен, мектептермен, кәсіби білім беру ұйымдарымен сыйластық қарым-қатынаста болып, кез келген мәдениет пен білім беру инициативасына қатысып, оқырмандарға ақпараттарға қол жеткізу, оқу материалдарын таңдау, зерттеу жүргізу бойынша кеңес беруге тиіс, бұл кәсіби ортада жайлы ахуал қалыптастыруға ықпал етеді. Кітапханашының мұндай кәсіби адамгершілігі кітапханалық қызметтің негізін құрайтын этикалық және моральдық нормалардың жиынтығы. Кітапханашы - қоғамдық пікірді қалыптастыруға, ақпаратқа және білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге жауапты маман. Оның адамгершілік құндылықтары мен этикалық нормалары оқырмандармен қарым-қатынасында, сондай-ақ қызмет барысында маңызды рөл атқарады.

Кітапханашының кәсіби адамгершілігі - бұл тек кітапхана қызметіне қатысты емес, сонымен қатар қоғамдағы жауапкершілікті және этикалық нормаларды түсіну мен қабылдауға негізделген. Оның адамгершілік құндылықтары қызметкерлер мен оқырмандар арасындағы сенімді қарым-қатынасты орнатуға, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге және білім мен мәдениетті насихаттауға ықпал етеді. Кітапханашылар ақпараттық қоғамның белсенді мүшелері ретінде, өздерінің кәсіби этикасына және адамгершілік жауапкершіліктеріне үлкен назар аударуы тиіс.

Кітапханашының кәсіби адамгершілігі адамдармен тікелей қарым-қатынасқа, олардың мүдделеріне үнемі назар аударуға, оқырмандардың сұраныстарын толығымен қанағаттандыруға ұмтылуға негізделген. Кітапхананың табысты жұмысы ғана емес, сонымен қатар қоғамның ғылыми, мәдени, рухани әлеуетін дамыту кітапханашының адамгершілік көзқарастарына байланысты. Кітапханада қарым-қатынас мәдениеті жоғары кітапханашы жұмыс

істейтін болса, ол әр түрлі факторларды (гендерлік көзқарас, жас, психологиялық ерекшеліктер, денсаулық жағдайы, дін, ұлт, кәсіби ерекшеліктер және т.б.) ескере отырып, адамдардың ақпаратқа, білімге, қарым-қатынасқа деген қажеттіліктері мен мүдделерінің алуан түрлілігін қанағаттандыруға бағытталған болса, онда кітапхана адами қарым-қатынастың орталығына айналады, өзінің имиджін арттырады, әлеуетті пайдаланушылар үшін шынайы өмір қалыптастырады.

Кітапханашының кәсіби этикасы-бұл ақпаратты тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша кәсіби міндеттерін орындау кезінде нақты талаптар мен адамгершілік нормаларының жиынтығы. Ол кітапханашыда өзінің кәсіби парызы мен ар-намысы туралы түсінік қалыптастырады, қарым-қатынас мәдениеті мен жоғары кәсібилік дағдыларын қалыптастырады, кітапханашының мінез-құлқын оның беделін нығайтатындай етіп реттейді, гуманистік аспектілерге толы мамандықтың қоғамдық маңыздылығын ашады. Кітапханашының кәсіби этикасы кітапхана қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлық нормалары мен ережелерінің моральдық аспектісін зерттейді. Қызметтік этикет ережелері дәрежелік пен қорлауға, өз міндеттерінен алшақтатуға тыйым салады, айналасындағыларға сезімталдықпен, мұқият қарауды талап етеді. Қызметтік этикет ережелерін ұстанатын кітапханашы сыпайылық, әдептілік, ұқыптылық, орындаушылық және жауапкершілік сияқты қасиеттерді өз бойында қалыптастыруы тиіс. Сонымен, кітапханашының кәсіби адамгершілігі дегеніміз дүниетанымдық бағыт, бұл белгілі бір нормалар мен тыйымдардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар ішкі реттелген жүйе, белгілі бір дүниетаным.

Кітапхана қызметкеріне қандай адамгершілік қасиеттер тән? Ең алдымен, бұл әр оқырманның жеке басын және адамның қадір-қасиетін бағалай білу, оқырманмен достық қарым-қатынас орнату, оның мәдени, рухани және адамгершілігін байыту мақсаттарын көздей отырып, кәсіби ақпарат беру, кәсіби ортада салауатты атмосфера құру.

Қызмет көрсету барысында кітапханашы пайдаланушымен қарым-қатынас этикасын сақтауы керек, ол үшін психологиялық мәдениетті де меңгереді. Ең алдымен, кітапханашы өзін емес, сұхбаттасушыны ести білуі керек, оқырманның өтінішін түсініп, орындай білуі керек, ал оқырман кез-келген этикеттің бұзылуына жол берсе де, кітапханашы әрдайым сабырлы қалпын сақтауы қажет. Кітапханашының қарым-қатынас тәсілі әр оқырманның жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек. Оқырмандармен үнемі байланыста болатын кітапханашылар үшін іскерлік қарым-қатынас жасау қабілеті маңызды ғана емес, сонымен қатар кәсіби қажеттілік. Сондықтан кітапханашының сөзіне жоғары талаптар қойылады. Сөйлеуді, оның барлық байлығын білу-бұл жалпы мәдениеттің, кәсібиліктің және этикет ережелерін білудің көрсеткіші.

Кітапханашының сөзі әдеби болуы керек. Оқырмандармен немесе әріптестермен қарым-қатынаста ауызекі тіл, вульгаризм және жаргон сөздерге жол берілмейді [3].

Тақырыпты қорытындылай келе, кәсіби этика мәселелері кітапханашының қызметінде маңызды рөл атқаратынын тағы да атап өту керек. Бұл іскерлік атмосфераны құруға, кітапханашылардың мәдени деңгейін, сондай-ақ ақпараттық-кітапханалық мекеменің мәртебесін, жалпы кітапхана кәсібінің беделін арттыруға арналған этика.

Әдебиет

1. <https://translate.yandex.ru/>
2. <https://elar.urfu.ru/bitstream/>
3. <https://sciencejournal.uz/>

ӘОЖ 28:28-523.4(574.54)

Дін және ағартушылық ордасы болған Қалжан ахун мешіт-медресесі

Альсугурова М. С., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассказывается о просветителе и педагоге Калжане ахуне, открывшем в Кызылординской области собственную мечеть-медресе.

Abstract

The article tells about the educator and teacher Kalzhan Akhuna, who opened his own mosque-madrasain the Kyzylorda region.

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап Қазақстанның барлық аймақтарынан мешіттер салына бастаған. Жалпы Сыр өңірінде 100-ге тарта мешіттер мен медреселер болған. Сондай медреселердің бірі, бүгінде жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени нысан ретінде танылып, мемлекет қорғауына алынған Қалжан ахун мешіт-медресесі.

XX ғасырдың басында Қалжан ахун мешіт-медресесі Сыр өңіріндегі бірегей білім, ғылым ордасы болды. Алғашқы мешіттің құрылысы кесектен салынып, пайдаланылған. Одан кейін кесекті күйдіру арқылы кірпіш шығарылып, қазіргі Қалжан ахун мешіті асқан ыждаһаттылықпен салынған. Мешіттің ұзындығы 44 м, ені 44 м, биіктігі 5 м болған. Мешіттің алғашқы құрылысында 21 бөлме болып, ол балаларды оқытатын діни оқу орнына айналған.

Әулиелі жерлер мен шағын діни ғимараттарды бұздырған Кеңес өкіметі тұсында Қалжан ахунның салдырған медресесі астық

қоймасы, тіпті бір жылдары мал фермасы, шошқа базасына да айналған екен.

XIX-XX ғ.ғ. – Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1862 – 1916, Сыр бойы) – дін қайраткері, дін ілімін жете меңгерген ғұлама ұстаз. Әкесі Бөлекбай жігіт кезінде Қарақалпақстандағы туыстарына келіп, сол жерде үйленіп, қалып қояды. Кейін Қарақалпақстандағы қазақ жұртына басшылық жасайды. Хиуа хандығының бегі болады. 1875 жылы 90 жасында дүниеден қайтқан.

Қалжан ахунның өзі Хиуа хандығында Үргеніш қаласына жақын маңда 1862 жылы өмірге келген. Оның шын есімі – Қалмұхамед екен. Білегінде туа біткен қалы болғандықтан осылай аталған. Ата-анасының еркелетіп Қалжан деп атап кеткен есімімен тарихта қалған. Ол Хиуа мен Бұхарада оқыған, кейін 1879 жылы Көкілташта оқып білім алған.

Қалжан ахун Бөлекбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы алғаш ауқымды еңбек жазған Сәбит Салқынұлы болды. 2008 жылы жарық көрген «Сырдың дүлділ діндары Қалжан ахун» атты кітабында ахунның ислам дінін өркендетудегі еңбектері жан-жақты талданады. Аталған зерттеуде: «Бөлекбай батыр Қалжан ахунды жеті жасынан бастап медресеге беріп діни сауатын аша бастаған. Қалжан ахунның шарифат қағидасы бойынша кәмілетке қараған 13 жасында әкесі Бөлекбай дүниеден өтеді. Баласының зеректігімен алғырлығына қанық Бөлекбай батыр дүниеден өтерде, артында қалғандарға, Қалжанға, ары-қарай білімін жалғастыруға көмектесулерін өсиет еткен. Қалжан ахун Хиуа, Бұхарадағы діни медреселерде тағы төрт жыл білімін шындап 17 жасында айтулы Көкілташ медресесінде 10 жыл, яғни 27 жасына дейін тапжылмастан білім алған. Қалжан ахун негізгі оқуы Шарифат және Заң саласын толығымен тәмамдап, оларға қоса философия, астрономия, математика, биология ғылымдарын тауыса оқып, сондай-ақ шаруашылық басқару ісін игеріп шығады», [1,55] - деген деректер берілген. Араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгерген Қалжан ахун сол медреседен «ахун» атағын иемденеді. «Ахун» мұсылмандық діни лауазым - баулушы ұстаз деген мағына береді. Бұл атақ діни кітаптарды аударушыларға, әрі ел арасында дінді насихаттаушыларға, медреседе толық білім алған талантты жандарға берілген.

Осында Сырдарияның Қорқыт ата аймағынан келген Ораз ахун Бекетайұлымен сырлас дос болады. Қалжан Ахунның білімдарлығын танып-білген Ораз ахун оған қызы Зейнепті қосып, 1890 жылы оны шыққан тегі бір табындардың ортасына (Жалағаш қыстағына) алып келеді. Қалжан ахун ширек ғасыр бойына өзінің атымен аталатын мешітте (Қалжан ахун мешіті) имам болады.

Қалжан ахун 1902 жылдары Сыр бойына мешіт-медресе салу ісін қолға алады. Оның бұл бастамасын жергілікті халық қызу қолдайды. Осы уақытта іргетасы қаланған медресе құрылысы 1916

жылдары аяқталады. Медресе құрылысы аяқталғанша Қалжан ахун өз бетінше келіп білім алуға талпынған шәкірттерге дәріс оқиды. Ол ширек ғасыр бойына өзінің атымен аталатын мешітте имам болды. Қалжан ахуннан Уамық, Муаммар, Айша, Карима, Хасан, Акбар, Таутай атты ұл-қыздары тараған. Олпатшаәкімдерініңқудалауына ұшырап, түрмегеқамалады [2, 320]. Сөйтіп жүріп, 1916 жылы рамазан айында басын сәждеге қойған кезде өмірден өтеді. Қалжан ахун өз мешітіндегі қорымға жерленеді.Өлкетанушы Жәнібек Махамбеттің айтуынша, Қалжан ахун бабамыз осы жерде қоныстанған уақытында дарияның сағасынан арық қаздырып, үйінің айналасын бау-бақшаға айналдырған. Есігінің алдына шығыс үлгісімен хауыз салдырып, айналасы гүл жайқалып, құстар сайрап жататын керемет орын болған екен. Бұл хауызға халықтың қызығушылығы зор болған сияқты. Содан кейіннен жалпы көпшілікке арнап үлкен хауыз да салдырғандейді [3].

Қалжан ахун 1916 жылы дүние салған соң, жаңадан салынған медреседе ахунның үздік шәкірттері тереңөзектік Мұхаметрахым Алшынбайұлы мен жалағаштық Әбдірашит Бердаулетұлы ұстаздық еткен. Сондай-ақ, халқының игілігіне қызмет еткен ахунның шәкірттері қатарында Сейіткерей Үсебайұлы, Әбсаттар Нұралұлы, Сыздық Қазанбайұлы, Тұрсынқұл Ахметқызы, Шекер Ермағанбетова секілді азаматтар болған.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде Сыр өңірінен шыққан ахун-ишандарға арналған арнайы қор бар.Музей қорында 50-ден астам араб, ескі түркі, шағатай тілдерінде жазылған кітап сақтаулы. Бұлардың көбі Қалжан ахунға қатысты екен. Сонымен қатар ахунның пайдаланған заттары да сақталған. ҚордаҚалжан ахунның Садық ахунға, Ораз ахунға жолдаған өз қолымен жазылған сәлемдеме хаттары, сонымен қатар ағартушылық қызметінде пайдаланған Санкт-Петербург, Қазан, Ташкент қалаларындағы баспаханалардан шыққан парсы, шағатай араб тілдерінде философия, поэзия, билік және шарифат заңдары жайлы кітаптары сақталған. Негізінен қорда Қалжан ахунға қатысты деректер ғана кездеседі. Ал басқа ахун-ишандарға қатысты материалдар жоқ болғандықтан, олардың өмір баяндарына ғана мәлімет берілген. Қалжан ахунның қолжазбаларын, кітаптарын Түркиядан атажұртқа қайта оралған немересі Хасанатулла Йылдырым музей қорына өткізген.

Сондай-ақ музейде Қалжан ахунның қолданып келген төмендегі кітаптары мен қолжазбалары сақтаулы. Олар: Қалжан ахунның:

1.Ташкент баспасынан 1893 жылы шыққан Далаиліл қайрат кітабы, реттік саны № 6598.

2.Қазан баспасынан 1905 жылы шыққан Диуани сайқали кітабы, реттік саны № 6599.

3. Санкт-Петербургтен 1894 жылы шыққан Туһфатулмулук кітабы, реттік саны 6600.

4. Қазан баспасынан 1896 жылы шыққан Тасаурат кітабы, реттік саны № 6601.

5. Қазан баспасынан 1900 жылдар шамасында шыққан ескі түркі тіліне аударылған араб тілінің сөздігі кітабы, реттік саны № 6602.

6. Қазан баспасынан 1894 жылдар шамасы шыққан Таузих маатталвих Жәмми аррумуздың I және II томдары бір кітапқа біріктірілген кітабы, реттік саны № 6603.

7. Ташкент баспасынан шыққан жылы белгісіз Құран кітабы, реттік саны № 6604. Ташкент баспасынан XX ғасырдың басында басылған араб тіліндегі Құран кітабы, реттік саны № 6605.

8. 1890 жылы басылған ескі түркі тіліндегі Осман империясындағы 2-ші сыныпқа арналған діни кітабы, реттік саны № 6606.

9. Ташкент баспасынан 1900 жылы басылған парсы тіліндегі Қожа афыз жыры кітабы, реттік саны № 6607.

10. Араб тіліндегі Ибнеабеден кітабы, реттік саны № 6608.

11. 1895 жылдар шамасында басылған араб тіліндегі Шарһилақадін нәсәфия кітабы, реттік саны № 6609.

12. 1900-1901 жылдар шамасында шыққан Дамуула Бекжан Жәутекұлының қолжазбасы, реттік саны № 6610.

13. Шыққан жылы белгісіз араб тілінде жазылған Шарифат заңдары жайлы қолжазба, реттік саны № 6611.

14. Хижра бойынша 1285 жыл, қазіргіше 1864 жыл жазылған Әлмәлікелуаһаф жазуының аты бір мұқабаға екі түрлі қолжазба тіркелген, реттік саны № 6612.

15. 1870 жылдар шамасында жазылған араб тіліндегі Шарифат Ислам заңдары, хадистері жайлы қолжазба, реттік саны № 6613.

16. 1800 жылдар шамасы жазылған араб тіліндегі Шарифат заңдары жайлы қолжазба, реттік саны № 6614.

17. 1850 жылдар шамасында жазылған Шарифат заңдары жайлы қолжазба, реттік саны № 6615.

18. 1850 жылдар шамасында ескі түркі тілінде жазылған Рерлатнама шарифат заңдары жайлы жазылған қолжазба, реттік саны № 6616.

19. Шыққан жылы белгісіз ескі түркі және шамалы арабша жазылған Шарифат заңдары жайлы жазылған қолжазба, реттік саны № 6617.

20. Баспадан шыққан жылы белгісіз ескі түркі тілінде жазылған Дәруіш дастаны, реттік саны № 6618.

21. Ескі түркі тілінде жазылған Ислам тарихы жайлы кітаптың бөлігі, реттік саны № 6619.

22. Баспадан шыққан жылы белгісіз ескі түркі тілінде жазылған Пайғамбарымызды мадақтау. Жыр түрінде берілген. Кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6620.

23. Ескі түркі тілінде жазылған Гүлшан-Науан жыры. Кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6621.

24. Ескі түркі тілінде жазылған Пайғамбарлар, сахабалар жайлы дастан. Кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6622.

25. Ескі түркі тілінде жазылған Ислам парыздары жайлы діни кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6623.

26. Ташкент баспасынан 1904 жылы басылған шағатай тіліндегі Нұрнама. Кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6624.

27. Бұхара баспасынан 1900 жылдар шамасында басылған араб тіліндегі мектеп кітабы Ресале шамсия Ресале нафиқа. Кітаптың бөлігі. Реттік саны № 6625.

28. Қазан баспасынан 1899 жылы басылған араб тіліндегі Жәммиаррумуз III, IV кітабы. Реттік саны № 6628.

29. Баспадан шыққан жылы белгісіз шағатай тіліндегі бүкіл пайғамбарлардың өмір баяндамалары жайлы кітап. Реттік саны № 6629[4].

Бұл қолжазбалардан Қалжан ахунның сопылық философияны негіздеуші, мұсылмандық-түркілік бағытта шәкірт тәрбиелеуші ұстаз, ғалым болғанын көруге болады.

Әдебиет

1. Салқынұлы С. // Сырдың дүлділ діндары Қалжан ахун. – Алматы, - «Атамұра корпорациясы», - 2008-172 б.

2. Ахметбек Б. М., Екімбаева А. С., Елеуов Е. А., Садықов Ғ.Ж. Қасиетті Қазақстан энциклопедиясы. 3 том. — Нұр-Сұлтан, 2019.

3. Ғазиза Әбілда. Халқы қадірлеген Қалжан ахун./ <https://syrboyi.kz/adebiet/haly-adrlegen-alzhan-ahun-35581/>

4. Му з е й қ о р ы т ү с і м к і т а п .—№4,№6.

ӘОЖ 94 (574.4) «652653»

Өткен тарихымыздан сыр шертетін тарихи нысандар

Альсугурова М. С., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается история ценных старинных исторических объектов города Кызылорда, хранящихся на сегодняшний день, значение их сохранения для последующих поколений.

Abstract

The article examines the history of valuable ancient historical sites of the city of Kyzylorda, preserved today, and the importance of their preservation for future generations.

Қызылорда қаласында өткен заманның архитектурасынан көрініс беретін ескі тарихи нысандар қатары біршама көп болған. Жалпы жаһандану заманында аталмыш нысандардың өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда маңызы зор.

Облыс көлемінде 567 тарихи-мәдени мұра нысандары мемлекет қорғауына алынған, оның ішінде 31-і республикалық, 256-ы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген болса, 280 ескерткіш алдын-ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне алынған.

Еліміздің алғашқы астанасы болған бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылордада өткен тарихымыздан сыр шертетін ескі ғимараттар мен ескерткіштер аз емес. Сол кездері халық арасында Николай патша атауымен аталған кірпіштен салынып, әлі күнге дейін қалпын жоймай сақталып тұрған құнды ескі ғимараттар сол тарихи дәуірдің куәгері. Дегенмен тарихи нысандарға деген дұрыс көзқарастың болмауы салдарынан көптеген ескі тарихи ғимараттар бұзылған. Бүгінде қалада жиырмаға жуық нысандар сақталып қалған.

Қызылорда астана болған жылдары ұлт зиялыларының біразы Сыр өңірінде қызмет етті. Бүгінде ұлы тұлғалардың жұмыс істеген орындары мен тұрған үйлері үлкен тарихи маңызға ие. Қаламыздың әрбір бұрышы тарих десек, қателеспейміз. Өйткені, мұнда ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихының бір кезеңі жатыр. Дерекке сәйкес, Перовск қаласы болып тұрған кезде бұл аумақта ХІХ ғасырдағы Орынбор сәулет үлгісімен 35-тен астам ғимарат салыныпты. Сол уақытта ескі қалада екі кірпіш зауыты, екі жел диірмені, үш монша мен төрт шайхана жұмыс істеген.

Қызылорда қаласындағы ең көне сәулет ескерткіші Айтбай мешіті болып табылады. Айтбай мешітінің құрылысы 1878 жылы бай көпес, Бұқара қаласының тумасы Айтбай Балтабаевтың қаражатына салынған. Сондықтан мешітке оның аты берілген. Кейбір мәліметтер бойынша, құрылыс 1875 жылы басталып, үш жыл бойы жалғасқан. Мешіт пен мұнара құрылысының жалпы құны 40 мың сомға жеткен.

Мешіттің құрылысын салған Әулиеатадан келген халық шеберлері Исқан мен Қамал деген кісілер болған. Айтбай мешітінің сыйымдылығы 500 адамға арналған. Мешіт ғимаратында медресе мен ислам кітапханасы да орналасқан.

Сәулет жобасы жағынан ғимарат ұзартылған тіктөртбұрышты болып, оның өлшемі 22x16 м құрайды. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен салынған, төбесі қаңылтырмен жабылған. Мешіттің қасбеті және мұнарасы әшекейлі кірпіш қалауымен безендірілген. Ішкі

көріністері сыланған және ақталған, төбесі боялған. Ғимаратпен аула құрылыстары жанасып тұр, олар мешітпен бірге ортақ кешенді құрайды. Сол жай ішкі жағынан зал және вестибюльге бөлінген. Кеңес уақыты кезінде мешіт діни мекемесі ретінде пайдаланылған, 1970 жылдары мешіттің ғимараты облыстық өлкетану мұражайына беріледі. 1982 жылы мешіт ғимараты Қазақстандағы республикалық маңызды тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген және мемлекет бақылауына алынған. Өкінішке орай, мешіт ғимаратының басындағы түрі бізге жетпеген. Өзгертілген ғимараттың қасбеті ғана сақталғандықтан, мамандар оны тарихи құндылығы жойылған деп бағалаған.

Перовский кезеңінен қалған ғимараттардың бірі – Құдай анасының иконасына арналған қасиетті-Қазан соборы. Бұл ғимарат Қызылорда және Қызылорда облысындағы Орыс православ шіркеуінің жалғыз храмы және Қазақстан Республикасы үшін маңызы бар сәулет ескерткіші.

300-ге жуық адамға ыңғайлап салынған ғибадат орнына келушілерінің дені Сыр жеріне қоныс аударған өзге ұлт өкілдері болды. Бастапқыда шіркеу ғимараты 1863 жылы салынып, сабан мен кірпіштен өрілген екен. Кейін бұл нысан 1890-1895 жылдары жергілікті құрылысшы Есаков пен инженер Калининнің жобасы бойынша жасалған. Биіктігі 18 м, қабырғасы 17 метрден қиылған бұрыштары бар, күйдірілген кірпіштен қаланған. Ішкі бөлмесі крест сияқты бөлінген екі жарықты күмбезделіп жабылған, ғимараттың алдыңғы жағында шіркеу мұнарасы салынған. Қас беті өрнекті қышпен өрілген. Шіркеуде алғашында 9 қоңырау болған. Оның ең үлкенінің салмағы 136 пұт, яғни 2 тоннадан асқан көрінеді. Кейіннен қоңырауларды большевиктер балқыту үшін алып кеткен деген дерек бар. Содан бүгінде 1 қоңырау ғана сақталған.

Шіркеу 1930-жылдары депортацияланғандарға арналған жатақхана, кейін архив, музей болған. 1938 жылдың 23 желтоқсанында қазіргі облыстық мемлекеттік мұрағатқа шіркеу ғимараты беріледі. 1946 жылдың 8 шілдесінде Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты және мұрағат бөлімі жаңа ғимаратқа Горсоветская №4 үйге орналасқан жеке ғимаратқа көшірілген [1-13]. Сонда 1938 жылдан 1946 жылға дейін шіркеу ғимаратына мұрағат орналасқан. 1941 жылы Қызылордаға Орджоникидзе өлкесінің мемлекеттік архиві көшіріліп әкелінеді. Осы жылдың 17 желтоқсанында Орджоникидзе мемлекеттік архивінің 221 қоры, 45 мың сақтау бірлігі, филиалының 148 қоры, 22527 сақтау бірлігі, Черкиск автономиялық облысының 12 қоры, 1546 сақтау бірлігі, Қарашай автономиялық облысының 7 қоры, мың сақтау бірлігі, Кизляр округі мемлекеттік мұрағатының 15 қоры, 3859 сақтау бірлігі шіркеу ғимаратында сақталған [2-51].

Кеңестік билік дәуірінде 1982 жылға дейін бұл ғимаратта тарихи-өлкетану мұражайы жұмыс істеді. 1989 жылғы мамырдан бастап ескі ғимарат православтық орыс шіркеуі ретінде берілді. Ол қазірде қаладағы барлық христиандардың бас қосып, мінәжат ететін негізгі орнына айналып отыр. Шіркеу мемлекеттің қорғауына алынып, бұл орын еліміздегі осы үлгімен салынған жалғыз құрылыс болып табылады және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енді.

Облыстық мемлекеттік мұрағатта 1890-1920 жылдардағы мешіт, шіркеу кітабы сақталған. Өзбекстан Республикасындағы Ә.Навои атындағы Ұлттық кітапхананың сирек қорлар бөлімінде генерал-адъютант К.П.Кауфманның тапсырмасымен жасалған Жөлек елді мекені мен Перовск қаласы тыныс-тіршілігін жан-жақты бейнелейтін үш сурет альбомы сақталғаны, онда Жөлек пен Перовск базары, мектеп, шіркеу үйлері және сол кезде пайдаланылған ұлттық киімдер, ыдыс-аяқтар суреттерінің басылғаны анықталған. [3-8б.] Міне, осындай халықтың қымбат қазынасы болып табылатын құжаттардың тарихты тапжылтпай тануға қосар үлесі мол.

Қазіргі көркемсурет галереясы орналасқан облыстық әскери комиссариат ғимаратының да тарихы тереңде жатыр. Облыстық әскери комиссариаттың ғимараты ХІХ ғасырдың аяғында, яғни 1896 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының тапсырмасымен ресейлік патша әскерінің казармасы ретінде салынған. Ескерткіш бұрынғы Ақмешіт бекінісінің қамалы аймағында, Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ғимарат күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған, іргетасы таспалы, нығыздалған тастардан қаланған. Екі қабатты, жоспарында созылған тікбұрышты, негізгі және артқы қасбеттердегі шығыңқы ризалиттермен өрілген. Ғимарат айқын жоспарланған құрылымдардан тұрады. Ғимараттың архитектурасы «кірпіш стиліндегі» өзінің әсем мүмкіндіктерін қажетті деңгейде пайдаланғанын көрсетеді. Кеңес уақытында және тәуелсіздік жылдарында ғимарат әскери комиссариаттың шақыру пункті негізінде қызмет еткен. 2000 жылдары әскери комиссариаттың басқа ғимаратқа көшуіне байланысты қараусыз қалған. 2005 жылы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мемлекеттік мекемелер орналастырылған. 2014 жылы оған толық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қорғау аймағы бойынша қоршалды. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында 2018 жылы ол Қызылорда облысының 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған.

Сол сияқты бір кездері қаланың ескі базар аумағында әскерилердің балалары үшін оқу ордасы ретінде салынып, кейін қыздар приход училищесі, аудармашылыққа дайындайтын түземдік мектеп болған. Ең алғаш «Қыздар приход училищесі» болып ашылып, кейіннен «Перовск орыс-қазақ училищесі» болып жұмыс істепті.

Аталған училищеде Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдары аралығында білім алған. Бүгінде ғимарат алдына арнайы М.Шоқайдың оқығаны жайында тақта орнатылған.

Күйдірілген кірпіштен салынған бұл ғимараттың ірге тасы 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы негізінде қаланған. Жергілікті маңызы бар тарихи ғимарат бір қабаттан тұрады. Алдыңғы қасбетінің орталық бөлігінде «1878 г» деген жазу бар. 1925-1929 жылдары ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасқан. Яғни, «Еңбекші Қазақ» және «Советская степь» газеттері шыққан. Астана Алматы қаласына көшкен кезеңнен бастап ғимаратта 1973 жылға дейін облыстық кітапхана, тігін-тоқыма фабрикасы орналасқан. 1990 жылы жаппай жекешелендіру салдарынан «Аль-асад» сауда үйіне айналған. Ғимарат жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Негізінен бұған дейін бұзылып кеткен ғимараттардың қатарында тарихи маңызы зор нысандар аз емес. Бұзылып кеткен ғимараттардың ішінде Қызылорда астана болып тұрғанда Қазақ АКСР-ның Үкімет үйі болған ғимарат та бар еді. 1925 – 1929 жылдары үкімет үйінде Қазақ АКСР Өлкелік Партия Комитеті, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі, Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті орналасқан еді. Аталмыш нысан Қызылорда қаласы ғана емес, ел тарихы үшін өте құнды ғимарат еді. Алаш зиялылары тұрған үйлер, олар жұмыс істеген қасиетті орындар ешқашан да құндылығын жоғалтпауға тиіс. Сондықтан әлі де сақталып тұрған тарихи орындарды көздің қарашығындай қастерлеп ұстауға тиіспіз.

Әдебиет

1. ҚОММ (Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты). 148-қор, 1-тізбе, 103- іс.
2. ҚОММ. 148-қор, 1-тізбе, 66- іс.
3. Ғасырлармен тілдескен мұрағат.-Астана, 2009-136 б.

ӘОЖ 16.21.41

Shortening of spoken words

Atazhanova Zeynep Myrzakhozhakyyzy
Myrzakhozhayeva Zeynet Sultanbekkyzy
Myrzakhozhayeva Meruert Sultanbekkyzy

Түйіндеме

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі ауызекі сөздердің қысқартулары және оның түрлері туралы баяндалады.

Резюме

В данной статье рассказывается о сокращениях разговорных слов в английском языке и их видах.

Word-building process involved not only qualitative but also quantitative changes. Derivation and compounding represent addition, as affixes and free stems are added to the underlying form.

Shorting, on the other hand, may be represented as significant subtraction, in which part of the original word is taken away.

The spoken and the written forms of the English language have each their own patterns of shortening, but as there is a constant exchange between both shores, it is sometimes difficult to tell where a given shortening really originated.

As a type of word-building of spoken words, also called clipping or curtailment, is recorded in the English language as far back as the 15th century. It has grown more and more productive ever since. This growth becomes especially marked in many European languages in the 20th century, and it is a matter of common knowledge that this development is particularly intense in English.

Newly shortened words appear continuously; this is testified by numerous neologisms, such as *demo* n “a demonstration” *frig* or *fridge* refrigerator; *mike* n from *microphone*; *TV* n from *television set*; *vac* n from *vacuum cleaner*, etc.

It is interesting in this connection to compare the morphemes *tele* - in *television* and *telecast*. They are homonymous but not identical, *Tele* - in *television* is derived from Greek *tele* “far”, it is a combining form used to coin many special terms denoting instruments and process which produce or record results at a distance, such as *telecommunication*, *telemechanics*, *telepathy*, *telephone*, *telescope*. *Tele* - in *telecast* does not mean <<far>>, it is a new development - the shortened variant of *television* rendering a special new notion [1.].

Television > *vision* at a distance

Tele (broad) a broadcast at a distance

Tele (broad) *cast* > a television broadcast.

The correlation of a curtailed word with its prototype is of great interest. Two possible developments should be noted:

1) The curtailed form may be regarded as a variant or a synonym differing from the full form quantitatively, stylistically and sometimes emotionally, the prototype being stylistically and emotionally neutral, e.g., *doc* - from *doctor*, *exam* from *examination*. Also in proper names: *Becky* from *Rebecca*, *Frisco* from *San Francisco*, *Japs* from *Japanese* [2.].

2) In the opposite extreme case the connection can be established only etymologically. Consequently pair of etymological doublets comes into being, e.g., *chap* < *Chapman*, *fan* < *fanatic*, *miss* < *mistress*. Various classifications of shortened words have been or may be offered.

The generally accepted one is that based on the position of the clipped part. According to whether it is the final, initial or middle part of

the word that is cut off we distinguish final clipping, initial clipping and medial clipping.

1) Final clipping in which the beginning of the prototype is retained and forms the bulk of the class: e.g., ad from advertisement, ed from editor, gym from gymnasium, lab from laboratory, etc.

2) Initial-clipped words retaining the final part of the prototype are less numerous but much more firmly established as separate lexical units, e.g. fend v from defend, mend v from amend, story n from history, phone from telephone, chute from parachute, etc.

3) Curtailed words with the middle part of the word left out are equally few. They may be subdivided into two groups:

a) words with a final-clipped stem retaining the functional morpheme: math from mathematics, specs from spectacles, etc;

b) contractions due to a gradual process of elision under the influence of rhythm and context, e.g. fancy from fantasy, ma'am from madam [3.].

Graphical Abbreviations. Acronyms

Because of the ever closer connection between the oral and the written forms of the language it is sometimes difficult to differentiate clippings coined in oral speech from graphical abbreviations.

Graphical abbreviations often pass into oral speech and become widely in conversation. Words formed from the initial letter or letters of each of the successive parts are called acronyms.

Two possible types of orthoepic correlation between written and spoken forms should be noted:

1) If the abbreviated written form can be read as though it were an ordinary English word it will be read like one. Many examples are furnished by political and technical vocabulary. UNESCO, also Unesco [ju: 'neskou] - United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization; U.N.O, also ['ju:nou] - United Nations Organization.

2) The opposite subgroup consists of initial abbreviations with the alphabetic reading retained [4.]. The examples are well-known: BBC ['bi:'bi:'si:] - the British Broadcasting Corporation; GI ['d,i:' ai] - Government Issue; MP ['em 'pi-l - Member of Parliament; SOS ['es'oues] - Save Our Souls, a wireless code - signal of extreme distress.

The term abbreviation may be also used for a shortened form of a written word or phrase used in a text on place of the whole, for economy of space and effort.

All kinds of shortening are very productive in present day English.

They are especially numerous in colloquial speech.

Literature

1. Adams, Valerie, An Introduction to Modern English Word-Formation. London: Longman. 1973, 2001

2. Alekseev P.M. Graphemic and Syllabic Length of Words in Text and Vocabulary. Journal of Quantitative Linguistics, 1998

3. Booij, Geert, The Grammar of Words. Oxford, UK: Oxford University Press, 2005

4. Huddleston, Rodney and Geoffrey K. Pullum, The Cambridge Grammar of the English Language. Cambridge, UK: Cambridge University Press, 2002

ӘӨЖ 16.21.47

Borrowing is the main source of enriching English vocabulary

Atazhanova Zeynep Myrzakhozhakyzы
Myrzakhozhayeva Zeynet Sultanbekkыzy
Myrzakhozhayeva Meruert Sultanbekkыzy

Түйіндеме

Бұл мақалада шетел тілінен енген сөздердің көмегімен ағылшын тілі тіл қорының көбею баяндалады.

Резюме

В этой статье затрагиваются способы увелечения английского словарного состава путем заимствованных слов.

In the modern world, borrowings in general occupy an important place, as one of the main sources of vocabulary development.

Despite the fact that most of the vocabulary of the English language consists of borrowed words, it has not lost its qualities, but on the contrary, it has been enriched not only with new lexical units, but also with concepts. One way or another, all languages are full of foreign words and expressions, and this problem is unlikely to ever lose its relevance, due to the rich common history and mixing of languages. The clarification of the main sources of the introduction of foreign borrowings into the English language, definition of their role in modern vocabulary, study of the reasons for the penetration of borrowings into the language development of borrowing classification proof that the English language has not lost its individuality, despite the colossal number of loanwords. The analysis of borrowed words can be carried out by various methods: descriptive, comparison, observation of linguistic phenomena and analysis of foreign language vocabulary in the media [1.].

The vocabulary of the language has constantly changed throughout English history in the course of various invasions and conquests, the development of trade and the influence of the cultures of neighboring countries. One of the features of borrowings that have come into English is their number, which is quite large in comparison with other languages. On average, borrowings make up more than fifty percent of the vocabulary, while the remaining layer of vocabulary contains native English words and

expressions. Language borrowings provide a sufficiently high quality of intercultural communication. The vocabulary of the English language includes part of the Germanic words, namely: borrowed from the Scandinavian and Old English languages, from Latin, Russian, French, Spanish and many other languages. The names of the basic concepts, as well as almost all numerals, have their origin in the Old English language, for example: life and death, night and day, hot and cold, etc. A large number of verbs, nouns and adjectives come from Old English and Scandinavian languages. (e.g. Wife, sit, bring, brother, land, happy, wrong, etc.) peoples. Indeed, despite the huge number of borrowings, the grammatical structure of the language remains unchanged.

English, like no other, had the opportunity to borrow words due to the fact that Great Britain was constantly in direct contact with neighboring countries, which ultimately led to the spread of foreign words on its territory. However, despite the fact that there are a huge number of borrowings in the language, modal verbs, conjunctions, adverbs, almost all pronouns and almost all verbs, as well as many nouns, are native words. The influence of a particular language can always be associated with historical factors, such as various conquests, trade, wars, and many others. All these reasons lead to varying intensity of the introduction of borrowing, depending on the circumstances prevailing in a given period of time [2.].

In the modern world, borrowings in general occupy an important place, as one of the main sources of vocabulary development. Loanwords are words adopted by the speakers of one language from a different language (the source language). A loanword can also be called a borrowing. The abstract noun borrowing refers to the process of speakers adopting words from a source language into their native language. "Loan" and "borrowing" are of course metaphors, because there is no literal lending process. Borrowing is a consequence of cultural contact between two language communities. Borrowing of words can go in both directions between the two languages in contact, but often there is an asymmetry, such that more words go from one side to the other. The process of borrowing can be carried out in two ways, namely, written and oral. In the event that a word is borrowed orally, assimilation occurs much faster than in the case of a written one. But, despite this, words borrowed in writing retain grammatical, spelling and phonetic features much longer. The introduction of borrowings is realized in most cases independently, as well as with the help of other languages (for example: many Greek words came to English with the help of Latin).

There are three main ways to introduce borrowings: transcription, tracing and transliteration.

1. Transcription is a phonetic way of borrowing, i.e. when a word is transferred to another language, its sound form is preserved (fr. restaurant).

2. Tracing is a way of borrowing words in which the constituent parts (morphemes) are replaced by their equivalents in the borrowing

language (eg: Miniskirt "miniskirt", suicide "suicide"). In the process of tracing, parts of the borrowed word are combined in the likeness of a foreign word.

3. In the case of transliteration, the spelling of the word is borrowed, the letters in the borrowed word are replaced by the letters of the foreign language, and therefore the word begins to be read according to all the rules of the borrowing language (eg: hotel, zebra, sport).

There are many classifications of borrowed vocabulary proposed at different stages of the development of linguistic teachings. Let's consider the main ones.

Classification by source of borrowing, first of all, it must be remembered that the source of borrowing is the language from which the word is taken into the English vocabulary.

The sources of borrowing words into English are numerous for historical reasons. Over the centuries, Britain entered into various contacts with many countries, was subjected to invasions and conquests, and later became the "mistress of the seas" and the mother country for a large number of colonies. All this led to intensive language contacts, which resulted in the mixed nature of the English lexical composition. The most significant influence on the English vocabulary was made by Latin, French and Scandinavian languages.

Latin borrowings entered the English language in several waves. The earliest layer dates back to the time when the Germanic tribes of the Angles, Saxons, Jutes and Frisians, even before moving to Britain, entered into trade and military contacts with the Romans. At this time, the designations of objects of material culture were mainly borrowed - English, sir (lat. Sarra), butter (lat. butyrum), copper (lat. cuprum), etc. Before the capture by the Germans, Britain was under the rule of the Roman Empire for about four hundred years. It was during this period that such borrowed words as street (lat. via strata), wall (lat. vallum), mint (lat. menta, moneta) and others appeared in English [3.].

French borrowings, contrary to popular belief, appeared in English long before the Norman Conquest. The number of borrowed words that have survived to this day is small, but they testify to the existence of linguistic contacts between the British and the Normans, a Scandinavian people who lived from the 9th century. on the northern coast of France, in the duchy of Normandy and speaking the northern dialect of French. Among the surviving borrowings of this period are the words proud, tower, chancellor (we give the modern form of the words). Beginning with the Norman Conquest in 1066 and up to the 16th century. French borrowings are pouring into the English language in a powerful stream. The English vocabulary is replenished with words from different thematic groups, reflecting the peculiarities of life in Britain at that time. So, to describe the country, the French words country, valley, river, border, etc. appear. A large group of words is associated with the naming of social relations.

Native English words in this thematic group are few; they are king, queen, earl, lord, lady. The borrowed words are emperor, duke, duchess, baron, count, dame, damsel, etc., conveying new concepts that have entered the life of the British. The Normans became the new rulers of the country, and this was reflected in the language by the presence of French borrowings in the thematic group "Governance of the country": sovereign, crown, administration, parliament, guardian, reign, etc.

In the XII-XVI centuries. French borrowings come mainly along with religious concepts, and also in connection with the spread of French fashion, cuisine, crafts: chastity, innocence, devotion; barber, butcher, merchant, coin; garment, cotton, towel; fry, boil, mutton, cabbage.

In the 17th century the bulk of French borrowings are commercial and industrial terms: capital, commerce, insurance, bank, machine, investment, etc.

In the 18th century, the political terms of the French Revolution are added to them: aristocrat, democracy, despot, section, etc. Later, the flow of borrowings from French gradually dries up.

Scandinavian borrowings also largely determined the mixed nature of the English vocabulary. This was largely facilitated by the direct coexistence of the British with the Danes on the territory of England during the period of Danish rule (X-XI centuries). Unlike Latin borrowings that came through written sources, Scandinavians appeared mainly as a result of oral communication. Only a few words of Scandinavian origin can be found in Old English written monuments. Only towards the end of the XII century, with the advent of written sources reflecting dialectal forms, there is evidence of earlier oral borrowings from the Scandinavian languages. The belonging of both English and Scandinavian languages to the same Germanic group allowed those who spoke them to at least understand each other, and in this process there was a strong mutual influence of languages. Borrowed mainly nouns, verbs and adjectives. give, take, hit, leg, skin, sky, and even the pronoun they are examples of Scandinavian words. Their division into thematic groups is difficult due to the very large variety; the semantics of most words is of a general nature: husband, fellow, drag, bag, snare, leg, calf, skin, skirt; cast, take, guess; ill, wrong, low and many other words. In recent times, borrowings from the Scandinavian languages are rare.

Trade and industrial relations between England and Holland led to the appearance in English of a large number of Dutch terms from the field of shipbuilding and navigation (bowsprit, buoy, cruise, dock, reef, yacht) and weaving (rock - spinning wheel, spool - bobbin, stripe - flap). Dutch art was reflected in the borrowing of the terms of art history (easel, etch, landscape); the Dutch colonization of South Africa brought vocabulary related to the ethno- and geographical features of this country (bushman, kraal, veldt). Borrowings from Romance languages (Spanish, Italian, Portuguese) also reflect the history of relations between these countries and

Britain. A large number of Italian words from the field of culture and art have penetrated into the English language since the 16th century. These are musical terms (adagio, allegro, basso, opera, trio, sonata), vocabulary related to literature and fine arts (cameo, fresco, studio, intaglio; canto, stanza). A number of words are introduced into English through the description of Italy by British travelers (volcano, lava, casino, gondola, cicerone). Some words denoting political and commercial concepts (fascism, bank, traffic) were borrowed. Recently, Italian borrowings have been recorded mainly in American English, which is easily explained by the ethnic composition of the United States. Examples of such late borrowings are the words pasta, paparazzi, mafia.

Spanish borrowings are especially numerous in the 16th-17th centuries, when, on the one hand, England and Spain dispute the primacy of each other in the foreign policy arena, develop the territories of the recently discovered America, and on the other hand, Spanish literature is in its prime, introducing the rest of Europe Spanish realities. Spanish borrowings include armada, banana, barbecue, canyon, cargo, chocolate, cigar, cocoa, hurricane, potato, ranch.

Classifications according to the degree of assimilation of borrowings: Coming into the recipient language, the word is assimilated in a new system in different ways. First of all, let's take a look at what happens to the form of the borrowed word. In some cases, it can be very easy to recognize a "stranger" by graphics and / or phonetics that are not typical for the English language. The word retains its material shell, while its morphological composition is also partially reworked. If the semantics of the prototype is also preserved in the word, then it is classified as a foreign word and refers to full borrowings (domino, protege, tete-a-tete). Also, words partially processed in phonetic and grammatical terms can be attributed to full borrowings. They are clearly felt as borrowed, but subject to the pronunciation and grammatical norms of the English language (reason, culture, exhibition) [1.].

With the further existence of borrowing in the language, it enters into different compatibility with other words, which often leads to a change in its semantics compared to the prototype. So, the Latin word caseus (cheese), being borrowed into English in this sense, later acquired the figurative, terminological meaning of "reel". The Old French verb alouer, "to rent," was transformed into the modern English allow, "to allow." Typical examples of such borrowings are the English canister (from the Latin canistrum, "wicker basket"), coffin (from the Old French coffin, "box"), and travel (from the French travailler, "to work"). Borrowings of this type are called relative and make up the majority in the English vocabulary, which is easily explained by the influence of the system of the receiving language on the elements newly included in it. Morphemic borrowings are especially distinguished, which are words created from foreign morphemes within the English language. These include many

terms, such as anion, cation (from the Greek. ana - "up", cata - "down" and ion - "going"); telephone, phonograph, teletype. The above classification is based mainly on the formal features of borrowed words. The distribution of types of borrowings according to the degree of assimilation of the semantics of words looks somewhat different. The least recognizable group of borrowings, and therefore most consistent with the standards of the English language, are completely assimilated words. Once in the English language from different sources, over time and under the influence of the system of the recipient language, they have changed phonetically, grammatically and semantically so much that native speakers recognize them as primordial. Completely assimilated words form the core of the vocabulary along with native ones. Examples of this type are the Scandinavian verb take, the Latin wall, the French table, and many others. Words that are fully assimilated by the English language, proposes to call native.

The main reason for borrowing is to provide a word from the source language variety when there is no suitable existing word in the target language. English language, still, continues to expand its vocabulary by means of loanwords from other languages. The English language has a very high percentage of borrowings over 70% most of which are borrowed from French and Latin.

As the Danish linguist Otto Jespersen noted, "English is a chain of borrowings," which resulted in numerous conquests. With each conquest, the English language was more and more enriched with foreign words, which is why conquests are one of the main reasons for the appearance of borrowings. It not only borrows from other languages but also is borrowed by others. The more contacts, the more loan words the language will acquire. The borrowing and lending lead to the merging of different languages from different nations and form new English words. Thus, the English language, having been formed over many centuries, has become the way we know it now. Presently modern English has developed a set of scientific and technological terms common to and used by all languages as is true with politics, media, and finance.

Literature

1. И.В.Арнольд Лексикология современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 1986, стр.56,61
2. И.В.Арнольд English Word. – М., 1986, p.78
3. Артушина English Lexicologyю – М., 1985. стр. 95

**XX ғасырдың басындағы Түркістанды мекендеген
халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы**

Бибасова Айнур Муратовна
И-23М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматривается национально-освободительное движение народов, населявших Туркестан в начале XX века

Abstract

The article examines the national liberation movement of the peoples who inhabited Turkestan in the early twentieth century.

Түркістан атауы ежелгі жазба деректерінде VII-IX ғасырлардан бастап пайда бола бастады және парсы тілінде «Түркілердің отаны» дегенді білдіреді.

Алғаш рет бұл атау VII-IX ғасырларда араб-парсы тарихшылары тарапынан қолданылған және ол барлық түркі тілдес тайпалардың мекендеген жерін қамтиды. IX ғасырдағы араб географы Ибн Хордадбек өзінің «Китаб ал-масалик уа-машлик» еңбегінде: «Мервтен екі жол шығады, бірі – Шағиқа және түркі еліне, екіншісі – Балх пен Тохаристанға апарды» деп жазған. Оның замандасы, тарихшы әрі географ ал-Якуби бұл ұғымды нақтылап, өзінің «Китаб ал-булдан» шығармасының бір тарауын «Түркістан» деп атап: «Барлық түркі елдері Хорасан мен Седжестанмен шектеседі. Түркістанда түркілер бірнеше елге, тайпаға бөлінеді» деп көрсетеді. Осылайша, Түркістан атауы IX-X ғасырлардан бастап этно-географиялық мәнге ие болып, кеңінен қолданылуға кіріседі.

Түркістан – түркі халықтарының мәдени және тарихи орталығы болып табылады. Атаудың шығу тегі туралы мынадай деректер бар: Түркі тілінен: «Түркістан» сөзі «түркілердің жері» деген мағынада. «Түркі» – түркі халықтарының атауы, ал «стан» – «жер» немесе «ел» дегенді білдіреді. Тарихи деректерге сүйенсек, Түркістан қаласы мен оның айналасындағы аймақтар тарихта көптеген мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан жері болған. Бұл жерде ислам мәдениеті, сауда жолдары, сондай-ақ, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті дамыды. Түркістан Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан, бұл оның тарихи маңыздылығын арттырады. Қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, бұл сауда мен мәдени алмасудың орталығы болды.

XX ғасырдың басында Түркістанда ұлт-азаттық көтерілістері кеңінен таралды. 1916 жылы Ресей империясының әскери реквизициясына қарсы халықтың наразылығы өршіді. Түркістандықтар, әсіресе, қазақтар мен өзбектер, ұлттық автономия

мен тәуелсіздік үшін күресті. Бұл көтерілістер ұлттық сана-сезімнің оянуына, ұлттық бірліктің нығаюына ықпал етті.

XX ғасырдың басында бүкіл қазақ және де басқа да түркі жерлері Патшалы Ресейдің қол астында болды. Ресей Орта Азиядағы шағын мемлекеттерді бағындарғаннан кейін, бүкіл аймақ бөлініп, негізінен екі губернияға біріктірілді: 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды, ал 1882 жылы Дала генерал-губернаторлығы құрылды.

Түркістан губерниясына Сырдария мен Каспий сырты (Закаспийская) облыстары, ал Дала губерниясына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірді. 1899 жылы Жетісу облысы Түркістан губерниясының қарамағына өтті. Түркістан генерал-губернаторлығының 2 обылыс болған. Осы Түркістан генерал-губернаторлығының территориясының көлемі 1млн. кв. км. Ал Түркістанның орталығы Ташкент қаласы болды. Түркістанның территориясы солтүстік және солтүстік-батыста Оренбург және дала өлкесіне дейінгі, шығыста Қытайға және Монғолияға дейінгі жерді, оңтүстік және оңтүстік батысында Ауғанстанмен, Бұхарамен, Қоқан және Хивин патшалықтарымен, батысында Каспий теңізі және Кавказға дейінгі жерлерді алып жатты.

Ресей патшалығы осылай қазақ елін губернаторлыққа, облыстарға, уездерге бөліп тастады да өз билігін, отарлық саясатын күшейтіп жіберді. Сонымен бірге патшалы Ресей әр губернаторлыққа өз адамдарын губернатор етіп қойды. 1867-1917 жылдар аралығында Түркістан генерал-губернаторлығын басқарған генералдар: Генерал-майор Константин Петрович фон Кауфман (1867-1882) - Түркістан генерал-губернаторлығының алғашқы генерал-губернаторы. Генерал-лейтенант Александр Александрович Каппель (1882-1884) - Краткосрочный генерал-губернатор. Генерал-лейтенант Михаил Васильевич Скобелев (1884-1886) - Түркістанда әскери реформаларды жүргізген. Генерал-лейтенант Николай Иванович Герасимов (1886-1891) - Генерал-губернаторлықты басқарған. Генерал-лейтенант Владимир Алексеевич Каппель (1891-1895)-Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал еткен. Генерал-лейтенант Алексей Алексеевич Брусилов (1895-1904) - Түркістандағы әскери және азаматтық басқаруды нығайтқан. Генерал-лейтенант Николай Николаевич (1904-1906) - Генерал-губернаторлықты басқарған. Генерал-лейтенант Анатолий Алексеевич (1906-1910) - Түркістанның дамуында маңызды рөл атқарған. Генерал-лейтенант Михаил Федорович (1910-1917) - Соңғы генерал-губернатор.

Ал 1914-1916 ж.ж. өлкенің уақытша үш губернатор Ф.Ф.Фиуг, Н.Мартсон және А.Ерофеев болды. Бұл аталған үш генерал-губернаторды патша арнайы жарлықпен бекітпеді. Бұл генерал-губернаторлардың барлығы дерлік дворяндар сословкесінен шыққандар еді. Жоғарыда аталған генерал-губернаторлар Оңтүстік

Қазақстан генерал-губернаторлары еді. Түркістан өлкесіндегі билеп-төстеген әскери-губернаторларда өз қызметінде ұзақ тұрмай жиі алмастырылып отырды. Бір ғана Сырдария облысында 7 әскери-губернаторларда алмастырылды: 1867-1877ж.ж. Генерал-лейтенант Н.Н.Головачев, 1877-1893 ж.ж. генерал-лейтенант Н.И.Гродиков; 1893-1905 жж генерал – лейтенант Н.И.Коробков; 1905-1906 жж генерал – майор И. И. Федотов; 1906-1911 жж генерал – лейтенант А.С.Палкин. Бұл тізімдерден біздің байқайтынымыз барлық әскери губернаторлар орташа және жоғарға әскери білімі бар, дворян отбасынан шыққан.

Билік орындары мен қоғам арасындағы тартыс бірінші дүние жүзілік соғыс уақытында одан әрі шиелінісіп кетті. Соғыс жағдайын пайдаланып, отаршыл билік өкілдері жергілікті халыққа салық салуды күшейте түсті. Атап айтқанда, 1 қаңтардан тікелей салықтың 21 процентін құраған соғыс салығы салынды. 1914-1917 жылдары «өз еркімен» халық тарапынан соғыс мұқтажына деп 3,2 млн аса ақша жиналды, оның 2,8 млн сомдай мөлшерін Оңтүстіктің жергілікті тұрғандарынан жиналды.

1915 жылдың көктемінен бастап майданның кара жұмысшыларына яғни тылда бекіністер салу, көпірлер салу, каналдар қазу, отын даярлап, армия қажетіне арналған шалдарды күтіп бағып теміржолдарды күзету, тузету т.б. істерге шығыстағы отар елдерден тегін адам күшін жолдау кең қанат жая бастады.

Жетісу және Сырдария облыстарында көтерілістің өршеленіп, ұят-аралық қатынастардың шиелнісіп кетуіне қазақтар емес, тікелей орыс бүлігі мен шенеуніктері айыпты деп көрсетті М.Тынышбаев Түркістан генерал-губернаторына берген түсініктемесінде.

Алайда патша өкіметі бүкіл Түркістан шарпылған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып жаншыды. Оның қатал көрінісін Жетісу халық басына түскен ауыртпалық жайлы төмендегі деректер байқатады. 1916 жылғы көтеріліс барысында Жетісудағы 94 қазақ-қырғыз ауылы бүліншілікке ұшырап, 50373 үй өртке оранды, 1905 адам қаза болды, 684 кісі ауыр жарақат алды, 1105 адам тұтқынға түсті, Жетісудың 300000-дай тұрғыны Қытайға ауып, босқынға айналды.

Жетісудағы көтерілістің басшылары да аяусыз жазаға ұшырады: Б.Б.Әшекеевті дарға асты, Ж.Мәмбетовты түрмеде у беріп өлтірді.

1916 жылғы көтерілістің бір себебі XIX ғасырдың аяғы XX ғасыр басында Түркістан өлкесіне негізілген реформалардың зардаптарынан да туындарды деуге негіз бар. Өйткені жер мәселесінің, рұхани езгінің ресми бастау олар тұсы осы заңдылық құжаттар негізінде жасалғаны білгілі.

Сонымен Түркістан жерін XIX соңы-XX ғасыр басында Ресей Империясы шеншігіне айналдыру мақсатында патша өкіметі әр қадамын заңмен негіздеп отырды. Түркістандық жүргізілген саяси

әкімшілік реформалар отаршылдық билік жүйесі жергілікті халықты ұлттық мемлекеттіліктен айырды. Сөйтіп жалпы өркениеттік даму үрдісіне қатысу жолын бөгеу тастады.

Александр Бенингин «Түркістанға большевиктерге келместен бұрын, халық арасындағы көшбасшылықты интеллигенция, жер иелері, бай саудагерлер мен ғұламалар құрастырды. Бірақ олардың арасынан халықты біріктіріп, соларға басшылық жасайтын тиянақты көшбасшы шықпады. Түркістан халқы бөлек-бөлек топтасын қана күрес жүргізді. 1905-1917 жылдар аралығында Түркістан мұсылмандары аяқ астынан саяси күреске аттанды. Оның екі негізі болды: біріншісі – тәуелсіздікті алу, екіншісі – исламды қорғау. Осы екі негіз халықтың болмысын орыстардан сақтап қалды.

XIX ғасырдың ортасында Батыс Түркістанда Бұхара, Хиуа (Хорезм), Қоқан хандық мемлекеттері, ал Шығыс Түркістандағы Жақыпбектің мемлекеті өмір сүріп жатты. Бұхара, Хиуа және Қоқан мемлекеттері ХҮІ ғасырдың басында Темір әулеті мемлекетін жойған өзбек түрік Шейбани хан әулеті мемлекетінің ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда бөлшектенуінің нәтижесінде пайда болған еді. Шығыс Түркістан 1877 жылы мемлекеттік мәртебесін жоғалтуға мәжбүр болды. 1933 жылы 12 қарашада өмірге келген Шығыс Түркістан Республикасы Қытай мен Ресейдің бірлескен қимылдарының нәтижесінде 1934 жылы 16 сәуірде жойылды. Батыс Түркістандағы мемлекеттер ішінде Бұхара хандығы кезінде қазіргі Түркістанның үштен екі бөлігін қамтыған күшті мемлекет болатын. Ресей Түркістан далаларын (Ұлы, Орта, Кіші жүздері) ХҮІІІ ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың басына дейін түгел жаулап алғаннан кейін Қоқан мемлекетін де өзіне бағындыру қимылдарын бастады. Ресей армиясы 1852 жылы Қоқан хандығының Арал көлі маңындағы Ақмешіт бағытында шабуылға шығып, оны басып алған соң Қоқан хандығының арасында 1852-1876 жылдарындағы 24 жылдық соғыстың қорытындысында Ресей ақыры Қоқан мемлекетін жойды. Бұл хандықтың бөлшегі болып табылған Алай бассейнінің әміршісі Құрбанжан датқа Ресей үстемдігін таныған, бірақ ішкі мәселелерде толық тәуелсіз кішкене Алай мемлекетін құрған еді. 1907 жылы Құрбанжан датқа қайтыс болған соң Ресей бұл мемлекеттің ішкі істеріне де араласа бастады. Ал 1922 жылы Қызыл армия Алай өңірін біржола басып алды. Ресей 1865 жылы тәуелсіз Бұхара мемлекетнің жерлерін басып ала бастады. 1865-1868 жылдар аралығындағы Ресей-Бұхара соғысында Бұхара жеңіліске ұшырады. 1868 жылы 23 маусымдағы Ресей мен Бұхараның арасындағы бейбіт бітім жөніндегі келісімге сәйкес Бұхара мемлекеті өзінің, Оратөбе және Жизақ сияқты қалалары мен облыстарын Ресейге беруге мәжбүр болды. 1873 жылы 28 қыркүйекте Ресей мен Бұхара арасында 18 баптан тұратын жаңа келісімге қол қойылды.

Кеңестік Ресей мемлекеті 1920 жылдың ортасына дейін Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасының

басқару формалары мен құқықтары жайында нақты шешім қабылдаған жоқ. Ресей атқару комитеті 1920 жылы 27 тамызда Түркістан республикасы жайындағы қаулы ретінде Түркістан кеңес социалистік республикасының РСФСР-дің автономиялық бөлгі екенін хабарлады. 1920 жылы қыркүйекте бұл кеңес республикасының жаңа конституциясы қабылданды. 1921 жылы сәуірде кеңес мемлекеті Мәскеуде бұл конституцияны бекітті. Ташкентте жұмыс істеген бұл кеңес автономиялық республиканың үкіметі мен әскернің Түркістандағы кеңес билігіне тосқауыл боларлық жағдайы жоқ-тын. Ал Түркістандағы ұлт-азаттық күрес (басмашылық, қозғалысы) Түркістандағы кеңес билігін жоятын дәрежеге жеткен еді. Кеңестік Ресей жетекшілері Түркістанда кеңес билігін сақтап қалу үшін көптеген шаралар қабылдады. Солардың екеуі аса елеулі болды. Бұлардың біріншісі – 1919 жылы 11 тамызда Ресейдің Түркістан (соғыс) майданының, екіншісі – 1919 жылы қазан айында Ресей мемлекеті мен коммунистік партиясының Түркістан комиссиясының құрылуы. Бұл комиссияға Түркістанда диктаторлық сипатта жұмыс жүргізуге рұқсат етілді. Комиссия 1925 жылы 2 ақпанда таратылды. Түркістан майданының қолбасшысы Фрунзе 1919 жылы 14 тамызда берген бұйрығында «Армияның, негізгі мақсаты – бүкіл Түркістанды басып алу», - деп көрсеткен болатын. Бұл майданның Түркістанды қайтадан жаулап алуда, Бұхара мен Хиуа мемлекеттерін кеңестендіруде үлкен «еңбегі» болғанын әркім біледі. Түркістан майданы 1926 жылы 4 мамырда таратылды, ал оның міндеттері Орта Азия әскери округі жалғастырды.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың басы ұлт-азаттық қозғалыстарға толы кезең болды. Біздің бүгінгі буыны қатпаған жас ұлт-азаттық қозғалысымыз тарихында уақыты келген сайын еске алатын қаншама тарихи күндері баршылық. XX ғасырдың басында Түркістан халқы Патшалы Ресейдің қол астында болатын. Бұл кезеңде Патшаны Ресей өзінің қаһарлы салсатаын Түркістан жерінде екі ғасырдан артық отарлау саясатын жүргізді. Бұл езгі XX ғ басында бұрынғысынан да күшейе түсті.

Әдебиет

1. Бимақанов З.Ш. Қазақстан тарихы. –Алматы, 2015. -129 б.
2. Мұхатова О. 19-20 ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. –Алматы: Ғылым, 20002.

Қазақ поэзиясындағы "бақыт" мотиві

Шаймаганбетова Кадыргул Бердибековна
аға оқытушы,
Жанай Динара,
КЯ-24 оқу тобының студенті

Резюме

В данной статье всесторонне анализируется мотив «счастья» в казахской поэзии. В произведениях казахских поэтов счастье раскрывается в различных аспектах: оно ассоциируется с любовью, родной землёй, свободой, семейным благополучием и духовным удовлетворением. Сравняются особенности понятия «счастье» в традиционной и современной казахской поэзии, выявляется его историко-культурное значение. Рассматриваются произведения таких поэтов, как Абай, Магжан Жумабаев, Касым Аманжолов, Мукагали Макатаев, а также исследуется, как концепт «счастья» отображается в современной поэзии XXI века.

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the motif of "happiness" in Kazakh poetry. Kazakh poets depict happiness in various aspects, associating it with love, homeland, freedom, family well-being, and spiritual satisfaction. The study compares the concept of "happiness" in traditional and modern Kazakh poetry, highlighting its historical and cultural significance. Works by poets such as Abai, Magzhan Zhumabayev, Kasym Amanzholov, and Mukagali Makatayev are examined to understand how happiness is perceived in the national worldview. Additionally, the research explores how the concept of "happiness" is reflected in contemporary 21st-century poetry.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында бақыт ұғымы материалдық және рухани құндылықтармен тығыз байланысты болды. Қазақ фольклорында "бақыт" көбінесе төрт құбыласы тең, бейбіт өмір сүріп, ұрпағы өсіп-өнген, дені сау, адал еңбек еткен адамға тиесілі деп есептелген.

Отбасы бақыты – қазақ қоғамында отбасы ең маңызды құндылықтардың бірі болған. "Бақытты отбасы – баянды өмірдің кепілі" деген түсінік кең таралған.

Еңбек арқылы бақытқа жету – халық даналығында "Еңбек – бақыттың тұғыры" деген ұғым бар. Адал еңбек пен маңдай терін төккен адам ғана шынайы бақытқа жетеді деген сенім болды.

Еркіндік пен жердің қасиеті – көшпелі қазақ қоғамында еркіндік үлкен бақыттың бір бөлігі болып саналған. "Жерсіз ел – бақытсыз ел" деген мақал осыны айғақтайды.

Қазақ ақын-жыраулары бұл идеяларды өз шығармашылығында бейнелеген. Мысалы, Абай Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде және өлеңдерінде бақытты білім мен ақыл-ойдың жетілуімен байланыстырады:[1]. "Адамның бақытты болуы өзіне байланысты, еңбек етіп, ізденсе, шынайы бақытқа жетеді."

Жүсіп Баласағұнның "Құтадғу білік" еңбегінде бақыт – білім мен әділдіктің нәтижесі деп көрсетіледі. Оның ойынша, бақытқа жетудің негізгі жолы – парасаттылық, әділеттілік, еңбекқорлық.[5]

Халық ауыз әдебиеті – қазақ халқының өмірлік философиясы мен дүниетанымын бейнелейтін маңызды мәдени мұра. Мақал-мәтелдерде бақыттың әртүрлі аспектілері сипатталады: отбасы, денсаулық, еңбек, білім және елдің тыныштығы.

Отбасы бақыты:

"Бақыт қайда барасың? – Бірлікке барамын."

"Отбасы тату болса – бақыт тұрақтайды."

"Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп."

Бұл мақалдардан бақыттың тек жеке адам үшін ғана емес, бүкіл отбасы мен қоғам үшін маңызды екенін көруге болады.

Еңбек пен адалдық арқылы келетін бақыт:

"Еңбек – бақыттың бастауы."

"Адал еңбек – өмірдің сәні."

"Талаптыға нұр жауар."

Бұл мақал-мәтелдер еңбектің, әділдіктің және табандылықтың адамды бақытқа жеткізетінін көрсетеді.

Білім мен ақылдың рөлі:

"Ақыл – бақыттың шырағы."

"Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады."

Бұл ойлар қазақ халқының білім мен ақылды нағыз бақытқа апаратын жол деп түсінгенін көрсетеді.

Жырлар мен эпостардағы бақытқа жету жолдары

Қазақтың эпостық жырларында бақытқа жету жолы көбінесе батырлық, әділеттілік, махаббат, адалдық және ата-анаға деген құрмет арқылы сипатталады.

"Қозы Көрпеш – Баян Сұлу" жырында

Бақыт – нағыз махаббатпен байланысты. Қозы мен Баянның шынайы сүйіспеншілігі олардың басты бақыты болып саналады. Бірақ бұл бақытқа жету жолында көптеген кедергілер мен сынақтар кездеседі. Бұл эпостық жыр қазақ халқы үшін шынайы махаббат пен адалдық – бақыттың негізі екенін көрсетеді [9].

"Қобыланды батыр" жырында

Бақыт – туған жерін жаудан қорғау мен сүйген жарымен қауышу. Батыр жауды жеңіп, елін қорғағанда ғана толыққанды бақытқа қол жеткізеді.

Қазақ поэзиясында "бақыт" ұғымы әр ақынның дүниетанымы мен шығармашылық бағытына байланысты әртүрлі сипатталады. Бірі бақытты білім мен еңбектен іздесе, енді бірі оны рухани еркіндікпен, махаббатпен, қарапайым өмірдің мәнімен байланыстырады [9].

Абай Құнанбайұлы: "Бақыт – ғылымда, адал еңбекте"

Абай Құнанбайұлы өз шығармаларында бақытты тек жеке бастың емес, жалпы қоғамның кемелденуімен байланысты қарастырған. Оның ойынша, адам бақытқа жету үшін білімді болуы, адал еңбек етуі және адамгершілік қасиеттерді ұстануы қажет [8].

"Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде:

"Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым – ойлап қой,
Бес асыл іс – көнсеңіз."

Абай бұл өлеңінде адамның нағыз бақыты білім мен еңбектің арқасында келетініне сендіреді. Ол жалқаулық пен надандықты бақытсыздықтың себептері ретінде көрсетеді.

Қара сөздерінде:

"Адамның ең үлкен бақыты – адал еңбек етіп, халыққа қызмет етуінде." Абай үшін шынайы бақыт – адамның ішкі тазалығы мен оның қоғамға тигізген пайдасында [1].

Мағжан Жұмабаев: "Рухани еркіндік пен бақыт"

Мағжан Жұмабаев поэзиясында бақыт рухани еркіндік, азаттық, шығармашылық және ұлттық сана-сезіммен байланыстырылады. Ол жеке тұлғаның еркіндігі мен елінің тәуелсіздігін бақыттың басты шарттары деп біледі.

"Мен жастарға сенемін" өлеңінде:

"Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!"

Бұл жолдардан Мағжанның бақытты жастардың еркіндікке, білімге және ұлттық рухқа деген ұмтылысы арқылы көретінін байқаймыз [2].

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі поэзияда бақыт мотиві күрделі трансформацияға ұшырады. Жаңа заман ақындары бақытты бұрынғыдай еңбек, махаббат, отбасы ұғымдарымен ғана байланыстырмай, оны адам мен қоғамның рухани үйлесімділігі тұрғысынан қарастыра бастады [3].

Орхон Әбдірахман, Танакөз Толқынқызы, Ерлан Жүніс, Ақберен Елгезек, Ұларбек Нұрғалым сынды қазіргі ақындар бақытты жеке тұлғаның ішкі күйімен байланыстырады. Олардың поэзиясында

бақыт – бір мезеттік сезім, тыныштық, еркіндік және жеке адамның рухани дамуы.

Мысалы, Ақберен Елгезектің поэзиясында бақыт көбіне адамның өзін табуымен байланысты:

"Бақыт деген – өзінді тану,
Өмір деген – уақытты бағу..."

Бұл жолдардан қазіргі ақындардың бақытты ішкі үйлесім мен рухани ізденістен іздейтінін байқаймыз.

Қазақ поэзиясында бақыт ұғымының дамуы ғасырлар бойы өзгеріп, әр дәуірдің ерекшелігіне сай жаңа сипат алды [6].

Халық ауыз әдебиетінде бақыт көбінесе отбасы, туған жер, елдің тыныштығы, еркіндік секілді ұғымдармен байланысты болды.

Абай Құнанбайұлының шығармаларында бақыт – білім, ақыл, еңбек пен адалдық арқылы келетін құндылық ретінде сипатталды.

Мағжан Жұмабаевтың поэзиясында бақыт – рухани еркіндік, ұлттық сана-сезім және азаттыққа ұмтылыс ұғымдарымен байланысты болды.

Мұқағали Мақатаев бақытты қарапайым өмірдің мәні, шынайы сезімдер, адамдық қасиеттер арқылы сипаттады.

Қазақ ақындары бақытқа жету жолдарын әртүрлі сипаттайды:

Абай – білім алу, адал еңбек ету, әділ болу.

Мағжан – рухани еркіндікке, ұлттың азаттығына ұмтылу.

Мұқағали – қарапайым өмірдің қуанышын сезіну, адамгершілік құндылықтарды сақтау.

Қазіргі ақындар – ішкі үйлесімділікке жету, рухани ізденіс, шынайы сезімдер арқылы бақытты табу.

Әдебиет

1. Құнанбайұлы, А. (1995). *Қара сөздер мен өлеңдер жинағы*. Алматы: Ғылым.
2. Жұмабаев, М. (2012). *Шығармалар жинағы*. Алматы: Ана тілі.
3. Мақатаев, М. (2011). *Жырлайды жүрек*. Алматы: Жазушы.
4. Әуезов, М. (1967). *Әдебиет тарихы*. Алматы: Ғылым.
5. Сейітова, А. (2019). *Қазақ поэзиясындағы бақыт концепциясы*. Ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы.
6. Ахметов, З. (1973). *Қазақ поэзиясының өркендеу жолдары*. Алматы: Жазушы.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы (2015). Оқулық. Алматы: Білім.
8. Сыздықова, Р. (2004). *Абайдың поэтикалық тілі*. Алматы: Ғылым.
9. Қазақ фольклорының типологиясы (2001). Алматы: Ғылым.

ӘОЖ793.3(574)

Дәурен Әбіровтың 100 жылдығына арналған «Би биігіндегі
ғазиз ғұмыр»

Караматуллаева Х.Е.,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

Статья посвящена трудам выдающегося хореографа Казахстана Даурена Абилова, внесшего большой вклад в развитие казахского танцевального искусства.

Abstract

The article is devoted to the works of the outstanding choreographer of Kazakhstan Dauren Abirov, who made a great contribution to the development of Kazakh dance art.

Кәсіби сахнада қазақ би өнерінің қалыптасуының алдында ұлттық мәдениеттің жалпы дамуына байланысты ұзақ әрі күрделі жол болды. Қазақ хореографиясының қазіргі даму кезеңі қазақ би өнерінің негізін қалаушылардың шығармашылығымен тығыз байланысты. Кез келген елдің тарихында шығармашылық қызметі ұлттың рухани мәдениетін дамытуда терең із қалдырған тұлғалар бар. Қазақ би мәдениетінде мұндай тұлғаларға ең алдымен көрнекті режиссер-хореограф, педагог Дәурен Тастанбекұлы Әбіровты айтуға болады. Егер біз қазақ биінің даму жолдары, хореографияның қазіргі қазақ педагогикасы туралы айтатын болсақ, онда ұлттық би өнерінің қалыптасуындағы жолды талдаусыз жасай алмаймыз.

Қазіргі ұрпақ қазақтың көрнекті хореография өнерінің қайраткері Дәурен Тастанбекұлы Әбіровке міндетті. Оның есімі қазіргі ұрпақ үшін қазақстандық хореография өнері мен педагогиканың тарихи феномені болып табылады. Оның шығармашылық, оқытушылық және тәлімгерлік қызметінің жасампаздық функциялары бүгінгі таңда ғылыми және зерттеу тәсілдерін талап ететін көп қырлы қазақ биін дамытуға мүмкіндік берді.

Дәурен Әбіров - қазақ халық биінің классигі және Қазақстанның ұлттық балетмейстер мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Көрнекті қазақстандық балетмейстер, педагог, қазақ биінің білгірі Дәурен Тастанбекұлы Әбіровтің өмірбаяны әр хореографқа белгілі, Ол өзінің шығармашылығы мен хореографиялық туындыларын тануға толы жарқын өмір жолынан өтті. Д. Әбіров өз қызметін би ұжымдарын құруға және ұйымдастыруға арнады, оның ішінде Қызылорда облысының «Сыр сұлуы» ансамблі, Шығыс Қазақстан облысының «Қаламқас», Алматы облысының «Алтынай» ансамблі және т.б.

Дәурен Әбіровті кәсіби сахнаға ұлттық және халық билерін алғаш әкелген тұңғыш кәсіби қазақ балетмейстері деп атауға болады. Бүкіл өмірін өнерге арнаған адамның жетістіктерін «тұңғыш қазақ балетмейстері» деген сөздермен анықтағым келеді. Белгілі зерттеуші Р. В. Захаров айтқандай: «Біз балетмейстерлерді бірнеше топқа бөлуіміз керек: балетмейстер-құрастырушы, балетмейстер-қоюшы, балетмейстер-репетитор, балетмейстер-реставратор, балетмейстер-жетекші және бимейстер» [1].

Д. Әбіровтың жұмысы бірнеше қосымша бағыттардан тұрады: оқыту, хореография және қазақ халық биін насихаттау және дамыту саласындағы жұмыс. 1942 жылы хореографиялық училищені бітіріп, Кеңес Армиясында қызмет еткен Д.Әбіров өзінің мансабын Абай атындағы опера және балет театрында биші болып бастаған. Осы жылдар ішінде театрдың балет репертуарын шығармашылықпен зерттей отырып, ол тек классикалық балет қойылымдарына көп көңіл бөлінетінін байқады. Қазақ хореографиясы, Халықтық билер классикалық негізде ХХ ғасырдың 30-жылдарындағыдай күйде қалып отыр. Сонымен бірге ол өнердің бір орында тұрмайтынын, ол дамып келе жатқанын, жаңа элементтер пайда болатынын, одан да әсерлі қойылымдар пайда болатынын түсінді. Сонымен қатар, соғыстан кейінгі кезеңде Абай атындағы опера және балет театрының труппасы әр түрлі болды: мұнда КСРО-ның әртүрлі қалаларынан келген бишілер жұмыс істеді, олардың кейбіреулері, негізінен Алматы хореографиялық училищесінің түлектері репертуарды нашар білді, сахна бойынша серіктестермен жұмыс істей алмады. Осыған байланысты Д. Әбіров шығармашылық тұлға бола отырып, ұлттық материалға негізделген спектакльдерге қызықты би байланыстары мен жаңа элементтерді енгізе бастайды. Сонымен қатар, ол бұл процеске біртіндеп басқа бишілерді тартады.

Қазақ билері - көбіне-көп нақты белгілі бір тұрмыс - тіршілікке құрылады да халықтың бейне болмысының айнасына айналады. Ол елдің сән - салтанатын, жастардың махаббатын, ерлігін, елдігін, қайғы - мұңын, әл-қуатын дәлме-дәл сан мыңдаған қимылмен, қозғалыспен баяндап тұратын болғандықтан биші сахнада оны бар шеберлігімен, бар жан тәнімен жеткізуге тырысатыны хақ. Хореографиялық білім алған кәсіпқой биші де биді қойған кәсіпқой балетмейстер де жаңа дүниенің сапасына бірдей жауапты. Биші «биді әйтеуір билеп шықсам болды» деп ойламай, бидің көріністік әсерінен гөрі оның ішкі айтайын деген табиғи сұлулығына көбірек мән беріп, халықтың назарын соған аударуға ден қойса, онда ол бишінің биі көңілден шықты деген сөз. Әр бидің де адам сияқты өзіндік ерекшелігі, мінез-құлқы бар екенін биші есте естен шығармауы керек.

Әр халықтың тұрмыс-салтына, шаруашылық түрлеріне, психологиясына, этикалық, эстетикалық рухани дүниетанымына сәйкес ғасырлардан жеткен тарихи-әлеуметтік салт-дәстүрлері,

тәлімдік ой-пікірлері мен ұлттық мәндегі тәжірибелері бар. Олар, халықтың ертедегі қалыптасқан әдет-ғұрып, салттары мен дәстүрлерінен, жазу-сызуынан, әдеби және өнер фольклорының мазмұнынан, халықтың тәлім-тәрбиелік әдіс-тәсілдерінен, бір сөзбен айтқанда, халқымыздың рухани-мәдениетінің материалдық және эстетикалық құндылықтарының мазмұнынан көрініс береді. Қазақ халқының дүниетанымының мол үлгісі фольклорда тұнып тұр. Дүниетанымның негізгі, мәдени, рухани қазынасы байырғы ауыз әдебиеті түрлерінде, тұрмыс-салт жырлары, аңыз ертегілері, батырлар жырлары, лиро-эпостық және тарихи жырларда жатыр. Біздің бабаларымыз өз кезегінде өмір құбылыстарын, қоршаған табиғаттың сыр-сипатын жұмбағын, болмыстың мәні мен мақсатын келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Педагогикалық тәжірибе, оның жылдар бойғы жұмысын талдау бізге композицияны құру әдістерін, балетмейстердің жеке қолжазбасын, қозғалыстардың үйлесіміндегі академиялық логиканы, олардың би мен жеке комбинациялардағы үйлесімі мен дәйектілігін байқауға және анықтауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі жүйелілікті, әдістемелік әдістерді және оқытудағы терең академиялық тәсілді қамтиды.

Мысалы, оның Е. Брусиловскийдің музыкасына арналған «Алтынай» және Құрманғазы музыкасына арналған «Балбырауын» данышпандық билері қазақ биі бойынша кез келген қарастыру тұрғысынан оқу құралы болып табылады (техникалық әдістер, бай хореографиялық лексика, сипаты, мазмұны, композициялық жоспары мен дамуы, музыкалылығы, эмоционалдылығы, барлық би билерінің комбинациялары және әрбір қозғалыс жеке және т. б.). Мұның бәрі оның шығармаларына тән белгілер, бұл кез-келген қолөнерді оқытудың дидактикалық принциптерінің негізгі белгілері. Мұнда шығармашылық және оқу міндеттерінің керемет үйлесімі айқын көрінеді. Сонымен қатар, бұл композицияларда менталитет бар, қазақтардың шынайы-эмоционалды рухы және қазақ биі мен музыкасының дірілдеген эстетикасы сақталған.

Орыс классикалық мектебінің балет спектакльдерін қоюдағы маңызды рөлін мойындай отырып, Д. Әбиров қазақ биіне де аз көңіл бөлінеді деп есептеді: «бұрын қазақ халық билері мен олардың орындаушыларының шығармашылығын ешкім зерттемеген. Бұл Қазақстанда кәсіби өнердің пайда болуы кезінде кәсіби сахнада қазақ биінің қалыптасуына үлкен көмек көрсеткен шақырылған хореограф мамандардың шығарма жазуына әкелді бұл билер қазақ халық хореографиясына негізделмеді, бірақ халық салт-дәстүрлерін, ойындары мен еңбек процестерін биге айналдырды» (Абиров, 1984: 4-бет)[2]. Сонымен қатар, Д.Әбировтың Қазақстанның ұлттық хореографиясын дамытудағы сіңірген еңбегін атап өткен жөн:

- соғыстан кейінгі кезеңде жасаған ең бастысы-ол инновациялық әдістерді қолдана отырып, ұлттық бидің сахналық формаларын құра алды және солардың негізінде ұлттық режиссура мен хореографияның дамуындағы жаңа кезеңге айналған алғашқы ұлттық балеттерді қойды;

- өзі қалыптастырған балет труппасының және репетициялық жұмыстың дұрыс ұйымдастырылған процесінің арқасында бишілердің хореографиялық шеберлігі жаңа биікке көтерілді;

- балет өнерінің басқа қайраткерлерімен бірге ол 1994 жылы хореография жоғары мектебінің ашылуына қол жеткізді, соның арқасында кәсіби балет кадрлары балет саласында жоғары режиссерлік және педагогикалық білім ала алды. Нәтижесінде Қазақстанға білікті педагогтар мен хореографтар көбірек түсе бастады;

- халық биін насихаттай отырып, Д.Әбиров ұлттық би өнерінің сақталып қана қоймай, жаңа біліммен байытылуына ықпал етті. Қазақ халқының би фольклоры, түпнұсқа шығарма ретінде, жаңашыл режиссураның арқасында кәсіби сахнаға көшірілді және осылайша бүгінгі күнге дейін сақталды.

Д.Әбиров қазақ биін жаңғырту жөніндегі көптеген ойлары мен идеяларын «Қазақ халық хореографиясының бастаулары мен негізгі элементтері» [3] және «Қазақ биінің тарихы» [4] сияқты баспа еңбектерінде көрсетті. Оларда ол ұлттық хореографияны дамыту үшін фольклордың маңыздылығын жан-жақты атап өтті және халық шығармашылығының барлық байлығын зерттей отырып, әрі қарай жүруге болады деп сенді. Ол жинақталған тәжірибені шығармашылықпен қайта өңдеу қажеттілігі туралы көп жазады.

Дәурен Әбиров - қазақ хореографиясының жарқын бейнесі. Бірінші хореограф қазақ биін жаңа тақырыптармен, жаңа бейнелермен байытты, қазақ биінің аясын кеңейтті, заманауи ұлттық сахналық бидің негізін қалады. Үнемі шығармашылық ізденісте ол ұлттық хореографиялық өнердің кәсіби жанрларына көптеген жаңалықтар енгізді. Оның хореограф және зерттеуші ретіндегі тәжірибесі көптеген хореографтар үшін нұсқаулық болды.

Қорыта келгенде, айтарымыз, би биігіндегі ғазиз ғұмыр сүрген Дәурен Тастанбекұлы Әбировтің халқымыздың ежелгі би өнерін сапалы жаңа деңгейге көтерген, артына мұра етіп қалдырған еңбегі орасан зор болды.

Әдебиет

1. Айтқалиева Қ. Балетмейстер Дәурен Әбировтің шығармашылық мұрасы / Диссертация. — Алматы, 2007. — 188 б.

2. Абиров Д. Т., Исмаилов А. М. Қазақ халық биі. - Алматы: Онер, 1984. — 160 б.

3. Абиров Д. Т. Қазақ халық хореографиясының бастаулары мен негізгі элементтері. — Алматы, 1992.

УДК 81.373

Зооморфизмы в русской фразеологии

Султанова Шолпан Кенесбаевна
Университет «Болашак», ст. преподаватель
г. Кызылорда

Түйіндеме

Мақала жануарлар мен орыс тіліндегі фразеологиялық тіркестердің арақатынасына арналған.

Баяндамада жан-жануарлар тіршілігінің сан алуан жақтарымен байланысты фразеологиялық бірліктерді талдап, олардың тіл мен мәдениетте қолданылуын қарастырамыз.

Abstract

The article is devoted to the relationship between animals and phraseological expressions in the Russian language.

In the report, we will analyze phraseological units that are associated with various aspects of animal life, and consider their use in language and culture.

При знакомстве с фразеологизмами отмечается, что во многих из них часто упоминаются названия животных. Такие устойчивые неделимые словосочетания называют зооморфизмами. Нас заинтересовало, откуда произошли такие фразеологизмы, как часто в них употребляются наименования различных животных, какие животные чаще других встречаются во фразеологизмах? Узнать, какие черты характера человека символизируют наши любимцы, выяснить, всегда ли название животного во фразеологизме с ним связано.

Для ответа на возникшие вопросы мы провели исследование.

Практическая значимость работы в том, что знание фразеологизмов помогает употреблять их в собственной речи, что придаёт ей образность, эмоциональную окрашенность и своеобразие, облегчает понимание различных текстов.

Зооморфизмы - это одна из самых многочисленных групп фразеологизмов. По частоте упоминания первое место занимают зооморфизмы, содержащие названия домашних животных – 40 %. Это закономерно, ведь жизнь людей издавна протекала в тесной связи с домашними животными.

Существует четыре основных источников происхождения зооморфизмов:

1. Наблюдения человека. Это самый обширный и полный источник знаний о животных. Люди с древних времен наблюдали

за повадками и поведением животных и приписывали животным многие грехи, приписывали и свои, человеческие качества, чаще всего плохие. А потом животное оставалось символом, носителем такого качества.

Больше всего не повезло козлу.

Козлы считались представителем нечистой силы, чему во многом способствовали рога и особый запах, идущий от него. И вот козла стали специально держать на конюшне, чтобы отпугивать нечистую силу от коней, чтобы домовый не мог по ночам загонять лошадей. Поэтому появился фразеологизм: служить за козла на конюшне, т.е. бездельничать. И в других выражениях козел и коза выглядят не очень хорошо:

- как сидорову козу (лупить) – жестоко, беспощадно;
- на козе не подъедешь - к кому-то невозможно найти подход;
- отставной козы барабанщик- малозначащий человек, занимавший незначительное служебное или общественное положение и потерявший его;
- как от козла молока – очень мало;
- драть козла – петь плохо, неприятным голосом.

Таким образом, зооморфизмы несут информацию не столько о типичных чертах животного, сколько о качествах характера человека.

Проанализировав по словарям фразеологизмы с названиями животных, мы выявили, что многие наименования животных стали устойчивыми метафорами, обозначающими свойства и качества человека, например: [1]

- физические качества, возможности: как рыба в воде; нюх, как у собаки;
- внешний облик: козлиная бородка; вобла сушёная; толстый, как боров;
- черты характера: уперся, как баран; задирист, как петух;
- интеллект: глуп, как сивый мерин; уставиться, как баран на новые ворота.

2. Библейские сюжеты второй источник зооморфизмов, в русском языке немного. Их всего 7: [2]

- валаамова ослица - покорный, молчаливый человек, который неожиданно для окружающих выразил свое мнение или протест;
- волк в овечьей шкуре – лицемер, прячущий под маской добродетели свои злые намерения;
- заблудшая овца – человек, сбившийся с истинного пути;
- золотой телец – символ наживы, власти, алчности;
- метать бисер перед свиньями – напрасно говорить о чем-либо или доказывать что – либо тому, кто не способен или не хочет ни понять, ни оценить это должным образом;
- как птица небесная – беззаботно, беспечно;

- козел отпущения – о человеке, на которого постоянно сваливают чужую вину.

3. Обороты из древнегреческой мифологии и античной литературы – это еще одна группа фразеологизмов.

Осла в львиной шкуре по крику узнаешь (Эзоп «Осел и лисица»)

- так говорят о невежде, ничтожном человеке, который пытается скрыть свою убогую сущность, но чем-нибудь обязательно выдаст.

Из истории о Троянской войне для обозначения коварного, хитроумного замысла, таящего в себе опасность или гибель для тех, кому они предназначены, употребляется фразеологизм «троянский конь, дары данайцев» [3].

4. Из художественной литературы пришли в нашу речь немало метких выражений.

Например, говоря о человеке, который не умеет пользоваться чем-либо, мы вспоминаем название басни И. А. Крылова, «Мартышка и очки», ставшее фразеологизмом.

Сильнее кошки зверя нет (И.А. Крылов «Мышь и Крыса») - так иронически говорят о страхе перед человеком, который кажется значительным и сильным только тому, кто слабее его.

Далее мы посчитали, какие животные чаще других упоминаются в зооморфизмах.

Какие же животные чаще других упоминаются в зооморфизмах?

Чаще всего в русских фразеологизмах встречаются собака и кошка. Кошка и собака наиболее загадочны из домашних животных и никак не поддаются полному одомашниванию. Недаром известен образ кошки, которая гуляла сама по себе.

В русской фразеологии кошка еще представляет непривлекательную, потрепанную, неряшливую, изможденную женщину: драная кошка.

Человек, наблюдая за поведением и повадками кошки, рано стал замечать сходство её поведения со своим. Эти наблюдения формулируются и в форме утверждения:

- кошки на сердце скребут – тоскливое настроение, состояние тревоги, беспокойства;

- тянуть кота за хвост - нудно, медленно говорить;

- как кот на сметану - очень хочет чего-нибудь;

- черная кошка пробежала – произошла ссора.

Подобно кошке, собаку также оценивают и положительно, и отрицательно.

Несмотря на дружбу человека с собакой, большинство зооморфизмов со словом «собака» имеют отрицательное значение:

- вешать собак на шею - наговаривать, клеветать на кого-либо, необоснованно обвинять в чем-либо;

- собака на сене – не пользуется сам чем-либо и другим не дает пользоваться;

- гонять собак – бездельничать;

- собачий холод – очень холодно.

Собака воспринималась когда-то «представителем» нечистой силы. Позже авторы изменили отношение к ней. Во фразеологизмах русского языка появляется положительная оценочная интонация, например:

- собачья верность - о верности, любви и преданности;

- смотреть собачьими глазами - смотреть преданными глазами.

Таким образом, изучение фразеологизмов во многом помогает понять культуру и быт народа, освоить выразительные средства и приёмы языка.

В результате сопоставительного анализа фразеологизмов мы пришли к выводу, что образы животных, особенно близких человеку (собаки и кошки) несут как положительную, так и отрицательную нагрузку во фразеологизмах. Анализ зооморфизмов помогает выявить их точность и меткость при характеристике человека, его внутреннего и внешнего мира, а также наиболее универсальных житейских ситуаций.

Литература

1. Адамова Е.А. Крылатые слова. - М.: Детская литература, 1979
2. К.Н. Дубровина. Энциклопедический словарь библейских фразеологизмов. – М.: Флинта, 2010
3. Успенский В.В., Успенский Л.В. Мифы Древней Греции.- Л.: Детская литература, 1989
4. Фразеологический словарь русского языка. - М.: Русский язык, 1986
5. Интернет – ресурсы:
http://madamelavie.ru/rusky_yazyk/frazeologizmy_pro_zhivotnyh/
<http://frazbook.ru/frazeologizmy/>

УДК: 9.929

Қазақ тарихының қайраткері: Бекмаханов мұрасы

Кипшакбаев Канат Зейнуллаевич
аға оқытушы, п.ғ.м.,
Қызылорда қаласы

Резюме

Данная статья посвящена анализу научного наследия выдающегося историка Ермухана Бекмаханова. Его труды внесли значительный вклад в изучение ключевых этапов истории Казахстана, особенно национально-освободительных движений XIX века. Рассматривается значимость его работ, историографическая борьба в советский период и его роль в новом осмыслении казахской истории.

Abstract

This article is devoted to the analysis of the scientific legacy of the prominent historian Yermukhan Bekmakhanov. His works made a significant contribution to the study of key periods in Kazakhstan's history, particularly the national liberation movements of the 19th century. The importance of his research, his historiographical struggle during the Soviet period, and his role in reinterpreting Kazakh history are comprehensively examined.

«Тарихты білмей, болашаққа қадам басу мүмкін емес»
Е.БЕКМАХАНОВ

Ермұхамет Бекмаханов - Қазақстан тарихының маңызды зерттеушісі, ғалым- тарихшы, ұлттық гуманитарлық ойсанасының дамуына өзінің улан-ған үлесін қосқан тарихи тұлға. Оның қайраткерлігі мен қазақ тарихының толық сипатталуы үшін атқарған еңбектері айтулы мәнге ие.

Ол 1915 жылы ақпанның 15 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. 1937 жылы Ресейдің Воронеж қаласындағы педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Қазақ КСР халық ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми зерттеу институтында еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Республиканың халық ағарту комиссариатының басқарма бастығы болды. Сонымен қатар Алматының жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарды. 1946-47 жылдарда Е. Бекмаханов Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, ал 1947 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, яғни 1966 жылғы мамырдың 6-на дейін (қуғын – сүргінге ұшырауына және «халық жауы» деп айыпталуына байланысты айдауда өткен жылдарды қоспағанда) Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды. Кеңес өкіметі тұсында тәрбие алған кәсіби тарихшы ғалымдардың бірі болған [1, 37-бет].

Оның еңбектері XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ тарихын зерттеуде үлкен маңызға ие. Бұл кезеңде қазақ халқының әлеуметтік-саяси жағдайы, экономикасы, мәдениеті мен тұрмыс салтының өзгерістері кеңінен қарастырылды. Оның ғылыми зерттеулерінің басты ерекшелігі – тарихи құжаттарға негізделген, объективті әрі жан-жақты талдаулар жасау қабілеті.

XIX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ жерінде көптеген әлеуметтік-саяси өзгерістер орын алды. Ресей империясының ықпалы күшейіп, қазақ хандығының тәуелсіздігі біртіндеп әлсіреді. Бұл кезеңде халықтың тұрмысы, шаруашылығы мен мәдениеті жаңарғанымен, әлеуметтік теңсіздік пен саяси қысым күшейді.

Сонымен қатар, Ресей империясының билік жүргізу әдістері, әсіресе қазақтардың дәстүрлі басқару жүйесіне әсері, ұлттық бірегейліктің сақталуы мәселелері айқындала түсті.

Е.Бекмахановтың еңбектерінде қазақ халқының осы кезеңдегі өмірі мен мәдениетін зерттеу бағытында үлкен жұмыс атқарылды. Оның басты ғылыми зерттеулерінің бірі «Қазақстанның социалистік революциясы және оның халық шаруашылығына әсері» атты монографиясы болды. Бұл жұмыс қазақ халқының революциялық қозғалыстарындағы рөлін, сондай-ақ XIX ғасырдағы әлеуметтік өзгерістерді талдауға арналды.

Аталған монографияда Бекмаханов қазақтардың жаңа тарихи жағдайларға бейімделуі, олардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту жолындағы күресі мен басқару жүйесіндегі өзгерістерді жан-жақты зерттейді. Сонымен қатар, Ресейдің қазақ жеріндегі отарлау саясатын, қазақ халқының қарсылығын және оған қарсы қозғалыстарды терең талдайды [2, 98-бет].

Е.Бекмахановтың ғылыми еңбектері көбінесе тарихи деректерге, архив құжаттарына және нақты оқиғаларға негізделген. Ол өз зерттеулерінде объективтілік пен ғылыми нақтылықты ұстанды. Оның еңбектерінде тарихшылардың субъективті пікірлерінен гөрі нақты тарихи шындыққа мән берілген. Бұл Бекмахановтың өз кезеңіндегі ғылыми әдіснаманың дамуына үлес қосқанын көрсетеді. Бекмахановтың ғылыми еңбектерін талдау кезінде оның тарихи әдіснамасы мен көзқарастарын түсіну өте маңызды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстан тарихының көптеген тұстары идеологиялық тұрғыдан қайта қаралды. Тарихшылар мен ғалымдар Кеңес Одағының партиялық нұсқауларына сәйкес жұмыс істеуге мәжбүр болды. Бұл шектеулер Бекмахановқа да әсер етті. Атап айтқанда, Кеңес үкіметі саясаты Қазақстанның тарихын халықтардың теңдігі мен социалистік құрылысты мақтаныш ету үшін қайта жазуға тырысты. Мұндай идеология ғылымның барлық саласында көрініс тапты. Бекмахановтың ғылыми жұмыстары да осы жағдайдан тыс қалмады. Оның зерттеулерінде Кеңес үкіметінің идеялары мен тұжырымдары жиі кездеседі, бірақ ол сол тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан қарастыруға тырысты. Бекмахановтың ең танымал және маңызды еңбектерінің бірі – «Қазақстан тарихы» кітабы. Бұл кітапта Кеңес дәуірінің саяси идеологиясы айқын байқалады. Бекмаханов қазақ халқының өткенін, оның әлеуметтік және мәдени дамуын зерттей отырып, кейбір кезеңдерде Кеңес үкіметі идеологиясымен үндесетін тұжырымдар жасаған. Мысалы, оның еңбегінде қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы мен оның жетекшілеріне қатысты Кеңес үкіметінің қабылдаған көзқарасы көрсетіледі. Бұл тұрғыда ол Қазақ халқының ұлт-азаттық күресін, оның батырларын, сол кезеңдегі жағдайды кеңестік идеология тұрғысынан қайта қарастырған. Бұл

тұжырымдар сол уақыттағы кеңестік саяси тұжырымдамаларға толық сәйкес келді.

Өзінің ғылыми жұмысына ғана емес, оның жеке өміріне де Кеңес идеологиясы әсер етті. 1952 жылы Бекмаханов «классовая борьба» теориясына негізделген зерттеулерінде партиялық сыни пікірлерге тап болды. Бекмахановтың еңбектері «контрреволюциялық» деп бағаланып, ол қамауға алынды. Бұл жағдай оның ғылыми жолындағы үлкен бұрылыс болды.

Е. Бекмаханов қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары тарихын зерттеуде де ерекше еңбек сіңірді. Оның Кеңесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы зерттеуі тарих ғылымында жаңа бетбұрыс жасап, ұлттық қозғалыстарды объективті бағалауға жол ашты. Алайда, бұл еңбегі кеңестік идеологияға қайшы келді деп танылып, ғалым саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

Соған қарамастан, Е. Бекмахановтың ғылыми мұрасы бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Оның еңбектері Қазақстан тарихын зерттеуші ғалымдар мен студенттер үшін құнды дереккөзі болып табылады. Бекмахановтың тарихи әдістері мен зерттеу тәсілдері отандық тарих ғылымында ерекше орын алады, ал оның идеялары тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасында лайықты жалғасын табуда.

Бекмахановтың өміріндегі бұл кезең Кеңес үкіметінің саяси идеологиясына қарсы келушілерге қалай қарағанын көрсетеді. Осының нәтижесінде, ғалым ғылым мен саяси идеология арасында қиын таңдау жасады. Ол ғылымды адал зерттеу үшін саяси қысымдарға төтеп беруге мәжбүр болды, алайда кеңестік жүйеге қарсы келудің салдары оның ғылыми карьерасына үлкен нұқсан келтірді [3, 150-бет].

Қазіргі кезде Бекмахановтың еңбектері қазақ тарихнамасының классикалық үлгісі ретінде қарастырылады. Оның ұсынған әдіснамалық тәсілдері мен тарихи оқиғаларды талдау үлгісі бүгінгі жас зерттеушілер үшін маңызды болып табылады. Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейін оның еңбектері қайта қаралып, тарихи шындық тұрғысынан бағаланды. Бекмахановтың тарихқа деген объективті көзқарасы қазіргі отандық тарих ғылымының дамуына жол ашты.

Бүгінде қазақ тарихшылары Бекмахановтың идеяларын негізге ала отырып, жаңа зерттеулер жүргізуде. Оның тарихи процестерді талдаудағы методологиялық ұстанымдары көптеген ғылыми еңбектерде көрініс табуда. Сонымен қатар, Бекмахановтың еңбектері оқу бағдарламаларына енгізіліп, жоғары оқу орындарында оқытылуда. Қазіргі таңда көптеген зерттеулер Бекмаханов негізін қалаған концептуалды ұстанымдардан бастау алады. Оның Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті қазақ халқының

еркіндікке ұмтылуындағы маңызды тарихи оқиға ретінде қарастыруы бүгінгі тарихшылар үшін үлгі болып табылады [4, 111-бет].

Е.Бекмахановтың ғылыми зерттеуінің құндылығы мен ерекшелігі – оның Кенесары мен оның інісі Наурызбайға қатысты халық арасында кеңінен тараған ауыз әдебиеті үлгілерін аса орынды пайдалана білуі еді. Олардың ішіндегі сол тұстағы қазақ болмысын кеңінен ашатын «Наурызбай мен Ханшайым», «Жасауыл қырғыны», «Санжар батыр», «Кенесары туралы жыр» және басқада жырларды тарихшы өзінің еңбегінде талдайды. Сонымен қатар, онда бір қатар халық жауларының мұралары да талданады. Автор қорытындысында Нысанбай мен Досқожа жыраулардан басқалардың көбісінің шығармаларының әлі жарық көрмегеніне өкініш білдірді. Бүгінгі зерттеушілердің осы ескертпеге назар аударғандары жөн болар еді.

Е.Бекмахановқа тән тағы бір ерекшелік – осы ауыз әдебиеті мұраларын бұрмалау атауларына төзбей, шындық бетіне тұра қарап, өзінің пікірін бүкпесіз айтуы еді. Мысалы, ол Жүсіпбек Байсығарын 1924 жылы Мәскеуде жинап бастырған Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанының бұрмалануын, ондағы Кенесарыны «қаншерлер», «қарақшылар», «ұрылар» және «қаңғыбастар» көсемі ретінде суреттейтін тұстардың жолдан қосылғанын ашық айтты.

Шындығында да кезінде,
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан ауды бағымаз.
Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымаз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз,

–деп жырлаған Нысанбай жыраудың Кенесарыны жоғарыдағыдай тобыр арасында бейнелеуі мүмкін емес.

Е. Бекмаханов Нысанбай жыраудың Кенесарыны Иман, Жауке, Толыбай, Ағыбай, Бұқарбай, Мендібай, Дулат және Шәкір тәрізді тамаша батырлар мен халыққа қадірлі кісілердің ортасында суреттегенін ескертеді. Сондай-ақ, жырау Ұлы жүздің Байзақ батырын да ерекше шабытпен жырлағаны белгілі. Алайда, осы тарихи шындыққа қарсы пікір айтып, тарихтың қатты ағысына қарсы жүзгендер де болды. Оларды үлкен беделіне қарамастан, Е. Бекмаханов аяусыз сынады.

Тарихшы Е. Бекмаханов өз еңбегінде Кенесары қозғалысының халықтың кең бұқарасымен тығыз байланысын көрсетіп, бұл қозғалыстың жетекшісі халыққа жақын бола отырып, оның әлеуметтік ортасынан шыққанын дәлелдейді. Кенесарыны басқалардан ерекшелендіретін оның батырлық және қолбасшылық қабілеттері ғана емес, сонымен бірге оның саясатындағы әділдік пен халыққа жақындық еді. Бұл ерекшеліктерді зерттеген Бекмаханов, Кенесарыны

халықтың мұңын мұндап, қиындықты бірге көтерген көшбасшы ретінде сипаттайды.

Оның есімін ел арасында дәріптеген батырлар мен қолбасшылардың көпшілігі, әсіресе, оның өз туыстары мен жақын серіктері болғанын атап өтеді. Сонымен қатар, Бекмаханов Кенесарының билігіне әлеуметтік таптар мен феодалдық жүйелердің қатынасы жайлы кеңінен тоқталады. Оның жұмысы қоғамның жоғарғы әлеуметтік топтары мен олардың Кенесары қозғалысындағы рөлін зерттеуге бағытталған.

Тарихшы Кенесарының қатал болғандығы туралы айтқанда, бұл сипаттама негізінен оның сатқындық пен билікке мойынсұнбаған сұлтандарға қарсы қолданған әдістеріне қатысты. Кенесары сатқындық жасаған адамдарға өлім жазасын қолданғаны туралы деректер де бар. Бірақ Бекмаханов бұл қадамдардың саяси қажеттілік және мемлекетке деген адалдық тұрғысынан негізделгенін атап өтеді.

Осылайша, Е. Бекмахановтың зерттеулері Кенесарыны тек қана батыр және қолбасшы ғана емес, сонымен бірге үлкен мемлекет қайраткері ретінде тануға мүмкіндік береді.

Ермұхан Бекмахановтың тарих ғылымына қосқан үлесі мен тоталитарлық жүйе жылдарындағы ерлігі үлкен маңызға ие. Дегенмен, оның шығармашылығының кейбір қарама-қайшылықтары мен көлеңкелі тұстары да бар. Сталиндік қуғын-сүргіннен кейін ғалымның ғылымдағы орны қалпына келтірілгенімен, оның зерттеулері мен көзқарастары Кеңестік идеологияның ықпалымен өзгеріске ұшырады.

Бекмахановтың бұрынғы көзқарастары, әсіресе Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысы туралы жазған еңбектері, жаңа кезеңде өзгерді. Кеңес үкіметінің саясаты бойынша, ұлт-азаттық қозғалысына қатысты пікірлер коммунистік партияның концепциясына сәйкес болуы керек еді. Бұл орайда, тарихшы «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты жаңа монография жазып, өз көзқарасын өзгертті. Бұл еңбек Бекмахановтың ғылыми атағын қайта қалпына келтіріп, ғалымның беделін көтерді. Алайда, сол уақытта ол Кенесарының күресін теріс бағалап, оның қозғалысын сынға алды. Бұл тұрғыда Бекмахановтың көзқарасы Қазақстан тарихындағы маңызды тұлғаны кері, теріс тұрғыдан сипаттауға себеп болды.

Кейінірек жазылған оқулықтарда да осы бағыттағы көзқарас сақталып, Кенесары Қасымұлының бейнесі теріс сипатталып, оның ұлт-азаттық күресі бұрмаланып көрсетілді. Бұл жағдай, өкінішке орай, тәуелсіздік алғанға дейін өзгермей жалғасты. Ермұхан Бекмахановтың осындай екіұшты әрі қайшылықты көзқарастармен жұмыс істеуі тек оның жеке өмірі ғана емес, бүкіл Қазақ тарихының сол кезеңдегі қасіреті болып саналады. Бұл мәселе тарихты идеологияның ықпалына сүйене отырып зерттегенде, ақиқаттың бұрмалануына әкелетінін көрсетеді. Сондықтан да тәуелсіздіктің мәні мен маңызы

халқымыз үшін, оның ұзақ әрі ауыр тарихы үшін ерекше маңызды болып табылады [5, 50-бет].

Қорыта келгенде, Е.Бекмаханов қазақ тарих ғылымының, халқымыздың мақтанышы. Бірақ, өкінішке қарай, оның бұл басты еңбегі 50 жылдардың басында қаралы тізімге ілінді де, Сталиндік-империалық бұғаудың үзіле бастауы да оның жарыққа шығуына жол ашпайды. XIX ғасырдың 20-40 жылдар, оның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі үш жүзді қамтыған ең көлемді бас көтеру болғандығын, оның азаттық үшін болған ұлы аттаныс екенің тарихшылар іштей мойындаса да, Бекмахановтың еңбегіндей ұлы істерді толығымен көрсете алған жоқ.

Оның ғылыми мұрасын насихаттау арқылы тарихты бұрмалаудан сақтап, ұлттың шынайы өткенін ұрпақ санасына сіңіру мүмкін. Бекмаханов еңбектеріндегі тарихи әділдік қағидаттары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Оның зерттеулерін оқу және дәріптеу арқылы жас ұрпақ тарихқа деген қызығушылығын арттырып, ұлттық бірегейлікті нығайта алады. Осы тұрғыда оның еңбектерін оқу бағдарламаларына енгізу, ғылыми еңбектерін қолжетімді ету – маңызды қадамдардың бірі [6, 10-бет].

Сондай-ақ, Бекмахановтың ғылыми ізденістерінің нәтижелері қазіргі Қазақстанның тарихи жадын жаңғыртуда маңызды орын алады. Оның әділдік жолындағы күресі мен табандылығы ғылымға адалдықтың жарқын үлгісі ретінде қалады. Сондықтан оның еңбектері тек өткенді зерттеумен ғана шектелмей, болашақ ұрпақ үшін де бағыт-бағдар бола алады.

Әдебиет

1. Сарсеке.З.Л.Е.Бекмаханов.–Астана.«Фалиант»,2010 – 550 б.
- 2.ТұрсынЖұртбай.«КенесарыжәнетарихшыЕ.Б.Бекмаханов қалай қазақ халқының жауы болып жарияланды» // Алаш айнасы. 02.11.2014 ж. – 5 б.
- 3.АманжоловК.Р.Қазақстантарихы.(Дәрістеркурсы). –Алматы, 2004
- 4.БекмахановЕ.Б.ПрисоединениеКазахстанакРоссии.–М., 1957.
- 5.Бекмаханов Е.Б. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан. – А., 1992.
- 6.АсфендияровС.Қазақстантарихыныңочерктері.–А.,1994.

Қытай тіліндегі неологизмдер: пайда болу жолдары және жіктелуі

Нурмагамбетова Лиза Калдыбековна
оқытушы, п.ғ.м

Қаратаева Назерке Нәлібаевна
оқытушы, п.ғ.м
Қызылорда қ.

Резюме

В данной статье рассматривается понятие "неологизм", его происхождение и выполняемая функция в речи, а также природа и факторы неологизмов, определяющие возникновение; используются примеры неологизмов в современном китайском языке, делается вывод о современном состоянии лексики китайского языка, его тенденциях и направлениях развития.

Abstract

This article discusses the concept of "neologism", its appearance and performed function in speech, as well as the nature and factors of neologisms that determine its appearance; examples of neologisms in modern Chinese are used, conclusions are drawn about the current state of the vocabulary of the Chinese language, its trends and directions of development.

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты кез-келген тіл, нәтижесінде қоғам өзінің әртүрлі салаларында өзгерістерге ұшырайды. Ең маңызды өзгерістер оның лексикалық құрылымында орын алады: үнемі жаңару және байыту, қоғам өміріндегі үлкен өзгерістердің көрінісі, тілдің жаңа бірліктерінің үлкен массивінің пайда болуы. Кейбір сөздер мен конструкциялар аз қолданылады (немесе мүлдем қолданыстан шығады), ал басқалары, керісінше, әр түрлі қызмет салаларында ана тілінде сөйлейтіндер белсенді қолдана бастайды. Жаңа шындықтар мен ұғымдардың пайда болуына байланысты оларды сөйлеуде белгілеу, мәдениетаралық қарым-қатынасты сақтау және дамыту үшін бір тілден екінші тілге аудару мәселесі туындайды [1-6]. Мұнда неологизм сияқты ұғым туралы айтуға болады. Әдетте неологизм "жалпы белсенді лексикаға әлі енбеген, тілге енбеген және жаңалығы сөйлеушілер сезінетін жаңа сөздер" деп түсініледі [7]. Қытай тіліне оның өмір сүруінің ұзақ тарихында көптеген лексикалық бірліктер енген. Бұл кірме сөздер процесі тілді байытады, оны сыйымды және мәнерлі етеді. Кірме сөздер лексикасы -бұл лингвистикалық байланыстардың, халықтардың тілдік өзара әрекеттесуінің көріністерінің бірі.

Қытай тіл білімінде бұл терминнің көптеген анықтамалары бар, бірақ ең көп қабылданған үш анықтама-Ван Текун, Дяо Янбинем және Яо Ханьминем [8, 420-430 бб]:

«为了适应社会生活的变革和科学文化发展的需要，利用已有的构词材料，按照汉语的构词规律新创造出来的词和语。新词语是指一个新创造的或从其他语言中，从本民族语言的方言词、古语词和行业语种借用过来的词语，也指一个产生了新语义、新用法的固有词» [9, 10 б.]»

Неологизмдер-бұл қоғамдық өмірдегі өзгерістер мен ғылым мен мәдениеттің дамуынан туындаған тілдік номинацияның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қытай тілінің нормативтік сөзжасамдық модельдері бойынша бұрыннан бар тілдік материал негізінде жасалған жаңа сөздер мен өрнектер, сондай-ақ басқа тілдерден, қытай тілінің диалектілерінен, ежелгі қытай тілінен, кәсіби арго мен жаргоннан алынған сөздер, жаңа мағыналар мен қолданудың жаңа тәсілдерін алған сөздер.

«新词语包括两种形式：一种是以往汉语中没有的，新时期里随着新生事物、新概念、新制度的产生而产生的词语；一种是以往汉语中有的，但是在新时期的语言交际中增加了新的义项，并且该义项以较高的频率被使用的词语» [10, 5 б.]»

Неологизмдерге сөздердің үш категориясы кіреді: Бұрын Қытай тілінде қолданылмаған сөздер; 1949 жылы ҚХР құрылғанға дейін қолданылған, бірақ жақында қолданысқа енген сөздер; және Қытай тілінде ұзақ уақыт бойы қолданылған, бірақ жақында жаңа мағынаға ие болған және осы жаңа мағыналарда жиі қолданылатын сөздер. Бұл анықтамалар неологизмдерде әдетте сөйлеушілер роман ретінде қабылдайтын, әлі жалпы белсенді лексиканың бөлігі болып табылмайтын және тілде бекітілмеген жаңа терминдер бар екенін анық көрсетеді [12].

Неологизмдердің пайда болуы сөзжасамның шексіз әлеуетінің дәлелі ретінде қызмет етеді. Неологизмдердің көпшілігі жаңа идеялар мен нәрселерді көрсететін сияқты. Сонымен қатар, олар тілде бұрыннан бар сөздердің синонимі ретінде көрінуі мүмкін. Неологизмдер сөзжасам процесінде адамдар өміріндегі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді өзгерістерді бейнелеу үшін жасалады. Бұрыннан бар сөздермен тығыз ұқсастығына қарамастан, бұл құбылыс сапалық жағынан ерекшеленеді. Әдетте, кірме сөздер дүниелік және рухани өмірдегі заттар мен оқиғаларды сипаттау үшін қолданылады [7].

Неологизмдер бұрыннан бар сөздермен, формалармен және сөз тіркестерімен олардың қалай жасалатынына және қалай

қолданылатынына байланысты азды-көпті байланысты. Осы байланыстарды зерттей отырып, сөздік қорын дамытудағы негізгі заңдылықтарды, сондай-ақ қазіргі сөзжасам техникасын, туынды бірліктердің тірі түрлерін және сөздік қорын толықтыру процестерін анықтауға болады. Адамзат қоғамы мен интеллектінің үздіксіз эволюциясы, сондай-ақ лингвистикалық белгілеуді қажет ететін жаңа идеялар мен құбылыстардың пайда болуы жаңа сөздердің жасалу себептері болып табылады. Қолдану мәнмәтіні мен стилі бойынша ерекшеленетін және бір-бірінің семантикасын толықтыратын жаңа және ескі атаулардың қатар өмір сүруі комплементарлық деп аталатын тағы бір кең таралған құбылыс болып табылады.

Қытай тілінде күнделікті өсіп келе жатқанына қарамастан, орыс және басқа тілдер сияқты неологизмдер көп емес. Бұл лингвистикалық фактіні екі негізгі фактор түсіндіреді: біріншіден, Қытайды салыстырмалы түрде оқшауланған және жақын еткен бұрыннан келе жатқан феодалдық жүйе; екіншіден, лингвистикалық факторлар (тілдік құрылым, иероглифтік жазу). Қытай тіліндегі неологизмдердің сипаттамалары. Неологизмдер сөзжасамның нормативтік үлгілеріне сәйкес жасалады, яғни олар Қытай тілінде танылған лексикалық үйлесімділік стандарттарынан ауытқымайды. Нәтижесінде олардың ішкі құрылымы айқын көрінеді және оларды қоғамдастық оңай еске алады және қабылдайды. Арнайы ғылыми және кәсіби терминология, сондай-ақ жаңадан танымал сөздер мөлдір ішкі формаға ие. Неологизмдердің басым көпшілігі туынды сөздер болып табылатыны мағынасы бар, өйткені бұрыннан бар модельдер мен элементтерді (негізгі лексемалар) пайдалану өзіне тән мағынасы жоқ мүлдем жаңа фонетикалық кешенді ойлап табудан әлдеқайда қарапайым. Қоғамдық тұлғалар, авторлар мен журналистер кейде неологизмдердің едәуір санын ойлап табады [1].

Неологизмдерге арналған категориялар. Неологизмдер үш критерий бойынша жіктеледі: 1) олардың пайда болу тәсілі; 2) олардың жасалу жағдайлары; және 3) олардың жасалу себебі. Неологизмдердің пайда болу тәсіліне қарай екі түрі бар: лексикалық (сөзжасам үлгілері арқылы жасалған немесе басқа тілдерден алынған) және семантикалық (бұрыннан бар терминдерге жаңа мағына беруден туындайтын). Фонетикалық кірме сөздер-басқа тілдерден кірме сөздердің ең танымал тәсілі. Шетелдік сөздің сыртқы пішіні немесе дыбыстық қабығы фонетикалық кірме сөздер арқылы қайталанатын. Мағынаны да, дыбысты да жеткізетін жаңа фонетикалық қарыздардың өсу тенденциясы байқалады. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалыққа деген қажеттілігінің нәтижесі, сонымен қатар тіл қолданушыларының психологиялық талаптарын көрсетеді [13].

Ағылшын тілінен аударғанда "кішкентай, кіші" дегенді білдіретін 迷你 [míní] термині осы тәсілге баламалы. Неологизмдерді өндіріс параметрлеріне қарай жеке авторлық (белгілі бір авторлар

енгізген) немесе жалпы лингвистикалық (тілде жаңа ұғымның пайда болуына байланысты пайда болған) деп жіктеу керек. Барлық неологизмдерді олардың жасалу себебіне және сөйлеуде қалай қолданылатынына байланысты стилистикалық немесе номинативті деп жіктеуге болады. Кейінірек атаулары бар заттарға бейнелі қасиеттерді ұсынса, біріншілері номинативті рөл атқарады. Көбінесе ғылыми лексиканы үздіксіз толықтыратын жоғары мамандандырылған тіркестер номинативті неологизмдердің көпшілігін құрайды. Құбылыстарды атаудан басқа, стилистикалық неологизмдер сөздер мен сөз тіркестерін әртүрлі жағдайларда қолдануға болатын жаңа мағыналармен қамтамасыз етеді. Мысалы, сөз 毒坛 [dútán] — нашақор; нашақорлар әлемі (毒 [dú] — "улану, улану", 坛 [tán] - "саз ыдыс", "үйінді", "өріс, Арена") — мұнда морфеманың мағынасының өзгеруін байқауға болады; 坛 [tán] — бұрын ол тек қолданылған позитивті сипаттағы сөздерді қалыптастыру үшін, сөздегідей 文坛 [wéntán] — әдеби қоғам (文 [wén] — "иероглифтер", "жазу", "әдеби тіл", 坛 [tán] — "саз ыдыс", "үйінді", "өріс, арена"). Осыған ұқсас неологизм-бұл сөз 黑人 [hēirén] - басқа адамдарды сынауға немесе жала жабуға байланысты әрекеттер (黑 [hēi] — "қара", "қараңғы", "күпия, заңсыз", 人 [rén] - "адам"), алайда бұрын жарияланған сөздіктерде басқа мағына байқалды — "тіркеусіз адам", "тұрғылықты жері бойынша тіркелмеу" [13].

Нәтижесінде, неологизмдер қазіргі уақытта Қытай тілінде үнемі дамып келе жатқан құбылыс болып табылады, жазбаша және ауызша қарым-қатынаста бірегей қолдану үлгілері бар. Жыл сайын иероглифтерді араластыратын, күрделірек құрастырылған, тіпті сандарды қамтитын жаңа тіл пішіндері қосылады. Сыртқы саяси қатынастардың эволюциясы нәтижесінде несиелер саны да өсуде. Күнделікті заттар мен жаңа қарым-қатынас құралдары арқылы таралатын әлеуметтік құбылыстар мұқият зерделеуді және санаттауды қажет ететін мүлдем жаңа сөздік қорын тудырады. Тіл мамандары неологизмдердің шығу тегін зерттеуге және кейіннен талдауға ерекше қызығушылық танытады. Сөзжасамның лексикологиялық құрамдас бөлігі, лингвистикалық лексиканы толықтырудың негізгі көзі неологизмнің қалыптасуы және олардың эволюциясының заңдылықтары мәселесін қарастырады.

Әдебиет

1. Семенас А. Л. Лексика китайского языка / А. Л. Семенас. — М.: Муравей, 2000. — 312 с.
2. Тихонова Е. В. Компоненты устного билингвального дискурса (на материале китайского языка) // Молодой ученый. 2015. № 10 (90). С. 1443–1446.

3. Кулманакова Е. В. Формирование и развитие коммуникативно-речевой компетенции студентов, изучающих китайский язык // Проблемы и перспективы развития образования в России. 2010. № 1. С. 178–181.
 4. Тихонова Е. В., Белов Д. Н. Профессиональная компетентность военного переводчика (на материале китайского языка) // Молодой ученый. 2015. № 14. С. 525–528.
 5. Привороцкая Т. В. Особенности перевода кинодиалога с китайского языка на русский [Текст] /Т. В. Привороцкая / Язык и культура: сб. статей XXIII Международной научной конференции. Томск: Издательство Томского университета, 2013. С 90–92.
 6. Tikhonova E. V., Tereshkova N. S. Information and Communication Technologies in the Teaching of Interpreting // Procedia — Social and Behavioral Sciences. 2014. Т. 154. С. 534–538.
 7. Горелов В. И. Лексикология китайского языка: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2103 «Иностр. яз».. — М.: Просвещение, 1984. — 216 с.
 8. 郭嘉伟、亢世勇. 新词语研究的现状. [электронный ресурс] — China Academic Journal Electronic Publishing House, 2007. URL: <http://www.cnki.net> (дата обращения 01.11.2011).
 9. 王铁琨. 十年来的汉语新词语研究.// 语文建设通讯·1991年, 第4期, 9–13页.
 10. 刁宴斌、盛继艳. 近 10 年新词语研究述评.// 辽宁师范大学学报·2003年, 第1期, 4–10页.
 11. 姚汉铭. 新词语·社会·文化. — 上海: 上海辞书出版社·1998年, 221页.
 12. Жданова Л. В. Особенности перевода неологизмов китайского языка на русский язык в контексте: выпускная квалификационная работа / Л. В. Жданова. — Томск, 2012. — 74 с.
 13. Хаматова А.А Тенденции развития лексики китайского языка в начале XXI века // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. 2012. № 4 (21) С. 9–13.
 14. Кулманакова Е. В. Психология студентов и развитие их мотивации к изучению китайского языка // Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения. 2010. № 12–2. С. 105–110.
- Жукаускене Т. С. Сравнительный анализ фонемы и слогоморфемы в английском и китайском языках // Язык и культура (Приложение). 2012. С. 5–12.

ӘОЖ. 94. (574)

Ұлт жанашыры- Өзбекәлі Жәнібеков

Каримов.Қ.С.,
8D01604-«Тарих педагогтерін даярлау»
білім беру бағдарламасының докторанты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті

Резюме

В статье рассказывается о видном деятеле казахской культуры и духовности, этнографе, историке, государственном и общественном деятеле - Узбекали Жанибекове во второй половине XX века, о его общественно–политической деятельности и вкладе в модернизацию национальных ценностей, сохранение и пропаганду культурного наследия. Он один из тех людей, чье имя навсегда останется в истории нации.

Abstract

The article tells about the outstanding figure of Kazakh culture and spirituality, ethnographer, historian, statesman and public figure - Uzbekali Zhanibekov's socio–political activities in the second half of the XX century and his special contribution to the revival of national values, preservation and promotion of cultural heritage. He is one of the figures whose name will forever remain in the history of the nation.

Өзбекәлі Жәнібек – тарихшы-этнограф, қазақ халқының ұмыт қалған құндылықтарын түгендеп, ұлттық мәдени мұраны қайта жаңғыртқан рухани бай, биік парасат иесі.

1931 жылдың 28 тамызында Өзбекәлі Жәнібек қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданына қарасты Маяқұм ауылында дүниеге келген. Әкесі Жәнібек Құдиярұлы ерте қайтыс болып, көп ұзамай анасы Қаныша Томашқызы да өмірден озды.

«Қазақстанда Өзбекәлінің қолы тимеген тас жоқ» деген Әбіш Кекілбаевтың терең ойлы сөзінде үлкен мән жатыр. Тарихымызды, этнографиямызды және мәдениетімізді Өзбекәлі Жәнібековтей жан-жақты зерттеген тұлға кемде-кем. Оның құнды ғылыми еңбектерін зерделеген сайын, бүгінгі «Мәдени мұра» деп аталып жүрген маңызды істердің негізін дәл осы кісі қалағандай әсер қалдырады.

Өзбекәлі Жәнібеков қай қызметте жүрсе де, Қазақстан комсомол жастарының басшысы, Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы, мәдениет министрі немесе Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы ретінде елге өшпес өнеге қалдырды. Ол ата-бабаларымызды құрметтеуді үйретіп, ұмыт бола бастаған әулие-әмбиелерді, шежіреге толы қасиетті мекендер мен көне шаһарларды халқымыздың жадына қайтаруға зор үлес қосты.

1938 жылдың 1 қыркүйегінде Өзбекәлі ағамыз мектепке алғаш рет қадам басты. Сол кезеңде балаларды дайындығына байланысты екі топқа бөліп оқытатын дәстүр болған. Әлеуметтік жағдайы жақсы отбасылардың балалары бірден 1-сыныпқа қабылданатын. Ал тамақтануы нашар, тұрмысы төмен отбасылардың балалары дайындық сыныбында оқып, жыл соңында үлгерімі жақсы деп танылғандары ғана 1-сыныпқа көшірілетін. Алайда сол жылы бұл жүйе педагогикалық талаптарға сәйкес келмейді деп танылып, қолданудан шығарылды [1,144б.].

Соғыс жылдары көптеген балалар оқуларын тастап кетсе де, Өзбекәлі білім алуды жалғастырды. Жеті жылдық мектепте оларға жалғыз мұғалім – М. Рақымбаев сабақ берді. Соғыс аяқтала бастаған кезде майданнан жарақатпен оралған басқа мұғалімдер де жұмысқа қайта кірісіп, мектептің жағдайы жақсара түсті. Сол кездердегі балалық жүрегіне ерекше әсер еткен жайт немістер басып алған аумақтардан көшіріліп келген адамдармен қарым-қатынасына байланысты еді. Қазақ халқы ол уақытта «эвакуация» деген сөзді қолданбайтын. Оның орнына «туыстар» деген ұғым кең таралған болатын. «Туыстар келе жатыр», «туыстарға берейік, жесін» деп ауыл тұрғындары өзара әңгімелесіп жататын [2,192б.].

1945 жылдың күзінде Өзбекәлі жеті жылдық мектепті тәмамдап, аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің 8-сыныбына қабылданды. Бұл мектепті ол 1948 жылы аяқтады. Балалық шағында ерекше әсер қалдырған тұлғалардың бірі әйгілі халық ақыны Айтбай Белгібайұлы болды. Өзбекәлінің мұғалімдік жолы Қазақстанның Өзбекстанмен шектесетін оңтүстігіндегі Келес ауданының «Ленин жолы» орта мектебінде басталды. Үш жыл бойы мұғалімдік еткен ол бұл қызметтің білім мен тәжірибені үздіксіз жетілдіруді талап ететінін түсінді.

1955 жылдың тамыз айында Өзбекәлі Жәнібеков аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшысы қызметіне ұсынылды. Үш айдың ішінде ол партия жұмысының қыр-сырын меңгеріп, идеология саласында алғашқы қадамдарын жасады. Бұл кезең оның болашақтағы саяси қызметіне негіз қалады.

Келес аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметіне 1955 жылдың қараша айында сайланғаннан кейін, жастарды нақты істерге жұмылдыру басты мақсаттардың бірі болды. Бұл жұмыс ауылдарды көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау, спортпен айналысу,

көркемөнерпаздыққа қатысу сияқты бағыттарда жүргізілді. Ауданда мәдениет эстафетасы өткізіліп, әрбір комсомол ұйымы жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Әсіресе, 1957 жылы Мәскеуде өткен жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестиваліне дайындық кезінде жастардың шығармашылығы мен белсенділігі кеңінен көрінді. Жақсылық жаңалықтары облыс аумағынан үздіксіз жетіп жатты. Бұл хабарлар әдетте келесідей мазмұнда болды: «Ауылда үлкен фестиваль ұйымдастырылды», «жастарға арналған клуб ашылды», «ардагерлермен жүздесу өтті», «саябақ отырғызу шарасы өткізілді», «Ташкент облысымен шекарада достық кездесуі ұйымдастырылды», «спорт мектебі жұмысын бастады» және тағы да басқа игі іс-шаралар [3,192б.]. Аймақта комсомол және пионер ұйымдары тарихи орындарға қамқорлық жасап, саябақтар мен аллеялар отырғызу сияқты шараларға қатысты. 1950-жылдары Бетпақдаланы игеру, Шардара су бөгетін, Арыс-Түркістан каналын, Шымкент цемент зауытын салу секілді ірі жобалар жүзеге асырылды. Бұл жобаларға жастардың қатысуы маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, жастар ұйымдары балалар үйлерін қамқорлыққа алды. Оларға облыстық комсомол комитеті тікелей жауапты болды. Ұйымдастыру жұмыстары ұлттық мәдениетке, тарихқа, салт-дәстүрлерге ерекше сүйіспеншілікпен жүргізілді.

1988 жылдың 9 ақпанында Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланды. Бұл кезеңде партия басшылығы «қайта құру» үдерісінің экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси салалардағы жағымсыз салдарын реттеу жолдарын қарастыруды қолға ала бастаған еді. Елдегі экономикалық тұрақсыздық пен табыстағы белгісіздік кеңестік қоғамның негіздерін біртіндеп шайқалтып, қоғамдағы наразылықтардың күшеюіне ықпал ете бастады [4,1 б.].

Өзбекәлі Жәнібеков тарихи сананың қалыптасуына ерекше назар аударып, ғылым, мәдениет және өнер салаларындағы жұмыстарды қайта қарауды ұсынды. Ол Орталық Комитеттің әдебиет пен өнерге, сондай-ақ жеке қайраткерлердің шығармашылықтарына қатысты 1930-40 жылдар мен 1950 жылдардың басында қабылдаған шешімдерінде өрескел қателіктер жіберілгенін атап өтті. Осы қателіктерді түзету мақсатында Жәнібеков тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған бірқатар бастамалар көтерді. Оның ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, әдебиет пен өнер саласында бұған дейін теріс бағаланған тұлғалардың шығармашылығын зерттеу және әділ бағалау жұмыстары жүргізілді. Комиссия Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды көрнекті қайраткерлердің істерін қарастырумен айналысты. Бұл жұмыс тек үш тұлғаны ғана ақтап алумен шектелмей, Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне жаңаша баға беруге негізделді [5,1290 б.]. Өзбекәлі Жәнібеков бұл мәселені көтеру

барысында аталған қайраткерлердің іс-әрекеттерінен ұлтшылдықты көре алмайтынын және олардың әдеби, саяси мұрасын әділ зерттеу қажеттігін баса айтты. Нәтижесінде бұл қайраткерлер толығымен ақталып, олардың есімдері мен еңбектері халқына қайта оралды.

Өзбекәлі Жәнібеков Орталық Комитетте қызмет атқарған кезең Қазақстан үшін аса ауыр жылдармен тұспа-тұс келді. Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібеков Наурыз мейрамының қайта жаңғыруына және дәстүрлі мереке ретінде қалпына келтірілуіне орасан зор үлес қосты. Наурыз мейрамы ислам діні қабылданғанға дейінгі жүздеген жылдар бұрын пайда болған көне мереке еді. Қазақ халқы арасында Наурыз – «Жыл басы – жаңа күн» немесе Ұлыстың ұлы күні ретінде бағаланып, көне заманнан 1926 жылға дейін атап өтілген. Алайда, 1920 жылдары кейбір шолақ белсенділердің бастамасымен Наурыз «діни мереке» деп танылып, 62 жыл бойы тойланбай қалды. Бұл қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына жасалған үлкен әділетсіздік еді, өйткені Наурыздың діни сипатқа ешқандай қатысы жоқ болатын. Наурыз мейрамының халқымен қайта қауышып, жаңғыруына Өзбекәлі Жәнібековтің қосқан үлесі шексіз. Ол ұлттық мерекенің мәнін қайта жандандырып, халқына қайтарған ұлы тұлға ретінде тарихта қалды.

1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық өңірлерінде кеңінен атап өтілді. Әсіресе Алматы, Жетісу өңірі, Оңтүстік Қазақстан, Сыр өңірі, Жезқазған, Қарағанды, және Павлодар облыстарында ерекше есте қаларлық, халықтық сипатқа ие мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Осылайша, Наурыз мейрамы көпшіліктің өміріне қайта оралып, өзінің ұлттық мереке ретіндегі мәнін жаңғыртты. Мерекенің мәнін арттыратын тағы бір маңызды оқиға – Тайқазанның Қазақстанға қайта оралуы болды. Санкт-Петербургтегі Эрмитаж мұражайынан Тайқазанды қайтару оңайға түспеді. Бұл істі ұйымдастыруда Өзбекәлі Жәнібеков ерекше қажырлық танытып, мемлекетаралық келіссөздерді мұқият дайындады. Тайқазан елге қайтарылды. Тайқазан Түркістанға жеткізілгенде, кесене ішіндегі орны алдын ала белгіленіп, биік тұғырға қойылды [6,1 б.]. Бұл тарихи оқиға елдің рухын көтеріп, барша халықтың қуанышын еселеді. Тайқазанның елге оралуы – Өзбекәлі Жәнібековтың еңбегінің жемісі болды.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетін, ана тілін және дәстүрлерін жаңарту мен дамытуға елеулі үлес қосты. Оның бастамасымен Қазақстанның әртүрлі қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылып, «Арқас» қоғамы құрылды, бұл қоғам Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру бағытында қызмет атқарды. Ол сондай-ақ «Шертер», «Адырна», «Алтынай» сияқты фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырып, ана тілін дамыту бағдарламасын жасауда белсенді атсалысты.

Қорытындылай келе, Өзбекәлі Жәнібеков — еліміздің көрнекті мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты және мәдениет саласында елеулі із қалдырған тұлға. Оның еңбек жолын Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ағарту ісіндегі қызметімен салыстыруға болады. Ахмет Байтұрсынұлының ғылым-білім жолындағы еңбегін тұтас бір ғылыми институттың атқарған жұмысы деп бағалауға болады. Ал, қазақ мәдениетінің асыл мұраларын сақтап, келешек ұрпаққа ұсынған Өзбекәлі Жәнібековке де біз солай аянбай еңбек етуіміз керек.

Әдебиет

1. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. [Текст] -Алма-Ата: Өнер, 1982.-144 с.
2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені [Мәтін] / Ө. Жәнібеков.- Алматы: Жазушы, 1992.- 192б.
3. Жәнібеков, Ө. Тағдыр тағылымы [Мәтін]: Естеліктер. Бірінші кітап /Ө. Жәнібеков.- Алматы: Рауан, 1996.- 192б.
4. Қабышұлы Ғ. «Қазақтың бекзат перзенті»/.qazaquni.kz.-2016ж.
5. Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S., Omarova, S.(2024). Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX-XX). Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys, (55), 1290-1297.DOI: 10.54919/physics/55.2024.129ky0.
6. Алаш миссиясының мұрагері – Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл.https://www.inform.kz/kz/alash-missiyasynyn-murageri-ozbekali-zhanibekovtintuganyna-90-zhyl_a3829462

ӘОЖ 654.197 (574)

Қызылорда облыстық телеарнасының қалыптасу және даму тарихының зерттелуі

Досмаханова М. А.
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
магистранты,
Ғылыми жетекшісі: Сәтбай Т.Я.,
тарих ғылымдарының докторы

Резюме

В статье рассказывается об изучении истории становления и развития Кызылординского областного телеканала.

Abstract

The article describes the study of the history of the formation and development of the Kyzylorda regional TV channel.

1991 жылдың 30 сәуірінде өз қызметін бастаған Қызылорда облыстық телеарнасының қалыптасуының тарихи тәжірибелерін

зерттеудің маңызы зор. Сондықтан өңірлік телеарнаның құрылу кезеңдері, материалдық-техникалық және кадрлықәлеуеті мен бағдарламалық ерекшеліктеріне талдаулық зерттеулер жүргізу отандық тарихшылар үшін өзекті. Телеарнаның 1991-2024 жылдар аралығындағы қалыптасуы мен даму тарихы баспасөз материалдары мен тиісті әдебиеттер мен құжаттар негізінде алғаш рет жүйеленді. Қазіргі кезде Қызылорда облыстық телеарнасы тарихын арнайы зерттеген бірде-бір ғылыми еңбек жоқ. Зерттеуде жарияланған деректердің көпшілігі ғылыми айналымға алғаш рет енгізілді.

Тәуелсіздік жылдарының ерекшелігі – жаңа жағдайларда Қызылорда облыстық телеарнасы қатқыл бәсеке жағдайында қалыптасты. Өйткені республика көлемінде облыстық телеарналардан бөлек жаңадан ондаған дербес телеарналар ашылып, қызмет жасап жатты. Мұндай жағдайда көрермендер үшін күресу қажеттігі туындап, бюджеттік базалық қаржыландырудан бөлек қосымша қаражат көздері іздестірілді. Осы орайда нарыққа бейімделу үшін коммерциялық телеарналар жұмыс істеді.

Алғашқы құрылған күннен бастап облыстық телеарна ұжымының жеке құрамы өз бағдарламаларында тұрғындардың азаматтық белсенділігін көтеру бағытында шығармашылықпен жұмыс істеді. Олардың барлығы тәуелсіздігіміздің рухани-мәдени негіздерін нығайтуға қызмет етті. Ұлттық құндылықтар мен әдет-ғұрып, менталитет тақырыбында көптеген қызықты хабарлар жасалды. Сондықтан тәуелсіздік жылдарындағы аймақтық телеарнаның тарихын зерттеу объективті түрде қазіргі облыс тұрғындарының ой-өрісі мен танымын кеңейтетіні сөзсіз.

Мұнымен қатар 30 жыл ішінде облыстық телеарна ұжымының сандық және сапалық құрамы да үнемі толығу үстінде болып, шығармашылық жағынан кемелденді. Облыстық телеарнаөзінің тәуелсіздік жылдарындағы отыз жылдық тарихында белгілі бір тарихи кезеңнен өтті. Сыр бойы тұрғындары қоғамдық пікірінің айнасы болды және аймақтық қоғамдық саяси тұрақтылық пен ұлттық келісімге қызмет етті.

Аймақтық телеарналардың маңызын, олардың даму жолдарын, айрықша сипаттарын бағаламамауға болмайды. Сол сияқты бүкіл ел телевидениесінің даму тарихын өңірлік телеарналардың тарихынсыз көзге елестету мүмкін емес. Ал өңірлік телеарналардың жүріп өткен тарихи жолдары да тегіс емес, өзіндік ерекшеліктері де жетерлік. Солай бола тұра аймақтық телеарналардың тарихы зерделеніп, ғылыми айналымға қосылмаған. Оның бір себебі дерек көздерінің аздығы болуы мүмкін. Содан болар зерттеушілер көбіне кең көлемде, ауқымда жазғанды, не өткен мен қазіргіні баяндағанды жөн көреді.

Отандық электронды БАҚ саласын түрлі бағытта ғылыми тұрғыдан зерттеген К.Аманбаев «Создание и развитие телевидения в Казахстане – действенное средство идеологической работы КПСС

(1958-1970 гг.) [1], М.Барманқұлов «Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радиовещания» [2], т.б. диссертацияларында тележурналистика әдісі, функциясы, типологиясы т.б. жайлы айтылады. Зерттеу еңбектер мен диссертацияларда теледидардың жекелеген проблемалары ғана қарастырылады.

Ал осы Қызылорда облыстық телеарнасы қызметінің отыз жылдық тарихының бізге дейін кәсіби тарихшылар тарапынан мүлде зерттелмегендігін бірден айта кеткенімізді жөн көрдік. Өткен ғасырдың 70-80- жылдарында Кеңестік Қазақстан телеарнасының қызметі мен қалыптасу тарихы азды-көпті зерттелгендігіне көзіміз жетті. Олардың ішінен тележурналистиканы зерттеуші С.Масғұтовтың [3], оның жанрларын зерттеуші Б.Барманқұловтың [4], кеңестік тоталитарлық қоғамдағы отандық телеарнадағы идеялогиялық ықпалы жөнінде Қ.Аманбаевтың [5], сондай-ақ Ә.Сүлейменова [6] мен Ғ.Ибраеваның [7] еңбектерін айта аламыз. Бұл еңбектердің барлығы да біздің тақырыбымызға бойлауға, игеруімізге септігін тигізді.

Дерек көздеріне жүргізілген талдау бүгінгі күні телевидение жайлы әдебиеттерде негізінен күнделікті баспасөзде жарияланған мәліметтердің басым екендігін көрсетеді. Ал телевидение тарихына қатысты жүргізілген монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Осы кезге дейін қорғалған диссертациялардың көпшілігі филология, журналистика, не өнертану саласымен байланысты. Оның өзінде де өңірлік телеарналар тарихы жайлы мүлде жазылмайды. Яғни біздің зерттеу жұмысымыз осы бағыттағы тұңғыш еңбектердің бірі деп толық сеніммен айтуға болады.

Қызылорданың ақпарат айдынында облыстық телеарнаның шаңырақ көтергеніне де 30 жылдан асты. Тарих таразысына тартқанда аз болып көрінгенімен, бір ұжымның қалыптасу кезеңі үшін бұл аз уақыт емес. Осы уақыт ішінде тележурналистиканың белгілі ғалымы Қ.Тұрсын айтқандай: «көгілдір экран сахнасында сан мыңдаған тарландардың тағылымды істерінің іздері, жүректерінің табы, ақыл-ойларының сілемдері қалды [8].

Осы жұмыста Қызылорда облысында телеарнаның қалыптасуы мен дамуының өңірлік ерекшеліктерін анықтау үшін алғаш рет нақты тарихи талдау жасалды. Бұл өз кезегінде саланың материалдық-техникалық жарақтануын, кадрлар құрамымен жасақталуын, телевидение қызметін қамтамасыз ету, т.б. сұрақтарды талдауды қажет етті.

Тақырыпқа қатысты арнайы зерттеу жұмыстарының болмағанын жоғарыда айттық. Аймақтық телеарна туралы байсалды мақалалар мен естеліктердің облыстық телеарна қызметінің мерейтойлық даталы күндерге шыға бастады. Сипаты мен формасы жағынан оларды зерттеу жұмыстары деп айтуға болмас еді. Дегенмен

оларға облыстық телеарнаның тарихына қатысты байсалды публицистикалық мақалалар деп бағалар едік.

2011 жылы облыстық телерадиокомпания құрылуының 20 жылдығына орай, жалпы редакциясын Жағыппар Қарабала басқарған «Сырдың сырлы сандығы» атты естеліктер жинағы жарыққа шықты [9]. Облыстық телерадиокомпанияның 20 жылдығы Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен сәйкес келген еді. «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының мерейтойына арналып шығарылған бұл кітапта облыстық телеарна құрылуының алғашқы күнінен бастап 2011 жылға дейінгі тарихы – қалыптасу кезеңдері мен сатылары баяндалды.

Сол сияқты дәл сол 2011 жылы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген мерейтой шараларының материалдары «Жиырма жылдық жаңғырығы» деген атпен өз алдына жинақ болып баспадан шықты [10].

2016 жылы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының құрылғанына 25 жылдығына орай «Ширек ғасыр антологиясы» деген атпен естеліктер жинағы жарық көрді. «Қазақстан РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры, «Құрмет» орденінің иегері Ж.Қарабаланың естеліктері өте құнды [11].

Сондай-ақ осы жинаққа енген А.Шәріп, Н.Рахмет, А.Шалғынбаева, Қ.Есімсейітова, А.Қасымова, Б.Шөкенов, Ю.Ефанов т.б. естеліктерінің деректік маңызы зор.

Бүгінгі күні Қызылорда облысы ақпарат кеңістігінде барлығы 148 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Оның ішінде 120 баспа, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік, 2 телеарна бар. Сол екі арнаның бірегейі - Қызылорда облыстық телеарнасы тәуелсіз еліміздің тарихымен қатар алға қарай қарыштап қадам басып жатқан ұжым. Ал облыстық телеарна даму тарихының алғаш рет зерттелуі жалпы Қазақ телевидениесінің тарихына қосылған тың үлес болып табылады.

Әдебиет

1. Аманбаев К. Создание и развитие телевидения в Казахстане – действенного средства идеологической работы КПСС (1958-1970 гг.): автореф. дис. ...канд.ист.наук.Алма-Ата, 1971. 22 с.

2. Барманкулов М. Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радиовещания: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. Москва, 1980. 37 с.

3. Масғұтов С. Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. Алматы, 1975. 110 б.

4. Барманкулов М. Жанры печати, радиовещания и телевидения. Алматы: КазГУ, 1974. с.128.

5. Аманбаев К. Действенное средство идеологической работы. Алматы, 1981. 153 с.

6. Сулейменова А. Проблемы многоязычия в телевидении (на материалах телевидения Казахстана): Автореф. дис....канд.филол.наук. Киев, 1992. 24 с.

7. Ибраева Г. Телевидение Казахстана в условиях становления демократической государственности. Алматы: Қазақ университеті, 1995. с.260.

8.Тұрсын Қ. Көгілдір экран әлемі (телешығармашылық зертхана). Алматы: Қазақ Ұлттық университеті, 2007. 163 б.

9. Сырдың сырлы сандығы. Қызылорда : Тұмар, 2011. 288 б.

10. Жиырма жылдық жаңғырығы. Қызылорда: «ASU» баспа үйі, 2011. 92 б.

11. Ширек ғасыр антологиясы. Естеліктер жинағы. Қызылорда, 2016. – 112 б.

ӘӨЖ 16.21.47

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік жарнама дискурсы

Нұрсұлтанқызы Жазира, ф.ғ.к., доцент
Маханбеталиева Галия Тұрсынбаевна
АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности дискурса социальной рекламы на казахском и английском языках. Социальная реклама выступает как коммуникативный инструмент, поднимающий важные вопросы в обществе и воздействующий на сознание граждан. В ходе исследования сравнительно проанализированы языковые, стилистические и прагматические особенности социальной рекламы на казахском и английском языках.

Abstract

This article examines the features of the discourse of social advertising in Kazakh and English. Social advertising acts as a communication tool that raises important issues in society and influences the consciousness of citizens. The study comparatively analyzed the linguistic, stylistic and pragmatic features of social advertising in Kazakh and English.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық кеңістіктегі әлеуметтік жарнама қоғамға ықпалетудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Әлеуметтік жарнаманың негізгі мақсаты – қоғамның назарын әлеуметтік маңызды мәселелерге аударып, қоғамдық санада белгілі бір құндылықтарды қалыптастыру. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік жарнама дискурсы өзара ұқсас болғанымен, тілдік, мәдени және стилистикалық ерекшеліктерге ие. Осыған

байланысты, бұл тақырыптың зерттелуі әлеуметтік коммуникацияның тиімділігін арттыру және әртүрлі тілдік ортадағы әлеуметтік жарнама механизмдерін түсіну үшін маңызды.

Әлеуметтік жарнама қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады, себебі ол экологиялық мәселелерден бастап, денсаулық сақтау, жол қауіпсіздігі, инклюзивтілік, адам құқықтары сияқты тақырыптарды көтереді. Әр мәдениет пен тілдік жүйе әлеуметтік жарнаманы өзіндік ерекшеліктерімен ұсынады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік жарнамалар арасындағы дискурстық айырмашылықтарды зерттеу, олардың тиімділігі мен коммуникативтік стратегияларын талдау қазіргі тіл білімі, социолингвистика және мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан өзекті мәселе болып табылады.

Дискурс ұғымы қазіргі заманғы лингвистикада және оған жақын ғылыми салаларда кеңінен зерттеліп жүрген күрделі феномендердің бірі болып табылады. Дискурс теориясына қатысты зерттеулерде әртүрлі анықтамалар мен тұжырымдар ұсынылған.

Дискурс – көпқырлы ұғым, ол тек лингвистиканың ғана емес, философия, әлеуметтану, психология, педагогика және басқа да ғылым салаларының зерттеу нысаны болып табылады. Дискурстың лингвистикалық түсіндірмесі бойынша оны сөйлеу актісімен немесе мәтіннің ерекше түрімен байланыстыруға болады. В.И.Карасик дискурсты әлеуметтік және лингвистикалық аспектілер тұрғысынан зерттеп, оның интерактивті процесс екенін атап көрсетеді [1,5-20б]. Ол дискурсты тұлғалық және институционалды түрлерге бөлуді ұсынады. Н.Д.Арутюнова дискурсты экстралингвистикалық факторлармен байланыстырылған тұтас мәтін ретінде қарастырады. Оның пікірінше, дискурс – белгілі бір әлеуметтік контексте қалыптасқан тілдік әрекет [2,688 б]. Т.А. Ван Дайк дискурсты когнитивті және әлеуметтік аспектілермен байланыстырып, оны белгілі бір мақсатқа бағытталған тілдік әрекет ретінде сипаттайды [3, 276 б].

Дискурс ұғымын әртүрлі тұрғыдан зерттеген еңбектерде бірнеше аналитикалық тәсіл ұсынылған. Коммуникативті тәсіл бойынша дискурс диалогтық қарым-қатынас түрінде қарастырылады. Құрылымдық-синтаксистік тәсілде дискурс мәтіннің бір бөлігі ретінде қарастырылады, бірақ оның мағыналық байланысы маңызды рөл атқарады. Құрылымдық-стилистикалық тәсіл бойынша дискурс негізгі мәтіннен тыс орналасқан, оқырманға әсер ететін тілдік құралдардың жиынтығы ретінде сипатталады. Әлеуметтік-прагматикалық тәсілде дискурс мәтіннің ішіндегі мәтін ретінде зерттеледі. Осы тәсілдерге сүйене отырып, дискурстың көпәспектiлiгiн және оның лингвистикалық талдау барысында әртүрлі қырынан қарастыру қажеттігін көруге болады.

Жарнамалық дискурс қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Жарнама –

тұтынушыға ықпал етудің ерекше түрі және ол прагматикалық бағытталған тілдік бірліктерден тұрады. Жарнамалық дискурсты зерттеген негізгі ғалымдар қатарында Г.П.Гриндер [4], Дж. Кук [5], Л.Ақтанова [6], Г.Бүркітбаеваларды [7] жатқызуға болады. Олар жарнамалық дискурстың коммуникативтік, стилистикалық және семантикалық ерекшеліктеріне талдау жасаған. Жарнамалық дискурстың негізгі белгілері ретінде қысқа әрі нақты құрылым, адресатқа тікелей үндеу, эмоционалды әсер ету, слоган мен лозунгтердің кең қолданылуы, манипулятивтік стратегиялардың болуы айқындалады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жарнамалық дискурстардың зерттелуі бұл екі тілдік жүйеде әлеуметтік коммуникацияның әртүрлі тәсілдермен жүзеге асатынын көрсетеді. Қазақ тіліндегі жарнамалық дискурс ұлттық құндылықтарға бағытталған, атаулы сөйлемдер мен нақыл сөздер жиі қолданылады, құрмет пен сыпайылық реңкі байқалады. Ал ағылшын тіліндегі жарнамалық дискурс қысқа және нақты құрылыммен ерекшеленеді, белсенді әрекетке итермелейтін сөздер жиі қолданылады, эмоционалды бағытталған стратегиялар кең таралған. Жарнамадағы мәдени айырмашылықтар тұтынушының қабылдауына айтарлықтай әсер етеді.

Дискурс – динамикалық әрі көпқырлы құбылыс. Дискурс тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, әлеуметтік-мәдени және когнитивтік құбылыс ретінде де зерттеледі. Жарнамалық дискурс өзінің құрылымы мен қызметіне байланысты ерекше зерттеу нысаны болып табылады. Дискурс теориясында әртүрлі тәсілдер бар, олардың әрқайсысы оның белгілі бір аспектісін зерттеуге мүмкіндік береді. Жарнамалық дискурс – тұтынушыға ықпал етудің тиімді құралы және оның лингвистикалық ерекшеліктері зерттелуі қажет. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жарнамалық дискурстар ұлттық-мәдени ерекшеліктерге байланысты әртүрлі коммуникативтік стратегияларды қолданады.

Әлеуметтік жарнама – қоғамға маңызды әлеуметтік, мәдени және этикалық құндылықтарды жеткізу мақсатында әзірленетін ақпараттық құрал. Ол адамның мінез-құлқын өзгертуге, белгілі бір мәселені түсіндіруге және оған шешім ұсынуға бағытталған. Әлеуметтік жарнаманың коммерциялық жарнамадан басты айырмашылығы – оның сатылымды ұлғайту емес, қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталғандығында.

Жарнама дискурсы – мәтіндік және визуалды элементтердің өзара байланысы арқылы жасалатын коммуникациялық процесс. Ол белгілі бір риторикалық тәсілдер мен манипулятивтік стратегиялар арқылы жүзеге асады. Жарнамалық дискурста эмоционалды әсер ету, қысқа әрі нақты тілдік құрылымдарды пайдалану, лозунгтар мен ұрандарды енгізу маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік жарнаманың тілдік ерекшеліктері оның мақсаты мен мақсатты аудиториясына байланысты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жарнамалық мәтіндер құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан ерекшеленеді.

Қазақ тіліндегі әлеуметтік жарнама: ресми және әдеби стильге жақын, ұлттық дәстүр мен мәдени құндылықтарға басымдық береді. Жарнама мәтіндерінде нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Халықтық тәрбиелік мәнге ие ұғымдар мен ұлттық болмысқа сай сөздер жиі кездеседі. Тілдік құрылымдар көбінесе аналитикалық сипатта болып келеді.

Ағылшын тіліндегі әлеуметтік жарнама: Қысқа әрі нақты, түсінікті сөз тіркестерін қолданады. Тікелей үндеу, белсенді шақыру формалары басым. Эмоционалды әсер беру үшін метафоралар, салыстырулар кеңінен қолданылады.

Көп жағдайда ағылшын тіліндегі жарнамаларда слоган мен риторикалық сұрақтар кездеседі. Мысалы,

Қазақ тіліндегі әлеуметтік жарнама: *«Жол ережесін сақта – өміріңді қорға!»*

Ағылшын тіліндегі әлеуметтік жарнама: *«Drive safe, stay alive!»*

Әлеуметтік жарнамада адамдарға әсер ету үшін түрлі риторикалық тәсілдер мен манипулятивтік стратегиялар қолданылады.

Эмоционалды әсер ету: Жарнама аудиторияның сезімдеріне әсер етіп, оларды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді.

Қазақша: *«Балаңыздың болашағы сіздің қолыңызда!»*

Ағылшынша: *«Your child's future depends on you!»*

Қорқыныш факторы: Адамдарды теріс салдардан қорқыту арқылы олардың әрекетін өзгерту.

Қазақша: *«Темекі – өлімге апарар жол!»*

Ағылшынша: *«Smoking kills!»*

Мысал арқылы сендіру: Нақты өмірден алынған оқиғаларды қолдану арқылы аудиторияның сенімін арттыру.

Қазақша: *«Бұл бала 5 жасында анасынан айырылды. Себебі ол қауіпсіздік белдігін тақпаған...»*

Ағылшынша: *«He lost his mother at 5. She didn't wear a seatbelt...»*

Слоган мен қысқа лозунгтар: Жарнаманың есте қалуын қамтамасыз етеді.

Қазақша: *«Таза қала – жарқын болашақ!»*

Ағылшынша: *«Clean city, bright future!»*

Әлеуметтік жарнамада мәдени ерекшеліктер айқын көрінеді. Әр халықтың дүниетанымы, құндылықтары және өмір сүру салты жарнамалық дискурста көрініс табады.

Қазақ мәдениеті: Қазақ тіліндегі әлеуметтік жарнамаларда ұлттық дәстүрлерге, отбасы құндылықтарын ерекше мән беріледі.

Сонымен қатар, бірлік, сыйластық, үлкендерді құрметтеу сияқты құндылықтар насихатталады.

Мысалы, «*Ата-анаңды ренжітпе – жақсылығыңды көр!*»

Бұл мәтін қазақтың дәстүрлі тәрбиесіне негізделген.

Ағылшын мәдениеті: Ағылшын тіліндегі жарнама көбінесе жеке тұлғаға бағытталған. Жеке жауапкершілік, бостандық, өз таңдауыңды жасау принциптері айқын көрінеді.

Мысалы, «*Your choices define your future!*» (*Сенің таңдауың – сенің болашағың!*)

Осылайша, әлеуметтік жарнаманың дискурстық ерекшеліктерін талдау оның тек ақпарат тарату емес, сонымен қатар белгілі бір мәдени құндылықтарды насихаттайтынын көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік жарнама дискурсы бір қатар ерекшеліктерге ие. Қазақ тіліндегі әлеуметтік жарнама ұлттық дәстүрлерге, мәдени-рухани құндылықтарға негізделсе, ағылшын тіліндегі әлеуметтік жарнама қысқа әрі нақты, эмоционалды әсер етуге бағытталған. Сонымен қатар, екі тілдегі жарнамада да риторикалық тәсілдер кеңінен қолданылады. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік жарнаманың тиімділігін арттыру үшін әрбір мәдениеттің ерекшеліктерін ескеру қажеттігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі әлеуметтік жарнаманың тілдік құрылымымен стилистикасы әртүрлі; әлеуметтік жарнамада қолданылатын риторикалық тәсілдер мен манипулятивтік стратегиялар қоғамға ықпал етудің негізгі құралдары болып табылады; әлеуметтік жарнама әр елдің мәдени құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді.

Әдебиет

1. Карасик, В. И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 2000. – С. 5–20.

2. Арутюнова, Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь / Н. Д. Арутюнова. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 688 с.

3. Van Dijk, T. A. Discourse and Context: A Sociocognitive Approach. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 276 p.

4. Grinader, G. P. Advertising Discourse: Language and Persuasion Techniques. – London: Routledge, 1998. – 256 p.

5. Cook, G. The Discourse of Advertising. – London: Routledge, 2001. – 272 p.

6. Ақтанова, Л. Дискурс, мәтін, сөйлесім, тілмәселелері. – Алматы, 2006. – Б. 10–11.

7. Бүркітбаева, Г. Деловой дискурс. Онтология и жанры. – Алматы: Ғылым, 2005. – 235 б.

ӘОЖ 336.225

Халық қаржысының қазіргі уақыттағы алатын рөлі

Молдабекова А.Ш.,
Э.ғ.к., доцент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
(Тараз қаласы)

Резюме

В статье анализируется домохозяйство как элемент социально - экономической структуры общества, а также рассматривается его социально - экономическая роль с точки зрения теории человеческого капитала. Отмечается, что особое внимание уделяется финансам домохозяйства и его социальной специфике.

Abstract

The article analyzes the household as an element of the socio-economic structure of society, and also examines its socio-economic role from the point of view of the theory of human capital. It is noted that special attention is paid to household finances and its social specifics.

Қаржы жүйесінде халық қаржысының қаржысы жеке құрылымдық элементке бөлінеді. Қазіргі уақытта халық қаржысы қаржылық қарым-қатынастардан тыс бола алмайды, ол тұрақты түрде халық қаржысының ішінде, сондай-ақ сыртқы халық шаруашылығына қатысты нарықтық субъектілермен пайда болатын қатынастарға түседі.

Халықтың қаржысы, тұтас алғанда қоғам қаржысы сияқты, шаруашылық мүшелерінің материалдық және элеуметтік жағдайларын және олардың ұдайы өндірісін қамтамасыз ету мақсатында ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану жөніндегі экономикалық ақшалай қатынастар болып табылады. Жеке отбасы деңгейінде қаржы жүйесінде буын бола отырып, ол қоғамның элеуметтік-экономикалық құрылымының бастапқы элементі болып келеді. Ішкі жалпы өнім мен ұлттық табыстың құнын жасауда, алғашқы бөлуде және пайдалануда шешуші маңызы болатын коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысынан айырмашылығы үй шаруашылықтарының қаржысы қаржы жүйесінің басым буыны болған емес және қаржылық қатынастардың жалпы жиынтығында маңызды болғанымен бағынышты рөл атқарады.

Халық қаржысының ішкі қаржысына отбасылық ақша қорларын қалыптастыру жөнінде оның қатысушылары арасында туындайтын қатынастарды жатқызуға болады, олар әртүрлі нысаналы мақсаты бар ағымдағы тұтыну деңгейін қолдау үшін сақтандыру резервтері, ақша қорын одан әрі инвестициялау мақсатындағы күрделі шығыстар деңгейін арттыру үшін ақша резервтері және т. б.

Халық қаржысының сыртқы қаржылық қатынастар жүйесі күрделі. Халық қаржысы келесідей қаржылық қатынастарға түсе алады:

-бірлескен ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану жөнінде басқа да халық қаржыларымен (оларға үй шаруашылықтары да қатыса алатын өзара алмасу қатынастары жатпайды); материалдық өндірістің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін кәсіпорындармен немесе өндірілген жалпы ішкі өнімнің құндық түрін бөлу жөнінде үй шаруашылығына қатысушыларға қатысты жұмыс берушілер ретінде әрекет етушілер,

- коммерциялық банктермен тұтыну кредиттерін тарту, оларды өтеу жөнінде; уақытша бос ақша қаражатын орналастыру жөнінде банктік шоттарға қаражат;

- сақтандыру ұйымдарымен қалыптастыру және пайдалану бойынша әр түрлі сақтандыру қорларымен;

- бюджеттік және бюджеттен тыс қорларды құру және пайдалану жөнінде мемлекетпен.

Жоғарыда аталған қатынастар "халық қаржысы" санатының элеуметтік-экономикалық мазмұнын құрайды. Демек, халық қаржысы – бұл өзінің элеуметтік-экономикалық қызметі процесінде үй шаруашылығы мен оның жекелеген қатысушылары кіретін, ақша қаражаты қорын құру және пайдалану туралы ақша қатынастарының жиынтығы.

Халық қаржысын «адами капиталдың» деп жұмыскерлердің қабілеттілігін, білімін және іскерлігі түсініледі, олар жұмыскерлерге элеуметтік және экономикалық салаларда белсенді іс-әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл сапалар, бірінші кезекте, ұлттың білім және денсаулық деңгейімен айқындалады. Адами капиталдың негізгі элементтеріне ұсынылымына сәйкес мыналар жатады:

- білім капиталы (жалпы және арнаулы білімдер);
- өндірістегі даярлық капиталы (біліктік, машық, өндірістік тәжірибе);
- денсаулық капиталы;
- экономикалық мәнді ақпараттарға ие болу (бағалар мен табыстар туралы ақпараттылығы);
- көші-қон капиталы (жұмыскерлердің жұмылдырылғыштығын қамтамасыз етуші);
- экономикалық қызметтің уәждемесі.

Осыдан «адами капитал жұмсалатын инвестиция» яғни адам дамуына қаражаттар жұмсау, қызметтің таңдамалы сферасында шеберлікті арттыру, адами тұрмысының рухани және табиғи жақтарын жетілдіру ұғымы дамыды. Адами капиталға жұмсалатын инвестициялардың жалпы экономикалық сипаттамасы олардың рентабелділігі нақты капиталдағы пайдалылықтан әлдеқайда көп болып табылатындығына. Бұл тұжырымдар дамыған капиталистік елдерде ағарту және кадрлар даярлау сферасының теңдесті дамуы үшін теориялық негіздеу болды. Адами капиталдың бірнеше қағидатты маңызды қағидаларын бөліп көрсетуге болады:

- адами ресурстарды сақтау және дамыту қоғамның ұзақ мерзімді экономикалық дамуы үшін негіз болып табылады;
- адами капиталдың сапасы Ұлттық білім, ғылым, мәдениет және денсаулық деңгейімен айқындалады;
- адами капитал ұдайы өндірілетін капиталдың кез келген басқа нысаны сияқты, тозуы мүмкін және тұрақты қолдауды талап етеді;
- адами капитал құнсызданады, егер оның сапасына (білім, денсаулық, ғылым және басқалары) әсер ететін факторлар нашарласа.

Ішкі мүмкіндіктермен қамтамасыз етілетін үй шаруашылықтарының едәуір элеуеті жөнінде ІЖӨ-дегі үй шаруашылықтары жасайтын өнім мен қызметтердің салыстырмалы жоғары және әрдайым көбейіп отырған үлесі растайды (17,6%, соның ішінде: 16,9% үй шаруашылықтарының секторы бойынша және 0,7% үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарының секторы бойынша). ІЖӨ-ні нақты түпкілікті тұтынуға пайдалануда үй шаруашылықтарының секторы 50,7 %-ды алады.

Халық қаржысының элеуметтік-экономикалық мәні олардың атқаратын қызметтері арқылы көрінеді.

Халық қаржысы бөлу функциясын орындайды, яғни қоғамдық қаржы келісілген құн бөлу құралы болып табылады [1,135 б.].

Бірақ егер қоғамдық қаржының ерекше тағайындалуы әр түрлі шаруашылық субъектілері арасында ақшалай нысанда жалпы қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу үшін көрсетілсе, онда халық қаржысы осы құнды, барлық қатысушылары арасында одан әрі бөлуді қамтамасыз етеді. Осылайша, олар тарату процесінің соңғы сатысында басты рөл атқарады. Бөлу қызметін орындай отырып, халық қаржысы өндірістік факторлардың бірі ретінде материалдық ресурстармен жұмыс күшін қалпына келтіру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Осы қызмет арқылы әрбір адам өмірді қолдау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі. Бөлу қызметінің әрекет ету объектісі - салық және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі халықтың иелігінде қалған, қолда бар жиынтық табыстың бір бөлігі.

Халық қаржысының тағы бір қызметі - бақылау қызметі. Нарықтық экономика жағдайында үй шаруашылығы дербес шаруашылық жүргізуші субъект болып табылады, яғни үй шаруашылығы мүшелерінің өмір сүру деңгейі толығымен оның үлесіне келетін табыстың мөлшеріне тәуелді. Бұл шамаға бірқатар факторлар әсер етеді. Олардың әсерінен ол ұлғаю жағына да, азаю жағына да өзгеруі мүмкін.

Халық қаржысының экономикасы оның әртүрлі қатысушылары арасындағы қатынастардың күрделі кешеніне сүйенеді. Экономикалық мүдделерді келісу үй шаруашылығының әр түрлі қатысушылары үшін оларды реттеумен қамтамасыз етіледі, халықтың бір санатына кететін қолда бар кіріс бөлігінің ықтимал өзгеруімен түсінділеді.

Демек, халық қаржысы тағы бір маңызды қызметті орындайды – реттеуші, ол үй шаруашылығының біртұтас теңгерімді дамуын қолдайды. Бұған қаржы ресурстарын қайта бөлу арқылы қол жеткізіледі. Шаруашылық деңгейінде оның дамуын реттеу негізінен өзін-өзі реттеу арқылы жүргізілетінін атап өту қажет. Бұл үдерісте халық қаржысына қатысушылардың еркіндігін мемлекет шектей алмайды. Осылайша, халық қаржысы мемлекеттің қаржы жүйесінің элементтерінің бірі болып табылады, алайда олардың жүйенің басқа элементтерінен ерекшеленетін өз ерекшеліктері бар.

Халық қаржысының ерекшелігі, бұл қаржы қатынастарының саласы мемлекетпен ең төмен дәрежеде регламенттелген. Шынында да, мысалы, орталықтандырылған ақша қорларын құру және жұмсау процесі, мемлекеттік бюджет ретінде қатаң мемлекеттік бақылауда тұрады. Халық қаржысының субъектілері ақша қорларын қалыптастыру қажеттілігі мен тәсілі, олардың көлемі мен мақсаты және оларды пайдалану уақыты туралы дербес шешім қабылдайды. Басқаша айтқанда, нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің халықтың қолда бар кірісін бөлу процесіне тікелей әсер ететін құралдары жоқ.

Сонымен қатар, мемлекет халықтың қолында бар табысының жалпы көлеміне әсер ете алады. Халықтың нақты кірістері халық пен мемлекеттің қаржылық қатынастарын іске асыру процесінде ортақ қоғамдық өнімнің құнын бірнеше рет бөлу және қайта бөлу нәтижесінде құралады. Жеке тұлғалар төлейтін салық ставкаларын арттыру олардың нақты табыс көлемін қысқартартады [2,6 б.].

Қоғамдық қайта өндіру жүйесіндегі халық қаржысының инвестициялық функциясы маңызды болып табылады. Ол экономика үшін қаржы ресурстарын негізгі жеткізушілердің бірі болып табылады. Халық табыстарының өсуі осы функцияны орындау үшін материалдық негіз болып табылады. Халықтың инвестициялық функциясын көбінесе капиталданатын кірістердің үлесімен ғана

байланыстырады, яғни жинақ ретінде пайдаланылатын (эртүрлі қаржы институттары мен нақты өндіріске қаражатты салу).

Әдебиет

1. Нұрымов А.А., Бұлақбай Ж.М. Қаржы. Оқу құралы. – Астана: Мастер По ЖШС -2014 ж. 309б.

2. Молдабекова А.Ш., Омап А., Нурманалиева Г.А. Халық қаржысы: оқу құралы. – Тараз: Dulaty university, 2024. – 270 б.

ӘОЖ 336.71

Аймақтың әлеуметтік- экономикалық дамуында жергілікті қаржының алатын рөлі

Магистрант Мыркалыков А.Ж.,
э.ғ.к., доцент Молдабекова А.Ш.,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается совокупность финансовых связей региона в процессах накопления, использования, перераспределения конкретных частей средств – продукции финансового направления в зависимости от возложенных на них функций региональными управленческими органами.

Abstract

This article examines the totality of the financial relations of the region in the processes of accumulation, use, and redistribution of specific parts of funds – financial products, depending on the functions assigned to them by regional management bodies.

Әр қилы мемлекеттердің өмір сүрулерінің негізгі шарттары ақшалай қаражаттарды жұылдырулары, бөлулерді және қолдануларын ұйымдастыру бағыттарын қамтитын, еліміздің басты қаражаттық заңы болып саналады. Еліміздің бюджеті мемлекеттік ұйымдарға өз қызметтерін орындау бағытын қаржымен қамтиды. Орталық қор еліміздің ішінде және сыртында саясаттарды іске асыру үшін шаруашылық тетіктердің жалпы салалардың қаржысын жинақтайтын құралдар негізінде пайдаланылады. Бюджеттер арқылы ұлттық кірістерді салалар арасында, өңірлерде қайта бөлулер, шаруашылық тетіктерде мемлекет аралық реттеу мен ынталандыруды, халықтың әлеуметтік жағдайларын қаражаттандыруды іске асырады [1,429 б.].

Аймақтың қаражаттары еліміздің қаражаттық жүйелерінің құрамдас бөліктері болып саналады. Ол аймақтық бюджеттердің, арнайы бюджеттерден тыс ресурстарды және басқарушылықтың өңірлік органдары жүйесіндегі өндірістік және өндірістік емес салалардың қаржыларын біріктіреді.

Аймақтарды қаражаттары қоғамның әр түрлі топары мен шаруашылық тетіктердің мәндері жалпылама еліміздің қаражаттарына ұқсас келеді.

Басқарушылықтың аймақтық ұйымдарына мемлекетіміздің әр түрлі топтарына бағдарламаларды іс жүзіне асыруға нақты міндеттер қойылған.

Халықтарға әлеуметтік көмектер көрсетулер бойынша қаражаттандыру аймақтық қаражаттық қорлар есебінен іске асырылады. Қоғамдық топтардағы инфрақұрылымдар салаларының көптеген бөліктері орталық қор қаржылары есептерінен қалыптастырылған ресурстардан қаржыландырылады.

Жалпылама аймақтық қаражаттары келесілерден байқалады: [3].

- еліміздің жалпы өндірістік тиімділік жағдайларынан;
- өңірдің шаруашылық тетіктері мен әлеуметтік жағжайларынан;
- аймақтық органдардың құқтары мен міндеттерінің нақты кезеңде реттейтін мемлекеттіміздің заңдық құқықтарына байланысты;
- аймақтық құқықтардың басқарушылық құзіреттілік дәрежелеріне қатысты айқындалады.

Дамылған елдерде аймақтың қаражаттары еліміздің ресурстық қорларының қалыптастыруы және қолдануы үдерістерінде ерекше орын алады. Аймақтық орталық қордың ауыз толтырарлықтай дербестіктері бар және батыстық елдерде олар мемлекеттің орталық қордың жүйелеріне есептелінбейді.

Аймақтық бюджетте қаржыларды жұмылдыру мен қолдануы, өндірістік және қайта бөлушілікке қатысушыларды атап айтсақ: шаруашылық жүргізушілер және мемлекеттің араларындағы, макроэкономикалық өндірістердің және атқарылатын жұмыстар салаларындағы мекемелер мен орталық қорлар жүйелерінің араларындағы, мемлекет пен халықтың араларындағы қоғамдағы өндірілген өнімдер құндарының қозғалыстарын көрсетеді.

Аймақтың бюджеті шаруашылық тетіктерінің мәндері келесі бағыттардан көруге болады:

- биліктің және басқарушылықтың аймақтық ұйымдарына қаржылай ресурстарды жұмылдыру;
- бұл жиналған қаржылай ресурстарды өңірлік деңгейде инфра-құрылымдық салалар және елдің араларында қайта бөлістіру.

Аймақтың бюджеттері биліктің және басқарушылықтың өңірлік ұйымдарының әр түрлі қызметтерінің негізі қаржылық базаларды құрайды, олар негізінен шаруашылық тетіктерінің дербестіктерін арттырады, өндірістік қызметтерді өрбітеді, өз құзіреттілік шегінде өңірлердің инфрақұрылымдарын өркендетеді, аймақтың экономикалық әлеуеттерін кеңейтеді, қаражаттық қорлардың резервін ашып, қолдануларына мүмкіндіктер жасайды.

Аймақтың бюджеттері өңірлік деңгейлердегі шаруашылық тетіктер мен халықтың әлеуметтік жағдайларын көтеруде үлкен мәнге ие. Бұлар тұтыну кездерінде өндірістік ресурстарды бөлген уақыттарда көрініс табады. Аймақтық бюджеттер негізінде еліміздің орталық қор қаржыларының көп бөліктері халықтың әлеуметтік инфрақұрылымдарына бағытталады.

Аймақтық бюджеті еліміздің бюджет қорының құрамдас бөліктері болып саналмайды, бірақ республика бюджетімен бірге еліміздің бюджет жиынын құрайды.

Аймақтық бюджеттерге (облыстық, республикада маңыздары бар қалалар, аудандар, олардың орталық қорлары Бюджет Кодексімен анықталған кірістер есептерінен қалыптасып және де қатысты деңгейлердегі аймақтың мемлекеттік органдарының, оларға өз күзиреті шегінде еліміздің ұйымдары мен мекемелерінің міндеттері мен қызметтерін қаражатпен қамтуы және аймақтық жүйелерде мемлекеттің саясаттарын жүргізуге арналатын орталық қордың қаражаттық ресурстары болып есептелінеді.

Аймақтың бюджетінің құрамдары келесілерден тұрады:[2,99 б.].

1) түсімдер:

- салық кірістері;
- салыққа жатпайтын кірістер;
- нақты капиталдарды өткізуден түсетін кірістер;
- трансферттік кірістер;

2) шығыстар:

3) таза бюджеттен несиелеу;

- бюджеттен несиелеу;
- бюджеттен несиелерді жабу;

4) қаражаттық активтердің қызметтері арқылы қалдық:

- қаражаттық активті сатып алулары;
- еліміздің қаражаттық активін өткізуден түсетін кірістер;

5) бюджет тапшылықтары және артықшылығы;

6) бюджет тапшылықтарын қаражаттандыру (артықшылықтарды қолдану);

- қарыздық түсімдері;
- борыштарды жабу;
- бюджет қаражаттарының қолдану қалдығы.

Бюджетті бекітуі және олардың орындалуы туралы құжаттарды түзетулері осы айтылған құрамдар арқылы іске асады.

Аймақтық бюджетін болжауды жоспарлап отыратын кезеңдерге бағытталған аймақтың орталық қор кірістерінің көлемдері және ұзақ мерзімді жоспарлары, еліміздің әлеуметтік және шаруашылық тетіктерін дамыту мақсаттарына байланысты оларды қолдану жүйелерін анықтау жолындағы ұсынымдарды әзірлеудің үдерістері

болып саналады. Аймақтың орталық қор жобасын әзірлеудің тәртіптерін Үкімет анықтайды:

1) аймақтың әлеуметтілік - шаруашылық тетіктердің дамыту болжамдарының жобаларын қарастыру және оны аймақтың орындаушы органдарының қолдаулары;

2) орындаушы мекемелердің ұзақ мерзімді жоспарлары, орталық қор өтінімдер жобасын әзірлеу және оларды облыстардың, республиканың маңыздары бар қалалардың, аудандардың орталық қор комиссияларының қараулары;

3) аймақтың орталық қор туралы мәслихаттың шешімдерінің жобаларын әзірлеу.

Аймақтың орталық қор кірісінде салықтар жоғарғы үлесті алады. Қазіргі уақытта әр түрлі мемлекеттердің шаруашылық тетіктеріне араласудың негіздері – ол салық болып есептелінеді. Салықтар барда мемлекетіміз бар. Салықтар мен мемлекеттер ажырамас ұғымдарды білдіреді. Еліміздің өз алдына алған міндеттері, азаматтардың алдында – оны қорғау, тіршілік етулерін қаржымен қамтуы, білім берудегі және денсаулықтарын сақтаудағы бағыттарын жүргізуде тек осы салықтары жинау арқылы іске асады.

Салық жалпы барлық мемлекеттерде оның өндірістік шаруашылық тетіктерінің құрылыстары мен саяси бағыттарына еліміздің табыстарының нақты көздері – ұлттық кірістерді қайта бөлулердің нақты қаражаттық құралдары, еліміздің табыстары мен бюджет кірісін жұмылдырудың нақты көзі.

Салықтар келесідегідей қызметтерді атқарады: [3,123 б.].

- *реттейтін қызметтері* – осы арқылы салықтар шаруашылық тетіктерге ықпал етеді, яғни салықты реттеуді іске асырады.

Салықтардың түрлерін, салықты есептеудің тәсілдері реттеудің тетігі болып есептелінеді.

- *қайта бөлушілік қызметтері* негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің кірістерінің бір бөлігі мемлекеттің табысына өтеді. Бұл қызметтердің іс – әрекеті ІЖӨ –де салықтың алатын үлесі арқылы есептелінеді. Қазіргі уақытта салықтардың үлесі қырық пайыздан жоғары болып отыр.

- *фискалды қызметі* – бұл арқылы орталық қор ресурстары жұмылдырылады. Салықтың өндірістік міндеттері арта түседі. Салық арқылы еліміздің орталық қордың табыстары жұмылдырып, шаруашылық тетіктерді, әлеуметтік – мәдени іс – шараны қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталады.

Әдебиет

1.Құлпыбаев С. Қаржы. Оқулық. –Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 -784 бет

2.Нұрымов А.А., Бұлақбай Ж.М.- Астана: Мастер По ЖШС - 2014 ж. -309 б.

3.Молдабекова А.Ш., Нурманалиева Г.А., Омар А., Қаржы қатынастары: Оқу құралы. Тараз:Dulaty university, 2022-274 б.

ӘОЖ 14.04.11

«Ценностная ориентация на профессию и личность педагога студентов вуза»

Абдукаликова А.Ж.

Қызылорда «Болашақ» университеті

(Қызылорда қаласы)

Түйіндеме

Автор мақалада болашақ заманауи педагогтарды даярлауда жоғары оқу орандарында кәсіби-құндылыққа бағдарланған жүйенің ғылыми – практикалық өзектігін атап көрсетумен бірге аталған жүйенің нәтижелі болуының бір шарты ретінде ғылыми модельді ұсынады.

Abstract

The article, based on theories of value orientation and interdisciplinary study, examines the possibility of forming a professional-pedagogical system of students' values, proposing a hypothetical model of students' value orientation to wards the teaching profession.

В современную эпоху мировое сообщество увязывает перспективы развития земной цивилизации с модернизацией образовательной системы, которая признается определяющим фактором социального и экономического прогресса. Поэтому в обществе ценится способность нового мышления, для которого характерны ориентированность в будущее и преобразующий характер, фундаментальность и новаторство, многогранность и системность, гуманистическая направленность и ценностная доминированность [2].

В решении данных задач немало важная роль отводится педагогу, в связи с чем профессия педагога - это одна из самых значимых и востребованных профессий в обществе.

Педагог через процесс обучения и воспитания формирует ценности, личности обучающихся, способных быть ответственными членами общества, их знания и мировоззрения. Наряду с этим, педагог-ученый, который разрабатывает актуальные научно-теоретические проблемы, методологию педагогики.

В связи с этим в развитии проблемы профессиональной подготовки учителей, в том числе и учителей русского языка и литературы, как представителей гуманитарного направления педагогической сферы, определилось специальное направление, характеризующееся ценностно-ориентационным подходом.

Теоретико-педагогические основы формирования ценностной ориентации на профессию учителя рассматриваются в исследованиях А.А.Васильевой, М.Г.Казакиной, А.В. Кирьяковой; социально-педагогические исследования ценностных ориентаций представлены в трудах С.Г.Верзловского, Р.Г.Гуровой, С.Н.Иконниковой; в концепции ценностного ориентирования личности будущего учителя научной школы Т.К.Нургалиевой.

Резюмируя исследования философов, педагогов, психологов, лингвистов, социологов, экономистов по проблеме, мы присоединяемся к мнению о том, что ценностью является все то, что содействует процессу прогресса, развитию, совершенствованию человеческого общества и человеческой личности, что целесообразно и полезно человеку [1].

С категорией «ценность» очень тесно связано понятие «ценностные ориентации», которое в последнее время весьма часто употребляется в педагогике, социологии, философии.

Такие ученые, как Птицына Е.В., Князева Т.Н., Копченова Е.Е., под ценностной ориентацией понимают избирательность сознания и поведения, внутренней расположенности человека к восприятию и усвоению тех или иных социальных норм и ценностей, с детерминированностью представлений личности о ценностях жизни общества

Поэтому использование ценностной ориентации в деле подготовки будущих учителей считаем очень даже целесообразным, так как процесс ценностного ориентирования личности выполняет ряд функций, которые отражают специфичность ценностного подхода к организации целостного педагогического процесса:

- информационную (интериоризованная ценность побуждает человека к поиску, познанию);

- прогностическую (ценностные ориентации характеризуются устремленностью в будущее, программируют, определяют действия, связанные с созданием будущего);

- оценочную (осознание ценности невозможно без оценки, выражающейся в соотношении объектов внешнего мира с потребностями и интересами человека);

- ориентирующую (ценностное отношение к миру и явлениям предлагает поиск альтернативных решений на основе значимости, целесообразности или необходимости) [3]

Исходя из вышеизложенного понимания сущности процесса ценностного ориентирования, взяв за основу междисциплинарную

теорию личности, мы предлагаем гипотетическую модель ценностной ориентации личности обучающихся на профессию учителя как важный фактор профессиональной подготовки студентов.

Гипотетическая модель ценностной ориентации студентов на профессию учителя

Психологические компоненты	Системообразующие компоненты		
	Теоретический	Научно-исследовательский	Методический
Когнитивный	Знание-осознание-роли и значения теоретических знаний в профессиональной подготовке	Знание-осознание - роли и значения Научно-исследовательской работы в профессиональном становлении педагога	Знание-осознание-роли и значения Методических знаний в Профессиональном самосовершенствовании
	Умения: - обосновывать развитие ребенка с опорой на	Умения: - проектировать развитие личности ребенка;	Умения: - анализировать педагогические ситуации;
Поведенческий	Междисциплинарную теорию личности и Деятельности; - выдвигать воспитательные цели и задачи; - проектировать содержание урока с опорой на современные знания; - теоретически обосновывать педагогический инструментарий	- использовать достижения науки; - составлять программу и процедуру диагностического исследования; - умение анализировать результаты констатирующего эксперимента - и на их основе выдвигать педагогические цели и задачи	- применять вариативные способы обучения и воспитания; - определять режиссуру урока и воспитательных дел; - проектировать взаимодействие участников педагогического процесса
Мотивационный	- интерес к современному уровню теоретических знаний	- интерес к исследовательской работе	- интерес к инновационным процессам педагогической практики
Качества личности	Компетентность	Креативность	Аналитичность

Ведущими показателями в модели являются:

- овладение профессионально-педагогическими знаниями
- мотивация профессиональной деятельности;
- включенность в профессиональную деятельность.

С нашей точки зрения, модель предусматривает не только усвоение профессионально-педагогических знаний и формирование адекватных методологических приемов преобразования педагогической деятельности, но и создает социальную и профессиональную позицию педагога, т.е. систему эмоционально-оценочных отношении к миру, педагогической действительности и деятельности.

С одной стороны, позиция определяется требованием, задачами, возможностями, предъявляемыми обществом. С другой стороны, действуют внутренние, личные источники деятельности - мотивы, интересы, влечения, ценности, мировоззрение. Интегральным показателем социально активной личности будущего педагога являются его профессиональные ценности, такие, как понимание социальной и педагогической роли учителя и знаний в развитии образования и общества, наличие мотивационно-ценностного отношения к педагогической деятельности, общественно и личностно значимых мотивов в выборе профессии, потребность в профессиональном самообразовании и самовоспитании, культура общения с детьми и взрослыми.

Одно из наиболее важных направлений профессионально - ценностной ориентации будущих учителей основано на сформированности их как языковой личности. Ведь в содержание языковой личности включаются такие компоненты, как ценностный, мировоззренческий, культурологический, компонент содержания воспитания т.е. система ценностей или жизненных смыслов.

Как отмечал известный ученый - лингвист В.Гумбольдт: "изучение языка служит высшей и общей цели познания человечеством самого себя и своего отношения ко всему видимому и скрытому вокруг себя"

Поэтому полагаем применение технологий ценностного ориентирования важным и востребованным при подготовке учителей языковых дисциплин, том числе, разумеется учителей русского языка и литературы.

И в заключение, считаем необходимым отметить, что развитие ценностной ориентации на профессию и личность учителя у студентов педагогических специальностей, способствует формированию контрольно - оценочной деятельности, привитию soft-skills (софт-скилс) навыков, т.е. гибких, таких, как деловое общение, нетворкинг (сетевое взаимодействие), системное мышление,

эмоциональный интеллект, менторинг, целеполагание, критическое мышление.

Литература

1. Асташова Н.А. Концептуальная модель развития профессиональных ценностей будущих учителей/ Н.А. Астаншва-Дискуссия. - 2015.- №1. – С.87-95

2. Киселева А.Д. Педагог как носитель духовных ценностей/ А.Ю. Киселове, О.Е. Осипове // науке и образование: новы время, - 2019-№1-С.401-404

3. Нино А.А. -Ценностные ориентации молодых педагогов в профессионально –личностном развитии/А.А.Нино// Вестник педагогического опота – 2023 -№2 – с.23-36

4. Ходирев А М. Проблема изучения ценностей педагогического деятельности /А. М.Ходирев//Ярославский педагогический вестник. 2020,-№2. с. 34-40.

ӘӨЖ 63.00

Тарих пәнін оқытуда жасанды интеллект платформаларын тиімді пайдалану

Нурпеисова Эльмира Серикбаевна
тарих пәнінің оқытушысы,
педагог-зерттеуші, п.ғ.м.,
Қызылорда медициналық жоғары колледжі,
Қызылорда қаласы

Резюме

В данной статье автор описал главный инструмент XXI века – искусственный интеллект, которая формируется в сфере образования, ее особенности, в том числе преимущества использования искусственного интеллекта на уроках историй.

Abstract

In this article, the author described the main tool of the 21 st century – artificial intelligence, which is being formed in the field of education, its features, including the advantages of using artificial intelligences in history lessons.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде «Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллекті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады» - деп атап өткеніндей жасанды

интеллект (ЖИ) қазіргі заманда білім беру жүйесінде революциялық өзгерістерді жүзеге асырып келеді. Жақында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық республикасы бірігіп жасанды интеллект (ЖИ) орталығын ашпақ. Орталық жасанды интеллект, қашықтықтан зондтау, геоақпараттық жүйелер және болжамды модельдеу саласындағы озық технологияларды біріктіретін алдыңғы қатарлы зерттеулер орталығына айналмақ. Білім саласындағы жасанды интеллект дегеніміз – оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалану. Білім берудегі жасанды интеллект мына аспектілерді қамтиды:нейрондық желілер, виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары, деректерді талдау, автоматтандыру. Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласы, оның ішінде тарих пәніне қолдану мүмкіндіктері зор. ЖИ технологиялары оқу процесін тиімдірек және қызықтырақ ете отырып, тарихи тереңірек өңдеуге мүмкіндік береді. Білім алушыларға жеке оқу бағдарламаларын жинақтау, тарихи деректерді талдау және автоматтандырылған бағалау сияқты мүмкіндіктер тарих пәнін оқытуды жаңа деңгейге көтереді.Тақырып бойынша, виртуалды шындық (VR) немесе кеңейтілген шындық (AR) сияқты құралдар арқылы тарихи оқиғаларды интерактивті түрде көрсету білім алушыларға өткен тәжірибеліктер түрінде сезінуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ЖИ технологияларын тарих сабақтарында қолдану кейбір тәуекелдерге мүмкіндік жасайды. Деректердің сапасы мен дәлдігі оқытушылардың ЖИ құралдарын қолдануға деген мүмкіндіктерін арттырады. Білім алушыларға дұрыс білім беру үшін оқытушылар ЖИ жүйелерін тиімді пайдалану үшін арнайы білім беру қажет. Оны тиімді қолдану үшін дайындық пен инфрақұрылымдық қолдау қажет [1]. Сондықтан білім беру саласына жасанды интеллект тереңдеп еніп, қарыштап даму үстінде. Өзім дәріс беретін «Қазақстан тарихы» пәнінен әр сабағыма үнемі түрлі заманауи цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні (ЖИ) үздіксіз қолданып және дамытып келемін. Жасанды интеллектіні қолдану арқылы оқытушы мен білім алушының уақытын үнемдеуі, сабаққа деген қызығушылықтың артуы, тақырыптың тез және оңай меңгерілуі, білім алушылардың өз білімінің қай деңгейде екендігіне көз жеткізуі немесе өзін-өзі бағалауы секілді көптеген нәтижелеріне көз жеткізіп келемін. Яғни, «Қазақстан тарихы» пәнінен қолданылатын жасанды интеллектінің (ЖИ) платформаларын тиімді пайдалану үшін мынадай бірнеше тәсілдері бар: біріншіден, интерактивті оқыту құралдарын қолдану. Атап айтар болсақ Duolingo, Kahoot! немесе Quizlet, білім алушыларға тарихи тақырыптарды жеңіл әрі қызықты түрде үйретуге мүмкіндік береді. Мұндай платформалар арқылы білім алушыларға тарихи оқиғалар туралы сұрақтар қойылып, нақты уақыт ішінде жауаптар тексеріліп отырады. Бұл білім алушыларды сын тұрғысынан

ойлауға және белгілі бір тарихи тақырып бойынша терең түсінік алуға ынталандырады.

Екіншіден, жеке білім беру жолдарын ұсыну, яғни ЖИ платформалары білім алушылардың оқу үлгерімін бақылап, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне негізделген арнайы оқу жоспарларын ұсына алады. Мысалы, «Socratic» немесе «Edmodo» сияқты платформалар білім алушылардың деңгейін бағалап, әрқайсысына жеке тапсырмалар мен оқу материалдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алушылардың өз қарқынында оқуына және қиындықтарға тап болған кезде көмек алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, тарихи деректер мен мәтіндерге талдау жасау, ЖИ технологиялары, әсіресе NLP (кұжаттарды өңдеу және табиғи тілде талдау) әдістерін қолданатын платформалар, тарихи мәтіндерді талдай алады. Мысалы, «IBM Watson» немесе «Google AI» арқылы білім алушыларға тарихи мәтіндермен жұмыс істеуге, олардың негізгі идеясын, маңыздылығын анықтауға көмектесетін құралдар ұсынылады. Бұл тәсіл білім алушыларға тереңірек түсінік алуға және мәтіндерді жақсы талдай білуге үйретеді.

Төртіншіден, тарихи оқиғаларды симуляциялау және виртуалды экскурсиялар, яғни ЖИ-ді қолдана отырып, білім алушылар тарихи оқиғаларға виртуалды түрде қатыса алады. «Google Expeditions» немесе «TimeLooper» сияқты платформалар виртуалды шындықты (VR) және толықтырылған шындықты (AR) пайдаланып, тарихи орындарға немесе оқиғаларға саяхат жасауға мүмкіндік береді. Білім алушылар осы тәжірибелер арқылы нақты тарихи жағдайларды көріп, түсінік алады.

Бесіншіден, тарихи карталар мен хронология құру, яғни ЖИ платформалары тарихи карталарды және оқиғалардың хронологиясын жасауға мүмкіндік береді. «HistoryMap» немесе «TimelineJS» сияқты құралдар тарихтың маңызды кезеңдерін визуализациялауға көмектеседі. Білім алушылар белгілі бір тарихи кезеңдер мен оқиғалар арасындағы байланыстарды көре алады, бұл олардың тарихи процестерді тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Алтыншыдан, әңгімелесу және диалогқа негізделген оқыту, яғни ЖИ чат-боттар мен виртуалды ассистенттер білім алушылармен тікелей байланысқа шығу арқылы сұрақтарға жауап береді және қосымша түсіндірмелер ұсынады. «ChatGPT» немесе «Google Assistant» сияқты құралдар білім алушылардың тарихи сұрақтарына нақты әрі түсінікті жауаптар бере алады. Бұл тәсіл білім алушыларға өз бетінше ізденуге және өз сұрақтарын шешуге мүмкіндік береді. Келесі тәсіл – білімді бағалау және кері байланыс, яғни ЖИ платформалары білім алушылардың білімін нақты уақытта бағалауға және олардың оқу жетістіктері туралы кері байланыс беруге мүмкіндік береді. «Flippity» немесе «Edmodo» сияқты платформалар арқылы білім алушылардың тапсырмалары мен жобаларын автоматты

түрде тексеруге болады, бұл оқытушыларға уақытты үнемдеуге және білім алушыларға тез арада кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Сегізінші тәсіл, оқу нәтижелерін талдау және болжам жасау, ЖИ білім алушылардың оқу үлгерімін талдай отырып, олардың болашақтағы нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Мұндай аналитикалық құралдар оқытушыларға оқыту әдістерін жақсарту және білім алушылардың әлсіз тұстарын анықтау үшін пайдалы болады [2.456].

Енді тарих сабағында өз тәжірибемнен бұрыннан қолданып жүрген бірнеше технологиялық оқу платформалары мен 3D форматтағы және жасанды интеллект негізіндегі оқу платформаларымен таныстырып өтейін. Топты топқа бөлу үшін қолданып жүрген платформаларым – «Qaz math» және «Flippity» платформалары. Ең алдымен күнделікті сабағымызға қажетті дидактикалық ойындарды қолдану сабақ мақсатына жетуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан бүгінгі таңда кең көлемді түрде қолданылып жатқан «wordwall» платформасы өте тиімді платформа болып саналады. Бұл платформаның көмегімен барлық сабақ тақырыбы бойынша әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындауға болады. Өзімнің сабақ беретін пәнім тарих пәні болғандықтан тарих пәніне қажетті картамен тапсырмалар дайындау маған өте тиімді болды. Сонымен қатар «Қазақстан тарихы» пәнінен «Тарихи және мәдени ескерткіштер» тақырыбын өткенімде ескерткіштер классификациясының 4 тобын ажыратып көрсетуге арналған, сақтар әлеуметтік-таптық жіктелуіне арналған, үйсін, қаңлы, ғұн, түрік, моңғол мемлекеттерінің басшылары мен қазақ хандарының басқарған жылдарын сәйкестендіруге т.б. тақырыптарға арналған түсінікті, өте қолайлы тапсырмалар дайындадым. «Қазақ халқының музыкалық және әдеби мұрасы» тақырыбына күйші және әнші, ақындардың суреті арқылы қай тұлға күйші, қай тұлға әнші, ақын екендіктерін анықтауға арналған тапсырма, сонымен қатар қазақтың музыкалық аспаптары классификациясына арналған аспаптардың суреті арқылы қайсы аспап үрмелі, қайсы аспап ұрмалы, қайсы аспап шертпелі екендіктерін ажыратуға арналған өте ыңғайлы тапсырмалар дайындау арқылы білім алушының тақырыпты меңгергендігін жылдам әрі тез анықтауға болады. Тапсырмалардың дәл осындай шаблондарымен жасанды интеллектінің көптеген платформаларымен де тапсырмалар жасадым.

Келесі платформа «Blooket» деп аталады. «Blooket» платформасы бойынша тақырыптық тапсырмалар әзірлеп, білім алушылар бұл тапсырманы жарыс түрінде жылдам жауап беруге тырысады. Жылдам жауап берген білім алушы көп алтынды иеленеді. «Интеракту» платформасының функциясы да дәл осы платформа іспеттес. Бұл платформалар арқылы да «Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар» тақырыбына көптеген тапсырмалар әзірледім. Күнделікті сабағымызға қолдануға болатын

тағы бір ең тамаша әдіс – «Spin the Wheel» деп аталады. Бұл әдіс арқылы кездейсоқ таңдау құралы бір, екі немесе үш виртуалды доңғалақты тренажеры дербес немесе бір уақытта пайдалануға арналған. Сонымен қатар бұл әдісте бірінші шеңберге білім алушылардың есімдерін, ал екінші шеңберге әр білім алушыға арналған жеке сұрақтарын орналастырамыз. Екі дөңгелекті бір мезетте айналдыру арқылы әр білім алушы жауап беріп болған соң, жауап беріп болған білім алушы мен оның сұрағын генератордан өшіріп отырасыз. Сөйтіп, бұл әдісте топтың барлық білім алушысы қамтылады.

«Пликерс» платформасы арқылы дайындаған тапсырмаңыздың нәтижесін өзіңіздің ұялы смартфонның арқылы тез әрі жылдам көре аласыз. Оны көру үшін алдын-ала әр білім алушының қолына нөмірленген QR – қағазын таратасыз. Сонан соң сол QR – қағазындағы A,B,C,D жауаптары арқылы білім алушылар өз жауаптарын көрсете алады. Келесі жасанды интеллект платформасы «Conker» платформасы. Бұл платформа сізге өз дәрістеріңіз арқылы тестті өзі әзірлеп береді.Әдетте біз күнделікті сабағымызға тестті өзіміз құрастырып сәл-пәл уақыт керек болады. Ал осындай жағдайда тестті жылдам әрі тез өзі құрастырып беретін «conker» платформасы қазіргі таңда оқытушыларға таптырмас құрал. Бұл платформа арқылы күнделікті сабағыңыздың мәтіні толық меңгеріледі.

«Magic school» платформасының функциясы да дәл осындай. Бұдан өзге келесі «ODLU», «Gamilab», «TinyTap», «Lumio», «StudyStuck», «Classrooms», «Purpose Games», «umaigra», «Bamboozle», «QuizWhizzer» дидактикалық ойындары білім алушыларды қызықтыратын әрі білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бүгінгі таңдағы тарих пәнінен қолданылатын ең қызықты, тиімді платформалар болып табылады. Бұл әдістерді үй тапсырмасын сұрау мен жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде білім алушының функционалдық сауаттылықтарын арттыру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар жаңа сабақты болжау кезінде, миға шабуыл ретінде қолданып жүрген жасанды интеллект платформаларым - «Mozaik 3D», «Nearpod», «Merge Cub+ObjectViewer», жасанды интеллект «D-ID», 3d объектілі «Jigsaw» секілді 3D платформалар сабағыңызды визуалды түрде қызықты өтуіне мүмкіндік жасайды. Сабақта білім алушылар өзіміз барып көріп саяхаттай алмайтын әлемдік ескерткіштер мен жәдігерлерді, тарихи оқиға өткен орындарды, тарихи құбылыстар мен объектілерді өзі барып көргендей, қолымен ұстағандай кейіпте болып виртуалды түрде саяхат жасайды. Бұл әдістер «миға шабуыл» жаңа сабақты болжау кезеңінде және сергіту сәттерінде пайдалануға болады. Мұнымен қоса тарих сабағында үй тапсырмасы ретінде қазіргі ақпараттық технологияның тамаша жетістігі саналатын өзіміздің отандық музейлер және әлемдік музейлерге де виртуалды, визуалды саяхат жасауды тапсыруға болады.

Сабақтың қызықты, тартымды өтуіне әсер ететін көрнекіліктің бірі – сабақ презентациясы. Презентация жасауда қазіргі таңдағы оқытушылар «Microsoft Power Point» секілді бұрынғы жылдардағыдай бағдарламаны емес заманауи «Genially», «Voicethread», «Sliderocket», «Canva», «SlidesMania», «Moovly», «Focusky», «Pear Deck», «SlideDog», «Google Slides», «Sway», «Crello», «Glogster», «Buncee», «Prezi», «Emaze», «Flowries», «Visme» секілді қызықты да, тартымды презентацияларды сонымен қатар оқытушыға қажет түрлі нейрожелілерді пайдаланады. Сонымен қатар бір минутта жасалатын «Wepik», «Presentation ai» және т.б. жасанды интеллект презентация платформалары өте көп. Барлық сабағыма қажетті тарату материалдарын, тақырыптық, мәтіндік тапсырмаларды, көрнекіліктерді «Canva» құрылғысы арқылы өзім әзірледім. Барлық сабаққа қажетті қолданбалар мен заманауи онлайн сервистерді өзім жинақтап, платформалардың қыр-сырына үңіліп, оларды қалай қолдануға болатынына, сабақтың қай бөліміне оны пайдалануға болатындығына зерттеу жасадым. Зерттеу жұмысымның қорытындысында түйгенім, бұл заманауи жасанды интеллект қолданбалары мен сервистердің барлығы да қазіргі таңдағы «Альфа» буынды ұрпаққа білім беруде ең қажетті құралдар болып табылады. Білім алушылардың білімдерін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын артықшылықтары көп.

Тарих сабағында осы инновациялық технологияларды қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады, креативті, жан-жақты болуына мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарының артуына әсер тигізеді. Сондықтан жүйелі білім беру үшін жасанды интеллект дәуірінің ұстазы үнемі өзін жетілдіріп, ізденісін тоқтатпау керек, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысында пайдаланып білім алушыларды пәнге қызықтыра білуі қажет.

Қорыта айтқанда, тарих пәнін оқытуда ЖИ платформаларын тиімді пайдалану білім алушыларға тек тарихты тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен бірге жаңа технологияларды пайдалану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқытушыларға оқу процесін оңтайландыру, білім алушыларға жеке көзқарас ұсыну және әрбір білім алушының өз қарқынында оқуына көмектесу үшін жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалану маңызды.

Әдебиет

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy>.

2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі», Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010. 45.б.

3. Иманбаева С. «Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі». Қазақстан мектебі, № 2, 2000. 12.б.

4. Нұрғалиева Г., Таутаева Г., Тілеуова С. Ақпараттандыру - білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі, Алматы, 2000. 75.б.

ӘОЖ 16.21.47

Қазақ және ағылшын тіліндегі «Адам / Man» концептісі

Ж.Нұрсұлтанқызы
ф.ғ.к., доцент
А.Байдаулетова
ф.ғ.к., аға оқытушы
Ә.Төлеш

АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматривается концепт «Человек / Man» на казахском и английском языках.

Abstract

The article discusses the concept of "Man" in Kazakh and English.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі “адам” концептісі лингвистикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік және мәдениетаралық аспектер тұрғысынан қарастырылды. Қазақ мәдениетінде адам – рухани-адамгершілік құндылықтарды биік қоятын, қоғаммен және табиғатпен үйлесімді өмір сүруші тұлға болса, ағылшын мәдениетінде адам – дербес, құқықтары бар, өзін-өзі қалыптастыратын субъект. Екі тілде де адам қоғамда өмір сүреді, оған жақсылық пен адамгершілік қасиеттер тән деп есептеледі. Сонымен қатар қазақ тілінде “ұжымдық сана”, “туыстық” ұғымдары маңызды орын алса, ағылшын тілінде “жеке бостандық”, “индивидуализм” қағидалары басым екендігі анықталды. Бұл айырмашылықтар екі халықтың тарихи дамуы мен дүниетанымындағы ерекшеліктерден туындайды.

Адамзат тарихында “адам” ұғымы барлық мәдениет пен тілдің басты назарында болған іргелі концептінің бірі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ ұлттың дүниетанымын, мәдени-әлеуметтік және рухани құндылықтарын көрсететін күрделі құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, “адам” концептісі әрбір тілдің болмысын, мәдениетін, тарихи даму жолын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда глобализация мен мәдениеттердің өзара ықпалы артып жатқан заманда тілдік және мәдениаралық коммуникация мәселесі де өзекті болуда. Соның ішінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі “адам” концептісін зерттеу – екі халықтың да дүниетанымдық ерекшеліктері мен құндылықтарын салыстырмалы түрде ашуға және осы екі тілдің лексикалық-фразеологиялық қорында “адам” ұғымының берілу жолдарын анықтауға септігін тигізеді.

Адам концептісін зерттеу – көптеген салалар үшін маңызды. Лингвистикада бұл концепт когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанулық қырлардан қарастырылады. Философияда адамның мәні, еркіндігі, рухани құндылықтары талданса, психологияда жеке тұлғаның ішкі сезімдері мен мінез-құлқы зерделенеді. Антропологияда адамның биологиялық және әлеуметтік сипаттамалары бірлесе зерттеледі. Осы сан қырлы көзқарастар “адам” концептісінің күрделі әрі ауқымды екенін дәлелдейді. Қазақ тіл білімінде адам ұғымы көбіне этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация және лексикография салаларында талданады. Белгілі ғалымдар Ә.Қайдар, Р.Сыздық сияқты ғалымдар адам концептісін мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, тарихи лексикология негізінде зерттесе, Қ.Әбдірәсілқызы тәрізді когнитологтар қазақ тіліндегі “адам” концептісінің ұлттық-ментальдық ерекшеліктерін сараптаған. Ағылшын тіл білімінде Джордж Лакофф, Чарльз Филмор, Ноам Хомский, Марк Джонсон сынды ғалымдар адамның танымдық жүйесі мен тілдің өзара байланысын әр қырынан талдап, “man/human” концептісінің мәнін ашуға үлес қосты [1,2].

Бұл мәселенің өзектілігі бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, жаһандану заманында қазақ тілінің ұлттық сипатын сақтап, мәдени кодтарын зерттеу, оны басқа тілдермен салыстыра отырып зерделеу – ұлттық болмыс пен дүниетанымды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ағылшын тілі – әлемдік коммуникацияның басты құралдарының бірі. Сондықтан ағылшын тіліндегі “адам” ұғымының мәдени және тілдік ерекшеліктерін білу халықаралық қатынастарда, аударма теориясы мен практикасында, лингвомәдениеттану саласында өзекті. Үшіншіден, қазақ және ағылшын мәдениеттерінің өзара ықпалдасуы күшейіп келе жатқан кезеңде адамдардың бір-бірін жақсырақ түсінуіне, мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал етеді. Лингвистикалық концепт – белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың санасында қалыптасатын, сол халықтың мәдени-танымдық әлемін сипаттайтын күрделі ментальдық құрылым. Концепт тек лексикалық мағынаны ғана емес, сондай-ақ тарихи, мәдени, этнолингвистикалық және психологиялық мәндерді де қамтиды.

“Адам” концептісі – осы концепттердің ішіндегі ең іргелі, басты категориялардың бірі. Когнитивтік лингвистикада концепті

“адамзаттық танымның бірлігі, ұжымдық сананың жемісі” ретінде танылады (Лакофф, Джонсон). Бұл ретте “адам” концептісі әртүрлі ассоциациялар, метафоралар, символдар, тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Айталық, қазақ тілінде “адам” ұғымы көбіне рухани-адамгершілік құндылықтарды, moral және этикалық нормаларды айқындаса, ағылшын тілінде “man” және “human” лексемалары, олардың этимологиясы мен қолданысы еркіндік, құқық, дербестік ұғымдарымен тығыз байланысты. Этнолингвистика – тілді халықтың мәдениеті мен дүниетанымы тұрғысынан қарастыратын ғылым саласы. “Адам” концептісі этнолингвистикалық зерттеулерде аса маңызды орынға ие, себебі адам – мәдениетті жасаушы әрі оны тұтынушы негізгі субъект. Сол себепті адамға қатысты ұғымдар, наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар мен моральдық құндылықтар тілде тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер түрінде бекітіліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Қазақ тілінде “адам” сөзі ең негізгі әрі көнеден келе жатқан лексемалардың бірі. Тарихи тұрғыдан “адам” сөзінің түптөркіні туралы түрлі болжамдар айтылғанымен, қазіргі қазақ тілінде оның мағынасы жалпылама “адамзат өкілі”, “кісі” дегенді білдіреді. Дегенмен, “адам” концептісі күнделікті өмірде, әдебиетте, фольклорда, тұрақты сөз тіркестерінде біршама терең әрі көпқырлы мазмұнға ие. Қазақ тілінің фразеологиялық қорында “адам” концептісіне қатысты көптеген тіркестер бар. Мысалы: “Адам бол” – бұл жерде адамның өзін-өзі жетілдіруі, рухани-адамгершілік қасиеттерді меңгеруі меңзеледі. “Адамның күні адаммен” – адам баласының тек қоғаммен ғана дами алатынын, басқалармен қарым-қатынас арқылы өмір сүретінін көрсетеді. “Адам деген ардақты ат” – адам болмысының жоғары құндылық екенін, адамның қадір-қасиетін ұлықтауды аңғартады. Мақал-мәтелдерде адам ұғымы бірнеше мәнде көрінеді: адамгершілік, достық, ынтымақ, жауапкершілік, мейірімділік. Мысалы: “Адамгершілік – асыл қасиет” – адамның ішінде болатын моральдық құндылықты атап өтеді. “Жаман адамнан қосқа (жақсыға) пайда жоқ” – адамдық сапаны мінез-құлық пен әрекет өлшемі арқылы қарастырады. “Адамдықтың белгісі – жақсылыққа елгезек” – адам болмысының ең басты өлшемі – жақсылық жасауға деген ұмтылыс [3].

Ағылшын тіліндегі “man” сөзінің тарихи даму жолы ерекше. Ежелгі ағылшын тілінде (Old English) “mann” сөзі жалпы адамзат баласын білдірсе, уақыт өте келе ол көбіне “ер адам” мағынасында жиі қолданылатын болды. Ал “human” термині латынның “humanus” сөзінен шығып, жалпылама “адамды” (еркек, әйел, жас, кәрі) білдіреді. Қазіргі заманғы ағылшын тілінде “man” көбіне “male adult”, яғни “еркек” деген ұғымға тұрақтанса да, кей контексттерде әлі де “адамзат” мәнінде қолданылады: “Mankind”, “Man as a social being” және т.б. Ағылшын тілінде “man” және “human” ұғымдарына

байланысты көптеген идиомалар мен метафоралар бар. Мысалы: “No man is an island.” – бұл идиома адамның жалғыз өзі өмір сүре алмайтынын, қоғамның бір бөлігі екенін көрсетеді. “A man of his word.” – уәдеге берік, сенімді адамды білдіреді. “Human error.” – “адамдық қателік” деп аударылады, бұл жерде адамның кемшілігі, қателесуі табиғи құбылыс екенін аңғартады. Бұған қоса, ағылшын тілінде адамның ішкі сезімі, ақыл-ойы, психологиялық күйі көбінесе метафоралық үлгілермен беріледі: “Mind as a container” (ақыл-қойма), “Body is a machine” (дене – машина), “Heart vs. Mind” (жүрек пен сана арасындағы күрес) және т.б. Бұл метафоралар адамның ішкі жан дүниесі мен танымын тілде бейнелеудің көрінісі [4].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі адам концептісі бірқатар ұқсастықтарға ие, сонымен қатар айтарлықтай айырмашылықтары да бар.

Ұқсастықтар:

1.Қоғаммен байланыс: Қазақ тілінде “Адамның күні адаммен” деген мақал болса, ағылшын тілінде “No man is an island” деген идиома бар. Екеуі де адамның өзге адамдармен аралас-құралас болмағы – табиғи қажеттілік екенін білдіреді.

2.Адамгершілік құндылықтар: Қазақта “адамгершілік” қасиеттер, мейірімділік, досқа адалдық аса жоғары бағаланса, ағылшын тілінде де “a man of integrity” деген сөз орамы бар, ол тура мағынасында адал, принципті адам дегенді білдіреді.

3.Уәде беру және сөзінде тұру: Қазақ тілінде “Сөзі бір адамның – өзі бір” деген мақал бар, ағылшынша “A man of his word” – “Сөзіне берік адам”. Екі мәдениетте де сөзге беріктік, уәдеде тұру аса құнды.

Айырмашылықтар: 1. Индивидуализм мен ұжымшылдық: Қазақ дүниетанымында адам – көбіне қоғамның, қауымның бір бөлшегі, ал ағылшын мәдениетінде адам – жеке құқықтары мен еркіндігі бар дербес субъект.

Қазақ тілінде адамға қатысты сөз орамдары көбіне “туысқандық”, “бауырмалдық”, “жарылқау” сияқты әлеуметтік сезімдерді қозғайды. Ағылшын тілінде жеке бастың жетістігі, өзін-өзі дамыту, тәуелсіздік идеясы жиі ескеріледі [4,5]

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі “адам/man” концептісі – екі халықтың да мәдени-тарихи ерекшеліктерін, дүниетанымдық ұстанымдарын, тілдік дүниені көруінің құрылымын бейнелейтін күрделі ментальдық құрылым. Қазақ дүниетанымында адам көбіне рухани-адамгершілік, қоғамдық жауапкершілік, табиғатпен және қауыммен үйлесімде өмір сүру идеяларымен астасса, ағылшын мәдениетінде адам – жеке құқығы мен бостандығына ерекше мән беретін, индивидуализм қағидатын ұстанатын, дербес тұлға ретінде танылады. Әсіресе, қазіргі жаһандану жағдайында тілдік және мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып, басқа мәдениеттерді

түсіну маңызды. Осы ретте “адам” концептісі – өзімізді де, өзгелерді де танудың ерекше бір “кілт” іспеттес.

Әдебиет

1. Иманбаева Г.Т. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі когнитивтік модельдер. -Алматы: Ана тілі, 2017.
2. Әбдірәсілқызы Қ. Қазақ тіліндегі адам концептісі: когнитивтік талдау. -Алматы: Қазақ университеті, 2015.
3. Сүлейменова Э.Д. Тіл біліміндегі концептуалды талдау әдістері. -Алматы: Ғылым, 2008.
4. Johnson M. The Meaning of the Body: Aesthetics of Human Understanding. Chicago: University of Chicago Press, 2007.
5. Құсайынов Б. Қ. Этнолингвистика және мәдениетаралық коммуникация. -Астана: Еуразия баспасы, 2013.

ӘОЖ 16.24.47

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері

Нұрсұлтанқызы Жазира, ф.ғ.к., доцент
Амангелді Жанерке
АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В данной статье рассматриваются семантические особенности анималистических метафор на казахском и английском языках.

Abstract

This article discusses the semantic features of animalistic metaphors in Kazakh and English.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралар – халықтың дүниетанымы, мәдениеті мен менталитетінің көрінісі. Бұл метафоралар тілдегі зоонимдік атаулар арқылы адамның мінез-құлқын, қасиеттерін сипаттайды.

Анималистік метафоралар – тілдің маңызды бөлігі, олар адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін, әлеуметтік жағдайын немесе өмірлік құбылыстарды сипаттау үшін жануарлар бейнесін қолданады. Бұл метафоралар әр халықтың өмір салтына, мәдениетіне, дүниетанымына және тарихына байланысты қалыптасады.

Бұл мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралар салыстырылып, олардың семантикалық ерекшеліктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылады [1].

Анималистік метафоралардың қалыптасуына әсер ететін факторлар: Әрбір тілдегі анималистік метафоралар белгілі бір

әлеуметтік-мәдени және географиялық факторларға байланысты пайда болады.

Қазақ тілі – көшпелі мал шаруашылығына негізделген тілдердің бірі. Сондықтан қазақ тіліндегі анималистік метафоралар көбіне жылқы, түйе, қасқыр, қой сияқты жануарлармен байланысты.

Мысалдар:

- *"Жылқы мінезді"* – еркіндікті сүйетін, тектілігі бар адам
- *"Қасқыр мінезді"* – ержүрек, тәуелсіз адам
- *"Түйе мінезді"* – сабырлы, шыдамды адам
- *"Қой аузынан шөп алмайтын"* – өте момын, зиянсыз адам

Орыс халқы отырықшы өмір сүргендіктен, олардың метафораларында орманда тіршілік ететін аңдар мен үй жануарлары жиі кездеседі.

Мысалдар:

- *"Хитрый как лиса"* – айлакер, қу адам (*"Түлкідей айлакер"*)
- *"Упрямый как осел"* – қырсық, айтқанынан қайтпайтын адам (*"есектейқырсық"*)
- *"Волк в овечьей шкуре"* – сырттай момын болып көрінгенімен, іштей арам ойы бар адам (*"Қой терісін жамылған қасқыр"*)

Ағылшын тілінде ит, түлкі, арыстан, есек сияқты жануарлармен байланысты анималистік метафоралар көп кездеседі. Бұл халықтың отырықшы өмір салтына және аңшылық дәстүріне байланысты [2].

Мысалдар:

- *"Brave as a lion"* – арыстандай батыл (*"Арыстан жүректі"*)
- *"Sly as a fox"* – түлкідей айлакер (*"Түлкідей қу"*)
- *"Stubborn as a mule"* – есектейқырсық (*"Есектей қыңыр"*)
- *"Dog-eat-dog world"* – қатыгез, бәсекелестікке толы әлем.

Бірдей мағына беретін анималистік метафоралар:

Кейбір жануарларға қатысты метафоралар барлық тілдерде ұқсас мағынада қолданылады. Мысалы, арыстан үш тілде де батылдық пен ержүректіліктің символы болып табылады. Қазақ тілінде *"арыстан жүректі"*, орыс тілінде *"смелый как лев"*, ал ағылшын тілінде *"brave as a lion"* деген тұрақты сөз тіркестері бар. Барлық мәдениеттерде арыстан патшалықтың, күш-қуаттың белгісі ретінде қабылданады.

Сол сияқты түлкі метафорасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде айлакерлікті, қулық-сұмдықты білдіреді. Қазақ тілінде *"түлкідей қу"*, орыс тілінде *"хитрый как лиса"*, ал ағылшын тілінде *"sly as a fox"* тіркестері бар. Бұл ұқсастық халықтардың табиғат заңдылықтарын бірдей қабылдауынан туындаған.

Мағынасы ішінара өзгертін метафоралар

Кейбір анималистік метафоралар үш тілде де бар, бірақ олардың мағынасы сәл өзгеше.

Қасқыр бейнесі

- Қазақ тілінде *"қасқыр мінезді адам"* деген тіркес батыл, тәуелсіз, қайсар адамды сипаттайды.

- Орыс тілінде *"одинокий волк"* метафорасы жеке өмір сүретін, тәуелсіз адамды білдіреді, бірақ міндетті түрде батылдық мәні бола бермейді.

- Ағылшын тіліндегі *"a lone wolf"* тіркесі де жалғыз жүретін, оқшау адамды сипаттайды.

Қой образы

- Қазақ тілінде *"қой аузынан шөп алмайтын"* тіркесі өте момын, зиянсыз адамды сипаттау үшін қолданылады, жағымды мәнге ие.

- Орыс тілінде *"покорный как овца"* тіркесі бағынышты, өз ойы жоқ адамға қатысты айтылады, бірақ ол кейде әлсіздікті білдіруі мүмкін.

Ағылшын тілінде *"followlike sheep"* тіркесі адамды өз бетімен ойланбайтын, тобырға еріп кететін адам ретінде сипаттайды. Бұл метафора көбінесе негативті мәнге ие [3].

Әр тілде әртүрлі мағына беретін метафоралар:

Кейбір анималистік метафоралар әр тілде мүлдем басқа мағынада қолданылады.

Ит туралы метафоралар

- Қазақ тілінде *"ит тірлік"*, *"ит өмір"* тіркестері ауыр, қиын жағдайды сипаттау үшін қолданылады. Ит бейнесі қазақ мәдениетінде көбінесе жағымсыз мағынада беріледі.

- Орыс тілінде *"собачья жизнь"* де қиын, бейнетке толы өмірді білдіреді. Бірақ *"верный как собака"* (ит сияқты адал) тіркесі итті адалдықтың символы ретінде көрсетеді.

- Ағылшын тілінде *"It's a dog's life"* тіркесі кейде қиын өмірді, кейде керісінше, жайлы өмірді сипаттауы мүмкін. Сонымен қатар, *"lucky dog"* (бақытты ит) тіркесі сәттілікке ие болған адамды білдіреді.

Есек туралы метафоралар

- Қазақ тілінде есек көбінесе негативті мағынада қолданылады, мысалы, *"есектей қырсық"*.

- Орыс тілінде де *"упрямый как осел"* тіркесі айтқанынан қайтпайтын, қырсық адамды білдіреді.

Ағылшын тілінде *"stubbornas a mule"* деген тіркес бар, оның мағынасы орыс тіліндегімен бірдей [4].

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралар – халықтың дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін маңызды тілдік құрал. Зерттеу нәтижесінде олардың семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Кейбір метафоралар екі тілде де ұқсас мағынада қолданылса, кейбірі мәдени ерекшеліктерге байланысты өзгеше мәнге ие. Аударма барысында мағыналық сәйкестікті сақтау маңызды, себебі мәдени

және тілдік кедергілер туындауы мүмкін. Жалпы, зерттеу анималистік метафоралардың тіл мен мәдениеттегі рөлін түсінуге ықпал етеді.

Әдебиет

1.Ахметова, Б. С. Тілдік метафоралардың ұлттық мәдени ерекшеліктері. Алматы: Қазақ университеті. – 2016.

2.Қалиева, С.Қ.

Қазақ тіліндегі анималистік фразеологизмдер және олардың аударма мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми еңбектері.-2018.

3. Гак, В. Г.Языковые преобразования: Очерки по семантике и деривации. Москва: Языки славянской культуры.– 1998.

4.Кунафин, Г. С.Когнитивная лингвистика и национальный менталитет. Москва: Наука. –2007.

5.Lakoff, G., & Johnson, M. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press. –1980.

6. Cambridge Dictionary of Idioms. Animal Idioms and Their Meanings. Cambridge University Press.– 2021.

ӘӨЖ 16.21.47

Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің ұлттық рухани лакуналары

Ж.Нұрсұлтанқызы

ф.ғ.к., доцент

А.Байдаулетова

ф.ғ.к., аға оқытушы

Усенова Гүлнұр

АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье исследуется лингвокультурная картина национальных духовных лакун в пословицах и поговорках на казахском и английском языках.

Abstract

The article examines the linguistic and cultural picture of national spiritual gaps in proverbs and sayings in Kazakh and English.

Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, ой-толғанысын, ұлттық дүниетанымын, салт-дәстүрін және мәдениетін білдіретін ерекше тілдік бірліктер болып табылады. Олар белгілі бір ұлттың болмысын, психологиясын, дүниеге деген көзқарасын айқындайтын көріністерді танытады. Мақал-мәтелдердің ұлттық рухани лакуналармен байланысы – тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланысын түсінудің маңызды аспектісі. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра отырып, ұлттық рухани

лакуналардың лингвомәдени көрінісін зерттеу, әр халықтың дүниетанымы мен мәдениетінің тілдегі көрінісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдер және лексикалық лакуналар

Мақал-мәтелдер тілдің негізгі құрылымдары мен ұлттық танымдарды сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу тәсілі ретінде қызмет етеді. Лексикалық лакуна термині белгілі бір тілде жоқ, бірақ басқа тілдерде бар ұғымдарды немесе мағыналарды білдіреді. Бұл лакуналар ұлттық мәдениет пен дәстүрдің бірегейлігін, оның дүниетанымын танытуға мүмкіндік береді. Лакуна – бұл бір тілдің ішкі лексикасында немесе мәтінінде болмауы мүмкін, бірақ сол тілдің басқа мәдениетіне немесе басқа тілдерге тән ұғымдарды білдіретін орын болып табылады. Лексикалық лакуналар тілді ұлттық мәдениеттің айнасы деп қабылдауға мүмкіндік береді, себебі әрбір ұлттың өзіне тән бейнесі мен дүниетанымы оның тілінде көрініс табады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер және ұлттық рухани лакуналар

Қазақ халқының мақал-мәтелдері көбінесе адамның табиғатпен, қоғаммен және өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасын, сондай-ақ ұлттық психология мен дәстүрді көрсетеді. Мақал-мәтелдерде ұлттық рухани және мәдени құндылықтар ерекше орын алады. Олардың ішінде моральдық нормалар, адамгершілік қағидаттары, сыйластық, қонақжайлық сияқты ұғымдар айқын көрінеді.

Табиғатпен байланыс. Қазақ халқының мәдениетінде табиғатпен үйлесімді өмір сүру өте маңызды. Сондықтан қазақ мақал-мәтелдерінде табиғаттың адам өміріндегі рөлі ерекше көрініс табады [1]. Мысалы:

«Табиғат – тіршіліктің анасы»

«Жаңбыр жаумамай, жер жомарт болмайды»

Бұл мақал-мәтелдер табиғаттың адам өмірінде алатын орны мен оның маңызды екенін айқындайды. Ағылшын тілінде дәл осындай терең табиғатпен байланысқа негізделген мақал-мәтелдер сирек кездеседі.

Қонақжайлық пен сыйластық. Қазақ халқында қонақжайлық пен үлкенді сыйлау аса маңызды мәдени құндылықтар болып табылады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер осы қасиеттерді жоғары бағалайды:

«Қонақ келсе, құт келеді»

«Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет»

Бұл ұлттық рухани құндылықтар ағылшын мәдениетінде көбінесе аз көрінеді, себебі ағылшын мәдениетінде көбінесе тәуелсіздік, жеке тұлғаның құқығы бірінші орынға қойылады.

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер және ұлттық рухани лакуналар

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер де өз халқының рухани құндылықтары мен дүниетанымын көрсетеді. Бірақ олардың кейбірі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен салыстырғанда ерекшеленеді, себебі ағылшын мәдениетінде жеке тұлғаның еркіндігі, табысқа жету және отбасы құндылықтары басым болады.

Жеке тұлғаның тәуелсіздігі. Ағылшын мәдениетінде жеке адамның еркіндігі мен тәуелсіздігі жоғары бағаланады. Оған сәйкес келетін мақал-мәтелдер көп:

«*Every man for himself*» (Әркім өз пайдасы үшін әрекет етуі керек).

«*Mind your own business*» (Өз ісіңмен айналыс).

Бұл мақалдар ағылшын қоғамының индивидуализм мен жеке тұлғаның еркіндігіне баса назар аударғанын көрсетеді.

Табыс пен еңбек. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерде табысқа жету, еңбек пен шешім қабылдаудағы еркіндік басым:

«*No pain, no gain*» (Еңбек етпесең, табысқа жете алмайсың).

«*The early bird catches the worm*» (Ерте тұрып, еңбектенген адам жеңеді).

Бұл мақал-мәтелдер ағылшын қоғамының табысқа жетудегі еңбек пен уақыттың маңыздылығына баса назар аударады.

Ұлттық рухани лакуналар және лингвомәдени айырмашылықтар

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде ұлттық рухани лакуналардың көрініс табуы екі халықтың мәдениетінде маңызды айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер табиғатпен тығыз байланысты және қоғамдық қатынастар мен дәстүрлерге үлкен мән береді. Бұл өз кезегінде, қазақ халқының тарихи және мәдени құндылықтарын көрсетеді. Ал ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер көбінесе жеке тұлғаның табысы, еңбекқорлығы және тәуелсіздігі туралы айтады.

Осы айырмашылықтар лингвомәдени айырмашылықтар мен ұлттық психологияның көрінісін білдіреді. Қазақ халқының мәдениетінде отбасы, дәстүр, сыйластық маңызды болса, ағылшын мәдениетінде жеке адамның құқығы, еңбекқорлық және табысқа жету мәселелері бірінші орынға шығады. Бұл ерекшеліктер мақал-мәтелдерде байқалады және тілдегі лакуналардың нақты көрінісін береді [2].

Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын білдіретін ерекше тілдік бірліктер. Олар адамның моральдық және әлеуметтік нормаларын, дүниетанымын, табиғатпен және қоғаммен байланысын сипаттайды. Мақал-мәтелдер ұрпақтан ұрпаққа жететін құнды мұра ретінде, халықтың мәдениетін сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Әр халықтың мақал-мәтелдерінде оның ұлттық

ерекшеліктері мен дүниетанымының, тілдік құрылымдарының, мінез-кұлқының көрініс табатыны сөзсіз.

Лексикалық лакуналар – бұл белгілі бір тілде жоқ, бірақ басқа тілдерде кездесетін ұғымдарды немесе мағыналарды білдіретін терминдер мен сөз тіркестері. Лакуналар тілді әр халықтың мәдениетінен, дүниетанымынан, тарихи тәжірибесінен айқын көрсетеді. Мақал-мәтелдерде кездесетін лакуналар да тілдің ерекшеліктері мен мәдени айырмашылықтарын көрсетеді. Олар тілдегі және мәдениеттегі белгілі бір ұғымдардың болмауы немесе басқа тілдерде көрініс табуы арқылы анықталады.

Мақал-мәтелдер арқылы халықтың рухани және мәдени дүниесі, оның өмір салты мен дәстүрлері айқын көрініс табады. Мақал-мәтелдерде қолданылатын сөздер мен тіркестер сол ұлттың әлеуметтік, мәдени, тарихи тұрмысын сипаттайды. Лексикалық лакуналар көбінесе бір тілде бар, бірақ басқа тілде жоқ немесе толық сәйкес келмейтін ұғымдарды білдіреді. Бұл ұғымдардың өз кезегінде әртүрлі мәдениетаралық ерекшеліктерді, рухани құндылықтарды және ұлттық дүниетанымды көрсету мүмкіндігі бар.

Мақал-мәтелдердегі лакуналар ұлттық мәдениеттегі өзіндік ерекшеліктерді білдіреді. Мысалы, қазақ халқының мақал-мәтелдерінде қонақжайлық, отбасы, сыйластық және табиғатпен үйлесімді өмір сүру сияқты құндылықтар басты орын алады. Ал ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерде жеке тұлғаның тәуелсіздігі, табысқа жету, еңбек ету сияқты тақырыптар жиі кездеседі. Бұл екі тілдегі мақал-мәтелдердегі айырмашылықтар олардың мәдениеттегі және қоғамдағы айырмашылықтарды айқындайды [3].

Мақал-мәтелдердегі лексикалық лакуналар мысалдары

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі лакуналар. Қазақ мақал-мәтелдерінде табиғатпен тығыз байланысты ұғымдар мен тіркестер кездеседі. Мысалы:

«Табиғат – тіршіліктің анасы»

«Жаңбыр жаамай, жер жомарт болмайды»

Бұл мақал-мәтелдерде табиғаттың адам өміріндегі рөлі мен оның маңызы көрініс табады. Ағылшын тілінде осы ұғымдарды дәл әрі нақты білдіретін мақал-мәтелдер сирек кездеседі, себебі ағылшын мәдениетінде табиғаттың адам өміріне әсері қазақ мәдениетіндегідей айқын көрініс таппайды.

Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі лакуналар. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер көбінесе жеке тұлғаның еркіндігі мен табысты болуды, еңбекқорлықты насихаттайды. Мысалы:

«No pain, no gain» (Еңбек етпесең, табысқа жете алмайсың).

«The early bird catches the worm» (Ерте тұрып, еңбектенген адам жеңеді).

Бұл мақал-мәтелдер ағылшын мәдениетінің жұмысқа деген қарым-қатынасын, табысқа жету жолындағы еңбек пен уақыттың

маңыздылығын көрсетеді. Қазақ тілінде дәл осындай мақал-мәтелдер сирек кездеседі, себебі қазақ халқының дүниетанымында еңбек пен табыстың орнына табиғатпен үйлесімділік, отбасы құндылықтары мен қонақжайлық басым.

Қазақ мәдениетінде қонақжайлық, үлкенді құрметтеу, табиғатпен тығыз байланыс ерекше бағаланады, ал ағылшын мәдениетінде жеке тұлғаның тәуелсіздігі, табысқа жету және еңбекқорлық басты назарда. Мақал-мәтелдерде кездесетін лақуналар осы мәдени айырмашылықтарды айқын көрсетеді.

Мақал-мәтелдер тілдің және мәдениеттің маңызды құндылықтарын сақтайтын және ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрал болып табылады. Лексикалық лақуналар мақал-мәтелдер арқылы тілдер мен мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды және ұлттардың рухани құндылықтарын көрсетеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі лақуналар олардың мәдениетіне тән өзіндік ерекшеліктерді танытады [4].

Қорыта келегенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде ұлттық рухани лақуналар мен лингвомәдени айырмашылықтардың көрінісі тілдің ерекшеліктерінде, халықтың дүниетанымында, мәдени құндылықтарында анық байқалады. Қазақ мәдениетінде табиғатпен үйлесімді өмір сүру мен қоғамдық байланыстар маңызды болса, ағылшын мәдениетінде жеке тұлғаның тәуелсіздігі, табысқа жету және еңбек ету мәселелері басты назарда тұрады. Мақал-мәтелдер арқылы халықтың рухани құндылықтарын танып білу, олардың мәдениетіне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Әебиет

1 Қасымова Р. Қазақ мақал-мәтелдері: мазмұны мен қолданылуы. – Алматы: Білім, 2019.

2 Есім Ж. Ұлттық дүниетаным және мақал-мәтелдер. – Астана: Фолиант, 2018.

3 Лингвокультурология: теория және практика / Под ред. И.Н. Шевченко. – М.: Наука, 2016.

4 Филлипс Дж. Cultural Differences in Proverbs and Idioms. – London: Routledge, 2015.

УДК 16.21.43

Сочинительные конструкции в стихотворных описаниях

Спасова Л.В.

Қызылординский университет «Болашақ»
(г.Қызылорда)

Түйіндеме

Мақалада өлең тіліндегі сипаттамалық мәтіндердің синтаксистік құрылымы қарастырылады. Өлең тілін үйлестірудегі байланысқа ерекше назар аударылады.

Abstract

The article examines the syntactic organization of descriptive texts in poetic speech. Special attention is paid to the compositional connection.

Качественно-количественный анализ стихотворных описательных контекстов (Ок) на уровне текс предложения показал высокую активность рядов однородных членов внутри простого предложения, а среди сложных предложений преобладание сложносочинённых перечислительного типа /как союзных. так и бессоюзных/. Подобная связь превалирует и на более высоком уровне при объединении самостоятельных предложений сверхфразовых единств. В лингвистической литературе она также интерпретируется как сочинительная. «Сфера функционирования сочинительной связи не ограничивается рамками простого и сложного предложения и распространяется далеко за его пределы, утверждает П.Н.Холодов.

Сочинение используется для связи абзацев, разделов, глав... Способы реализации связи данных единиц в более сложные единства в принципе остаются теми же, что и в предложении: при помощи сочинительных союзов или сочинительной бессоюзной связи» [1, 14].

Анализ материала показал, что в ОК объединение отдельных предложений в более сложные синтаксические построения осуществляется сочинительно-перечислительной связью. Таким образом, перечислительные ряды являются основой организации синтаксической структуры ОК на всех уровнях: в организации членов предложения, строения сложных предложений, в конструировании сверхфразовых единств. Для изобразительной речи «принципиально свойственна активность однородных построений в силу того, что объект изображения конкретен и его надо списывать в единстве различных сторон, деталей, частных признаков, дополняя, уточняя, конкретизируя [2, 3]. Описание ведь и определяется как перечисление признаков объекта и картинах природы, внешности человека, писатель как бы выстраивает факты образной действительности в ряд на полотне мысленной картины, называет образные объекты.

Перечислительные ряды представляют собой настолько своеобразное синтаксическое явление, что послужили объектом специальных лингвистических исследований не только в плане конкретных наблюдений над их функционально-стилистическими особенностями, но и в определении их общего лингвистического статуса. Так, Е.А. Панова определяет перечислительные ряды как «...синтаксические построения открытой структуры, представляющие собой рядоположенную последовательность однофункциональных словоформ, частей сложного предложения или законченных

предложений, объединённых с помощью тех или иных средств синтаксической связи для выражение некоторой общей идеи перечисления, по отношению к которой члены ряда выступают как конкретизаторы» [4].

Этим конструкциям присущи такие структурно-семантические признаки, как открытость структуры, то есть потенциальная возможность увеличивать количество компонентов синтаксического построения, однофункциональность компонентов, рядоположенность элементов перечисления, то есть контактное расположение их одного за другим. В смысловом плане существенным признаком перечислительных рядов являются объединённость членов перечня общей идеей перечисления.

В стихотворной речи эти черты выступают ещё ярче: перечислительные ряды гармонично сочетаются с метрической формой стихотворных произведений, взаимодействуя с ней, поскольку сама по себе эта речь с её делением на изометрические отрезки в своей основе представляет собой не что иное, как перечень, компонентами которого являются стихи строки/. Активность конструкций с сочинением в стихотворных ОК обусловлена и тем, что в их синтаксическом механизме заложены такие качества, которые хорошо удовлетворяют требованиям стиха. Г.Ф.Калашникова, классифицируя многокомпонентные сложные предложения по степени приспособленности их к стихотворному ритму, отмечает максимальную приспособленность сочинительных конструкций К метрической организации стиха, поскольку они свободно развёртываются, обладают гибким интонационным рисунком. «В моделях, построенных на основе сочинительной связи, наблюдается взаимосвязь между синтаксической структурой и метрической системой, которая в свою очередь «поддерживает» перечислительные ряды» [5].

Смысловые отношения перечисления в стихотворных ОК могут быть выражены различными синтаксическими конструкциями. Распространены ОК, представляющие собой цепочку законченных простых предложений: Дохнул на лес прохладный ветер, /Притихли бойкие дрозды. И огоньками бересклетин/ Зажглись поблекшие кусты,/ И за рябиной придорожной,/ За тенью старого плетня, /Прозрачней, чище и тревожней / Блестит осенняя стерня//А.Жигулин. Осень/.

ОК может быть составлен из сложносочинённых предложений: В пыли веков мгновенны и незримы, Идут по ней, как прежде, пилигримы,/И машет им прощальная рука./Навстречу им июльские деньки/ Идут в нетленной синенькой рубашке/. По сторонам-качаются ромашки, /И зной звенит во все свои звонки, /И в тень зовут росистые леса.../ Н.Рубцов. Старая дорога/.

Не менее частотны ОК, в которых предикативные единицы объединяются в сложные предложения: Поморский чёрный крест / на берегу крутом / торчит, грозя окрест/ раскольничьим перстом./ да стая белых птиц повисла в синеве, да небо без границ, да лодка на Двине / Ст. Куняев. Поморский чёрный крест.../.

В сложноподчинённых предложениях перечислительные ряды обычно представляют однородные сочинительные придаточные: Расскажи, как зарёю плывут леса/ По изгибам дышащих волн, /Как серебряные веретенца овса/ Льют застенчивый, тонкий звон/ Э.Дубровина. Сон о Севере/.

В составе таких сложных перечней могут встречаться и сложноподчинённые предложения обычно минимальной конструкции: Вот-вот...ещё немножко.../ И, поднимаясь/ В гаснущей дали, / Весь ужас ночи/ Прямо за окошком/ Как будто встанет/ Вдруг из-под земли! И так тревожно в час перед набегом/ Кромешной тьмы Без жизни и следа./ Как будто солнце Красное под снегом, Огромное, Погасло навсегда... /П.Рубцов. Наступление ночи/.

Статус элемента перечислительного ряда иногда получают придаточные предложения, обретшие самостоятельность в результате парпелляции: Шиповник, рдея у дороги, / Глядит на голые поля. Где стая птиц полна тревоги/ И скорбен голос журавля. Где в тростнике сухие звуки / Как о гибели намёк./ И где газель нам о разлуке/ Читает чистый ручеёк/ М.Дудин. Шиповник, рдея у дороги.....

В рамках более крупных фрагментов текста описания строятся объединением сверхфразовых единств: Мелкий кустарник, Сырая осина, Синие ветки/ В лесной полосе./ Тонкая лёгкая/ Сладость бензина/ После заправки/ На раннем шоссе.// А впереди/ Догорают берёзы, Чёрная ёлка./Сосна и ольха./ Тихое солнце/ Глядит на покосы, На побелевшие За ночь луга/ А.Жигулин. Мелкий кустарник.../. В целом данный фрагмент стихотворения представляет собой описание природы, которая окружает лирического героя, однако ОК чётко разделён на два сверхфразовых единства, каждое из которых имеет свою тему: первое воспроизводит местопробытия субъекта в данный момент, а во втором дана перспектива то, что он видит перед собой. Структурная самостоятельность сверхфразовых единств подчеркнута объединением их в отдельные строфы, автономные ритмико-синтаксические единицы стихотворного текста.

Перечислительные ряды представляют собой самые разнообразные комбинации двусоставных и односоставных предложений. Это могут быть ряды только из двусоставных конструкций: вчера ломал деревья ураган, /И, словно танки, громыхали тучи, И озеро бежало к берегам/ И расшибалось о седые кручи /М.Дудин. Вчера ломал деревья ураган.../. Специфической чертой стихотворных ОК является обилие односоставных номинативных создающих предложений, разные по

объёмуперечислительные ряды. Это явление отмечалось исследователями на материале поэзии в целом и как особенность индивидуального стиля у ряда поэтов /И.И. Ковтунова, О.Н.Панченко, Т.Г Почтенная, З.В.Ульихина/.

Литература

1.Холодов Н.Н. Сложносочинённые предложения в современном русском языке. Учебное пособие. Ч.1. -Смоленск, 1975, переизд. в 2012, С.14.

2.Васильева А.Н. Художественная речь. М.: Русский язык., 1983, переизд. в 2014 г., С.56.

3.Ковтунова И.И. Поэтический синтаксис. М.: Наука, 1986, переизд. в 2016 г., С. 154, 156.

4.Панова Е.А. Перечислительные ряды как явление стихотворного синтаксиса / на материале произведений А.С.Пушкина// Формирование семантики и структуры художественного текста: Сб.статей / Отв. Ред. М.Н.Везерова. -Куйбышев, 1984, переизд. в 2014 г.

5.Калашникова Г.Ф. Многокомпонентные сложные предложения в современном русском языке. -Харьков: Изд-во ХГУ, 1988, переизд. в 2012 г., С.142.

УДК 808.2:801.541.

Источники развития лексического поля цвета

Шумейко Н.Е.,

к.ф.н., доцент

Кызыординский университет «Болашак»

Түйіндеме

Мақалада тілдің семантикалық құбылыстарының маңызды мәселелері қарастырылады. Автор сөздің лексекалық мағыналарының жоғалу сатыларына талдамалар жасаған.

Abstract

This article is devoted to the significant problem of dissimantization of language units. Analiging the language material the authior describes the levels of disappearance of lexical meanings of the language units in the process of nomination.

Вопрос об отражении в системе языка вообще и на уровне лексических единиц цветового восприятия мира важен и интересен.

Использование номинаций цвета в речи свидетельствует о постоянной эволюции лексико-семантического поля. Это выражается в увеличении и разнообразии форм представления цветовой семантики.

В плане структуры ЛСП. В плане конкретизации цвета. Кроме того, понятие тона, насыщенности, интенсивности, связанные с видением носителя языка, показывают стремительное развитие этих категорий. В этом отражается стремление человека адекватнее выразить своё ощущение цвета. Надо понимать, что все вышеуказанное обогащает вариативность системы языка, что делает язык богаче. Активизация поля цвета связана с экономическим развитием общества, а также с демократизацией языка, которая особо ощущается в конце 20 – начале 21 века.

Так, как известно, функциональные исследования отличаются взаимодействием двух противоположных подходов к изучению языковых единиц: ономаσιологическим и семасиологическим. При семасиологическом подходе отправной точкой является звуковая оболочка языковой единицы и изучаются её значения в системе языка. Такой подход предполагает ответ на вопрос: «Что означает данный знак?». Ономаσιологический подход предполагает движение от содержания к форме, рассмотрение единиц языка с точки зрения их соотносительности с внеязыковым предметным рядом. В этом случае исследуется вопрос: «Какой языковой знак следует избрать для выражения данного значения, содержания?»

Настоящая статья выполнена в соответствии с основными принципами функциональной грамматики в плане изучения языковых средств, выражающих семантику признака.

Следует отметить, что для лингвистической реперезентации признакового значения цвета, является слово. Однако номинация не может быть сведена только к однословной конструкции, она может быть представлена и в виде аналитической формы.

Неоднословные конструкции свойственны системе русского языка. Их можно разделить на два типа, грамматические и номинативные.

В грамматической парадигматике аналитические конструкции встречаются в выражениях глагольного времени (пишу – напишу – буду писать), в способах выражения степеней сравнения (красивый – более красивый). Они не образуют новых номинаций, а служат для выражения грамматических категорий.

Что же касается неоднословных конструкций второго типа, то они – результат процесса образования устойчивой структуры с новыми, «типичными для аналитических форм» отношениями между компонентами словосочетания.

Если грамматикализованные словосочетания пополняют арсенал средств выражения грамматических категорий слова, тогда как модели аналитических наименований, пополняют номинативный состав языка.

Этот процесс можно назвать транспонированием признаковой семантики, или номинализацией, в данном случае признак,

выраженный именем прилагательным, представляется различными конструкциями имен существительных.

Высокая частотность именных сочетаний цветовой семантики увеличивает данное лексико-семантическое поле, что обуславливает значительный интерес к этому вопросу. Так, материал показывает рост форм передачи цвета: от двусловных моделей до шестисловных. Основой номинативных рядов служат однословные модели. В ряду с ними стоят аналитические номинации такого же содержания. Нередко односложного наименования в языке нет по причине словообразовательной недостаточности. Такие лакуны заполняются аналитическими номинациями. Возникает вариативность с коннотативными нюансами, и это делает наименование неповторимым.

Лакуны это пустое место в лексической системе языка, отсутствие слов, которые должны присутствовать в языке, если исходить из его отражательной функции. Это отсутствие слова для обозначения понятий, которые в данном обществе существуют, но не имеют словесного обозначения [1].

Таким образом, аналитические единицы как средство наименования цветового признака играют наряду с единообразными единицами такую же существенную роль.

Зачёт чего номинативные ряды структурно различных возможностей языкового выражения категории признака множатся?

Во-первых, относительно образования цветообозначений надо понимать, что большую часть слов, используемых для обозначения цвета, составляют адъективированные образования от названий предметов, имеющих характерную окраску (лавандовый, угольный, цыплячий), ибо большая часть прилагательных, обозначающих цвет, выражала сходство с предметом по окраске. Так в древнерусском языке возникли цветовые обозначения крапивный (зелёного отлива), маковый (ср. «словно маков цвет»). Круг тех именных основ, от которых производились прилагательные, менялся в истории языка, и не все из соответствующих имён прилагательных были одинаково способны к широкому обобщению своего качественного значения.

Во-вторых, аналитизм приводит к возможности использования для обозначения цвета имен существительных, которые представляют собой объекты действительности, понимаемые как оттенки цвета.

В этом случае прототип-референт включается в процесс создания аналитической структуры. В настоящее время этот вариант образования и использования цветовой модели достаточно активен. Носитель языка легко создаёт подобные наименования, используя собственные представления относительно цвета прототипа-референта (ср.: цвета соломы, цвета хурмы цвета лазури, цвета чая; или белесый, как солончак, красный, как вино, оранжевый, как мандарин).

В-третьих, поскольку число оттенков цвета, различаемых человеком, бесконечно, а число «имён цвета», зарегистрированных в самых объёмных толковых словарях, не превышает 150. Ясно, что номинативная система испытывает недостаток наименований со значением цвета и будет развиваться, ибо не всегда может охватывать разные оттенки цвета. [2]

В то же время внеязыковые причины – увеличение числа продуктов материального и духовного производства, артефактов – диктуют появление новаций. Бесконечное число оттенков недостаточно в языке, поэтому, чтобы как можно точно выразить мысль, носитель языка создает многословные наименования цветовой семантики, которые заполняют относительные лакуны, пользуясь при этом уже имеющимся в языке строительным материалом – словами.

В-четвёртых, номинативные ряды открыты и пополняются новыми аналитическими моделями. Структура моделей интересна семным притяжением составных частей, скрепляющим всю конструкцию. Именно это создаёт новую речевую номинацию без участия деривационных средств с помощью известных слов.

Природа номинализации тесно связана с особенностями языковой деятельности человека, языковым творчеством, в основе которой лежит способность человека творчески использовать свои знания – реструктурировать старые и порождать новые номинативные модели.

Языковая система стремится к более тонким оттенкам передачи цвета, учитывая такие параметры, как главный компонент – тон, зависимые – насыщенность и яркость.

Аналитический способ передачи цвета обладает большими дифференциальными возможностями. Несколькословная номинация – один из видов вторичной номинации, которая легко и свободно создается, представляя собой способ выражения объективной реальности.

Неоднословные наименования удобнее в употреблении, когда необходимо уточнить цветовой признак, ибо словосочетания имеют возможность включать в свой состав определения, (ср.: *цвета верблюжьей шерсти, цвета воронёной стали, цвета восходящего солнца, цвета морской волны, цвета молочного шоколада, цвета морской волны с рассыпанными по нему золотыми блёстками, цвета перестоявшегося пива, цвета старых фортепьяных клавиш, цвета топлёного молока, цвета слоновой кости, цвета холодной варёной говядины и пр.*)

Говорящий делает выбор из этих номинаций, причем этот выбор определяется целями и задачами, мотивацией и условиями общения.

Литература

1. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурной лингвистики – 1971: Сб. тр./ Отв. ред. С.К.Шаумян.-М.: Наука, 1972.- С.267-395.

2. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. Перевод с англ.-М.:1993.-345с.

3. Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке: Учебное пособие для студентов вузов. - М: Логос, 2001.

4. Гайсина Р.М. Межкатегориальный переход понятия и обогащение лексики: Уч.пос.- Уфа: БГУ, 1985.-80с.

5. Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности /Отв.ред. А.Серебренников.-М.: Наука, 1986.-157с.

6. Никитевич В.М. Минимальная и предельная номинативные единицы как результат ономотологического членения текста // Вопросы русского языкознания: Сб.н.тр./ Под ред. Горшковой К.В.- М.: МГУ, 1979.- Вып.2.

7. Русский язык конца 20 столетия (1985-1995). Отв.ред Е.А.Земская.-М., 2000.- 230с.

8. Русский язык сегодня \Отв.ред. Л.П.Крысин.-М.,2015.-193 с.

9. Способы номинации в современном русском языке./Отв.ред Д.Н.Шмелёв.-М.:Наука, 1982.-295с.

10. Языковая номинация. Общие вопросы.- М.: Наука, 1977.

ӘӨЖ 16.21.47

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсына салғастырмалы талдау

Теңізбай Гаухар

АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье проведен сравнительный анализ дискурса сказок на казахском, английском языках, выявлена лингвокультурная специфика.

Abstract

The article provides a comparative analysis of the discourse of fairy tales in Kazakh and English, and reveals linguistic and cultural specifics.

Ертегілер көптеген халықтардың мәдениетінде ерекше орын алады, олар фантастикалық элементтерді, дүниетанымдық сабақтарды және мәдени құндылықтарды біріктіре отырып, халықтың тарихи және мәдени өзіндік ерекшеліктерін көрсете алады. Бұл ертегілер уақыт пен кеңістіктен асып, әрбір мәдениеттің тарихы мен жеке ерекшеліктерімен терең байланысын көрсетеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсын зерттей отырып, біз екі тілдің өзіндік ерекшеліктерін анықтайтын тілдік, тақырыптық және мәдени

аспектілерді көреміз, сонымен қатар олардың ертегілік дәстүрлеріндегі ұқсастықтарды да байқаймыз.

Ертегілер ежелден бері адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Олар адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, қоғамның сенімдерін көрсетіп, балалар мен ересектерді қызықтырады. Ертегі дискурсы – олардың құрылымы, тақырыптары мен тілі әр мәдениетке байланысты өзгеше болуы мүмкін. Қазақ және ағылшын ертегілерінің құрылымы ұқсас болып келеді: алдымен оқиға орын алатын жерді белгілейтін кіріспе, негізгі қақтығыс немесе қиындық, әрі соңында моральдық сабақ беру арқылы шешім табу. Бұл ертегілердің басты кейіпкері жиі күш-жігерін сынап, зұлым күштермен немесе күрделі тапсырмамен күресетін батыр болып табылады.

Қазақ ертегілері, мысалы, *«Алпамыс батыр»* қазақ халқының ежелгі дәстүрлерін бейнелейді, көбінесе батырлық, адалдық және жақсылық пен жамандық арасындағы күрестің маңыздылығын көрсетеді. Бұл ертегілер ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап, батырлар арқылы отбасын, жерді және ар-намысты қорғау үшін ерекше ерліктер жасайтын кейіпкерлерді көрсетеді. Ал ағылшын ертегілерінде, мысалы, *«Күлше қыз»* немесе *«Үш кішкентай шошқа»* сияқты ертегілерде ар-ұжданның және әділдік жолындағы күш-жігердің маңызы айқынырақ. Мұндай ертегілерде ізгілік пен әділдіктің, зұлымдықты жеңу мен ақылдылықтың құндылығы басты назарда болады.

Қазақ ертегілерінің бір ерекшелігі – олардың салт-дәстүрмен тығыз байланысы, көбінесе ертегі өлең немесе ән түрінде айтылады. Сөздің ырғағы мен әуені тыңдаушы мен ертегінің арасындағы байланысты орнатуға көмектеседі. Ал ағылшын ертегілерінде көбінесе тек баяндау басым болады, бірақ оларда да кейбір өлеңдер мен ырғақтар, мысалы, *«Twinkle, Twinkle, Little Star»* сияқты балабақша әндерінде кездеседі [5,4].

Қазақ және ағылшын ертегілерінде де дүниетанымдық сабақтар ерекше орын алады. Ағылшын ертегілерінің көпшілігінде кішіпейілдік, мейірімділік және еңбекқорлықтың артықшылығы туралы айтылған. Мысалы, *«Күлше қыз»* ертегісінде басты кейіпкердің мейірімділігі мен сабыры сыймен марапатталады, бұл ізгілік пен жақсы мінездің жамандық пен қаталдықтан үстем болатынын көрсетеді.

Қазақ ертегілерінде де өмірлік сабақтар маңызды орын алады, бірақ олардың мәні мәдени контекстке байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Қазақ ертегілерінде үлкендерге және табиғатқа деген құрмет ерекше орын алады, бұл көшпелі өмір салтымен тығыз байланысымызды көрсетеді. Қазақ ертегілерінде батырлық та отбасын және қауымдастығын қорғау тұрғысынан маңызды құндылық болып табылады. Әсіресе, *«Алпамыс батыр»* ертегісінде батыр қиын

жағдайлармен бетпе-бет келіп, отбасын қорғау және халықтың қауіпсіздігі үшін жаулармен күреседі. Бұл тақырып қазақ қоғамында өте маңызды, себебі отбасы мен қауымдастықтың байланыстары ерекше мәнге ие.

Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі тіл қарапайым әрі түсінікті болғанымен, метафораларға бай. Ағылшын ертегілерінде архетипті тіл жиі қолданылады, мысалы, «*Бір кезде*» немесе «*Ақырында бақытты өмір сүрді*» деген сөздер ертегінің басталуы мен аяқталуын белгілейді. Бұл тіркестер оқиғаның фантастикалық элементтеріне жол ашады, ғажайып атмосфера жасайды. Қазақ ертегілерінде тіл терең поэтикалық болып келеді, табиғаттан және қоршаған ортадан алынған метафоралар жиі пайдаланылады. Жануарлар мен аспан туралы сипаттамалар кездеседі және бұл элементтер терең мағыналарды жеткізу үшін символдық түрде қолданылады. Табиғатты пайдалану тек оқиғаға тереңдік қосып қана қоймай, қазақ халқы мен табиғат арасындағы мықты байланысты көрсетеді [1,15].

Қазақ және ағылшын ертегілері арасында айқын мәдени айырмашылықтар болса да, олардың негізгі тақырыптары мен құндылықтарында ұқсастықтар бар. Екі халық та ізгілік, жақсылықтың жеңісі, жеке тұлғаның өсуі және құндылықтардың маңыздылығын дәріптейді. Қазақ ертегілері көбінесе туған жермен, отбасы мен ар-намыспен байланысты болса, ағылшын ертегілері жеке мінез-құлық пен іс-әрекеттердің моральдық салдарын басымырақ көрсетеді.

Ерекше бір айырмашылық – ертегілердегі гендерлік рөлдердің бейнеленуі. Көптеген ағылшын ертегілерінде әйел кейіпкерлер көбінесе белсенді емес, оларды ержүрек ханзада немесе батыр құтқарып алады. Ал қазақ ертегілерінде әйелдер күшті, қабілетті тұлғалар ретінде көрсетіледі, көбінесе маңызды шешімдерге қатысып, оқиғаның өзгеруіне әсер етеді. Мысалы, «*Қыз Жібек*» ертегісінде басты кейіпкер тек сұлу ғана емес, батыл және ақылды, бұл оны жай ғана құтқарылушы кейіпкер емес ертегінің белсенді қатысушысы етеді [3,41].

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын ертегілері мәдениет, құндылықтар мен моральдық сабақтарды жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Тілдік және құрылымдық айырмашылықтарына қарамастан, бұл ертегілер жақсылық пен жамандықтың күресі, тұлғаның дамуы және ізгілік мәні сияқты жалпы адамзаттық тақырыптарды қозғайды. Қазақ ертегілерінің ән және табиғат бейнелері арқылы біз өткен шақтағы оқиғаларды ерекше көзқараспен көре аламыз. Ал ағылшын ертегілері қарапайым баяндау стилімен тыңдаушыларды баурап алады. Әр мәдениет өз ерекшеліктерімен бізге ертегілердің күшін, сенімдерімізді қалыптастыруда, күмәндарымызды жеңуде және қиялымызды оятуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Әдебиет

1. Krappe A. The Science of folklore. NY, 1964.
2. The Types of Folktale. A Classification and Bibliography Anti Aarne's Verzeichnis der Marchentypen/Translated and enlarged by Stith Thompson. Helsinki, 1964.
3. The study of fairy tale discourse //«Science and life of Kazakhstan» International Scientific Journal.
4. Artistic tools in the discourse of fairy tales //«Science and life of Kazakhstan» International Scientific Journal.
5. Male Breast. *Kazakh fairy tales*. <http://tale.kazakh.ru/24480/>

ӘОЖ 94 (574)»19

Ашаршылық жылдарындағы балалардың тағдыры

Төлегенова Ж.Ж., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье анализируется судьба детей, наиболее пострадавших в годы голода 1930-х годов в Казахстане и состояние детских домов.

Abstract

The article analyzes the fate of the children who suffered the most during the famine of the 1930s in Kazakhstan, and the state of orphanages.

1930-жылдардағы «ұлы ашаршылық» қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған ұлттық апат болды. Осы жылдары жүздеген мың бала ашаршылықтың құрбанына айналды. Бейкүнә балалар тағдырдың аяусыз шеңгеліне түсіп, аштықтың зардабынан көз жұмды. Аман қалғанының өзі ата-анадан көз жазып, жетімдер үйіне тапсырылды. Куәгерлердің айтуынша, аштыққа ұрынған жұрт амалсыздан балаларын өз қолдарымен осында әкеп тапсырған. Сол балаларынан кейін хабарсыз қалған ата-аналары өмірлерінің аяғына дейін үмітін үзбей өмірден өтті.

Ашаршылық сол кездегі талай баланы балалық шағынан айырды. Ашыққандардың арасындағы балалар жайында нақты мәлімет айту қиын. Бұл арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі сол кездерде аштықтан қырылып қалған, босып кеткен ауылдарды жасырып қалу фактілері жиі кездескен. Б.Елкеев пен Қ.Алдажұманов ашаршылық шығыны әсіресе 9-ға толмаған балалар арасында 60 пайыз болғанын, ал ең көп шығын сәбилер арасында 72 пайыз болды деген ойларын айтады [1,148]. Бұл деректерден байқайтынымыз, қырғынға көп ұшыраған панасыз жас балалар мен қарттар болып шығады.

1930-жылдары аштық басталған кезде балалар үйінің жағдайы ауыр болған. Балалар үйі дұрыс жабдықталмағандықтан, әрі тойып

тамақ ішпегендіктен, тамақтың құнарсыз болуы мен киімнің жоқтығынан жұқпалы ауру жиілеп, өлім көбейген.

Ашаршылыққа душар болғандарға көмек беру ол бастан дұрыс ұйымдастырылмады. Алматы, Шымкент, Семей, Әулиеата, Қызылорда, Ақтөбе және басқа да қалалардың көшелерінде аштан өліп жатқандар көп болған. Оларды жинап, көмуге арнайы жасақтар құрылды. Алыс ауылдардан елді пункттерге жете алмаған аналар балаларын тастап кетуге мәжбүр болған. Тек 1932 жылдың 5-6 қаңтарында Әулиеатадағы бір шайханадан үсіп өлген 20 баланың, қаладан 84 ересек адамдардың денесі табылған.

Қызылорда облысының мемлекеттік архив қорындағы осы кезең барысына шолу жасасақ, 1932 жылы 28 ақпанда өткен Қызылорда аудандық атқару комитеті мәжілісінің күн тәртібінде көшіп - қоныстанушылар мен панасыз балаларды орналастыру мәселесі қаралып, панасыздықпен күрес бөлімінің жұмысы сынға алынған. Онда азық - түлікпен қамтамасыз етудің дұрыс жолға қойылмағандығы, есебі жүргізілмегендігі, желтоқсан айында берілетін азық - түлік қаңтар айының соңында үлестіріліп, талан - таражға түскендігі айтылып, кінәлілерді жауапқа тарту ұсынылған. Жауапты қызметкерлердің өзі ысырап пен ұрлыққа жол беріп, тіпті олардың өздерінің де қатысы болған осындай фактілер архив құжаттарында кездеседі.

Ақтөбе облысынан және Қарсақпай ауданынан келіп жатқан көшпенділер мен панасыз балалар саны күннен - күнге көбейген. Бұл көрсеткіш ақпан айында 835 болса, наурыз айының басында 928-ге жеткен. Осы айдың ортасында тағы да Қарсақпайдан - 630, Батпаққарадан - 510, Қостанайдан - 47, Торғайдан - 14, Ырғыздан - 2 адам, 1665 панасыз балалар келген. Олардың 1500-і балалар үйіне, 150-сәбилер үйіне орналастырылған, 10- оқуға, 5- кәсіпорындарға жұмысқа жіберілген, балалар үйіне және сәбилер үйіне жіберілгендер арасында 109 бала аштықтан өлген. Азық - түліктің жетіспеушілігіне байланысты үнемдеу мақсатында адам басына 1 айға 1 килодан дән бөлінген. Осыдан кейін жиналған панасыз балалар Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Түркістан балалар үйіне жіберілген [2,23].

Өзге облыстардан көшіп - қоныстанушылар онсыз да қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайды мұнан әрі төмендетті. Ақтөбе облысы мен Қарсақпай ауданы басшыларының назарына осы аймақтардан келген халықты тұрақты мекен-жайларына қайтару үшін өз өкілдерін жіберу туралы ұсыныстар жауапсыз қалады. Аудандық кәсіподақ комитетінің 1933 жылы 19 қаңтарда өткізілген кезектен тыс мәжілісінде көшпелілерді отырықшы елге айналдыру жөніндегі Үкімет қаулысының орындалмай жатқандығына, бөлінген азық - түліктің нақты жеткізілмей отырғанына сын айтылып, сырттан келгендерді өздерінің тұрақты мекен - жайына қайтаруға бағытталған үгіт - насихат жұмысын жүргізу мәселесі қаралды. Аудандық денсаулық

сақтау бөлімінен дәрігерлік көмек көрсету үшін арнайы бригада құрылады.

1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында панасыз балалардың саны 1311 болса, оның 44-і коопкомбинатқа жұмысқа жіберілген, 2-і кәсіпорынға, 20 адам «Овцевод» кеңшарына жіберілсе, 105 бала сәбилер үйіне орналастырылған. 315 бала қайтыс болған. Ескертпеде берілген мәліметте балалардың көпшілігінің өліміне аштық себеп болғандығы көрсетілген [3,2]. Ал енді бір деректе 1933 жылдың 10-20 наурызы аралығында 1759 панасыз баланың 1660-ы балалар үйіне, ал қалған 99-ы сәбилер үйіне орналастырылған. 59 бала балалар үйінде, 38 бала сәбилер үйінде, барлығы 97 бала қайтыс болған. Ғ. Мұратбаев балалар үйіндегі мәлімет бойынша 1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында бес баланың қайтыс болғандығы айтылған, оның біреуі туберкулез, төртеуінің өкпесіне салқын тиген. Ал қазан революциясы балалар үйінің хабарлауынша осы жылдың қаңтары мен ақпаны аралығында 26 бала аштықтан өлген. Сәбилер үйінің дерегі бойынша 1933 жылдың 21 қаңтар – 1 ақпан аралығында 45 бала, 15 ақпан – 20 ақпан аралығында 50 бала, 20 ақпанда – 11 бала, оның бесеуі қыз бала, алтауы ұл бала, 25 ақпанда - 20 бала, оның тоғызы қыз бала, он бірі ұл бала, 26 ақпанда 2 ұл, 7 қыз қайтыс болған [3,3,5]. Балаларды қабылдап бөлетін балалар үйінде 1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында 46 бала аштан өлгендігі көрсетілген. Ал қаңтар - наурыз аралығында барлығы 61 баланың аштықтан өлгені туралы мәлімет бар [4,10].

Елдің қалалық аймақтарына босқындармен қатар қараусыз балалардың көптеп ағыла бастауы және сол балалардың балалар үйіне орналастырылып, үкіметтің қарамағына алынғанын бүгінгі күні архивтік деректер дәлелдеп отыр. Ашыққан, босқан балалардың тұрмысын жақсартуда Қазақ ағарту халкомы арқылы губерниялық халық ағарту бөлімі балалар үйі мен бақшаларын жаппай, керісінше, балаларды уақытша жайғастыра тұратын орындар ашып, үй-күйі жоқ балаларды қабылдау, оларды тіркеу арқылы тамақтандыруды қолға алды.

1933 жылдың 20 қаңтар – 20 ақпан аралығында панасыздықты жою айлығы жарияланып, барлық ұжымдарда жедел жиналыстар өткізіліп, қаржы жинау, панасыздар пайдасына 10 тиындық талон маркасын енгізу ұсынылған. Панасыздықпен күрес штабының Халық ағарту комиссариатының төрағасы С.Меңдешевтің қатысуымен 1933 жылы 28 маусымда өткен кеңейтілген мәжілісінде 25 маусымнан 25 шілдеге дейін тағы да айлық өткізу, аудандық оқу бөлімінде кеңестік бюро құрып, балалар коммунасы қызметкерлеріне тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету, семинарлар мен мәдени шараларға ағарту қызметкерлерін жұмылдыру керектігі айтылды. Балаларды әдеби кітаптармен, ойыншықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау,

жасөспірімдерді егіндікке жұмысқа шақырып, еңбекке баулу тәрбиесі қаралды.

Үкіметтің жергілікті ауыл және село мұғалімдерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі шығарған бірқатар шешімдері орындалмады, айлық жалақылары берілмеді, азық - түлік айына бір рет қана бөлінді. Ауылдық партия және қоғам қайраткерлерінің де тұрмыстық жағдайлары айтарлықтай болмады. Олар ешқандай азық - түлік пайын алмады. Алматы қаласында Қаскелең ауылдық кеңесіне жіберген хатында ашыққандарды тамақтандыру орны мәлімет бойынша ашылғанымен бұл пункттерде адамдардың жоқтығы, жоғарыдан берілген директивалардың орындалмағандығын айта отырып, үкіметтік шараларға салғырттық танытқандар жауапкершілікке тартылатындығы айтылған [5,32].

КСРО-ның Жабдықтау халық комиссариаты 1933 жылы 7 тамызда Қазақстанда орталықтан жабдықталатын балалар үйіне 10 мың панасыз баланы орналастыру туралы жарлығы, ал 15 тамызда қосымша тағы 10 мың панасыз баланы балалар үйлеріне жіберу туралы шешім қабылданады. Осылайша, Қазақстан бойынша 70 мың панасыз балаларға қажетті жағдайлар жасау туралы мәселе көтерілген. Құжатта балаларға бөлінетін азық-түліктің көлемі көрсетілген. Оның ішінде КСРО-ның Жабдықтау халық комиссариаты қорының есебінен: «3-тоқсанда (тоннамен): ұн-135, жарма-33, балық-30, қант-7,5 бөлінеді» делінген. [6,94].

Қазақ АКСР Халық комиссарлар Кеңесі мен өлкелік комитетінің 1933 жылдың 3 қыркүйегіндегі «Панасыздарға қарсы күрес жағдайы туралы» қаулысында Алматы облысы Қаратал- Аягөз ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Қызылорда аудандарындағы орын алған кемшіліктер, атап айтқанда балалардың өліміне апарып соқтырған жағдайлар, медициналық көмектің берілмейтіндігі, балалар қорына бөлінген қаржының жымқырылуы т.б. жағдайлар қатты сынға алынды. Осыған байланысты балалар үйіндегі 8-10 жас аралығындағы балаларды мектепке оқыту, 3-7 жастағы балаларды балалар бақшасымен, интернаттармен, 3 жастағы балаларды сәбилер үйлерімен қамтамасыз ету, қиын балалар үшін 1100 балаға арналған 8 балалар коммунасын құру міндеттелді [2,8]. Бастапқыда ашыққан, жетім қалған балалардың жағдайы үкімет тарапынан ескерілмей, қайта жасыруға тырысты. Кейіннен, жағдай әбден ушыққан кейін барып, партиялық-кеңестік мекемелер панасыз балаларға жағдай жасауға мәжбүр болды.

Қорыта айтқанда, қазақ халқын қынадай қырған Ф.И.Голощекиннің қазақ еліне жасаған қасірет таңбасы тарих бетінен өшпек емес. Қолдан ұйымдастырылған ашаршылық миллиондаған адамдардың, оның ішінде балалардың да тағдырын тәлкек етті. Аштықтан қырылған, жетім қалған, панасыз қазақ балалары көп болған еді.

Әдебиет

1. Елкеев Б. Алдажұманов Қ. Босқындар. // Жұлдыз, 1993-9 қыркүйек.
2. Ғасырлармен тілдескен мұрағат. –Астана, Елорда, 2009-136 б
3. ҚОМА (Қызылорда облысының мемлекеттік архиві) Р-2-қор. 2-тізбе.5-іс.
4. ҚОМА. Р-2-қор.1-тізбе.2-іс.
5. Саланчина Н. Әбдірахманова А. Ашаршылық тауқыметі мұрағат құжаттарында (1932-1933 ж.ж.).//Қазақ тарихы, 2007 №5
6. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты-Правда о голоде 1932-1933 годов /Аяған Б.Г., Қыдырәлиева Ж.Ү., Ауанасова Ә.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ілиясова К.М. - Алматы: ТОО «Литера-М», 2012-336 б.

ӘОЖ 94 (574)»19/...»

Нәубет жылдарының зардаптары

Төлегенова Ж.Ж., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются последствия голода в Казахстане в 30-е годы XX века.

Abstract

The article examines the consequences of famine in Kazakhstan in the 30s of the twentieth century.

Қазақ даласындағы ең қасіретті де сұрапыл кезеңдердің бірі болған XX ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылық қазақ халқына жойылып кету қаупін төндірген еді. Аштықтан қырылғандардың саны есепсіз болды. Осы күнге дейін нақты аштықтан, жұқпалы аурулардан өлгендердің сандары нақтыланбай отыр. Қазақстандағы күшпен ұжымдастырудың және зорлап отырықшыландырудың алып келген ауыр зардаптарының бірі-демографиялық апат еді. Тарихи зерттеулерде Қазақстандағы 1931-33 жылдардағы ашаршылыққа байланысты ғалымдар зерттеу барысында түрлі пікірлер айтады. Қазақстандық тарихшы демограф ғалымдар осы жылдардағы ашаршылық құрбандарын 1,5 миллионнан 3 миллионға дейін жеткізіп жүр. Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдар бірнеше мақалалары мен зерттеу еңбектерінде ашаршылық жылдары 2 миллион 100 мың адам опат болды, оның 1 миллион 750 мыңы қазақтар деп көрсетеді [1,67]. Талас Омарбековтың айтуынша, ашаршылық кезінде 2 миллион 300 мың қазақ өлген [2, 50]. Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан зерттеулер бойынша аштықтан өлгендердің

санының артуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені жіті зерттеу аса маңызды. Сол кездегі ресми құжаттардан ашаршылықтан өліп жатқан адамдардың нақты санын кездестіру қиын, тек қалалар бойынша жұқпалы аурулар мен індеттің қасіреті туралы мәліметтер кездеседі. Себебі, Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин өзінің жүргізіп отырған қанды қылмысты саясатын жасыруға тырысты. Бүгінде қазақ жеріндегі нәубет бар елге тән болғаны белгілі. Бірақ бұл нәубет әр халыққа әр қырынан көрінді. Мәселен, қазақтар саны 2,2 млн, пайызбен есептегенде 49 пайыз, қырғыздар саны тиісінше 300 мың (25 пайыз), мордва 400 мың (12 пайыз), украиндар 100 мың (12 пайыз), немістер 6 мың (11 пайыз), белорустар 300 мың (10 пайыз), дүңгендер 1 мың (10 пайыз), татарлар 9 мың (10 пайыз), өзбектер 20 мың (8 пайыз), ұйғырлар 10 мың (8 пайыз), орыстар 85 мың (6 пайыз), басқалары 9 мың (10 пайыз) [3,195].

Большевиктер билік басына келгеннен кейін қазақ жері екі дүркін 1920-шы, 1930-шы жылдар басында жан түршігерлік ашаршылықты бастан кешті. Ашаршылық КСРО мемлекетінің көптеген аймақтарын қамтыды. Әсіресе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Украинадағы ашаршылық көлемі тым үлкен болды. Алайда осы елдердің ішінде ең ауыр зардап шеккен Қазақстан болатын.

Ашаршылық кеңес өкіметінің Қазақстандағы мал атаулыны тәркілеу туралы шешімінен бастау алды. Бар тіршілігі төрт түлікке байланысты болған қазақ халқына аштан өлуден басқа жол жоқ еді. 1931-32 жылдары болған қуаңшылық жағдайды мүлдем шиеленістіріп жіберді.

Қазақ даласындағы ашаршылық туралы БК(б)П ОК-нің Бас хатшысы И.В. Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ф.И. Голощекинге жолданған Т. Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. хаттарда қазақтың аштықтан қырылуы мен үдере шетел асуының негізгі себептерін айғақтайтын нақты мәліметтер берілді. Алайда, қазақ зиялыларының жанайқайы тыңдаусыз қалды.

Нәубет жылдарының ауыртпалықтары туралы жазылған еңбектерде халықтың аштан өлмеу үшін тышқан аулап, тентіреп кеткені, тіпті адам жеу, өз балаларын жеу оқиғаларының орын алғаны туралы да ащы шындықтар айтылады.

Аштықтың жантүршігерлік көрінісі туралы ғалым Т. Омарбеков мұрағат қойнауындағы жеті адам қол қойған Шу елді мекеніндегі жағдай туралы мынадай дерек береді. «Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барақ жан төзгісіз жағдайда. Баспана әл дәрмені таусылған, көбі эзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы.

Баспана іші былғаныш, сасық. Жүзге тарта аш адамдар жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен. Барлық жерде сүйектер, барақтан біраз жерде солтүстік жерде тағы да өлік. Барақтың орынынан шығысқа қарай бір жарым шақырымдай қашықтықта шұқырда тағы бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеу болғанын айғақтайды. Қазақ бейіті жас молаға толы». Мұндай масқара құбылыстан басқа мынадай мысалға душар болып отырмыз: Сталин атындағы ұжымшардың №12 «Ақтас - жартас» ауылында 4 адам 19 адамды жеп қойыпты. Олардан адам еттерін және өлекселерін тауып алдық. Әлібек ұжымшарында 22 адамның 21-і өлген кезде қалған біреуі өзінің туған ағасының етін жеген. Хат иелері қол қоймаған тағы бір құжатта мынадай мәліметтер бар: «1933 жылдың қаңтарынан 31 наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алынған өліктер: ауылдық кеңестің берген мәліметтері: ауылдық кеңестерде өлген адамдардың аттары, ... 671 адам. «Успен ауылдық кеңесінде бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйретіп жүрді (Ол ұсталды. ОГПУ тұтқынында отыр) [4,228, 229].

Осылайша 30-жылдардағы аштық халықты күйзелтіп қана қоймай, күйретіп кетті. Аштық қысқан халық арасында сүзек сияқты жұқпалы аурулар эпидемиясы басталады. Ашаршылық салдарынан сол жылдары 1030 мың адам туған елден шекараасып, шұбыра босқындыққа ұшырайды. Халық көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, тіпті, Қытай мен Моңғолияға қашады.

Қазақстаннан тысқары кеткен 1030 мың адамның 414 мыңы ғана кейіннен қайтып оралады. [5,273]. Аштықтан аман қалу қамымен ел ауып кеткен жерлестеріміздің қайтадан ата - мекенге оралуға ниетті екендері архив құжаттарынан байқалады. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасына 1933 жылғы 15 сәуірде Тәжікстан Республикасы Исфара ауданы Лекан ұжымшарының тұрғындары атынан жазған арызында уәкіл Төлебай Қисықов: «Біз, Қызылорда ауданы, 2-ші ауыл тұрғындары, 1932 жылы аштықтан отбасымызды, балаларымызды аман алып қалу үшін Тәжікстанға үдере көштік, енді туған жерімізге қайта оралып, еңбек еткіміз келеді, бірақ қайтуға қаражатымыз жоқ. Сондықтан, Тартоғай стансасына дейін поезбен жетуге қаражат берсеңіздер. Барлығымыз 30 отбасы, 810 адамбыз», - делінген [76.46].

Ашаршылық зардабының жергілікті халықты мұншалықты мүшкіл халге жеткізуі сол кездегі ресми саясаттың нәтижесі болатын.

Әдебиет

1. Қозыбаев М. Абылхожин Ж. Татимов М. Казахстанская трагедия. // Вопросы истории. 1989 г. №7; Козыбаев М.К. Абылхожин Ж.Б. Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства. - Алматы: Ғылым, 1992-420

2. Омарбеков Т. Аштық апатын анықтай алдық па? // Ақиқат, 1994-№5.

3.Әбдіәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы. Алматы: республикалық баспа кабинеті, 1997-403 б

4. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001-404 б

5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б

ӘӨЖ 82-024:89(574.54)

Тұрмағанбет ақынның «Шаһнама» дастанындағы шығыстық сарын

Сапартаева Ләззат Егізбайқызы
Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда

Резюме

В этой статье рассматриваются восточные традиции в поэме «Шаһнама» известного поэта Сырдарьинского региона Турмағанбета Изтлеуова.

Abstract

This article examines the oriental traditions in the poem "Shahnama" by the famous poet of the Syrdarya region Turmaganbet Iztleuov.

Ұлттық сөз өнерімізге негіз болған ақын-жыраулар поэзиясындағы шығыстық дәстүр әдебиетіміздің дамуында маңызды орын алады. Көне өркениеттің бесігі болған Сыр бойында өмір сүрген белгілі шайырлар шығармаларында қазақ әдебиеті мен шығыстық әдеби үрдістің терең байланысы бар. Шығыстың әдеби мұрасымен сусындап, кейін оны өз шығармашылығының арқауы еткен шайырлар халықтың жандүниесін шығыстық қисса-дастандармен, ертегі-әңгімелермен байытты.

Ғалым Ғ.Тұяқбаев зерттеу еңбегінде Сыр бойы ақын-жырауларының шығыстық дәстүрде жазған дастан, мысалдарына тоқтала келе: «Сыр сүлейлері Балқы Базар, Қарасақал Ерiмбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, т.б. шығыс үлгісінде бірнеше дастан, мысал өлеңдер жазды. Басқасын айтпағанның өзінде Тұрмағанбет әлем халқы «шығыстың «Илиадасы» деп бағалаған «Шаһнаманы» аударды. Қаңлы Жүсіптің де бірқатар дастандары мен мысалдары шығыс үлгісінде жазылды» [1, 12 б.],– дейді. Ғалым С.Дәрібаев та Сыр шайырларының қисса-дастандарын «Шаһнама», «Мың бір түн» хикаяларын, діни сюжеттер, Орта Азиялық сюжеттер, енді бір шығармаларды үндінің «Тотынамасын» негізге ала жырланған туындылардың қатарына жатқызуға болатыны туралы мынадай пікір білдіреді: «Бұл қисса-дастандардың әрідегі дәстүрі, әрине, «Мың бір

түн», «Шаһнама», «Тотынамаға» барып тірелуі мүмкін. Солардағы айтылатын желілерге салып, бірақ оқиғаны, оның болған жерін, кейіпкерлерін, Орта Азия, қазақ өміріне жақындатып алған қисса-дастандар туған» [2, 78 б.].

Сыр дүлділі Тұрмағанбет Ізгілеуовтің шығыстың әйгілі дастаны «Шаһнаманы» қазақ ұғымына үйлестіре жырлап шығуы – ақындық өнеріндегі шоқтығы биік елеулі ерекшелігі. Осы туындыдағы сюжеті шытырман оқиғаға құрылған бөлімнің бірі – «Сам Зал батыр».

Дастандағы Сам палуан мен Мәликеден туған баланың тұр-сипатын ақын былайша баяндайды.

Мәлике жүкті болып бір ұл туды,
Етті елі ұл туды деп ұлы дуды.
Түк басқан тұла бойын түрі жаман
«Бұл не?» – деп көргендердің көңілі суыды.
Қара емес, қардай аппақ шыққан шашы,
Сап-сары, салпы ерін, жік-жік басы.
Әрмен көз, бермен маңдай, бірақ оның
Көзінің жанған шамдай шұғыласы [3, 266 б.].

Шығыстық дастандардың желісіндегі дәстүр бойынша бала әкесі аң аулап жүрген кезде дүниеге келеді. Аңнан келген Сам батыр баланың түрінен шошып, өлтіруге бұйрық береді. Алайда тапсырманы орындаушылар баланы өлтірмей, орманға тастап кетеді. Баланы жолбарыс асырайды. Шығыс хикаяларындағы баланы арыстан, қасқыр секілді күшті жануарлардың асырауы – оның болашақта батыр болып өсетінінен хабардар ететін әдіс.

Бірде жолбарыстың бауырында өсіп жатқан баланы Самұрық құс балапандарына жемтік үшін алып кетеді. Бірақ олар баланы қызық көріп, өздерімен бірге өсуін қалаған соң өлтірмей, балапандарымен бірге асырайды. Зал үш жасқа келгенде Самұрық құсты анасы деп қабылдайды. Батыр тұлғалы бала өсе келе ұялас бауырларын ойнап жүріп өлтіріп алады. Дегенмен Самұрық баланы бұрынғысынша асырай береді. Бірде баланы Асфаһаннан шыққан жолаушы саудагер көріп, елге барған соң патшасына баланы көргенін баяндайды. Бұл кезде Сам палуан да түс көреді:

Түсінде бір шырайлы жігіт көрді,
Ажары аңдап тұрса артық таңнан.
Есепсіз келе жатыр ертіп қолды,
Көркіне көргендердің көңілі толды.
Құлдарша қол қусырып иіледі,

Адамдар алдындағы ашып жолды [3, 267 б.],– деп суреттеледі.

Сам баланы алып келу үшін жолға шығады. Самұрық құс оны өлтірмекші болады. Тек ұядағы балапандарын аждаһадан аман алып қалғаны үшін ғана Самға тиіспейді. Бұл оқиға да көптеген шығыс қиссаларына тән сарын.

Мұнан кейінгі оқиғаларда бала еліне келіп, адамзат тәрбиесіне көнеді. Сұлу да сымбатты жігіт болып өскен баланың ержүректілігін, жауға шапқандағы бейнесін Тұрмағанбет қазақ ұғымына жақын жырлайды:

Баланың түсі сары, қара көзі –
Рас болса бұрынғының айтқан сөзі.
Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек,
Болады баһадүрдің нағыз өзі [3, 267 б.].

Ақынның «Жирун» атты хикаясы да шығыс халықтарында көп кездесетін сюжет ізімен өрбиді. Рум елінде Сәлім әулетінен шыққан, байлығына қоса әуе, аспан ілімін меңгерген атақты Жирун деген бай болады. Жирун елші жіберіп, сол елдегі тағы бір Қайсар атты байдың Катаюн деген қызын әйелдікке сұратады. Бұл кезде Катаюн сұлу әкесінің рұқсатынсыз бір кедей жігітпен кетіп қалады. Қайсар: Кімдекім қызыма үйленгісі келсе, Тасқұн үңгіріндегі алып жыланды жеңсін. Сол адамға қызыммен бірге қазына-байлық беремін,— деп жар салады.

Жіберген елшісінен мән-жайды білген Жирун ніжун ілімі бойынша келешегін болжап, алыс жолға шығады. Сол елде батырлығымен мәлім Кәштасып деген батыр болады. Ол Қайсардан іргесін аулаққа салмақ ниетімен көшіп кеткен болатын. Жирун сол Кәштасып батырды іздеп таппақшы болады. Әкесі Һештің үйінде жүрген батыр аң аулап кеткен екен. Баласы келген соң әкесі Кәштасыпқа Жирунның бұйымтайын жеткізіп, алып жыланды өлтіріп беруін сұрайды. Қайсар ол жыланды өлтіруге талай рет қосынмен барып, бос қайтқан екен. Әкесін тыңдап болған соң Кәштасып Жирунға: Босқа аң аулағанша, осы жыланды өлтірейін. Бірақ сен Сәлім бабаңның алмас қылышы мен өзіңнің атыңды бересің,— дейді. Жирун қуанып, батырдың айтқанына келісімін береді. Батырды әкесімен бірге қонақ етіп, тарту-таралғы жасайды.

Сәлімнің алмас қылышын қолына алып, қасына Һеш пен Жирунды ерткен Кәштасып батыр жолға шығады. Жол бастаған Һеш пен Жирун батырды Тасқұнға дейін ертіп барып, үңгірді көрсетеді. Енді екеуің өз қамдарыңды қылыңдар,— деп Кәштасып оларды аулағырақ қалдырып, өзі алып жылан жатқан жерге қарай беттейді. Ұзақ уақыт айдаһармен алысқан батыр жыланның басын қылышымен екіге бөлген сәтін ақын былайша әсерлі суреттейді:

Көз қадап, киреңдетіп керіп бойын,
Ысқырды ісіп-кеуіп, толғап мойын.
Құйрығын екі-үш рет ұрып жерге,
Жіберді тозаңдатып жатқан ойын.
Кәштасып тұра сала атты оқты,
Оқ тиіп ашумен кеп атқа соқты.
Мүйіздеп әрлі-берлі, атты өлтіріп,
Аузынан шашыратып зәрін төкті.
Ұмтылды омыраулай өзіне енді,

Жалақтап жұтайын деп жақын келді.
Қылышпен қақ маңайдан ұрып еді,
Жыланның жарып басын екі бөлді [3, 425 б.].

Кәштасыптың батырлығына таң қалған Жирун оны тағы қонақ етіп, ат мінгізіп, алтынға орап шығарып салады. Кәштасып пен Һеш ақылдасып, бұл тірліктен бейхабар болғанды. Сол күні Жирун Қайсарға: Айтқанын орындадым, ертең күйеу болып барамын, дайындалсын,– деп кісі жібереді. Қуанған Қайсар нар жегілген арбалармен айдаһарды алғызады. Жирунның ерлігіне тәнті болған Қайсар жар салып, оның құрметіне алтын шатыр тіккізіп күтеді, қызын қосады.

Дастандағы Кәштасып пен Һештің бейнелері адамдықтың ақ туын желбіреткен, бейнетпен күнелткен адамдардың бейнесінде суреттеледі. Екеуінің бойындағы берген сертті бұзбайтын адалдығын, уәдеге беріктігін көрсету арқылы ақын шығарманың негізгі идеясын білдіреді. Алтыннан шатыр тігу көбіне шығыс елдеріне тән үрдіс болса, Қайсардың құда, күйеу күтудегі қонақжайлылығын ақын қазақ өміріне жақындатқан сыңайлы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде қисса-дастан жазу үрдісі Сыр бойы ақындарының шығармашылығында кеңінен қанат жайды. «Нәзира» дәстүрін терең меңгерген сүлейлердің артында талай-талай сюжеті шымыр, көркемдік қуаты мол қиссалар қалды.

Түйіндеп айтсақ, Сыр бойының атақты шайыры Тұрмағанбет Ізтілеуов шығармаларында шығыстық үлгідегі өлең дәстүрі берік қалыптасқан. Оған сол шығыс әдебиетіндегі гуманистік ойлардың әсері, әлем әдебиетімен байланысы негіз болғаны айқын.

Әдебиет

1. Тұяқбаев Ғ. Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының әдеби мұрасы. Филология ғыл. канд. авторефераты. – Тараз, 2004
2. Дәрібаев С.Д. Сыр шайырлары поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі. Филология ғыл. канд. авторефераты. – Алматы, 2002
3. Рүстем-Дастан// Фирдоуси «Шаһнамасының» ізімен жырлаған халық ақыны Т.Ізтілеуов. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961. – 604 б.

ӘОЖ793(574)

Шара Жиенқұлованың қазақ халқының хореографиялық өнерін дамытуға қосқан үлесі

Караматуллаева Х.Е.,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

Статья посвящена исследованию творческой и педагогической

деятельности Шары Жиенкуловой как своеобразной исполнительницы и основоположницы казахского танца, значимой в культурной жизни казахского народа.

Abstract

The article is devoted to the study of the creative and pedagogical activities of Shara Zhienkulova as a kind of performer and founder of Kazakh dance, significant in the cultural life of the Kazakh people.

Би – ұлттық өнердің басқа да түрі сияқты халық тұрмысына берік еніп, олардың әдет-ғұрып ерекшелігі мен іс-әрекетін бейнелейтін өнерге айналды. Би сабақтары арқылы балалардың туған халқының мәдени құндылықтарын игеруін толық қамтамасыз етуде, мұғалім, жалпы педагогикалық білім негіздерімен қоса, ұлттық өнердің даму тарихын, өнер саласындағы көркемдік мәдени мұралардың тәлім-тәрбиелік мәнін сапалы меңгеруі тиіс.

Шара Жиенқұлова қазақ биінің негізін салушы екені белгілі. 1934 жылы 13 қаңтарда Қазақстандағы Қазақ мемлекеттік музыкалық театрының шымылдығы алғаш рет көтерілгенде «Айман-Шолпан» спектакліндегі жарқын сәттердің бірі қазақтың тұңғыш ұлттық биі «Келіншек» болды. Оны Шара Жиенқұлова ойлап тауып, қойып, өзі орындады, бұл қазақ хореографиясының бастамасы болды.

Шара Жиенқұлова «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операларында халық билерін орындаған. Жиенқұлова «Қалқаман - Мамыр» ұлттық балетінде басты партияны биледі, ал «Амангелді» кинофильмінде басты рөлді сомдаған. Балетмейстер Л. А. Жуковпен бірге И.Н.Надиоровтың «Көктем» балетін қойды. Ол таңғажайып қырымен ерекшеленді, бірақ әсіресе қолдың суреті, саусақтардың, бастың қимылдары ерекше болды.

Ұлтымыздың болмысын, келбетін көрсететін «Қамажай», «Маусымжан», «Келіншек», «Қос алқа», «Айжан қыз» секілді төл билерімізді кәсіби деңгейге жеткізген кешегі Шара апамыздың арқасында біздің биіміз әлемге танылған. Айтқандай, қазақ биі ұлттық өнердің басқа түрлері сияқты халықтың тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында берік орын алған. Мысалы, еңбек қимылдарын көрсететін «Өрмек биі», аңшылар өмірін бейнелейтін «Қоян биі», «Қоян-бүркіт», «Құсбегі-дауылпаз», әзіл-оспақ пен күлкіге құрылған «Насыбайшы», аң-құстар мен жан-жануарларға арналған «Ортеке», «Қара жорға», т.б. халық билері бар [1].

1966-1975 жылдары Жиенқұлова Алматы хореографиялық училищесінің директоры болып жұмыс істеді. Оның шәкірттері: ҚазКСР Халық әртісі Г. Талпакова; ҚазКСР еңбек сіңірген әртістері К. Қарабалинова, Б. Байжуманова және т. б.[2].

Қазақ ұлттық биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз

әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан елмұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің көркемдік білім болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биі халықтың тіршілік-тынысын, адамның табиғатқа көзқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде.

Қазақстандағы хореографиялық өнердің қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттарын, қазақ халқының ежелгі ұлттық би мәдениетінің жандануын Д.Т. Әбіров, К. Д. Айтқалиева, О. В. Всеволодская-Голушкевич, Г. Т. Джумасейтова, А. А. Жолтаева, Т. О. Ізім, А. К. Кульбекова, Л. А. Мамбетова, Л. П. Сарынова, А. Б. Шанкибаева зерттеді [3].

Қазақтар - ХХ г. басына дейін өмірдің көшпенділік бейнесін сақтап қалған аздаған халықтардың бірі. Халықтың тілінде және көркем шығармашылығында өмір сүрудің көп ғасырлық ерекше ырғағы туралы осы уақытқа дейін ескірмеген қалпында жиды. Эпос, фольклор, өлендер, музыка, сәндік-іргелі және бейнелеу өнері, қазақтардың сәулет ескерткіштері — осының бәріне тұрақты қозғалыстың, ауыстырушылықтың және кеңістік пен уақытқа олар тудырған өзіндік қарым-қатынастың мөрін өзіне әкеледі (Ауезов М. Энкидиада: к проблеме единства миров кочевья и оседлости. Кочевники. Эстетика. А., 1993, с. 31, 34) [4].

Халық билерінің тақырыбы кең және көп қырлы, оның дәлелі сақталып қалған би миниатюралары болып табылады, олардың ішінде: еңбек миниатюралары («Орман биі», немесе «Тоқымашылар биі»), аңшылық билер («Қоян биі» — қоянды бүркітпен аулау, «Құсбегі-дауылпаз» — құсты аң аулауға үйрету), сондай-ақ би-жарыстар («Ұтыс биі»), сатиралық, әзіл — сықақ («Насыбайшы»), жануарларға пародия («ортеке» - арқар-секіргіш, «тепенкок» және «Қара жорға», — жорға жүгіру және ат биі, «аю би» - «Аю биі»), әр түрлі заттармен би. Сондай-ақ, музыкалық фольклорда хормен ән айту, би билеу және т. б. лирикалық театрландырылған билер кең таралды.

Білім беру, тәрбиелеу жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан қазіргі кезең мектепке дейінгі мекемелер ісін жақсарту, баланың жеке басын дамыту, оны ізгілікке баулып, шығармашылық ойын жинақтай білуді, көркемөнерге қызығушылығын арттыруды талап етуде. Жас ұрпаққа тәрбие беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, мазмұнын жақсарту жолында педагогтардың парыз бен қарызға беріктігін, адамгершілік пиғылы мен көркемдік талғамын, іскерлігі мен шығармашылық қабілетін дамыту, өз ісіне құштарлығын арттыру міндеті бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Әрине, Шара Жиенқұлова, Дәурен Әбіров, Зауыр Райбаев, Болат Аюханов, Гүлжан Талпақова сынды бишілер қалыптастырған салт та, дәстүр де қазақ биінің өзіне тән ерекшеліктерді бойына сақтаған әрі оны басқа елдердің билерімен салыстыруға әсте келмейді. Қай жағынан алсаңыз да оның ұлттық иірімдері, билеу мәнері дараланып тұрады.

Себебі, біздің табиғатымыз даламен, еркіндікпен, кеңдікпен тікелей байланысты. Қазақ оның төсінде өскен төл баласы. Бұл қасиет оның өнеріне де тән құбылыс әрі заңдылық. Сондықтан да би өнерінің негізі, қалыптасуы, тууы міне осыдан бастау алып жатады. Бұған «Қазақ биі», «Айжан қыз», «Қаражорға», «Былқылдақ» сияқты ондаған ұлттық билеріміз куә. Бұлардың дені классикалық өнер туындыларына, бишілеріміз үшін би үлгілеріне баяғыда-ақ айналып кеткен. Олар халық өмірін би тілімен баяндайды, соны мың бұралған әсем қимылдармен көрерменге жеткізеді. Қазақ биінің түп төркінінде халықтың рухани таным түсінігінің жиынтық көрінісі жатқандай көрінеді маған. Біздің ұлттық мәдениетіміз оның ішінде өзіміз тілге тиек етіп отырған би де еліміздің қоғамдық өмірінде орын алған өтпелі кезең кезінде басқа өнер түрлері тәрізді біраз қиындқтарды бастан кешіргені рас. Бірақ ол ертеден келе жатқан желісін үзіп алған жоқ, классикалық негізінен адасып, оны жоғалтқан жоқ. Өйткені оның тамыры тереңде, халықтың санасында жатыр. «Қазақ биі кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында пайда болды», - деген жаңсақ пікірмен өз басым келіспеймін. Сонда мыңдаған жылдық тарихы бар елде «би өнері болмады» дегенге кім сенеді. Әрине, кеңестік дәуірдің кейбір қоғамдық ағымының кесірінен қағажу көріп, классикалық деңгейге көтеріле алмай қалды. Жаңа замандық әуеннің көлеңкесінде қалып қойды [5].

Еңбек қимылына жататындар: «ширатпа» (жіп есу — еңбек дағдысы) «жүн түту», «ши орау», «ұршық иіру», «кілем қағу» (шығыс кілемін сілкіу). «білек сыбану» (жең қайыру), «орама», «қамыр илеу» (қамыр жайған әйел қимылын елестету), «саба пісу» (саба — теріден тігілген ыдыс және басқалар.

Еркек қимылдары, біріншіден, тұрмыстағы ер адамдардың дағдылы қимылдарын сипаттаса, екіншіден, бұлшық еттерін, күшін көрсетеді. Ерлер қимылына жататындар: «сәлем» (ерлерше иілу), «мұрт сипау», «шығыр» (ерлер қолының шеңбер тәрізді қимылы), «теңселу» (атшабыстың әр түрлі нұсқасы), «аударыспақ» (ойын), «малдасқұру» (отыру), «шаршы қол» (қолды ежелгі дәстүр бойынша шаршылап, төртбұрышты етіп қою), «қол ырғақ» (иық пен қолды тербелту, селкілдету «буын ойнату» (шынтақ буынын ойнату, қол буыны мен саусақ буындарын ойнатып кезектестіріп бұгу, «бүркіт» және басқалар. Балетмейстерлер Ш.Жиенқұлова, Д.Әбірев және О.Всеволодская-Голушкевичтер бұл қимылдарды байқап әрі ары қарай дамытты.

Қазақ биінде орындалатын әр қимылдың алатын орны және өзіндік мағыналары бар. Атап айтқанда «Қошқар мүйіз», «Кереге көз», «Сыйлық», «Үлкен сыйлық», «Қызғалдақ», «Білезік», «Бота мойын», «Айна», «Сәндену» тағы басқа қимылдар қыздардың орындауында кездеседі. Әр қимылды бидің мағынасына қарай би қойылымдарында қолданып отырған (образға, сюжетке байланысты). Жоғарыда айтылған қимылдарды қыздың сұлулығын, нәзіктігін, еркелігін табиғатпен байланыстырып қолдануға болатындығын көріп жүрміз [6].

Халық шығармашылығын зерттеушілері қазақ би фольклорының әрқашан қазақтың сахналық билерін одан әрі байытуға септігін тигізген зор байлықтарға ие болғанын атап өтті. Осылайша, уақыт өте келе қазақ халқының би мәдениеті қалыптасып, күрделеніп, жетілдіріліп, ұрпақтан ұрпаққа лексика, композициялық суреттер, сюжеттер мен бейнелер берілді.

Әйгілі Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі» осы вокалдық жауһар туындыны жасау процесіне белсене қатысқан Күләш Байсейітоваға арнайы жазылған. Ән 1940 жылы дүниеге келген. Оның халық арасында танымал болғаны сонша, биде екінші өмірге ие болды. Шара Жиенқұлова бидің қойылымын жасап, сахналық өмірінің соңына дейін вальс музыкасына би биледі.

Ол концерттік бағдарламадағы Шараның өзіндік визит карточкасы, қазақ биінің ұлттық мектебін құрушы тұңғыш кәсіби эстрада бишісінің сымбаттылығының, жарқыраған мінезі мен талантының символы болды.

Міне, сондықтан да болар, суретші Гүлфайрус Исмаилова көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлерінің портреттерінің топтамасын бастап, халық суретшісі Шара Жиенқұлованың жанды би күйінін алғаш рет портретін жасады. Картинаның аты «Қазақ вальсі» (1958).

Шараның әйел сұлулығы мен дарыны бейнеленген сурет-портреті. Оның қолдары әдемі қимылмен тербелді, ал төңірегінде ұзын-сонар тігілген көйлектің кең орамы бар. Портреттегі бұл би - сұлулық пен бояулардың салтанаты. Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында қойылған.

Шара Жиенқұлова қазақтың алғашқы кәсіби бишісі, педагог, ҚазКСР Халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ ұлттық хореографиясының негізін құрайтын қозғалыстарды ойлап тапқаны анықталды.

Қорытындылай келе, қазақтың халық биінің болашағы зор екенін айтқымыз келеді. Оны сақтау және дамытумен айналысатын мамандардың тарихи қалыптасқан дәстүрлерді басшылыққа алуы, хореографияның жаңа жетістіктерін дұрыс пайдалануы және қазақ би шығармашылығына қазақ халқының көркем мәдениеті мен жалпы адамзаттық мәдениеттің элементі ретінде қарауы маңызды.

Әдебиет

1. Қазақ бии қолдауға зәру. <https://alashainasy.kz/culture/kazak-bi-koldauga-zaru-18744/>
2. Толығырақ кино театрында.РУ <https://www.kino-teatr.ru/teatr/acter/w/sov/251708/bio/>
3. Кульбекова А.К. Формирование профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусств в Республике Казахстан. Автореферат диссертации. <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-professionalnogo-masterstva-khoreografov-v-vuzakh-kultury-i-iskusstv-kazakhstan>
4. Ауезов М. Энкидиада: к проблеме единства миров кочевья и оседлости. Кочевники. Эстетика. А., 1993, с. 31, 34
5. Қазақ бии өнері. <https://www.zharar.com/kz/referat/7590-bi.html>
6. «Білім және өнер». Би қимылының сыры. <https://bilimainasy.kz>

ӘОЖ 16.21.47

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразалық етістіктердің семантикасы

Икромханова Фируза Икромовна
ф.ғ.д., профессор
Өзбекстан Республикасы
Кәрім Әнел Ғалымжанқызы
АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье исследуются фразовые глаголы и рассматриваются теории, предложенные отечественными и зарубежными учеными. В нем рассматривается сравнительный анализ фразовых глаголов в английском и казахском языках

Abstract

The article explores phrasal verbs and examines the theories proposed by both domestic and foreign scholars. It discusses the comparative analysis of phrasal verbs in English and Kazakh languages.

«Фразалық етістік» терминін алғаш рет британдық зерттеуші Л.П.Смит енгізді және 1986 жылы КСРО-да шыққан етістік тіркестерінің ағылшынша-орысша сөздігінде тіркелді. Фразалық етістіктер тіл білімінің тұрақты тіркесін зерттейтін саласы фразеологиямен тығыз байланысты. Алайда фразеологизм сөздердің барлық тіркестерін қарастырмайды, тек белгілі бір тұрақтылығы бар сөздерді ғана қарастырады. Фразеологиялық етістіктер – етістіктен және бір немесе бірнеше көмекші сөз бөліктерінен тұратын күрделі (немесе көп сөзді) етістік конструкциялары (multi-word verbs). Мұндай

конструкциялар шағын тіркестерге ұқсайтындықтан, оларды фразалық етістіктер деп атайды.

Қазіргі ағылшын тіліндегі көптеген сөздер сияқты, көптеген етістіктер латын (роман) немесе герман тілдерінен шыққан. Тарихи тұрғыдан герман сөздері бейтарап немесе ауызекі лексикаға жатады және олар фразалық етістіктердің көп санының қалыптасуына негіз болды.

Фразеологизмдер ағылшын фразеологиясының құрамдас бөлігі болып табылады, мағынасы жартылай немесе толық түсіндірілуі мүмкін тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Олар ағылшын тілін тірі, динамикалық дамып келе жатқан жүйе ретінде зерттеудің маңызды көзі болып табылады. Фразалық етістіктер өздерінің жиілігі, мәнерлілігі мен қысқалығының арқасында ағылшын тілді қоғамда қарым-қатынастың тиімділігін айтарлықтай арттырады. Алайда, басқа тіл мәдениетінің өкілдері үшін олар күрделі және көп мағыналы құбылыс болып табылады, өйткені олардың мағыналық және прагматикалық ерекшеліктері, сонымен қатар сөйлеу әрекеті бөлек зерттеуді қажет етеді [1].

Ағылшын тілінде фразалық етістіктер жеке сөздер сияқты сөйлеуде қызмет ететін тұрақты тіркестер болып табылады. Оларға етістік және септік деп аталатын сөз кіреді, олар предлогпен, үстеумен немесе бөлшектердің екі түрінің тіркесімімен ұсынылуы мүмкін. Фразалық етістіктерді лексикографиялық талдау олардың мағыналық мүмкіндіктері туралы неғұрлым толық және объективті түсінік алуға мүмкіндік береді. Етістік кіретін сөз тіркесінің құрылымы оның мағынасына айтарлықтай әсер етеді [2, 14].

Британдық лингвист Дж.Повей фразалық етістікті біртұтас синтаксистік және семантикалық тұтастықты құрайтын «қарапайым» етістік пен септік жалғауының тіркесімі ретінде сипаттайды [3]. Фразалық етістіктердің тағы бір маңызды ерекшелігі олардың коммуникация саласына белсенді енуі болып табылады, онда олар көбінесе күрделі синтаксистік құрылымдарды ауыстырады, бұл оларды ақпаратты білдіруді модельдеуге және жеңілдетуге ыңғайлы құрал етеді.

Соңғы жылдары қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыс емес тілдермен салыстыра зерттеу тіл білімінде жиі талқыланатын тақырыпқа айналды. Салыстырмалы лингвистика әдісі туыстас және туыс емес тілдердегі фонетика, лексика, грамматика және фразеология сияқты әртүрлі жүйелерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс туыстас тілдердің тарихи деректерін талдап, олардың шығу тегін, қарым-қатынасын, өзгерістерін, дамуын, лексикалық және грамматикалық құбылыстардың бірлігін қадағалап отыру үшін 19 ғасырдың басында пайда болған салыстырмалы-тарихи көзқарасқа негізделеді. Уақыт өте келе бұл қалыптасқан әдіс тіл біліміндегі жаңа деректермен, ұстанымдармен толықтырылды. 20 ғасырда туыс емес

тілдердің салыстырмалы зерттеулері кеңірек зерттеу өрісін ашты. Бұл тәсіл қазіргі уақытта дербес зерттеу саласы болып саналатын және көптеген ғылыми еңбектердің өзегі болып саналатын салыстырмалы фонетика, лексикология, грамматика және фразеология сияқты жаңа тілдік қосалқы салалардың дамуына байланысты соңғы кезде кеңірек тарады. Фразеология лингвистика ғылымының бай әрі мәнді саласы ретінде әртүрлі мәдениеттердің ойлау процестері мен даналығын көрсететін ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де ерекше орын алады.

Бүгінгі таңда ағылшын тілі осы екі параллельді жолмен дамуды жалғастыруда. Сондықтан, ағылшын тіліндегі жүздеген фразалық етістіктердің француз, латын немесе грек тілдерінен алынған синонимдері бар және олар бірдей мағынаға ие. Міне, сол синонимдердің кейбірі: blow up – explode (жарылу); find out – ascertain (анықтау); give up – surrender (берілу); go against – oppose (қарсы шығу); hand in – submit (тапсыру); leave out – omit (қалдыру); look forward to – anticipate (күту); look up to – admire, respect (құрметтеу); make up – fabricate (құрастыру); point out – indicate (көрсету); pull out – extract (шығару); put off – postpone (кейінге қалдыру); put out – extinguish (сөндіру); put together – assemble, compose (жиналу, құрастыру); speed up – accelerate (жылдамдату); stand up for – defend (қорғау). Фразалық етістіктер кез келген стиль мен жанрдағы мәтінде кездескенімен, олардың негізгі қолданылу аймағы – ауызша тіл. Ресми іскерлік және ғылыми стильде француз, латын немесе грек тілдерінен шыққан сөздер жиі қолданылады. Фразалық етістіктер ағылшын тілінде тілдің дамуына әсер еткен табиғи жолмен пайда болды. Бұл оқиға 1066 жылы болған Норман шапқыншылығы еді. Жаулап алушы Уильям елге басып кіріп, қоғамның жоғары таптарында билікке ие болғаннан кейін француз тілі үстемдік етті, ал ағылшын тілі қарапайым халықтың тіліне айналды. Бұл жағдай бір жарым ғасыр бойы сақталып, 1204 жылы Англия француз билігінен босатылды. Осы уақыт ішінде француз тілі білімді адамдардың тіліне айналды, ал жазушылар ағылшын тілінің сөздік қорын толықтыру үшін жаңа сөздерді осы тілден ала бастады. Сонымен қатар, көптеген ғалымдар латын мен гректі білгендіктен, олар осы тілдерге жүгініп, жаңа білім салаларының терминдерін пайдаланды. Ағылшын тілі шетелдік сөздермен байи түсті, мысалы, «foretell (болжау)» деген сөз латын немесе грек тілдерінде «predict» немесе «prophesy» деп аударылады. Нәтижесінде, туған фразалық етістіктер халықтық сөйлеуде табиғи түрде дамыса, ал кіріктірілген сөздер ғылыми және әдеби тілдерді кеңейтті.

Шылау мен предлогтың формалары бірдей болғандықтан, фразалық етістіктерді предпозициялық етістіктермен шатастыру оңай, себебі олар сыртқы түрі жағынан өте ұқсас. Предпозициялық етістік өзімен бірге предпозициялық тіркесті қажет етеді. Қозғалыс

етістіктері осының айқын мысалдары болып табылады. Мысалы, «to go» (бару) етістігі толық етістік емес, контекстісіз ол жеке сөйлемде толық мағына бере алмайды; оған предпозициялық тіркес қажет. «I went» (Мен бардым) дегенді айту жеткіліксіз, оның орнына «I went to the store» (Мен дүкенге бардым) сияқты орын туралы предпозициялық тіркестің болуы керек. Предпозициялық етістіктер фразалық етістіктерден қозғалысқа қатысты ерекшеленеді, себебі предлогтар өз объектілерінен кейін жылжи алмайды. Мысалы, «I went the store to» деп айту мүмкін емес, сондықтан «went» – предпозициялық етістік.

Ғасырлар бойы үстеулер мен предлогтардың қосылыстарынан жасалатын күрделі етістіктердің саны көбейіп, тіпті олардың мағыналары кейде танымастай өзгереді. Мағыналардың дамуын көрсету үшін, «out» үстеуін қарастырайық. 9-шы ғасырда ол тек «сыртқа қозғалу» деген мағынада болған, мысалы, «to walk out» (шығып кету) және «to ride out» (мініп кету) деген тіркестерде. 14-ші ғасырда «дыбысты алып тастау» деген мағына қосылды, мысалы, «cry out» (айқайлау) және «call out» (шақыру, үндеу). 15-ші ғасырда «жоғалу» мағынасы пайда болды, мысалы, «die out» (жойылу) және «burn out» (күйіп кету). 16-шы ғасырда «тегіс тарату» мағынасы қосылды, мысалы, «pass out» (тарату) және «parcel out» (жөнелту). 19-шы ғасырда «мазмұнды шығару» мағынасы қосылды, мысалы, «clean out» (тазарту) және «rinse out» (шаю). Сонымен қатар, қазіргі заманғы ауызекі ағылшын тілінде «pass out» («есінен танып қалу») мағынасында қолданылады.

Фразалық етістіктердің семантикасына тоқталсақ, көптеген фразалық етістіктердің түбір етістіктері бір буынды және көбінесе қозғалыс, әсер ету, беру, болу немесе әрекет ету сияқты мағыналарды білдіретін етістіктер болып табылады. Бір түбір етістік бірнеше шылаумен қолданылып, көптеген фразалық етістіктерді құрайды (мысалы, get up, get out, get off, get on).

Фразалық етістіктердің түбір етістіктерінің түрлері әдетте бірнеше семантикалық топтармен шектелсе де, фразалық етістіктердің өздері соншалықты шектеулі емес. Диксон былай деп жазады: «Нәтижедегі фразалық етістіктер кеңірек түрлерге бөлінеді; олардың кейбіреулері айтарлықтай абстрактілі және ерекше мағынаға ие, олардың мономорфемді синонимдері жоқ» [4, 275]. Фразалық етістіктер лексиканың ең қиын бөлігі болып саналады (әсіресе өз ана тілінде фразалық етістіктер жоқ студенттерге, мысалы, орыс және қазақ). Мұндай оқушылар фразалық етістіктерді ана тіліндегілерге қарағанда аз қолданады және бір сөзді етістіктерді көбірек пайдаланады.

Қазақ және ағылшын тілдерін салыстыру қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған, себебі Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Еуропа елдерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар белсенді түрде дамып жатыр. Соңғы 15-20 жылда қазақ және

ағылшын тілдерінің салыстырмалы фразеологиясы бойынша зерттелген жұмыстар жарияланды. Оқушылардың қабылдау деңгейіне салыстырмалы талдау жасау үшін бұл тілдік құбылысты тура және идиоматикалық мағыналармен салыстырған дұрыс (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақ және ағылшын тілдерінің вербальды жүйелеріне салыстырмалы талдау жасау

Ағылшын тіліндегі фразалық етістік	Тура мағына	Идиоматикалық мағына
to set up	орналастыру, құру	жоспарлау, ұйымдастыру
to pick up	алу, көтеру	үйрену, түсіну
to turn down	төмендету, бас тарту	ұсынысты қабылдамау
to go over	тексеру, қарау	талқылау, түсіндіру
to give up	тастау, беріліп кету	үмітін үзү, күресті тоқтату
to run into	жолықтыру, соқтығысу	кездейсоқ кездесу

Ағылшын тілі фразалық етістіктерге толы және бұл тілдік бірліктердің жасалуында жылдам өсу байқалады. Көптеген фразалық етістіктердің бірнеше мағынасы бар, оларды тек контексте анықтау керек. Сонымен қатар, фразалық етістіктердің семантикалық, синтаксистік, құрылымдық, стилистикалық және прагматикалық ерекшеліктері бар, олар аударма жасау барысында қиындық тудыруы мүмкін. Бұдан басқа, фразалық етістіктер герман тілдеріне тән болып келеді және қазақ тілінде жоқ, ал Бейкердің айтуынша, «грамматикалық құрылымның болмауы концептуалдық ақпаратты аударуды өте қиындатуы мүмкін» [5, 301]. Екі тілдің форма және құрылымындағы айырмашылықтар ақпараттың берілу әдісінде айтарлықтай өзгерістерге әкелуі мүмкін. Қазақ тіліндегі фразалық етістіктермен мағынасы сәйкес және олардың аударма баламалары болатын күрделі етістіктер өте аз, бұл аудармашыға қазақ тілінде баламасын табуды қиындатады, әрі динамикалық эквиваленттілікті сақтауға мүмкіндік бермейді. Тіпті егер ағылшын фразалық етістігіне қазақ тілінде балама болса, құрылымдар соншалықты әртүрлі болуы мүмкін, ол екі мәтін арасындағы формалды сәйкестікті сақтауды қиындатады. Мұндай жағдайда екі тіл арасындағы алшақтық аударма барысында үлкен шығынға әкелетіні анық. Осы фактілерді ескере отырып, қазақ тіліндегі фразалық етістіктердің аудармасына қатысты арнайы зерттеу жүргізілмегендіктен және ағылшын тілінен қазақ тіліне арналған сөздіктер болмағандықтан, осындай лексикалық бірліктерді аудармада зерттеу қажеттілігін дәлелдейтін көптеген себептер бар. Фразалық етістіктердің өнімділігін дәлелдейтін нәрсе олардың санының үнемі өзгеріп отыруы, кейбіреулерінің жоғалып

кетуі, бірақ көбірек жаңа фразалық етістіктердің пайда болып, таралуы немесе олардың мағыналарының өзгеруі немесе жаңа мағыналардың қосылуы. Collins Cobuild сөздігінде фразалық етістіктердің 3000-нан астамы бар және 5500-ден астам мағына түсіндіріледі. Әр жағдайда, шетелдік оқушылар үшін фразалық етістіктер көбіне грамматикалық мәселелерден гөрі лексикалық мәселелер туғызады.

Қорытындылай келе, фразалық етістіктер ағылшын тілінің сөздік құрамының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады деп айтуға болады. Олар негізінен ауызекі тілде қолданылады және тіркестердің қайталанбауына жаңдай жасайды, тілді серпінді және тартымды етеді. Фразалық етістіктердің кең тарауы олардың қарапайымдылығы мен жан-жақтылығына байланысты. Мысалы, «to put up» фразалық етістігі мынадай мағыналарды қамтиды: көтеру, салу, тұрғызу, (спектакльді) қою, көрсету, шығару, сату үшін ұсыну, бағаларды көтеру, инвестициялау, жинау, ұйымдастыру және т.б. Демек, негізгі элементтердің минималды саны арқылы сөйлеуші көптеген түсініктерді білдіре алады.

Әдебиет

1 Попова З. Д., Стернин И. А. Когнитивно-семантический анализ языка: монография. Воронеж: Истоки, 2006. 226 с.

2 Алефиренко Н. Ф., Семенов Н. Н. Фразеология и паремиология. М.: Флинта: Наука, 2009. 344 с.

3 Povey J. Phrasal Verbs and How to Use Them. М.: Высшая школа, 1990. 176 р.

4 Dixon R.M. W. A new approach to English grammar, on semantic principles. – Oxford: Clarendon Press, 1992. – 275 р.

5 Baker M. In Other Words: A Coursebook on Translation. – London: Routledge, 1992. – 301 р.

ӘӨЖ 03.20

Н.Төрөқұловтың өскен ортасы және алғашқы қызмет жолы

Дюсенбинова Гульзира Ермухановна
Алматы қаласы
КММ №149 ЖЖБ мектеп

Резюме

В статье рассматривается среда в которой вырос Н.Төрөқұлов и первый путь деятельности.

Abstract

The article examines the environment in which N.Torekulov and the first way of activity.

Нәзір Төрекұлов – көрнекті қазақ совет қайраткері, дипломат, публицист, шығыстанушы және әдебиеттанушы. Ол Қазақстанда совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан, білім беру, мәдениет және сыртқы саясат салаларында маңызды рөл атқарған тұлға. Н.Төрекұлов қазақ тарихында бұрын-соңды ақпараттық басылымында атын атауға тыйым салған мемлекет қайраткерінің бірі. Ол да бірнеше қазақ зиялыларын сияқты «Тап жауы» атанып, жазықсыз жалаға ұшыраған. Атап айтсақ, Патшаның 1916 жылы 25 маусымдағы жарлығы бойынша қара жұмысқа алынған отандастарының арасында үгіт жүргізу үшін оқуын тастап, Батыс майданға кеткен Минск қаласының маңында Орта Азия мен Қазақстаннан барған жастардан «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрды. Қоқанда шыққан «Халық газетіне» мақалалар жазып, тілегі бір, мұңы бір халықтың тағдырын бірігіп шешу мақсатында өзбек әдебиеттерінің классигі Х.Ниязмен бірге революциялық жұмыстар жүргізді. 1921-1922 жылдары түркі тілдес халықтардың жазуын латын әліппесіне көшіру туралы Орталық комиссия мүшесі болды. 1928-1936 жылдары КСРО мен Сауд Арабиясы арасындағы елшілік қызметін атқарған. Н.Төрекұлов – кең ойлана білген азамат, білікті тұлға. Ол өзіне берілген тапсырмаларды орындап қана қоймай, басына тиімсіз болып тиетін жұмыстарға араласа білген азамат. Өзінің көзі жетіп, көңілі сенген мәселелерді іске асырудан тартынбаған, қиындықтан қорықпайтын кемел қасиеттерге толы кісі екендігі жасаған еңбектерінен көрініп тұрады. Оның тағдыр кешулері өзімен тұтас даңқты қазақ қайраткерлерінен өзгешелеу екендігін көрсетеді.

Қолдағы бар деректерге қарағанда Н.Төрекұлов Сыр бойының Түркістан өңіріндегі Қандөз ауылында 1892 жылы дүниеге келген. Ол жастық шағын Қоқан қаласында өткізді. Алғаш мұсылманша хат таниды. Қаладағы 8-жылдық коммерциялық училищені бітіреді. Жасынан зерек Нәзір бұл жылдары түрік, араб, парсы, орыс тілдерін меңгерумен бірге Шығыс әдебиеттері тарихын терең оқып, біледі. Әсіресе «Құран Кәрімде» жатқа айта білген [1]. «Өз өмірін өз қалауынша құру құқысынан айырылған тәуелді халықтар, төл тарихына да империялық күштердің көзімен қарауға тиісті болды. Сондықтан да қазақ қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістерге, «феодалдық-монархиялық», жалпы ұлттық қозғалыстарға «буржуазиялық-ұлтшылдық», жеке немесе топтық қарсылықтарға «ұлттық ауытқушылық», халықтың өз қарапайым құқықтарын қанағаттандыруын талап еткен ұсыныстарға «қазақ ұлтшылдығы» сияқты өмірлік шындықтан алшақ, туптеп келгенде ұлттың өз азаттылығына деген табиғи ұмтылысын тұншықтыру мақсатынан туындаған айыптаулар тағылды» [2].

Нәзір Төрекұлов – Орта Азия халықтарын орыстандыру саясатын батыл әшкерелеген, ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткер. Ол – тұңғыш қазақ елшісі әрі ағартушы ғалым ретінде өшпес із

қалдырған тұлға. Кезінде еңбектері лайықты бағасын ала алмай, ұзақ уақыт бойы зерттеусіз қалса да, бүгінде оның мұрасына қызығушылық артып, терең зерделеуге жол ашылуда. Нәзір Төрекұловтың шоқтығы биік тұлға екені біз үшін зор мақтаныш!

Қазақстандық дипломатияның тарихы туралы айтқанда Нәзір Төрекұловтың тұлғасын назардан тыс қалдыра алмаймыз. Н.Төрекұлов кеңестік кезеңінің мемлекеттік қайраткері. Көрнекті шығыстанушы, журналист әрі педагог, КСРО-дағы тұңғыш елші-қазақ болды. Жас кезінен, Мәскеу комерциялық институтының студенті кезінен-ақ Н.Төрекұлов саяси қызметпен белсенді түрде айналысты. 1918 жылы ол большевиктер қатарына өтті, Қызыл әскерге ерікті түрде енеді. Одан әрі оның әдеттен тыс іскерлік қасиеті және жұмысқа ерекше қабілетілігі шынайы әскери мансап жолында басталды: Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшесі, Орталық Азия бюросының мүшесі, Түркістан Атқару Комитетінің төрағасы. 1923 жылдан бастап КСРО Орталық Атқару Комитеті Жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы, бір мезгілде Шығыс халықтары институтының ректорының орынбасар қызметін атқарды. Төрекұловтың келу сәті Сауд Арабиясындағы саяси жағдайдың, жас монархтардың Парсы шығанағы аймағындағы анағұрлым қуатты күш Ұлыбританиямен қарым-қатынасының шиеленісе түскен кезеңі болатын. Оқиғалардың осылай дамуының қозғаушы күші 1925 жылы саудтықтардың Хиджаздағы ағылшындар қолдап отырған хашимиттік басқаруды құлату болды. Н.Төрекұловтың алдына күрделі міндет қойылды. Ол аймақта КСРО-ның саяси қатысуын күшейтуге, өзара ынтымақтастық туралы кең ауқымды шарт жасасу қажеттігіне Сауд басшылығының көзін жеткізуге және екі мемлекет арасындағы белсенді сауда-саттыққа жәрдемдесуге тиіс болатын. Н.Төрекұлов қысқа мерзім ішінде Әл-Сауд Корольдігінің негізін салушымен, саяси және іскер топтардың өкілдерімен және сенімді байланыстарды жолға қойды [3].

Нәзірдің тікелей қатысуымен 1933 жылы КСРО-мен сауда-саттыққа қатысты саудтық өкімет орындарының шектеулерін толық алып тастауға қол жеткізілді, денсаулық сақтау саласында Корольдікке жәрдем беру ұйымдастырылды, сондай-ақ бірқатар маңызды жобалар, оның ішінде Ат-Таиф қаласында Сауд Аравиясындағы тұңғыш АТС-ты орнату жүзеге асырылды. Қазақстанның дипломаттарға тиісті құрмет көрсете отырып, Мәлік Фазыловты атап өту керек. 1940-шы жылдардың аяғында ол Мәскеу Мемлекеттік халқаралық институтын бітірді. 1970 жылдардың ортасынан бастап Кеңестер одағының Малидегі елшісі болып тағайындалды. Нәзір Төрекұловтан кейін М. Фазылов жоғары дипломатиялық қызметпен айналысу қызметіне ие болған бірінші (және соңғы) біздің отандасымыз болды [4]. Бірқатар жылдар бойы Шәкен Нәдіров Монғолиядағы кеңеселшілігінде кеңесші-елші болып

жұмыс істеді. Зейнетке шыққанға дейін ол КОКП ОК халқаралық бөлімінде жұмыс істеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң, жас мемлекет дипломатиялық қызметті нөлден бастап құру міндетімен бетпе-бет келді. Кеңес Одағының құрамында болғандықтан, Қазақстанның дербес сыртқы саясаты болмады, шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері де саусақпен санарлықтай еді. Осы қиындықтарға қарамастан, Төлеутай Сүлейменовтің басшылығымен алғашқы сыртқы істер министрлігі құрылды. Халықаралық тәжірибе мен қазақстандық жағдайды жақсы білетін тәжірибелі дипломаттар: Сәлім Құрманғожин, Нұрлан Дәненов, Қайыр Омаров, Ибрагим Аманғалиев, Болат Нұрғалиев, Болат Нұржанов, Сайлау Батыршаұлы, Констатин Жигалов, Алмас Хамзаев, Сергей Денжиевтар осы жаңа қызметтің іргетасын қалауға өз үлестерін қосты.

Нәзір Ресей отаршылдығының Түркістан халықтарына қаншалықты қасірет болып жабысқанын жан-жүрегімен сезеді. «Түркістан автономиялық Республикасы» деген еңбегінде бұл Ресей Түркістанда шикізат өндіретін ел ретінде санап, оның мәдени өркендеуіне зердегі де мүдделі болмағанын, қайта жергілікті халықтардың ұлттық дамуын барынша тежеп отырғанын әшкерелейді. Мәселен, 1915-1916 жылдары Орта Азияда мақта өнімі Ресей тоқыма өнеркәсібіне қажетті шикізаттың тең жарымын өндіргенімен, жергілікті халық әлеуметтік теңсіздік қыспағында қала бергенін, қазақтың ең шырайлы жерлерін тартып алудың тұрпайы зорлықпен жүргізілгенін дәлелді талдайды: «Қазақтардың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, ондағы шаруашылықты тып-типыл етті. Ақ патшаның әмірін орындаушымыз деген қазақтар мен кулактар күннен-күнге жергілікті халықты талам-таражға ұшыратып, елді тонады, күш көрсетті. Жер-жердегі әкімшілік орындары кулактардың қолтығынан су бүркіп отырды, жергілікті халықтың жекеменшігіне ешқандай кепілдік болмауының, керісінше отаршылдардың жүгенсіздігін қоштауының салдары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне әкеліп соқтырды» деп жазды [5, 16].

Қазақ халқының біртуар перзенттері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтармен жақын араласып, өзіне ұстаз тұтып, құрметтеген. 1916 жылы патша өкіметінің озбырлық саясаты салдарынан Орта Азия жастарының бір тобы Батыс майданындағы Беларусьқа қара жұмысқа жіберілді. Мәскеудегі оқуын тастап осы жерге келген Төреқұлов «Земсоюз» мекемесінде нұсқаушы болып орналасты. Сол кезеңдері Н.Төреқұлов бір сөзінде: «Сол жылдардағы мендегі түйсікпен социол-демократтар қатарына кіру мүмкін емес. Өйткені, мен саяси-әлеуметтік жолды таңдау үшін ескі және жаңа шаһар ортасында сарсаң болып жүрген едім. Мұсылмандар арасында тәрбие алғандықтан, әлеуметтік тегімді ұмытпағандықтан һәм соңынан 1916 жылғы халық толқуын көрген

соң біржола халықтың көзқарас жағына шықтым,»,- ағынан жарылып мойындапты, содан бастап-ақ патшаның отарлау саясатына әшекерлеу, Түркістан өлкелі еңбекшілерінің ұл-азаттық көтерілісіне дем беру мақсатымен Минск қаласы маңында «Еркін дала» атты құпиялы қоғамын құрды [6].

Н.Төреқұлов отандастарының ауыр тағдырына, өкімет орындарының әділетсіздігіне, тіршілік тауқыметіне бұрын да бей жай қарамайтын. Қоқанда тұрған кезінде-ақ қыстақтардағы жарсыз – жақыбайлардың әкесіне мұңын шағып келетінін, байлардың, кулактардың зорлық зомбылығы туралы жоғарыдағы басшыларға шағым жазып беруін өкінетінін көріп өсті. Жан баласын жатырқамайтын Нәзір келгендердің жай-жапсарын сұрастырып, заңсыздыққа ызаланатын. Ол арызданып келгенімен, шындыққа жете алмай, жаны жабырқауларды, ұрыс-сөгіс естіп мүлдем қарасын батырғандарды жиі көріп өскен.

1920-1922 жылдары Нәзір Төреқұлов Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, Түркістан коммунистік партиясының бірінші хатшысы, Халық ағарту комиссары қызметтерін қоса атқарып, ел басқару ісіне белсене араласты. Оның қызметінің басты мақсаты – халықты азаттық пен тәуелсіздікке жеткізуге ұмтылу болды.

1921 жылы Кеңестердің бүкіл Түркістандық X съезінде Түркістан Орталық Атқару Комитеті атынан баяндама жасаған Төреқұлов ұлттық білім беру жүйесін құруды ұсынды. Сонымен қатар, Түркістан мұсылман бюросын құру кезінде жергілікті халықтардың мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, Түркістан Атқару Комитеті жанынан қазақ, өзбек және түркімен бөлімшелерін ұйымдастырды.

1922 жылы Нәзір Төреқұлов мемлекет басшылығындағы қыруар жұмысына қарамастан «Төңкеріс» атты журналды ұйымдастырып, оның бас редактры болды. Ол журналға «Дәуріш» деген бүркеншік атымен материалдар жариялап отырған, онда сол кездегі өзекті мәселелерді өткір түрде қозғап отырып жазған.

1922 жылдың соңынан 1928 жылға дейін Мәскеуге орталық баспасөз бөлімінің бастығы болып істеген қызметімен ерекшеленеді, мұнда халқымыздың тарихы мен тілін зерттеуге көңіл бөлген. Дәл осы жылдың наурыз айында Кремльде В.И.Лениннің қабылдауында болып оған жергілікті халықтардың ана-тілі мемлекеттік тіл білу керектігін көлденең қоя берді. Дәл осы жылы ерекше айта кететін мәселе Төреқұловтың осы кезеңде қазақтың ел ағалары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтарды шығармашылық қызметке тартып, қамқорлық көрсеткені мәлім. Ұлтшыл атанып, Кеңес өкіметі басшыларының және қазақтың Жандайшап белсенділерінің қырына алып, шеттеліп жүрген ғұлама қайраткерлерді аялап, көңіл бөлуге ло кездегі ондай ерлікке екінші бірінің жүрегі дауламайтын еді. Ал Нәзір

Төрекұлов олармен араласуға жүрексінбеді, бұл олардың өшпес еңбектерін бағалағаны белгілі еді.

Билік тұтқасына келгенде де қызыл өктемдікке бой бермеген Нәзірдің дінге көзқарасы дилеманы шебер үйлестіреді: мизан тасының бір басында өз билігін және үстемдігін қызғыштай қорыған, көпке жаны ашымайтын қазақ, ғұламаларға қарсылықты жан айқайы, екінші басында өктемдікке, мазаққа ұшырыған ислам дүниесінің имандылықтың үстіне құлап түсуі, жан ұшырар қорғаған терең пайымы, ділгер құлқы. Нәзір Төрекұлов көзқарасы бір қызығы, әліге құнын жоғалтпаған

Әдебиет

1. Нәзір Төрекұловтың шығармалары // -Алматы 1997
2. Сахабат., Сәрсен Бек. Төреғұлдың Нәзірі// -Алматы. 2003
3. Тоқаев Қ. «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» - Алматы: 2002.
4. Әбдізұлы Қ. «Алаш перзенті» // Егемен Қазақстан 2007
5. Мансуров Т. Н. Төрекұлов. -Алматы: Қазақстан 2005.
6. Төрекұлов Н. шығармалары. -Шымкент: 1996.

ӘОЖ 16.24.47

Қазақ, ағылшын тіліндегі «7» киелі санының семантикасы

Байдалиева Оксана Темирбайқызы
АК-24М оқу тобының магистранты
Дармишева Айгуль Жанузаковна
КЯ-24М оқу тобының магистранты
Казиева Аяна Нағымжанқызы
АК-24М оқу тобының магистранты
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматривается семантика сакрального числа «7» на казахском, английском языках.

Abstract

The article examines the semantics of the sacred number «7» in Kazakh and English.

Санның онтологиялық сипаттамасы – бұл сандардың болмысы туралы философиялық сұрақтарды зерттеу. Сандар дегеніміз не? Олар материалды әлемде бар ма, әлде біздің ақыл-ойымыздың жемісі ме? Бұл сұрақтарға жауап беру әртүрлі философиялық көзқарастарды тудырады.

Сандардың онтологиялық сипаттамасына қатысты негізгі көзқарастар: Платонизм: Бұл көзқарас сандар нақты және тәуелсіз

болмыстар ретінде өмір сүреді деп тұжырымдайды. Олар біздің ойлауымызға немесе материалды әлемдегі заттарға тәуелді емес. Платонистер сандарды идеалды формалардың бөлігі ретінде қарастырады, олар біздің сезім мүшелеріміз арқылы қабылдай алмайтын, бірақ ақыл арқылы түсіне алатын абстрактілі объектілер. Логицизм: Бұл көзқарас сандарды логикалық тұжырымдарға негіздеуге тырысады. Логицистер сандарды логикалық ұғымдар мен аксиомалардан шығаруға болатындығын дәлелдеуге тырысады. Мысалы, 1 саны – «өзіне тең болатын объектінің бар болуы» деген логикалық тұжырыммен анықталуы мүмкін. Формализм: Бұл көзқарас сандарды мағынасы жоқ таңбалар немесе символдар ретінде қарастырады. Формалистер математиканы осы символдармен жұмыс істеу ережелерінің жиынтығы деп санайды. Сандардың өзіндік болмысы жоқ, олар тек белгілі бір ережелерге сәйкес қолданылатын белгілер ғана. Конструктивизм: Бұл көзқарас сандарды ақыл-ойымызбен құрастырылған объектілер деп санайды. Конструктивистер математикалық объектілердің (соның ішінде сандардың) бар болуы, оларды құрастыру жолын көрсеткенде ғана мүмкін болады деп тұжырымдайды. Номинализм: Бұл көзқарас абстрактілі объектілердің (соның ішінде сандардың) бар болуын жоққа шығарады. Номиналистер сандарды тек сөздер немесе белгілер ретінде қарастырады, олар нақты объектілерді белгілеу үшін қолданылады. Мысалы, «үш алма» дегенде «үш» - бұл жай ғана алмаларды сипаттау үшін қолданылатын сөз. Әрбір көзқарастың өзіндік дәлелдері мен қиындықтары бар. Сандардың онтологиялық статусы туралы пікірталастар әлі де жалғасуда және математика философиясының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл мәселені зерттеу математиканың негіздерін тереңірек түсінуге және біздің әлемді қабылдау тәсілімізге әсер етеді.

Қазақ тілінде «жеті» санымен байланысты фразеологизмдер өте көп. Тіпті фразеологиялық сөздікте 26 тіркес болса да, олардың жалпы саны бұдан да асып түседі. Осы фразеологизмдерді мағыналық жағынан топтастыруға болады.

1. Жетімен келетін «ежелден», «бұрыннан», «байырғыдан», «ескіден» деген семантикалық қатарды түзетін фразеологиялық сөз тіркестері: Жеті ата – Арғы ата, ата-баба. Жеті ата жау – Ежелгі дұшпан. Жеті ата, жеті түптен бері қарай – Үрім-бұтақ жұрағатынан бері қарай. Жеті атасына бітпеген – Өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Немесе Жеті атасынан қара көк – Арғы аталарынан бері аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс. Жеті атасынан түк көрмеген – Ата тегінен бері қарай өмірі аузы жарымаған. Жеті атасын білмеген мұрт (кұл) – Өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген, діннен шыққан, тексіз құл деген мағынада.

Жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде «Жеті ата» тіркесі қандай сөзбен келсе де «ескі», «байырғы», «ежелгі» мағыналарын білдіретіні

анықталды. Бұл тіркеспен байланысты жеті мысал табылды. Тек «жеті жасынан» деген тіркес қана «жеті ата» -мен бірге кездесе де, аталған топпен мағыналас болып шықты. «Жеті ата» тіркесінің пайда болуына салт-дәстүр әсер еткенімен, бұл салт-дәстүрдің қалыптасуына ислам дінінің ықпалы зор болған. Ал «жеті жасынан» тіркесі осы ұлттық ұғымнан туындаған.

2. Жетімен келетін «әсірелеу» мағынасындағы семантикалық қатарын түзетін фразеологиялық сөз тіркестері: жеті басты (жалмуыз, айдаһар, дәу т.б.) – ауыз әдебиетінде ғана кездесетін таңғажайып бейнелердің бірі. Жеті ғалам немесе Жеті ғылым (ықылым) – Бүкіл дүниежүзі, шар тарап. Жеті қабат жер, жеті қабат көк немесе Жеті қат көк, тоғыз қат көк – жеке-жеке тарататын болсақ: жеті қат жер: 1. Тұңғиық 2. Жылан 3. Су 4. Қос балық 5. Қара тас 6. Көкөгіз 7. Жер [1]. Жеті қабат (хат) жер астында – Өте тереңде. Жеті қабат тау үсті – Адам аяғы әзер жетер қиын, алыс жер. Жеті қараңғы түн немесе Жеті түн – Тастай қараңғы түн, түн іші, беймезгіл уақыт. Жеті қырдың астында – Тым алыста, баруы қиын жерде.

3. Жетімен келетін «барлық», «барша» семантикалық қатарын түзетін фразеологиялық сөз тіркестері: Жеті атасына бітпеген – Өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Жеті атасынан қара көк – Арғы аталарынан бері аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс. Жеті атасынан түк көрмеген – Ата тегінен бері қарай өмірі аузы жарымаған. Жеті атасын білмеген мұрт (кұл) – Өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген, діннен шыққан, тексіз құл деген мағынада. Жеті атасын (мал) өлтірген – Дүниеқор, дүние қоңыз. Жеті ғалам немесе Жеті ғылым (ықылым) – Бүкіл дүниежүзі, шар тарап. Жеті дуан ел – Байтақ ел, дүйім жұрт. Жеті жұрт – Көп ел. Жеті жұртқа әйгілі (белгілі) – Үлкен-кіші түгел біледі, бар ел-жұртқа танымал.

Талдау нәтижесінде «жеті ата» тіркесінің бұрыннан белгілі «ескі», «байырғы» мағыналарынан бөлек, «барша», «барлық» деген жаңа қыры ашылды. Бұл «жеті» санының басқа сөздермен тіркесіп, осындай мағына бере алатынын көрсетеді. Осыған байланысты, аталған топтағы тіркестер қазақ мәдениетіне ғана тән болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Ал діни және мифологиялық негізде қалыптасқан тіркестер басқа ұлттарда да кездесуі ықтимал.

4. Жетімен келетін «ең», «сұрыпталған», «негізгі» деген семантикалық қатарын түзетін фразеологиялық сөз тіркестері: Жеті амал – Жеті амалға табиғат құбылыстарын жатқызған: 1. Күннің тоқырауы – күннің қысқаруының аяқталуы. 2. Қарашаның қайтуы. 3. Үркердің батуы. Үркер көрінбей кеткен кезде, қазақтар: «үркер жерге түсті дейді». Есепшілердің айтуы бойынша, «егер Үркер суға түссе, жаңбыр көп болады. Құрғақ жерге түссе, аңызак жел көп болып, құрғақ, қуаңшылық болады; үркер тасқа түссе, шылыңғыр қатты ыстық болады» деп ұйғарады. 4. Мұздың қатуы, қараша айында

болады. 5. Киіктің матауы – киіктің үйірге түсуі немесе теке бұрқылдақ деп те аталады. 6. Тоқсанның кіруі – үш тоқсанның түсуі, яғни қыстың түсуі. 7. Айдың тоғамы. Үркер мен айдың тоғысуы. Айдың үркерді басып өтуін «тоғыз немесе тоғау деп атайды. Жеті амал ауа райы туралы ұзақ болжам жасау үшін қолданылған. Жеті бүзірік (мүдірік) әулие – Жеті түрлі әулие, жеті қилы әулие. Жеті ғашық – Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Таһир-Зухра, Арзу-Қамбар, Уалик-Ғарра, Уақи-Күлшаһ, Жүсіп-Зылиқа [2,42]. Сонымен, осы семантикалық қатардың арқасында жеті санының ең, сұрыпталған деген мағынаға ие екенін мысалдармен дәлелденді.

5. «Жеті» санымен келетін фразеологиялық тіркестердің бір тобы «ең үздік», «сұрыпталған» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Seven Wonders of the Ancient World* (Әлемнің жеті кереметі) – Грек мәдениетінен бастау алған, әлемдегі ең таңдаулы жеті құрылыс. *Shakespeare's Seven Ages of Man* (Шекспирдің адам ғұмырының жеті кезеңі) – Шекспирдің «*As you like it*» шығармасындағы адам өмірінің ең маңызды жеті сатысы. *Seven deadly sins* (Жеті ауыр күнә) – Христиан дініндегі адам жасайтын ең үлкен жеті күнә (тәкаппарлық, ашу, көре алмаушылық, құмарлық, ашкөздік, ашқарақтық, еріншектік). *Seven virtues* (Жеті артықшылық) – Алдыңғы мысалға қарама-қарсы, христиан дініндегі ең маңызды жеті жақсы қасиет (сенім, үміт, естілік, әділеттілік, табандылық, рақымшылық, шыдамдылық). Бұл тіркестердің барлығында «жеті» саны ең жақсы, ең маңызды, ең сұрыпталған деген мағынаны білдіреді.

6. «Жеті» санымен келетін, әсірелеу және күшейту мақсатында қолданылатын фразеологизмдер:

To knock seven bells out of somebody (Біреуді жеті қоңыраумен ұру) – Теңіз терминінен шыққан, біреуді қатты ұру дегенді білдіреді. «Жеті рет» нақты санды емес, күшейтуді білдіреді. *To scare seven bells out* (Жеті қоңырауды қорқыту) – Бұл да теңіз термині, қатты қорқыту мағынасында қолданылады. *Seventy times seven* – Інжілден алынған, шексіз рет кешіру керектігін білдіреді. «Жетпіс жеті рет» нақты санды емес, көп мөлшерді көрсетеді. *Seven years ago* (Жеті жыл бұрын) – Нақты жеті жыл емес, өте көп уақыт бұрын болған оқиғаны айту үшін қолданылады [3,182]. Қазақ тіліндегі «екі сағат күттім» деген сияқты. *Seven years bad luck* (Жеті жыл қара сәттілік) – Айна сынған жағдайда, жеті жыл бойы сәтсіздік болатынын білдіретін ырым. Қазақша «жеті жұтқа алып келеді» дегенге ұқсас. Бұл фразеологизмдердің барлығында «жеті» саны нақты санды емес, әсірелеу мен күшейтуді білдіреді.

Қорыта келгенде, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы тұрғысынан сандарды зерттей отырып, біз халықтың терең дүниетанымы, ұлттық сана-сезімі, эстетикалық көзқарасы, адамгершілік құндылықтары және ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиесін көре аламыз. Сандар – әлемнің

мәдени бейнесін беретін маңызды және ерекше символдар болып табылады.

Әдебиет

1Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1957.–58 б.

2Есім Ғ. Қазақ ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 90 б.

3Құлсариева А.Т. Аударма өркениет феномені: филос. ғыл. док. ... дис.–Алматы, 2006. – 250 б.

ӘӨЖ 16.21.47

Using new technologies in English lessons

Дәдікбай Тұраш Әбдібекқызы

Аға оқытушы

Шәкір Сымбат

АК-22 оқу тобының студенті

Қызылорда «Болашақ» университеті

(Қызылорда қаласы)

Түйіндеме

Бұл түйіндеме ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды біріктіруді зерттеп, олардың артықшылықтары мен қиындықтарын атап көрсетеді. Кіріспе білім берудегі цифрлық құралдарды өсіп келе жатқан рөлін және олардың оқу тәжірбиесін жақсарту қабілетін көрсетеді. Негізгі бөлімнің абзацында технологияның тілді меңгеруді серпінді ететін ойын жаттығулары сияқты интерактивті оқыту платформалары арқылы өзара әрекеттесуге қалай ықпал ететіні талқыланады. Жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бейімделген оқытудың студенттерге өз қарқынымен ілгерілеуге қарай мүмкіндік беретінін қарастырады. Цифрлық теңсіздік пен мұғалімдердің технологиялық бейімделу қабілеті сияқты мәселелерде қарастырады, мұғалімдерді оқыту және аралас оқыту тәсілдері сияқты шешімдерді ұсынады. Қорытынды теңдестірілген және инклюзивті енгізу қажеттілігіне баса назар аудара отырып, ағылшын тілі сабақтарындағы технологияның трансформациялық әсерін қайталайды. Мақала академиялық және журналистік дереккөздермен расталып, оның дәлелдеріне сенімділік береді.

Резюме

Статья исследует интеграцию новых технологий на уроках английского языка, подчеркивая их излишества и трудности. Введение демонстрирует растущую роль цифровых инструментов в образовании и их способность улучшать учебный опыт. В основном разделе обсуждается, как технологии способствуют взаимодействию с

интерактивными обучающими платформами, такими, как игровые упражнения, которые делают изучение языка более динамичным.

В статье рассматривается, как адаптивное обучение для удовлетворения индивидуальных потребностей позволяет студентам продвигаться вперед в своем собственном темпе, рассматривается способность преподавателей к технологическому развитию, а также предлагаются решения, такие как преподавание смешанного обучения.

The development of modern technology has brought about great changes in education, evidenced by the changes in the teaching environment, teaching content, learning form, etc. Many studies have shown that modern technology can improve the outcomes of education. Due to this, governments from all over the world have attached much importance to the integration of modern technology into education. For instance, the U.S. Department of Education issued “National Education Technology Plan 2010 (NETP2010)”, aiming to apply the advanced technologies used in our daily personal and professional lives to our entire education system to improve students’ learning; the UK launched the “Harnessing Technology Strategy and the Next Generation Learning Campaign” to raise people’s awareness of the benefit of the use of technology in education; China also has issued the “Ten-Year Plan of Educational Digitalization (2011-2020)” in order to enhance the integration of technology into education. Under the current educational policy, many educational technologies have been introduced into classrooms and teachers are encouraged to integrate technology in teaching to achieve the improvement of their students’ academic performance and technological literacy. This paper aims to suggest using modern technology to improve English education. The coming of modern technology and the studies that proved the benefits of modern technology bringing to education suggest us using modern technology in English education to achieve a more effective way of English teaching and learning. This paper highlights the theoretical aspects of integrating technology into English education and the advantages of using modern technology in English teaching and learning. In addition, suggestions for the effective use of modern technology in education are also presented.

1. Methodology

Qualitative methodology is adopted in the study, mainly by analysing the theoretical basis of integrating modern technology into English education, the shortcomings of the traditional teaching methods, and the advantages of using modern technology for English teaching and learning. The previous research published in journals and conference proceedings included in Web of Science and SCOPUS, regarding the use of modern technology for English education, is used as a support.

1. Theoretical basis

3.1 Constructivism: Constructivism is a theory of knowledge and learning. The earliest proponent of constructivism can be traced back to Swiss psychologist J. Piaget, who is an influential psychologist in the field of cognitive development. Constructivism believes that knowledge is not obtained by learners through teachers' instruction but through the construction of meaning which is achieved by collaborating with others in a certain context [1]. Constructivism considers "context", "collaboration", "conversation" and "meaning construction" as four essential elements in the learning environment. The "context" refers to creating a learning environment conducive to the meaning construction of the learned knowledge. "Collaboration" takes place throughout the learning process. Collaboration plays an important role in the collection and analysis of learning materials, the evaluation of learning outcomes, and the final construction of meaning. The "conversation" is an indispensable part of the collaboration process. The members of the group must discuss how to complete the learning tasks. The "meaning construction" is the ultimate goal of the entire learning process.

4.4. Supporting individual learning

Modern technology enables individual learning. Teachers can send videos or teaching materials to students, which often happens in a flipped class. Students can watch the videos and learn the teaching materials at their own pace. They can fast-forward, rewind, or replay the videos whenever they require [2]. This is helpful for the less informed students. They can listen to a teacher's lecture again and again, which can not be realized in a traditional class. Particularly, for those students who cannot attend the class, technology-assisted learning is an aid. Furthermore, there are various kinds of Apps that can be downloaded onto phones. Students can use them, based on their needs, for learning English vocabulary or grammar. Some Apps may provide e-books, which are useful for the improvement of reading and listening skills. Only if there is internet, students can study without time and place limits.

Literature

1. ISTE National Educational Technology Standards for Teachers. http://cnets.iste.org/teachers/t_stands.html

2. Dostál, J., Wang, X., Nuangchalerm, P. "Experiments in education supported by computer use: teachers' attitudes towards computers", In Proceedings of the 9th International Conference on Computer Supported Education (CSEDU)-Volum2, Greece. 2017, pages 248-254

3. Chaaban, Y., Ellili-Cherif, M. "Technology integration in EFL classrooms: A study of Qatari independent schools", Education and Information Technologies, 22(5), 2016, pp. 2433–2454.

ӘОЖ. 028:808(048)(574.54)

Кітапханашы мен оқырман арасындағы байланыс: әдеп және сөйлеу мәдениеті

Канкожаева Шамшахар Жанкожаевна,
аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассказывается о развитии библиотекарем языковой культуры, литературной речи посредством книжного обучения читателя, повышения его речевого мастерства, мыслительной активности.

Abstract

The article describes the librarian's development of language culture and literary speech through book education of the reader, improving his speech skills, and mental activity.

«Мен кітапханаларды ақыл-білім, адамгершілік парасат ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды сол ешқашанда жоғалмауға тиісті асыл қазынаның сақшылары деп санаймын».

Ә. Кекілбаев

Адамзат баласының қол жеткізген игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жазба түрінде немесе әдебиет түрінде жеткен. Кітап адам баласының санға сырлық ақыл-ойының жемісі. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Бір ғажабы осы заманғы ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де кітапханамаңызды буын болып саналады.

Қазіргі таңда оқырманның өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығымен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алатын орны ерекше. Кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да тартымдылығымен ерекшеленеді. Себебі, күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет-журналдар, келіп жатқан оқырмандар легі. Сөйтіп, кітапханашы мен оқырманның бірлескен іс-әрекеті мен этикалық қарым - қатынасы жалғасады. Кітапханашының алдында өз оқырмандарына кітаппен, ақпаратпен жұмыс жасауға көмектесу, оқу мәдениеттілігіне тәрбиелеу міндеті тұр.

Кітапханада қызмет атқаратын қызметкерлерден кәсіби біліктілікпен қоса жоғары талғам талап етіледі. Сондықтан кітапханаға келетін оқырмандар әдептілік нормасынан алыс кетпеуі керек. Оқырмандар кітапхана шаңырағына келген сәтте өздерінің қандай жерге келгеніне баса назар аударуы қажет. Мысалы, кейбір оқырмандар кірген сәттен бастап қатты даурығып сөйлесіп, оқырмандардың шырқын бұзады.

Көпшілігі ұялы телефондарын өшірмей келіп, оларға хабарласқан сәтте қатты сөйлесіп жауап беріп жатады. Жалпы қандай да бір әдеп, этика дегеніміз – адамдардың бірімен-бірінің амандасуынан, сөйлеу мәдениетінен басталады. Жақсы кітапханашы-ол ойлампаз, парасатты, байқағыш, оқырманның мінез-құлқын білетін адам. Кітапханашы мен оқырманның арасында негізгі рөлді кітапханашының шеберлік этикасы атқарады. Кітапханашыға оқырмандармен көп әңгімелесуге тура келеді. Сондықтан, бұл жерде кітапханашының сөз сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы мен тіл байлығы талап етіледі.

Сонымен қатар, оның сыртқы түр-тұлғасы, өзін-өзі ұстауы, әдептілігі негізгі рөлді атқарады. Кітапханашы еңбегінің ерекшелігі екі жақты іс-әрекетке бағытталған. Оның бірі-оқырманды тәрбиелей отырып, оған қызмет етуге, ал екінші жағы өз оқығанына есеп бере отырып, оны оқырманға жеткізу болып табылады. Сонда ғана кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда.

Қазіргі кезде адамдардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алатын орны ерекше. Кітапхана мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады [1].

Кітапханашы еңбегінің ерекшелігі екі жақты іс-әрекетке бағытталған. Оның бірі-оқырманды тәрбиелей отырып, оған қызмет етуге, ал екінші жағы оқырманның оқыған кітабы туралы пікірлесу болып табылады. Сонда ғана кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда бола алады. Айта берсек, кітапханада атқарылып жатқан еңбек аз емес. Мұның барлығы болашақ жастардың игілігі үшін екенін барлығымыз жақсы білеміз. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасында жалғастырушы – кітапханашылар десек қателеспеспіз.

Сөз – кітапханашының көпшіліктің алдында сөйлеуінің көрінісі: ол әр түрлі өндірістік жиналыстарда, оқырмандармен жеке және көпшілік жұмыстар өткізген кездерде байқалады. Сөз сөйлеу әр адамның жеке мүмкіншілігіне, біліміне, тақырыпты білуіне,

аудиторияға байланысты. Сөз сөйлеген кезде оратор іс-шараға қатысушыларды көзқарасымен қамти отырып сөйлеуі керек.

Маманның жұмыстағы жетістіктері оның өзін қоғамда, ұжымда өзін ұстауына, кәсіби этикетті, сөз сөйлеу мәдениетін, телефонмен сөйлесуді меңгергеніне байланысты. Сөйлеу мәдениетімен қатар этиканы білу кәсіби дәрежеде өсуге, ұжымда қалыпты ахуалды қалыптастыруға, оқырманды кітапханаға тартуға көп ықпал етеді. Этикет — адамдармен қарым-қатынас жасаудың белгілі бір ережесі. Кітапханашыларға этиканың негізгі принциптері белгілі, олар: кішіпейілділік, әдептілік, сыпайылық, дәлдік, жауапкершілік, ұқыптылық. Олар кітапханадағы жұмыс жетістіктерінің жиынтығы болып табылады.

Сөйлей білу де өнер, ол табиғи дарын. Ал біздің қызметте бойыңа дарындылықты бермесе, үйреніп, оқып, ізденіп, тіпті түрлі тіл жаттығулары арқылы сөйлеу мәдениетін игеру керек. Журналист, мұғалім мамандықтары тәрізді кітапханашы маманына да сөйлеу мәдениетін, сөз өнерін меңгеріп, жоғары кәсіби деңгейде белгілі бір кітапты насихаттау, болмаса, өзінің көзқарасын білдіріп, адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін білім ғана жеткіліксіз, кітапханашыға сөйлеу мәдениетіаса қажет. Жақсы сөзді дайындау өз алдына, оның мазмұнын тындаушылардың жаны мен жүрегіне дұрыс жеткізе білу негізгі шаруа. Әр оқырман кітапханашының алдына келгенде, оның бойынан парасаттылық пен біліктілікті көргісі келеді. Оқырманның 80 пайызы кітапханашыға кітап таңдауда ақылшы, көмекші болуын қалайды. Осы ізгі ниетін жоғалтпас үшін кітапханашы оқырманға ерекше ықыласпен назар аударып, сөйлесу барысында адамның көзіне қарап, жылы жүзбен, ілтипатпен сөйлескені дұрыс.

Ұлы Абай сөз құдіретін:

«Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас» -деп тамсана бағалаған [2].

Кітапханашы өз оқырманының мінез-құлқын, мәдени деңгейін, тағы да басқа ерекшеліктерін сұхбат барысында ескергені жөн. Бір ауыз сөз арқылы оқырманды риза ету, көңілін жайландыру, іздеген кітабытабылмаса да оны жігерлендіріп, үміттендіріп мейірімділікпен шығарып салған дұрыс. Жазушы З.Қабдолов: «Көп біліп - дөп сөйлеген шешен, аз біліп көп сөйлеген - мылжың», - деп әдемі түйіндеген.

Кітапханадағы қарым-қатынастың өзіне тән маңызы бар, олар:
- коммуникативтік - бұл кітапханалық қарым-қатынастың түрі; кітапханалар ортасындағы қарым-қатынастық қызметтің құралы болып есептеледі;- ақпараттық - кітапхана оқырманға ақпарат беріп отырады.

Ақпарат пайдаланушыға беріледі, пайдаланушы мен ақпараттың арасында байланыс болмаса ақпарат өзінің маңыздылығын жоғалтады.

Сонымен бірге кітапханашы өзінің білімін үнемі көтеріп отыруы қажет. Осы мақсатпен кітапханашылар әр түрлі әдістемелік ғылыми семинарларға, өндірістік кеңестерге, іс-тәжірибе алмасу шараларына, кітапхана ассоциациясының отырыстарына қатысып, баспасөз беттері арқылы өз іс-тәжірибелерін бөлісіп отыруы керек;- реттеушілік қызмет - кітапханашының қарым-қатынасын реттеп, кәсіби ұжымда өз орнын табуға, пайдаланушымен қызметтік қарым-қатынас шекарасын орнатып, этикалық тұрғыдан дұрыс жолға қоюға көмектеседі; -тәрбиелік қызмет - кітапханашы оқырманмен қарым-қатынас кезінде қызмет көрсетуді жақсартуға ақпарат алады, оқырманның білімі мен мәдениетінен өзіне қажетті жақтарын пайдалана алады, сол сияқты оқырман да кітапханашыдан тәрбиелік әсер алады.

Кітапханадағы сөйлеу қарым-қатынасы үш алғы шартты басшылыққа алуы қажет: адамдарды дұрыс тани білуіне, олардың іс-әрекеті неге бағытталғанына назар аудару керек. Оқырмандар мен әріптестердің әрқайсысының жеке ерекшелігіне қарай қарым-қатынасты таңдап алса, «Кітапханашы-оқырман» арасындағы қарым-қатынас жүйесі құрылады. Оқырман кітапханашыны көп білетін, білімді, қайырымды, кез-келген уақытта көмекке келетін маман ретінде қабылдайды. Осы түсініктен ауытқыған жағдайда «кітапханашы-оқырман» арасындағы қарым-қатынас қайшылыққа ұшырап, оқырман кітапханашыға сыни көзқараспен қарай бастайды [3].

Қорыта айтқанда, кітапханашының сөйлеу мәдениеті және өзін ұстау этикасы адам өмірінде қызмет барысында сөйлеу мәдениетінің алатын орны зор.

Ал кітапхана саласында бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет. Халық мақалы: «Күш білімде, білім кітапта», - дейді. Білім тізгінін ұстап отырған кітапханашы өзінің ой-өрісін әсерлі түрде оқырманға қысқа да нұсқа жеткізе білсе, кәсіби қызметінің алға басқаны. Сөз - сөйлеушінің ойын, сезімін білдіріп қана қоймайды, оның мінездемесі болып табылады. Сондықтан кісінің тәрбиелік деңгейі көбіне сөзінің сипатынан байқалады. Орынды сөйлеу, қисынды сөйлеу кітапхана қызметкері үшін өте қажет қасиет.

Әдебиет

1. <https://tou.edu.kz/>
2. Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер / Абай Құнанбайұлы.– Алматы: Мектеп, 2007.- 241бет.
3. <https://ustazvko.orleu-edu.kz/>

ӘОЖ 931(571)

Азаттықтың алғашқы қоңырауы атанған «Қазақ» газеті

Акмурзаева К.Е., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті,
Қызылорда қ.

Резюме

В статье рассматривается газета «Қазақ», объединившая казахскую интеллигенцию в начале XX века, освещавшая актуальные, острые проблемы того периода.

Abstract

The article examines the newspaper "Kazak", which united the Kazakh intelligentsia at the beginning of the twentieth century, covering the current, acute problems of that period.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының басын біріктірген «Қазақ» газеті сол кезеңнің өткір мәселелерін жариялап, бұқара халықты хабардар етіп отырған басылым болды. Бүгінгі күні баға жетпес дерек көзіне айналған «Қазақ» газетінің 1913-1918 жылдар аралығында 265 саны жарияланған. Аталмыш басылым Орынборда 1915 жылға дейін аптасына бір рет, кейіннен аптасына екі реттен шығып отырған. Таралымы – үш мың, кейін сегіз мыңға жеткен. Бірінші редакторы ғалым, ұстаз, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – жазушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов болды.

«Қазақ» газетінің алғашқы санында жарияланған А.Байтұрсыновтың «Құрметті оқушылар!» деген мақаласында айтылған «Әуелі газет–халықтың көзі, құлағы һәм тілі», –деген әйгілі сөзі сол уақыттан бері қазақ баспасөзінің басты ұранына айналды. «Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп газеттің халық үшін маңыздылығын басып көрсетеді [1,10]. Сондай-ақ басылымның неліктен «Қазақ» аталғанының мәнісін «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық» деп түсіндіреді. Халықтың шын жанашыры бола білген қазақ зиялылары «Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ,

ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік» – деп, басылымның ұлт үшін қызмет ететіндігін жеткізіп, бірлесе қызмет етуге шақырған еді [1,11]. Осыдан аңғаратынымыздай, қазақ зиялылары газетті шығаруда ең бірінші ұлттың мүддесін басты орынға қойды.

Халқының болашақ даму жолының бағытын айқындауға бел шеше кіріскен ұлт зиялылары халықтың рухын ояту, көздерін ашып, біліммен қаруландыру үшін ұлттық идеяны насихаттайтын газет шығару керек екендігін жақсы түсінді. Олардың алға қойған мақсаттарын «Қазақ» газеті де ойдағыдай орындап шықты. Газетте Ахмет Байтұрсыновтың қазақ үшін баспасөздің айрықша қажеттілігін айтқан пікірлері жарияланды. «Газетті жұрт керек қылмаса, миллиондап капитал ол үшін жұмсамас еді. Осылардың бәрі де газет керек нәрсе екендігін көрсетеді. 1907 жылғы санаққа қарасақ, Россияда сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш есімді газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылыпты. Сол сегіз жүз алпыс жетінің ішінде біздің татар қандастарымыздың отыз шамалы газет - журналдары болды. Бізде біреуі де болмады. Онан бері бес жыл өтті. Бұл бес жыл ішінде газет журналдардың саны бұрынғыдан да өсті. Біз де құр қалғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Бұл бұрынғыдан гөрі, бір адым болса да ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сол күйімен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз. Ілгері басқанның үстіне ілгері басуымыз керек. Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек. Дүниенің төріне қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық, басқалар төрге қарай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Басқалардың заманға қарай өтіп жатқан амалын көруімізге газет - журнал керек» дейді [1,11].

Алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев: «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовтың үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді» [2, 187] деп объективті бағасын берді. Осы ұлт зиялыларының есімдерімен ұштасып жатқан басылым – талай тарихтың куәсі болды. Газет шығару арқылы олар халықты оқуға шақыруда, әйел теңдігін насихаттауда, патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелеп, халықтың көзін ашуда айтарлықтай істер тындырды.

«Қазақ» газетінде сол кездегі қазақ халқының ең көкейкесті мәселелері, атап айтқанда дін, тіл, жер мәселесі, оқу-ағарту, бала тәрбиесі, әдебиет, өнер, Дума, бірінші дүниежүзілік соғыс, солдат мәселесі, 1916 жылғы көтеріліс, 1917 жылғы қос революция аралығындағы қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, саяси

жағдайлар, жұқпалы індет шешек ауруы, одан сақтану жолдары туралы, Алаш қозғалысының мүшелерінің қоғамдық-саяси қызметі, ашық хаттар, кеңес хаттар, жалпы мұсылман съезі, жалпы қазақ съезі, Алаш партиясы, депутаттар сайлау т.б. мемлекеттік саяси мәселелерге дейін түгел қамтылды.

«Қазақ» газетінің авторлары ішінде А.Байтұрсыновтан басқа Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Шоқай, А.Бірімжанов, Б.Айбасов, Ж.Аймауытов, Ж.Ақбаев, М.Әуезов, А.Досжанова, Х.Досмұхаметов, С.Дөнентаев, І.Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ.Қарашев, М.Жұмабаев, М.Көпеев, Ш.Құдайбердиев т.б. ғалым, қоғам қайраткерлері болды.

А.Байтұрсыновтың орыс патшасының қысымына, қаражаттың жоқтығына қарамастан «Қазақ» газетін шығарып, өткір мәселелерді батыл көтеруі сол кезең үшін сөзсіз ерлік еді. Газет бірінші санынан 46-шы санына дейін Бұхара қаласындағы діни медреседе, Уфадағы «Ғалия» медресесінен білім алған Мұстафа Оразаевтың қаражатымен шығып тұрса, ал 47-ші нөмірінен бастап газеттің басылуын «Азамат» серіктігі қолына алған. «Азамат» серіктігінің құрылуының себебін Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Алаш азаматтарына» деген мақалада «Серіктестіктің басты мақсаты – ақша өсіріп, серіктестікті байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы. Ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш, қуат болуға қажет нәрсе мағынасында қаралады. Бұл серіктік көпес серіктігі емес, кәсіпші серіктігі емес, «Азамат» серіктігі» деп түсіндіріп, оған кіретін адамдарды жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілімен, ниетімен де серіктес болуға шақырған [1,78-79].

1913 жылы желтоқсан айында Орынборда құрылған «Азамат» серіктігінің негізгі мақсаты – мүшелік жарна есебінен «Қазақ» газетінің үзіліссіз шығып тұруына жәрдемдесу болған. Сондай-ақ, қазақ қоғамындағы оқу-ағарту жұмыстарын өрістетіп, зәру оқу құралдары мен әдебиеттерді баспадан шығару, мектеп-медреселердегі мұқтаж шәкірттерге қаржылай көмек беру т.б. қайырымдылық шараларын ұйымдастыру ісімен айналысқан [3, 15-16].

Газет шығару үшін баспахана ашуға қаражаттың тапшылығын «Ауқатты алаш азаматтарына» деген үндеуінен байқауға болады. Онда «Газетаның екі шығуын тілесек, енді біздің істейтін ісіміз бір тәуір баспахана ашу. «Азамат» серіктігін ашқандағы мақсатымыз осы он мың сом құралғандай, серіктер табылар деген есеп еді. Он облыс қазақтан жүз сом жарнаға күші жетерлік жүз азамат табылар деп едік. Бүкіл қазақ жұртынан жүз сом жарна шығаруға жарайтын жүз азамат шықпады. Он облыста болыстыққа мыңдап шашатын жүз емес, жүз мың кісі бар екені шексіз болса да, ұлт жұмысына дегенде жүз сомға тәуекел ететін жүз азамат табылмағаны өзек өртенерлік күйінішті хал. «Азамат» серіктігін ашқалы екі жыл болды, тапқанымыз 31-ақ азамат. Бұл 31 кісінің 3 мың 1 жүз сом жарнасы екі жылдан бері тек жатыр. Үйткені баспахана ашуға жетпейді, газета жұмысымен бірге

басқа жұмысты жүргізуге қисыны келмейді. Қазір бар сома мынау: 3 мың бір жүз сом «Азамат» серіктігінің ақшасы: 1 мың сом он жарнаға ие болып Сағындық мырза Досжанов бермекші болып отыр. Орынборда тұрған қазақтар өз арамыздан жиыстырып, 2 мыңға жақын ақша шығармақпыз. Сөйтіп, 6 мың сом қолымызда бар деп есеп етеміз. Енді ең аз болғанда 4 мың сом табу қажет. Екі жылдан бері тапқан азаматымыз 31-ақ болған соң, 40 азамат табудан Сағындық сияқты 4 мырза тезірек табылуы ықтималдау көрінеді» деп көптен көмек сұрауы газеттің қандай қиындықпен шыққанын көрсетеді. Газет қаржылай көмек бергендердің аты-жөндерін, қанша көлемде ақша бергеніне дейін жариялап, жәрдем бергендері үшін алғыс білдіріп отырды [1,231-232]. Бірнеше жыл бойы «Азамат» серіктігі арқылы қаржы жинаған Алаш зиялылары баспахана ашу мақсатына тек 1917 жылдың соңына қарай ғана қол жеткізген.

«Қазақ» газеті өзінің өмір сүрген жылдары елдегі келеңсіз жәйттерді сынға алғаны үшін бірнеше рет патша әкімшілігі тарапынан салынған айыппұлды төлеуге мәжбүр болды. Сөйтіп, газет патша әкімшілігінің қырағы көзіне ілініп, әрбір жарияланған мақалалары қатаң тексерілді. Газеттің 80-ші нөмірінде жарияланған жаңа закон жобасы туралы бас мақала үшін газетке мың жарым сом айыппұл салынады, төлемеген жағдайда газет шығарушыны үш ай абақты күтіп тұрған еді. А.Байтұрсынов жаңа шыққан газетке бұл айыппұлдың ауыр болатындығын ойлап, 3 ай абақтыға отыруға да келіседі. Бірақ денсаулығы сыр беріп, абақтыда екі күн отырып, мың жарым сом төлеп шыққан [1,115].

Газет – Алаш қозғалысының әрбір қадамын тізіп, тасқа таңба басқандай қағаз бетінде қалдырды. Газетте «Алаш» партиясының бағдарламасы, ұлт зиялыларының ой-пікірлері басылды. Аталмыш басылым біршама XX ғасыр басындағы дүрбелең кезеңнің куәсі болды. Ол туралы «Ақиқат» журналы: «Қазақ» өзі өмір сүрген бес жыл ішінде талай күрделі құбылыстардың, қоғамдық сілкіністердің куәсі болды. Бір ғана қолдың саусағымен санауға болатын жылдар ішінде бір емес, бірнеше ұрпақтың ғұмырына жетерліктей оқиғаларды басынан өткерді. Тарих үшін қас-қағым деп айтуға келмейтін уақыт аралығында бірнеше ғасырға татырлық өзгерістерді басынан кешірді. Атап айтсақ, «Қазақ» екі жойқын соғыстың (1 дүниежүзілік және азамат соғыстары), 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің, екі қоғамдық-саяси төңкерістің (ақпан және қазан), төрт саяси биліктің (патша өкіметі, Уақытша үкімет, Алаш Орда үкіметі, кеңес өкіметі) куәсі болды» – деп жазды [4,78]. Сондықтан да сол кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің тарихи дерек көзі ретінде алар орны ерекше дер едік.

Әдебиет

1.«Қазақ» газеті. /Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

2.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.

3.Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.

4.Не екен ойландырған арыстарды?//Ақиқат,1998, №4

ӘОЖ 16.21.47

Қазақ, ағылшын тілдерінің стереотипизацияланудың когнитивті аспектілері

Икромханова Фируза Икромовна,
ф.ғ.д., профессор
Өзбекстан Республикасы
Нұрсұлтанқызы Жазира,
ф.ғ.к, доцент
Жұмабай Мерейлім Ерланқызы,
АК-24М оқу тобының магистранты

Резюме

Когнитивный процесс стереотипизации заключается в систематизации и классификации информации, что способствует её упрощённому восприятию и закреплению определённых представлений о мире. В казахском и английском языках стереотипы выражаются посредством устойчивых словосочетаний, фразеологических единиц и культурных концептов. Данное исследование направлено на анализ когнитивных особенностей стереотипизации, выявление различий и сходств в языковом представлении стереотипов в двух культурах.

Abstract

The cognitive process of stereotyping involves organizing and categorizing information, facilitating its simplified perception and reinforcing specific worldviews. In both Kazakh and English, stereotypes are manifested through fixed expressions, idioms, and cultural concepts. This study focuses on analyzing the cognitive features of stereotyping, exploring differences and similarities in the linguistic representation of stereotypes across these two cultures.

Стереотипизация танымдық процестерде маңызды рөл атқарады, қоршаған әлем туралы идеяларды қалыптастырады. Олар ақпаратты өңдеу процесін жеңілдететін жалпыланған бейнелер, бірақ сонымен бірге қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін. Тіл саласында стереотипизация әртүрлі лингвистикалық құрылымдар мен тұжырымдамаларда көрінеді. Бұл мақала қазақ және ағылшын

тілдеріндегі стереотипизацияның танымдық аспектілерін қарастырады, олардың шындықты қабылдауға және қарым-қатынасқа әсерін анықтайды [1].

Стереотипизация – бұл ақпаратты санаттауға және оны өңдеуді жеңілдетуге бағытталған когнитивті процесс. Тілде стереотипизация арқылы көрсетіледі:

- Лексикалық бірліктер (тұрақтыөрнектер, афоризмдер);
- Фразеологиялық бірліктер мен идиомалар;
- Тілде көрсетілген мәдени тұжырымдамалар;
- Белгілі бір жалпыланған көріністерді бекітетін грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктер.

Когнитивті стереотипизация – бұл адамның санасында ақпаратты өңдеу және сақтау процесінің бөлігі. Бұл схемалар мен категорияларды құру арқылы шындықты қабылдауды жеңілдетеді. Когнитивті тұрғыдан стереотипизация [1]:

- Ақпаратты өңдеу мен сақтауда когнитивті үнемдеу рөлін атқарады;
- Қоршаған әлем туралы идеяларды құрылымдау үшін қолданылады;
- Әлеуметтік қатынастар мен мәдени нормалардың қалыптасуына әсер етеді.

Дегенмен, стереотипизацияның оң және теріс жақтары бар. Бұл ақпаратты тез қабылдауға ықпал етеді, бірақ сонымен бірге бұрмалануға және бір жақты түсініктердің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Тіл-мәдениеттің ажырамас бөлігі және қоғамның дүниетанымын бейнелеудің маңызды құралы. Тіл стереотипизациясын зерттеу көмектеседі:

- Қоғамдағы тарихи және әлеуметтік өзгерістерді түсіну;
- Ұлттық ерекшеліктер мен мәдени құндылықтарды анықтау;
- Стереотипизацияның коммуникацияға әсерін талдау;
- Тілдік образдардың танымдық негіздерін үйрену.

Стереотипизация – бұл қоршаған әлемді қабылдауға және түсіндіруге әсер ететін маңызды когнитивті процесс. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стереотиптерді салыстыру осы тілдерде сөйлейтіндердің дүниетанымының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [2]. Әр мәдениетте стереотиптер тілде тұрақты өрнектер, фразеологиялық бірліктер және мәдени ұғымдар арқылы бекітіледі. Осы аспектілерді талдау әлемнің екі тілдік картинасының арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға көмектеседі.

Когнитивті стереотипизация тұрақты когнитивті құрылымдарды қалыптастыратын бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды. Бірінші кезең-ақпаратты қабылдау және санаттау, онда жаңа деректер өңделеді және

белгілі бір топқа жатады. Бұл кезеңде ақпараттың қалай қабылданатынын және түсіндірілетінін анықтайтын әлеуметтік және мәдени факторлар маңызды рөл атқарады. Екінші кезең – презентациялар мен бейнелер белгілі бір әлеуметтік топтармен немесе ұғымдармен байланысқан кезде ассоциативті байланыстарды қалыптастыру. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру жүйесі және әлеуметтік орта айтарлықтай әсер етеді. Үшінші кезеңде стереотип бекітіледі, топтар туралы бар идеялар күшейтіледі, ал қайталау мен күшейту бұл идеяларды адамның когнитивті құрылымына біріктіреді. Соңғы кезең-бұл әлеуметтік өзара әрекеттесудегі стереотиптерді қолдану және өзгерту, сондай-ақ олардың тарихи және мәдени факторлардың әсерінен өзгеруі.

Стереотипизация механизмі әмбебап болғанымен, оның көріністері мәдени және тілдік контекстке байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Қазақ тілінде стереотиптер көбінесе ұжымшылдықты, дәстүрлерді құрметтеуді және тарихи жадыны бейнелейді. Ағылшын тілінде, керісінше, индивидуализмге, прагматизмге және әлеуметтік мәртебеге баса назар аударылады. Мысалы, қазақ тілінде ар-намыс пен қонақ жайлылыққа байланысты өрнектер ұлттық сананың маңызды бөлігі болып табылады. Ағылшын тілінде жеке жауапкершілік пен тәуелсіздікке баса назар аударатын идиомалар кеңінен қолданылады [3].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стереотипизация тек танымдық құбылыс қана емес, сонымен қатар мәдени кодтың маңызды элементі болып табылады [4]. Оның механизмдерін зерттеу осы тілдерде сөйлейтіндердің дүниетанымын жақсы түсінуге көмектеседі, сонымен қатар мәдениет аралық қарым-қатынасты тереңірек түсінуге ықпал етеді. Стереотиптердің лингвистикалық көрінісіндегі айырмашылықтар әрұлттың әлемді қабылдау ерекшеліктерін көрсетеді және жаһандық контекстегі мәдени өзгерістерді талдауға көмектеседі. Қазақ тілі түркі тілдер отбасының өкілі ретінде ұлттық стереотипизацияны көрсететін бай өрнектерге ие. Олардың кейбіреулері мәдени және тарихи факторларға негізделген.

- Қонақжайлық – қазақтардың қонақжай халық ретіндегі дәстүрлі идеясы.

- Туған жер – алтын бесік – туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіреді.

- Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені – адал сөздің құндылығын көрсетеді.

Бұл мысалдар стереотипизацияның тілде қалай бекітілетінін және Ұрпақтар арқылы берілетінін көрсетеді.

Ағылшын тілінде ағылшын тілді халықтардың дүниетанымын көрсететін көптеген стереотиптік өрнектер бар. Олардың ішінде мыналарды ажыратуға болады:

- The early bird cat chese the work – еңбекқорлық пен ұқыптылыққа баса назар аудару.

- A gentlmen an never tells – ағылшын джентльменінің дәстүрлі бейнесінің көрінісі.

- American dream – еңбекқорлық арқылы сәттілік пен өркендеуге деген сенімнің белгісі.

Ағылшын стереотипизациясы көбінесе индивидуализммен, прагматизммен және еңбекқорлықпен байланысты, бұл анна тілінде сөйлейтіндердің мәдени ерекшеліктерін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стереотипизацияны салыстыру мәдени бағдарлардағы айырмашылықтарды анықтайды. Қазақ тілінде ұжымшылдықты, салт-дәстүрлерді және туыстық байланыстарды баса көрсететін өрнектер көп. Ағылшын тілінде индивидуализм, жеке табыс және әлеуметтік мәртебе ұғымдары басым. Бұл екі тілде сөйлейтіндердің дүниетанымындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

Қорыта келгенде, стереотипизация – бұл адамның қабылдауын, тілдік коммуникациясын және мәдени қатынастарын қалыптастыратын когнитивті және лингвистикалық құбылыс. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стереотипизацияны зерттеу олардың мәдениет пен қоғамдағы рөлін түсінуге көмектеседі. Болашақта осы саладағы зерттеулер стереотипизацияның динамикасына және олардың өзгеруіне назар аударуы мүмкін. Стереотипизация әлемді танымдық қабылдаудың ажырамас бөлігі болып табылады және тілде көрініс табады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стереотипизацияны зерттеу олардың сөйлеушілерінің мәдени ерекшеліктерін және лингвистикалық тұжырымдамаларды қалыптастыру механизмін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Тіл стереотипизацияны көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар қарым-қатынас пен мәдениет аралық өзара әрекеттесу процестеріне әсер ететін дүниетанымды қалыптастырады.

Әдебиет

1. Lakoff, G. (1987). *Women, Fire, and Dangerous Things: What Categories Reveal About the Mind*. University of Chicago Press.

2. Куатова, А.К. (2018). Когнитивные аспекты интерпретации межъязыковых грамматических лакун. Казахский национальный педагогический университет имени Абая.

3. Амирбекова, А.Б. (2013). Когнитивные аспекты изучения казахского поэтического текста. Вопросы когнитивной лингвистики.

4. Жолдасбекова, С. (2015). Культурные стереотипы в казахском языке: когнитивное исследование. Алматы: Қазақуниверситеті.

ӘӨЖ 16.21.47

Шешендік сөздердегі гендерлік ерекшеліктер

Снасаспова Жанар Жумашовна
С. Лапин атындағы №261 мектеп
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Резюме

В статье проанализированы гендерные особенности ораторского искусства.

Abstract

The article analyzes the gender characteristics of public speaking.

Тіл арнаулы «еркектік» және «әйелдік» болып бөлінбесе де, олардың сөйлеу әрекетіндегі мінез-құлқына қарай айырмашылықтар байқалады. Антропоцентристік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Гендерлік лингвистика – тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы, индивидтің мінез-құлық нормалары мен өзіне тән өзгешеліктерін биологиялық жыныс ерекшелігімен қатысты зерттейтін әлеуметтік-мәдени бағыт болып табылады. Гендерлік лингвистика адам болмысы мен тіл табиғатының арасындағы жынысаралық ерекшеліктерді зерттейді.

Гендерлік лингвистиканың қалыптасуы мен қарқынды дамуы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығынан басталады. Бұл постмодернистік философияның дамуымен және гуманитарлық ғылымдардағы ғылыми парадигманың ауысуымен байланысты.

1922 жылы О.Есперсен тілдің пайда болуы мен дамуы туралы іргелі еңбектің бүкіл тарауын әйелдердің тілдік ерекшелігіне арнады.

Алғашқы гендерлік зерттеулер АҚШ, Англия, Франция және Германияда пайда бола бастады. ХХ ғасырдың 70-ші жылдары американдық университеттерде әйелдердің тәжірибесін зерттеп, талдайтын әйелдік зерттеулер жүргізілді. ТМД елдерінде гендерлік топшылаулар, ой-тұжырымдар 1990 жылдарда қалыптасты. Ресейде М.Арутюнян, Т.Рурко, А.Клецин, О.Воронина, Т.Клименкова, В.Бодрова т.б. зерттеушілер гендерлік бағытты дамытты. А.В.Кириллина мен Р.Лаккоф гендерді тілмен өзара байланыста қарастырды. А.В.Кириллина өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс»

ұғымдарын ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [1,133].

Гендерлік зерттеуді орыс ғалымдары негізінен әлеуметтік-мәдени деңгейде қарастырады. И.А.Гусейнова мен М.В.Томская өздерінің «Гендерный аспект в текстах современной рекламы» деген мақаласында гендерлік зерттеулерге психоллингвистика, когнитивті лингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика және басқа ғылым салалары тілдік талдаулар үшін деректер бере алатынын жазады [2,81].

XX ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап гендерлік зерттеулерге арналған еңбектер көбейе түсті. Тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым – гендерлік лингвистика пайда болды. Гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж.Лакофф, Д.Спендер, О.Есперсен, орыс лингвистері А.В.Кирилина, М.А.Китайгородская, Н.Н.Розанова елеулі үлестерін қосты. Батыс елдерінің лингвистері мен орыс лингвист-ғалымдары жалпы тіл біліміндегі гендер мәселесін, гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін, феминистік теорияның себеп-салдарын т.б. гендерология ғылымының басын ашуда үлкен еңбек сіңірді. Дж.Лакофф, Д.Спенсер, М.Блок, Д.Камерон, О.Есперсен т.б. батыс лингвистерінің жалпы тіл біліміндегі гендер мәселесіне, балалар мен ересектердің сөйлеуіндегі гендерлік айырмашылықтарға, гендерлік стереотиптер мен асимметрияларға, әйел мен ердің тілдік бейнесіне, гендерлік лингвистика теориясына, феминистік теорияның себеп-салдарына т.б. қатысты зерттеулерін басшылыққа алған.

Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Атап айтқанда, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінде әйел тілі, өзіндік ерекшелігі сөз болады.

Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Қ.Жұбанов «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай

бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады», - дейді [3,41].

Шешендік сөздердегі гендерлік ерекшеліктер – бұл ерлер мен әйелдердің сөйлеу стилі, тілдік таңдау және қарым-қатынас тәсілдеріндегі айырмашылықтарды зерттейді. Ерлер мен әйелдер шешендік өнерде түрліше көзқарастар мен әдістерді қолдана алады, бұл олардың әлеуметтік рөлдері мен мәдени контекстегі орнына байланысты.

Ерлер көбінесе логикалық және дәлелді аргументацияға баса назар аударады, ал әйелдер эмоциялық байланыс пен тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатуға көп көңіл бөледі.

Ерлер мен әйелдер арасындағы сөйлеу әрекетіндегі айырмашылықтар жыныстардың психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Мұны кейіпкерлердің репликаларындағы көңіл-күй мен сезімдер дәлелдей алады. Прагмалингвистикада адресатқа субъектінің сөзбен әсер етуі қарастырылады. Адресатқа субъектінің сөзбен әсер етуін гендерлік тұрғыдан қарастырсақ, мәселен, әйелдердің сөзді ұтымды пайдаланып тығырықтан шығып кетуі шешендік сөздерде көптеп кездеседі.

Сырым бір үйге қонса, бір келіншек шай құйып отырады. Келіншектің өзі жас, күйеуі шал адам екен. Сырым отырып өз жолдасына қарап:

– Япырай, аққудың қасында жапалақ жараспайды екен-ау! – дейді.

Сонда келіншек түсіне қойып:

– Батыр, сіз бір кезде тай жейтін Сырым едіңіз, енді қой жейтін Сырым болдыңыз, әр нәрсе өз уақытында емес пе? – депті [4, 35 б.].

Мұнда тығырықтан шығып, ұтымды сөз айта білген әйел бейнесі айқын көрініс береді. Адресант пен адресат бір-біріне сөзбен әсер ете отырып, қарым-қатынас орнатады.

Кейде адресанттар вербалды амалдарсыз тек бейвербалды амалдармен қарым-қатынасқа түсе алады. Оған төмендегі мысал дәлел.

– Жиренше түскен үй іңір болған соң от жақты, келін сиыр сауды. Кемпір от басында, қыз үйдің іргесінде отыр.

Жиренше төрде отырып қызға қарап басын сипады. Бұл сенің қалың малың шашымнан көп-ау, – дегені еді. Қыз оған түсініп астындағы тақыр тұлақты сипады. Ол теңімді тапса тақыр кедей болса да береді дегені еді [4, 26 б.].

Жиренше мен қыз бірін-бірі ұнатқанын осылай ұғысады. Дене кимылы (басын сипау, тұлақты сипау) арқылы қарым-қатынас

жасаған. Бұл мысалда да әйел адамның тығырықтан шығып, өз ойын жеткізіп қана қоймай, сұраққа жауап бергенін көруге болады.

Бір топ жолаушы Сырымды іздеп келе жатса, алдарынан әйел шығады. Жөн сұрасып, жолаушылардың Сырымға бара жатқанын біліп, беріп жіберетін аманаты бар екенін айтып, оны Сырымға жеткізуді өтінеді.

– О не аманат, жеңіл ме, ауыр ма? – деп сұрайды жолаушылар.

– Қадірім білсеңіз жеңіл де емес, алып жүруге ауыр да емес, – дейді де әйел басындағы орамалын көтеріп бір тал шашты желкесінен, енді бір тал шашты маңдайынан жұлып алып жолаушыларға береді. Содан кейін оң жақ қолтығынан бір жапырақ шүберек жыртып береді. Тезек теріп жүрген қабының бір бұрышын жыртып алып, оны да Сырымға жеткізіңіз деп береді. Жолаушылар: «Мұны кім берді деп айтамыз» дегенде, «әйел Сырымның өзі біледі», – деп жауап қайтарады.

Жолаушылар Сырым ауылына келіп, болған мән-жайды айтып, аманатын тапсырады.

Сырым: – Бұл әйел Байбақты баласы көрінеді, елден ерте кеткен екен. Желкеден шаш алғаны – туған жерім, туысқан елім артымда қалды дегені. Төбеден шаш алғаны – содан бері мына бастан бірталай уақиға өтті дегені. Маңдайынан шаш алғаны – әлі жаспын, өмірден үмітім бар дегені. Оң жақ қолтығынан шүберек жыртып бергені – қолтықта бауыр бар. – Мен сенің бауырыңмын дегені. Қаптың бұрышын бергені үйге тезекпен кіріп, күлмен шығып күң болып жүрмін дегені, – дейді Сырым [4, 55 б.].

Осындай түрлі жағдайларда өз ойын әрі нақты, қысқа, өрнекті етіп, бейвербалды амалдарды қатыстыра отырып жеткізуі қазақ әйелі үшін үлкен қасиеттер – тапқырлық, ұтымдылық ақылдылық, зеректілікті айқын көрсетіп береді.

Қорыта келгенде, жалпы тілдегі гендерлік ерекшеліктер адамның физиологиялық құрылымы мен психологиялық жағдайын қоршаған орта, діни сенімдер, ұлттық дәстүрлер және әлеуметтік жағдаймен байланыстыра отырып қарастырады. Бұл гендерлік зерттеулерді тілдің әртүрлі деңгейлері арқылы жүргізуге негіз болады.

Әдебиет

1. Кирилина А.В. Язык и гендер. - М.: Языки славянской культуры, 2005. -624 с.

2. Гусейнова И.А., Томская М.В. Гендерный аспект в текстах современной рекламы // Филологические науки . – 2000. -№3, с.81-91.

3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғылым, 1999. –581 б.

4. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 156 б.

ӘОЖ 931(571)

«Айқап»–ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы

Акмурзаева К.Е., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті,
Қызылорда қ.

Резюме

В статье рассматривается значительная роль журнала «Айқап» в пропаганде и распространении литературы и культуры в социальной, политической жизни казахского народа.

Abstract

The article examines the significant role of the Aikap magazine in the promotion and dissemination of literature and culture in the social and political life of the Kazakh people.

Қазақ халқы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жаңа тарихи кезеңдерге қадам басты. Бұл кезеңде татар зиялыларының жәдидтік ағартушылық ойлары қазақ даласына ықпал ете бастаған еді.

Ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын ойлаған қазақ зиялылары халықтың сауатын ашып, ұлттық рухы мен сана-сезімін көтеру арқылы теңдік пен еркіндікке жетуге тырысты. Бұл бағытта қазақтың тұңғыш баспасөздерінің де атқарған қызметтері ерен.

Патша үкіметінің ресми органы ретінде шыққан газеттер «Түркістан уалаяты» (1870-1872ж.ж) мен «Дала уалаяты» (1888-1902ж.ж) қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары болды. Ұлттық басылымдардың тарихын зерттеуші, ғалым Ү.Субханбердина «Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1872), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Серке» (1907), «Бірлік туы» (1917), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911–1913), «Ешiм даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911–1915), «Алаш» (1916–1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917), – дейді [1,6-9].

Патша үкіметінің жіті бақылауына ілінген бұл газеттер ұзаққа бармай жабылып қалды. Аталған басылымдардың ішінде қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» және «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің ғұмыры ұзақтау болды.

«Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» патша үкіметінің отаршылдық саясатын насихаттау мақсатында арнайы шығарылса, қалғандары ұлт мүддесі жолында күреске шыққан қазақ зиялыларының саналы әрекеті барысында дүниеге келген басылымдар еді.

Өз заманының айнасы болған мерзімді басылымдарды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану өткен тарихымызды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Белгілі деректанушы-ғалым Қ.Атабаев мерзімді басылымдарды дереккөз ретінде зерттей отырып, қазақ баспасөз тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарастырған: «1. 1870–1917 ж. наурызы, «Түркістан уалаяты газетінің» шыққан күнінен патша өкіметінің құлатылған күніне дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы. 2. 1917 ж. наурызы – 1918 ж. ортасы. Уақытша үкімет тұсындағы демократиялық бастамалар кезіндегі ұлттық баспасөз. 3. 1918 ж. ортасы – 1920 ж. аяғы. Демократиялық күштердің большевиктік авантюраға қарсы жанталасқан күресі кезеңіндегі баспасөз. 4. 1921 ж. – 1991 ж. аяғы. Кеңес өкіметі немесе большевиктік диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және коммунистік партияның шексіз үстемдік етуі жылдарындағы мерзімді басылым. 5. 1991 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі, тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз» [2, 58, 59].

«Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейін Троицкі қаласында шығып тұрған. Алғашқы жылы айына 1 рет, кейінгі жылдары 2 рет шыққан журналдың 88 саны шыққан. 1911 жылы 12 саны, 1912 жылы 14 саны, 1913 жылы 24 саны, 1914 жылы 24 саны, 1915 жылы 14 саны толық шықты. Қазақ даласына түгел тарап, халық арасында танымал болған «Айқап» журналының редакторы белгілі ақын, жазушы Мұхамбетжан Сералин болды. Журнал бастапқыда қарызға алынған ақшаға шығарылса, кейін өз қаржысымен шығарылды. Ол қаржының тапшылығынан кейде шағын көлемді болып шығып жүрді.

М.Сералин журнал шығаруды не себептен және қалай бастағаны туралы былай дейді: «1910 жылғы декабрь жұлдызының ақырында «Айқап» журналын бастап жіберуге ойланып, шығарайын десем журналдың таралып кетуіне, һәм халықтың құптап қарсы алуына сене алмай, шығармайын десемалты миллиондай халықтың ортасында бірімен-бірі танысқандай, түсінгендей бір журналдың, яки газеттің жоқтығына шыдай алмай, толғақ қысқан әйелдерше түйсініп жүрген замандар болып еді. Журнал шығаруға көңіл шын тілесе де шығару үшін керекті аспаптардан екі аспаптың бірі жоқ. Өзім жалғыз, ақылдасатұғын, көмек беретұғын кісі тағы жоқ болып, «жалғыз кісі жау алмас» деген мысал бар болса да, тәуекел етіп журналды шығара бастап едім. Садағасы кетейін жұрт мүлдем ілтифатсыз тастамады», деп жазған [2,162]. 1906 жылдан бастап

М.Сералиннің газет шығармақ болған әрекеттері сәтсіз аяқталып, тек 1911 жылдың басына қарай ғана журнал шығару мүмкін болды.

Журналдың атауы туралы М.Сералин бас мақаласында: «Журналымызға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінгенде болар, түсінбегенде табылар. Біздің қазақтың «Айқап» демейтұғын қай ісі бар?! ...«Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң жорналымыз да өкінішке лайық «Айқап» болды» деп, журналды шығару үшін қаламға жармасқанын, мақсаты атақ шығарып, білім сату емес екенін, журналға басылуға жіберілген сөздер қазақша, ноғайша, орысша, түрікше болсада қабылданатынын айтады. Журналдың соңғы бетінде қазақ жұртына журналға жазылу және қолдау туралы үндеуі басылды. Ол туралы Ү. Субханбердина былай деп жазды: «Троицк қаласындағы «Энергия» баспасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі роль атқарды» [2,24]. Бұл «Айқап» журналына байланысты берілген шынайы пікір болатын. «Айқап» журналын дерек көзі ретінде талдауда, ондағы мәліметтерді тарих дерегі ретінде қарастыруда Ү.Суханбердина дайындаған «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінің алар орны ерекше [3].

«Айқап» журналында XX ғасыр басындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы, тұрмыс-тіршілігі, рухани-мәдени деңгейі көрініс тапты. Журналоқу-ағарту, тәрбие, шаруашылық, жерге орналасу, отырықшылыққа көшіп, қала салу, жер, тіл, дін, әділ сайлау, әйел теңдігі сияқты сол кезеңнің өзекті мәселелеріне баса назар аударды. Сондай-ақ ескі әдет-ғұрыптарға, жалқаулыққа, надандыққа қарсы күресті.

Журналда оқу мәселесі туралы ең көп талқыланған тақырыптар: медресе ашу, төте оқу және қыздарға білім беру мәселелері еді. Ол үнемі «Бізге не істеу керек?», «Қайтсек біз тез ілгері басып, ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұрақтар қойып, солардың жауабын табуға тырысты. Бұл сұрауларға тапқан жауабын «Айқап» 1911 жылғы 6-санындағы «Бізге не істеу керек?» деген бас мақаласында жариялады:

1. Отырықшы болып, қала салу, жерден қол үзіп қалмау керек;
2. Мектеп, медресе салып, оқу мәдениетке жетілу керек;
3. Дін жұмысын өз қолымызға алу-мүфті сайлау керек;
4. Мемлекет думасына мүддемізді айтып, сөзімізді өкіметке жеткізіп отыратын депутаттарымыз болу керек;
5. Петербургта өкіліміз болу керек, ол сонда біздің ісімізді жүргізіп, өткізіп отыру керек, – деді.

М.Сералинмен қатар Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кеменгеров, М.Ж.

Көпеев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және тағы басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беттерінде С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердиев, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармалары жарияланып тұрды. Қазақ әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқығы, қалың мал мәселелерін көтерді.

Қорыта айтқанда, «Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М. Сералин жәдиттік қозғалыстың көшбасында тұрған И. Гаспринскийді өзінің ұстазы және тәлімгері деп білді. Қазақ халқын ағартушылыққа бастаған алғашқы қазақ журналы «Айқап» өз бағытынан жаңылмай, қазақ тарихында өзіндік ізін қалдырды. Бүгінгі күні деректік маңызы зор ХХ ғасыр басындағы ұлттық басылымдар қазақ зиялыларының тынымсыз еңбегі, көп күш жұмсауы арқасында дүниеге келген еді.

Әдебиет

1. «Айқап» Энциклопедиясы / Бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1995. – 368 б.

2. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.

3. Ү. Суханбердина. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1961-156 б.

УДК 371.2;378.1

Основные принципы методики преподавания и обучения в рамках обновления образования

Тымбаулиева Гулнур,
учитель русского языка
и литературы средней школы №149,
Шиилийский район

Түйіндеме

Берілген мақалада жалпы білім беру мазмұнын жаңғырту стратегиясы мен білім беруді жаңартудың тәсілдері қаралады.

Abstract

This article discusses the strategy for modernizing the content of education in general and approaches to updating education

Социально-экономические изменения в Казахстане привели к необходимости модернизации многих учебных заведений, и в первую очередь системы образования, которая напрямую связана с

экономическими процессами через подготовку производительных сил. Основу новой структуры ценностей составляет позиция, которую можно назвать компетенцией. Компетенция включает совокупность взаимосвязанных качеств личности – знаний, умений, навыков, способов деятельности, задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов, необходимых для качественной продуктивной деятельности по отношению к ним. Компетенция – это владение, обладание человека соответствующей компетенцией, включающей его личностное отношение к ней и предмету деятельности.

Компетентность – это, прежде всего, общая способность и готовность личности к деятельности, основанные на знаниях и опыте, которые приобретены благодаря обучению, ориентированы на самостоятельное участие личности в учебно-познавательном процессе и направлены на ее успешную интеграцию в социум. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы предусматривает формирование эффективной системы повышения квалификации и переподготовку кадров, углубление профессиональных знаний и навыков, приобретение новых профессий и специальностей в соответствии с требованиями индустриально-инновационного развития страны. Стратегия модернизации содержания общего образования одним из оснований обновления образования называет компетентностный подход. Предполагается, что в основу обновленного содержания общего образования будут положены «ключевые компетентности» [1].

Компетентностный подход – это попытка привести профессиональное образование в соответствие с потребностями рынка труда, т.е. компетентностный подход связан с заказом на образование со стороны работодателей – тех, кому нужен компетентный специалист. Сегодня перед казахстанской школой очень остро встал вопрос: Какое необходимо образование? В последние годы в мире получила распространение концепция формирования у детей универсальных социальных компетентностей, согласно которой к образовательным результатам школы необходимо отнести сформированность у учащегося навыков широкого спектра. «Навыки широкого спектра» не следует противопоставлять знаниям или умениям и навыкам. Понятие включает формирование критического мышления, возможностей решения проблемных задач, коммуникативных способностей. Навыки широкого спектра формируются в процессе обучения, но не только в школе, а и под воздействием семьи, друзей, работы, политики, религии, культуры и др. В связи с этим реализация компетентностного подхода зависит от всей образовательно-культурной ситуации, в которой живет и развивается школьник. 50 В число формируемых и развиваемых в школе «навыков широкого спектра» должны войти следующие: -

компетентность в сфере самостоятельной познавательной деятельности, основанная на усвоении способов приобретения знаний из различных источников информации, в том числе внешкольных; - компетентность в сфере социальной деятельности – высокая степень включенности в коллективную творческую деятельность; - речевая компетентность и общая коммуникативно-речевая культура – обладание навыками строить продуктивное общение в паре, группе; - интеллектуальное развитие – сформированность основных аналитико-синтетических компетентностей [2].

Структура содержания общих навыков, развитие которых способствует эффективной интеграции обучающихся в общество, представляет собой следующую совокупность:

- способность и готовность искать, получать информацию; - способность и готовность изучать, организовывать взаимосвязь знаний и систематизировать их, организовывать свои собственные приемы обучения и др.;

- способность и готовность думать критически относиться к тому или иному аспекту, занимать позицию в дискуссиях и высказывать свое собственное мнение и др.;

- способность и готовность включаться в деятельность, входить в группу или коллектив и вносить свой вклад, нести ответственность и др.;

- способность и готовность сотрудничать, работать в группе, договариваться на основе разумного компромисса и др.;

- способность и готовность адаптироваться, использовать новые технологии усвоения информации и коммуникации, показывать стойкость перед трудностями и т.д. В основу целевой установки обновления образования и заложены характеристики эффективного преподавания и обучения, которые распределены на восемь принципов, необходимых для создания благоприятной среды обучения:

1. Активное обучение – наличие общих знаний, для вовлечения всех обучающихся в практику. Наряду со знаниями, умениями и навыками задействует работу мозга. Задания должны быть ориентированы на развитие мыслительной деятельности.

2. Совместное обучение – наличие навыков взаимодействия в обществе, включая способность доносить личные чувства и мнения до общества, способность адаптации к изменяющимся условиям, способность к самокритике и восприятию критики, способность работать в команде.

3. Межпредметная связь–учебная программа состоит из различных разделов, связанных с другими дисциплинами. Лексические темы носят интеллектуальный характер и предлагают широкий круг различных тем, связанных с другими предметами. 4. Дифференциация – предлагает различные виды, методы и формы

работ для поддержки обучения обучающихся с учетом их познавательных потребностей.

5. Реакция на потребности – своевременное определение социальных, коммуникативных и познавательных преград обучающихся по достижению целей обучения.

6. Использование ИКТ – для углубления понимания учащихся и удовлетворения их запросов следует использовать интернет ресурсы, привлекать учащихся к созданию слайдов, презентаций.

7. Учебные диалоги – создавать благоприятную среду для диалогового обучения, привлекать учащихся в диалог-расспрос, обсуждение и оценивание результатов обучения.

8. Моделирование – обеспечить учащихся с образцами видов работ, поддерживать обучение, показывая примерные варианты. Конструктивистский подход, как и другие инновационные подходы в обучении в условиях обновления образования, требует поэтапного внедрения [3].

На различных этапах занятия, ученики являются не пассивными слушателями, воспроизводящими действия 51 учителя, а активными участниками процесса познания. Таким образом, формируются такие элементарные общеучебные навыки школьников, как:

- извлечение основного содержания прочитанного или услышанного;

- точная формулировка мыслей, построение оригинальных высказываний по заданному вопросу или теме;

- исследование различных вариантов решения задач, выбор наилучшего, принимая во внимание различные критерии;

- сотрудничество с другими (учениками и учителем) при выполнении общего задания; - планирование действий и времени;

- оценка результатов своей деятельности и т.д. Очевидно, что перечисленные умения школьников должны формироваться не как отдельно взятые, а в целостной системе навыковых блоков, называемых «навыками широкого спектра» [4].

В заключение можно выделить основные направления обновления образования:

1. Пересмотр взглядов на возможности каждого ребенка, так как все ученики могут стать компетентными, сделав свой выбор в широчайшем спектре занятий; соответственно учителю нужно научиться видеть каждого ребенка с точки зрения наличия у него уникального набора качеств, важных для успехов той или иной сфере деятельности.

2. Изменение технологий, методов и форм обучения, которые должны содействовать выявлению и формированию компетентностей учеников в зависимости от их личных склонностей и интересов.

3.Изменение позиций учителя, который становится в большей степени «координатором» или «наставником», чем непосредственным источником знаний и информации.

4.Создание открытого образовательного пространства, позволяющего каждому выстроить образовательную траекторию, которая наиболее полно соответствует его образовательным потребностям.

Литература

1.Храмей И.С. Казахстанское образование вчера, сегодня и завтра.

2.Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании. 2004.

3.Салин Р.М., Маликова Б.Х. Дополнительное профессиональное образование.// Алматы.

4.Муканова С.Д. Журнал «Открытая школа», 2009.

ӘОЖ 631.115.6 : 349.422.23

Сталиндік күштеп отырықшыландыру: қазақ халқының дәстүрлі өмір- салтының бұзылуы

Тоқтамуратова М.Ж., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается, какими путями осуществлялась политика советской власти по насильственному у переселению кочевников и полукочевых на оседание.

Abstract

The article examines the ways in which the policy of the Soviet government was implemented to forcibly resettle nomads and semi-nomads to settle.

Кеңестік биліктің Қазақстандағы социализм құру барысындағы жүргізілген саясаты орны толмас зардап әкелгені белгілі. Жаппай ұжымдастыру, отырықшыландыру және байларды тәркілеу науқаны қазақ халқының шаруашылығына үлкен зиянын тигізді. Бұл өзгерістер шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қазақ халқын қасіретке ұрындырды.

Орталықтың нұсқауымен Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6-қарашадағы мәжілісінде қазақ шаруаларын жоспарлы түрде отырықшылыққа көшіру жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Қабылданған қаулы бойынша 1929-1930 жылдары «отырықшыландыру аудандарындағы барлық қожалықтардың кем дегенде 12 пайызын қамтуды» (84 мыңнан астам) талап етті [1,223]. Халықтың өмір салтын ескермей қабылданған қаулы өмір шындығынан

мүлде алшақ еді. Қаулыда қазақ халқының тұрмысы социалистік құрылыспен үйлесе алмайтындығы, отырықшыландырудың басты мақсатының бірі көшпелі қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін және тұрмысын өзгерту екені ашық айтылды.

Отырықшыландырудың Қазақстан бойынша 1930 жылға арналған жоспары жергілікті жерлерге наурыз аяғының аяғына қарай жіберілген. Бірақ нақты жоспардың бекітілуін күтпестен, мемлекеттік негізгі нұсқаулар 1930 жылдың қаңтар-ақпан айларында жергілікті жерлерге жедел жолданған еді. Нұсқауда отырықшыландырудың қанша шаруашылықты, қандай аймақтарды қамтитыны белгісіз болып, жергілікті органдарды тығырыққа тіреді. Қазақ шаруаларының отырықшы өмірге күштеп көшірілуі жаппай ұжымдастыру науқанымен қатар жүргізілді. Қазақ АКСР ОАК-нің 1930 жылы қаңтарда болып өткен 2-сессиясында «Қазақ халқын отырықшыландыру жолдары туралы» арнайы қаулы қабылданды. Осы міндеттерге сәйкес сессия «Бес жылдың ішінде Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аудандары қоныстандырылып болуы керек. Бес жылдың аяғында 808 мың үй қоныстандырылып 567 мың үй агрономдық жолдармен отырықшылыққа айналдырылсын», – деп көрсетті. Осы сессияның қаулысы жоспарлы түрде жаппай отырықшылыққа айналдырудың басы болды. Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан отырықшыландыру комитеті (Оседком) құрылды [2, 41]. Аса жауапты шараны жүзеге асыру үшін үш ай кешігіп дайындықсыз құрылған бұл комитет пәрменді қызмет атқара алмады. 1930–1931 жылдары оның қызметі бірнеше рет өзгерді. Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан жалпы басшылық, тапсырылған жұмыстарды бір орталықтан бақылайтын орган ретінде құрылған аталмыш комитеттің аппараты да 5-ақ адамнан: 1 төраға орынбасары, 1 экономист, 2 нұсқаушы, 1 есепшіден тұрған [3,42]. Науқан кезінде одақтық бюджет тарапынан бөлінген мардымсыз қаражаттың өзі орынды жұмсалмай, талан-таражға түскен. Мәселен, Қазақстанға бөлінген 2 млн сом қаражатты аталған комитет отырықшыландыру аудандарында шаруашылық мақсатына емес, құрылыстар салуға жұмсаған [1,230,231]. Шаруалар орналасу жұмысына байланысты шығындардың көбін өздері өтеуге мәжбүр болған. Ал мемлекеттік органдар бөлген қаражат қосымша қолдау түрінде ғана көрінген.

Алғашқы жылдары отырықшыландырылғандар көбіне жертөлелерге немесе екі бөлмелі лашықтарға қоныстанды. Қаржының жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі нәтижесінде салынған үйлердің сапасы да төмен болды. 1930 жылдың қазан айындағы мәлімет бойынша барлығы 3863 үйдің құрылысы басталып, оның 1815-і бітіп, 2048-і аяқсыз қалған, оның ішінде ең жауапсыздық танытқан «Ұжымшар құрылыс» басқармасы болды. 2050 үйдің құрылысын бастап, тек 184-ін ғана бітірген. 70 мал қораның 15-і ғана салынып, 55-і аяқталмай қалған. Үй құрылысы мәселесіндегі келеңсіздіктер баспана тұрғызу ауыртпалығын

қазақ шаруасы өз мойнымен көтерді деген пікірдің дұрыстығын көрсетеді. 1930 жылы үй құрылысына жұмсалған 9988375 сомның 7102575 сомын халық қаражаты құрайды деген мәлімет те осыны дәлелдейді[2,44]. Ф.И.Голощекин көшпеліні отырықшыландыруда шаруашылықтық мәселелерді бірінші кезекке қойып, тұрғын үй, баспана мәселесін екінші кезектегі мәселе деп білді. Ал отырықшыландырылған шаруа «екі жылдай киіз үйде отыра тұруы» және біртіндеп «өз күшімен» баспананы өзі салып алуы тиіс болды. Осыдан келіп Ф.И. Голощекин отырықшыландыруға байланысты құрылысты шаруаның жанұясына арналған баспана салудан емес, алғаш қора-қопсылар, яғни шаруашылықтық құрылыстар салудан бастауды ұсынды» [1, 233]. Мұндай қате көзқарас және жұмыс барысындағы асыра сілтеулер ауыр зардаптарға ұрындырды. 1930 жылдан бастап қазақтардың қоныстарынан ауа көшулері үдей түсті. Көрші республикалар аумағына қоныс аударғандар саны 1 млн. адамнан асып түсті. Осылайша отырықшыландыру саясаты шын мәнінде сәтсіздікке ұшырады.

Отырықшыландыру шараларын жүзеге асыруды қиындата түскен басты нәрсе – оған деген бюрократиялық және әкімшіл-әміршіл біржақты көзқарастың орын алуы және отырықшыландырудың да науқаншылдық сипат алуы болды. Отырықшыландырудың алғашқы жылының қорытындылары бұл бағыттың қате екендігін көрсетіп берді. Бірде-бір бағдар бойынша міндеттер мен жоспарлар орындалмады. Қазаққа өз қаржысымен отырықшыландыру оларды босқынға ұшыратты.

Отырықшыландырылатын қазақ ауылдарын техникалық жабдықтау мәселесі аса үлкен қажеттілікке айналды. Алайда, жоспарда белгіленген аз ғана техниканың өзі де қазақ ауылына уақытында жетпей қалып жатты. Машинамен жабдықтауға бөлінген несиені халық отырықшыландырудың төртінші жылынан бастап қана төлеуі тиіс еді. Ал, жергілікті басшылар болса машинаны босатқан бетте оның құнының 30-40 % -ын алдын-ала жедел төлеуді талап етті[1,239]. Мұның өзі отырықшыландыру барысында бар малынан айрылып, қайыршылана бастаған халықтың тұрмысын ауырлата түсті.

Отырықшыландыру басталғанда техникалық жағынан жабдықтау мәселесі аса үлкен қажеттілікке айналды. Сондықтан отырықшыландырудың алғашқы жылында-ақ көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарына машина жеткізудің жоспары алдын-ала жасалынып, онда өлке бойынша 30120 соқа, 30225 тырма, 5977 тұқым сепкіш машина, 14590 шөп шабатын машина жеткізу жоспары белгіленді. Отырықшыланып жатқан тек Орталық Қазақстанның өзінде ғана 310 мың қазақ шаруаларының қожалықтары бар екенін ескерсек, көрсетілген машина саны өте аз екенін түсінуге болады. Шаруалардың ауыл шаруашылығы машиналарының тілін білмеуі бұрынғыша ата-

баба әдісімен жұмыс жасауға мәжбүр етті. Сөйтіп пайдаланылмаған машиналар тозып бітті.

Жалпы отырықшыландыру науқаны, ресми деректерге сүйенсек, 1936 жылға дейін созылған. Республика бойынша 338,7 мың шаруашылық отырықшылыққа көшкен [2,42].

Тарихшы ғалым Т.Омарбеков «Отырықшыландыру барысында жеделдету мақсаты қойылып, қазақ ауылының ерекшеліктері ескерілмей, екі жолмен жүргізілгендігін атап өтеді. Оның біреуі – жүздеген шаруашылықты бір жерге иіріп әкеліп, шоғырландыра орналастырып, малын өнім дайындау қорына өткізу. Екіншісі – әлгіндей көп халықтың киіз үйлерін қар үстіне көше секілдендіріп тігіп, қалашықтар құру, сосын бұлардан ұжымшар жасау. Осылайша Ресей секілді егіншілік өңірлердің ұжымдасу формасы малшы өңірге күштеп таңылды. Көшпелілер мен жартылай көшпелілерді отырықшылыққа сталиндік күштеп көшіру саясатықазақ этносының тіршілік ету жүйесін мықтап бұзды». Бір жерге көптеп шоғырланған, азық-түлік қорларынан, тиісті күтімнен айырылған малдар Солтүстік Қазақстанның қытымыр қысына шыдамай қырылып қалды. Бұрынғы кезде көшпелілер қыста малдарын жылы жаққа, қыстауға айдайтын болса, енді бұл мүмкіндіктен айырылып қалғаны кездейсоқ емес еді. Соның салдарынан Қазақстандағы шаруашылықтарда мал басы 1928-29 жылдардағы 40 миллионнан 1932-33 жылдары 5 миллионға дейін қысқарды. Бұл нәубеттің түп-тамыры Ф.И.Голощекиннің өлкеде жаппай отырықшыландыру саясатын нақты жағдаймен санаспай, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «Қайдан тапсаң одан тап - қаптың түбін мықтап қақ» дейтін ұранмен жүзеге асыруында еді.

Қорыта айтқанда 1920-1930 жылдар тоғысындағы Қазақстандағы сталиндік режимнің саясаты қазақ халқының кедейленуіне, көші-қонның өсуіне, әлі статистикалық түрде дәл анықталмаған жағымсыз әлеуметтік-демографиялық салдарларға соқтырды. Мұның зардаптары еліміздің тарихында орны толмас із қалдырды.

Әдебиет

1.Омарбеков Т.20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. –Алматы: Санат, 1997–320 б.

2. Жұмабаева Ж. Отызыншы жылдардағы отырықшыландыру саясаты.// Қазақ тарихы, 2003–№2

3.Қойгелдиев М. Тарих тағылымы не дейді ? / М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков. –Алматы : Ана тілі, 1993. –208 б.

ӘОЖ 001: 94 (574)

**Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау
науқандарының салдары**

Токтамуратова М.Ж., магистрант

Резюме

В статье рассматриваются механизмы и последствия государственных хлебозаготовок и мясозаготовок в Казахстане в 1929–1932 годах.

Abstract

The article examines the mechanisms and consequences of state grain and meat procurements in Kazakhstan in 1929–1932.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында шаруаларды көшпеліліктен отырықшылыққа көшіру, ұжымдастыру, меншіктен айыру науқандарының қатаң күштеу тәсілдерімен жүзеге асырылуы халықтың наразылығын күшейтіп, босқыншылықты туғызған еді. Жаппай отырықшылыққа көшірудің алғашқы тәжірибесі күшпен ұжымдастыру, астық пен ет дайындау аштық пен жергілікті халықтың жаппай үдере көшуіне ұласып, нәтижесіз аяқталды.

Астық және ет дайындау науқандарының күштеу арқылы жүргізілуі аштықтың негізгі себептерінің бірі болды. Бұл науқан шаралары ел ішіндегі ахуалды одан бетер шиеленістіріп жіберді. Халықтың мүмкіндігімен санаспай ет және астық дайындау жоспарының жыл сайын жүгенсіз өсуі Кеңес Одағында қалыптасқан жағдаймен байланысты болды. 1929 жылдың ақпанында Кеңес Одағының барлық территориясында нанға карточка, арада аз уақыт салып осы жылдың шілдесінде етке карточка енгізілді. Ал, қазанда нан, жарма, ет, май, қант, шәй мен жұмыртқаның жетіспеушілігі айқын сезіліп, бәрі карточкамен беріле бастады [1]. Сондықтан, азық-түлік жетіспеушілігі жағдайында Мәскеу Қазақстанды астық, ет дайындаудың негізгі көзі ретінде таныды. Бірақ, Қазақстанда да жағдай онша емес еді. 1930 жылдың өзінде Қазақстанның кейбір аймақтарында ашаршылық етек алуына қарамастан, орталықтан астық, ет дайындау қарқынын одан сайын арттыру қажет деген талап қойылды.

Елді ашаршылық жайлап, халық қырылып жатса да астық, ет салығы төмендеген жоқ. Жиналған астықты толық алып кетіп отырған. Бірқатар шаруашылықтарға және шаруаларға берілген тапсырма жиналған астық мөлшерінен бірнеше есе көп болатын.

1926–1927 жылдары жалпы астық дайындау жоспары екі есеге артық орындалған. Бұл жылдары астық дайындау 25290 мың пұт болып жоспарланса, іс жүзінде 54910 мың пұт жиналған. Ал 1927–1928 жылдарға арналған жоспар 28 700 мың пұт, ал осы жоспардан орындалғаны 2307 мың пұт болған. Қазақстаннан 1929 жылы – 37,8 млн пұт, 1930 жылы – 40,7 млн пұт, 1931 жылы – 40,4 млн пұт, 1932

жылы 45,3 млн пұт астық алынды [2, 50]. Осы кезден бастап, партиялық және үкіметтік мекемелердің төменге жолдайтын бұйрықтары қатаң стилге ауысты. Астық дайындау туралы нұсқаулар бұзылған жағдайда республика прокуроры бұл істердің қысқа мерзімде қаралуын тапсырып, кінәлілерді жауапкершілікке тартуы тиіс болды [3, 9].

БК(б)П Орталық комитеті 1929 жылдың 20 желтоқсанында «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдайды. Бұл қаулы мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруаларын күйзелтіп жіберді. Ет дайындаудың көлемі алдын ала жоспар межесімен белгіленді. Бірақ бұл жоспарларда көрсетілген мал көлемі шаруалардың қолындағы нақты бар малмен мүлде сәйкес келмейтін. 1931 жылдың қысында Қазақстанға келген Халық комиссары А.Микоянның Сталин мен Молотовқа «есепке алынбаған орасан көп мал бар..» деп берген жеделхатынан соң шаруаларға қысым күшейді. Мал сою орындары ашылып, тартып алынған малды сою қарқын алды.

Ф.И.Голощекин Қазақстанды Одақта ет дайындаудың неғұрлым ірі аймағы деп есептеді. Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысына 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында жеткізілген еттің 53,9 пайызы, Ленинград қаласы мен Ленинград облысына жеткізілген еттің 43,3 пайызы Қазақстаннан әкелінген. Ал РСФСР-дің Мәскеу мен Ленинградтан басқа аймақтарына жеткізілген еттің 57,5 пайызы Қазақстаннан жеткізілген [1]. Көріп отырғанымыздай, 1931 жылы ақпан-наурыз айларында Мәскеуге жеткізілген еттің жартысынан астамы Қазақстаннан әкелінген болатын. Халық амалсыздан өкіметтің жергілікті жерлердегі күштеу саясатына ашық қарсылық білдіруге көшті. 1929-31 жылдары қазақтардың күшпен тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы 372 наразылық көтерілістері болып, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты.

Белгілі тарихшы Қ.С.Алдажұманов Абыралы көтерілісінің басталу себептерін және барысын төмендегіше баяндайды: «Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, 1931 ж. көтерілістері дайындау науқандарының бүкіл барысында пайда болды. Мысалы, Абыралы ауданында жоғарыдан түсірілген өткізілуге тиісті мал басы дайындалуға тиісті жоспарланған өнімнен 2,5 есе көп болды. БК(б)П аудандық партия комитетінің хатшысы Н.Мәметековтің жоғарғы органдарды мұндай жоспарды орындау мүмкін еместігіне сендірмек болған әрекеті ешқандай нәтиже бермеді. Тек кейініректе ғана, Алматыда БК(б)П Өлкелік партия комитетінің пленумына қатысқан ол өзінің айтқанына қол жеткізді және түзетілген дайындау жоспарын алып қайтты. Бірақ та бұл сандардың өзі де нақты жағдайды ескермеген болатын: бюрократ кадрлардың жасаған жоспары бойынша халыққа бұрынғы 8745 тоннаның орнына тағы да 3379 тонна етті тірідей салмақпен өткізу тапсырылды. Бірақ солай бола

тұрса да, бұл жоспарды аудан 100%-ға орындай алмады. Елдің барлық малын өткізгеннің өзінде де осылай болып шықты. Ал енді Н.Мәметекөв ауданға қайтып оралғанша, жергілікті басшылардың және белсенділердің «талпыныстарының» арқасында әбден ашынған халық көтеріліске шығып кеткен еді» [4,369].

Тек тартып алуды ғана білетін белсенділер алыс аудандардағы күшпен алынған мал басына байланысты есеп-қисаптарды мүлде жүргізбеді. Онда тіптен мал басына айырбастайтын аса қажетті тауарлардың өзі де жеткізілмеген болатын. Осының бәрі аштық қаушін күшейте түсті. Дайындау жоспарының күннен-күнге өсуіне байланысты, мал шаруашылығымен айналысатын қазақ аудандарындағы барлық шаруалар қолдағы бар малдарын салық ретінде өткізулері тиіс болды. Мысалы, Қарқаралы ауданында мал өткізу жоспарын 24 сағаттың ішінде орындауға тиіс болған жергілікті қызметкерлер Қарқаралы округінің Шет ауданында малды даладан қуалап алып кеткен. Осылайша, етке мал өткізу жоспары бір күннің ішінде орындалған. Осы округтің Қарқаралы ауданында шолақ белсенділер халықтан малды күшпен тартып алып, ет өткізу орындарына айдап кеткен. Шолақ белсенділердің өздері де тапсырманы орындау барысында қысымға ұшырап, малды аз айдап келген жағдайда таяққа жығылып, темірге таңылған. Қазақстанның көптеген аудандарында Мәскеуден келген өкілдердің талабын орындайтындай мал басы шын мәнінде жоқ еді, сондықтан да оны орындау мүлде мүмкін емес болатын.

Елдің мүмкіндігінен 17 есе артық жоспарланған егін мен мал салығы ұлан даланы тақырға айналдырды. 1928-1932 жылдардың ішінде халықтан 6 миллион 509 мың ірі қара, 18 миллион 566 мың қой, 3 миллион 516 мың жылқы тартып алынып, барынан айырылған жұрт ауа көшкен. Егер 1929 жылы 1 қаңтарға Қазақстанда ірі қараға шаққанда 44,7 млн бас мал болса, 1931 жылы ол 8,6 млнға дейін кеміп кеткен. Ал 1934 жылдың 1 қаңтарына қарай шамамен 4,7 млн бас қалған. Мұның себебін, Қ.С.Алдажұманов асыра сілтеу, мемлекетке мал өткізу жоспарының жыл сайын үстемелеп өсуі, босқындыққа ұшыраған шекара аудандарының тұрғындары кей жағдайда малдарын айдап алып кетуі және ең бастысы жұқпалы мал ауруының елді жайлап алуы еді. Бұл туралы бүгінде айтыла бермейді, жұқпалы қатерлі аурулар салдарынан өкіметке деп жиналған мыңдаған бас малдың қырылуы бұған куә, –деп көрсетеді [5,63].

Ф.И.Голощекиннің атына ОГПУ басшылары 1931 жылы 14 тамызда түсірген мәліметке қарағанда, Адай даласында ет даярлаудың жоспары ең болмаса жарым-жартылай да орындалмаған. Ет тапсырудың жоспарын орындамай қойғандар мен одан бас тартқандар әртүрлі қоқан-лоққының, жаппай айып салып, үздіксіз қысым жасаудың құрбандығына айналды. Заң жүзінде №61-бапқа сәйкес сотталғандар да аз болмады. Ет тапсыру жоспарын

орындамағандарға алғаш ескерту ретінде 10 сом көлемінде ақшалай айып салынды [4,414]. Оның үстіне адайларға тек ет салығын ғана салған жоқ. Олар адамның ойы тұрмақ, түсіне кірмес әртүрлі салықтар төлеуі тиіс болды. Мәселен, жылқының жал-құйрығы, ит терісі, есек терісі, сарышұнақ терісі, жылан, кесірткелер, ескі-құсқы шикізат: шүберек, резеңкелер, сүйек-саяқ. қазақтарға мұндай салық түрлерінің салынуының өзі әрі түсініксіз, әрі барып тұрған қорлау еді.

Сонымен, малды тәркілеу 1929 жылдан бастап қарқын алып, 1932 жылға қарай қазақтар мал атаулыдан айрылады. 280 мың отбасы немесе 1 миллион 700 мың халық республикадан тыс жерге үдере көшті. Сөйтіп, ғаламат ашаршылық басталған еді.

Әдебиет

1.Құрманғали Дәркенов. Қазақ неге ашаршылыққа ұшырады? //https://e-history.kz/kz/news/show/500000242.

2.Хлебозаготовительная политика в годы первой пятилетки и ее результаты (1929-1933 гг.). – М. : Политическая энциклопедия, 2014.

3.Қ.С. Алдажұманов, Е.И. Стамшалов. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928–1932 жж.)//Вестник Карагандинского университета.Серия «История. Философия». № 3(103)/2021

4.Омарбеков Т.О. 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері:Зерттеу. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.

5.Алдажұманов Қ.С. Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы мәселесіне. // «Дүниежүзі тарихы: зерттеу және оқыту мәселелері» атты «Нұрпейісов оқулары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. –Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010-446 б.

ӘОЖ 809.434.2:81.114-4

Шақ категориясының жақты сөйлем жасаудағы қызметі

Садуахасова Г.Ж., п.ғ.м., аға оқытушы,
Сманова Н.Т., п.ғ.к., аға оқытушы

Резюме

В статье анализируется функция категории времени в казахском языке при образовании простого личного предложения.

Abstract

The article analyzes the function of the category of time in the Kazakh language in the formation of a simple personal sentence.

Сөйлеуші тарапынан берілетін хабар мазмұны сөйлеу жағдаятынан бұрын болған немесе сол кезеңде болып жатқан, болмаса кейін болатын іс-әрекет туралы болуы мүмкін. Осыған байланысты осы шақ, өткен шақ, келер шақ деп аталатын үш шақ түрі, оларға сай

шақтық тұлғалар жүйесі бар екені белгілі. Аталған шақтық қосымшалардың мәндері әр уақытта өзі тіркесетін етістіктердің лексикалық мағынасымен, ондағы жақтық мәннің берілуімен тығыз байланыста анықталады. Бұл әсіресе бір негізді белгілі жақты сөйлем тәрізді субъектісі тек жақ тұлғасы арқылы ғана анықталатын сөйлемдер үшін айрықша қажет.

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің шақтық мәндерінің берілуі екі негізді сөйлемдердің шақтық мәндерінің берілуінен аса бір айырмашылығы жоқ. Көп жағдайда екеуі бірдей дәрежеде көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі жақты сөйлемдегі шақтық мәннің берілуі арнаулы тұлғалар арқылы да, лексикалық жолмен де, синтаксистік жолмен де беріле береді. Мысалы, таза бұйрықтық мағына білдіретін түбір етістіктің лексикалық мәнінде 2-жақтық мағына болумен бірге, көбінесе келер шақтық мағына да болады. Сондай-ақ, қалау, шартты райлары да үнемі келер шақтық мәнде тұрады. Бірақ бұл райлардың келер шақтық мәні кейде арнаулы шақтық формалар арқылы берілсе, кейде оны жасап тұрған сөздердің семантикалық мәнінен, сөйлемнің тұтас мазмұнынан белгілі болады да, негізінен сөйлеушінің хабар мазмұнына деген субъективтік көзқарасын айқындайды. Етістік баяндауыштың ашық рай формасында ғана үш шақтың да арнайы тұлғалары болады.

Осы шақтың семантикалық мәні сөйлеу әрекеті кезінде болып жатқан іс-әрекет, жай-күйдің субъектіге қатысын айтушы тарапынан білдіру болып табылады. Қазірге дейінгі зерттеулерде болсын, оқулықтар да болсын осы шаққа беріліп жүрген анықтамалар осы мазмұндас. Шақтың бұл түрі жөнінде ғалымдар арасында пәлендей қайшы пікірлер кездеспейді.

Шақ категориясын арнайы зерттеген Т.Қордабаев осы шақты үшке (нақ, жалпы, ауыспалы) бөлсе [1; 39], А.Ысқақов та осылай бөледі [2; 143]. Ы.Маманов арнайы бөліп қарамаса да, мектеп грамматикасында беріліп жүрген екі түрін (нақ және ауыспалы) қолдайтындығын көрсетеді [3; 156]. Қалай бөлгенде де, белгілі бір нормаға сүйену қиын. Өйткені, көп жағдайда, шақтық мәнді сөйлемнің тұтас мазмұны (семантикасы) шешеді.

Зерттеулерге қарағанда, осы шақты жасауда қалып етістіктерінің (отыр, тұр, жатыр, жүр) мәні айрықша екені байқалады. Қалып етістіктері жақтық жалғауларды 1, 2-жақтарда тікелей қабылдайды да, әрі субъектілік мәнге, әрі предикативтік мәнге ие болып, сөйлемдік дәрежеге жетеді. Бірақ олардың түбір күйіндегі предикативтік мәні (*жүр*-ден басқасы) тек субъектінің белгілі бір қалпын білдіруден басқа активті іс-әрекет, қозғалыс, қимылды білдірмейді (*отырмын, жатырсың, тұрмын*). Ал субъектінің активті іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын білдіру үшін предикаттық бас мүшенің негізі міндетті түрде осындай мәнді етістіктерден болады да, қалып етістіктері тек көмекшілік қызмет атқарады. Мұндай жағдайда олар

өзінің бастапқы мағынасын және жіктелу ерекшелігін сол күйінде сақтап қалады. Мысалы: а) *...Не істерімді білмей, күнделігімді алып жазып отырмын. (Ж.Айм.)* ә) *...Сөз өз басыңда болған соң келіп тұрмыз. (М.Ә.)* Бұл сөйлемдерде субъектінің қимылын негізгі етістіктер (*жаз, кел*) білдіріп тұр да, ал қалып етістіктері жіктелген күйінде әрі субъектінің өзін, әрі оның қалпын білдіріп тұр.

Қалып етістіктерінің бұл ерекшеліктері негізінен ашық райға қатысты. Алайда, қалып етістіктері түбір күйінде бұйрық райын да білдіре алады. Бұл жағдайда оның шақтық мәні де, жіктелу үлгісі де басқаша болады. Мысалы:

– *Отыр да, сөйле! Мен тыңдаймын. (М.Жұм.)* – *Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел... (Абай).*

Осы сөйлемдердегі бұйрық райлы қалып етістіктері басқа етістіктер тәрізді 2-жақтық мағынаны өз бойында сақтаған. Сондықтан, ол жіктік жалғаусыз-ақ жақтық мағынаны білдіріп, келер шақтық мағынада қолданылып тұр. Ал 1-жақта ол сөздер *«отырайын», «жүрейін»* түрінде жіктеліп келген болар еді. Осы ыңғайда олар келер шақтық мәнді иеленеді. Бұл тұста қалып етістіктерінің әмбебап қызметі айқын көрінеді.

Келер шақ – сөйлеу кезеңінен кейін болатын, болуға тиіс іс-әрекеттер мен жай күйдің субъектіге қатысын білідіретін шақ категориясының бір түрі. Бұл шақтық мән субъекті тарапынан іс-әрекеттің келешекте дәл мүлтіксіз орындалуын айқындаумен бірге, алдағы уақытта әйтеуір бір орындалуға тиіс іс-әрекет жөнінде де білдіреді. Сондықтан мұндай шақтық мәнде құрылған сөйлемдерде хабаршының субъективтік көзқарасы басымырақ болады.

Болжалды келер шақ етістікке есімшенің *-ap/-ep/-p, -ejурнақтары* жалғану арқылы жасалады.

Мұндай тұрғыдағы сөз жіктеліп келіп (1, 2-жақта) предикаттық сипат алғанда, субъекті іс-әрекетінің орындалуы тек тұспалдап, болжалдап қана көрсетіледі. Нақты орындалуға сенім бола бермейді. Мысалы: – *Артқы күнді көріп алармыз. Жасқанбасын қалың жатақ бауырым! (М.Ә.)* – *Атпа, тарт былай! Аруақ бары рас болса, бұдан келген керді көрермін! – деді. (М.Ә.)*

Мақсатты келер шақ етістік түбіріне *–мақ/-мек, -пақ/-пек* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы: – *Елге қашан жүрмексің? (С.Сейф.)* *...Таңертеңгі қатқақпен жүріп кетпекпіз. (М.Ә.)*

Өткен шақ субъектіге тән іс-әрекет пен қимыл-қозғалыстың сөйлеу жағдаятынан бұрын болғандығын білдіреді. Бұл шақ мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тілде өте жиі қолданылады. Және ол болып өткен іс-әрекетті білдіретіндіктен, нақты мағынаға ие болады.

Қазіргі қазақ тілінде өткен шақты мағыналық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі топтау байқалады. Солардың ішінде *жедел өткен*

шақ, ауыспалы өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп жіктеу кеңірек етек алған.

Жедел өткен шақ әдетте негізгі, туынды және етіс тұлғалы етістіктерге, кейде күрделі етістіктің көмекші құрамына *-ды/-ді (-ты/-ті)* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Іс-әрекеттің орындалу шегі жедел өткен шақта сөйлеу кезеңіне өте жақын болады. Өте жақындығы сондай кейде бұл тұлғаның осы шақтық мән де беріп кетуге дайын тұратындығы жоғарыда ескертілген болатын. Жедел өткен шақтық тұлғадан кейін жақ жалғауы қысқарған күйде (1-жақ: *-м*, көпше: *-қ, -к*; 2-жақ: *-ң*, көпше: *-ңдар*) жалғанады. Мысалы: 1. – *Бақа! Бақа салып жібердім көйлегіңе, – деп, Абайды бұрыңғыдан да жаман тітіркендірді. (М.Ә.)* 2. *Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым. Етек басты көп көрдім елден бірақ. (Абай)* 3. – *Көкешім, келдің бе, келдің бе маған, ұмытпапсың зой ағаңды, – деп ол мені қыса түсті де, буыны босап құлай берді. (Д.Ис.)* 4. *Бір жарым-ай өткен соң ауылшаруашылық институтының студенті болдым. Қандай қуандым десеңші сонда! (Д.Ис.)*

Әрине, жедел өткен шақ тұлғасының негізгі мәні жоғарыда айтқанымыздай болғанымен, сөйлеу жағдаяты және мәнмәтін ыңғайында сөйлемнің тұтас мазмұнымен де байланысты болып жатады.

Бұрынғы өткен шақ – субъектіге қатысты іс-әрекеттің сөйлеу кезеңінен әлдеқайда бұрын болып өткендігін білдіретін шақ тұлғасы. Бұндай шақтық мән, әдетте, есімше, көсемше тұлғалары арқылы беріледі. Бұл екі тұлға беретін шақтық мәндерде мезгілдің шегі жағынан аздап болса да айырмашылық бар деп есептеген қайсыбір ғалымдар оларды ежелгі және бұрынғы деп бөліп жатады. Кейде мұндай шекараны айқындай түсу үшін мезгіл мәніндегі зат есім, үстеу сөздер қолданылады.

– *Сол күні кәлектің көкжал айғырын құдыққа жыққамыз... (Ғ.Мүс.);*

– *Таптан хабарым болмаса да, үстем таптың тізесіне жөргекте-ақ ілініппін. (Ғ.Мүс.);*

– *Сонша жерді шарлағанда талай сұлумен сұқбат құрған шығарсыз-ау, ағай, ә? (С.Дос.)*

Осы сөйлемдерден бұрынғы өткен шақтық жұрнақтардың дара етістіктерге де, күрделі етістіктерге де жалғана алатынын байқауға болады.

Бұрынғы өткен шақ *-ушы* тұлғалы тұйық етістікке «*е*» көмекші етістіктің тіркесуі арқылы да жасалады: – *Сізді көрген сайын «Осы кісі неге соғысқа бармайды» деп ойлаушы едім. (Д.Ис.)*

Сонымен бірге, есімшенің ауыспалы өткен шақты білдіретін жұрнағы болатын *-атын (-етін, -йтін)* тұлғасы арқылы да бұрынғы өткен шақ жасалады: ... *Ботаны көргенде өзімді көргендей, інгенді көргенде шешемді көргендей болатын болдым. (Ғ.Мүс.)*

Кейде мәнмәтін ыңғайында келер шақтық тұлғалар өткен шақтық мән береді: *...Сол жылы Ыбырай байдың төл үйінде қыстадық... Мал жайлайым. Отын тасиым. Ас пісірем. Күл шығарам... (Ғ.Мұс.)*

Сонымен, бір негізді белгілі жақты сөйлемнің де шақтық мәнін білдіретін алуан түрлі тұлғалар, оның жақтық мәнін білдіретін тұлғалармен бірге бас мүше бойында бірлікте болып, сөйлем предикатын оның субъектісімен бірлікте ұстайтын грамматикалық тұлғалар ретінде қызмет атқарады.

Әдебиет

1. Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. Алматы, 1953. –116б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1991. – 385б.
3. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 1966. –156б.

ӘОЖ 94 (574) «19»

Қазақстанда кеңестік еңбекпен түзету лагерлері жүйесінің құрылуы

Муханова И.К., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылордақаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается становление и развитие системы лагерей, колоний для реализации репрессивной политики советской власти в Казахстане.

Abstract

This article examines the formation and development of a system of camps and colonies for the implementation of the repressive policy of the Soviet government in Kazakhstan.

Кеңес мемлекетінде тоталитарлық жүйенің қалыптасуы саяси қуғын-сүргінмен қатар жүріп, түрмелер мен лагерьлер жүйесінің дамуына әсер етті. Бұл жазалау орындарының құрылымымен жұмыс істеуі белгілі бір дәрежеде сталиндік террордың озбырлығын әшкерелейтін. Кеңестік Ресейде мәжбүрлі еңбек лагерьлері арнайы мақсаттағы лагерьлер, жалпы типтегі концлагерьлер, өндірістік лагерьлер, әскери тұтқындар лагерьлері және таратушы лагерьлер болып бес түрге бөлінген [1,12]. 1929 жылы 27 маусымда БК(б)П ОК Саяси бюросының отырысында кеңестік лагерьлер атауына өзгеріс енгізіліп, еңбекпен түзету лагерьлері деп жарияланды.

КСРО-ның саяси жүйесін құру мен жетілдіруде Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы мен Ішкі Істер Халық комиссариаты маңызды рөл атқарды. Бұл органдар кеңестік жүйені қорғау бойынша қойылған міндеттерді шешуге ұмылдырылды.

1929 жылдың 11 шілдесінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қылмыстық тұтқындардың еңбегін пайдалану туралы» қаулысымен лагерьлер Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың немесе Ішкі Істер Халық Комиссариатының қарамағына берілді. Бірінші құрылымның негізін 3 жылдан жоғары мерзімге бас бостандығы шектелгендердің еңбекпен түзету лагерьлері құраса, екінші құрылым 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектелгендерге арналған орындарды қамтыды. КСРО-да жазалау мекемелерінің екі түрі, атап айтқанда еңбекпен түзету лагерьлері және еңбекпен түзету колониялары болды. Олардың арасындағы айырмашылықтар қамауда ұстау мерзімі, режимді күшейту дәрежесі, қылмыстық бап негіздері, өндірістік қызметтері бойынша еді. Лагерьлерде 3 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге сотталғандар орналасты. Олар РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабымен контрреволюциялық, антикеңестік қызметі үшін сотталғандар болды. Тұтқындар аса ауыр еңбекпен жазаланды және қысқа мерзімде ауқымды мемлекеттік тапсырмаларды орындауға мәжбүрленді [2, 4].

Бүкіл Кеңес Одағының әр түкпірінде құрылған тұтастай еңбекпен түзету лагерьлері жүйесінен Қазақстан да шет қалған жоқ. 1930 ж. мамыр айында КСРО ХКК «Қазақстанда еңбекпен түзету лагерін құру (ҚазЕТЛАГ) туралы» қаулы қабылдады. 1937-1938 жылдары Сталиндік режимнің жазалау саясатының күшеюімен еңбекпен түзету лагерьлерінің желісі және ондағы тұтқындар санының өсуі байқалады. Бірінші бесжылдықтың басында жоспарланған экономикалық міндеттерді шешу үшін мәжбүрлі еңбекті пайдалану мақсатында түрмелер мен лагерьлер жүйесін қайта құру жүзеге асырылады. 1930 жылдардың басында лагерьлерді басқарудың репрессиялық органы ретінде қалыптасқан ГУЛАГ 53 лагерьден, 425 еңбек түзету колониясынан тұрған [3, 89].

1932 жылы еліміздің аумағында ГУЛАГ-тың 11 еңбекпен түзету лагерьлері құрылды. Олар: АЛЖИР, Карлаг, Дальний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Ақтөбе, Жезқазған, Петропавл, Кеңгір және Өскемен лагерьлері. Тоталитарлық жүйе кеңес адамының іс-әрекетін, мінез-құлқын, ой бостандығын шектеу идеологиялық саясатын терең енгізді. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен саяси қылмыс жасады деп айыпталған адамдардың көп бөлігі мәжбүрлі еңбекпен түзету лагерьлеріне жіберілді. Лагерьлер тұтқындардың тегін еңбектерінің арқасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту аймағына айналды. Тұтқындар ауыр еңбек жағдайында жұмыс істеуге және негізгі қажеттіліктердің тұрақты тапшылығына үйренуге мәжбүр

болды.Лагерь режимі адамды толығымен басып-жаншуға және жоюға арналды.

Карлаг — КСРО-дағы ең ірі мәжбүрлі еңбек лагерлерінің бірі болды және бірнеше қосалқы лагерьлер мен еңбек поселкелерінен тұрды.1931 жылы 19 желтоқсанда Гигант кеңшарының негізінде құрылған Карлагтың орталығы Қарағандыдан 45 шақырым жерде орналасқан Долинка ауылында болды. Карлагты құруда орналасқан жерінің табиғи ерекшеліктері ескерілді. Халқы аз, табиғи ресурстарға бай үлкен аумақ тау-кен металлургиясы мен ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы орын болды. Лагерьге бөлінген үлкен аумақта 80 мың адам тұратын 4000 қазақ киіз үйі, неміс, орыс және украин тұрғындарының 1200 үй шаруашылығы болды. Жергілікті халықты мәжбүрлеп көшіргеннен кейін бос жерлерге тұтқындардың көптеген колонналары қоныстанды. Олар лагерьдің бүкіл аумағына тарап, темір жол, Карлаг басқармасының ғимаратын, тұтқындар және әскерлендірілген күзетшілердің қазармаларын, командирлерге арналған тұрғын үйлерді салды.Тұтқындар социализмді құрудың Сталиндік бағдарламасын жүзеге асыруда тегін жұмыс күші ретінде пайдаланылды.

Карлагты ұйымдастырудың негізгі мақсаттарының бірі Орталық Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан көмір және металлургия өнеркәсіптері, Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған және Балқаш мыс балқыту зауыттары үшін ірі азық-түлік базасын құру болды. Лагерь ГУЛАГ-қа тікелей бағынатын құрылым болды. Республикалық және облыстық партия және кеңес органдары оның қызметіне іс жүзінде ешқандай ықпал ете алмады. Негізінде мемлекет ішіндегі мемлекет сияқты құрылған оның нақты күші, қару-жарағы, көлік құралдары, почтасы мен телеграфы болды. Мұнда жазасын өтеушілер – бұрынғы партия өкілдері, байлар мен кулактар, діндарлар, айыпты ретінде танылған жұмысшылар мен шаруалар, түрлі қызметкерлер еді. Кеңес үкіметі оларды «қоғамдық пайдалы еңбекке жұмылдыру арқылы еңбекпен түзету» деген уәжге сүйеніп мәжбүрлі жұмысқа жекті. Олардың жазасын өтеу колонияларын да осылай «жұмсартып» атады. Ресми статистика көрсеткендей, қуғын-сүргін жылдарында қазақстандық лагерьлерге 5,5 миллион адам жер аударылған. Карлагта 1930-1959 жылдары шамамен 800 мың тұтқын болған.

Карлагтан ГУЛАГ-тың филиалы ретінде өмір сүруінің бүкіл кезеңінде ол арқылы орта есеппен бір миллионнан астам тұтқын өтті. Соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі кезеңде Карлаг тұтқындарының саны «Отанын сатқандар», Кеңес армиясының әскери тұтқындары және Закавказье, Батыс Украина, Балтық жағалауы және басқа елдерден жер аударылған халықтар есебінен толықтырыла бастады. 1946-1947 жылдары Карлагта 20 мыңға жуық «Отанын сатқандар» ұсталды.

Карлагтың тағы бір ірі филиалы жақын жерде орналасқан Спасск арнайы лагерь бөлімі болды. Лагерь 1941 жылы ұйымдастырылды. Орталық бөлімде 6 мың әскери тұтқын ұсталды. Лагерьде әскери тұтқындар арасында өлім-жітім жоғары болды. Мысалы, 1942 жылдан 1946 жылға дейін ол 7 мың адамды құрады [4,22]. Арнайы мақсаттағы Спасск лагері 1956 жылға дейін Карлаг құрамында болды.

Кен орындарын игеру мақсатында 1948 жылы Қарағанды облысының Жезқазған қаласының маңында «аса қауіпті қылмыскерлер» үшін Степной (Степлаг) лагері құрылды. 1950 жылдың 1 қаңтарында лагерьде 27850 тұтқын болды [5,212].

Степлаг әкімшілігі Қазақстанның Қарағанды облысындағы Кеңгір ауылында орналасқан. Ол Жезқазғандағы №39 әскери тұтқындар лагерінің базасында құрылды. Степлаг тұтқындары да еліміздің жалпы өндірістік әлеуетін көтеруге атсалысты. Соғыстан кейін зауыт, жылу электр орталығы, Кеңгір су қоймасындағы бөгет құрылыстары басталды. Степлаг 1954 жылдың мамыр-маусым айларында ГУЛАГ жүйесіндегі ең қасіретті көтерілістердің бірі – Кеңгір көтерілісі болғанымен белгілі. Сталин қайтыс болғаннан кейін тұтқындар лагерь режимі жұмсарып, заңсыз сотталғандар ақталады деп үміттенді. Бірақ Степлаг күзетшілері заңсыз жазалар мен өлім жазасын қолданып, тұтқындарға аса қатыгездікпен қарауды жалғастырды. 1954 жылдың 18 мамырында көтеріліс басталып, көтерілісшілер азық-түлік пен киім-кешек қоймаларын, шеберханаларды тартып алып, 252 тұтқынды босатты. Осылайша лагерь тұтқындардың бақылауына өтіп, аз күнге болса да еркіндікті жеңіп алған. Ерлер де, әйелдер де қатысқан, қырық күнге созылған көтеріліс танк, пулеметтің күшімен әрең басылды. ГУЛАГ құжаттары бойынша көтерілісті басу кезінде 37 тұтқын өлді, тағы 9 адам жарақаттан қайтыс болды.

Песчанлаг 1949 жылдың қыркүйек айының басынан 1955 жылдың тамызына дейін қызмет етті. Бұл лагерьдегі тұтқындардың саны 40 мыңға жеткен. Песчанлаг тұтқындары Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндерінің шахталарында, «Қарағанды көмір» зауытында және басқа да кәсіпорындарда жұмыс атқарды. Оның үстіне 1954 жылғы мәліметтер бойынша, саяси қылмыстар үшін сотталғандар саны «тұрмыстық қылмыстар» үшін сотталғандардан 52 есе көп болған [6]. Карлагтың 37-ші учаскесі 1934 жылы Балқашта салынған лагерь болды. Ол 1955 жылға дейін өмір сүрді. Балқашлагта 17 тұтқын 58 бап бойынша өлім жазасына кесілген.

Сонымен, Кеңес мемлекеті басшыларының 1920-1950 жылдары жүргізген қылмыстық саясаты халықтарды үлкен трагедияға ұшыратты. Карлаг миллиондаған қазақ, орыс, неміс және басқа ұлттарға жазылмас жара мен ұмытылмас үрейді қалдырды.

Әдебиет

1. Система исправительно-трудовых лагерей в СССР. 1923–1960: справоч. / Общ-во «Мемориал». ГА РФ. / Сост. М.Б. Смирнов; под ред. Н.Г. Охотина, А.Б. Рогинского. – М.: Звенья, 1998. – 600 с.

2. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД–МВД СССР на территории Казахстана (30–50-е годы XX века.– Алматы,: Кітап, 2002. – 344 с.

3.Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда: Нац. агентство по делам печати и массовой информ. Респ. Казахстан, 1997 – 175 с.

4.Кригер В. Казахстан // Энциклопедия изгнаний: Депортация, принудительноевыселение и этническая чистка в Европе в XX веке /редкол.: Брандес Д., Зундхауссен Х.,Трёбст Ш. – М.: РОССПЭН, 2013–727 с.

5. Жумасултанова Г.А. Политические репрессии в Казахстане в условиях тоталитарного режима (20-е - начало 50-х годов): автореферат дис. кандидата исторических наук:07.00.02. –Караганда, 1999– 32 с.

6.АлтынзерДаулетбаева. История исправительных лагерей Казахстана//<https://e-history.kz/ru/news/show/4230>

ӘОЖ 94 (574) «19»

АЛЖИР лагерінің тарихы

Муханова И.К., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются история создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «изменников Родины», трагические судьбы узниц и их детей.

Abstract

The article examines the history of the creation and functioning of the Akmola camp for the wives of "traitors to the Motherland", the tragicfates of the prisoners and their children.

АЛЖИР (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) сталиндік қуғын-сүргін дәуірінің қаралы беттерінің бірі. Қарағанды лагерінің 17-ші бөлімшесінің, артынан 26-шы нүкте болып құрылған осынау тозақ орталығында қазақтың көптеген зиялы азаматтарының әйелдері азапты кезеңді бастан өткерді.Тұтқындардың 90%-ын осы зиялы қауымның әйелдері құрады, барлығы дерлік жоғары білімді болған.АЛЖИР-де С.Сейфулиннің, Б.Майлиннің, Т.Рысқұловтың, Ж. Шаниннің, Т.Жүргеновтың, С.Меңдешовтың, Ж.Тәтімовтың,

С.Есқараевтың, А.Аспандияровтың, С.Сармолдаевтың тағы басқа көптеген қазақ азаматтарының әйелдері жазасын өтеді.

Аталмыш лагерь Астана қаласының оңтүстік батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937 ж. 5 тамыздағы бұйрығы негізінде құрылды [1,65]. АЛЖИР – бүкіл ГУЛАГ жүйесіндегі тек әйелдерден тұратын жалғыз еңбекпен түзету лагері болды. Лагерь өмір сүрген 15 жыл ішінде одан кезең-кезеңімен 18 мыңға жуық әйел «Отан сатқындарының» отбасы мүшелері ретінде 5 жылдан 8 жылға дейін жазасын өтеген. Жаза арқалауға «халық жауымен» жақын қарым-қатынастың өзінде жеткілікті негіз болған еді.

«Отан сатқындарының» отбасы мүшелері санатына аналары, әпке-апалары мен қыздары да кірді. Бірақ сол кездегі заңнамалық актілерде лагерь атауларында «Отан сатқындары әйелдері» термині әрдайым дерлік қолданылған. 1937 жылы 15 тамызда КСРО ПХК «Отан сатқындарының» әйелдеріне қатысты ұсыныстарды егжей-тегжейлі түсіндіріп, № 00486 бұйрық шығарды. Сталиндік қуғын-сүргін машинасының қамауға алудан бастап лагерьге жіберуге дейінгі бүкіл процесін қамтыған бұйрық Отан сатқындарының отбасы мүшелеріне қарсы жаппай қуғын-сүргінді бастауға мұрындық болды. Бұл құжат ең алдымен саяси айып тағылғандардың әйелдерінің кінәсін еш дәлелдемей-ақ қамауға алуға және лагерьлерге жіберуге құқық берді. Құжатқа сәйкес, қамауға алу кезінде күйеуімен заңды немесе іс жүзіндегі некеде болған, сондай-ақ ажырасқанымен оның контрреволюциялық әрекетіне тікелей қатысқан, не оны жасыруға көмектескен, бірақ бұл туралы тиісті органдар білмеген» әйелдер міндетті түрде тұтқындауға жатты.

Жартысына жуығын сәбилі әйелдер құраған 70-тей әйелдердің алғашқы легі 1938 жылы 6 қаңтарда лагерьге әкелінген. Мұнда алғашында бірнеше казарма болып, қалған казармаларды лагерь тұтқындарының өздері салған. Тұтқынға түскен әйелдердің этникалық құрамы мен жас шамалары да әртүрлі болды. Лагерь кеңес елінің түкпір-түкпірінен келген 62 түрлі этнос өкілдерінен тұрды. Орыстар – 55%, еврейлер – 16,5% және украиндар – 12,7% құрады [2]. Тұтқындардың ішінде 87 қазақ әйелдері болған. Жас шамаларына келетін болсақ, 30-дан 40 жасқа дейін – 48%, 20-дан 30-ға дейін – 29%, 40-50 – 13%, 50-60 – 6%, 20 жасқа дейінгілер – 3%, 60-тан жоғары – 1% [3, 86]. Сонымен лагерьдегі әйелдердің негізгі бөлігін жұмысқа жарамды жастағылар құраған.

Сталиндік лагерьлер саяси мақсатпен бірге экономикалық мақсатты да көздеді. Басқа лагерьлер сияқты АЛЖИР де адамдарды қайта тәрбиелеу орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен өндіріс орталығы болды. 30 гектар аумақты алып жатқан лагерь ауыл шаруашылығы және тігіншілікпен айналысты. АЛЖИР лагерінің жанында «Жалаңаш» аталған көл маңында әйелдер қамыс шауып,

күніне 40 бау қамыс жинаған. Егер бұл талапты орындамаса, бір тілім нан да, тамақ та бермеген. Тәулігіне 12-14 сағат жұмыс істеген әйелдер мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің киімдерін дайындады. Олар лагерьдің ауыр тіршілігіне қарамастан тапсырысты өте жоғары деңгейде орындаған. Сонымен АЛЖИР өндірістік көрсеткіштер бойынша Карлагтың барлық басқа бөлімшелері арасында үздік болды.

1930 жылдардың ортасынан бастап Отан сатқындарының отбасы мүшелерін қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін бірқатар заңдар қабылданды. Жалпы алғанда, қуғын-сүргін Орталық Атқару Комитетінің, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының және Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулыларынан, сондай-ақ ОГПУ, ПХК, прокуратура және басқа да органдардың бұйрықтары мен нұсқауларынан тұратын кең нормативтік базаға негізделді. Қылмыстық және әкімшілік іс жүргізудің жалпы танылған қағидалары мен нормалары бұрмаланып, оларға біржақты жазалау бағыты беріліп, билік органдарының әділетсіздігі, озбырлығы ынталандырылды. Нормативтік құқықтық актілер Конституцияда белгіленген ережелерге сәйкес келмеді.

Өздерінің заңсыз әрекеттерін ақтау үшін жалпы ережелер мен қылмыстың нақты белгілері өте анық емес тұжырымдалған заңнамалық база жасалды. Осыған байланысты тергеу органдары мен сотқа кез келген істі бұрмалауға кең өкілеттіктер берілді. Мысалы, 1936 жылғы КСРО Конституциясының 133-бабында «Отанға опасыздық жасау: антты бұзу, жау жағына өту, мемлекеттің әскери күшіне нұқсан келтіру, тыңшылық аса ауыр қылмыс ретінде заңның барлық шегінде жазаланады» деп көрсетілген[3,88]. Өлім жазасын қарастыратын бұл бапқа кез келген азамат дерлік түсуі мүмкін еді. Көп тараған тағы бір бап тыңшылыққа қатысты күдік болды, ол үшін лагерьде 5 жылдан 8 жылға дейін жаза тағайындалатын.

Көбінесе әйелдер күйеулері ату жазасына кесілген болса 8 жылға, ал лагерьде жазасын өтеген жағдайда 3 жылға бас бостандықтарынан айырылатын. 2891 әйел (64,5%) ең жоғары 8 жылға, 1430 адам (31,9%) 5 жылға, 161 адам (3,6%) 3 жылға бас бостандықтарынан айырылды [3,85]. Бұл деректер, әрине, ПХК жазалау органдарының № 00486 бұйрықты орындауда жазаның ең жоғарғысын қолдануға бейімділігін көрсетеді.

Лагерьдегі әйелдердің тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Көбінесе әйелдердің 40 градустық аязда жартылай жалаңаш жұмыс істеуі салдарынан үсікке шалынуы өлімге әкелетін. Тағам құнарсыз және өте аз мөлшерде бөлінді. Жұқпалы аурулар белең алып, өлім-жітім деңгейі жоғары болды. Әйелдердің күйеулері мен балаларының тағдыры туралы іс жүзінде ештеңе білмеуі жағдайды одан әрі қиындата түсті. Құқықтарынан айырылған әйелдер өндіріс нормаларын орындамағаны үшін жазаланды.

АЛЖИР-де 4 жасқа дейін орта есеппен 400-ге жуық бала болған. Содан кейін олар балалар үйіне жіберілген, онда өлім-жітім де жоғары болды. Мысалы, 1943 жылы ғана Карлагта 226 бала шетінеген. Көптеген АЛЖИР тұтқындарының балалары Қарағанды облысындағы Осакаров және Долинский балалар үйінде, 18 балабақша мен бөбекжайда тәрбиеленді[4].

Тұтқындардың саны жыл сайын өсіп отырған. 1932 жылы олардың саны 10 400, 1934 жылы 24 148, 1939 жылы 40 109 адам болды. Егер алғашқы кезде Карлаг тұтқындары көп жағдайда тұрмыстық қылмысы үшін сотталғандардан тұрса, 30-жылдардың аяғында олардың саны 27%-ға дейін азайған. Ал контрреволюциялық қылмыстар бойынша 58%-ға дейін өскен[3,87]. Саяси айыпталған тұтқындардың мұндай жоғары пайызы репрессиялық шаралардың күшеюімен және халықтың барлық топтарын қамтыған үлкен террордың жүзеге асуымен байланысты болды.

1941 жылы 26 маусымда Ақмола бөлімшесіне «контрреволюциялық қылмыстары» үшін сотталған ерлер мен әйелдердің үлкен тобы келді. Осы сәттен бастап Алжир таза әйелдер лагері болудан қалды. Соғыс жылдарында бөлімге тек саяси себептермен ғана емес, таза қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін де сотталған адамдардың колонналары келіп жатты.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін «АЛЖИР»-ді жабу туралы шешім қабылданады. Бірақ лагерь 1955 жылға дейін жұмыс істеп тұрған. Кейін барлық құрылыстары, барактары мен әкімшілік ғимараттарының бәрі бұзылып, жермен-жексен етіледі.

Осылайша Кеңес Одағының жазалау құрылымдары миллиондаған адамның өмірін қасіретке ұшыратып, зұлмат-зобалаңымен тарих бетінде қалды.

Әдебиет

1. Айбын. Энциклопедия./ Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X

2. Сжатые в ГУЛАГ. <https://www.delfi.lt/ru/news/live/szhatye-v-gulag-19485521>

3. Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы. - Караганда, 2008. - 248 с.

4. Зиябек Кабульдинов. АЛЖИР: лагерь насилия// file:///C:/Users/Admin/Downloads/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82.

ӘОЖ 16.21.47

Қазақ тіліндегі әйелдер киіміне қатысты лексикалық бірліктер

Бейбітова Нұрай Бейбітқызы,
КЯ-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье исследуются лексические единицы, связанные с одеждой казахской женщины, имеющие большое этнолингвистическое значение, сформированные на основе языкового, исторического и культурного развития населения.

Abstract

The article examines the lexical units associated with the clothes of a Kazakh woman, which have great ethnolinguistic significance, formed on the basis of linguistic, historical and cultural development of the population.

Ұлттық мәдениетімізді танытатын, ерекше көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулар. Киім адам өміріне қажетті негізгі құралдардың бірі болып табылады. Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік ерекшеліктер туралы ақпарат беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықты да танытады. Халықтың қоғамдық өмірінің алғашқы белгісі ретінде пайда болып, ұлтымызбен бірге өмір сүріп келе жатқан, әлі күнге дейін сақталып, бүгінде халықтың ұлттық мұрасына айналды.

Халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан киімге қатысты лексика даму барысында тілдік өзгерістерге ұшырап, әр кезеңдегі әдет-ғұрып, салт-санаға қатысты түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырап отырады. Оның бір дәлелі - қазақтың ұлттық киімдерінің түрлі атауы. Қазақтың киім-кешек атауларының пайда болуы, қалыптасуында басқа туыс, көршілес халықтардың әсері болмай қалған жоқ. Мұндай өзгерістердің барлығы тілде көрініс табуы заңды құбылыс. Сол себепті киім-кешекке қатысты атаулар, тұрақты тіркестертағы басқа ұлт мәдениетін білдіретін сөздер тілдің байлығын көрсетеді [1].

Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізінде тілдің құрылымдық жүйесін құрайды. Осы кезге дейінгі зерттеулерде, этнограф ғалымдардың еңбектерінде қалыптасқан топтастыруды ескере отырып және жинақталған нақты тілдік деректер негізінде қазақ тіліндегі киім-кешек атауларын мынадай үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады:

I. Дәстүрлі, ұлттық, тарихи киім

II. Қазіргі күнделікті киім

Негізгі киім түрлерінің бұл екі тобы да әрі қарай мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді: ер адамның сырт киімі, әйелдің сырт киімі.

Әйелдер киіміне байланысты лексика тілдік қорымыздағы өзіндік орны мен сыр-сипаты бар, күрделі әрі жүйелі категория болып саналады. Өйткені олардың атаулары бір қарағанда жалаң

грамматикалық нысан болып көрінгенмен, тамыры алыста жатқан, халықтың тарихымен, рухани-мәдени өмірімен астарласқан этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады.

Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кебіс-мәсі, көкірекшеден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігіледі. Олар қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері. Қыз киімдері кеуделері тар, қынамалы, жаға, жең, кеудесі, өңірі кестелі, әшекейлі келсе, жас ұлғайған сайын неғұрлым етеккі, мол қаусырмалы бола түседі.

Қыздар мен әйелдердің өздеріне лайықтап сәндеп тіккен шапандары, шекпендері, тайжақылары, тондары, ішіктері, т.б. сырт киімдері бар. Олардың үлгілері, нақыштары ерлердің сырт киімдерінен өзгеше, жатық тігісті, кестелі, зерлі-оқалы, пішімі сұпайы, сәнді келеді.

Әйелдің сырт киім үлгілері:

Белдемше – той-думандарда көйлек үстінен киетін сәнді сырт киім үлгілерінің бірі. Той киімі ретінде жаңа түскен келінге де арнап тігіледі.

Келеме – жібектен тігілген, сәнді киер сырт киім.

Кеудеше – кеудеге киетін сырма, жұқа жеңіл киім.

Кәзекей – жеңсіз, жағасы кеңірек ойылған, етегі белден төменірек түсетін, бағалы матадан тігілген жеңіл киім.

Қамзол – көйлек сыртынан киетін жеңсіз не шолақ жең жеңіл сәндік әрі жұмыс киімі.

Кіреуке – алтын тінді зерлі жіппен тігілген, аса қымбат, сәнді жібек шапан.

Сатипа – жеңіл шолақ сырт киім.

Тізеқап – суықта, аязды күндері екі бұтқа ғана киетін, ауы, ышқыры жоқ екі балақ.

Қырмызы тон – қыз-келіншектерге арналып қызыл масатыдан тігілген қаптал шапан.

Қамқа тон – иі қандырылып өңделген жұмсақ қой терісінен, қамқадан, өзге де әдемі аң терісінен жаға салып тігілген, қаусырмамен түймеленетін бағалы киім.

Әйелдің бас киімдері: Орамал – әртүрлі матадан, әр алуан үлгіде жасалған басқа тартар.

Біртартар – үшкіл, кішігірім бас орамал.

Түрме – түре тартатын жеңіл орамал.

Шаршы – кішкене шаршы бас орамал.

Байлама – басқа салатын шағын орамал.

Шылауыш – кимешек үстінен байланатын үлкен ақ шаршы.

Кимешек – ақ матадан тігілген, омырау мен арқаны жауып тұратын, беті ойылып жасалған әртүрлі үлгідегі бас киім.

Жаулық – ақ матадан, ақ жібектен тігілген бас киім. Үлгісі көп.

Бергек – жаңа түскен келіншектің әшекейлі бас киімі, той өткен соң киетін сәукеленің жеңіл түрі.

Сораба – тақия тәріздес, артында шалпыншағы бар, төңірегі шашақты қыздар киетін бас киім.

Делегей – ертеде қыздардың қыста киетін бас киімі.

Жырға – асыл тас, моншақ тізіп тіккен, көп салпыншақты сәнді бас киім.

Тақия – қызыл, жасыл, көгілдір түсті шұға, мауыт, мақпалдан ұлттық өрнек салып тіккен қыздардың үкілі жаздық бас киімі. Айшықты, зерлі түрлері болады.

Қасаба – үшкір төбесіне бір шоқы үкі қадап, маңдай тұсын алтын, күміс, асыл тастармен безендірген, оң жақ самайлығына моншақты 5-6 қатар төгілдіре қадап, ұзын салпыншақты етіп тіккен қыздар тақиясының бір түрі.

Зере – ұзын, іші қуыс, сәукелемен бірге киетін бас киім.

Сәукеле – қыздардың ұзатыларда, келін болып түсерде киетін көп әшекейлі, қымбат бағалы, сәнді бас киімі. Жұқа ақ киізден сырылып тігіліп, сырты қызыл шұғамен тысталады. Қымбат бағалы аң терісімен әдіптеліп, алтын, күміс, моншақ әшекейлер тағылады. Жоғары жағы жіңішкеріп, төбесіне үкі қадалады. Тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы бау тігіліп, бетті көлегейлейтін желекті болады. Бұл атаулар, сонымен бірге, әр тап өкілдері өздерінің әлеуметтік орнына, қызмет-кәсібіне қарай түрліше киінетінінен де хабар береді. Сондықтан да киім-кешек атаулары қазақ халқының көркемдік мұрасы ғана емес, оларды халықтың тарихи, қоғамдық, әлеуметтік болмысынан да бағалы деректер беретін мол қазынасы ретінде танылатындығын ғалым Ж.Манкеева өз зерттеуінде атап көрсетеді.

Қазақтың ұлттық киімдері өздерінің негізгі кәсібі мал шаруашылығына байланысты және тұрмыс жайы- көшіп-қонып жүруіне ыңғайлы етіп тігілді. Тарих деректері бойынша судың тұнығы мен шоптің сонысын қуалап, көшіп-қонып жүретін көшпелі және жартылай көшпелі ата-бабаларымыз киімді малдың илеген терісінен, жұқа киізден, қойдың, түйенің жүнінен тікті [2]. Ғалым Ж.А. Манкееваның пікірінше, «Көненің көзіндегі тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған, осы дүниенің сыры мол тіл әлемінің тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап, сырын ашу-этнолингвистиканың үлесі. Атап айтқанда, рухани бұлақтарда (халық ауыз әдебиеті, фразеология, мифология, көркем мәтіндер т.б.) этносқа қатысты рухани мәдениеттің тілдік бейнесінің сан түрлі арналар жүйесі қалыптасқан» дейді.

Қорыта келе, мәдениет тілде таңбаланады, сондықтан да тіл – мәдениет көрінісі, мәдениетті таныту құралы болып табылады. Мәдениеттің таңбалық сипаты дегенде, оның тілдік таңба семантикасы арқылы айшықталуы деп түсінуге болады. Тілдік таңба мен мәдени таңба арасындағы сабақтастық этномәдени мазмұн

арқылыпайымдалады. Тіл – тек мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілде мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш саналады.

Әдебиет

1. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негізі. – Алматы: «Жібек жолы», 2008.

ӘОЖ.81.33

Жыраулар поэзиясындағы «жалғыздық» концептісі

Әмірханқызы Жанна,
КЯ-24М оқу тобының магистранты,
Қалам Қарақат,
КЯ-23 оқу тобының студенті

Резюме

В статье анализируется концепт “одиночество” в поэзии жырау и его особенности в традиционной казахской культуре и отражение в поэзии жырау. Это исследование направлено на выявление тесной связи одиночества в поэзии жырау с судьбой нации, а не единственной личности, и раскрытие того, как одиночество исторически переплетается с социальными и политическими ситуациями в тяжелые времена нации. Исследуются основные символы и образы, используемые жырау для передачи идеи одиночества, а также способы выражения гражданской позиции через поэзию.

Abstract

The article analyzes the concept of “loneliness” in the poetry of Zhyrau, its features in traditional Kazakh culture and its expression in the poetry of Zhyrau. The purpose of this study is to determine the close connection of loneliness in the poetry of poets with the fate of the nation, and not just the individual, and to identify how loneliness is related to social and political conditions during difficult periods of the nation’s existence.

Жырау–қазақ мәдениетінің бірегей феномені, ол импровизатор-ақын, халық аңыздарының, тарих пен философиялық ойлардың орындаушысы және сақтаушысы болып табылады. Олардың поэзиясында терең философиялық ойлар бейнеленген, олардың арасында "жалғыздық" тақырыбы мен азаматтық мотивтер ерекше орын алады. Бұл мақала жырау поэзиясындағы "жалғыздық"

концептісін және оның азаматтық көңіл-күймен байланысын егжей-тегжейлі талдауға арналған [1].

Қазақ мәдениетінде "жалғыздық" ұғымы көп қырлы мағынаға ие. Ол адамның физикалық оқшаулануын да, қоғамдағы өмірі, тағдыры мен орны туралы ойларымен байланысты терең ішкі күйін де көрсете алады. Жырау поэзиясында "жалғыздық" көбінесе даналықтың, рухани ізденістің және өзін-өзі танудың символы ретінде әрекет етеді.

Көшпелі өмір салтына негізделген дәстүрлі қазақ қоғамында ұжымшылдық маңызды рөл атқарды. Осыған қарамастан, жалғыздық тақырыбы мәдени сананың ажырамас бөлігі болды. Жалғыздық физикалық жағдай ретінде ғана емес, сонымен бірге рухани дамудың қажетті кезеңі ретінде де қабылданды. Жырау даналық пен білімнің тасымалдаушысы ретінде терең түсініктер мен әлемді түсіну үшін жалғыздық жолын жиі таңдады.

Жырау поэзиясында жалғыздық көбінесе "ар" ұғымымен байланысты. Бұл тұрғыда жалғыздық ішкі диалогтың, өз іс-әрекеттері мен моральдық құндылықтарын түсінудің қажетті шарты болады. Осылайша, жыраудың жалғыздық призмасы арқылы жеке жауапкершілік пен адамгершілік таңдау мәселелері көтеріледі [2].

Жырау қазақ қоғамында, әсіресе әлеуметтік және саяси өзгерістер кезеңінде шешуші рөл атқарды. Олардың поэзиясы тарихи оқиғаларды, моральдық құндылықтар мен қоғамдық мұраттарды жеткізу құралы болды. Көшпелі өмір салты мен тұрақты соғыстар жағдайында олардың жұмысындағы жалғыздық тақырыбы халықтың жеке тәжірибесін де, ұжымдық көңіл-күйін де көрсете отырып, ерекше өзектілікке ие болды.

Соғыстар мен әлеуметтік сілкіністер кезінде жырау халықтың дауысына айналды, оның тілектерін, қорқыныштары мен үміттерін білдірді. Олардың поэзиясы нақты оқиғаларды бейнеледі, дәуір шежіресі және жас ұрпақты тәрбиелеу құралы болды. Мұндай уақытта жалғыздық тақырыбы жеке тәжірибені де, ұжымдық сынақты да бейнелейтін ерекше мәнге ие болды.

Бұқар жырау және Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз шығармаларында терең философиялық және азаматтық идеяларды жеткізу үшін пайдалана отырып, жалғыздық тақырыбына жиі жүгінетін. Олардың поэзиясы жеке тәжірибені ғана емес, сонымен бірге қоғамның ұжымдық көңіл-күйін де бейнеледі, тарихи оқиғалар мен моральдық құндылықтарды жеткізу құралы болды.

"Жалғыздық" концептісі XV–XVIII ғасырлардағы қазақ жырауының поэзиясында ерекше орын алады, ол адамның өмірі, тағдыры мен әлемдегі орны туралы терең философиялық ойларды бейнелейді. Олардың шығармаларында жалғыздық физикалық оқшаулану ретінде ғана емес, сонымен бірге шындықты түсінуге және

ішкі үйлесімділікке қол жеткізуге ықпал ететін жан күйі ретінде көрінеді.

Жырау поэзиясында жалғыздық көбінесе терең өзін-өзі тану және рухани өсу үшін қажетті шарт ретінде қабылданады. Жалғыздық ақынға әлемнің қарбаласынан арылуға, ішкі тәжірибеге назар аударуға және даналыққа ие болуға мүмкіндік береді. Сонымен, Асан Қайғының шығармаларында жалғыздық заттардың шынайы табиғатын түсіну және қоршаған әлеммен үйлесімділік табу тәсілі болады.

Ақиқатты іздеп жүрген кезбе адамның бейнесі жырау поэзиясындағы кілттердің бірі болып табылады. Саяхат рухани ізденісті білдіреді, ал жол бойындағы жалғыздық сөзсіз серікке айналады. Доспамбет жыраудың шығармаларында батыр жалғыздықта бола отырып, өмірдің мәні, өзінің тағдыры мен әлемдегі орны туралы ой жүгіртеді. Бұл жағдай оған өзін және айналасындағы шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жырау поэзиясында жалғыздық көбінесе кейіпкердің ішкі жанжалын, оның өзінің күмәні мен қорқынышымен күресін көрсетеді. Шалкиіз жырау өз шығармаларында кейіпкердің жеке қалауы мен қоғамдық міндеттері арасындағы қайшылықтарға тап болған сәттерін сипаттайды. Жалғыздықтың бұл күйі маңызды шешімдер қабылдауға және өмірлік құндылықтарды қайта қарауға катализатор болады.

Қуғын-сүргін және мәжбүрлі жалғыздық тақырыбы жырау поэзиясында да көрініс табады. Өз қоғамынан тыс қалған кейіпкерлер жалғыздықтың терең сезімін сезінеді, бұл оларды өздерінің жеке басы мен тиесілігі туралы ойлауға итермелейді. Бұқар жыраудың шығармаларында қуғын-сүргін рухани ізденіс пен шындыққа деген ұмтылыстың метафорасына айналады, ал жалғыздық — бұл жолдағы қажетті кезең.

Жырау поэзиясындағы табиғат көбінесе жалғыздық күйін берудің негізі болып табылады. Шөлді далалардың, жалғыз ағаштардың немесе қаңырап қалған таулардың бейнелері кейіпкердің оқшаулану мен алшақтық сезімін көрсетеді. Ақтамберді жырау шығармаларында табиғат ішкі жалғыздық пен үйлесімділікке деген ұмтылысты бейнелейтін рухани жағдайдың айнасына айналады.

Өлім мен болмыс туралы ойлау көбінесе жалғыздықтың мотивімен бірге жүреді. Жырау соңы сөзсіз екенін түсініп, жалғыздықты басқа әлемге көшуге дайындалу тәсілі ретінде пайдаланады.

Жырау поэзиясындағы "жалғыздық" концептісі адамның өмірі, тағдыры және әлемдегі орны туралы терең философиялық ойларды көрсете отырып, ерекше орын алады. Бұл тақырып әсіресе көрнекті қазақ ақыны және батыр Ақтамберді Сарыұлының (1675-1768) шығармашылығында айқын көрінеді. Оның жеке тәжірибесі мен өмірлік тәжірибесіне толы шығармалары физикалық оқшауланудан

терең рухани ізденістерге дейінгі жалғыздықтың әртүрлі аспектілерін ашады.

Ақтамберді қазақ халқы көптеген сыртқы қауіптер мен ішкі келіспеушіліктерге тап болған кезеңде дүниеге келген. Жас кезінен бастап ол жоңғар басқыншыларына қарсы күресте белсенді қатысып, оның дүниетанымы мен шығармашылығына із қалдырды. Ақынның жеке өмірі де сынақтарға толы болды: ата-анасының ерте жоғалуы, тұрақты әскери жорықтар және күрделі шешімдерді жалғыз қабылдау қажеттілігі. Мұның бәрі оның поэзиясында көрініс тапты, онда жалғыздық тақырыбы басты орын алады.

Өз өлеңдерінде Ақтамберді даланың ортасында тұрған жалғыз ағаштың бейнесіне өзінің оқшаулануы мен беріктігінің символы ретінде жиі жүгінеді. Ол өз шығармаларының бірінде жазады:

"Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырлыман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман.» [3, 60 б.]

Бұл үзіндіде ақын өзін шөл даланың ортасында жалғыз өскен ағашпен салыстырады. Барлық қиындықтарға қарамастан өскен жерімен салыстыру оның шешімділігі мен ерік-жігерін көрсетеді. "Сыртым құрыш, жүзім болат" бейнесінің ішкі күші мен кез келген сынаққа төтеп беруге дайын екендігін көрсетеді.

Ақтамберді поэзиясындағы жалғыздық тақырыбы тағдыр ұғымымен және өмірлік сынақтардың сөзсіз болуымен тығыз байланысты. Ол жалғыздық оның жолының ажырамас бөлігі екенін түсінеді және оны берілген деп қабылдайды. Өлеңдерінің бірінде ол былай дейді:

"Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.
Жасым жетпей он беске.» [3, 61 б.]

Мұнда ақын жалғыз ұл болып туылғанын және жас кезінен көптеген қиындықтарға тап болғанын айтады. Өмірлік жағдайларға байланысты ерте жетілу оны жалғыздықты тағдырының ажырамас бөлігі ретінде қабылдауға мәжбүр етті.

Алайда, барлық қиындықтарға қарамастан, Ақтамберді жалғыздықты тек жағымсыз құбылыс ретінде қабылдамайды. Ол үшін бұл ойлау, өзін-өзі тану және рухани өсу уақыты. Жалғыздықта ол өмірлік сынақтарды жеңуге күш табады және ішкі үйлесімділікке ие болады. Толғаудың бірінде ол ой жүгіртеді:

"Жалғыздық, сені қайтейін,
Жүрегімнің бастары
Сары да жалқын су болар.»

Мұнда ақын жалғыздыққа жүгінеді, оның жүрегіне әсерін мойындайды, ол "Сары да жалқын су" — сары және бұлтты болып, сағыныш пен қайғыны бейнелейді. Алайда, бұл жағдай оны терең ойлауға және өмірдің мәнін іздеуге итермелейді.

Ақтамберді сонымен қатар жалғыздық жақын адамдар мен қолдаудың болмауының салдары болуы мүмкін екенін атап көрсетеді. Өлеңдерінің бірінде ол отбасымен қоршалған адамның өмірін жалғыздықпен салыстырады:

"Атадан алтау туғанның
Жүрегінің бастары
Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегінің бастары
Сара да жалқын су болар.» [3, 60 б.]

Бұл жолдарда ақын көп балалы отбасында туылғандар мен жалғыз бала болғандардың өмірін салыстырады. Біріншісінің жүрегі қуаныш пен жылулыққа толы, ал екіншісінің жүрегі — қайғы мен сағыныш. Бұл салыстыру адамның өміріндегі отбасылық қолдау мен жақын қарым-қатынастың маңыздылығын көрсетеді.

Бір қызығы, жалғыздықтың ауырлығын мойындағанына қарамастан, Ақтамберді оның жағымды жақтарын да көреді. Жалғыздық оған өз ойларына назар аударуға, тәуелсіздік пен ішкі күшке ие болуға мүмкіндік береді. Өлеңдерінің бірінде ол былай дейді:

"Жалғыздық, сенен көремін,
Жамаулы киім кигенін,
Жарлылық, сенен көремін.»

Мұнда ақын жалғыздықты кедейлікпен және жамылған киім кию қажеттілігімен байланыстырады. Алайда, бұл оның қиындықтарды өз бетінше, көмексіз жеңе алатындығын көрсетеді. Жалғыздық ол үшін күш пен төзімділіктің қайнар көзіне айналады [4].

Азаматтық мотивтер жырау шығармашылығында басты орын алады. Олар бірлікке, әділеттілікке және туған жерді қорғауға шақыру арқылы көрінеді. Жырау халықтың дауысы ретінде өнер көрсетіп, оның ұмтылысын, үміті мен ұмтылысын көрсетті. Олардың поэзиясында әлеуметтік әділеттілік тақырыптары, әділетсіз билеушілерді сынау және қоғам игілігі үшін белсенді әрекетке шақыру бар.

Жырау поэзиясында азаматтық мотивтер әртүрлі бейнелер мен рәміздер арқылы көрінеді. Осындай бейнелердің бірі-өз Отанын қорғайтын жауынгердің бейнесі. Жырау батырлық пен батылдықты жырлайды, сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы бірлікке шақырады. Олардың поэзиясы қиын кезеңдерде халыққа шабыт пен жұмылдыру көзі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, жырау өз шығармаларында әлеуметтік әділетсіздік тақырыптарын көтеріп, әділетсіз билеушілерді

сынға алып, реформаларға шақырады. Олардың поэзиясы әділдік пен теңдікке деген ұмтылысты көрсетеді, жақсылыққа деген үмітін білдіреді.

Әдебиет

1. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабек А., Мұхамбетқалиев Қ. Философия және мәдениеттану. - Алматы: Литера, 2001.
2. Философия тарихы. Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 1999.
3. Бақтарбаев Қ. Жыраулар поэзиясы. - Ақтөбе, 2001.
4. Омарұлы Б. Зар заман ақындары және Абай // Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. - Алматы: Ғылым, 2002.

ӘОЖ 16.01.11

Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика

Мамбетжанова Ардак Алдонгаровна,
Өтеуов Наржан Ғалымжанұлы,
КЯ-24М оқу тобының магистранттары

Резюме

В статье рассматриваются изучение прагматического направления и прагматические аспекты языка в казахском языкознании

Abstract

The article examines the study of the pragmatic direction and the pragmatic aspects of language in Kazakh linguistics

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде технологиялар мен инновациялар студенттердің оқу мотивациясын арттырудың негізгі құралдарының біріне айналып отыр.

Сөз – күрделі құбылыс болып табылады. Сөз деректі жеке тұлғаға қатысты айтылым болғандықтан сөзді адамнан, адамды сөзден бөліп қарастыру ешқашан мүмкін емес. Тіл білімінде прагматикалық зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды жүргізіліп, күні бүгінге дейін жалғасып тауып отыр. Ал қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматиканың ерекше дамуы, түрлі көзқарастар мен тілдік бағыттардың қалыптасуына орасан зор әсер етіп отыр.

Тіл – тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында ақыл-ой процестерін жүзеге асыратын қарым-қатынас құралы болып табылады. Коммуникация барысында сөйлеуші мен тыңдаушының ойы, мақсаты, уәжі, іс-әрекеттері үнемі өзгеріп отырады. Ондай өзгерістер

коммуникацияға түсушілердің сөзінен, вербалды, бейвербалды амал-әрекеттерінен аңғарылады.

Сөз – когнитивті-ақпараттық, психологиялық, прагматикалық ережелер бойынша толық ұйымдасқан коммуникация бірлігінің негізгі белгілерінің жиынтығы. Дыбыстық тілдің адам факторы арқылы үйлесімді, ырғақтық, құрылымдық-семантикалық ұйымдасуы мен эмоционалды, стилистикалық әсер ету қызметін прагматикалық аспектіде түсіндіру сөзтанудың ғылыми-теориялық мәнін толық анықтайды. Сөз лингвистикасы мәтінінің прагматикалық бағдарын қамтамасыз ететін коммуникативтік мақсаты айтушыға әсер ету, сөз тактикасы мен стратегиясы, этикасы, бейвербалды іс-әрекет эмоционалдылығы кешенді түрде зерттеуді талап етеді [1, 19].

Сол бағыттың бірі–функционалды прагматика болып табылады. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика – герман тіл біліміндегі орны бар ерекше бағыт болып табылады. Жаңашыл бағыттың герман тіл білімінде дамуына Еуропа тіл білімінде прагматиканың дамуы мен зерттеушілердің етене назарға ілігуде. Оның пайда болуын К.Элих пен Й.Ребайн есімдерімен тікелей байланысты болып отыр. Осы бағыт бойынша А. Реддер, Л. Грисхабер және К. Бюриг және отандасымыз Г. Массакова т.с.с. шәкірттерінің де орны ерекше. Сонымен қатар қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика тек теориялық жағымен емес, эмпирикалық зерттеу әдістерімен де ерекшеленіп отыр. 1970 жылдары осы бағыттың Еуропада ерекше орын алуымен қатар Л. Аустин және К. Бюлер, К. Элих пен Й. Ребайн тіл біліміндегі «іс-қимыл» теориясын қалыптастырды. Тіл біліміндегі іс-қимыл теориясы шындық категориясының 3 түрлі өлшемін көрсетеді:

- 1) экстралингвистикалық шындық;
- 2) менталды шындық;
- 3) тілдік шындық .

Бұл теория тілді әлеумет тәжірибесінің көрінісі ретінде форма - функция - байланыс құралы ретінде кешенді қарастырылады. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика- тілді адам тіршілігінің айнымас бөлшегі деп танылып, оның пайда болуын қоғамдағы коммуникацияның дамуымен ұштастырады. Яғни, қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика тілдің даму формаларын тануға бағытталмаған, тілдің қоғамдағы тарихи-әлеуметтік әлеуетін айқындауда ғана пайдаланады. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика теориясы дискурс анализіне ұқсас болғанмен, тілді қоғамның айнымас бөлшегі етіп зерттейді. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі функционалды прагматиканы тіл білімінің бір бағыты ретінде психолог әрі тілші К.Бюлердің идеяларының негізінде туындаған. Әсіресе, ғалымның референция және сөйлеу жағдаятының анализі туралы көзқарастары соған дәлел болды алады. Функционалды прагматиканы «функция» және «прагматика» негізгі ұғымдары

құрайды. Прагматика автор мен оқырманның арасындағы байланысты қарастырып, сөйлеу актісі кезінде жүзеге асады. Дәлірек анықтамасын келтіретін болсақ, прагматика – коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы. Функция термин сөзі тіл білімінде «жұмсалым», «қызмет» ұғымдарын береді.

Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматиканың базалық категориясы ретінде сөйлеу әрекеті де алынып отыр. Яғни, тіл «әрекет» формасы ретінде де қарастырылады. Коммуникация ол әрекет етудің спецификалық формаларын, сөйлеу жағдаяты, тілдік белгілерден, бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы не оқырман секілді бір-біріне әсер ететін төрт компоненттен құралады. Демек тіл біліміндегі функционалды прагматика коммуникативтік функцияны да зерттейді. Коммуникацияның негізгі формасы – дискурс пен мәтін болып табылады.

Дискурс – көп мағынаға ие термин. Ол қарым-қатынас құралы ретінде сөздің тіл әлеміндегі жаңаша мағыналық-ақпараттық туындысы. Дискурста пресуппозиция, интенция, коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы, т.б. айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрыла отырып, стилистикалық амал-тәсілдерді де таңдайды. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматикада дискурс тілдік жағдаят ретінде де қарастырылады.

Функционалды прагматиканы «функция» және «прагматика» негізгі ұғымдары құрайды. Прагматика автор мен оқырманның арасындағы байланысты қарастырып, сөйлеу актісі кезінде жүзеге асады. Дәлірек анықтамасын келтіретін болсақ, прагматика – коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (ауызша және жазбаша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы [2, 24]. Функция термин сөзі тіл білімінде «жұмсалым», «қызмет» ұғымдарын береді. Аталған ұғымдарды келесі тарауларда кеңінен тарқатып айтатын боламыз.

Болашақта жасанды интеллект қалыптастыру жолындағы зерттеу жұмыстарында қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматикадағы эмпирикалық зерттеу әдісінің де маңызы өте зор. Себебі функционалды прагматиканың мақсаты-аутентикалық тілді транскрипциялау болып табылады. Қазіргі таңда хабарлама, қоңырауға жауап беруші боттардың (робот) көбеюі осындай әдістердің жемісі болып отыр. Сондай-ақ кез келген салада әсіресе, қызмет көрсету саласында адресат пен адресант арасындағы диалогтың істің сәтті аяқталуына, атқарылып отырған жұмыстың тиімді әрі сапалы жүзеге асуына да өз ықпалын тигізеді. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика теориялары мен талдау әдіс-тәсілдерін тілді үйретуде, тілдің қоғамдағы рөлі мен жағдайын

анықтап, салыстыруда кеңінен қолданылуда. Қазіргі таңда прагматикалық, әсіресе соның ішінде тіл біліміндегі функционалды прагматикалық талдауларда кез келген тілді кеңінен зерттеуге, сөздің аутентикалық күйіне анализ жасау арқылы келешекте жасанды интеллект құрастыруда да маңызды екендігін айтуымыз өте қажет. Қорыта келгенде, қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика прагмастилистикасының ғылым теориялық негіздерін толық жүйелейді.

Әдебиет

1 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: Оқу құралы.–Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.

2 Қалиев. Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 358 б.

ӘОЖ 16.01.11

Тілдік қатынас пен іскери қатынастың сөйлеу стиліне қатысы

Рахман Динар Берікұлы,
КЯ-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматривается отношение языкового общения и делового общения к стилю речи.

Abstract

The article examines the relationship of language communication and business communication to the style of speech.

Тілдік қарым-қатынас әр адамның өмірінде шешуші рөл атқарады. Ол ақпарат берудің, байланыс орнатудың, ойды білдірудің және әлеуметтік және кәсіби байланыстарды қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Қарым-қатынас кез-келген қызметтің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі әлемде сөйлеу стилі, әсіресе іскерлік салада ерекше мәнге ие болады. Тұлғаның кәсіби қызметтегі жетістігі, келіссөздердің тиімділігі, ынтымақтастық және ұзақ мерзімді серіктестік құру қабілеті адамның өз ойын қаншалықты сауатты, анық және дұрыс білдіруіне байланысты.

Іскерлік қарым-қатынастың күнделікті қарым-қатынастан айырмашылығы, белгілі бір формалдықты, дәлдікті, логиканы және этикет нормаларын сақтауды талап етеді. Іскерлік ортада тілдің сауатты қолданылуы, ақпаратты қысқаша және дұрыс жеткізе білу, ресми тонды ұстану қабілеті бағаланады. Сондықтан іскерлік қарым-қатынастың маңызды аспектісі – ресми, стандартталған, дәлдікпен және объективтілікпен сипатталатын іскерлік сөйлеу стилі [1].

Экономиканың, ғылымның, технологияның және халықаралық ынтымақтастықтың дамуы іскерлік коммуникацияны одан да маңызды етеді. Компаниялар жоғары бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді, мұнда әр сөз шешім қабылдауға, мәмілелер жасауға және келіссөздердің сәттілігіне әсер етуі мүмкін. Тұжырымдамадағы қателіктер, дұрыс емес сөйлеу стилі немесе сөйлеу нормаларын сақтамау түсінбеушілікке, серіктестер арасындағы сенімнің төмендеуіне және тіпті қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін.

Жаһандану дәуірінде іскерлік қарым-қатынас бір тіл мен бір мәдениетпен шектелмейді. Халықаралық келіссөздер, шетелдік серіктестермен ынтымақтастық, іскерлік хат алмасу және халықаралық форумдарға қатысу тек қосымша тіл білімін емес, сонымен қатар басқа мәдениеттердегі қарым-қатынас ерекшеліктерін түсінуді талап етеді. Бұл тұрғыда сөйлеудің іскерлік стилі әртүрлі ұлттар мен дәстүрлердегі адамдар арасында тиімді байланыс орнатуға көмектесетін құралға айналады.

Алайда, іскерлік қарым-қатынастың жалпы принциптеріне қарамастан, ол қызмет саласына, кәсіби ортаға және нақты жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, мемлекеттік басқарудағы іскерлік қарым-қатынас корпоративтік сектордағы іскерлік қарым-қатынастан ерекшеленеді, ал заңды сөйлеудің маркетинг немесе IT саласындағы сөйлеумен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан іскерлік сөйлеу стилін түсіну және сауатты пайдалану кәсіби өсу мен табысты мансапқа ұмтылатын кез келген адам үшін маңызды дағды болып табылады.

Бұл мақалада тілдік қарым-қатынас ұғымы, оның түрлері мен функциялары, сондай-ақ іскерлік сөйлеу стилінің ерекшеліктері

қарастырылады. Оның негізгі сипаттамалары, тілдік ерекшеліктері және кәсіби коммуникацияға әсері талданады.

Әрбір ұлт, ұлыс өз тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін қалай құрметтесе, өзінің ана тіліне де солай қарауы керек[2]. Тілдік қарым-қатынас – бұл адамдар арасындағы өзара әрекеттің негізі, ақпарат берудің, әлеуметтік тәжірибені қалыптастырудың және тұлғааралық және іскерлік байланыстарды орнатудың маңызды құралы. Бұл әр түрлі салалардағы коммуникацияның тиімділігін анықтайтын күнделікті өмірдің де, кәсіби қызметтің де ажырамас бөлігі.

Тілдік қарым-қатынас – бұл тілдік құралдарды қолдана отырып, ақпарат, ойлар мен эмоциялармен алмасу процесі. Ол сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асырылады және сөйлеушінің (ақпарат берушінің) де, тыңдаушының да (алушының) қатысуын қамтиды.

Тілдік қарым-қатынас түрлеріне тоқталайық. Ақпаратты беру әдісіне байланысты тілдік қарым қатынастың екі негізгі түрі бар:

1. Ауызша тілдік қарым-қатынас – ақпарат дыбыстық (сөйлеу) түрде берілетін қарым-қатынас түрі. Оған мыналар кіреді:

- диалогтық байланыс (екі немесе одан да көп қатысушылар арасындағы әңгіме);

- монологиялық қарым-қатынас (баяндамалар, дәрістер, көпшілік алдында сөйлеу);

- тікелей байланыс (бетпе - бет) және делдалдық (телефон арқылы, аудио және бейне байланыс арқылы).

Ауызша қарым-қатынастың ерекшеліктері:

- интонацияны, қимылдарды, мимиканы қолдану;
- жылдам кері байланыс және ақпаратты нақтылау мүмкіндігі;
- эмоционалды қанықтылық.

Іскерлік салада ауызша қарым-қатынас келіссөздер, сұхбаттар, кездесулер, презентациялар мен сөйлеулерде шешуші рөл атқарады.

2. Жазбаша тілдік қатынас – жазбаша белгілер (мәтін) арқылы ақпаратты беру процесі. Ол іскерлік хат алмасу, есептер, шарттар, электрондық хаттар және басқа құжаттар түрінде ұсынылуы мүмкін.

Жазбаша қарым-қатынастың ерекшеліктері:

- формализация және құрылымдау;
- ақпаратты өңдеу ұзақтығы (ауызша қарым-қатынаспен салыстырғанда);

- жедел кері байланыс жоқ;
- ақпараттың жоғары дәлдігі мен құжаттамасы.

Іскерлік салада жазбаша қарым-қатынас, әсіресе, заңдық маңызы бар құжаттар, келісімдер жасасу, есептер және ресми хат-хабарларды жүргізу үшін өте маңызды.

Іскерлік ортадағы тілдік қарым-қатынас қызметкерлер, серіктестер және клиенттер арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін бірқатар маңызды функцияларды орындайды.

1. Ақпараттық функция – кәсіби тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақпаратты беру, алу және өңдеу. Мысалы, басшылықтың бұйрықтары, іскери хат-хабарлар, есептер, нұсқаулар.

2. Реттеуші функция – қызметкерлердің жүріс-тұрысы мен қызметін басқару, міндеттер қою және ұжымдағы әрекеттерді үйлестіру. Мысалы, нұсқаулар, бұйрықтар, корпоративтік ережелер.

3. Байланыс функциясы – іскерлік қатынастарды орнату және қолдау, серіктестер, әріптестер мен клиенттер арасында сенім қалыптастыру. Мысалы, іскерлік келіссөздер, телефонмен келіссөздер, желі.

4. Сенімді (персуазивті) функция – белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін әңгімелесушілердің пікірі мен мінез-құлқына әсер ету. Мысалы, іскерлік презентациялар, жарнамалық өтініштер, келіссөздердегі дәлелдер.

5. Эмоционалды-экспрессивті функция – бұл жеке және ұжымдық өзара әрекеттесу кезінде ерекше маңызды болып табылатын эмоциялар мен пікірталас тақырыбына деген көзқарасты білдіру. Мысалы, мотивациялық сөйлеу, ынталандыру, ұжымға үндеу.

6. Сәйкестендіру функциясы – корпоративті мәдениеттің көрінісі, компанияның қарым-қатынас стилі және оның құндылықтары. Мысалы, іскери хат алмасудың стандарттары, корпоративті этикет, көпшілік алдында сөйлеу стилі.

Осылайша, тілдік қарым-қатынас кәсіби өзара әрекеттесудің негізі болып табылады. Оны іскерлік салада сауатты және тиімді пайдалана білу кәсіби құзыреттілікті арттыруға, іскерлік байланыстарды нығайтуға және мансапты табысты дамытуға ықпал етеді.

Іскерлік қарым-қатынас тілге және сөйлеу формасына ерекше көзқарасты қажет етеді. Күнделікті сөйлеуден айырмашылығы, ол қарым-қатынастың анықтығына, дәлдігіне және тиімділігіне қол жеткізуге бағытталған белгілі бір нормалар мен ережелерге бағынады. Осыған байланысты кәсіби ортадағы қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтайтын іскерлік сөйлеу стилі ерекше рөл атқарады.

Іскери сөйлеу стилі – бұл ресми іскерлік салада қолданылатын тілдің функционалды стилі, соның ішінде келіссөздер жүргізу, құжаттарды рәсімдеу, іскери хат алмасу және көпшілік алдында сөйлеу. Ол ұйымдар, қызметкерлер мен серіктестер арасындағы іскерлік қатынастарды орнатуға, дамытуға және қолдауға бағытталған.

Іскерлік сөйлеу стилінің негізгі міндеттері:

- Ақпаратты нақты, тура, дәл беру;
- Құжаттардың заңды және ресми маңыздылығын қамтамасыз ету;
- Іскерлік коммуникацияға қатысушылар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл;

- Кәсіби этика мен қарым-қатынас нормаларын сақтау.

Іскерлік сөйлеу стилі оны тілдің басқа функционалды стильдерінен ерекшелендіретін бірқатар сипаттамаларға ие.

Іскерлік сөйлеу қисынды және дәйекті болуы керек. Іскерлік қарым-қатынастағы логиканың негізгі принциптері:

- Фактілер мен дәлелдерді нақты көрсету;
- Ақпаратты дәйекті түрде ұсыну;
- Қарама-қайшылықтар мен түсініксіз тұжырымдардың болмауы.

Ақпаратты құжаттарда, баяндамаларда және іскери хат-хабарларда құрылымдау өте маңызды. Мысалы, іскери хаттар тақырыпты, кіріспені, негізгі бөлімді және қорытындыны қамтуы керек. Іскерлік сөйлеуде қысқалық пен артық ақпараттың болмауы бағаланады. Күрделі айналымдардан, түсініксіздіктен және артықтықтан аулақ болған жөн. Лаконизмнің негізгі принциптері:

- Қысқа, түсінікті сөйлемдерді қолдану;
- Қосымша кіріспе сөздер мен бұрылыстардың болмауы;
- Мәселенің мәнін тікелей көрсету.

Іскерлік стиль грамматикасы ақпаратты берудің дәлдігі мен қисындылығын қамтамасыз ете отырып, қатаң нормалар мен ережелерге бағынады. Негізгі грамматикалық ерекшеліктері:

1. Күрделі синтаксистік конструкциялардың басым болуы. Іскерлік сөйлеу көбінесе күрделі және күрделі сөйлемдерді қамтиды.

2. Пассивті конструкцияларды қолдану-пассивті формалар ресми құжаттарда және іскери хат-хабарларда кеңінен қолданылады.

3. Сөздердің жалпылануы мен тұлғасыздығы - іскерлік стиль тікелей қарым-қатынас пен жеке есімдіктерден аулақ болады.

4. Инфинитивті құрылымдарды қолдану.

5. Стандартталған грамматикалық құрылымдар - іскери сөйлеуде тұрақты тіркестер қолданылады, мысалы:

Іскерлік қарым-қатынас стилі формальдылыққа, дәлдікке және стандарттауға бағытталған. Іскерлік стильдің тілдік ерекшеліктері ақпаратты берудің дәлдігіне, формалдылығына және тиімділігіне бағытталған. Ол кәсіби лексиканы, стандартталған өрнектерді, күрделі синтаксистік конструкцияларды және ресми іскерлік тонды қолданумен сипатталады. Бұл ерекшеліктер іскерлік қарым-қатынастың айқындылығы мен қисындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе бизнес, басқару және ресми хат алмасу саласында маңызды. Іскерлік қарым-қатынастың тілдік нормаларын сауатты меңгеру табысты қарым-қатынас пен кәсіби мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Іскерлік қарым-қатынастағы сөйлеу стилі тиімді кәсіби байланыстар орнатуда, ұжымды басқаруда, келіссөздер жүргізуде және іскерлік беделді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сауатты құрылған іскерлік қарым-қатынас әріптестік қатынастарды нығайтуға,

түсініспеушілік тәуекелдерін азайтуға және өзара іс-қимылдың өнімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сөйлеу стилін дұрыс қолданбау іскерлік ортада қайшылықты жағдайлар мен түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Іскерлік қарым-қатынастағы сөйлеу стилі қарым-қатынас тиімділігінде, іскерлік имиджді қалыптастыруда және қақтығыстардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Сауатты құрылған Іскерлік сөйлеу нәтижелі өзара іс-қимылға ықпал етеді, серіктестер арасындағы сенімді нығайтады және кәсіби мақсаттарға табысты қол жеткізуге көмектеседі. Табысты ынтымақтастық пен кәсіби дамуды қамтамасыз ету үшін іскерлік қарым-қатынаста дәлдікті, логиканы, ресми және сыпайылықты сақтау маңызды.

Әдебиет

1. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. Қазақ университеті. -Алматы 2014.- 212бет.

2. Утешова А.Ж.Сөйлеу мәдениеті. Оқу құралы. –Шымкент, 2021. -79бет.

ӘОЖ 94(574):9-05

Қазақстандағы жаппай саяси репрессиялар қасіреті

Баширов Е.Е., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются причины и последствия политических репрессий в Казахстане в 30-е годы XX века.

Abstract

The article examines the causes and consequences of political repression in Kazakhstan in the 30s of the twentieth century.

Сталиндік репрессиялар – КСРО тарихындағы ең қайғылы кезеңдердің бірі. Сталиндік режим жылдарында көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері, қоғамның әртүрлі топ өкілдері, тұтас ұлттар мен ұлыстар негізсіз саяси қуғын-сүргінге ұшырап, тұрғылықты жерлерінен күштеп жер аударылды. Сталиндік террор 1930 жылдардың ортасына дейін тек қана «тап жауларына» бағытталса, Орталық Комитеттің 1937 жылғы наурыз Пленумынан кейін жаппай сипат алды. Осы пленумда жасалған «Партия жұмысындағы кемшіліктер және троцкийшілдер мен өзге де екі жүзділерді жою

шаралары туралы» баяндамасында жауларды «түп орнымен құрту», «көздерін жою» деген сөздерді нақты атайды. И.В.Сталиннің «партияға дұшпандар еніп кетті және біздің бейқамдығымыз бен жайбарақаттығымызды жоятын уақыт келді» деген мәлімдемесінен кейін партия ішінде «тазарту» басталады. Мұнда негізінен, Сталиннің жалпы бағытына адалдық танытпаған немесе болашақта опасыздық танытуы мүмкін зиялы қауыммен қатар дін өкілдерін де түп тамырымен құрту мақсат етілді. Кейін осы пленумда сөйлеген 73 адамның 56-сы атылған.

Бастапқыда ПХК назарына патша өкіметінің бұрынғы шенеуніктері, кулактар, кез келген саяси партиялардың бұрынғы мүшелері мен партия ішілік оппозиция, шетелден оралған ақ эмигранттар, саяси қылмысы үшін сотталған адамдар, діни қызметкерлер, шекаралас өлкелердің тұрғындары іліккен еді. Алайда, уақыт өте келе террор ауқымды болды. 1937-38 жылдары, Үлкен террор» деп аталатын кезеңде жасалған осынау заңсыз саяси репрессияның басында Сталин тұрды. Өйткені Сталиндік режим репрессияларды халықты қорқыту және өз билігін нығайту құралы ретінде пайдаланды.

Республика жұртшылығына қысым жасау саясаты 1925 жылы қыркүйекте БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына Ф.И.Голощекиннің келуімен ерекше қатал сипат алды. Оның «Кіші Қазан» саясатының салдары ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға әкеліп соқтырды. Адам құқықтарын бұзу барлық жерде нормаға айналып, колхоздар мен совхоздардың қарапайым жұмысшылары, қызметкерлері азаматтық соғыс кезеңіндегі жиырма жыл бұрынғы әрекеттері үшін сотталды. Осылайша, тарихтағы ең гуманистік қоғамды құруды өзінің мақсаты деп жариялаған жүйе ең қарапайым нормаларды – адамның жеке құқықтарын құрметтеуді өрескел бұзды.

Кеңестік билік жүйесінің саяси қуғын-сүргініне ең алдымен Алаш қайраткерлері тап болды. Кеңестік билік алаштықтарды өзіне қарсы тұрған ықпалды әрі қауіпті күш ретінде бағалап, оларды түп-тамырынан жою керек деп шешеді. 1928 жылдың ортасынан Алаш зиялыларын тұтқындау басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл», «КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды» деген заңсыз жала жабылды. 1928 жылы 44 алашордашы тұтқындалады. Іс бойынша тергеу екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде, яғни 1928 жылғы қазаннан 1929 жылғы шілдеге дейін Қызылорда мен Алматыда, ал екінші кезеңде Мәскеуде жүргізілді. ОГПУ алқасының 1930 жылғы 4 сәуірдегі қаулысымен 44 сотталушының 13-і ату жазасына кесілсе, 7 адамның ату жазасы концлагерьге 10 жыл түрмеге жазасын өтеумен ауыстырылды, 15 адам – үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Тергеу барысында екі сотталушы қайтыс болды [1,344,345]. 1931 жылы қаңтарда КСРОО ГПУ алқасы 1930 жылғы 4

сәуірдегі қаулысына оралып, айыпталушыларға жазаны жеңілдетті. Олардың 28-і ақталды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Бірімжанов, Есполовқа қатысты ату үкімі оларды концлагерьге 10 жыл мерзімге қамаумен ауыстырылды. Алаш орда зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратудың бірінші кезеңінің негізгі қорытындылары осындай болды. Қарсыластарының бірінші тобына шабуылды сәтті аяқтағаннан кейін, Голощекин тиісті органдарға Алашорда зиялыларын түпкілікті талқандауды және сонымен бірге олардың қазақ халқының санасына әсерін жоюға бұйрық береді.

Ұлттық зиялылардың екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і Ресейге жер аударылды. Осы жылдың 20 қарашасында Алматыдағы ОГПУ түрмесінде қазақ ұлтшылдығы туралы №2370 іс бойынша 40-қа жуық адам отырды. Олардың ішінде М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, А.Ермеков, Ж.Ақпаев, М.Әуезов, Қ.Кемеңгеров және басқа да танымал қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, ағарту қызметкерлері және т. б. болды.

Оларға тағылған айыптардың сипаты бірінші топпен бірдей болды. Айыптау жазбасында 1921-1922 жылдары жасырын контрреволюциялық ұйымдарға қатысы, З.Валидимен, басмашылықпен байланысы, Қазақстандағы жерге орналастыру, бай мүлкін тәркілеу, шаруашылықтарды ұжымдастыру және мал дайындау бойынша кеңестік науқандарды бұрмалауға және бұзуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру, осы мақсатта Кеңес аппаратының басшы қызметкерлерін пайдалануға ұмтылу, кеңес үкіметін құлату үшін қарулы көтеріліс дайындауға қатысу сияқты айыптаулар тағылды [1,346].

Бірінші топтан айырмашылығы, қазақ ұлтшылдары туралы №2370 тергеу ісі басынан аяғына дейін Алматы қаласында жүргізілді, тек сотталушыларды жазалаудың түпкілікті шарасын анықтау Мәскеудегі ОГПУ бас мекемесінің қатысуымен шешілді. Алайда, бұл жолы да айыпталушылардан жауап алу біржақты жүргізілді. Айыпталушылардың көпшілігі жауап алмай немесе нақты айып тағылмай бірнеше ай бойы ОГПУ камераларында отырды. Ақырында, бір жылдан аз уақыт қамауда ұсталғаннан кейін 20 адам босатылды және бұл айыпталушыларға қатысты тергеу іс бойынша жиналған дәлелдердің жеткіліксіздігінен тоқтатылды.

Қалған жиырмасының айыптау қорытындысы Қазақстандағы ОГПУ үштігіне бекітуге берілді. Үштіктің 1932 жылғы 20 сәуірдегі шешімімен 15 адамның концлагерьде бес жылға бас бостандығынан айыру жазасы сол мерзімге Ресейдің Воронеж облысына жер аударумен ауыстырылды. Олардың қатарында М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, М.Мурзин, Ж.Ақпаев, С.Қадырбаев, Ж.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, Ж.Кудерин және т.б. болды. А.Ермеков және М.Әуезов концлагерьге үш жыл мерзімге шартты түрде бас

бостандығынан айырылды. Қалған үшеуі Б.Сүлеев, Б.Омаров және Д.Исхаков қамаудан босатылды [1,347].

1935 жылдан бастап И.В.Сталиннің сөйлеген сөздері мен директиваларында антикеңестік элементтерге қарсы аяусыз күресу туралы бастамаларын бірнеше рет кездестіруге болады. Сталин КСРО социализмге қарай ілгері жылжыған сайын дұшпандық элементтер азайып қана қоймай, социализм ісіне одан бетер зиянын тигізетінін және мұндай элементтермен күрес соншалықты аяусыз болуы керектігін мәлімдеді. «Үлкен террор» кезінде жиырмасыншы жылдардың аяғымен салыстырғанда «халық жауларын» табуда нақты іс-әрекет күшейді.

КСР Одағы Ішкі істер халық комиссары, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бас комиссары, БК(б)П ОК жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Н.Ежовтың 1937 жылғы 30 шілдеде құпия түрде шығарған №00447бұйрығы қуғын-сүргін науқанын бастап берді. 400 мыңнан астам адамды ату жазасына кескен «кулак операциясы» басталды. Бұл науқан 5 тамызда басталып, төрт айдың ішінде аяқталуға тиіс болатын. Осы бұйрық бойынша ұсталғандардың тізімі бірінші және екінші санат деп бөлінген. Соның біріншісі ату жазасына кесілгендер, ал екіншісі – 10 жыл және одан жоғары мерзімге қамалатындар. Өңірлердің басшылары осы екі өлшемдегілердің тізімдерін арттыруды сұраған. Сол кездегі Қазақстанның басшысы, республика партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянның өз қолымен бірінші топтың лимитін 600 адамға, екінші топты 1000 адамға арттыруды сұрап, Сталинге өтініш жазған құпия хаты сақталған [3]. 1937 жылы «Халық жауын» анықтау мәселесі де арнайы нұсқаумен жүргізілген. Мирзоянның лимитін орындауда бірін-бірі аңду, бірінің үстінен екіншісінің жала-арыз жазуы өршіді.

Аталған бұйрық өзінің ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған террорлық науқанға серпін берді, ол келесі екі жылда бүкіл кеңес қоғамын шарпыды. Сталиндік террор қоғамның барлық саласына дерлік әсер етті. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың ішінде тергеушіге жауабында болып жатқан оқиғалардың мәнін дұрыс түсініп қана қоймай, бұл туралы ашық және батыл сөйлегендері де болды. Солардың бірі Ф.И.Голощекиннің және Қазақстандағы тоталитарлық режимнің қарсыласы әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері Ыдырыс Мұстамбаев болды. Жыл сайын ондаған мың адамдардың түрмеге тоғытылып жатқанын, олардың көпшілігі ешқашан саяси күресті білмегенін, соған қарамастан Кеңес үкіметін құлатуға тырысып, Отанына опасыздық жасады деп айыпталып жатқанын ашық айтады. 1933 жылдан бастап 1937 жылы атылғанға дейін түрмеде отырған ол өзіне тағылған жалған айыптауларды мойындаудан бас тартты [2,4,5]. Ы.Мұстамбаев ең жоғары жазаға кесілді.

Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілген. Осы науқанда КСРО бойынша алғанда екі жылдың әрбір тәулігінде орта есеппен 1200-1300 адамды атып отырған. Мұндай қылмыс адамзат тарихында болмаған еді. 1930-50-ші жылдардағы тоталитарлық жүйенің қасіретін елдегі әрбір отбасы дерлік басынан кешірді. Бұл ХХ ғасырдағы адамзаттың нағыз трагедиясы болды.

Әдебиет

1.Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.

2.Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане (Сборник документальных материалов 20-50-х годов ХХ века) Сост. : М.К.Койгелдиев, В.И.Полулях, Ш.Б.Тлеубаев. - Алматы: «Алаш» баспасы», 2013. - 384 с.

3.Үлкен террор// <https://egemen.kz/article/159073-ulken-terror>

ӘОЖ 94(574)

Алаш партиясының бағдарламасы: ұлттық идеялар

Мұратбекұлы Мейрамбек, магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье проведен анализ актуальных проблем программы партии «Алаш».

Abstract

The article analyzes the current problems of the Alash party program.

ХХ ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. 1905-1907 жылдарғы тұңғыш буржуазиялық-демократиялық революция қазақ халқының саяси санасының оянуына, отарлық езгіге қарсы бағытталған әлеуметтік-саяси күштің қалыптасуына жол ашты. Сонымен бірге қазақ зиялыларының саяси белсенділігін оятты. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және басқа да қайраткерлер патша мен Үкіметке жолданған петициялармен жеделхаттардың авторлары, аудармашылары мен ұйымдастырушылары болды. Ең танымал

петиция 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жасалды. Мәдени және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру туралы өтініштермен қатар бірінші кезектегі талаптар қазақтардың жерлерін келімсектерге беруді тоқтату, қазақтардың жерді иелену құқығын растау, сондай-ақ жергілікті әкімшілікпен сотты жақсарту болды. Бұл ережелер кейіннен «Алаш» бағдарламасының негізін қалады.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін кеңес билігін жер-жерлерде орнату қиын да күрделі процесс түрінде өткен еді. Бұл кезеңде большевиктерге қарсы күресті ұйымдастыратын күштердің алауыздықтарына байланысты ұлттық аймақтардағы демократиялық күштер мен олардың саяси ұйымдары өздеріне одақтастарды тиімсіз жағдайда іздеуге мәжбүр болды. Д.А.Аманжолова ол туралы «...ұлттық коммунистік ұйымдардың болмауы, жергілікті жерлерде большевиктердің атын жамылған «ерекше диктаторлық билік», шет аймақтардағы большевиктік қозғалыспен қатар жүрген зорлық, тонау және қызмет бабын пайдалану, «толық анархия» Алаш қозғалысын антисоветтік күштердің лагеріне итермеледі» деп көрсетеді [1,40]. Алаш зиялылары арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан-ақ қолдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан емес, тіпті Ресейдің өзіне де азапты болашақ әкелетін бағыт болатын.

1917 жылғы қараша айында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Жобаны жазушылар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев және Ғазымбек Бірімжанов болды. 10 бөлімнен тұратын бағдарламада қазақ даласының өзекті мәселелері: сөз бен баспасөз бостандығы, жиналыс еркіндігі, тең құқықтық негізде білім беру, оқу орындарында ана тілінде оқыту, дін ісінің мемлекет ісінен бөлінуі, билік пен сот, ел қорғау, салық және т.б. қарастырылды.

1917 жылғы большевиктік революцияға дейін «Алаш» қозғалысының жетекшілері мемлекеттік тәуелсіздік мәселесін аса сақтықпен көтерді, қазақ облыстарына жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, земстволық өзін-өзі басқаруды беру, сот ісін жүргізу, әскери міндеттерді орындау құқығын беру талаптарымен ғана шектелді. Ал Ресейдің федеративті демократиялық республика деп жариялануы жағдайында тиісінше осы Федерация құрамындағы қазақ халқына мемлекеттік автономия беру туралы мәселені айқын көрсетеді. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайда Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді.

Бағдарлама жобасының «Мемлекет қалпы» деп аталатын бірінші бөлімінде Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетілді және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік берілді. Демократия – халық билігі, ал федерация

өзара тең мемлекеттерге бірлесу. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Яғни, өзін-өзі басқаратын тең құқықты мемлекеттер одағы.

«Алаш» партиясы ұсынған бұл идеяда іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративті әрі демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді. Алғашқы уақытта Қазақстанның болашақ Ресей федеративтік республикасы құрамындағы автономия ретінде болжануы түсінікті еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмай шықты. Ресейде демократиялық билік сақталмады.

Бағдарламада «Алаш» партиясы өзінің күшін халықтың әлауқатын арттыруға бағыттайтынын көрсетті. Шамамен сол көзқарастан салық салу мәселесін шешу қарастырылады: «салық салу мүліктік жағдайы мен кірісіне байланысты әділ жүзеге асырылады, яғни бай көп төлейді, кедей аз төлейді». Жұмысшылардың құқықтары арнайы заңдармен қорғалатыны туралы мәселеде «Алаш» партиясы социал-демократтардың (меньшевиктер) бағдарламасын жақтады. Қазақ жерінде зауыт, фабрика аз, соған байланысты қазақтың жұмысшылары да аз. Ал бар жұмысшылар заң панасында болады» деп көрсете отырып жұмысшы заңдарын даярлау қажеттілігін айтады.

Алаш қайраткерлері ең алдымен большевиктердің қоғамдық меншікке көшу идеясын үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Өйткені олардың ойы бойынша, қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін емес-тін, тіптен ондай әрекет, біріншіден, оны қабылдауға мүлдем даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасындағы түсінбеушілік туғызса, екіншіден, әлеуметтік теңдік орнатудан бұрын, әлеуметтік апатқа апаруы толық мүмкін еді. Дәстүрлі шаруашылық түрінің бұзылуы, қазақ шаруаларының, жалпы қоғамның қоғамдық меншікке негізделген шаруашылық жүргізуге қай жағынан болса да даярлығының жоқтығы осындай нәтиже бермей қоймайды деп түсінді. Қазақ зиялылары большевиктердің тап күресі туралы теориясын да қолдамады. Олардың түсінігі бойынша, қазақ қоғамы Ресейдегідей таптық жіктелу деңгейінен алыс жатты. Ал сол тарихи кезеңде «отарлық езгідегі қазақ жұртына қандай да болса жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдде негізінде бірігу ауадай қажет еді. Жіктелу керісінше, оны әлсіретіп, негізгі мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді деп түсінді» деп пайымдайды М.Қ.Қойгелдиев [2,26,27].

Бағдарламада мемлекетті басқарудан қандайда бір әлеуметтік топтарды шектеу туралы мәлімет кездеспейді. Олар әлеуметтік теңдік мәселесінде жалпыұлттық мүдде, гуманизм тұрғысынан келетіндігін көрсетіп: «Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етуге көңілді адамдар болуын жаһид қылады. Земстволар управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады дейді. Ондай шараларды күн тәртібіне қоюдың өзі қазақ қоғамын бөлініп-жарылуға апаратын.

Сондықтан да қазақ зиялылары сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескерген деп айтуға толық негіз бар.

Бағдарламаның антифеодалдық сипаты, әсіресе оның «негізгі құқық», «ғылым-білім үйрету» сияқты тарауларынан анық байқалған еді. «Русия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болады.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік. Үкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық. Законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық. Сот сұрамай, билік етілмей, тұтқын қылмаушылық. Қылмысты болған адам судия (судья) бар жерде 24 сағат ішінде, судиясыз жерде бір жетіден қалмай судияға тапсырып жауап алса, судия үкімімен жабылу. Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу».

Дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлы принципке сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді. «Дін ісі» бөлімінде «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балағаат қою сияқты істер моллада болу Жесір дауы сотта қаралу» мәселелері айқындалды [3.20,21]. «Алаш» партиясының бағдарламасына сәйкес, Қазақ автономиясы зайырлы мемлекет болуға тиіседі. Дін мемлекеттен бөлінеді. Сонымен бірге барлық азаматтарға діни сенім бостандығы беріледі. Бағдарламаның 2-ші бөлімінде «Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу» деп жеке мемлекет болудың маңыздылығы көрсетілді. «Алаш» партиясының бағдарламасынан қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысы байқалады. Алаш зиялыларының басты мақсаты, яғни тәуелсіз мемлекет құру бастамасын нақты көрсетті.

Алаштанушы ғалым М.Қ.Қойгелдиев Совет өкіметіне балама билік Алашорда үкіметі болды деп тұжырымдайды. Алаштықтардың жасаған бағдарламасы қазақ қоғамына қатысты большевиктердің қолында да болмағанын айтады.

Біріншіден, өз бағдарламаларына сәйкес алаштықтар поляктар немесе финдер сияқты Ресейден бөлініп, дербес мемлекет құратынын мәлімдеген жоқ. Олар егер Ресей Демократиялық Федерациялық мемлекеттік құрылымға көшсе, қазақ қоғамы оның құрамында автономия түрінде болатындығын жобалады.

Екіншіден, алаштықтар қоғамдық дамуда еуропалық жолды, яғни демократиялық және рыноктық құндылықтарды ұстанатындықтарын өз бағдарламаларында ашық жария етті. Басқаша айтқанда, ұлт тарихындағы бұл буын ұлт өмірін бейбіт эволюциялық жолмен реформалау ұстанымында тұрған буын болатын.

Үшіншіден, Ә.Бөкейханов пен оның серіктері өздерін ұлы орыс мәдениетіне жақын тұрғандықтарын, тіптен осы жолда өздерін шәкірт санайтындықтарын ылғи да ескертіп отырды. Қазақ қоғамында орыс әдебиеті мен мәдениетінің озық үлгілерін насихаттау жолында тұрды [4] деп атап көрсетеді.

Айта кету керек, ұлттық саяси элитаның мақсатты қызметі өз нәтижелерін берді. Екінші жалпы қазақ съезінде (1917ж. желтоқсан) Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылданып, «Алаш Орда» Үкіметі сайланады. Осылайша, ұлттық өмір қайта жанданады. Бұл кезең қазақ халқының бір тұтас ұлттық-территориялық мемлекет болып аз да болса өмір сүрген тарихи уақыты болып саналады. Алайда, халық өміріндегі бұл табиғи және қалыпты өзгерістерге жалпы империялық күштердің өрескел араласуы олардың өмірін қысқа етті.

Әдебиет

1. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш /Послесл. Ю.А. Полякова; Ассоц. исследователей рос. общества XX в. – М.: Изд. центр «Россия молодая», 1994. –

2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы: Санат, 1995.

3. Төлепберген Болатбек. Алаш жолы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: 2017 – 240 б.

4. Мәмбет Қойгелдиев: Қазақстандағы советтік билік баламасыз билік пе еді? <https://qazaquni.kz/alash/82956-maembet-qojgeldiev-qazaqstandaghy-sov>

ӘОЖ 94(574):32.

Облыстық қазақ съездері: ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыруы

Кулжумырова Г.З., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье анализируются актуальные вопросы, обсуждавшиеся на областных казахских съездах и их роль в созыве первого Всеказахского съезда.

Abstract

The article analyzes the current issues discussed at the regional Kazakh congresses and their role in convening the first All-Kazakh Congress.

1916 жылғы оқиғалар патшалық Ресей билігінің қазақ қоғамының еркін дамуының кепілі бола алмайтынын дәлелдеген еді. 1917 жылғы ақпанда патша үкіметінің құлатылуымен бірге қазақ қоғамында тәуелсіз ұлттық мемлекет құруға деген үміт пайда болды. Ақпан төңкерісі қазақ зиялыларының тізе қосып іс-қимыл жасауына ықпал етті. Қазақ зиялылары Мемлекеттік Думада жұмыс істеп жүріп, біраз тәжірибе жинақтаған еді. Нәтижесінде облыстық, уездік, болыстық, жалпы қазақ съездерін өткізіп, мемлекеттік биліктің бастапқы органдарын қазақ комитеттерін құрды. Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысына сайлауды сәтті өткізіп, демократиялық жолмен Уақытша үкіметті сайлады. Қазақ зиялыларының қызметінің ең маңызды нәтижесі, әрине, ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту әрекеті еді.

1917-1918 жылдары, яғни революциялық өзгерістер кезеңінде 68 қазақ съезі өткен [1]. 1917 жылдың көктемінде қазақ даласындағы саяси белсенділік күшейеді. Осы жылдың сәуір-мамыр айларында жалпы халықтық талқыға салыну керек деп есептелген мәселелерді қарау үшін бүкіл Қазақстан бойынша облыстық және уездік съездер өткізіледі. Облыстық қазақ съездерін бастап берген 1917 жылдың 2-8 сәуір аралығында А.Байтұрсыновтың төрағалығымен Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезі еді. Оған делегат есебінде 300 адам қатысады. Съезге Торғай облысының комиссары қызметіне бекітілген Ә.Бөкейханов та қатысады. Съездің күн тәртібінде 13 мәселе, атап айтқанда жер - жердегі азаматтық мәселелер, жалпықазақтық және жалпы мұсылмандық съездер, мемлекеттік басқару формалары мен құрылтай жиналысы, дін басқармасы, аграрлық мәселе, сот, земство, баспасөз, почта, қоғамдық қаражат, уездік бастықтар мен зиянды шенеуніктер, соғысқа көзқарас, қазақтарды тыл жұмысына шақыруға байланысты Торғай облысында болған оқиғалар қаралды. Облыстық съездердің ішінде Торғай съезі көлемі мен қабылданған шешімдері бойынша айрықша ерекшеленді.

Съезд шешімдерінде «Алаш» қозғалысының бағдарламалық талаптары өз көрінісін тапты. Ол мемлекеттік құрылыс жөнінде кеңесе келіп, «Ресей мемлекеті демократиялық, парламенттік, қатаң бір орталыққа бағынбаған республика болсын» деген тоқтамға келеді. Ал бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан санына қарай депутат сайлауын, сайлауға әйелдердің де қатынасуын қолдайды. Съезд үкімет орындары - ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу туралы қаулысында оларды құру жолдарын көрсетіп, ескі биліктің өз өкілдігін жаңа сайланған атқару комитеттеріне өткізу тәртібін, сондай-ақ жаңа билік орындарының жұмыс ретін белгілеп берді [2,278]. Торғай облыстық қазақтарының съезінде қабылданған тағы бір маңызды шешім – бірінші жалпықазақ съезінің шақыру орны мен күнін белгілеу және бағдарлама жасау міндеті жүктелген

Ә.Бөкейханов басқаратын «арнайы ұйымдастыру бюросын» құру мәселесі болды. Осы жылдың 13 сәуірінде Орынборда Ә.Бөкейхановтың басшылығымен барлық халық күштерін біріктіру, оның қажеттіліктерін нақтылау және талқылау мақсатында жалпы ұлттық съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының отырысы өтеді [3,117].

Торғай облысы қазақтарының екінші съезі 1917 жылдың 20-25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында өтті. Съезге 150 делегат қатысып, төрағалығына М.Есболов сайланады. Съезде қаралған ең өзекті мәселелер: мемлекет билеу түрі, жер мәселесі, земство, оқу мәселесі, сот ісі, рухани-діни іс, әйел мәселесі, Бүкіл ресейлік мұсылман кеңесі т.б. Съезд облыстағы қазақ халқын басқару үшін ұлттық-территориялық қазақ автономиясын енгізуді талап етті, қазаққа өз алдына ұлттық саяси партия құруды қажет деп тапты, әйел мәселесін шешуді мұсылман діни жиналысына тапсыру керектігін айтты. Қорыта айтқанда, Торғай облыстық қазақ съездерінде заман ағымындағы өзекті мәселелер талқыланып, белгілі бір дәрежеде нақты іс-әрекеттерге қол жеткізілді [2,279].

Торғай облыстық съезінің маңыздылығы оның қазақтың ұлт зиялыларының басын қосқан алғашқы жиын болуымен қатар қазақ саяси партиясын құру үшін жалпыұлттық съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросын сайлауы еді. Шын мәнінде, съезде өзінің аздығына қарамастан қазақ зиялылары ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту мәселелерін шешу ауыртпалығын өз мойнына алуға қабілетті екенін көрсетті.

Ә. Бөкейхановтың қазақ қоғамын дамыту мәселелері жөніндегі идеялары басқа облыстық съездердің шешімдерінде де көрініс тапты. Жетісу облыстық съезі Верный қаласында 1917 жылдың 12-23 сәуірі аралығында өтті және қатысушы делегаттардың саны салыстырмалы түрде аз болды (81 делегат). Бұл, ең алдымен, облыста сақталған әскери жағдай режиміне байланысты еді. Съездің ашылуына әскери шенділердің қатысуы осы жағдайдың көрінісі болатын. Съезде 17 мәселе талқыланды. Торғай облыстық съезінен айырмашылығы Жетісу съезі соғыс және Уақытша үкімет және Қытайдан босқындарды қайтару жолдары туралы мәселелерді қарастырды.

1917 жылғы 19-22 сәуірдегі Жаһанша Досмұхамедов төрағалық еткен Орал облыстық съезі басқалардан тек қатысушылардың санымен (800 адам), 23 мәселенің күн тәртібіне қойылуымен ғана емес, сонымен бірге оларды құқықтық өңдеу дәрежесімен де ерекшеленеді. Шын мәнінде, делегаттар қазақ автономиясының қалыптасуы мен ұлттық үкімет және өзінің саяси партиясын құру мәселелерін құқықтық түсіндірудің негізін қалыптастырды.

Съездің қарарында: «қазақ халқы демократиялық республика идеясын қолдайды, ерекше федеративтік-демократиялық құрылымды жақтайды... аз халықтардың өз келешегін өзі анықтауына құқығы

бар» екендігі атап көрсетілді. Жер мәселесі жөнінде: «облысқа сырттан қоныс аудару тоқтатылсын, жерді бөтенге беру тоқтатылсын, қазақ жерлерін ешкім тартып алуына жол берілмейді, арендаға берілмейді, салық қаржылары қазақтардың пайдасына қалдырылсын, ал бұрын қоныс аударып келгендер сол жерлерге иелік ете берсін, қазақтар олармен тату көршілік жағдайда тұратын болсын» деген қағидалар жазылды. Орал облыстық қазақ съезі өз жұмысының үшінші күні облыстың қазақ аудандарын басқаруды қайта ұйымдастыру және тиісінше «Орал облысының Дала бөлігін басқарудың Уақытша ережелерін» қабылдау туралы Жаханша Досмұхамедовтың арнайы баяндамасын тыңдады. Бүгінгі таңда «уақытша ережелер» болашақ қазақ мемлекетінің әкімшілік құқығының негізін қалады деп айтуға болады [4,69].

1917 жылғы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Омбы қаласында заңгер Айдархан Тұрлыбаев төрағалық еткен Ақмола облыстық қазақ съезі өтті. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысты. Съезде соның алдында ғана өткен Орынбор және Орал қазақ съездерінің қараған мәселелері мен қабылдаған құжаттары талқыланды. Атап айтқанда: Қазақстанның барлық аймақтарында билікті қолына алатын қазақ комитеттерін құру, жалпықазақтық және жалпымұсылмандық съездер өткізу, Ресей Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау, халыққа білім беру, қаржы, дін, әйел, земство қызметі мәселелеріне тоқталды. Қорытынды мәжілісте он адамнан Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды.

Қорыта айтқанда, облыстық қазақ съездері жалпыұлттық саяси партия және автономия түріндегі қазақтың ұлттық мемлекеттілігін құрудың саяси-құқықтық негізін қалап берді. Облыстық және уездік съездердің жалпы бағыты «Қазақ» газетімен үндес болды және Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарастарының желісі сезіліп тұрды. Облыстық қазақ съездерінің барлығында қазақ қоғамында өзекті болып тұрған мәселелер қаралып, оны шешу жолдары қарастырылған және осы мақсатта қазақ зиялыларының стратегиялық міндеттерін, бағыттарын белгілеп берді. Мемлекеттіліктің бастауы болған Қазақ комитеттері және қазақ съездері ұлттық зиялы қауымның жетекшілік рөл атқара алатындығын көрсетті. Қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы қадамы осы съездер болды.

Әдебиет

1.105 жыл бұрын: Алаш арыстары сәуір айында не істеді?//<https://e-history.kz/kz/news/show/33549>

2.Алаш қозғалысы. Кұраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008-324 б.

3. Аманжолова Д. А. Партия Алаш: история и историография / Д. А. Аманжолова. - Семипалатинск, 1993. - 137 с.

4. Григорьев В.К., Панфилов А.В. Областные казахские съезды весны 1917 г. // Научные труды Адилет, № 1 (5), 1999

ӘОЖ 94(574):9-05

**Ресейдің бірінші және екінші Мемлекеттік Думаларындағы
қазақ депутаттарының қызметі**

Кулмурзаева Т.Б., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье проведен анализ деятельности казахских депутатов в первой и второй государственных думах России и поднятых ими вопросов.

Abstract

The article analyzes the activities of Kazakh deputies in the first and second state Dumas of Russia and the issues they raised.

XX ғасырдың басында Ресейдің қоғамдық-саяси өмірінде елеулі оқиғалар болды. Олардың ішінде буржуазиялық демократияның қалыптасуы мен дамуының алғашқы қадамдары үлкен қоғамдық мәнге ие болған еді.

1905 ж. 9 қаңтарда Санкт-Петербургтегі «Қанды жексенбі» оқиғасынан бастау алған бірінші орыс революциясында жағдайдың өрши түсуі Ресей патшасын 17 қазанда манифест жариялауға мәжбүр етті. «Бостандық манифесі» атанған бұл құжаттың конституциялық монархияны заңды түрде бекітуі нәтижесінде біршама демократиялық бостандық негіздері жүзеге асырылды. Бірінші орыс революциясы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес ең алдымен патшаға, отарлық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер Оралдан, Қарқаралыдан, Жетісудан, т.б. жерлерден келіп жатты. Қазақ зиялыларының тікелей араласуы нәтижесінде жазылған бұл петицияларда қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған талап-тілектер баяндалды.

Сол кездегі ерекше маңызды қоғамдық-саяси оқиға Мемлекеттік Думаның шақырылуы болды. Жоғарғы заң шығарушы органның он екі жыл ішіндегі (1906-1917) қызметі Ресей тарихында және оның құрамындағы халықтардың өмірінде елеулі із қалдырды. Мемлекеттік Дума империяның құрамына кірген әртүрлі халықтардың мүдделерін ескеретін өкілді орган ретінде құрылды. Бұл қоғамда реформалар мен тұрмыс жағдайын жақсарту талаптары күшейген кезең еді. 1906 жылы 27 сәуірде Санкт Петербургтегі Таврия

сарайында Ресей империясының Бірінші Мемлекеттік Думасы өз жұмысын бастады.

Бірінші Мемлекеттік Дума – Ресейдегі мемлекеттік басқарудың конституциялық-монархиялық жолға түсуін әйгілеген заң шығарушы жоғары өкілетті билік органы болды. 1906 ж. 27 сәуірден 9 шілдеге дейінгі аралықта, 72 күн қызмет етті. Жиынға негізінен, кадет, социал-демократия, трудовик партияларының мүшелері қатысты. Думаның төрағасы болып С.А. Муромцев, төрағаның серіктері қызметіне княз Долгоруков және Гредескул, хатшылығына княз Шаховский сайланды. Бұл қайраткерлердің бәрі де сол кездегі орыс қоғамында аса беделді азаматтар еді. Олар мемлекеттің бұлыңғырланған халіне шындап жаны ауырғандар санатында болатын [1,6].

Халықтың әртүрлі топтарының өкілдеріне алғаш рет заң шығару процесіне қатысу мүмкіндігі берілді. Депутаттардың құрамы Ресей мемлекетінің әлеуметтік және этникалық құрамының күрделілігін көрсетті. Парламент қабырғасында партиялық негізде құрылған фракциялардан басқа аумақтық-таптық немесе ұлттық-конфессиялық негізде құрылған бірнеше депутаттық бірлестіктер жұмыс істеді. Солардың ішінде украин қауымдастығын, казак депутаттары тобын, автономистер фракциясын, белорус-литва-поляк тобын және т.б. атап айтуға болады.

Бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттарды сайлау жұмыстары 1906 жылдың ақпан-наурыз айларында жүргізілгенімен, казак даласындағы сайлау кешіктіріліп өткізілді. Оның үстіне Дала облыстары мен Түркістан өлкесіндегі тұрғындар үшін Жалпы сайлау заңдарынан бөлек Ерекше ережелер шығарылып, аталған аймақтағы халықтың сайлауға түсу мүмкіндіктері шектеле бастады. Соның әсерінен, жергілікті мыңдаған тұрғындары бар әр облыстан тек бір-бір депутаттан сайланады. Қазак халқының арасында депутаттыққа сайлау жұмыстарының өткізілуін Ә. Бөкейханов өз естелігінде сынға алған болатын. Ол барлық казак даласындағы сайлаулардың ең соңғы уақытқа қалдырылып, тіпті Жетісу облысындағы сайлаудың Бірінші Мемлекеттік Думаның таратылу күніне дейін жүргізіліп үлгерілмегендігін атап өтеді [2,36-39]. Сонымен қатар, Дала облыстарындағы сайлау мамыр-маусым айларында, яғни, Петербургтағы Дума өз жұмысын бастап кеткен кезде өткізіледі. Қазак даласындағы сайлаулар әртүрлі себептерге байланысты өткізілмей немесе кешіктіріліп өткізілгеннің өзінде де казак халқының өкілдері Думаның жұмыстарына қатысуға ынталылық танытып, өз халқының мүдделерін қорғауды мақсат тұтты.

Бірінші Мемлекеттік Думаға казак өкілдерінен 4 депутат Бірімжанов (Торғай облысы), Қалменов (Орал облысы), Ә. Бөкейханов (Семей облысы), Ш. Қосшығұлов (Ақмола облысы) сайланды [3,36-39]. Алайда, казак депутаттарының ішінде Бірімжанов пен Қалменов қана Дума жұмысына қатыса алды. Дума мүшелері

қатарында қазақ жерінен тысқары өңірлерден сайланған С. Жантөрин (Уфа губ.) мен Д. Тұндыт (Астрахан губ.) сияқты қазақ азаматтары да болды. Қазақ депутаттары Думадағы мұсылман фракциясы құрамында қызмет етті.

Бірінші Мемлекеттік Думада ірі фракцияны кадеттер құрады. Кадеттерді ұлттық аймақтардың депутаттары да қолдады. Думаның құқығын кеңейту, саяси кешірім жариялау жөніндегі кадеттердің ниеті Ресей патшасы тарапынан қолдау таппады. Оған жауап ретінде Дума патша билігін тоқтатуды талап етті. Жер мәселесін талқылау өте тартысты жүрді. Бірінші Дума Николай патшамен, оның жүргізген саясатымен ымыраға келе алмай жағдай шиеленіскен соң, 9 шілдеде патша жарлығымен таратылды. Дәл сол күннің кешінде Думадағы оппозицияның 182 өкілі (кадеттер, трудовиктер, меньшевиктер) Выборг қаласында жиналып, Манифест дайындап, оған өздерінің қолдарын қойды. Олардың арасында Ә.Бөкейханов та бар еді. Сол үшін ол келесі Думаға сайлану құқығынан айрылып қана қойған жоқ, сонымен бірге жауапқа тартылып, абақтыға жабылады. Сөйтіп, халық бұқарасының назарын алаңдату үшін шақырылған бірінші Мемлекеттік Дума оның үміттерін ақтамады.

Екінші Мемлекеттік Дума – 1907 жылы 20 ақпаннан 3 маусымға дейін жұмыс жасаған 103 күн ішінде 2 рет сессия ашып, 53 мәжіліс өткізді. Қазақ халқынан Думаға сайлау 1905 жылы 11 желтоқсандағы сайлау заңы бойынша жүргізілді. Думаға Қазақстаннан 14 депутат, олардың 6-ы қазақ ұлтының өкілдері: молда Ш.Қосшығұлов–Ақмола облысынан, би Х.Нұрекенов–Семей облысынан, адвокат Б.Қаратаев–Орал облысынан, сот тергеушісі А.Бірімжанов–Торғай облысынан, Т.Алдабергенов–Сырдария облысынан, қатынас жолдары инженері М.Тынышбаев–Жетісу облысынан сайланды.

Негізгі пікір тартысын тудырған мәселелердің бастысы аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. Әсіресе, депутаттар Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Ш.Қосшығұлов, Х.Нұрекенов өте белсенді түрде, заң шеңберінде патша өкіметінің қоныс аудару саясатына қайткенде бір ықпал етуге тырысты. Мәселен, 1907 жылы 17 мамырда депутаттық сауалға байланысты жарыссөзде депутат Б.Қаратаев сөйледі. Ол өзінің сөзін қазақ халқы үшін ең маңызды іске айналған жер мәселесіне арнады: «Үкімет, біріншіден, Ресей ішіндегі помещиктер мүддесін, яғни, 130000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына қазақ жерлерін тартып әперіп отыр. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтан-ашық ұлы державалық, шовинистік негізде жүргізілуде. Соның нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері қазақтарды «орныққан орындарынан, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысып отыр». Әрине, бұл сөз іс жүзінде патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясатын жергілікті халықтың атынан

әшкерелеу еді. Б.Қаратаев орыс халқының еңбекші бұқарасы мен зиялы қауымын қазақ елінің осындай ауыр жағдайына көңіл аударуға шақырды.

Патша үкіметі 1907 жылдың 3-маусымында шығарған заңымен екінші Мемлекеттік Думаны да таратып жіберді. Бұл құжат, сонымен бірге, сайлау Заңына өзгерістер енгізді. Патша үкіметі Қазақстан мен Түркістанда отарлау саясатын жүргізе отырып, Думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын өзіне қолайлы деп тапты.

Ресейдің бірінші және екінші Мемлекеттік Думаларындағы қазақ депутаттарының қызметі егемендік, тәуелсіздік туралы ұлттық ойлардың, сондай-ақ қазіргі Парламенттің тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Ресеймен қатар бүгінгі Қазақ елінің де парламентаризм тарихы Мемлекеттік Думаның I-шақырылымы жиналған 1906 жылдың сәуірінен бастау алады. Алаш қайраткерлері халқының ұлттық мүддесі үшін күресін 1905 жылдан 1917 жылдың ақпан төңкерісіне дейін тұңғыш Ресей парламентінің аясында жүргізді. Қазақ депутаттары – Алаш қозғалысының өкілдері қатысқан Мемлекеттік Думада қазақ қоғамының отаршылдық жағдайын жеңілдететін заңдар қабылданбады. Алайда қазақ зиялыларының саяси күресі мұнымен біткен жоқ. Қазақ белсенділері үшін Дума жұмысына қатысу және оның қызметіне байланысты саяси іс-шаралар назардан тыс қалмады. Олар ең алдымен өз мүдделері үшін күресте баға жетпес тәжірибе жинақтап, басты мақсаттарға жету үшін саяси ұйым – партияда, одан кейін Алашорда үкіметінде бүкіл халықтың белсенділігі, мақсатты іс-әрекеті мен саяси бірлік қажет екенін түсінді. Сонымен қатар империя жағдайында Дума сияқты «өкілетті» орынның, ең алдымен, империялық мүдделерге қызмет жасайтындығына көздерін жеткізді. Басқа халықтар сияқты мемлекеттік саясатта өз үнін естіп, мүдделерін ескеруге ұмтылды.

Әдебиет

1. Государственная Дума в России (1906—1917): Обзор / РАН, ИНИОН; Ред. Твердохлеб А. А., Шевырин В. М. — М.:ИНИОН РАН, 1995. — 92 с

2. Мусульманские депутаты Государственной думы России. 1906-1917 гг. Сборник документов и материалов./ Л.А. Ямаева. – Уфа: Китап, 1998. – 384 с.

3. Аққұлұлы С., Қамзабекұлы Д. Мемлекеттік Дума және оған мүше болған қазақтар /Ана тілі .- 1993.-4 ақпан.

ӘОЖ 94(574)

Архив құжаттарының пайдаланылуы мен жариялануы

Төрөбай Әлия, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматривается использование и публикация документов Кызылординского областного государственного архива.

Abstract

The article discusses the use and publication of documents from the Kyzylorda regional State Archive.

Бүгінде облыстың мемлекеттік архивтерінде 3561 қор, яғни басқару құжаттары, ғылыми-техникалық құжаттар, фото және бейне құжаттар сақтаулы. Архив ісі – тарихи-мәдени мұраны сақтау, дамыту және насихаттауда маңызды рөл атқарады. Сыр өңірі тарихына қатысты зерттелмеген тың құжаттар Ресей Федерациясының Орынбор, Мәскеу, Санкт-Петербургтағы мемлекеттік архивтерінде сақталған. Сондай-ақ, еліміздің біртуар азаматтары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қатысты деректер Тәжікстан, Франция, Германия, Түркия елдерінің архивінде бар. Осы тарихи жәдігерлерді анықтап, құжаттарды жинақтап елге қайтаруда біраз жұмыстар атқарылуда.

Архив құжаттарын пайдаланудың түрлері сан алуан болып келеді. Олар: лекция оқу, кездесулер, теле-радиохабарлар, құжаттар көрмелер ұйымдастыру, құжаттық жинақтар шығару т.б. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары құжаттарды кеңінен жариялауға мүмкіндік туды. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Заңның шығуы, 1997 жылдың «Жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын есте сақтау жылы», 1998 жылдың «Халықтардың бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып жариялануы архив құжаттарының қоғам өміріндегі өзектілігін анықтап берді.

1997 жылы арнайы жер аударылып келген кәріс ұлты жөнінде, 1927-28 жылдары тәркіленген, 1937-38 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар туралы архив құжаттарынан деректер алынып, облыстық «Сыр бойы», «Кзылординские вести», «Ақмешіт» басылымдарына «1928 жыл немесе қанды дермектің басы», «Кіші қазан төңкерісі байлардан басталды», «Здесь нас приняли как своих», «Он стоял у истоков независимости» (А.Байтұрсынов туралы) деген тақырыптарда 9 мақала жарияланған. 1998 жылы «Сыр өңірінің тарихта алатын орны: ғылыми ізденістер мен проблемалар» деген облыстық ғылыми-теориялық конференцияға архив құжаттарының негізінде баяндама жасалып, «Облыстық архив қорынан» атты тақырыпта 3 көрме ұйымдастырылған [1,12п].

Облыстық архив филиалы 1998-2000 жылдары архив құжаттарын анықтау және жариялау жөніндегі шаралар жоспарына сәйкес Ұлы Отан соғысы жылдарындағы эвакуацияланғандар, облыстағы еңбекпен түзеу лагерлері, түрмелер жайлы құжаттар іздестірілді. «Алаш мирас» жинағы үшін құжаттар анықтау

жұмыстары атқарылды [2,46п]. 1929-30 жылдардағы құжаттар каралып, ұлт мәселесіне, саяси күрес тақырыбына байланысты құжаттар зерттелді.

Архив құжаттарын жариялау және пайдалану жұмыстарымен айналысатын бөлім жұмысының күрделі де жауапты бағыттарының бірі-облысымыздағы, Қазақстан аумағындағы және ТМД елдеріндегі жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен түрлі сұраныстарды қанағаттандыру болып табылады. Олардың ішінде неғұрлым көп кездесетіні - азаматтардың еңбек өтілі, айлық табысы, орден-медальдармен марапатталуы, материалдық құндылықтарды мұраға қалдыруы, жер мен саяжай бөлу және мерзімсіз пайдалануға беру, ғимараттардың пайдалануға берілуі, сату-сатып алу келісім-шарттарының жүргізілуі туралы архивтік анықтамалар дайындау, сондай-ақ, арнайы жер аударылуы, репрессияға ұшырауы, мал-мүліктің тәркіленуі, облысымызда эвакуацияда болуы жайлы сұраныстар. Мәселен, 2011 жылы АҚШ азаматы соғыс кезіндегі құжаттардан өздері, ата-әжесі туралы мәлімет алған. Архивте бірінші дүниежүзілік соғыста Ресей тұтқынына түскен жүз Австро-Венгриялық азаматтардың Перовск қаласы мен Қазалы уезіне екіге бөліп орналастырылғаны туралы құжаттар сақталған. 2018 жылы екі австриялық журналист келіп, осы тақырыпта зерттеу жүргізген[3].

Архивте саяси қуғын-сүргін жылдары нақақтан-нақақ ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылған азаматтардың жанайқайы, 1956-1957 жылдары КСРО-ның бас прокурорына өздерін ақтауды сұрап жазған өтініштері сақтаулы. Мысалы, Қызылорда қаласында тұрған Дохненко Геннадий Петрович өтінішінде өзін 1948 жылы 20 қазанда Қызылорда облысының жергілікті қауіпсіздік басқармасы органдары тұтқындағанын жазған. Облыстық сот 1949 жылы 3(6) қаңтарда РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-тармағы бойынша 10 жылға еңбек түзету лагеріне жіберген. Одан бөлек, 5 жыл мерзімге сайлау құқығынан шеттетілген. Алдымен Ақтөбе қаласының Алға қыстағында, кейін Қиыр Шығыстың «Советская Гавань» қаласындағы лагерьде, Хабаровск өлкесінің Ванико портында жазасын өтеген. 1954 жылы 25 тамызда мерзімінен бұрын босатылып, Қызылорда қаласына оралған. Айтуынша, іс «халық көсеміне жала жапты» деген айып және қарамағындағы жұмысшының жалған құпия өсегі негізінде қозғалған. «Мен тұтқындалғаннан кейін КГБ тергеу органдарымен маған 58 баптың 7, 10, 11-тармақтары бойынша жала жабылып, олардың екеуі (7, 11-тармақтар) қылмыстық құрамы жоқтығына байланысты алынып тасталды. 58-баптың 10-тармағы бойынша тағылған айыппен мен өзімді кінәлі деп санамаймын. Өмірімдегі бүкіл еңбек жолымда өзімнің Отаным үшін адал еңбек еттім. Кеңес үкіметіне қарсы ешқандай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген емеспін. Менің ісімді қайта қарауды және ақтауды өтінемін», – делінген 1956 жылы 14 қазанда жолданған хатта[4]. Осы сияқты

зұлат жылдардың тарихынан сыр шертетін хаттар архивте көптеп кездеседі.

Құжаттарды жариялау және пайдалану бағытында ақпарат құралдары арқылы архив құжаттарын көпшілікке түсіндіру, анықтамалықтар мен тізбелер шығару, тақырыптық көрмелер әзірлеу, лекциялар оқу жұмыстары жүргізіледі. Архивтің оқу залында жылына жүздеген ізденушілер, ғылыми мамандар жұмыс жасайды. Олар өздерінің ғылыми еңбектеріне архив қоры құжаттарын арқау етеді. Қазіргі уақытта осындай зерттеу жұмыстарымен айналысуда жас ғалымдар үлесі көбеюде.

Архив материалдары негізінде ғылыми-көпшілік құралдар шығару архив қойнауында жатқан құжаттарды көпшілікке танымал етудің тиімді түрі. «Сыр өңірі тарихы», «Сыр елі» энциклопедиясы, «Сыр өңірінің тарихы орыс деректерінде», «Қазақстан шипажайлары мен шипалы бұлақ көздері», «Қазақ елінің астаналары», «Эвакуация: воскрешая прошлое», «Дарындыларға жол ашқан білім ордасы», «Без гнева и печали», «Ұлы жеңіске 50 жыл», Қызылорда облысының 70 жылдығы мен қаламыздың 190 жылдығына орай «Қызылорда облысының 1938-2007 жылдардағы әкімшілік-аумақтық бөліну туралы анықтамалығы», «Біздің қаланың көшелері», облыстық архив мекемелерінің 80 жылдығына арналған «Ғасырлармен тілдескен мұрағат» кітаптарын әзірлеуде архив қоры құжаттары пайдаланылды. «Без гнева и печали» кітабы 2003 жылы жарыққа шыққан. Кітап мазмұнында 1937-38 жылдары облысымызға күштеп көшіріліп әкелінген бірнеше ұлттардың ішінде алғашқы болып қоныстанған кәріс ұлтының өкілдері туралы жазылған. Олардың арасынан шыққан небір батырлар, ғалымдар, дәрігерлер, ұстаздар, күріш өсірудің майталмандары т.б. туралы баяндалған. Зерттеуші, этнограф, өлкетанушы Өтеген Әбдіраманның 2009 жылы жарияланған «Сыр өңірінің тарихы орыс деректерінде» атты жинағы ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл еңбекке Орынбор, Ташкент архивтерімен қатар облыстық мемлекеттік архивтің құнды құжаттарынан деректер енгізілген.

2008 жылы жарияланған «Қызылорда облысының 1938-2007 жылдардағы әкімшілік-аумақтық бөліну туралы анықтамалығы» Қызылорда облысының құрылған күнінен бастап әкімшілік-аумақтық бөлінуі туралы мәліметтерден тұрады. «Жолсілтер» анықтамалық-ақпараттық басылымында Қызылорда облыстық мемлекеттік архивіфилиалында сақтаудағы бұрынғы Кеңестер Одағы коммунистік партиясының 1928-1991 жылдардағы құжаттарының құрамы мен мазмұны көрсетілген бірнеше бөлімдерден тұрады. Сыр елі тарихын жан-жақты зерттеу, қазіргі ұрпаққа жеткілікті насихаттау мақсатында архившілер мен ғалымдар арасында ынтымақтастық орнаған, өңіріміздегі жоғары оқу орнынның тарихшы ғалымдарымен

кездесулер, болашақ тарихшы студенттермен «Ашық есік күнін» өткізу үрдіске айналған.

Қорыта айтқанда тарихты жасаушы –халық, оны келер ұрпаққа жеткізуші –архив. Архив халықтың қағаз бетінде қатталып, заңмен қорғалып сақталған ғұмырнамасы. Тәуелсіздік жылдары архив құжаттарын ғылыми мақсатта пайдаланушылар саны артты. Облыс тарихы бойынша архив құжаттарынан құнды еңбектер дүниеге келді. Бұрын «күпия» түрде сақталған құжаттардың күпиялылығы жойылып, ғылыми айналымға енгізілді. Сондай-ақ «Мәдени мұра», «Архив-2025» бағдарламаларына сәйкес шетелдерден облысымызға қатысты құнды құжаттардың көшірмесін алуға қол жеткіздік. Бұл атқарылған іс-шаралар қазақ тарихының зерттелмей келген қырларын ашуға, тарихымыздың қайта жазылуына мол мүмкіншіліктер береді. Архив құжаттарын пайдалану түрлерінің бәрі тарих ғылымының терең зерттелуіне тигізер әсері зор деп білеміз.

Әдебиет

1.ҚОМА (Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві). 148-қор, 1-тізбе, 793- іс.

2.ҚОМА. 148-қор, 1-тізбе, 807- іс.

3.Биболат Сәтжан. Құжаттағы құнды дерек. <https://syrboyi.kz/kogam/quzhattaghy-qundy-derek-59374/>

4.Алтынбаева Жанат. Зобалаң жылдар жаңғырығы архив құжаттарында <https://syrboyi.kz/tarih/zobalang-zhyldar-zhangghyryghy-arhiv-quzhattarynda-61943/>

ӘОЖ: 94(574)06/07

Ұлттық-аумақтық шекараны межелеудегі қазақ зиялыларының көзқарастары

Шынтемір А.Б., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются взгляды казахской интеллигенции на политику национально-государственного размежевания Средней Азии и Казахстана, проводимую советским правительством в 1920-е годы.

Abstract

The article examines the views of the Kazakh intelligentsia on the policy of national-state demarcation of Central Asia and Kazakhstan, carried out by the Soviet government in the 1920s.

1924 жылы большевиктік биліктің тікелей бақылауымен жүзеге асырылған ұлттық мемлекеттік межелеу қорытындысында Түркістан, Бұқара және Хорезм кеңес республикалары өмір сүруін тоқтатып,

олардың орнына Өзбек және Түрікмен одақтас республикалары, Қырғыз (РКФСР-дің құрамында), Тәжік автономиялы республикасы (Өзбек КСР-нің құрамында) және Қарақалпақ автономиялы облыстары (Қазақ АКСР-нің құрамында) құрылды.

Большевиктік биліктің туысқан халықтардың саяси тұрғыда бір шаңырақ астына бірігуінен қауіптеніп, әр ұлтты жеке республикаға бөлгенұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірген еді. Оның нәтижесінде жарты ғасырдан астам уақыт бойы алдымен Түркістан генерал-губернаторлығының, артынан Түркістан АКСР-нің құрамында болып келген екі қазақ облысы – Сырдария және Жетісу Қазақ АКСР-ның құрамына өтті. 1924 жылдың көктемінде межелеуге қатысты пікірталаста оны іске асырудың түрліше жобалары алға тартылды.

Осы науқанда Сұлтанбек Қожанов өзіндік көзқарасымен ерекшеленіп, айрықша танылды. Ол жіктеліп-межеленіп жатқан ұлттық республикалардағы ежелден қоян-қолтық өмір сүріп жатқан халықтардың тұтастығына, олардың ертеден-ақ тарихи жағдайларға орай қалыптасқан экономикалық байланысының бұзылмауына зор мән берді. Кеңестік Республикалар Одағын құрайтын құрылтайшы мемлекеттер қатарына Орта Азиялық Федерация құрып барып енуді, жеке дербес республикаларға бөлінуді, содан кейін Орта Азия Федерациясы құрамында әр ұлттық бірлік тыныс-тіршілігін теңестіріп алғаннан кейін ғана жүзеге асыруды ұсынды.

Қазақ елінің астанасы Ташкент болуын жақтаған топтың басында тұрған С.Қожанов «Ташкент мәдени жағынан қазақтың Самарқанды ретінде есептелетіндіктен» КСРО билігін Ташкентті қазақ өлкелерінің саяси және мәдени орталығы ретінде қарастыруға шақырды. Ташкент қаласының қазақтар үшін шын мәніндегі маңызы жайындағы өз ойларын 1924 жылдың мамыр айында жазған жеке пікірінде білдірген болатын. Оның бұл мәселе бойынша ұстанымының жекелеген аспектілері келесідей:

- Ташкент қаласы облыс орталығы ретінде тек қана онда тұратын халықтың ғана емес, сонымен қатар оны қоршаған аудандардың барлық тұрғындарының есебінен құрылғандығын ұмытпау керек. Сондықтан бұл қаланың қай мемлекетке тиесілігі туралы мәселені шешу кезінде тұтастай алғанда бүкіл аймақтың экономикалық, демографиялық конъюнктурасы және уез халқының этнографиялық құрамын ескеру қажет;

-Ташкент қаласында өзбектер басқа жергілікті ұлттармен салыстырғанда ғана басымдыққа ие, бірақ бұл басымдық облыстың бүкіл халқына қатысты емес. Ташкент қаласы еуропалықтар басым халықаралық қала болып табылады және сонымен бірге ол облыстың ең маңызды экономикалық, әкімшілік-саяси және мәдени орталығы ретінде қызмет етеді, оның басым бөлігінде қазақтар мекен етеді;

- Қазақтар барлық артта қалған елдер сияқты, өз орталықтарын құрып үлгермеген. Сонда да қазақтардың шаруашылығының есебінен өскен қалаларды иемденуге олардың құқығы бар;

-Ташкент тарихи тұрғыдан қазақ көшпелілерінің ортасында орналасқан өзбек-сарт колониясы, ол сарт-саудагерлерінің дала халқының есебінен өмір сүретін, экономикалық тұрғыдан тартымды қала саналады;

-Ташкент ТКСР-ің оңтүстігінің (топографиялық жағынан Самарқанд және Ферғана облыстары) экономикасында белсенді, ұйымдастырушы рөл атқармайды, ол ТКСР-дің солтүстік қазақ далалық аймағының миллиондаған тұрғындарының экономикалық өмірінде керісінше маңызды рөл атқарады. Ташкент қазақтар мекен ететін белдеудің жалғыз ғана базар орталығы болып табылады;

-Түркістанның солтүстік мал шаруашылығы аудандарының жалғыз, маңызды экономикалық орталығы бола отырып, Ташкент қаласы сонымен бірге Ташкент оазисінің (Ташкент және Мырзашөл уездері, соның ішінде Жизақ уезінен өткен 6 қырғыз болыстарының аумақтары) жергілікті экономикалық орталығы ретінде қызмет етеді, олардың көпшілігінде қазақтар тұрады, бұл жағдай осы уездердің аумақтарын ҚКСР құрамына кіруі керектігін көрсетеді;

-Қазақ халқының мәдени қажеттіліктеріне қызмет ететін мекемелердің барлығы дерлік шоғырланған жалғыз мәдени орталығы ретінде Ташкенттің Түркістандағы қазақ халқы үшін ерекше маңызы бар [1, 207].

Науқанның қазақ үшін көп жағдайда әділетсіз болғандығы жайында 1924 жылдың 27 қыркүйектегі ҚазАКСР Өлкелік комитеттің пленумында С.Қожанов: «Қазақтар – ең әлсіз халық. Қазақтардың көптеген аудандары қолдан кетті. Орта Азия бюросы Өзбекстанға бір болысты бөлу жөніндегі шешімімен барлығын шатастырды... Бізді құр қалдырды. Барлық негізгі капитал Орта Азияға кетті. Бізге Қазақстан өсіп, көркейді дейді, бірақ іс жүзінде олай емес» деген еді. Ол Сталинге өзбектер тарапынан қазақ және қарақалпақ қызметкерлерін баспа бетінде және де ауызша қудалауды тоқтатуды талап етеді.

Орта Азия Бюросы қазақ-өзбек қарым-қатынасының нашарлауына жол бермеу үшін Сталиннің жеке нұсқауымен бұл мәселе бойынша пікірталастарды жалғастырмау жайында шешім қабылдайды. Кейін кеңес тарихшылары Ташкент қаласын Өзбек республикасының пайдасына шешілуін экономикалық ойлармен, яғни Ташкент қаласы негізінен қазақ елді мекендерінің ортасында қалып қоюына қарамастан, экономикалық жағынан қазақтарға емес, өзбектер қоныстанған аудандарға көбірек тәуелді деп түсіндірді.

Орта Азияны ұлттық мемлекеттік межелеу науқанына алғашқылардың бірі болып ашық қарсылық білдірген саяси эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай болды. «Түркістанды былайша жасанды түрде және күштеп бөлшектеу Кеңес үкіметіне біріншіден,

кеңес туы астында болса да түркістандық түркілердің өздерінің ұлттық-саяси біртұтастығын нығайтуға ұмтылысына қарсы күресу үшін, екіншіден большевиктік, яғни сталиндік анықтама бойынша «аты жөнінен ғана ұлттық, ішкі мазмұны бойынша интернационалдық және социалистік ұлт саясатын» табысты енгізу үшін ғана керек болды. Іс жүзінде большевиктер өздерінің Түркістандағы ұлт саясатына ескі орыс отаршыл империализмі саясатын дәлелдеп, орыс билігін құруды көздеген» [2, 184] деп кеңес үкіметінің межелеуге қатысты саясатын әшкерелеп, сынға алды.

Т. Рысқұлов Жетісу облысы туралы мәлімет жинап, 1923 жылы «Джетысуские вопросы» атты облыстың әлеуметтік құрамы, шаруашылығы мен экономикалық өндірістік әлеуетін сипаттайтын жинағын шығарды. Осы жинақтағы ақпараттарға көз салатын болсақ, 1915 жылы аймақта 1223 мың халық тұрса, оның 883 мыңы қазақтар, 200 мыңы орыстар, 86 мыңы ұйғырлар, 10 мыңы татарлар, 21 мыңы өзбектер болған. Статистикалық ақпарат көрсеткендей облыс тұрғындарының басым бөлігі қазақтар болғандығын анықтауға болады. «Бұл типтік түрдегі қазақ облысын бейнелейді» [3, 160]. Мұнда қазақ өмірінің тамыры басқа жерлерден басымырақ және қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері көзге айқын көрінеді», – деп жазады. Мемлекет қайраткері 1922–1924 жылы Түркістан Орталық Атқару комитетінің басшысы болған С. Қожанұлының «Ақжол» газетінде берген сұқбатында Түркістан өңірінің болашағы жөніндегі таласта екі мәселе күн тәртібінде болды: «Орта Азия мемлекеттері бірігіп, федерация бола ма, болмай ма?». «Барлық ұлттардың ортасындағы қазынасындай саналатын, мәдениеттің ордасы сауданың кені, шаруаның кіндігі, бүкіл Орта Азияға арналған байлықтың жиылған орны Ташкент қаласы кімге тиеді?».

Орта Азияның саяси-экономикалық орталығы болған Ташкент қаласының Қазақ АКСР-інің аумағына өтуі заңдылық деп қаланың Қазақстан аумағына қосылуын жақтаған қазақ ұлттық комиссиясы өкілдерінің пікірлері кеңестік билік тарапынан қолдау таппады. Осылайша, ұлттық-территориялық межелеу саясаты қазақ зиялыларының пікірлерімен санаспай бір жақты кеңестік өктемдікпен шешілді. 1924 ж. ұлттық-территориялық межелеу науқаны барысында Қазақ комиссиясы атамекен жерлерді қайтаруда, барынша күресе білді, алға қойған міндеттерді орындауда бар мүмкіндіктерін сарп етті.

Ташкент қаласының тағдыры шешіліп, Өзбекстанға өтетін болып шешілгенде С. Қожанов үлкен күйінішпен: «Біз екпінді әрекет еттік. Бәрібір Ташкентті ұстап қала алмадық», – деп өкінішін білдірді [4,188]. Бұл талаптардың көпшілігі өз шешімін таба алмады, тек Қарақалпақ облысы құрылып, 1932 жылға дейін Қазақстан аумағында болды да, кейіннен Өзбекстанға өтті.

Кеңес үкіметі 1924 жылы Орта Азиядағы ұлттарды мемлекеттік межелеу саясатын толық аяқтады. Түркістан Республикасының құрамында болған ұлттар науқан барысында өз алдына жеке республикаларға айналып, өзін-өзі басқару құқықтарына қол жеткізді.

Әдебиет

1. Шығармалары/Сұлтанбек Қожанов – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009 – 352 бет.

2. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / М.Шоқай; Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым Ноғай. — Алматы: Жалын. — 1992. — 184 б.

3. Жамелов Б. Ұлт қайраткерлерінің Орталық Азияны ұлттық мемлекеттік межелеу саясатына көзқарастары <https://history-philosophy-vestnik.ksu.kz/apart/2022-105-1/5.pdf>

4. А.М.Әбікей, А.Т.Қайыпбаева, Н.К.Дюсенова. Орталық Азияны ұлттық-территориялық межелеу және қазақ жерлерін біріктіруді аяқтау. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №4(79), 2023

ӘОЖ 94(574):9-05

Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы: қазақ зиялылары

Кулмурзаева Т.Б., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассказывается о том, как казахская интеллигенция, которая была отстранена от участия в последних двух выборах в Думу, смогла выразить свои требования через мусульманскую фракцию и внести свой вклад в процесс политических реформ.

Abstract

The article describes how the Kazakh intelligentsia, which was excluded from participation in the last two Duma elections, was able to express its demands through the Muslim faction and contribute to the process of political reform.

XIX-XX ғасырлар тоғысында Қазақстан өзінің зияткерлік дамуының сапалы жаңа кезеңіне аяқ басқан еді. Дәстүрлі қазақ қоғамының ауыл мен экономиканың аграрлық секторын қамтыған нарықтық-капиталистік қатынастардың қажеттіліктеріне бейімделуі,

Еуразиялық кеңістік халықтарының әлеуметтік-мәдени қауымдастығының өсуі қазақ зиялыларының жаңа буынының қалыптасуына себеп болды.

Қазақ зиялыларының жаңа буыны әлеуметтік қауым ретінде Ресейдегі, еліміздің шет аймақтарындағы, сондай-ақ алыс шет елдердегі кәсіптік оқу орындарын бітірген түлектерден қалыптасты. Болашақ Алаш қайраткерлерінің саяси жетілуінде, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруда Ресейдің жоғары оқу орындарында оқып, еуропалық мәдениетпен танысуы аса маңызды рөл атқарды. Олардың дүниетанымының қалыптасуы елдің қоғамдық және мемлекеттік өміріндегі маңызды оқиғалармен, саяси партиялар мен ұйымдардың, соның ішінде кадеттік, социалистік революциялық және мұсылмандық партиялардың дүниеге келуімен тұспа-тұс келді. Дәстүрлілікті Батыс демократиясының қағидаттарымен, жалпы адамзаттық өркениет жетістіктерімен үйлестіруге бағдарлау және өз халқы алдындағы борыш сезімі жаңадан қалыптасып келе жатқан Алаш қозғалысына қатысушыларды депутаттық мандатқа жетелеген ең сипатты белгілер болды.

1917 жылға дейін жұмыс жасаған төрт Мемлекеттік Думаның біріншісі мен екіншісіне сайланып белсенділік танытқан қазақ депутаттары кейінгілеріне сайланған жоқ. 1907 жылғы 3 маусым заңы бойынша патшалық билік қазақтарды Мемлекеттік Думаға депутат болу құқығынан айырды. 1907—1917 жылдарда қазақтар Ресейдің Мемлекеттік Думасына сайланған жоқ [1,38].

Алаштанушы М.Қ.Қойгелдиев оның себебін I және II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттарының жер мәселесін, аграрлық мәселені өте жоғары дәрежеде өте белсенді түрде көтеруімен, оны үкімет алдына нақты қоя білгендігімен түсіндіреді. Тіпті II Думаның депутаттары арасында «Орыс Думасында қазақтың жерінен басқа проблема жоқ па?» деген наразылық та айтылып қалды.

Ресейдің Мемлекеттік Думасында мұсылман фракциясы белсенді жұмыс істеді, оның мүшелері империяның 17 миллиондық мұсылман халқының мүдделерін қорғады. Екінші Мемлекеттік Дума жұмысы кезінде ресми түрде тіркелген Мұсылман фракциясы Ресейдің жалпы мұсылмандары орталығына айналды. Парламент ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік беретін жалғыз орын болды. Өздерінің заң жобасын енгізу үшін кем дегенде 30 қол жинау мұсылман фракциясы үшін қиындық туғызды. Бірақ депутаттар өз құқықтары үшін күресуге тырысты. Олар ең алдымен мұсылман халқының мәселелеріне назар аудара білді.

Жалпы, революцияға дейінгі Мемлекеттік Думаның тиімділігі өте төмен болды. Жоғарғы биліктің депутаттарға деген көзқарасы теріс, халықтың басым бөлігінің күдігі көп болды. Думаның қызметін кемшіліктері болғанына қарамастан дамудың өте маңызды кезеңі, қоғамның саяси өмірінің қажетті элементі болды деп айтуға болады.

Мұсылман фракциясы – ислам дінін ұстанатын Еділ бойы, Орал, Кавказ және Қазақстан халықтарының барлық дерлік Дума өкілдерін біріктірді. Бірінші шақырылымдағы Думаға Ресей мұсылмандарынан 24 депутат сайланды. Дума жұмысының қысқа болуы фракцияның ұйымдық құрылымын аяқтауға мүмкіндік бермеді және ол ресми түрде тіркелмеді. Құрылуына Әли-Мардан Топчибашев бастамашы болған фракция Ресейдің бірінші парламенті қараған негізгі мәселелерді – аграрлық мәселені, саяси өмірді демократияландыруды, ұлттық және діни теңдікті талқылауға белсене қатысты [2].

Петербургте өмір сүрген Әли-Мардан Топчибашев депутат болмаса да мұсылман фракциясының қызметіне үлкен ықпал етті. Өзінің саяси мәні бойынша фракция ұлттық демократиялық топ болды. Талқылау барысында депутаттар басқа ұлттық топтармен одақ құрып, көптеген іргелі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде конституциялық-демократиялық фракцияны және басқа да оппозициялық топтарға қолдау білдірді.

Екінші шақырылымдағы Мемлекеттік Думаның комиссия құрамында 37 мұсылман депутаттары жұмыс істеді. Фракцияны Әли-Мардан Топчибашев басқарды. Дума таратылған кезде оның құрамында 30-ға дейін депутат болды.

1907 жылдың 3 маусымында жаңа сайлау заңы қабылданғаннан кейін мұсылман фракциясы мүшелерінің саны күрт қысқарған еді. Бірінші Мемлекеттік Думада 1906 жылы 22 маусымда дербес фракция құрған мұсылмандар тобы 22 адамды құрады [3,89]. Бір жыл өтпей жатып, Екінші Думадағы депутаттардың саны 36-ға жетті. Алайда, үшінші шақырылымдағы Думада олардың саны 9, ал төртінші Думада 6 адамға дейін қысқарды. Зерттеушілердің көпшілігі депутаттардың сандық құрамының өзгеруіне басты себеп жаңа сайлау Ережесінің ерекшеліктері болғандығын айтады. Татарстандық зерттеуші Ф.Гаффарова атап өткендей «Жаңа сайлау туралы заң пайда болды, онда орыс емес халықтардың құқықтары одан әрі бұзылды» [4]. Бұл ретте ұлттық шеткері аймақтардан өкілдікті едәуір қысқартқан заңнамалық ережелер көзделеді. Депутаттық орындардың жалпы саны 525-тен 442-ге дейін қысқарды. Ең үлкен қысқару шет аймақтарға, соның ішінде мұсылман халқының едәуір бөлігі бар аймақтарға әсеретті. Кавказ өлкесінен 25 депутаттың орнына тек 10 депутат қарастырылды, ал елдің барлық мұсылман халқының 45%-ы тұратын Орта Азиямен қырғыз өлкесі Парламенттегі өкілдігінен мүлдем айырылды [3,76].

Соңғы екі Думадағы сайлауға қатысуына шектеу қойылған қазақ зиялылары Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы арқылы талап-тілектерін қоя білді. Олар ресейлік мұсылман депутаттары мен түркі халықтарынан сайланған бірлікте осы қазақ қауымының ең өзекті деген мәселелерін көтеріп отырды. Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік Думаның пайдалылығын тура түсінген

қайраткер еді. Сондықтан, ол өзінің кейінгі естеліктерінде: «Біз Мәскеу, Петербор жоғары оқу орындарында оқитын қазақ жастарына елге барарда «жазда, каникулда ауылда, ел арасында жүргенде уақытты босқа өткізбей, елге, ұлтқа қатысты өзекті мәселелерді зерделеп, материалдар мен деректер жинап, каникулдан қайтқанда Петербордағы Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясына жеткізіндер» деп тапсырма бергендігін» оған жастардың көп жағдайда белсенді түрде атсалысқандығын айтады.

Мемлекеттік Дума құрамындағы Мұсылман фракциясы студент жастардың саяси кемелденуіне, саяси жұмыста мол тәжірибе жинауына үлкен септігін тигізді. Мұстафа Шоқай Петербургта білім ала жүріп, 1913–17 жылдары Мемлекеттік Дума жанындағы Мұсылман фракциясының хатшысы болды. Бұл Мұстафа Шоқай үшін саяси қызметіндегі үлкен бір мектеп болғаны сөзсіз. М.Шоқай өзінің кейінгі естелігінде: «Әрине, қазақ зиялылары белгілі бір дәрежеде ол кезде тәжірибесінің аздығына байланысты аса сенгіш еді. Олар көп жағдайда адасты. Көп жағдайында алданып қалды» дейді. Мұстафа Шоқайдың бұл пікірімен белгілі бір дәрежеде келісуге болады.

Әлихан Бөкейханов өз мақалаларында патшалық биліктен еш пайда жоқтығын ашық жазды. «Ресейді арқасына салып сүйреп келе жатқан орыс жұмысшысына, орыс шаруасының өзіне тиесілі орын бермеген патшалық биліктен аз ғана қазаққа не күтуге болады?» деп торыға, айтқаны бар [5].

Мемлекеттік Думада қазақ депутаттары қазақ халқының өмірін жақсартуға бағытталған реформаларды, соның ішінде шаруаларға жер беруді, білім беру мен инфрақұрылымды жақсартуды жақтады.

Қазақ депутаттары Қазақстанның жер ресурстарын қорғау мәселелерін және империя аумағын отарлау мәселелерін көтеріп, байырғы халықтарға әділ қарауға шақырды. Қазақ депутаттарының Мемлекеттік Думаға қатысуы Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік ортаға айтарлықтай әсер етті. Олар қазақ халқының саяси белсенділікке және өз құқықтары мен мүдделері үшін күресуге қабілеттілігін көрсетті. 1905-1910 жылдардағы Мемлекеттік Думаның өкілеттіктерінде өз шектеулері болғанымен және көптеген мәселелерді шеше алмаса да, қазақ депутаттары саяси реформалар процесіне өз үлестерін қосты және Қазақстан мен Ресей империясының тарихындағы кейінгі оқиғаларға әсер етті.

Қазақ депутаттарының 1905-1910 жылдардағы Мемлекеттік Думаға қатысуы Ресей империясындағы күрделі саяси жағдайды бейнелейтін. Қазақ депутаттарының алдында тұрған кедергілер өте көп болды. Біріншіден, олар көбінесе Мемлекеттік Думадағы басқа депутаттар мен шенеуніктердің біржақты көзқарастарына тап болды, бұл олардың бастамалары мен ұсыныстарын жүзеге асыруды қиындатты. Екіншіден, кейбір қазақ депутаттарының саясатта білімі

мен тәжірибесі шектеулі болды, бұл олардың күрделі мәселелерді талқылауға қатысуын қиындатты.

Соған қарамастан қазақ депутаттары Мемлекеттік Думадағы жұмысы барысында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Олар қазақ халқының мүдделерін қорғауды белсенді қолдап, білім беру, жер мәселесі мен отарлау мәселелеріне назар аударды. Олардың күш-жігерінің арқасында Қазақстанның байырғы тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған бірқатар заңдар мен реформалар қабылданды. Қазақ депутаттарының Мемлекеттік Думаға қатысуы да қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен өзіндік санасын қалыптастырудағы маңызды қадам болды.

Әдебиет

1.Озғанбай Өмірзақ, Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). 1 т./ Ө.Озғанбай. – Алматы: Мазмұндама, 2021. – 416 б.

2.Это была единственная трибуна для татар. <https://history-kazan.ru/13000-1500>

3.Усманова Д.М. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной Думе России (1906–1917)—Казань: Издательство «Мастер Лайн», 1999– 164 с.

4.С.В.Кривов Некоторые вопросы формирования мусульманской фракции в Государственной думе Российской империи (1906–1917гг.)//https://idmedina.ru/books/materials/faizhanov/3/hist_krivov.htm

5.Мәмбет Қойгелдиев. «Тарих ғылымы Мемлекеттік Думада қызмет еткен қазақ зиялыларының еңбегін талдап, терең зерделеуі керек»//<https://abai.kz/post/1220>

ӘОЖ 94(574)

Архив –тарих қазынасы

Төрөбай Әлия, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается, как идеология повлияла на деятельность архива в советский период. Отмечается, что вследствие одностороннего отбора документов безвозвратно уничтожены ценные данные, отражающие реальную историю Казахстана.

Abstract

The article examine show ideology influenced the archive's activities during the Soviet period. It is noted that due to the unilateral selection of

documents, valuable data reflecting the real history of Kazakhstan has been irretrievably destroyed.

Бір орталыққа бағынған тоталитарлық мемлекетте тарихымыздың көп мәселелері коммунистік идеологияның қағидаларына сәйкес біржақты бағаланып келді. Құжаттарға деген тиісті талдау мен шығармашылық көзқарас болмай, көптеген қорлар негізді-негізсіз жабық тәртіпке көшті. Олардың құжаттарын пайдалануға тиым салу тарихи зерттеулердің ауқымын тарылтпай қоймады.

Қазақ елінің егемендігін жариялап, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге кеңінен жол ашты. «Құжатсыз тарих жоқ, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ» деген танымал нақыл сөз өте көлемді тарихи құжаттарды сақтайтын архивтердің мақсат - міндеттері мен маңызын айтарлықтай дәл білдіреді.

Республиканың даму тарихымен бірге Қазақстан архиві де елеулі кезеңдерді бастан кешті. Қандай да болсын архивтер бір күнде құрылған жоқ. Оның құрылуы мен қалыптасу тарихы еліміздің өткен тарихымен тығыз үндесіп жатқандығымен ерекшеленеді.

Архив құжаттары – баға жетпес байлық, халықтың асыл қазынасы. Бүгін де, ертең де, келер ғасырларда да толығы беретін, жазыла беретін тарихтың қайнар көзі. Қазақстанда архивті қалыптастыру мен дамытудың социалистік практикасында сорақылықтар, бұрмалаулар аз болған жоқ. Оған көптеген құнды құжаттарымыздың жойылуы дәлел.

Қазан революциясына дейінгі негізгі құжаттар алыс және таяу шет елдерде сақталды. Оның әртүрлі заңды, заңсыз себеп салдарлары бар. Ең алдымен архив жинау, сақтау ісінің қанымызға сіңбей, дәстүрімізге енбеуі басты себеп болды. Сондай-ақ қазақ даласына жасалған қиян - кескі шапқыншылықтар, Ресейдің отарлау саясаты тарихи деректерді бір орталыққа жинақтауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да 1917 жылға дейінгі деректі құжаттар Қазақстан архиві қорларында кемшін болып келеді. Елімізде қабылданған «Архив-2025» бағдарламасының мақсаты – сол құнды деректерді тауып, зерттеп-зерделеп, ел игілігіне жарату. Қазақстанға тиесілі архив қорлары Ресейдің Орынбор, Омбы, Санкт-Петербург, Москва, Астрахан, Саратов, т.б. қалалардағы архивтерде молынан кездеседі. Қазан төңкерісіне дейінгі патшалық Ресей архивтерінде құжаттар ұқыпсыз сақталды. Еліміздің тарихына қатысты құжаттардың жойылуы азамат соғысы жылдарында да өршіді. Орынбор архив бюросы 1913-1917 жылдардағы қазақ тарихына қатысты 251 пұт 20 қадақ құжаттар мен 2006 кітапты 1923 жылы макулатураға сатқан [1].

Облысымызға қатысты бірқатар бағалы мәліметтер Ресей мен Өзбекстан Республикасының архивтерінде сақталған. Сыр елінің

тарихы мен мәдениетіне қатысты рухани мұраларымызды жинақтап, ел игілігіне жарату мақсатында Орынбор облысының мемлекеттік архивінде, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде құжаттарды іздестіру және көшірмелерін иелікке алуда біршама істер атқарылды. Нәтижесінде архив қоры 1734-1938 жылдар аралығындағы құнды құжаттармен толықтырылды.

Архив қорларына сипаттама беретін болсақ, мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару (86 қор бар), әділет, сот, прокуратура, әскери мекемелер (34 қор), жоспарлау және статистика (9 қор), қаржыландыру, несиелендіру, мемлекеттік сақтандыру (35 құжат), мемлекеттік салықтан түсетін кіріс, мемлекеттік меншік (4 құжат), өнеркәсіп орындары, артелдер, электр энергиясы (65 құжат), ауыл, орман және су шаруашылығы, жер ресурстары, қоршаған ортаны қорғау (146 құжат), құрылыс және архитектура (34 құжат), көлік, байланыс және радио тарату (26 құжат), сауда, дайындаманы жабдықтау және өткізу (73 құжат), кооперация (18 құжат), тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы. Тұрмыстық қызмет көрсету (14 құжат), білім, жоғары және орта кәсіптік білім (42 құжат), ғылым және ғылыми сүйемелдеу (3 құжат), мәдениет, өнер, баспасөз және ақпараттық қызмет (26 құжат), денсаулық сақтау, денешынықтыру және спорт (33 құжат), еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру (9 құжат), қоғамдық ұйымдар (1 құжат), жеке тектік құжаттар (34 құжат).

Архив қорларында 1890-1920 жылдардағы мешіт, шіркеу кітабы, 1917 жылғы уездік, қалалық атқару комитетінің, 1918-1920 жылдардағы Перовск уездік - қалалық революция комитетінің, облыста құрылған бастауыш партия, комсомол, пионер ұйымдарының, кеңестік мекемелер мен кәсіпорындардың басқару-әкімшілік құжаттары, Кеңес үкіметін орнату, сауатсыздықпен күрес, мұғалім мамандарын даярлау курстарын ашу, әйелдерді жұмысқа тарту, мемлекеттік және кооперативтік сауданың дамуына қатысты құнды деректер, сондай-ақ 1938 жылы облыстың құрылуы, Ұлы Отан соғысы жылдары, одан кейінгі кезең-кезеңмен дамуы туралы құжаттар көптеп кездеседі.

Кеңес өкіметіндегі ең саясаттанған сала тарих ғылымы болды. Бұл дәуірде ұлттық республикалардағы халықтардың тарихы екінші орынға ысырылған болатын. КСРО көлемінде бір ғана тарих - Ресей мемлекетінің тарихы төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі болып зерттелді. Оқу орындарында тарих КСРО халықтарының тарихы деп аталса да, кейін КСРО тарихы деп түзетілді. Іс жүзінде орыс халқының тарихы зерттелді. Біртұтас елдің біртұтас тарихы ғана болу керек деген империялық ұғым орнады.

Тарихи құжаттардың қойнауы архив дейтін болсақ, сол архив та саясаттың құралына айналды. Күні кешегі қоғамдық өмір шындығына, кеңестік тарих ғылымының хал-ахуалына назар

аударсақ, онда сыңаржақ көрініске тап боламыз. Кеңестік социалистік қоғам күні кешеге дейін тарих ғылымында Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылып, Ұлы Ресей империясы құрамына біржолата енуі, орыс халқының тарихи жасампаздық болмысы және оның қоғамдық дамуда мешеу қалған қазақ халқына достық, ағалық қамқорлығы, қазан төңкерісінің дүниежүзілік тарихи маңызы, орыс жұмысшы табының саяси басшылығы, пролетарлық интернационализм туы астында ұлттар достығының мәңгілік бірлестікке шеру тартуы сияқты тақырыптар зерттеудің ең басты бағыты және негізгі міндеті болып табылды.

Құжаттардың біржақты іріктелуі салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Кеңестік кезеңде идеологиялық ықпал ету үрдісі қарқынмен жүрді. Архив науқаншылдық істерге кеңінен тартылып отырды. Мәселен, КСРО-ның құрылуының 40, 50 т.б. жылдығы, қазан революциясының айтулы күндері т.б. Осы күндерге сәйкес архив құжаттарынан көрме, радиодан лекция т.б. ұйымдастырылды. Кеңестік кезеңде қазақ халқының ұлттық мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, рухани болмысын, ғасырлар бойына созылған азаттық күресін, ардагерлері мен қоғам қайраткерлері өмір жолын зерттеу мәселелері ғылыми- зерттеу шеңберінен тыс қалдырылды. Оны зерттеуге ниет білдірген ғалымдар қуғындалды. Сондықтан тарихи зерттеудегі алға қойылған мақсаттар мен тақырыптардың сыңаржақтығына, саяси-идеологиялық бағытталуына, тапсырысқа сай деректік қор жинақталған.

Таптық методологиялық жүйеге сай келмейтін, партиялық принципке қайшы деректер ғылыми құнсыз дүние деп бағаланып, зерттеу айналымына қосылмады. Деректердің басым көпшілігі революцияға дейін Ресей отарлық әкімшілігі мен түрліше әскери, жазалау мекемелерінің мәліметтерінен тұрса, революция жеңісінен кейінгі кезде кеңестік орталық пен КОКП саясаты арнасында іріктеліп, топтастырылды [2,138].

Архив қорларының халқымыз тарихының маңызды дерек көздерін құрайтындығы даусыз. Архив мекемелері негізінен кеңес өкіметінің тікелей басшылығымен құрылғандықтан, ондағы қорлар ұзақ уақыт бойы ұлттық мүддеге емес, халқымызға жат таптық мүддеге сай жинақталған. Бұған қосымша күрделі проблемалық зерттеулер де орыс тілінде, марксистік-лениндік методологиялық негізде жазылуға тиіс болды. Осы жағдай деректемелік қордың тағдырына сөзсіз әсерін тигізді.

1930-1950 жылдардың алғашқы жартысында жанды ойдың бәрі басып-жаншылып, тарихшылар ең басты дерек көздерінен айырылды. Зерттеушілер үшін архив қорларына жол жабылды. Әсіресе, қырағылық, жаппай күмәншілдік, халық жауларын іздеу сол жылдары бұқаралық сипат алды. Ол үрдіс архивті де айналып өтпеді. 1938

жылы архив мекемелері Ішкі Істер Халық Комиссариатының карауына берілді. Тиісінше архивтер саяси бағытқа көшірілді [3,13,15]. Көптеген құжаттарға шектеулер қойылды. Партияның идеологиясына сай келетін архив құжаттарын ғана жариялау және пайдалануға рұқсат берілді. Облыстық архивте 1947 жылы барлығы 32 құпия қор, 1293 сақтау бірлігі жинақталған. Құпия қор бөлімі карточкалық есепке алынған контрреволюциялық элементтер туралы есеп беріп отырған. 1947 жылы 3900 адамға саяси көқарастары бойынша карточка толтырылып, ескі армияның 71 бұрынғы офицеріне, ақ гвардияшылардың 64 офицеріне анықтама-тізім жасалған [4,13].

1950 жылдардың екінші жартысындағы Сталиннің жеке басына табынуды сынаған КОКП XX съезінен архив материалдарына ішінара қол жеткізіледі. Кеңестік кезеңде идеологиялық ықпал ету үрдісі қарқынмен жүрді. Социалистік идеялар мен тұжырымдар әрбір кеңес азаматының тікелей наным-сеніміне және бүкіл іс әрекетінің өзегіне айналды. Тарихты идеологияның құралына айналдыру үшін бұрмалау ауыр қателікке апарып соқтыратынын өмірдің өзі дәлелдеді.

Әдебиет

- 1.Қазақстанға тиесілі архив қорлары қайда сақталған?// <https://abai.kz/post/118914>
- 2.Зұлқарнай Алдамжар.Тарих: пайым мен тағылым.—А, 2002—288 б.
- 3.Ғасырлармен тілдескен мұрағат.—Астана, 2009—136 б.
4. ҚОМА (Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві) 148-қор, 1-тізбе,118- іс.

ӘОЖ 16.01.33

Тыныс белгілердің қалыптасуы

Қасымбекова Назерке Құмарқызы,
Өтеуов Наржан Ғалымжанұлы,
КЯ-24М оқу тобының магистранттары
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматриваются знаки препинания в казахском языке, их виды, история употребления, изучение.

Abstract

The article discusses punctuation marks in the Kazakh language, their types, history of use, and study.

Сөйлемде оқырманды шаршатпай, ойды дұрыс, мәнерлі, түсінікті жеткізу, сонымен қатар негізгі ойға оқырман мен тыңдарманның көңілін аударту, ой желісін аңғарту мақсатында тыныс белгілер қолданылып отырады.

Тыныс белгілерінің қолданылу тарихы тереңнен бастау алады. Дүние жүзінде үтір тыныс белгісі 15-ғасыр және 16-ғасырда пайда болған деген дерек бар. Ал нүкте және қос нүкте одан да ерте болған екен. Жалпы қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің қалыптасып дамуы дегенде оның үш кезеңін бөліп көрсетуге болады:

1. Жазба ескерткіштер тіліндегі тыныс белгілері (Ү-ХҮІІІ ғ.)
2. Алғашқы басылымдардағы тыныс белгілері (ХҮІІІ- ХІХ ғ.)
3. Қазіргі тыныс белгілері (XX-ХІ ғ.)

Көне жазба ескерткіштерінде бір сөзді екінші сөзден айыру үшін қызмет атқарған тыныс белгілерінің элементтері кездескен. Профессор С.Е.Маловтың айтуынша, Енисей жазуында кездесетін қос нүкте – нүкте және басқа да тыныс белгілерінің орнына жұмсалған. Бұл пікірді Ғ.Айдаров та құптайды. Ғалым қос нүктенің сөздің не сөйлемнің үнемі соңында қолданылатынын айтады [1,124]. Бұл көне түркі жазба ескерткіштерінде тыныс белгілерінің көпфункционалды болғанын көрсетеді.

Тарихи жазбалар синтаксисін зерттеген Т.Қордабаев былай дейді: «Біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырлары шамасында жазылып сақталған Орхон-Енисей жазулары деп аталады. Орхон-Енисей жазулары деп аталатын ескерткіштердің кейбіреулерінде әр сөзден кейін қос нүкте тәрізді белгі қойылса, кейбіреулерінен кейін төрт нүктеден құралған ромбик тәрізді белгі қойылып отырған. Ал араб әрпі және жазылып сақталған ертеректегі қиссаларда, дастандарда өлең жолдары арасына қойылған, тіліміздегі қазіргі графикалық белгілердің бірде-біріне ұқсамайтын түрлі белгілер кездеседі» [2, 321].

Халқымыздың тарихында әртүрлі жазу таңбалары қолданылған. Төл жазудың керемет нұсқасын жасаған ұлы реформатор, қазақ грамматологиясының негізін қалаған – А.Байтұрсынұлы. Ғалым төте жазуды дыбыс әдіс жолына негіз еткендігін ескерсек, дыбыс негізді әдіс арқылы метатіл орын алады. А.Байтұрсынұлының ерекшелігі – қазақ тіл білімі ғылымында таңбаларды жасай отырып, грамматологияның метатілін қалыптастыруы. Бұған дәлел – ғалымның «Оқу құралы» ғылыми-зерттеу жұмысы.

А.Байтұрсынұлының емлесі үлгі емле болды. Ғалымның қазақ тіл білімі ғылымында қалыптастырған әр таңбасында мән бар, ұлттық таңбалық ерекшелік бар. Қазақ тіл білімі, әдебиеті ғылымындағы қарастырылған мәселерді А. Байтұрсынұлының жасаған еңбектерінен бастау керек. Себебі ғалым сол кезде-ақ қазақ әдебиеті және тілінің дамуын, қалыптасуын өз еңбектерінде көрсетіп, дәлелдеп кеткен.

Жазу мәдениетіміз ұлтымыздың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Яғни халықтың жазуынан, алфавитінен көрініс табады. Сондықтан грамматология саласын дамыту, зерттеу жұмыстары жалғасын табу керек.

Қазақ пунктуациясының жүйеленуі А.Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты. 1925 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл құралы» еңбегінде «Жазу қосымша белгілері және тыныс белгілерінің жалпы ережесі» деп аталатын бөлім бар. Ғалым осы жерде мынандай тыныс белгілерін бөліп көрсетеді.

- 1) Кіші сызықша «-» (тіркестіру белгісі)
- 2) Үлкен сызықша « – » (жұмақтау белгісі)
- 3) Ноқат (нүкте) « . » (ұлы тыныс)
- 4) Үтірлі ноқат (нүкте) « ; » (орта тыныс)
- 5) Теріс үтір « , » (кіші тыныс)
- 6) Қос ноқат (қол нүкте) « : » (бәшелеу белгісі)
- 7) Сұрау белгісі «?»»
- 8) Леп белгісі «!»»
- 9) Көп ноқат (көп нүкте) « ... » (қалдыру, тастау белгісі)
- 10) Қабат үтір « » (қабатша қос тырнақ)
- 11) Жақша «()» (қамау белгісі)

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген тыныс белгі атаулары А.Байтұрсынұлы еңбектерінде терминдік сипатқа ие болып, кейін тілімізде тұрақтанып қалды. Ғалым: “Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді”, – дей келіп, осы олқылықты өзі түзеуге кіріседі. А.Байтұрсынұлы тыныс белгілеріне қазақша атау беружәне қатар, әрқайсысының қызметін де көрсетеді:

- 1) Кіші сызықша «-» (тіркестіру белгісі)

Бұл белгі: 1) бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында қойылады, сөзді олай тіркестіру екі сөзді қосақтап, бір сөз (қос сөз) қылып айтатын орындарда келеді. Мәселен, төсек-ағаш, жүк-аяқ, құрт-құмырсқа, аяқ-табақ, 2) сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылады, ондай тіркестіру көбінесе сөздің бөлімдері жазып келе жатқан жолға түгеліжәне сыймай, сыймаған бөлімін екінші жолға шығару қажет болған жерде келеді. Ондай орында қойылған тіркестіру белгісі сөздің екі жолдағы бөлімдерін тіркестіріп қосып оқу керектігін көрсетеді. Жана да тіркестіру белгісі сөздің жалғауы және екі арасына бөтен сөз келіп қыстырылған жерде, мәселен, демеу келіп қыстырылған жерде келеді. Мұндай орында қыстыру белгісі сөзді жалғауынан айыруға болмайтындығын, бірінен-бірін айырмай тіркестіріп оқу керектігін көрсетеді. (жақсы-ақ-пысың? жалғыз-ғана-мысың?).

- 2) Үлкен сызықша «–» (жұмақтау белгісі)

Бұл белгі бытыраңқы ұғымдарды шоғырландырып, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырып, теңелерлік нәрселерді теңеп, балап айтатын орындарда қойылады. Мәселен, Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы. Қасқыр – аң. Ақымақты үйрету – өлгенді тірілту.

3) Ноқат (нүкте) «.» (ұлы тыныс)

Бұл белгі: 1) әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылады; 2) мақала, кітап басының атауларынан соң қойылады; 3) қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады.

4) үтірлі ноқат (нүкте) «;» (орта тыныс)

Бұл белгі: 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылады. Сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас суреттелген жерде келеді (Шақрам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ат істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді); 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулержәне құраспай, алды-алдына тұрған жана да қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылады (Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наршамды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды) [3, 310-312].

XX ғасыр басындағы басылым беттерінде тыныс белгілері, негізінен, А.Байтұрсынұлының еңбектерінен кейін тұрақтала бастағанын аңғаруға болады. Бұл жөнінде ғалым О.Жұбаева былай дейді: «А.Байтұрсынұлы ұсынған тыныс белгі атауларының көпшілігі тілімізде кейін сол күйінде қалыптанып кетті: нүкте, қос нүкте, жақша, үтір, сызықша т.с.с. Ал бірқатар атауларда сөздердің орындары өзгергенмен, терминдер қолданылды. Ғалым ұсынған үтірлі нүкте деген атаудың орнына қазіргі кезде нүктелі үтір атауы қолданылып жүр. Кіші сызықша атауының орнына орыс тілі арқылы латын тілінен енген дефис атауы қолданылып жүр. А.Байтұрсынұлы тыныс белгі атаулары үшін, негізінен, қазақ сөздерін (немесе қазақ тіліне әбден сіңісіп кеткен араб-парсы сөздерін) алған әрі сөзжасам тәсілдерін пайдалана отырып, жаңа атаулар жасаған. Ғалым «дефис» сөзінің орнына қосарлық, кіші сызықша атауларын пайдаланған. Ал қазіргі кезде қолданылып жүрген сызықша, тире деген атаулардың орнына сызық атауын ұсынушылар да бар. Қазақ тілінде -ша/-ше қосымшасы кішірейту мәнінде жұмсалады (тақтайша, қалташа, қалақша т.с.с.). Сондықтан ұзынын – «сызық» деп, қысқасын – «сызықша» деп атаған дұрыс болар еді деген ойдамыз», - дейді [4, 55].

Қазіргі қолданыстағы тыныс белгілерінің терминдік аталымы, негізінен, А.Байтұрсынұлынан басталғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар тыныс белгілеріне атау беруде халықтың ұғымына сай

қосымша атаулармен түсіндірме беруі, бір жағынан, терминге қойылатын дәлдік, түсініктілік, айқындық сияқты негізгі талаптарға сәйкес келсе, екінші жағынан автордың функционалдық ұстанымды ескергенін аңғаруға болады. Осылайша тыныс белгілеріне қатысты мәселелер ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, А.Ысқақов, Х.Басымов, М.Балақаев, Ә.Хасенов еңбектерінде зерделене бастағанын білеміз.

Тілде жазба тілдің негізгі құралы боп саналатын пунктуация мәселелері ұзақ жылдар бойы ғалымдар пікірталасына өзек болып келеді. Әліпбиден тыс графикалық белгілер жүйесі болғандықтан, тіл-тілдегі тыныс белгілері интернационалдығымен ерекшеленеді. Сондықтан да ол (тыныс белгілері) графикалық таңбалануы жағынан да, мағыналары және функциялары жағынан да тілдердің басым көпшілігінде біркелкі болып келді. Бірақ бұған қарап тыныс белгілеріне қатысты проблема жоқ деп қорытынды жасауға болмайды.

Әдебит

1 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1971. – 274 б.

2 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1966. - 335 б.

3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 443 б.

4 Жұбаева О. Қазақ пунктуациясының қалыптану тарихы// Туған тіл Алманахы. – 2016. - №47. - Б. 55.

ӘОЖ 81.13

Сөйлеу үдерісінің жемісі – мәтін және дискурс

Өтеуов Н.Ғ., КЯ-24М оқу тобының магистранты.
Байдаулетова А. Ә., ф.ғ.к., аға оқытушы
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье исследуется текст дискурса, являющийся результатом речевого процесса.

Abstract

The article explores the text and discourse resulting from the speech process.

Адам танымы мен ой-өрісі құрылымын тіл арқылы таныту қазіргі заман лингвистикасында алдыңғы қатарға шығып келеді. Антропоэлектік лингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс мәселесі сияқты жаңа бағыттар тілдің оқшау

тұрған қалпын емес, адамның қабылдау, ойлау, түсіну, өзгеге жеткізу қабілеттерімен байланыстыра қарастырылады.

Мәтінді зерттеу ерте кезеңнен бастау алады. Алғашқы зерттеулер діни кітаптар мәтінін қарастырудан басталған болса, кейіннен заң және әдеби мәтіндер, мәтіннің басқа да түрлері ғалымдардың назарына ілінді. XIX ғасырдың аяғына қарай мәтінді зерттеу жұмысымен этнологтар айналыса бастады. Ал мәтінді тілдік құрылым ретінде арнайы қарастыру XIX-XX ғасырлардан басталды.

Мәтін өз алдына бөлек формалды дүние емес, мәтін – сол тілді пайдаланатын адамның ақпаратты, алынған хабарды қабылдауы мен жеткізуінің белгілі бір жемісі. Мәтін қазақ әдеби тіліндегі стильдер, жанрлардың түрлері, тілдік құрылым, сөйлеудің белгілі бір типке түсірілген формалары ретінде қарастырылса, қазіргі кезде бұлардың барлығы хабарды айтушы (адресант) және хабарды алушы (адресат) арасындағы өзара байланысқа негізделеді. Нәтижесінде лингвистикада дискурс, мәтін терминдерінің кең таралуына бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі лингвистикада мәтін және дискурс ұғымдарының концептуалдық сарапталуы арқылы бірібірімен тығыз байланыста болатыны анықталып келеді.

А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атайды: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп аталады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» [1, 344].

Құдайберген Жұбанов еңбектерінде мәтін ұғымы «сөз бұйымы» деген атаумен беріледі. Ғалым мәтінтүзім мәселесіне қатысты да ой қозайды: «Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сыпатын білу керек. Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылған сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің ондай-мұндай қисығын білдіртпейтін басқа жағдайлар бар. Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет» [2, 148]. Бұл арқылы ғалым мәтінді тұтастық пен байласымдылық сипаты бар жүйелі құбылыс екендігін және мәтінтүзім заңдылықтарын меңгерудің маңыздылығын аңғартады.

Кейінгі жылдары мәтін лингвистикасы кеңінен зерттеле бастады. Мәтін лингвистикасы мәселелері Р.Сыздық, Б.Шалабай, А.Жұбанов, Г.Смағұлова, Н.Уәли, Г.Әзімжанова, А.Әділова, Ж.Жақыпов, С.Мұстафина, С.Құнанбаева, Ж.Қайшығұлова, Ж.Кеншінбаева, М.Ахметова, М.Маретбаева т.б. ғалымдардың зерттеулеріне нысан болса, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Б. Момынова, Х.Кәрімов еңбектерінде көркем мәтіннің ерекшеліктері жүйеленеді.

Мәтін – күрделі категория. Оны бір әдіс шеңберінде зерттеп,

тануға келмейді. Мәтін деген көпжоспарлы жүйені сипаттау, түбегейлі жаңа талдау әдістері мен түсінік жүйелерінің келуін болжап, тіл білімінің бұрын ашқан жаңалықтарын пайдалануды меңзейді. Мәтін лингвистикасының ғылым ретінде қалыптасуы бүгінгі филология ғылымының даму жолымен сабақтасып жатыр. Мәтін – сөйлеу процесінің жемісі. Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. Ғалым Б.Шалабай: «Мәтінді зерттеу тұрақты күйдегі тілді емес, әрекетті тілді зерттеуден барып пайда болады» [3, 131] -дейді.

Ғалым Т.Қордабаев, Р.Сыздық, Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, А.Жұбанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде мәтіннің мүшеленуіне қатысты бірталай құнды ойлар айтылған.

Бірқатар зерттеушілер мәтін деңгейіндегі ең кіші бірлік – күрделі синтаксистік тұтастық (Г. Смағұлова, Ж. Қайшығұлова т.б.) деп есептейді. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше мәтінтүзуші ең кіші бірлік – сөйлем (Г. Әзімжанова, т.б.). З. Ерназарова мәтінді сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегі деп таниды. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика - синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал, сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін [4]. Мәтіннің ең кіші бірлігі – сөйлем. Сөйлемнен үлкен мәтінтүзуші тілдік бірлік ретінде күрделі синтаксистік тұтастықты атауға болады.

Қандай болмасын мәтін бір ойдың жемісі болғандықтан ол адам санасымен, сөз мәдениетімен тығыз байланысты. Мәтіндегі біртұтас тиянақты ойды оқырманға түсінікті етіп жеткізуде автордың өзі ұсынып отырған ақпаратқа қатысын, пікірін, көзқарасын, көңіл-күй сезімдерін білдіретін әр түрлі тілдік тұлғалар мен әдіс-тәсілдер қолданылады.

Ғалым З. Ерназарованың пікірінше, мәтін – сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегі. Мәтін астары ақпараттары сөз арқылы берілмейді, тек байыпталады. Бұл ақпарат сөздердің, сөз тіркестерінің өзіне ойды жасырып тұру қасиеті арқасында танылады.

Мәтін– когнитивті-функционалдық сөз әрекетінің жазбаша түрдегі көрінісі. Мұнда хабардың орны ғана көрсетіледі, бірақ дискурстағыдай хабар алмасу жүрмейді. Мәтінде шындық өмір әр түрлі қырларынан (қоғамдық, мәдени, көркем) көрініс табады. Сондықтан мәтін де тілдің әр түрлі функционалдық стильдеріне қатысты жіктеледі. Мәтіннің функционалдық типтеріне көркем мәтін, ғылыми мәтін, публицистикалық мәтін және ресми мәтін жатады. Әр стильдің өзіндік жанрлары мен ерекшеліктері болады.

Қазіргі лингвистикада дискурсты көптеген ғалымдар мәтіннің динамикалық күйдегі түрі деп түсіндіреді. Ал мәтінді оған қарама-

қарсы статикалық күйдегі тілдік қарым-қатынас нәтижесі деп есептейді. Кейде дискурс екі бірдей ұғымды–тілдік қызметтің динамикалық үрдісі мен оның нәтижесі дегенді білдіреді.

Ғалым З.Ш. Ерназарова «прагматиканы динамикадағы мәтін – дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланысты қарастыратын ғылым» - деп атап өтеді [4, 200]. Дискурсты прагматикалық тұрғыдан зерттеу коммуникативтік жағдаятқа және оған қатысушы адресант пен адресатқа тікелей байланысты болады. Дискурсты түсіну адресант айтатын деп отырған ойына, ойлау дүниесіне ену және оны интерпретациялау деп ұғыну керек.

Ғалымдар дискурс белгілері ретінде динамикалық, функционалдылық, өзектілік, үрдіс, когнитивтік әрекет, кез келген дыбыстық не графикалық репрезентациядағы тілдік шикізат болатындығы, белгілі бір уақыт аясында, белгілі бір орында өтетіндіктен шартты түрде тұйықталатындығы, сөйлеушілер бір-бірінің сөзін тоспай сөйлей бермейтіндіктен дискурстағы мәтін біреуге бағытталатындығы, сөйлеушілер санасы әрекеттесетіндігі, арнайы мақсатпен мәтінді тұйықтауы, оның өмір сүруіне мүмкіндік беруі т.б. сипаттарды атайды. Дискурстық уақытқа ие, «өмірдегі тіл» сипатында болады, оған тән белгілер: индивидуалды сипатта, авторлары сөз жағдаятына қатысушылар, бірінші деңгейдегі сөйлеу жанры, қозғалыста болуы, айтушы-қабылдаушы тарапынан алғанда өзгеріссіз бір бағытты, эмоциясы біртуар, ауызша сипатта болуы т.б. Ал мәтіннің белгілеріне статикалық, құрылымдылық, көп өлшемді, терең қабатты, үрдіс өнімі, когнитивтік әрекет қорытындысы, кез келген материалдық тасымалдаушыда бекітілген тілдік шикізат сияқты қасиеттерді көрсетеді. Мәтін тілде орналасады, сондықтан оның тұтас алғанда шегін көрсете алмаймыз. Ал, тілде тұрғанда ол ешкімге арналмаған, дискурста тілдік дерек мәтіншілік уақытқа ие, «тілдегі өмір» сипатында болады, ол екінші деңгейлі күрделі сөйлеу жанры түрінде түзіледі.

Қазіргі тіл білімінде дискурстық талдауға ерекше мән беріледі. Ол логика, психология, сана философиясы, әдебиеттану, элеуметтану сияқты шектес салалар жүйесін қамтиды. Ғалым Н. Уәли көркем шығарма дискурсын оқырманға тигізер ықпалы, оқырманның зерделеу әрекеті тұрғысынан зерттеудің маңыздылығына баса назар аударып, антропоцентристік өзектілігіне ерекше мән береді.

Дискурстың өмір сүру формалары – оның қолданыста сөйлеу жанрларына сай жүзеге асып отыруы. Дискурс өнімінің сақталуы «мәтін кітапханасы» (қоры) түрінде болады да, сол арқылы дискурсқа қайтып орала алады. Яғни, мәтін тілде орналасып, дискурста өмір сүреді. Дискурстық жүйе дискурстың коммуникативтік, когнитивтік, тілдік құрастырушыларының тұтасуынан пайда болады. Коммуникативтікке белгілі бір тіл өкілінің – тілдік тұлғаның дискурста орындайтын ролі мен позициясы енеді, когнитивтікке

дискурс хабарламасында мазмұндалатын білім типі кіреді, тілдік сипатына тілдік тұлғаның тілдік құзыреті кіреді. Дискурстық ансамбльдің өзара әрекеттесу типтері дискурстық үрдісті береді. Дискурстық үрдіс – оның белгілі бір уақытта өмір сүруінің шарты, сондықтан да ол дискурстың үнемі болу тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы сипаттан дискурстың интермәтіндігі пайда болады.

Дискурстың қарапайым бірліктеріне дискурстың ең кіші үзіктері жатады. Ол семантикалық-синтаксистік және просодиялық деп аталатын екі түрлі өлшеммен анықталады. Семантикалық-синтаксистік предикациялар шекарасымен сай түссе, просодиялық өлшем интонациялық контурмен дәл түседі. Дискурстың ауызша және жазбаша типіне сай олардың дискурстық бірліктерін бөлшектеуде ерекшеліктер байқалады.

Тілдің ауызша дискурстағы қолданысына графикалық сипат беру үшін екі нәрсе орындалуы шарт:

- 1) ұнтаспаға жазылған ауызша дискурс;
- 2) соған сай келетін транскриптер [5].

Тілді мәтін арқылы көруге болады, сөйлеу үстінде тыңдауға да болады. Яғни, тіл мен сөйлеудің қарым-қатынасы қайсыбір құбылыс пен оны суреттейтін мәтіннің арақатысы болып табылады.

Дискурс бұл қолданыстағы тілдесім болып табылады. Бұл прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б. экстралингвистикалық факторлармен бірге, оқиғалар аспектісінде алынған байланысқан мәтін; әлеуметтік мақсатқа бағытталған, әрекет ретінде қарастырылған тілдесім; адамдар қарым-қатынастарына қатысатын, олардың сана механизміне (когнитивтік үдерістерге) қатысатын компонент ретінде қарастырылады. Дискурс мәтінмен салыстырғанда ұғымы кең.

Әдебиет

1. Байтұрсынов А Ақ жол. – Алматы, 1991. – 460 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 581 б.
3. Солганик Г.Я. Лингвистика текста. – М., 2000. – 318 б.
4. Ерназарова 3. Сөйлеу тілі синтаксистінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол.ғыл.д-ры...дисс. – Алматы, 2001. – 215 б.
5. Садирова Қ.Қ. Дискурс және оның құрылымына қатысты мәселелер // Тілтаным. – Алматы, 2007. –№2. – 19-25 б.б.

ӘОЖ 16.21.33

Медиамәтін – медиалингвистиканың нысаны

Майлыбаева Индира Құрманбайқызы,
КЯ-24М оқу тобының магистранты
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье исследовано отношение медиа текстов, распространяемых через средства массовой информации, к медиа лингвистике, их влияние на динамику развития языка.

Abstract

The article examines the relationship of media texts distributed through mass media to media linguistics, their influence on the dynamics of language development.

Тілдің аудиовизуалды, баспа және желілік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұсынылатын медиа саласында немесе қазіргі бұқаралық коммуникацияда қалай қызмет ететінін зерттейтін тіл білімінің бір саласы медиалингвистика болып табылады. «Медиа» және «лингвистика» деген екі терминнен құралған медиалингвистика қазіргі таңда теледидар, радио хабарламалар, мерзімді баспасөз, интернет беттеріндегі ақпарат көздері, сонымен қатар кино, видео, ұялы телефондық байланыс және бұқаралық коммуникация құралдарының жиынтық атауы ретінде қолданылады.

Бұқаралық ақпарат тілін медиалингвистика зерттейді. Медиалингвистикада мәтінді өңдеудің барлық әдістері: жүйелік талдау әдістерінен бастап, логикалық, эмпирикалық, әлеуметтік лингвистикалық әдістерге дейін қолданылады.

Медиалингвистиканың дербес ғылыми сала ретінде қалыптасуы ақпараттық-коммуникациялық қоғам жағдайындағы тілдің даму динамикасына әсер етеді. Ал 2000 жылға дейін тілдің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қызметін тіл ғылымының әртүрлі салаларының—әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, когнитивтік лингвистика өкілдері зерттесе, одан кейінгі кезеңде тіл ғылымының барлық зерттеулерін біріктіруге қажетті алғышарттар қалыптасты. БАҚ тілін бір арнайы пән аясында – медиалингвистика аясында қарастыру қажеттігі туды. Медиалингвистика бұқаралық ақпарат құралдары тілінің жүйелі, кешенді зерттелуін қамтамасыз етеді. Ал медиамәтін медиалингвистиканың басты зерттеу нысаны болып саналды.

Қазақ тіліндегі медиалингвистикалық зерттелуіне келетін болсақ, қазақ тіл біліміндегі медиалингвистикалық зерттеулерге шолу жасау бұл бағыттағы еңбектердің көбісі прагматикалық аспектіге байланысты қарастырылғанын байқаймыз. Зерттеулердің басым бөлігі баспасөз мәтіндерін қарастыруға арналған, ал қазақ тіліндегі теледидар және радио мәтіндерін зерттеу нысанаға айнала қоймағанын көреміз. Қазақ баспасөз тілінің мәселелері Н.Қарашева, Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Р.Сыздық, А.Алдашева, Б.Момынова, М.Мұқашева, О.Бүркітов, Қ.Есенова, Ф.Жақсыбаева, Б.Райымбекова,

С.Иманбердиева, Н.Дәулеткереева, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Ғалым М.Серғалиев «Ой мен сөздің жарасымы» мақаласында телебағдарламаны жүргізуші дикторлардың тілін шұбарлап сөйлеу, сөзді орынсыз қолдану мәселелерін сынайды. «Солай бола тұра, радио тілі, телевизия тілі дейтін мәселелер тасада қалып келе жатыр. Саусақпен санарлық газет мақалалары бұл олқылықты тіптен толтыра алмайды. Әлі бұл тұрғыдан теориялық та, практикалық та мәні бар жайлар толып жатыр. Ондағы жылдар бойы жинақталған материалдар негізінде радио тілінің де, телевизия тілінің де теориясын жасайтын да мезгіл жетті» [1,4б.], – дей келе, теледидар тілін зерттеудің өзектілігін алға тартады.

Ғалым Н.Уәлиев «Сыртқы күштің әсерінен болып жатқан сөздік құрамдағы жылжулар, ығысулар, жаңғыру мен жаңарулар тәрізді құбылыстардың қарқын алуы тілдік ұжымның ой-санасындағы өзгерістердің объективтенуі (көрінісі) деуге болады. Тап қазіргі кезде әр саладағы мамандар телекамера, микрофон алдында сөйлеп жатады. Бұрын кеңестік дәуірде олар бұқаралық ақпарат құралдарында сөз субъектісі болудан гөрі сөз объектісі ретінде көбірек көрінеді» [2, 21б], – деген пікір білдіреді.

Ал Б.Омарұлының «Электронды ақпарат құралдарында термин сөздердің қолданылуы және тіл мәдениетінің сақталу мәселелері» тақырыбындағы мақаласында телемәтіндерде кездесетін терминдердің дұрыс қолданылуы, т.б. тілдік мәселелер туралы сөз болады [3].

Сондай-ақ ғалым Г.Машинбаева электронды ақпарат құралдарының ішіндегі халық өміріне ең жақын болып табылатын БАҚ-тың аудиовизуалды түрі теледидар тілінің ерекшеліктерін қарастырады. Кітаптың алғашқы тарауында теледидар тіліне қатысты қолданылатын терминдерге талдау жасайды, одан кейінгі тараушада алғашқы ақпарат беру құралдарына қысқаша тоқталып өтеді. Автор монографияның басым бөлігінде теледидар арналарында берілетін түрлі жанрдағы бағдарламалар тіліне талдау жасайды. Нәтижесінде әр жанрға қатысты тұрақты қолданылатын лексикалар тобын, дайын қалыптар мен стереотиптерді анықтауға тырысады [4].

Бұқаралық ақпарат құралдары тыңдаушыларды жаңалықтармен қамтамасыз етуді, ақпарат тасымалдауды жүзеге асырады және халыққа этикалық-эстетикалық тәрбие беруді мақсат етеді. Бұл қызмет түрлерін теледидар, радио және газет-журналдар атқарады. Жалпы теледидар қоғам өміріне газет пен радиодан кейін келсе де, солармен қатар тұрған, бұқаралық ақпарат құралдарына тән ерекшеліктердің бәрін өз бойын жинақтаған, синтезделген өнер түрі. Теледидарды ХХІ ғасырдағы адамзат өмірін рухани тұрғыдан қамтамасыз ететін құрал деуге болады. Теледидар арқылы берілетін ақпараттар бүгінгі қоғамдағы әрбір адамға қолжетімді, сондай-ақ

елдің тілін, қоғамда жүргізіліп отырған саясатты, идеологияны таратуда теледидардың маңызы ерекше.

Қоғамдық пікірді жинақтауда, елді ақпараттандыруда, сондай-ақ адамдардың моральдық-эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда теледидардың маңызы зор.

Кез келген телехабар адамды мәдениеттілікке үйретеді. Көрермен телебағдарламаға қатысушылардың сөз саптауынан, сөйлеу мәнерінен, тіл тазалығынан өзіне қажетті білім мен білікті қабылдайды. Осыдан келіп, теледидар мәтініне халықтың тіл мәдениетіне әсер ететін, тіл тазалығын сақтауға ықпал ететін құрал ретінде қарау қажеттілігі туындайды.

Теледидардың қоғамдық сана мен тілдің лексикологиялық және функционалдық-стильдік жүйесіне ықпалы зор. Әсіресе бүгінгі ақпараттандырылған заманда теледидар мен интернеттің тілі жаңа шығып келе жатқан бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің сөз байлығына, тіл тазалығына, дүниетанымына тікелей әсер етеді.

XXI ғасыр кеңістігіндегі медиамәтіндер балалардың білім көкжиегін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыратын, сөз байлығын арттыратын, тәрбие беретін құралдардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының көркем шығарма оқудан гөрі теледидар мен интернеттегі түрлі ақпараттарға көбірек қызығатыны белгілі. Мұның себебі, радио немесе баспасөз құралдарына қарағанда теледидар ақпаратты мейлінше толық, жылдам, нақты және қызықты етіп бере алады.

Басқа да медиамәтіндер сияқты балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндері өзіне тән бірқатар сипаттарға ие. Балаларға арналған медиамәтіндер мазмұндық ерекшеліктеріне қарай танымдық, оқу-танымдық, ойын-сауық шоу бағдарламалар, спорт-тық ойын-сауық шоу бағдарламалар, көркем фильмдер мен мультфильмдер деген топтарға жіктеледі. Балаларға арналған телемәтіндер шартты түрде жас ерекшеліктеріне байланысты және мағыналық түрлеріне байланысты жіктелді.

Әдебиет

1 Серғалиев М. Ой мен сөздің жарасымы//Егемен Қазақстан. – Алматы, 1994. 7 қыркүйек.–3б.

2 Уәлиев Н. Терминология және тілдік норма//Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері: республикалық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Астана, 2004. – Б. 24-31

3 Омарұлы Б. Электронды ақпарат құралдарында термин сөздердің қолданылуы және тіл мәдениетінің сақталу мәселесі// Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері: республикалық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Астана, 2004. – Б. 125-130

4 Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық

ӘОЖ 94(574)

Жәдидтердің ағартушылық қызметі

Бердижарова Л.К., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье анализируются особенности распространения нового идеологического культурно-просветительского движения «джадиды» и джадидского учения по Сырдаринской области.

Abstract

The article analyzes the peculiarities of the spread of the new ideology calcultural and educational movement "Jadids" and the Jadid doctrine in the Syrdarya region.

Түркістан өлкесінің Сырдария облысы патша әкімшілігінің әскери-экономикалық тұрғыдағы стратегиялық аудандарының бірі болды. Патша билігі жергілікті халықты тиімді билеп-төстеу мен табиғи ресурстарын оңтайлы игерудің жолдарын барынша ойластырып, оның барлық тетіктерін пайдаланды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресей әскери отарлаумен қатар жергілікті қазақ халқын рухани бодандықта ұстап, тілінен, дінінен айыру арқылы орыстандыру мен шоқындыру ісін жүзеге асыра бастады. Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісінің «белсенді ұйымдастырушысы» Н.Остроумов жаулап алынған жерлердегі білім беру ошақтарының негізгі міндеттері мен мақсаты «Түркістан өлкесінде орыс мектебі арқылы орыстандыру саясаты басшылыққа алынуға тиіс», – деп атап көрсетті.

1876 жылы 6 ақпан күні фон Кауфман халық ағарту министрі Д.А. Толстойға жазған хатында орыстандыру саясатын жүргізуде бәсекелестер болып тұрған Қазан татарлары қызметін шектеу үшін «мұсылман әдебиетін басып шығаруға және таратуға тыйым салуды» сұраған болатын [1, 10]. Патша әкімшілігі халықағарту саласында мұсылман медресе-мектептерін аралас орыс-түземдік мектептермен алмастыруға тырысты. Мұсылмандық оқу орындарын жабу себептерін табу үшін оларды жиі тексеріп тұрды.

Патшалық биліктің мақсатын сезген Ресей империясы құрамындағы мұсылмандар ой-санасын еркіндік үшін күреске бағыттайды. Осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастаған өздерін «жәдиттер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келеді.

XIX ғасырдың соңына қарай И.Гаспринский бастаған жәдидшілердің ағартушылық реформалары феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Олар баспасөз беттерінде: «Біз мұсылман халықтарының өздерінің завод, фабрикаларымен қатар дамыған оқу орындары болып, олардың ерікті, әрі өркениетті болғанын қалаймыз», – деп ойларын ашық білдірді [2, 100]. Ал патша әкімшілігі болса бұл идеяға қарсы шығып, «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып жете алады» деген пікірде болды. Жәдидшілдер бұл пікірге қарсы шығып, ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеуге тырысты [3,133].

Жәдидшілдіктің көрнекті өкілдері Шағабуддин Маржани, Құсайын Фаизханов, И.Гаспринский, Мұса Бигеев, Ризаетдин Фахретдинов, Мифтахеддин Ақмолда, Мұхаметсәлім Үметбаев, Зайнулла Расулов және т. б. болды. Бұл қозғалысты Орынбордан шыққан ағайынды Құсайыновтар, Троицкіден шыққан Яушевтер, уфалық С.Нәзіров пен Г.Хакимов сынды кәсіпкерлер қызу қолдады. Орта Азияда Мінуэр Қари Әбдірашидханов, Файзулла Қожаев, Махмұдқожа Бехбуди, С. Міржәлелов сияқты жәдидшілдер танымал еді. Жәдидшілдік қозғалысы мектептер мен медреселерде «усул-и жәдид», оқытудың дыбыстық жаңа әдісін қолданудан басталды. Бұл әдіс ең алғаш рет Уфа губерниясындағы «Ғұсмания» және Орынбор губерниясындағы «Хұсайыния», Қазандағы «Мұхаммадия» медреселерінде қолданылды. 1890 жылдан бастап «Расулия», «Ғалия» медреселерінде кәсіби мұғалімдер дайындалып, Башқұрстанда бұл әдіс толығымен бекітілді. Білікті мамандар, сондай-ақ Стамбул мен Каирдің реформаланған медреселерінен, Бақшасарай мен Қасымов қалаларындағы педагогикалық курстарды бітіріп келді. Сауат ашу бір жылға дейін қысқарып, оқытудың еуропалық сыныптық-сабақтық стандарттары енгізілді.

Түркі-мұсылман халықтарының ерікті, өркениетті ұлттармен қатар тұруы жәдидтік ағартушылықтың негізін, өзегін құрады. Мектептерге мамандар даярлауда Уфадағы, Орынбордағы және Қазандағы медреселер елеулі рөл атқарып, қазақ даласында екі бағыт арқылы – Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының мәдени-ағартушылық қызметімен таралды. Соның ішінде Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдиттері үлкен үлес қосты [4,18]. Бұл мектептерде оқитын мұсылман халықтарының балаларымен бірге қазақ жастарының да саны жыл өткен сайын арта түсті. Сондай-ақ жоғарыда аталған қалалардағы медреселердің ұстаздары мен шәкірттері қазақ даласында көшпелі жәдидтік мектептер ашып, қазақ балаларына білім таратты. Осындай көшпелі мектептердің ашылуына байланысты орыс-түзем мектептеріндегі қазақ балалары оқуларын тастап, жәдиттік көшпелі мектептерде білім алуға ынта көрсете бастады.

Ерте отарланған татар ұлтының зиялылары жаңаша күрес бағытын қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Сондықтан да патша әкімшілігі татарлар мен қазақтарды араластырмауға барлық күшін салды. Жәдитшілердің бастамасымен ХХ ғасырдың басында Сырдария облысында жаңа әдісті мектептер көптеп ашыла бастайды. Олардың арасында Әулиеата қаласында «Шамсие» мектебі, Қазалы қаласында «Хусаинов» татар мектебі, Перовскі қаласында ашылған «Шаги Ахмет Валиуллинов» атты жаңа әдісті мектеп және тағы басқа мектептер мұсылмандардың балаларына білім берген.

Ал жалпы Сырдария облысында білім берген жәдитшіл мектептердің санына келетін болсақ, 1914 жылға дейін 16 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 1650 шәкірт білім алған. Атап көрсетсек, Әулиеата қаласында 2 жаңа әдісті мектеп, Перовскіде 3 мектеп, Қазалы қаласында 3 мектеп, Шымкент қаласында 2 мектеп, Түркістан қаласында 1 жаңа әдісті мектеп болған. Ал қалған мектептер көшпелі жағдайда қызмет атқарған. Жәдиттік мектептердің түрік халықтарының азаттығы жолында қандай ағартушылық рөл атқарғандығын Түркістан өлкелік оқу орындары басқармасында жіберілген мәліметтегі «мемлекет үшін мұсылман мектептерінің автономиялығы қауіпті болып табылады» деген мазмұндағы пікірден тануға болады[5,3]. Орыс әкімшілігінің бұл ұстанымы жаңа әдісті мектептердің дамуына тосқауыл болды.

Түркістан генерал-губернаторлығында кеңінен өріс алған жаңа әдісті мектептер патша әкімшілігінің үрейін алды. Өздерінің отарлық саясатына қарсы бағытталған қозғалысқа «жаңа ағым» деген атау бере отырып, оның мәні мен мазмұнын тануға бар күштерін салып бақты. 1901 жылы 31 желтоқсанда полиция департаментінің Сырдария әскери губернаторына жіберген нұсқау хатында: «соңғы кезде татар әдебиеттерінде орыс мемлекетінің 14 миллионнан астам мұсылмандарының көп ғасырлық өмір салтын өзгеріске түсіретіндей барынша ықпал байқалуда. Бұл ықпал И.Гаспринскийдің 1884 жылы жариялаған әліппесінен басталды. Орта Азиядағы оқиғалар, әсіресе Әндіжан көтерілісі бізге мұсылмандар арасындағы кез-келген қозғалысқа асқан сақтықпен, әрі қырағылықпен қарауды көрсетіп отыр. Сондықтан жаңа қозғалыс Түркия жағынан қаншалықты қолдау тауып отырғандығы, жәдиттік мектептегі мұғалімдердің қай жерде, қандай білім алғандығы және тағы басқа да жайлы бізді тез арада хабардар етіп отырыңыз» деген нұсқау берілген.

Аталған нұсқауға орай жергілікті полицмейстріне Түркістан генерал-губернаторына тапсыру үшін тез арада осы хабарламаға байланысты ең мазмұнды және маңызды мәліметтер жинауға бұйрық берілген. Осыған байланысты патша әкімшілігі Ішкі істер министрлігіне қазақ даласында жәдиттік мектептер ашып қазақ балаларын оқытып жатқан татар молдаларының үстіне шағымдар түсіріп, былай дейді: «Қазіргі уақытта қазандық және басқа да

татарлар бәле болды. Олар орыс мәдениетінің нағыз жаулары, қарсыластары ретінде, өздерінің зиянды ықпалдарымен, діни уағыздарымен, сондай-ақ түрлі басылымдары арқылы тыныш жатқан қазақтарды азғындық жолға түсіруге тырысуда» [6,187].

Қазақ даласында мектептер ашқан татарлар қазақ балаларын патша билігіне қарсы тәрбиелеп отыр деген желеумен елден қуып, олардың қазақтардың арасына келуіне шек қояды. Бірақ патша әкімшілігі қазақ халқының ұлттық сана-сезімнің оянуын барынша тұншықтыруға тырысып, жәдиттік қозғалысқа қарсы күресте өзінің барлық күшін жұмылдырғанымен одан елеулі нәтиже шығара алмады.

Жәдидшілдер бүкіл түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында аянбай еңбек етеді. Жаңа әдістік мектептер беделінің артуы нәтижесінде қазақ халқы балаларын білім алуға осындай мектептерге берді, ал орыс әкімшілігінің қолдауымен ашылған орыс-түземдік мектептердің оқушылары жаңа әдістік мектептерге ауысып, білімдерін жалғастырды. Орыс ағарту ісі бәсекеге шыдай алмай көптеген мектептері қаңырап бос қалды. Оңтүстік өңірде жарты ғасырға жуық өмір сүрген патшалық билік жүйесі көп ұзамай-ақ өзінің осал жақтарын айқынырақ көрсетті.

Әдебиет

1. Жолсеитова М. Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесінің тарихынан. – Алматы, 2004. – 64 б.

2. Егембердиев М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. II ж – XX ғ. басы). Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007 –134 б.

3. Исхали И. Этническая мобилизация: Национальное движение в Тюркском мире. –Москва: Мысль, 1998 –220 с.

4. О.Құдышев. Жадидшілер –ұлт жанашырлары. //Қазақ тарихы, 1996 №5

5. Аманқос Мектеп-тегі. И. Гаспринский түркі жұртының ұлы тұлғасы. //Түркістан, 4 көкек 2002 ж

6. С.Қ. Шілдебай. «Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс». –Алматы: «Ғылым», 2002 –214 б.

ӘОЖ 16.21.33

Ғаламтор тілі – коммуникациялық ерекше құралы

Алмуратова Бақытжамал Канаевна,
КЯ-24М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматривается место языка интернета в образовании казахского языка использование языка в сети.

Abstract

The article examines the place of the Internet language in the education of the Kazakh language and the use of the language on the web.

Қазіргі таңда ақпараттық ортада өмір сүріп жатқан адам баласы үшін ғаламтор кәсіби сала емес, барлық қоғам мүшелері белсене қатысатын қызмет түріне айналып отыр. Ғаламтор тілі – адамзатқа ортақ, күнделікті қатынас құралы. Бұл қоғамдық сана үшін ғаламтордың күшті ықпалын білдіреді, көпшіліктің мәдени-әлеуметтік және практикалық әрекетінде ғаламтордың рөлін анықтайды.

Қазіргі қазақ қоғамында ғаламтордың алатын орны ерекше. Қазақ технологиялық мәдениетінің ХХІ ғасырдағы басты жетістігі мен мен ерекшелігі де – ғаламтордың қазіргі заманда барлық салаға толықтай енуі. Компьютер мен ғаламтордың арқасында тілімізде жаңа коммуникативтік орта – ауызша және жазбаша қатынас арқылы бір-бірін толықтыратын, әрі жақсы үйлесетін электронды/виртуалды орта пайда болды. Бұл үйлесім қазақ тілінде электронды/виртуалды мәтіннің қалыптасуы мен дамуына ықпал етіп, объективтік шындық ретінде көрініс табуына мүмкіндік берді. Қазақ тілі де өзге тілдер тәрізді өзгерістерге, тіларалық және технологиялық құбылыстардың ықпалына ұшырап отыр.

Ғаламтордың маңыздылығы және оның қалай жұмыс істейтіндігін баяндайтын әдістемелік құралдар жарық көруде [1, б. 4].

А. Үдербаев өзінің «Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі» деп аталатын мақаласында ғаламтор кеңістігін білдіретін лексиканы мынадай тақырыптық топтар арқылы ажыратады:

1) компьютерлік құрал-жабдықтар атауы (*сканер, принтер, модем, монитор, дисплей, факс, плоттер, CD-ROM, DVD, ноутбук, ультрабук, нетбук*, т.б.);

2) бағдарламалық қамтамасыз ету (*жабдықтама, жасақтама, қамтым* деген жарыспалы нұсқалар да бар), операциялық және процессорлық жүйе т.б. түрлерін атайтын сөздер (*драйвер, интерфейс, максротар, мультимедия, пентуум, сервер, софт, стек, кэш*, т.б.);

3) ғаламтор желісіндегі атаулар (*админ, баннер (banner), веб-мастер, интернет-магазин, интерфейс, контент, онлайн, оффлайн, домен, логин, аккаунт, интерфейс, ip-адрес, сервер, сайт, блог, браузер, брэнддинг, индексация, модем, провайдер, портал, скрипт, тэг, фрэйм, хакер, хост, хостинг, чат, юзабилити, рунет, қазнет*, т.б.);

4) әртүрлі өлшем бірліктердің атауын білдіретін сөздер (*гигабайт, байт, килобайт, мегабайт, пиксель, кластер, слот, файл*, т.б.).

Компьютер саласында қазақы терминдер аздау болғанымен, кеңінен қолданысқа енгендері де бар: *ғаламтор, бағдарлама,*

бағдарламашы, желі, желілік, желі ішілік, жүктеу, бұзаттау, сақтау, пернетақта, тінтуір, аналық жад, қатқыл диск, жасақтама, жеке парақша (жеке), т.б. [2].

Бүгінгі күні әлем бойынша ғаламтордың ықпалы артты. Көптеген коммуникативтік тәжірибелер ғаламтор желісіне ауысты: желіде тілді қолдану қарқыны барған сайын күшеюде, бұл өз кезегінде ерекше коммуникативтік ортаның, ерекше коммуникативтік кеңістіктің қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр. Интернет лингвистикасы бойынша ерекше бағыттағы зерттеулер пайда болуда. Қазақ тіл білімінде де ғаламтор тілі қызығушылық тудырғаны рас, тек осыған арналып монографиялық түрде жарық көрген еңбектер болмаса да, оның түрлі мәселелері ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Компьютер және ғаламтор дискурсындағы терминдер туралы Г.Н.Смағұлова, компьютерге негізделген қатынас тілі ретінде қарастырған Г.Ә. Сәрсекке, дискурс теориясындағы Интернет-дискурс түсінігі туралы К.Қ.Садирова, ғаламтор тіліндегі бейвербалды амалдардың қатарында тыныс белгілерінің қолданысы жөнінде Г.А. Ескермесова, ғаламтор тілінің тіл мәдениеті тұрғысынан қарағандағы кейбір сипаты хақында Е.Жұматаевзерттеген. Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибе: норма және узус ретінде Ж.А.Сарсенбай, қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері тұрғысынан А.А.Жумагулова, компьютер технологиясына байланысты қазақ тіліне еніп жатқан лексика Г.О.Заурбекованың жұмысында фонетика-лексикалық игерілімі тұрғысынан қарастырылған.

Ғаламтор ішіндегі «ғаламтор» іспеттес болған әлеуметтік желінің тілі де бірқатар жақтарымен ерекшеленеді, оның ауызша әрі жазбаша формада көрініс табуы, сол екеуінің де белгілерін өзіне қосқан стилистикалық әртүрлілігімен, көп функционалдылығымен, көптілділігімен, табиғатының жылдамдығымен сипатталады.

Әлеуметтік желі тілі өз бастауын жалпы ғаламтор тілі ұғымынан ала отырып, бірқатар ерекшеліктерге ие болады. Ғаламтор тіліне тән жалпы заңдылықтардың негізінде желі тілі әлеуметтік желідегі қатынастың өзіндік сипаттарына сай тілде өмір сүреді.

Ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде мына жолдарды кездестіреміз:

Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды...

—деген жолдармен келетін шумақтар қазіргі әлеуметтік желілерге қатысты айтылып тұрғандай. Өлең қазіргі технологияның таңғажайып мүмкіндіктеріне тамсанып отырып жазғандай әсер қалдырады.

Бүгінгі күні ақпарат тарату бойынша ғаламтордың мүмкіндігіне ештеңе жетпейді. Теледидар, радио, газеттің барлығы дерлік ғаламтор

торабында сайт немесе өз парақшаларын ашып, электронды ақпарат құралдары күн өткен сайын көбеюде.

Әлеуметтік желі қатынасы коммуникацияның жаңа түрі ретінде жаңадан дүниеге келген әлеуметтік-коммуникативтік тәжірибе және орта болып саналады, бұл ортада тілді қолдану мен жаңа кеңістікке бейімделуінің өзіне тән жақтары болады. Тіл осымен байланысты мынадай қызмет атқарады: 1) желідегі қарым-қатынастың құралы; 2) желідегі қалыптасып отырған ұжымдық тәжірибенің, сананың, ойлаудың құралы, соларды жинақтау, сақтау құралы; 3) желілік мәдениеттің қалыптасу құралы.

Әлеуметтік желілердегі қатынас тілдік қатынастың басқа түрлеріне, ауызекі тіл мен жазбаша қатынасқа қарағанда, өзіндік ерекшелікке ие. Қазақ әдеби тілі екі түрлі формада жүзеге асады: ауызша және жазбаша қатынас. Әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие, олар тілдік құралдар жүйесі жағынан, адресат сипаты және қабылдау ерекшеліктері жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады.

Р.Әміров «Ауызекі сөйлеу тілі – тілдің бастапқы қалпы» екендігін айта отырып, ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын коммуникативтік жағдайлардың бастылары ретінде мыналарды атайды:

1) пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып қатысуы үстінде болады;

2) пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуы арқылы жүреді;

3) пікір айту ешқандай дайындықсыз, емін-еркін әңгіме үстінде құралады [3].

Қазақ тілі ғаламторда негізінен жазбаша нұсқада қолданылады, сонымен бірге интерактивті желі коммуникациясында сөйлеу темпі ауызекі тілге жақын болып келеді. Ауызша және жазбаша қатынастың ерекшеліктері болатындығы сияқты әлеуметтік желі қатынасының да өзіндік ерекшеліктері бар. Әлеуметтік желінің тілі өзіндік ерекшеліктерге ие, оның ауызша әрі жазбаша формада көрініс табуы аталған екеуінің де белгілерін өзіне қосқан стилистикалық әртүрлілігімен, көп функционалдылығымен, көптілділігімен, жылдамдығымен сипатталады.

Ғаламтор тілі электронды қатынасқа негізделіп отырып пайда болған, қатынастың үшінші түріндегі тілдік қарым-қатынас болып табылады. Ғаламтор жай ғана технологиялық түрдегі нәтиже емес, сонымен бірге ғаламтордың негізгі қаруы тіл болып табылатын әлеуметтік факт. Тілсіз ғаламтордың кеңінен таралуы мүмкін емес екенін байқауға болады.

Әдебиет

1. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Дүзбаева Р.М. және т.б. Интернетке кіріспе: «Бүкіл дүниежүзілік өрмек». – Алматы, 2006. – 28 б.

2. Үдербаев А. Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі//Ана тілі газеті. – 2017, наурыз – 2.

3. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілі синтаксисінің ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 б.

ӘОЖ81'373; 001.4

Қазақ тіліндегі энантиосемия құбылысы

Байдаулетова А.Ә., ф.ғ.к., аға оқытушы.
Көбегенқызы Г, КЯ-23/2 М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассматривается явление энантиосемии, ее изучение, сходство с некоторыми категориями.

Abstract

The article discusses the phenomenon of enantiosema, its study, and similarities with some categories.

Қазақ тіліндегі энантиосемия құбылысы–қарама-қарсы мағыналардың бір тілдік бірлігінің реңктерінің немесе контекстке байланысты болатын мағыналардың тіркесімі. Лексикалық семантика категориялары жүйесіндегі энантиосемияның орны туралы сұрақ даулы, өйткені лингвистер бұл құбылысты антонимия, омонимия, полисемияның (көп мағыналықтың) бір түрі немесе өзіндік ерекшелігі бар лексикалық-семантикалық категория ретінде қарастыру керек деген ортақ пікірге келді. Әлемдегі кез-келген объект немесе құбылыс бір уақытта өзара әрекеттесу және қарама-қайшылық жағдайында болатын қарама-қарсы қасиеттерге ие болады да, нәтижесінде қайшылыққа әкеледі. Әрбір қайшылық шешуді талап етеді, бұл қайшылық тараптарының өзгеруіне және дамуына әкеледі.

Қарама-қарсы күштердің, тараптардың және қасиеттердің өзара байланысы мен күресі әлемнің барлық объектілерінің даму көзі болып табылуы ықтимал. Бұл принциптің тілдегі көрінісі энантиосемия құбылысының арқасында анықталады. Тіл жүйесін дамытудың негізгі көздерінің бірі ретінде тіл экономикасы принципі қарастырылады, ол энантиосемияның категориялық принциптерінде де көрінеді. Энантиосемия–лексикалық-семантикалық құбылыс, онда бір полисемиялық лексемада құрылымдық қарама-қарсы екі немесе бірнеше мағына болуы мүмкін. Энантиосемия ғылымда біршама зерттелген. Өзбек тіл білімінде көптеген полисемиялық лексемалар арасында энантиосемияны байқауға болады. Ол сөйлеу процесінде әр түрлі семалар шеңберіндегі қарама-қайшылық негізінде анықталады.

Энантисемия мен лексикалық антонимдер бір-бірінен ерекшеленеді. Энантисемия семасиологияның бірлігі болып табылады, ал антонимдер лексикологияда зерттеледі. Энантисемия – тіл үшін бір сөздің мағыналарын дамытудағы заңдылық. Ғалымдардың бұл ұғымға көзқарасы екіұшты болып келеді. Энантисемия ұғымына байланысты көзқарастарды қарастырып көрейік.

Энантисемия тек қана қазақ тілі ғана емес, жалпы тіл білімінде оның ішінде түркітануда терең де келелі мәселе. Энантисемия құбылысы жалпы тіл біліміндегі кей еңбектерде синонимия, антонимия, полисемия, омонимия секілді категориялармен қатар аста-аста қарастырылып келеді. Орыс зерттеушілерінің ішінен алғаш рет В.И. Шерцль көңіл бөліп, оның шығу тарихын, диалектілік өзгешеліктерін қарастырады. Кейінірек И. Гете, Ю.Г. Скиба, А.А. Новиков, В.А. Иванов және өзге де зерттеушілер аталған мәселеге көңіл бөліп, өз зерттеулерін жүргізген, энантисемияны жан-жақты түрлі қырынан қарастырған. Зерттеуші Д. Османалиева қырғыз тілінде энантисемия құбылысы өткен ғасырдың 80 жылдары зерттеле бастады дейді. Қырғыз ғалымы Б. Усубалиевтің антонимге арналған зерттеулерінде энантисемия антонимдердің бір түрі деп қарап, оның табиғаты, пайда болуы, түрлері жөнінде біраз мәлімет берген [1].

Лингвистикалық ғылымда «энантисемия» термині ХІХ ғасырдың аяғында профессор В.Шерцльдің арқасында пайда болды, ол оны «Семиотика саласындағы ең керемет және таңқаларлық құбылыстардың бірі» деп санады. Энантисемия – бұл бір сөздің екі қарама-қарсы мағынасы бар жағдайды білдіретін термин. Мысалы, «дәрісті тыңдау» тіркесінде «тыңдау» етістігін «қабылдау» және «алаңдату және естімеу» деп түсінуге болады [2, 49].

В.Н. Ярцеваның редакциясымен дарық көрген лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Энантисемия (гр. Enantios-қарама-қарсы + Сема белгісі) - бір-бірін жоққа шығаратын мағыналарды дамытатын көп мағыналы сөздерде байқалатын құбылыс. Мысалы, етістік *кету* «қалыпты жағдайға келу, өзін жақсы сезіну» дегенді білдіруі мүмкін, бірақ ол «өлу, өмірмен қоштасу» дегенді де білдіруі мүмкін. Энантисемия мұндай тұжырымдардың екіұштылығына себеп болады, мысалы: *Редактор осы жолдарды қарады; мен таратылымды тыңдадым; спикер брондады және т. б.*

Лигулез – заболевание пресноводных рыб, вызываемое паразитирующими в полости тела плероцеркоидами (взрослыми особями) паразитических червей лигулы и диграммы. Промежуточным хозяином возбудителей болезни является циклоп, окончательным-рыбоядные птицы. Профилактика заключается в отлове больных рыб, отпугивании птиц.

Диплостомоз - паразитарная катаракта, вызываемая метацеркариями (личинками) дигенетического сосальщика диплостома, паразитирующего в коже и подкожной клетчатке рыб.

Наиболее подвержены заболеванию белый и пестрый толстолобики. Борьба с болезнью заключается в уничтожении промежуточных хозяев - моллюсков, а также цапель.

Заключение. И так, игнорирование вопросов, связанных с болезнями рыб, рано или поздно приведет рыбоводное хозяйство к большим проблемам. Для того, чтобы избежать их, необходимо организовать регулярный ихтиопатологический контроль за всеми технологическими операциями, и особенно за перевозками живой рыбы.

Литература

1.Бауэр О.Н. и др. Болезни прудовых рыб.2-е изд. М., Легкая и пищевая промышленность, 1981. -320с.

2.Ведемейер Г.А. Стресс и болезни рыб/Г.А.Ведемейер, Ф.П.Мейер, Л.Смит. Пер. с англ. Э.М.Наумовский. –М.:Легкая и пищевая промышленность, 1981. -127с.

3.Вербицкая И.Н. и др. Основные болезни прудовых рыб. М., Колос, 1972. -72с.

4.Справочник по болезням рыб. Под ред. В.С.Осетрова. «Колос», 1978. -351с.

ӘОЖ. 666.712

Құрылыс керамикасы технологиясында мұнай шламы қуат бөлгіш және модификациялаушы компонент ретінде

Насипова А., Батыргерей А., Казихан М.
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті
(Орал қаласы)

Резюме

В технологии стеновой керамики выявлена принципиальная возможность использования нефтешлама в качестве энергопередающего и модифицирующего продукта.

Abstract

In the technology of wall ceramics, the fundamental possibility of using oil sludge as an energy transmission and modifying products in wall ceramics technology, the fundamental possibility of using oil sludge as an energy transmission and modifying product has been identified.

Тиімді қабырға керамикасын өндіру үшін мұнай шламы пайдаланылған композициялық қоспаны жасау бойынша тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Мұнай шламы негізінде жасалған композициялық қоспаны пайдалана отырып ресурсүнемдеу технологиясы бойынша энергетикалық шығыны төмен, сапалы қабырғалық керамика алу мүмкіндігі анықталды.

Мұнай шламы бар конгломератты қоспаны керамика массасына қосу құрамында табиға эмульгатор ретіндегі смола, асфальтобетон, жоғары бақитын парафиндер, қалыптау жабдықтарының жұмысын жеңілдететін және қалыпталған үлгіге ақаулар мен сызаттар түсірмеуге кепіл болатын беттік белсендірілген зат (ББЗ) ретінде қосылады [1,197 б.].

Мұнайды өндіру тек үлкен экспорттық табысты әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар қоршаған ортаға да елеулі қауіп төндіреді. Кез келген ірі мұнай өңдеу зауыттарында және үлкен мұнай сақтау қойма орындарында өндірістік қалдықтарды сақтау қоймалары бар.

Мұнай шламының мөлшері күннен-күнге өсуде. Мұнай шламын жинауыш қоймаларда сақтау экологиялық тұрғыда көптеген ауқымды проблемалар тудырады, бірақ сонымен қатар оның мұнайлы бөлігі құнды, бағалы органикалық шикізат бөлігі болып табылады және оның кешенді өңделуі табиғи ресурстарды сақтауды қамтамасыз етеді [1-2].

Шетелдік ғалымдардың еңбектері де мұнай шламын утилизациялау, яғни кәдеге жарату мәселесіне бағытталған. [3-5] Вильнюс техникалық университетінің ғалымдары керамикалық материалдар технологиясындағы мұнай шламын пайдалану туралы ғылыми және эксперименттік зерттеулер өткізген. Осы авторлардың ғылыми нәтижелері керамикалық массаның модификациялану тұрғысынан керамикалық өнеркәсіпте мұнай шламын пайдалану арқылы перспективалық көрсеткішке ие бола алатынын және дайын өнімнің физикалық-механикалық қасиеттерін жақсартуын көрсетті [6].

Жалпы, құрылыс материалдары өндірісінде өнеркәсіп қалдықтарын пайдалану қатаң түрде термоөңдеу процесінің қажеттілігіне ие, сондықтан энергия үнемдейтін технологиялар мен ресурстарды қарастыру ғылыми тұрғыдан оң үрдіс болып табылады [7].

Қазіргі уақытта мұнай шламын залалсыздандыру және кәдеге жаратудың келесідей әдістері белгілі: [8-13]

- жылу және газ бөлетіндіктен сулы эмульсиялар түрінде мұнай шламын жағу және кәдеге жарату;

- мұнай шламдарын сусыздандыру немесе кептіру арқылы кері мұнай өнімдері өндірісіне қайтару, ал ағынды суларды құрамындағы қатты қалдықтарды көму арқылы кері циркуляцияға ендіру;

- мұнай шламдарын арнайы қоспалармен қатайту арқылы халық шаруашылығының басқа да салаларында қолдану немесе арнайы полигондарда көму.

Мұнай құрамдас қалдықтарды залалсыздандырып өңдеудің базалық әдісі ретінде өндірістің күшімен қайта өңдеуге негізделген термиялық және химиялық әдістер ұсынылады. Екі әдіс те мұнай қалдықтарының келесі түрлерін өңдеуге мүмкіндік береді:

- майлы қалдықтар мен сұйық мұнай қалдықтарынан тұратын ағынды суларды тазартудың нәтижесінде пайда болған; резервуар және технологиялық жабдықтарды тазалау кезіндегі түзілетін мұнай шламдары;

- өнімдерді нығыздауда немесе қамбаларда уақыт өте қалыптасу нәтижесінде алынған өзіндік күрделі көп құрамды лисперстік жүйесі бар мұнай

Өзектілік. Басқа да салалар үшін мұнай шламдарын шикізат ретінде рационалды пайдалануға болады, бірақ экологиялық және экономикалық жағын ұмытпауымыз керек [9]. Мұнда өндіріс процесінде арнайы жабдықтар мен мұнай шламын залалсыздандыру үшін қосымша энергия қажет етілмейді.

Мұнай шламдарының ең кең қолдану бағыттарының бірі жол жұмыстары, олар асфальт қоспасы ретінде пайдаланылып, байланыстырушы компонент ретінде сапасын арттырады.

Екінші орында көлемі бойынша мұнай шламдарын шикізат ретінде құрылыс материалдарын өндіруде пайдалану болып табылады [10].

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өнімдерін өндегенде ағынды қатты сулар пайда болады. Осы ағынды суларды тазарту үшін алдымен негізгі компоненттерді болу керек: мұнай, су мен қатты заттарды.

Алдын ала талдауда мұнай шламдарын кәдеге жаратудың қолданыстағы ең тиімді әдістерін жарату қорытындысына келсек, мұнай шламдарын өңдеу мен кәдеге жарату – бұл экологиялық және экономикалық жағынан басты тапсырма болып табылады. Жол құрылысында мұнай қалдықтарын және қатты қалдықтарды қалпына келтіру және залалсыздандыру үшін пайдаланылатын арнайы құрал-жабдықтар мен технологиялар бар [10].

Осы айтылған мәселелерді ескере отырып мұнай шламын пайдаланатын 3 негізгі бағытты көрсетуге болады:

1. Жылыту қондырғыларына отын ретінде;
2. Профилактикалық майлау және отын компоненттері ретінде;

3.Энергияны көп қажет ететін құрылыс материалдары технологиясында энергияның тиімділігін арттыру мақсатында мұнай шламын қайта өңдеу негізінде энергия шығарғыш отандық жасау. Бұл технологияны іскеасыру барысында мұнай өңдеудегі қалдықтар кәдеге жаратылып, газ, көмір, дизельді жанармай үнемделеліп тиімді жылуоқшаулағыш материалдар алынады

Жұмыс мақсаты.

Менің зерттеу жұмысымның мақсаты мұнай шламын қабырға керамикалық кірпіші технологиясында модифицирлеуші және отынқұрамдас компонент ретінде пайдаланып, отын шығынын азайту және кірпіштің физика-механикалық қасиеттері жақсарту.

Зерттеу әдістері.

Сазды уату үшін ДЦ 80×150 маркалы зертханалық жақты ұсақтағыш және зертханалық МШЛ 250х100 маркалы шарлы диірмен қолданылды. Бұл ұсақтағыштарда саз ұнтақ түрге дейін уатылып, саңылауы 1 мм-лік електен өткізілді.

Орал қаласындағы «ЖайықМұнай» ЖШС-ндегі резервуарлардың түбін қырып әкелінген мұнай шламы механикалық түрде біркелкі араластырылды.

Аз көлемдегі мұнай шламы жоғарлы тұтқырлы жағдайда көп көлемдегі сазбен бірден араласып кетпегендіктен, капиллярлы-кеуек коллоидты түрінде лесті саз – мұнай шламы 3:1 қатынасында конгломерат қоспасы дайындалды.

Кремнийлі және сазды материалдардан дайындалған үлгілердің жылуөткізгіштігін анықтау ИТП-МГ-4 «ЗОНД» құрылғысында анықталды.

Дайындалған шикі компоненттерді мөлшерлеп салып 2-ші кестеде келтірілген қоспаларды алдық.

Кесте 1. Керамикалық композицияның компоненттік құрамы

№ құрамы	Компоненттер, мас. %	
	Лесті саз	Мұнай шламы конгломератты қоспасы
1	50	5,0
2	40	7,0
3	30	10,0
4	20	15,0
5	10	20,0

Зерттелетін құрамнан қалыптау ылғалдығы 20-22% керамикалық масса алынды. Одан кейін диаметрі мен биіктігі 50 мм болатын пластикалық қалыптау әдісі бойынша цилиндрлер жасалды. Қалыпталған өнімдер кептіру шкафында 7-8% қалдық ылғалдықта 75-85⁰С температурада кептірілді. Кептірілген үлгілер арнайы дайындалған режимде СНОЛ 80/12 электрлі пешінде күйдірілді.

Термоөңдеуден өткен үлгілерге физика-механикалық қасиеттері сыналып, микроскопиялық құрылымдық анализдері жасалды. Дайындалған үлгілердің жылуөткізгіштігін анықтау ИТП-МГ-4 «ЗОНД» құрылғысында, ал иілуге және сығуға беріктіктері ПГМ – 500 МГ4 гидравликалық сынау пресінде анықталды.

Кесте 2. Зерттелген үлгілердің физика-механикалық қасиеттері.

№ Құрамы	Кептіруді сезіну коэффициенті, сек.	Күйді-ру температурасы, °С	Орта-ша тығыздық кг/м ³	Сығуға беріктігі, МПа	Иілу-ге беріктігі, МПа	Жылуөткізгіштік Вт/м.К	Сусіңір - гіштік, %
1	110	950 ± 20	1450	11,7	5,4	0,38	22,8
2	125		1440	11,2	5,1	00,36	23,6
3	142		1430	11,1	4,8	0,34	25,1
4	157		1420	10,8	4,5	00,32	26,4
5	170		1370	10,4	4,3	00,3	28,2

Зерттеулер көрсеткендей мұнай шламы қосылған конгломераттың құрамы өскен сайын орташа тығыздықтың 1450 - ден 1370 кг/м³ - ке дейін төмендегінін байқадық. Сондықтан сусіңіргіштік артып, кеуектілік пайда болуының артқанын көрсетіп отыр. Орташа тығыздықтың төмен көрсеткіштері №4 және 5 – ші үлгілерде 1420 - 1370 кг/м³ шамасында болып отыр. Аналогиялық өзгерістер жылуөткізгіштікпен жанамалай иілуге және сығуға беріктікке байланысты. Беріктік пен жылуөткізгіштің төмен көрсеткіші де №4 және 5 – ші үлгілерде, сондықтан сығуға және иілуге беріктік те бұл үлгілерде 10,4– 10,8 МПа, ал жылуөткізгіштік 0,32 Вт/м.К-ке тең. Ал кептіру кезіндегі жарылудың пайда болу уақытының мұнай шламы конгломератын көбейтіп қосқан сайын 110 секундтан 170 секундқа дейін артқанын, яғни кептіруді сезінуінің азаюын көріп отырық.

Пайда болған кеуектілікке қарамастан керамикалық дене МЕСТ 530-2012 «Кирпич и камни керамические. Общие технические условия» стандартына сәйкес келеді.

Бұл технология бойынша тек қана экономикалық пайданы ғана емес, экологиялық проблемаларды да шешуге болатыны дәлелденіп отыр.

Әдебиет

1.Материалы международного форума Нефтяной шлам: как превратить отходы в доходы. «Новые технологии переработки нефтяных отходов и рекультивации загрязненных земель». Москва 18 июня 2012 г.

2.Мустафин И. А. Разработка комплексной установки утилизации нефтяных шламов" автореферат канд. дис.

3. Kizinievič, Olga [Kizinievic, Olga]. Study of the technogenical raw materials (catalyst) of the oil industry and possibility to utilize them in the constructional ceramics production // The 7th International conference "Environmental engineering" [elektroninis išteklius]. May 22-23, 2008 Vilnius, Lithuania : proceedings [CD]. Vilnius : Technika, 2008. ISBN 9789955282563. p. [1-7].

4. Kizinievič, Olga [Kizinevich, O.]. Utilization of technogenic material from an oil-processing company in the production of building ceramics // Glass and ceramics. New York : Springer. ISSN 0361-7610. Vol. 63, iss. 1-2 (2006), p. 64-67.

5. Kizinievič, Olga; Žurauskienė. Application of technogenic-raw material and burning out additive in composite ceramic system // Materials science = Medžiagotyra : 20th International Baltic conference on Materials Engineering, Kaunas, October 27-28, 2011. Kaunas : Technologija. ISSN 1392-1320. Vol. 18, no. 3 (2012), p. 296-302. Prieiga per internetą:

6. Fakhfakh.E., Hadzhadzi. Century, Medhioub.M. Effects of sand In addition on production of light fillers from Tunisia the smektitovykh of rich clay breeds // Applied Science Knitting // Release 3 - 4, 2007, page 228 – 237.

7. Gonzalez-Korrochano. B., Alonso-azcarate.J. Productions the gegkikh of fillers from mountain and industrial wastes // Magazine of ecological management. Tom 90, release 8, 2009, page 2801 – 2812.

8. Жумаев К.К. Выбор метода обезвреживания и очистки нефтяных шламов / К.К. Жумаев, Л. Н. Орипова // Молодой ученый. 2014. - №1. - С. 84-85

9. Ковалева Л.А., Миннигалимов Р.З., Зиннатуллин Р.Р. Электромагнитные технологии в нефтедобыче и нефтяной экологии // Недропользование - XXI век, 2009. № 6. с. 56 - 59.

10. Котенев Ю.А. и др. Экологические аспекты функционирования нефтегазовых техноприродных систем: Учебное пособие. - Уфа: Изд-во УГНТУ, 1998

ӘОЖ 91.433

Бастауыш мектептің жаратылыстану пәнін оқытуда өлкетану материалдарын қолдану

Сарыбекова Қ.Н., Сабденбек А.Н.
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
(Тараз қ.)

Резюме

Статья посвящена изучению возможностей и преимуществ применения краеведческих материалов Жамбылской области при обучении естествознания в начальной школе с целью повышения

интереса учащихся к предмету и формирования у них экологической культуры.

Abstract

The article is devoted to studying the possibilities and advantages of using local history materials from the Zhambyl region in natural science education in primary schools, with the aim of increasing students' interest in the subject and fostering an ecological culture.

Біздің мақаламыз Оңтүстік Қазақстанда 42° - 46° с.е. және 69-75° ш.б. географиялық белдеуліктерінде орналасқан Жамбыл облысының мектептерінде өлкетану материалдарын географиялық материалдармен қалай өткізуге болатынына арналып отыр. Жамбыл облысы Солтүстігінде Қарағанды облысы, шығысында Алматы, батысында Оңтүстік Қазақстан облыстарымен, ал оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі. Жамбыл облысының солтүстік шеткі нүктесі Қарағанды облысымен шекаралас. Мұнда Балқаш көлінің батысындағы қашқан теңіз шығанағынан басталып, Бетпақдала шөлімен түзу сызық болып өтеді. Оңтүстік шеткі нүктесі Қырғыз Алатауындағы 3800,17 м биіктік Жамбыл облысына кіреді. Жаратылыстану сабақтарында Жамбыл облысы табиғатының зерттелу тарихына тоқталып өтеміз. Жамбыл облыс аумағы бүкіл Қазақстан жеріндей ұзақ уақыт бойы Жердің ішкі және сыртқы күштерінің әсер етуі нәтижесінде қалыптасқан. Аумақты бірнеше рет теңіз басып, кейін құрлыққа айналып, одан кейін қайта теңіз суы астында қалып отырған. Жер бетінде таулар пайда болып, кейіннен олар мүжіліп, жазыққа айналған. Мұндай күрделі процестер ондаған, жүздеген миллион жылдар бойы қайталанып отырған. Соның нәтижесінде облыс аумағының қазіргі жер бедері қалыптасқан.

«Жердің жаңа тарихының ұзақтығы 55-65 млн. жылға созылған. Облыс аумағының қазіргі жер бедерінің қалыптасуы жер қабығының альпілік қозғалысымен тығыз байланысты. Төрттік кезеңде жер бетінің қалыптасуы одан әрі жалғасқан. Палеоген кезінде облыс аумағында тектоникалық қозғалыс өте баяу жүрген. Осы кезеңде облыстың солтүстігіндегі ескі тау жүйелері бұзылып, жазық өңірлерге айналған. Биік таудың бұзылып ойпаттарға жиналуынан аккумулятивтік жазықтар пайда болған. Неогеннің басында жер қыртысында бірнеше рет дүркін қозғалыстар болды» [1,35 б.].

Облыс аумағында неоген кезеңінің аяғында аридтік климат үстем болған. Облыс аумағын қамтыған сирек орман орнында шөл және қуаң дала қалыптаса бастады. Төрттік кезеңде (1-1,2 млн жыл бұрын) облыстың оңтүстігінде мезгіл-мезгіл қарқынды көтерілулер қайталанған. Бұрынғы түгелімен дерлік жазық аумақтар бірнеше бөліктерге жарыла ажыратылады.

«Жамбыл облыс аумағы табиғатының зерттелу тарихы туралы нақты мәліметтер келтірілмегенімен, Қазақстанның қазіргі жері

туралы алғашқы географиялық жазбаша мәліметтер өте ерте заманнан басталады. Оның кейбір аса ірі табиғат объектілері туралы деректерді ертедегі грек және рим ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, Геродот (б.э.д.Vғ.) Каспий теңізінің тұйық бассейні екендігін дұрыс көрсете келіп, онан шығыста шексіз жазықтар орналасқандығын баяндайды. Птоломей (б.э. II ғ.) Орал, Ембі, Сырдария өзендері туралы мәліметтер береді» [1,68 б.].

Сондай-ақ, облыс территориясы жайындағы мәліметтерді шығыс зерттеушілерінің еңбектерінен кездестіруге болады. Жалпы Қазақстан территориясын зерттеуде орыс зерттеуші саяхатшыларының да экспедициясы нәтижесінде жинақтаған материалдарының маңыздылығы зор.

Жамбыл облысының экологиялық жағдайы, оның ландшафтысының құрылымына байланысты. Себебі табиғи ландшафт аумағында, адамның шаруашылық әрекеті жүзеге асып жатады. Антропогендік әрекетке әрбір ландшафтының төтеп беру қабілеті, экологиялық тұрақтылығы әрқалай болады.

«Облыс территориясының жазық алабында бір ғана шөлді табиғат зонасы дамыған. Ал, биік тауларында зоналардың спектрі әралуан- шөлді, шөлейтті, далалы, орманды-далалы, альпілік шалғынды, және нивальды болып дамыған. Бірақ, таулардың биіктігі әрқалай болғандықтан, ондағы биіктік спектрі барлығында бірдей болмайды. Сонда шөлді табиғат зонасының ауданы 93% болғанда, таулы азональды ландшафт ауданы 7% алады» [2, 31 б.].

Облыс аумағында қорықтар мен қорықтық аймақтар орналасқан: Ақсу-Жабағылы қорығы мен Қаратау қорығы. Жуалы ауданында-Берікқара, Мойынқұм ауданында– Андасай мен Жусандала, Сарысуда – Ақсай қорықтық аймақтары және Қордай ауданында Қарақоңыз ботаникалық қорықшасы.

Жамбыл облысы территориясында республикалық маңызы бар табиғи мемлекеттік қорықшалар тізіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27-ші маусымдағы № 877 шешімімен 3 табиғи қорықша алынды:

Андасай мемлекеттік табиғи-зоологиялық қорықшасы;
«Берікқара шатқалы» мемлекеттік кешенді табиғи қорықшасы;
«Қарақоңыз шатқалы» мемлекеттік табиғи-ботаникалық қорықшасы.

Бұлардың жалпы ауданы – 1 020 570 га.

1.Андасай мемлекеттік табиғи-зоологиялық қорықшасы – республикалық деңгейде маңызы зор. Оның жалпы ауданы 1 млн. га және бұл қорықша Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында орналасқан. Негізінен бұл қорықша жабайы аңдардың санын сақтау және көбейту мақсатында құрылып, Қызыл кітапқа енген арқар, жейран, дрофтар және 1987 жылдан бері құланды қорғауға алды. 1987 жылы– 53 құлан, ал 1990 жылы – 64 құлан әкелінді. Сонымен барлығы

– 117 құлан қорықшаға кіргізілді. Сонымен қатар, жануарлар әлемінен қабан, елік, түлкі, ондатра, қырғауыл, қызыл кітапқа енген жайра, дуадақ, қарақұйрық, бүркіт, дала сұңқары т.б. бар. Андасай мемлекеттік табиғи қорықшасы Мойынқұм Мемлекеттік мекемесінің Орман және жануарлар дүниесін қорғау басқармасының қарауына алынған.

2. Қарақоңыз қорығы Жамбыл облысы әкімдігінің орман мен жануарлар әлемін қорғау мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры құрамында. Іле Алатауының батыс сілемінде Қарақоңыз өзенінің таулы бөлігінде орналасқан. Қарақоңыз ботаникалық қорықшасы-республикалық маңызы бар, ол 1971 жылы 7-ші желтоқсанда Қазақ ССР-нің Министрлер Кеңесінің №672 шешімімен ұйымдастырылған. Орналасқан жері – Жамбыл облысы Қордай ауданы Масанчи ауылы. Қорықшаның жалпы ауданы – 3072 га. Бұл қорықша мемлекеттік орман қоры жерлерінде орналасқан. Мұнда ағаш кесуге (тек санитарлық жағдайда), мал жаюға және шөп оруға тыйым салынған. Ботаникалық табиғи қорықшада бореальды қалдық өсімдіктер сақталған. Сонымен қатар, Қазақстанның Қызыл кітабына енген жойылу қаупі төніп тұрған өсімдіктердің 10 түрі бар. Қорықта ағашты-бұталы және шөпті өсімдіктердің түрлері өседі. Ағашты-бұталыдан терек, қарақас, емен, қайың, терек, долана, бұталы терек өседі.

«2001 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қарақоңыз шатқалы мемлекеттік табиғи қаумалы құрылып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесіне енгізілді. Табиғат қазыналарының ішінде адам үшін аса қажеттінің бәрі осыннан табылады. Сондықтан да, қайсыбір елде болмасын орман-тоғайлы өлкелерді ерекше қорғауға, ресурстарын тиімді пайдалануға үнемі маңыз беріліп келеді. Қарақоңызорман шаруашылығы 1946 жылы құрылса, 1971 жылы Жамбыл облыстық атқару комитетінің шешімімен қорық мәртебесі берілген. Ал, 2002 жылы «Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар және мемлекеттік табиғат ескерткіштері туралы» ҚР Үкіметінің қаулысымен осындағы аса сирек өсімдіктер түрлерін сақтап, көбейту мақсатында орман шаруашылығының 3070 гектарынан «Қарақоңыз шатқалы» мемлекеттік табиғи қаумалы құрылды бекіткен» [3, 88 б.].

Қорықшаны пайдалану түрлері:

- ғылыми;
- мәдени – ағарту және туризм;
- шектеулі – шаруашылық мақсатында пайдаланылады.

3. Берікқара кешенді қорықшасы – 1971 жылы 7-ші желтоқсанда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 672 шешімімен құрылып, 2001 жылы 27 маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 877 шешімімен қайта бекітілді. Табиғи қорықша Жамбыл облысы Жуалы ауданында Ленин-жол елді мекені мен Билікөл көлінің оңтүстігінде,

Қарабастау елді мекенінен оңтүстік – батыста, ал Құрама елді мекенінен солтүстікте орналасқан. Мемлекеттік орман қоры территориясында Қаратау тау жотасының Берікқара шатқалында аталған қорықша орналасқан. Жалпы ауданы 17500 га. Берікқара кешенді қорықшасы Жамбыл облыстық территориялық Орман және биоресурстар басқармасының орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Жамбыл мемлекеттік мекемесінің қарауына алынған. Сонымен бірге, мұнда Қызыл кітапқа енген өсімдіктердің 51 түрі өсіріледі. Қорықша территориясында жануарлардың бірқатар түрлері мекендейді: шыбын-шіркей жейтін бұршақ өсімдік (райская мухоловка) – эндемидті түр; сұр құр (шіл) – жоғалып бара жатқан түр; дикобраз – эндемидті (шектеулі) түр; арқар, қабан, елік, түлкі, қасқыр, қоян, қырғауыл, құр.

Облыс аумағында экскурсиялық-танымдық туризмді дамыту бағытында жоғарыда көрсетілген арнайы мемлекеттік қорғауға алынған мекемелерден басқа тамаша табиғаты бай аймақтарды да жатқызуға болады.

Қорыта келе айтарымыз, жаратылыстану пәнін оқытуда өлкетану материалдарын пайдалану – оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызықтырады. Бұл әдіс оқытудың тиімділігін арттырып, білімнің өмірмен байланысын нығайтады.

Әдебиет

1. Сарыбекова Қ.Н., Исраилов Н.С. Географиялық өлкетану. - Тараз, 2017.
2. Құрманова Ж. «Жамбыл облысының табиғаты мен экологиясы». - Тараз, 2020.
3. Қалыбеков С.Б. Жамбыл облысының географиясы мен табиғи байлықтары. - Тараз: Жамбыл баспасы, 2017.

УДК 639.3. (072)

Биометрические показатели сазанов и лещей озера Асетколь Арало-Сырдарьинского бассейна

Ермаханов З., м.с-х.н.
Жанзаков М.М., к.с-х.н., доцент
Ермаханова Ж.З., м.н.с.
Тюлебаев Н.Б., студент ЭК-23
Кызылординский университет «Болашак»
(г.Кызылорда)

Түйіндеме

Ұсынылып отырған мақалада Қазақстандағы Арал-Сырдария бас-сейінінің су айдындарының біріне жататын Шиелі ауданындағы

Асеткөлдің сазан және табан балықтарының сандық-сапалық биометриялық көрсеткіштері баяндалады.

Abstract

The proposed article describes quantitative and qualitative biometric indicators of carp and Catfish of Asetkol in Shieli district, belonging to one of the water bodies of the Aral-Syrdarya Basin in Kazakhstan.

Сбор ихтиологического материала осуществлялся из контрольных уловов ставными сетями с размером ячей от 18 до 70мм. Постановка ставных сетей производилась согласно сетке станций. Обработку ихтиологического материала проводили по общепринятым методикам [1-3].

Для оценки численности и биомассы рыб использованы данные сетепостановок. Оценка промысловой численности и биомассы рыб проведена по методике Кушнарченко А.И. и Лугарева Е.С. для пассивных орудий лова (сети) [4]. Расчеты проводились по формуле:

$$N=QS/CKP;$$

где,

- N – численность или биомасса, тыс. шт/тонны;
- Q – средняя численность или биомасса по данным улова, шт.;
- S – площадь водоема на период исследований, га;
- C – площадь облова (га), определяющаяся с учетом всего количества применяемых сетей для учета промысловых запасов (площадь облова одной стандартной сети длиной 25 м и высотой 2 м составляет 1,15 га);
- K – коэффициент уловистости применяемых нами сетей составил 0,5;
- P – вероятность попадания рыбы в сеть, из-за угла атаки, для леща, сазана, язя, карася – 0,024, плотвы, расноперки, белого толстолобика, серебряного карася – 0,026.

Математическая и статистическая обработка полученных данных проводилась с применением электронных таблиц «Excel» и использованием фондовых материалов.

Сазан. В экспериментальных уловах длина сазана колебалась от 250 до 400мм, в среднем составляя 318мм. Масса сазана варьировала от 365 до 1315г, в среднем составляя 858г. Возрастная структура сазана за период исследований представлена четырьмя генерациями. Доминировали пятилетки (табл.1).

Таблица 1. Возрастной состав сазана оз.Асетколь.

Возрастной ряд	Длина рыб,	Средняя длина	Количество	Доля рыб,
----------------	------------	---------------	------------	-----------

	мм	рыб, мм	рыб, экз.	%
2+	250	250	1	4,6
3+	250-360	292	7	31,8
4+	310-340	321	10	45,4
5+	355-400	376	4	18,2
Итого	250-400	318	22	100

Длина тела трехлеток сазана оз.Асетколь составила 250мм. Средняя длина четырехлеток составила 292мм, с колебаниями от 250 до 360мм. Размеры пятилеток сазана изменялись от 310 до 340мм, в среднем 321мм. Преобладали особи длиной 301-350мм (табл.2).

Таблица 2. Распределение сазана оз.Асетколь в диапазоне размерного класса

Размерный класс		Возраст, лет				Итого
		2+	3+	4+	5+	
201-250	экз.	1	1	0	0	2
	%	50	50	0	0	100
251-300	экз.	0	6	0	0	6
	%	0	100	0	0	100
301-350	экз.	0	0	10	0	10
	%	0	0	100	0	100
351-400	экз.	0	0	0	4	4
	%	0	0	0	100	100

Средний размер тела шестилеток 376мм, с колебанием от 355 до 400мм.

В популяции сазана оз.Асетколь преобладали особи размером 301-350мм и массой 601-800 г (табл.3).

Таблица 3. Размерно-весовой состав сазана оз.Асетколь

Размерный класс	Доля, %
201-250	9,2
251-300	22,7
301-350	45,4
351-400	22,7
Итого	100
Весовой класс	Доля, %
201-400	13,6
401-600	18,1
601-800	41
801-1000	9,2
1001-1200	13,6
1201-1400	4,5
Итого	100

Соотношение полов в стаде сазана озере Асетколь близко 1:1. Среди самок доминировали пятилетки (табл.4).

Таблица 4. Соотношение полов по возрастам и размерам
в стаде сазана оз.Асетколь

Возраст	Самки	Самцы	Ювенальные
2+	1		
3+	6	1	
4+	10		
5+	4		
Размерный класс	Самки	Самцы	Ювенальные
201-250	2		
251-300	4	1	
301-350	10		
351-400	5		
Итого	21	1	

По расчетам, численность сазана оценивается в 0,163тыс.экз., промысловый запас 0,140 тонн. На период с 01.07.2021г до 01.07.2022г в оз.Асетколь предельный допустимый улов (ПДУ) сазана может составить 0,035 тонны.

Лещ. Один из промысловых видов рыб в озере Асетколь. Биологические показатели его здесь неплохие. В контрольных уловах встречались рыбы размером от 150 до 230мм, массой от 70 до 250г, при средней длине тела 205 мм и массе 177г. Возрастной состав представлен тремя возрастными группами, преобладали пятилетки (табл.5).

Длина тела трехлеток леща в оз.Асетколь равна 150мм. Средняя длина тела пятилеток леща составила 207 мм, с колебаниями от 200 до 220мм. Основу пятилеток леща составили особи размером 181-200мм (табл.6). Длина тела шестилеток леща составила 230мм. В стаде преобладали особи размером 181-210 мм и массой 151-200г (табл.7). Соотношение полов леща равно 1:1 (табл.8).

Таблица 5. Возрастной состав леща оз.Асетколь

Возраст-ной ряд	Длина рыб (мин-макс), мм	Средняя длина рыб, мм	Число рыб в каждом возрастном классе, экз.	Значение класса, %
2+	150	150	1	16,7
4+	200-220	207	3	50
5+	230	230	2	33,3
Итого	150-230	205	6	100

Таблица 6. Распределение леща разных возрастов в диапазоне размерного класса в оз.Асетколь

Возраст	Размерные классы							
	120-150		151-180		181-210		211-240	
	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%
2+	1	100	0	0	0	0	0	0
4+	0	0	0	0	2	100	1	33,3
5+	0	0	0	0	0	0	2	66,7
Итого	1	100	0	0	2	100	3	100

Таблица 7. Размерно-весовой состав леща в оз.Асетколь

Размерный класс	Соотношение рыб, %
120-150	16,7
181-210	50
211-240	33,3
Весовой класс	
1-50	16,7
151-200	50
201-250	33,3

Таблица 8. Соотношение полов по возрастам и размерам в промысловой стаде лещей оз.Асетколь

Возраст	Самки	Самцы	Ювенальные особи
2+	1	0	0
4+	0	3	0
5+	2	0	0
Итого	3	3	0
120-150	1	0	0
181-210	0	2	0
211-240	2	1	0
Итого	3	3	0

По расчетам численность леща оценивается в 13,373 тысячи экземпляров, промысловый запас – 2,367 тонн. На период с 01.07.2021г до 01.07.2022г в озере Асетколь предельно-допустимый улов (ПДУ) леща составит 0,710 тонн.

Литература

- 1.Правдин Н.Ф. Руководство по изучению рыб. – М.:Пищепромиздат, 1965. –376с.
- 2.Чугунова Н.Н. Руководство по изучению возраста и рос-та рыб. – М.: Пищепромиздат, 1950. –163с.
- 3.Коблицкая А.Ф. Изучение нереста пресноводных рыб. М., 1966. – 110с.
- 4.Кушнаренок А.И., Лугарев Е.С. Оценка численности рыб по уловам пассивными орудиями лова//Вопросы ихтиологии. – М. – 1989. – Т.23 –Вып.6. –С.921-926

ӘОЖ 631.535.4

Жасыл қалемшелеу – жылыжайлық лимон өндірісі үшін вегетативті көбейтудегі негізгі тәсіл

Жанзақов М.М. а-ш.ғ.к., доцент
Қызылорда «Болашақ» университеті
Жунусова Н. оқытушы

И.Әбдікәрімов атындағы агротехникалық колледж

Резюме

Существует три способа вегетативного размножения лимона - прививкой, черенкованием и отводками. Размножение зелеными черенками занимает значительное место среди этих способов, и успешное развитие лимонводства, связано с выращиванием в сравнительно короткие сроки доброкачественных саженцев. Следовательно, с изысканием наиболее эффективного способа укоренения черенков и путей сокращения срока получения стандартных саженцев для закладки насаждений.

Abstracts

There are three methods of vegetative propagation of lemon - grafting, cuttings and layering. Propagation by green cuttings occupies a significant place among these methods, and the successful development of lemon growing is associated with the cultivation of high-quality seedlings in a relatively short short time. Therefore, with the search for the most effective method of rooting cuttings and ways to reduce the time required to obtain standard seedlings for planting.

Жасыл қалемшелеу – бұл өнеркәсіптік ауқымда өз тамыры бар өсімдіктерді алуға мүмкіндік беретін вегетативті көбеюдің ең болашақты әдістерінің бірі. Технологияның негізгі кезеңдері 80-жылдардың басында әзірленді. Оның дамуына М.Т.Тарасенко, З.А.Прохорова, В.В.Фаустов, және т.с.с. ғалымдар үлкен үлес қосты [1-3].

Жасыл қалемшелеу өсімдіктердің табиғи қалпына келу қабілеті регенерацияға негізделген – жоғалған мүшелерді немесе бөліктерді қалпына келтіру, қосымша тамырлар пайда болғаннан кейін жапырақты сабақтың кесінділерінен тұтас өсімдіктер түзу. Регенерация әртүрлі түрде көрінеді және көптеген факторларға байланысты: тіршілік формасы, тұқым қуалау ерекшеліктері, жасы, аналық өсімдіктердің жағдайы, тамырлау жағдайлары және т.б. [4].

Жасыл қалемшелеу бір аналық өсімдіктен (200-300 данаға дейін) қалемше өнімділігін (шығымын) арттыруға және аналық өсімдіктердің алаңын айтарлықтай (4-5 есе) азайтуға мүмкіндік береді. Ол вегетативті жолмен көбеюге қабілетті түрлер мен сорттардың санын кеңейтуге мүмкіндік береді және аналықтағы шектеулі мөлшердегі (бағалы асыл тұқымды формалар, сирек сорттар, сау өсімдіктер) формаларды жылдам көбейту үшін өте қажет.

Жасыл қалемшелеу отырғызу материалының денсаулығына ықпал етеді: өсіп келе жатқан өркендерде, сүректенгендерге қарағанда зиянкестер азырақ қоныстанады. Жасыл кесінділердің маңызды артықшылығы – отырғызу материалы физиологиялық тұтастығымен және генетикалық біртектілігімен ерекшеленетін тамырлы өсімдіктер

болып табылады; ол тек жоғары көбею қарқынын ғана емес, сонымен қатар қысқа өсу мерзімін қамтамасыз етеді.

Жасыл кесінділердің маңызды артықшылығы – отырғызу материалы физиологиялық тұтастығымен және генетикалық біртектілігімен ерекшеленетін тамырлы өсімдіктер болып табылады; ол тек жоғары көбею қарқынын ғана емес, сонымен қатар өте қысқа өсу мерзімін де қамтамасыз етеді. Бұл технология басқа әдістермен сәтті үйлеседі: микроклондық көбейтумен, жасыл телумен көбейту, сүректенген қалемшелермен.

Жасыл қалемшелеу технологиясында технологиялық процесстерді механикаландыру мен автоматтандырудың заманауи құралдары пайдаланылады. Жасыл кесінділердің тамырлануы және ішінара оларды өсіру бақыланатын жағдайларда қорғалған топырақта (ашық жерде) жүзеге асырылады, бұл ретте отырғызу материалын өсірудің нәтижелері қолайсыз климаттық факторларға байланысты емес. Қорғалған топырақты интенсивті пайдалану арқасында (аудан бірлігіне қалемшелерді тығыз орналастыру, контейнерлерді пайдалану, жылыжайлардың тік профилін игеру және ауыспалы егістерді енгізу) жасыл қалемшелеу жоғары табысты болып келеді.

Қолданыстағы технологияның кемшілік жері – өсіріп-жетілдірудегі сақтауда және қайта отырғызуда тамырланған өсімдіктер көп шығынға ұшырайды. Қиын тамырланатын дақылдарда тамыртүзу кезеңі ұзақ, тамырланулық 30-50% көп емес, ал тамыр жүйесінің нашар жетілуі қайта отырғызуда нашар өміршеңдікке, отырғызатын материалдың нашар болуына себеп болады. Тәсіл тиімді, бірақ интенсивті аналықтар қаластыру үшін, сыртқы ортаны жүйелі реттейтін автоматтандырылған бужайлық қондырғы, өсіру үй-жайларын, кесінділерді отырғызатын бөлмелерді және тамырланған кесінділерді қыста сақтайтын орындарды және т.с.с. жасауға көп қосымша қаражат қажет етіледі. Жасыл кесінділер, іске асырудың қарапайымдылығына қарамастан, көбейтілетін түрлер мен сорттардың биологиялық сипаттамаларын жақсы білуді, өндірісті ұйымдастыру бойынша ойластырылған шаралар жүйесін және барлық технологиялық әдістерді дәл енгізуді талап етеді.

Бірнеше онжылдық зерттеулер нәтижесінде технологияның негізгі элементтері әзірленді. Жасыл кесінділердің тиімділігі өсімдіктердің тіршілік формасына (ағаштылар нашар тамыр алады, жүзім және шөптесін көпжылдықтар – жақсы) және түрлері мен сорттық ерекшеліктеріне байланысты екендігі анықталды. Тіпті бір түрдің ішінде де (мысалы, алма, тас жеміс, қарлыған, бөріқарақат сорттары) қалемшелердің тамырлануы бірдей болмайды екен.

Отырғызатын материал өндіру тиімді болуы үшін тұқымдар мен сорттарды іріктеу, олардың өндірістік құндылығын, тұтынушылық сұранысын және жасыл кесінділер арқылы табиғи көбею мүмкіндігін ескере отырып жүргізу керек екені белгілі болды. Тамырланулық

кемінде 60-90% болуы, ал стандартты көшеттердің шығымдылығы қалемшелердің бастапқы санының кемінде 30-40%-ы болуы керек.

Жалпы, аналық өсімдіктердің рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Жасыл қалемшелермен көбею қабілет, тек тұқым қуалаушылық ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар аналық өсімдіктердің жасы мен физиологиялық күйімен де анықталады.

Әдетте, өсімдіктер өзінің онтогенезінің бастапқы кезеңінде жоғары регенеративті қабілетті көрсетеді, кейін ол қартайған сайын төмендейді. Осыған байланысты аналықтарды 10-12 жасқа дейін, ал кейбірін одан да аз уақыттай пайдаланған жөн.

Көптеген зерттеушілер жасыл қалемшемен көбейтудің технологиясын жасауда аналық өсімдіктің жағдайын бірінші кезекке қояды және мақсаты өсімдікті көбейтуге дайындайтын алдын ала кезеңді бөліп көрсету қажет деп санайды.

Аналық өсімдіктер қатараралықтары алшақтау болатын тығыз қатар-ларға (тірі қоршау типінде) отырғызылады. Екі жыл ішінде тармақталған, біркелкі өсіп келе жатқан өсімдіктерді алу үшін екпелер өте қысқа кесіледі. Ұстамды өсуде өркендерде тамырдың іздері пайда болуына ықпал ететін қасиеттер қалыптасады. Бұталарды ықшам орналастыру мен күшті кесу аналық ауданы бірлігіне жалпы өсудің ұлғаюын және, тиісінше, жасыл қалемшелердің шығымдылығын қамтамасыз етеді.

Аналық өсімдіктерді қорғалған жерде өсіру – өте тиімді әдіс: қалемшелік материал шығымы ашық жердегіге қарағанда 5-20 есе жоғары (вегетативтік өнімділікті арттыру, әсіресе көбеюдің бастапқы кезеңдерінде маңызды), қалемшелеуге арналған қолайлы кезең үш аптаға дейін артады, ал бірқатар қиын көбейтілетін өсімдіктерде қалемшелердің тамырлануы 20-35%-ға артады.

Өркендер ұлпаларының жақсы су мөлшері кесінділердің сәтті тамырлануына ықпал етеді, сондықтан аналықтар орналасқан топырақтың егістік ылғалдылық сыйымдылығы 70-80%-дан төмен болмауы керек. Осыған байланысты, әсіресе жылыжай (қорғалған топырақ) жағдайында, қара полиэтилен пленкамен топырақты үздіксіз жабындау қажет. Пленканың астында ылғал жақсы сақталады, топырақ көктемде ерте жылыды, қолмен отау болмайды. Тамыр қабатындағы қолайлы температура мен ылғалдылық жағдайлар тамырдың күшті өсуін қамтамасыз етеді, жерүсті бөлігінің жақсы өсуіне ықпал етеді және қалемшедеудің өнімділігін 20%-ға арттырады.

Аналық өсімдіктерді минералды қоректік элементтермен қамтамасыз ету үлкен маңызға ие, бірақ артық азот пен өркендердің шамадан тыс күшті өсуі кесінділердің тамырлануына кедергі жасайтынын да есте ұстаған жөн. Сондықтан азоттық тыңайтқыштарды тек жаздың басында үстеп көректендіруде береді.

Қалемшелеуді бастамас бұрын, жақсы аналық өсімдік таңдау қажет. Лимон бұтасының саулықта болуы, зиянкестер әрекетінің

іздері немесе аурудың белгілері болмауы, кем дегенде 1 рет жемістер салған болуы керек. Мықты, жасыл қатайыңқыраған, бірақ әлі сүректенбеген бұтақшалар сабақтарын тандаймыз да, секатордың көмегімен 45°-тық бұрышпен қиямыз. Құралды алдын ала спиртпен сүртеміз, немесе оны от жалынында ұстаймыз. Ағаштағы қиылған жерді бақ нұмымен инфекция болдырмау үшін өңдеу және қалемшелеу кезінде онда гүлдер мен жемістер болмауы маңызды. Болса, оларды алып тастау (жою). Лимонды қалемшеден өсіруге, бөрікбасты қалыпқа келтірудегі түзету кесуіндегі бұтақтарды да пайдалануға болады.

Ұзындығы 10-12см, бес-алты жапырақты және бүршікті қалемшелерді жүзі өткір, спирт ерітіндісімен дезинфекцияланған арнайы пышақпен кесіп дайындаймыз: қалемшені кесу төменгі жағынан 0,3-0,6см қалдыра бүршік астынан, жоғарғысы – бүршіктің үстінен жүргізіледі.

Төменгі екі-үш жапырақты сағағымен қоса қиып, қалған жапырақтар алақандарын көлденеінен, көлеміне байланысты 1/2; 1/3; 1,4 қысқарта қиып тастаймыз. Егер де жапырақтар ұсақ болса, оларды қимай қалдырамыз. Әрі қарай қалемшелердің төменгі жағын ұнтақты «Корневин» препаратымен – тамыртүзу үдеткішімен опадалаймыз. Корневиннің сулы ерітіндісін де (1л суға 1г препарат) пайдалануға болады, бірақ онда қалемшенің 1см-дей төменгі жағын ерітіндіде кемінде 6 сағат ұстау керек. Қалемшелерді отырғызғаннан кейін, қалған ерітіндімен субстратты суарамыз. Біздің тәжірибемізде өте ыңғайлы бірінші тәсіл қолданылды.

Қалемшелерді тамырлатуға арналған ыдыстарды дұрыс таңдау – олардың қалыпты өсуіне кепіл. Қалемшелер өсіретін ыдыстарды таңдауда негізгі назар ыдыстың диаметріне аударылады және субстраты қышқылданып кететіндіктен үлкен көлемді ыдыс қажет емес.

Қалемшелерді тамырлатуға түрлі ыдыстарды пайдалануға болады – ол көлемі әртүрлі түссіз (мөлдір) арнайы пластик стақандар мен қолжетімді кәдімгі көлемі 1,0; 1,5 және 2,0л пластик бөтелкелер. Егер арнайы стақандар болмаса, жоғарыда аталған сусындарға арналған түссіз бір рет пайдаланылған, таза бөтелкелерді пайдалану керек. Бөтелкелер тамыртүзу процесін бақылауға мүмкіндік берсе, олардың жоғары бөлігі қалемшелерге бужайлық жағдай жасау үшін жақсы қақпақ, жабын қызметін атқарады. Қажетінде қақпақтың, немесе жұқа полиэтилендік материалдың көмегімен бужайдағы қалемшелерді ашып-жауып желдетуге мүмкіндік болады. Сонымен, бөтелкеден ыдыс дайындау технологиясы: пластикті бөтелке өткір пышақпен немесе қайшымен төменгі бөлігі шамамен 12-15см қалдырыла, екіге кесіліп бөлінеді. Кесу бөтелкенің цилиндр бөлігі аяқтала жіңішкере бастайтын жерден жасаған дұрыс. Ол әрі қарайғы конструкцияны жинауды жеңілдетеді. Егер бұлай жасай алмасақ, бөтелкені түзу бөлігі бойынша кесеміз де, жоғары кесілген бөлікке бірнеше жерден төменгі

бөлікке киілетін тік кесік жасаймыз. Мықты тамыр жүйесі жетілу үшін, қалемшеге арналған қоректік қоспа дайындау қажет. Оған түрлі қатынастағы қоректік экологиялық өнімдер мен топырақ жағдайын жақсартатын агроперлиттер қолданылады. Маңызды сәт – артық ылғал кетуіне мүмкіндік беретін дренаж қабаттың болуы.

Дайындалған ыдыстар дезинфекцияланады, залалсыздандыратын ерітінділермен мұқият жуылып, кептіріледі, әйтпесе ыдыстар қабырғалары, сондай-ақ отырғызылған келемшелер де зеңденіп кетеді. Сонан соң қабаттар төселеді. Бірінші – дренажды. Оған ұсақ тастар, ағаш көмірлі керамзит жарайды. Екінші қабат қоректік болуы керек. Ол қабаттардың ең қалыңы және ыдыс биіктігінің 2/3 құрауы қажет. Оған қалемшені енгізетіндей қарындаш-тың қалыңдығы шамалас кішкене ойық жасылынады. Тамырлар пайда болысымен лимон лезде қажетті заттарын алады. Жоғарғы қабат қалыңдығы 0,3-0,5см таза құмнан. Оны сумен бірнеше рет жуады, лас қоспалар болмауынша. Ыдыстың түбіне артық су ағып кетуі және ауа кіруі үшін саңылаулар жасалынады. Сонан соң қабаттар төселеді. Бұл дренаждық қабатты технология, негізінде лимонды үй жағдайынша өсіруге арналған.

Лимонның дайын тікпе көшеттер дайындаудағы қалемшелерін тамыр-лату үшін ыдыстарға отырғызу мына тәртіпте орындалады: алдымен ыдыстардағы субстратты ылғалдаймыз, қалемшелерді екінші көзшеге дейін субстратқа тереңдете енгіземіз де, сабақты айнала субстрат бетін сәл нығыздаймыз, Сонан соң, қалемшені пульверизатордың көмегімен жылы сумен бүркеміз.

Қалемшелерге түрлі материалдарды пайдаланып бужайлық жағдайлар жасауға болады: пластик бөтелкенің жоғарғы жартысын, түссіз (мөлдір) полиэтилендік материал және т.с.с. Күнде 10 минутқа бужайды желдету және қалемшелерді тамырлағанға дейін күніне 3-4 рет суарып тұру қажет. Егер бөтелкенің жоғарғы жартысында, немесе пленкада үлкен конденсат байқалса, зең пайда болуын болдырмау үшін суару - бүрку жиілігін азайтамыз.

Қоршаған ауаның температурасы 20-25°C болуы қажет. Жарықтану жеткілікті болуы керек, бірақ күн сәулесінің тура түсуінсіз. Ал ала-көлеңкелі орындарды қосымша жарықтандыру. Ауаның жоғары ылғалдығын жасауда үнемі сумен бүрку және суару.

Лимонның жасыл сабақ кесінділерін шағын ыдыстардағы қоректік қоспалардан тұратын субстратқа отырғызғаннан кейін бастау алатын қалемшелердің тамырлар түзілу процесі, кескеннен болған жарақатқа реакция ретінде каллус пайда болуынан басталады.

Әдетте, қалемшелердің тамырлануы 4-5 аптаны құрайды. Лимонды қалемшелеп көбейту арқылы тікпе көшеттер дайындауға арналған сабақ кесінділерін субстратты шағын ыдыстарға отырғызып, оларды бастапқы кезде бужайлық жағдайда ұстаумен, тамырлануы мен бүршіктенуі және әрі қарай жана жас жапырақшалар пайда болуына жағдай жасауға арналған күтіп-баптауды атқару барысында

байқағанымыз, отырғызылған бірқатар сабақ кесінділерінде, тіпті отырғызғанына бір айдай ғана болған, әлі бой ала қоймаған кесінділер бойында вегетативтік бүршіктердің оянуымен қатар, генеративтік – гүлқауыздардың пайда бола бастауы болды.

Лимон өсімдігі жаратылысынан жасына қарамай, жеміс салуға бейім болады екен. Бұл құбылыс қалемшенің әрі қарай бойлап, қалыпты өсіп-жетілуіне мүмкіндік бермейді және де ол тіпті әрі қарай тіршілікке қабілетсіз де болып қалады. Сондықтан міндетті түрде тікпе көшет дайындауға арнап отырғызылған сабақ кесінділеріндегі бастапқы кездегі гүлшанақтарды (гүлқауыз) және де жылыжайдағы тұрақты орындарына тамырлы кесек топырағымен отырғызылған 1-2 жылдық тікпе көшеттіктердің де гүлшанақтарын да бір-екі жыл бойына, лимон бұтасындағы 4-ші қатарлы сабақтар пайда болғанша шырпу және бөрікбас сабақтарын 3-4 бүршіктерді қалдыра қырқып қалыпқа келтіріп отыру керек.

Бужайлықтағы қалемшелерді тамырланғаннан кейін, ашық ауаға үйрете бастау: бужайлықты күнде 1 сағатқа ашып тастау, 1-2 апта бойына таза ауамен шынығу уақытын ұлғайтумен. Сонан соң ыдыстарды толықтай ашып тастау керек.

Қалемшелерді өсіп-жетілу барысында бастапқы ыдыстан көлемі үлкеніректеу ыдысқа ауыстырып отыру қажет болса, қалемшелердің ыдыстағы қалыбын бұзбай, тамырларын зақымдамай орналастыру, ал жаңа ыдыстардағы артық жерлерді субстратпен толтыра, тамыр мойынын жауып тастамай отырғызу керек. Әрі қарай, қалемшелерді уақытылы күтіп-баптау жүргізу және белгілі бір уақыттан кейін, яғни 3 және 6 айдан кейін ыдыстардан жылыжай топырағына – лимонның өсіп-жетілу тәлімбағына (адаптациялық тәлімбақ) орналастыру, ал келесі жылы оларды жылыжайлардағы тұрақты орындарға жайғастыру. Бұл тәлімбақта тікпе көшеттерге жыл бойына түрлі күтіп-баптаулар жүргізіледі: фенологиялық қадағалау, суару, үстеп қоректендіру (тамырлары және тамырдан тыс – жапырақ-сабақтары арқылы), лимонның оңтайлы бөрікбастарын жасауға арналған сабақтарды түзету (жөндеу) кесулері, жылыжай орнында зиянкестер көріне бастаса, сондай-ақ өсімдік ауруларының белгілері пайда бола бастаса, дереу өсімдіктерді қорғау шараларын қолдану: ранцалы, немесе қол бүріккішінің (пульверизатор) көмегімен инсектицидтік және фунгицидтік препараттар ерітінділерімен бүрку, күннің аптап ыстығында өсімдіктерді көлеңкелеу мақсатында жылыжайды арнайы жылыжайлық тормен жабындау және т.б. іс-шараларды атқару. Лимон өсімдіктерін күйдіретін күннен қорғау, жылыжайдың төбесі мен бүйір жақтарын көлеңкелі торлармен жабумен, жылыжай ішінде температура 35°C-қа жеткенде, барлық ашпалы шағын терезелерді жауып, сырттағы аптап ыстықтың әсерін сейілтумен және жылыжайды желдету үшін желдеткіштерді қосумен атқарылады.

Лимон өсімдігі инфекциялық ауруларға тым сезімтал болып

келеді, сондықтан өсімдіктердің аурулар зардабына шалдығуын және аса зиянкес жәндіктер шабуылына ұрынуын тыңғылықты қадағалап отыру қажет. Оларды солған жапырақтар, немесе теңбіл пигментациялардың пайда болуынан сақтау. Әдетте, бұл залалданудың бірінші симптомы. Барлық залалданғандарды фунгицидті препараттармен өңдеу, өңдеуден оң нәтижелердің болмағандарын дереу жою. Тіпті залалдануы күдік тудыратын өсімдіктерді де жою – залалданудан сақтаудың жалғыз мүмкіндігі.

Жақсы өсіп-жетілу және жеміссалу үшін бөрікбасты дұрыс қалыпқа келтіріп отыру қажет. Лимонды бұта түрінде қалыпқа келтіруде, 1-ші қатарлы бүйір өркендері түзілген, тамырлаған тікпе көшеттерді (әдетте, олар 3-тен көп емес) 20-25см дейін өсіреді де, әрі қарай өсуін шектеуге және өркеннің жуандап өсуіне мүмкіндік беру үшін, кесіп тастайды. Ал өркендер сүректенгеннен кейін, олардың 5 бүршігін, немесе жапырақтарын қалдыра, 15-20см дейін қысқартады және бұдан кейін де шырпу жұмысы осындай тәртіпте жасалынады, бірақта 2-3-ші және 4-ші қатарлы өркендер 1-қатарлыдан 5см-ге ұзындау етіп қалдырылады. Бөрікбастарды қалыпқа келтіру жемістер түзілетін 4-ші қатарлы өркендерде аяқталады. Бұтаның қалыпқа келтіру аяқталғанша лимонды гүлдеуге жібермеу керек, себебі гүлқауыз пайда бола бастағаннан, өсімдіктің вегетативтік өсуі тоқтайды.

Әдебиет

1.Тарасенко М.Т., Зеленое черенкование садовых и лесных культур: Теория и практика. Изд.2. М., 2024. -272с.

2.Фаустов В.В., Тарасов В.М., Прохорова З.А., Орлов П.Н.. Садоводство и цветоводство. М.: Колос. 1983. -335с.

3.Потапов С.А., Самощенко Е.Г. Зеленое черенкование садовых культур. М.:Изд-во РГАУ-МСХА, 2014. -42с.

4.Аладина О.Н. Новые элементы в технологии размножения садовых растений зелеными черенками.

